- 11) GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde çarpma ve çekme tekniklerine geçilmeli mi neden, ne zaman.
- 12) GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde ana perdeler üzerinden mi, yoksa geleneksel makam dizileri üzerinden mi uygulama yapılmalıdır, Neden.
- 13) GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi makam dizileri temel alınmalıdır.
- 14) GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde yöresel tavır özelliklerine ön hazırlık olarak öncelikle hangi yöresel mızrap tekniği ele alınmalı, neden.

VERİLERİN ANALİZİ

Araştırmada öğretim elemanlarının yapılandırılmış görüşme formuna verdikleri cevaplardan elde edilen bulgular içerik analizi ile analiz edilmiştir. İlk olarak eldeki veriler metin haline getirilmiştir. Metin haline getirilirken araştırmanın genel amacı ve alt amaçları göz önünde bulundurularak görüşme soruları dışına çıkılmamaya özen gösterilmiştir. İkinci olarak sorulan sorular çerçevesinde temalar not edilmiştir. Alan uzmanları U₁, U₂, U₃, U₄ ve U₅ şeklinde kodlanmıştır. Verilerin analizleri yapılırken, sorulara verilen cevaplar tablolara dönüştürülmüştür.

BULGULAR VE YORUM

Bu bölümde yapılandırılmış 14 sorunun her birine yönelik Bulgular ve Yorumlara yer verilmiştir.

	<i>SORU 1</i>	<i>Uzun Sap</i>	<i>Kısa Sap</i>	<i>Her İkisi</i>	<i>TOPLAM</i>
Tablo 1	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde mızrap tekniğinin çalışılacağı bağlama uzun sap bağlama mı, kısa sap bağlama mı olmalıdır. Neden.	U ₁ , U ₂ , U ₃ , U ₄	-	U ₅	5

Tabloya göre *Bağlama öğretiminde mızrap tekniğinin çalışılacağı bağlama uzun sap bağlama mı, kısa sap bağlama mı olmalıdır, nedensorusunda* uzmanlardan U₅ başlangıç aşamasında mızrap tekniğinin hem uzun sap hem de kısa sap bağlama ile çalışılabileceğini, diğer uzmanlar ise başlangıç aşamasında mızrap tekniğinin öncelikle uzun sap bağlama ile çalışılması gerektiğini belirtmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; Başlangıç Bağlama eğitiminde uzun sap bağlama kullanılmasının daha faydalı olacağı düşünülmektedir.

	<i>SORU 2</i>	<i>Alt tel</i>	<i>Orta tel</i>	<i>Üst tel</i>	<i>TOPLAM</i>
Tablo 2	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde mızrap tekniğinin kullanılacağı tel (alt, orta, üst) tel hangisi olmalıdır.	U ₁ , U ₂ , U ₃ , U ₄ , U ₅	-	-	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde mızrap tekniğinin kullanılacağı tel (alt, orta, üst) hangisi olmalıdır* sorusunda uzmanlardan hepsinin bağlama eğitimine alt telle başlanması konusunda görüş birliğinde oldukları tespit edilmiştir.

Bu görüşlerden hareketle; alt telde perde yerlerinin daha kolay öğrenilmesi, sol el ve sağ el hareketlerinin daha kolay olması nedenleriyle alt telde çalışma yapılmasının başlangıç bağlama eğitiminde fayda sağlayacağı düşünülmektedir.

	<i>SORU 3</i>	<i>Üst</i>	<i>Üst - Alt</i>	<i>TOPLAM</i>
Tablo 3	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi mızrap yönleri ile eğitime başlanmalıdır.	U ₃ , U ₄ , U ₅	U ₁ , U ₂	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi mızrap yönleri ile eğitime başlanmalıdır* sorusunda uzmanların farklı görüşlere sahip oldukları belirlenmiştir. Söz konusu uzmanlardan U₃, U₄ ve U₅ başlangıç aşamasında üst mızrap yönü ile, U₁ ve U₂ ise üst-alt mızrap yönleri ile eğitime başlanmasının yararlı olacağını düşünülmektedirler.

Bu görüşlerden hareketle;Başlangıç Bağlama eğitiminde ilk tezene vuruşunun yukarıdan aşağıya yapılması hareketin daha kolay yapılabilmesinden kaynaklanmaktadır. Bu nedenle kısa bir süre üst mızrap vuruşları yapılmalı daha sonra ise mızrap dengesinin oturması ve mızrap tekniğinin kazanılması için üst- alt mızrap tekniğinden oluşan çalışmalara geçilmesinin daha yararlı olacağı düşünülmektedir.

SORU 4		<i>Re perdesi</i>	<i>Sol perdesi</i>	<i>Boş tel La perdesi</i>	TOPLAM
Tablo 4	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde Sol el pozisyonu uzun sap bağlama üzerinde nerede olmalıdır.	U ₄ , U ₅ ,	U ₂ , U ₃	U ₁	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde Sol el pozisyonu uzun sap bağlama üzerinde nerede olmalıdır* sorusunda uzmanlar üç farklı görüş beyan etmişlerdir. Söz konusu uzmanlardan U₄ ve U₅ sol elin re perdesinde, U₂ ve U₃ sol perdesinde, U₁ ise boş tel la perdesinde olmasının daha uygun olacağını beyan etmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle başlangıç bağlama eğitiminde sol el pozisyonunun belirlenmesinde öğrencilerin fiziksel durumları(kol boyları, parmak boyları) cinsiyetleri, bağlama tekne ve sap boyları gibi faktörlerin gözönünde bulundurulmasının daha doğru olacağı düşünülmektedir.

SORU 5		<i>Birlik, ikilik, dörtlük</i>	<i>Dörtlük, sekizlik, onaltılık</i>	TOPLAM
Tablo 5	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi tartımlarla (nota değerleri ile) eğitime başlanmalıdır.	U ₁ , U ₃ ,	U ₂ , U ₄ , U ₅	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi tartımlarla (nota değerleri ile) eğitime başlanmalıdır* sorusunda uzmanların farklı görüşlere sahip oldukları belirlenmiştir. Söz konusu uzmanlardan U₁ ve U₃ büyük değerli notalarla (birlik, ikilik ve dörtlük); U₂, U₄ ve U₅ ise küçük değerli notalarla (dörtlük, sekizlik ve onaltılık) eğitime başlanabileceğini beyan etmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; bağlama eğitiminin başlangıç aşamasında tezene vuruşlarının 4'lük, 8'lik ve 16'lık nota değerlerinden oluşan üst-alt mızrap vuruşları ile eğitime başlanmasının öğrenci kazanımları açısından daha faydalı olacağı düşünülmektedir.

SORU 6		<i>3. veya 4. hafta</i>	<i>4.veya 5. hafta</i>	<i>6. 7. veya 8. hafta</i>	<i>Fikir beyan etmeyenler</i>	TOPLAM
Tablo 6	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde Van (♩), İzmir (♩), Gelibolu (♩), Ankara (♩) tartım kalıpları hangi aşamada kullanılmalıdır (Kaçınıncı hafta gibi).	U ₅	U ₂	U ₃	U ₁ , U ₄	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde Van (♩), İzmir (♩), Gelibolu (♩), Ankara (♩) tartım kalıpları hangi aşamada kullanılmalıdır (kaçınıncı hafta)* sorusunda uzmanlar dört farklı görüş beyan etmişlerdir.Söz konusu uzmanlardan U₅ 3. veya 4. Hafta, U₂ 4. veya 5. Hafta, U₃ 6. 7. veya 8. hafta geçilebileceğini, U₁ ve U₄ ise fikir beyan etmemişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; Başlangıç Bağlama eğitiminde temel tartım kalıpları(dörtlük, sekizlik onaltılık ve bu tartımların senkop oluşturmayacak varyantları) öğretimine ne zaman başlanacağına öğrenci başarı durumuna bakılarak karar verilmesinin daha doğru olacağı düşünülmektedir.

SORU 7		<i>Boş tel La – re</i>	<i>Re – la</i>	TOPLAM
Tablo 7	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde perde aralıkları hangi aralıkta olmalıdır (Re-La aralığı gibi)	U ₁ , U ₅ ,	U ₂ , U ₃ , U ₄	5

Tabloya göre *GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama* öğretiminde perde aralıkları hangi aralıkta olmalıdır sorusunda uzmanlardan U_1 ve U_5 boş tel la – rearalığında; U_2 , U_3 ve U_4 ise re – la aralığında olmasının daha yararlı olacağını beyan etmişlerdir. Başlangıçta boş tel la – re aralığını öneren uzmanlar bu durumun temel ezgi yapılarındaki karar sesinin boş tel la olmasıyla hem de geleneksel anlayışa daha uygun olmasıyla açıklamışlardır. Başlangıçta re – la aralığını öneren uzmanlar ise bu durumu geçmişteki deneyim ve tecrübelerine dayandırmışlardır.

Bu görüşlerden hareketle; Bağlama eğitimine hangi perde aralığıyla başlanacağına öğretmenin bilgi, deneyim ve tecrübesiyle birlikte öğrencinin fiziksel yapısının da önem arz ettiği düşünülmektedir.

SORU 8		En başta	İleriki bir zamanda	Gereklikçe	TOPLAM
Tablo 8	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde temel mızrap tartımlarının çalışılmasında metronom kullanımına hangi aşamada geçilmelidir.	U_1, U_2, U_5	U_3	U_4	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama* öğretiminde temel mızrap tartımlarının çalışılmasında metronom kullanımına hangi aşamada geçilmelidir sorusunda uzmanların üç farklı görüşe sahip oldukları belirlenmiştir. Söz konusu uzmanlardan U_1 , U_2 ve U_5 en başta; U_3 ileriki bir zamanda; U_4 ise gereklikçe metronom kullanılabilceğini beyan etmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; mızrap vuruşlarının ritmik disiplin içerisinde gerçekleşebilmesi için mızrap tekniği alıştırmaları ile birlikte metronomun da kullanılmasının daha yararlı olacağı düşünülmektedir.

SORU 9		2/4	3/4	4/4	TOPLAM
Tablo 9	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi zaman anahtarı ile başlanmalıdır (Hangi ölçü sayısı ile).	U_1, U_2, U_3, U_4, U_5	-	-	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama* öğretiminde hangi zaman anahtarı ile başlanmalıdır sorusunda uzmanların hepsi 2/4'lük zaman anahtarında başlanmasının daha yararlı olacağını beyan etmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; Başlangıç Bağlama eğitiminde Basit ölçülerin (sıra ile 2/4, 4/4 ve 3/4'lük zaman anahtarlarının) kullanılmasının daha yararlı olacağı düşünülmektedir.

SORU 10		Başlangıç Aşamasında Hemen (Bağlama Düzeni)	Alt Tel Hakimiyeti Kurulduktan Sonra (Bozuk Düzen)	TOPLAM
Tablo 10	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde farklı tellerde mızrap çalışması eğitimine hangi aşamada (Hafta-Ayda) geçilmelidir.	U_5	U_1, U_2, U_3, U_4	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama* öğretiminde farklı tellerde mızrap çalışması eğitimine hangi aşamada (Hafta-Ayda) geçilmelidir sorusunda uzmanlardan U_1 , U_2 , U_3 ve U_4 alt tel hakimiyeti kurulduktan sonra geçilmesini; U_5 ise başlangıç aşamasında geçilebileceğini beyan etmiştir.

Bu görüşlerden hareketle; Başlangıç Bağlama eğitiminde temel davranışların ve alt tel hakimiyetinin kazanılmasından sonra diğer tellere geçilmesinin daha uygun olacağı düşünülmektedir.

SORU 11		Başlangıçta a	3 üncü etkinlikte	İlerleyen haftalarda	TOPLAM
Tablo 11	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde çarpma ve çekme tekniklerine geçilmeli mi neden, ne zaman.	.	-	U_1, U_2, U_3, U_4, U_5	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama* öğretiminde çarpma ve çekme tekniklerine geçilmeli mi neden, ne zaman sorusunda uzmanlardan hepsinin çarpma ve çekme tekniklerine ilerleyen haftalarda geçilmesi gerektiği konusunda görüş birliğinde oldukları tespit edilmiştir.

Bu görüşlerden hareketle; Başlangıç Bağlama eğitiminde temel davranışların kazanılması, mızrap tekniği ve mızrap dengesinin oturtulması, temiz ses üretilmesi, sağ el sol el koordinasyonunun kazanılması sonucunda öğrencinin ilgi, istek ve performansına göre bu tekniklere geçilmesinin daha uygun olacağı düşünülmektedir.

	<i>SORU 12</i>	<i>Makamsal</i>	<i>Önce ana perdeler – sonra makamsal diziler</i>	<i>TOPLAM</i>
Tablo 12	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde ana perdeler üzerinden mi, yoksa geleneksel makam dizileri üzerinden mi uygulama yapılmalıdır, Neden.	-	U ₁ , U ₂ , U ₃ U ₄ , U ₅	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde ana perdeler üzerinden mi, yoksa geleneksel makam dizileri üzerinden mi uygulama yapılmalıdır, neden* sorusunda uzmanların hepsi önce ana perdelerin sonra makamsal dizilerin çalışılması gerektiğini beyan etmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; Başlangıç Bağlama eğitiminde önce ana perdeler üzerinden eğitime başlanması dahasonra ise makamsal dizilere geçilmesinin daha yararlı olacağı düşünülmektedir.

	<i>SORU 13</i>	<i>Çargah</i>	<i>Hüseyni</i>	<i>TOPLAM</i>
Tablo 13	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi makam dizileri temel alınmalıdır.	U ₄	U ₁ , U ₂ , U ₃ , U ₅	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde hangi makam dizileri temel alınmalıdır* sorusunda U₁, U₂, U₃ ve U₅ Hüseyni dizisinin; U₄ ise Çargah dizisinin temel alınmasını beyan etmiştir.

Bu görüşlerden hareketle; Türk Halk Müziği repertuarının büyük bir bölümünün Hüseyni makamında olması ve Anadolu insanının Hüseyni dizisini daha çok benimsemiş olması nedenleriyle Başlangıç Bağlama eğitiminde Hüseyni makamına öncelik verilmesinin daha uygun olacağı düşünülmektedir.

	<i>SORU 14</i>	<i>Teke</i>	<i>Azeri</i>	<i>Zeybek</i>	<i>Karadeniz</i>	<i>TOPLAM</i>
Tablo 14	GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde yöresel tavır özelliklerine ön hazırlık olarak öncelikle hangi yöresel mızrap tekniği ele alınmalı, neden.	U ₁ , U ₅	U ₂	U ₄	U ₃	5

Tabloya göre *Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde yöresel tavır özelliklerine ön hazırlık olarak öncelikle hangi yöresel mızrap tekniği ele alınmalı, nedensorusunda* uzmanların dört farklı görüşe sahip oldukları belirlenmiştir. Söz konusu uzmanlardan U₁ ve U₅ Teke; U₂ Azeri; U₄ Zeybek; U₃ ise Karadeniz yöresi mızrap tekniklerinin öncelikle ele alınması gerektiğini beyan etmişlerdir.

Bu görüşlerden hareketle; Temel davranışların öğrenilmesi ve pekiştirilmesinden sonra yöresel mızrap tavırlarına geçilebileceği, yöresel mızrap tavırlarının hangi sırada ele alınacağıının öğretmen tarafından belirlenmesinin daha uygun olacağı düşünülmektedir.

SONUÇ VE ÖNERİLER

GSL Başlangıç Düzeyi Bağlama Öğretiminde;

1) Temel davranışların öğrenilmesi, pekiştirilmesi ve geliştirilmesine daha uygun olması, tüm akort düzenlerinin çalınmasına imkan vermesi, yöresel tüm mızrap tekniklerinin uygulanabilmesi ve kısa sap bağlamaya göre dahageniş bir kullanım alanına sahip olması nedenlerinden dolayı uzun sap bağlama ile öğretime başlanmasının daha uygun olacağı,

2) Temel davranışların öğrenilmesi, pekiştirilmesi ve geliştirilmesi açısından öğretime alt telden başlanmasının daha uygun olacağı,

3) Temel mızrap vuruş hareketlerinin öğretimine önce *üst mızrap vuruşları* ile başlanması daha sonra *alt mızrap vuruşları* ile devam edilmesinin daha uygun olacağı,

4) Başlangıç düzeyinde sol el pozisyonu öğrencinin fiziksel yapısına uygun bir ses aralığı içermesinin daha uygun olacağı,

5) Bağlamada sesintilama süresi düşünüldüğünde 4'lük, 8'lik ve 16'luk nota değerleriyle öğretime başlanmasının daha uygun olacağı,

6) Dörtlük, sekizlik ve on altılık nota değerlerine (ve bunların senkop oluşturmayacak varyantlarına) temel davranışların pekiştirilmesinden sonra geçilmesinin daha uygun olacağı,

7) Bağlama eğitimine hangi perde aralığıyla başlanacağına öğrencinin fiziksel yapısına bakılarak karar verilmesinin daha uygun olacağı,

8) Mızrap vuruşlarının ritmik disiplin içerisinde gerçekleştirilmesi için mızrap tekniği alıştırmaları ile birlikte metronomun da kullanılmasının daha yararlı olacağı,

9) Başlangıç Bağlama eğitiminde basit ölçülerin (sıra ile 2/4, 4/4 ve 3/4'lük zaman anahtarlarının) kullanılmasının daha yararlı olacağı,

10) Başlangıç Bağlama eğitiminde temel davranışların ve alt tel hakimiyetinin kazanılmasından sonra diğer tellere geçilmesinin daha uygun olacağı,

11) Başlangıç Bağlama eğitiminde temel davranışların kazanılması, mızrap tekniği ve mızrap dengesinin oturtulması, temiz ses üretilmesi, sağ el sol el koordinasyonunun kazanılması sonucunda öğrencinin ilgi, istek ve performansına göre *çarpma* ve *çekme* tekniklerine geçilmesinin daha uygun olacağı,

12) Ana perdelerde temel davranışların kazandırılmasından sonra Makamsal dizelere geçilmesinin daha uygun olacağı,

13) Hüseyini makamının Anadolu insanının duygularını ifade eden en yaygın makam olması, THM repertuarında geniş yer alması ve adeta ana dizi olarak görülmesi nedenleriyle öğretim aşamasında öncelikle Hüseyini makamına yer verilmesinin daha uygun olacağı,

14) Temel davranışların öğrenilmesi ve pekiştirilmesi sonrasında yöresel mızrap tavrına geçilebileceği, yöresel mızrap tekniklerinin hangi sırada ele alınacağına öğretmen tarafından belirlenmesinin daha uygun olacağı **sonuçlarına ulaşılmıştır.**

Araştırmada her ne kadar yukarıdaki sonuçlara ulaşılmışsada, Başlangıç Düzeyi Bağlama öğretiminde sosyo-kültürel veya bireysel farklılıklar barındıran öğrenciler durumlarına uygun öğretim yöntem ve tekniklerin kullanılması önerilmektedir.

KAYNAKLAR

Algı, S.(2006). *Üniversitelerimizin Eğitim Fakültelerine Bağlı Müzik Eğitimi Ana Bilim Dallarında Bağlamada Yöresel Tezene Tavırlarının Kullanım Durumlarına Yönelik Bir Çalışma*, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Selçuk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Konya.

Gürler, E.Ş.(1992). *Sözsüz Zeybeklerin Tezene Özellikleri*, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, İstanbul Teknik Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, İstanbul.

Haşhaş, S.(2013). *Bağlama Eğitiminde, Bağlama Tutuş, Mızrap(Tezene) Tutuş-Vuruş Yönlerinin Yeri ve Önemi Üzerine Bir İnceleme*, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Erzurum.

Karacan, N.(2006). *Bağlamada Mızrap Tekniğinin Öğretiminde İcrayı Kolaylaştırıcı Unsurlar*, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, İstanbul Teknik Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, İstanbul.

MEB (2016). Güzel Sanatlar Liseleri Öğretim Programları. <http://ttkb.meb.gov.tr/www/ogretim-programlari/icerik/72>. (Erişim Tarihi: 11.01.2016)

Yaşar, S. (2011). *Temel Bağlama Öğretiminde Kullanılmakta Olan ve Önerilen Tezene Tekniğinin Öğrencilerin Bağlama Çalma Becerilerine Etkisinin İncelenmesi*, Yayınlanmamış Sanatta Yeterlik Tezi, Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Afyonkarahisar.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІН САБАҚТАСТЫРА ОҚЫТУ

Доцент **Р.Т. ҚҰСАЙНОВА**¹
Аға оқытушы **М.А. ҚАСЫМБЕКОВА**^{**}

Түйіндеме:

Бұл мақалада Қазақстан және түркі халықтарының мәдениетін сабақтастыра оқыта отырып, мектепте және жоғары оқу орындарында да оқыту барысында Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнында түркі халықтарының өркениетті мәдениеттерінің бір-бірімен байланысып жатқанын көрсетеді. Әсіресе, ұлы ғұламалар туралы, олардың еңбектері, сәулет өнеріндегі ерекшеліктері мен ұқсастығы да қарастырылады. Қазақстан және Түркі халықтары мәдениетін байланыстыру арқылы біз келешек ұрпаққа осы халықтардың ежелгі дүниеден бастап үнемі бір-бірімен аралас-құралас болғанын көрсетеміз. Қазір пайдаланып жүрген тарих бағдарламаларында түркі халықтарының мәдениеті туралы материалдар бар. Ал, Түркі халықтарының дүние жүзілік мәдениетке қосқан үлесіне, Қазақстан және Түркі халықтарының мәдени байланысына бағдарламалар мен оқулықтарда лайықты орын беру - келешектің ісі екеніне күмәніміз жоқ.

Тірек сөздер: өркениет, мәдениет, түркі жазулары, өнер, сәулет өнері, ойшыл ғұламалар

COOPERATIVE TEACHING OF CULTURE OF KAZAKHSTAN AND TURKIC PEOPLE

Abstract:

The article considers cross teaching of Kazakh and Turkish culture in the content of history of Kazakhstan in school and in high schools and its connecting. By connecting the culture of Kazakh and Turkish people we show to the future generations that we have always been mixed together from the ancient times. There are some materials about Turkish culture in the history programs which we use nowadays.

Keywords: civilizations, culture. Turkish inscriptions, art, architectural thinkers

КІРІСПЕ

Бүкіл дүние жүзі халықтары сияқты Түркі халықтарының ежелгі дәуірден қалыптасып, дамып, жетіліп келе жатқан өзіндік материалдық және рухани мәдениеті бар. Сондықтан болар түріктік мәдени мұра ерекше мол. Шығыстан бүкіл дүниежүзілік ғылым мен өнердің, әдебиеттің дамуына өзіндік зор үлес қосқан, есімі әлемге әйгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлері шыққан. Мәселен, Әл-Фараби, Әл-Хорезми, Ферғани, Ибн Сина, Әбу-Райхан Бируни, Ұлықбек сияқты көрнекті ғалымдар дүниежүзілік ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Шығыстың, оның ішінде түркі мемлекеттерінің өте ерте заманнан бастап-ақ өз жазуы болған. Түркі тілдері тарихындағы ең алғашқы жазу сыртқы нұсқасына қарай «руникалық» немесе табылған жеріне қарай «Орхон-Енисей жазуы» деп аталатын жазу. Бұдан өзге көне түрік тайпалары соғды, ұйғыр, манихей, брахми, эстрангело, тохар жазуларын да білген. Түркі руна жазуының таралу аймағы – Сібірдегі Енисей, Лена өзендері аңғарлары, Монғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы. Руна тектес жазуы бар ескерткіштер хазар мемлекетінің территориясы Еділ, Дон өзендері бойы және Солтүстік Кавказдан да табылған. Алайда руна жазуының бұл батыстық нұсқасы ірі текстердің табылмауынан сыры ашылмай, құпия күйінде қалып келеді (Құлахметова, 2003: 37).

Руникалық жазу ескерткіштерінің таралу аумағының көлемі көне түріктердің сауаттылығы жайынан сөз қозғауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер руникалық ескерткіштердің графикалық қорларына шолу жасай отырып, көне түріктер мекендеген аймақтарда жазу-сызу қолданылған, Орхон-енисейлік түріктердің арасында сауаттылық кең жайылған және еш бір «қоңғабыс, кезбе сауаттылардың» көмегінсіз жергілікті тұрғындар өздері жазған, сондай-ақ руникалық эпиграфиялар тек ақсүйектерге ғана емес, қалың оқырманға арналған, тіпті күнделі тұрмыстық бұйымдардың өзінде жазудың болуы тұрғындардың жоғары сауаттылығын айқындайды және көне түріктерде қоғамдық пікір өмір сүргендігін паш етеді.

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, takeshovna@mail.ru

^{**}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kasimbekova1978@mail.ru

Шығыстың көптеген қалаларында ертеде-ақ мектептер, медреселер және кітапханалар жұмыс істеген. Кітапханалар хан сарайының немесе мешіттер мен медреселердің жанында ұйымдас-тырылған. Бұларда аса бағалы кітаптар мен қолжазбалар жинақталған және Шығыс ғалымдарының шығармаларымен қатар Греция мен Рим ғалымдарының ғылыми кітаптары сақталған. Ол орта ғасырларда дүниежүзінде теңдесі жоқ ғылыми орталық болып есептелінген. Ондағы ғылыми орталыққа Әбу-Райхан Бируни басшылық еткен. Осы орталықта Шығыс ғалымдарымен қатар Еуропаның кейбір ғалымдары жұмыс істеген. Орта ғасырлардағы медреселер діни оқу орны ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарының да орталығы болған. Бұған Ұлықбек медресесі дәлел бола алады. Бұл медреседе бүкіл Азия елдерінен келген ғалымдар дәріс алған. Олар діни білімдермен қатар астрономия, математика және жағрафия сияқты ғылым негіздерімен терең танысқан.

Тарихи деректер тіпті біздің заманымыздан бұрынғы V-IV ғасырларда-ақ ежелгі Шығыс елдерінде астрономия ғылымының жақсы дамығанын көрсетеді.

Астрономия ғылымына ерекше еңбегі сіңген, орта ғасырларда өмір сүрген астроном Ұлықбек болды. Ол дүниежүзілік астрономияның атасы болып есептелінеді. Оның еңбектерін Еуропа ұзақ уақыт бойы ауыл шаруашылық жұмыстарын жоспарлауға пайдаланған. Ұлықбек - белгілі астрономдар Коперник пен Галилейдің ізашары.

Шығыстық мәдениеттің дамуына оның географиялық жағдайы, табиғи байлығы үлкен ықпал еткен. Египет, Бабыл (Вавилон), Хорезм, Үнді, Қытай және Қазақстан да ең ұзын өзендердің бойына орналасқан. Египет-Ніл өзені, Бабыл-Тигр және Евфрат, Хорезм- Әмудария және Сырдария, Қытай-Хуанхе, ал қазақ елі Сырдария өзендерінің жағалауларын қоныстанған. Осыған орай ол мемлекеттерде егін шаруашылығы жақсы дамып, күрделі су жүйелері салынған. Ежелгі тарихшылардың еңбектерінде Шығыс халықтарының музыкалық мәдениетінің жоғарылығы және музыка аспаптарын жасаудағы олардың шеберлігі айтылады. Алғаш Шығыс жерінде қобыз, дутар және сыбызғы сияқты аспаптар пайда болған. Кейінірек осы аспаптар Еуропа елдерінде әр түрлі (гитара, т.б.) аттармен тараған.

Шығыс мәдениетінің тамаша жетістіктерінің бірі-сәулет өнері. Әр түрлі ою-өрнектермен әшекейленген тамаша ғимараттар мыңдаған жылдар бойы өз келбетін сақтап келген, қазір де қараған адамды таң қалдырады. Осы ою-өрнектердің үлгілері кейініректе Еуропа қалаларының храмдары мен соборларын безендіруге пайдаланған. Мысалы, ежелгі Киев Русіндегі София соборының қабырғаларындағы ою-өрнектер Шығыс халықтарының өнерінен алынған. Ежелгі және орта ғасырлардағы Шығыс қалалары сәулет өнерінің гүлденгендігінің айқын куәсі. Сол елдерде қызыл кірпіштен сарайлар, мешіттер, медреселер, күмбезді ғимараттар және қорғандар салынған. Олардың қабырғалары неше түрлі ою-өрнек, әшекей нақыштармен безендірілген. Көптеген зерттеушілер ежелгі Рим мен ортағасырлық Еуропаның бүкіл құрылыс өнерінің негізін батыс сәулетшілері ойлап тапқан деген пікір айтады. Ал, шындығында ежелгі дүниеде Римнің құрылыстары Шығыстық үлгіде жасалынған. Мәселен, соларда кездесетін арқа, күмбез, шаңырақ күмбез, әр түрлі қалау өнері алдымен Шығыс ғимараттарына пайдаланған. Мұндай үлгіде жасалынған сымбатты әрі іштей үйлесім тапқан композиция, әсіресе, Алдыңғы Азияда салынған тарихи, мәдени ескерткіштерде жиі ұшырайды. Сондықтан да Шығыс халықтарының сәулет өнерінің жетістіктерін бүгінгі таңда дүниежүзі мойындап отыр (Аманжолов, 2002: 47).

Шығыста ежелгі дәуірде-ақ математика ғылымы жақсы дамыған. Математиканың ежелгі теориясының авторы - Әл-Хорезми еді. Орыс және басқа да еуропалық ғалымдар математика ғылымын дамытудағы оның рөлін жоғары бағалаған. Оның даңқын дүниежүзіне жайған, есімін тарихта мәңгі қалдырған еңбектері- математикалық шығармалар. Орыс ғалымы Е.Бертельс оны алгоритм ғылымының негізін салушы деп бағалаған. Әл-Хорезмидің бұл еңбегін бүкіл Еуропа халықтары-ағылшындар, француздар, латындар, гректер және испандықтар пайдаланған. Хорезми математикаға практика тұрғысынан қарап, оны еңбекті жеңілдетудің және мәдениетті өркендетудің құралы деп есептеген. Ол шығыстық алгебраны бүкіл дүниежүзіне таратты. Шығыс мәдениеті жетістіктерінің дүниежүзілік мәдениеттің өркендеуіне игілікті ықпалының зор болуына оның ежелгі дәуірден бастап-ақ өзімен көршілес Кавказ және Еуропа елдері мен тығыз шаруашылық және мәдени байланыс жасап, сауда-саттық жұмысын жүргізуі себеп болған. Бұған дәлел Шығыс Еуропа мен Қытай, Үндістан арасын қос қанатты «Жібек жолының» Орта Азия мен Қазақстанның үстінен өтуі елеулі үлес қосты (Гумилев, 2000: 44).

Оқу орындарында, әсіресе, Кеңес өкіметі кезіндегі мектептерде Шығыс мәдениетін оқытуға мән берілмеді. Бағдарламаларға енгізілген аз ғана оқу материалдарында Шығыс мәдениеті мен өнерінің озық үлгілерінің танымдық, тәрбиелік мәні толық ашылмады, дүниежүзілік мәдениетке

қосқан үлесі бұрмаланып, оның маңызы толық көрсетілмеді. Осының себебінен Шығыс ғұламаларының тарихтағы орны мен оның еңбектерінің дүниежүзілік маңызы бар екенін оқушылары білмеді. Бұған дейін мектептік тарих білімінде орыс және Еуропа мәдениетіне баса көңіл аударылды. Осының салдарынан біздің оқушылардың санасында дүниежүзілік мәдениетті жасаушы тек Еуропа халықтары мен оның өкілдері деген пікір қалыптасты. Осыған байланысты өзімізге етене жақын Шығыс халықтарының мәдениетін біздің оқушылар білмей келеді. Шындығында олардың бүкіл адамзат мәдениетін, соның ішінде біздің қазақ халқының мәдениетін дамытудағы орны ерекше.

Қазір жағдай өзгерді. Тарихтағы фактілер мен құбылыстарға әділ баға беруге мүмкіндік туды. Сондықтан да Қазақстан тарихы сабақтарында мәдениет мәселелерін оқытқанда мүмкіндігіне қарай Түрік мәдениетімен байланыстырып отырған дұрыс. Оның білімдік, тәрбиелік және дамытушылық маңызы зор.

Шындығында қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрік және басқа халықтар этникалық тұрғыдан әбден қалыптасып, әр қайсысы жеке-жеке халық ретінде бөлініп шыққанға дейін ғасырлар бойы бірге көшіп-қонып, араласып жүрген. Түркі тектес ру тайпалардың сол кезде жасаған мәдени, әдеби мұралары осы халықтардың бәріне бірдей ортақ қазына болып табылады. Сондықтан да мектепте Қазақстан тарихын Шығыс халықтарының тарихымен байланыстыра оқыту арқылы біздің еліміздің тарихын жете меңгеріп, белгілі бір дәрежеде білім алуына көмектеседі. Қазақстан және Шығыс халықтарының тарихын байланыстыра оқытудың тәрбиелік маңызы зор. Тілі, діні салт-дәстүрі ұқсас халықтардың ертеден-ақ байланыста болғанын, олардың имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін жақсы қасиеттерін оқушылардың бойына қалыптастыруға мүмкіндік туады. Сонымен қатар ежелгі дүниеден бастап ғасырлар бойы көрші халықтардың тату-тәтті өмір сүргенін біледі. Осыған байланысты енді Қазақстан тарихының сабақтарынан нақты мысалдар келтірейік.

5-сыныпта "Қазақстан жеріндегі түркі тілдес халықтар" сабағында осыдан бір жарым мың жылдай бұрын Қазақстан жерінде түркі тілдес түрлі тайпалардың мекен еткені, олардың кәсібі, әдет-ғұрыптары ұқсас болғандығы айтылады. Одан әрі сабақта осы тайпалардың мәдениет саласындағы ұқсастықтары, мәдени байланыстары әңгіме болды. Бұған оқулықтағы ертедегі Қазақстан ғалымы Махмұт Қашқаридің "Түркі тілдерінің сөздігі" еңбегі дәлел. XI ғасырда өмір сүрген ғалым түркі тілдес тайпалардың қалаларын, қыстауларын, жайлауларын аралап, олардың тұрмысымен танысады. Көрген білгендерін жазып алады. Осы кітап осыдан мың жылға жуық бұрынғы Қазақстан халықтарының тұрмысы, әсіресе мәдениеті туралы құнды дерек болып табылады. Оқулықтағы материалды түсіндірген мұғалім "сөйтіп ғалым Махмұт Қашқаридің айтуынша, түркі тілдес халықтардың мәдениет жағынан көп ұқсастықтары болған олардың өзара тығыз байланысы ортақ мәдениетті дамытуға үлес қосқан. Сол заманда қалыптасқан кейбір мәдени ескерткіштер түркі тілдес халықтарда осы кезге дейін сақталған" деген қорытынды жасайды.

Қазақстан мәдениеті мен Түркі мәдениетін байланыстыра оқытуға 5-інші және 7-сынып оқулықтарындағы Қазақстандағы ертедегі ғалымдары, ертедегі қалалар, тарихи мәдени ескерткіштер туралы сабақтар да мүмкіндік береді. Осы сыныптарда Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі мен қызметіне тоқталғанда оның дүние жүзіне аты әйгілі ғалым болып қалыптасуына Шығыстың Бұхар, Дамаск, Каир сияқты ғылыми орталықтарының, олардағы оқу орындарының зор әсері болғаны ашып көрсетіледі.

Қазақстан жерінде қалалардың пайда болуына байланысты сәулет өнері де дамыды. Бұрын жергілікті халықтар үйді шымнан, саз балшықтан, тастан, қамыстан, шиден жасаған. Бірте-бірте күйдірілген кірпіштерді қолдана бастады. Бұл кірпіштерден сәулетті сарайлар, медреселер және күмбезді ескерткіштер салған. Қазақстанда құрылыс өнерінің дамуына, оның техникасының жетілуіне орта Азия мен Қашқардан қоныс аударған тәжіктер, өзбектер, ұйғырлар мен дүнгендер ықпал жасады. Қазақстан жерінде салынған Жамбыл қаласындағы Бабаджа Хатұн, Айша бибі мазарлары, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи, сондай-ақ Алаша хан, Жошы хан күмбездерінің бәрі Шығыс сәулет өнерімен салынған. Бұл ескерткіштердің көпшілігін түркі тілдес тайпалардан шыққан және парсы шеберлері салған. Сондықтан да тарихи ескерткіштерді Шығыс халықтарының ортақ иұрасы деп қарауға болады.

6 - 7 сыныптарда Қазақстан жерінде болған саяхатшылар және олардың еңбектері туралы айтылады. Осыған орай Шығыс саяхатшылары деген мәселені түсіндіргенде Әбу-Райхан Әл-Бирунилердің ежелгі қазақ жерін, оның халқын жақсы білгендігі байқалады. Бируни өзінің "Ел қоныстанған жерлердің шекараларын белгілеу және олардың арақашықтықтарын анықтау" деген кітабында Арал, Каспий теңіздерін, Сырдария өзенін, Отырар, Сауран қалаларының жағрафиялық орнын белгілеп, оларға сипаттама берген.

Қазақстан және Түркі халықтары мәдениетін байланыстыру арқылы біз келешек ұрпаққа осы халықтардың ежелгі дүниеден бастап үнемі бір-бірімен аралас-құралас болғанын көрсетеміз. Қазір пайдаланып жүрген тарих бағдарламаларында түркі халықтарының мәдениетіне байланысты материалдар қарастырылған. Ал, Түркі халықтарының дүние жүзілік мәдениетке қосқан үлесіне, Қазақстан және Түркі халықтарының мәдени байланысына бағдарламалар мен оқулықтарда лайықты орын беру - келешектің ісі. (Тұрлығұл, 2010: 28).

Әдетте әр халықтың өзіне тән ерекшеленіп тұратын ой кешу үрдістері болады. Олардың өзекті арқауын қоғамдық қатынастардың негізінде қалыптасқан өмір салтынан іздеу керек. Дегенмен, қай кезеңді алып қарасақ та, адам мәселесі өзекті болғаны және болатыны да анық. Қоғамдық құрылыс кезінде адамдар айнала қоршаған ортаны жалпылама тұтастық деңгейімен пайымдай отырып, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті үзбеуге тырысып, адам табиғаттың бір бөлшегі ретінде көрсетіп, оның іс-әрекетінің мән-мағынасын талдаған. Себебі, адам бойындағы асыл қасиеттер табиғаттан келетінін көрсетіп, оны жоғары бағалау «адамдық» атқа сай екенін аңғартуға тырысқан. Адамның адамдық қасиетінің қалыптасуы оның жан дүниесінің дамуымен байланыстыратын дала қырандары өмірдің мәнін адамның жан тазалығымен түсіндіре білді.

Қасиетті қазақ даласы талай ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл талай азаматтары ортақ тілде жаза біліп, адам мәселесін кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Игүнеки, Сүлеймен Бақырғани сияқты ғұлама ойшылдар қазақ дүниетанымының тереңдігін көрсеткен тұлғалар екені анық. Әр қайсысының ғылыми-философиялық жетістіктерін теріп жатпай-ақ адам мәселесін алатын болсақ, Әл-Фараби «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу туралы» трактаттарында этикалық-эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Этиканы ол ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан, оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы сондықтан, оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінді. Фараби жасаған қортындының басты түйіні білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Оның гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: оның пікірінше, көркемдік өнер шындығының өзіне тән қасиет. Көркемдік- адам денесі мен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды. Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп санайды, өйткені, жақсы істер істеп мұның төленуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Адамды жақсы істерге жетелеуші оның жетелеген санасы мен адал жүрегі екендігін атап көрсетеді (Ақышев, 2002: 102).

Орта ғасырдағы Шығыс ренессансы аталған алтын дәуір Ж.Баласағұнның шығармаларымен тығыз байланысты. Тұтастай алғанда Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі жалпы философиялық мәселелерді алға тартқан және өмірді тәжірибелік эстетикалық тұрғыда көбірек зерттеген.

Халқымыздың ойлау мәдениетінің тарихы, түпкі төркіні көне түркі заманнан басталады. Қарахан түріктері билеген X-XII ғасырларда түрік тайпаларының ой-өрісі, мәдениеті мен әдебиеті ерекше дамыды. Бұл кезде Орта Азия мен Қазақстанда әртүрлі қолөнер, ұсталық, тоқымашылық, қала салу және сәулет өнері өркен жайып, сауда-саттыққа кең жолашылды. Осы кезде Қазақстандағы мәдени даму аты жаһандық ғылымға танымал болға, ақылдың ұлы иелері – Әбу Насыр Әл – Фараби, Аббас Жауһари, Ахмет Үйгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Махмуд Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Ысқақ, Жамал Түркістани, Мухаммед Хайдар Дулати, Қыдырғали Жалайри, Камалиден Сығанаки, Ахмет Иассауи тағы басқа ойшыл ғұламалардың дүниеге келуімен байланысты болып қалды. Бұл аты аталған ғұламалар туралы кітап болып жазылып, аңыз болып ел санасында қалған әңгімелер, ғылыми қолжазбалар кейінгі ұрпаққа мұра болып қалды. Бұлардың арасында асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, қайырымдылық пен мейірімділікті өмірге арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, қасиетті әулиесі атанған Құл Қожа Ахмет Хазреті Сұлтан Иассауи еді. Ахмет Иассауи жөнінде ел арасында көптеген аңыз әңгімелер тараған. Егер де тарихи деректерге жүгінсек, ақын ежелгі қала Исфиджапта (Сайрам) Ибрагим бин Махмуд деген диханның әулетінде дүниеге келген. Ахмет Иассауи «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») XII ғасырда көне түркі тілінде жазылған кітабының авторы. Жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, адамның жақсы және жаман іс – әрекеттері сияқты моралдық сипаттары оның құдайға сенуіне байланысты болады. «Кімде кім жамандық жасаса ол күнәдан арыла алмайды, кімде кім жақсылық жасаса, ол құдайдың

сүйіктісі болады», дейді. А.Иассауидің пайымдауынша, ол өзін-өзі тазартуға, кемшілігін жоюға, игілікті іс істеуге шақырған адамның адасуы және жамандық жасауы мүмкін емес. Ол өзінің жолын қуушыларды өзін – өзі жетілдіруге шақыра отырып, адамгершіліктің құдайдан шығатыны әділеттің жолы құдайдың жолы деп уағыздайды.

Орта ғасырлық жұлдыздардың бірі Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат – түрік» сеңбегінде адамдарды өнер білімге әдептілікке шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымдастырушылық мәселесін сөз етті. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, үлкен парасаттылық білім, батырлық суреттеледі. Адам бойындағы асыл қасиеттер табиғи сұлулықпен астарланып адамгершілік мәселесі жоғары бағаланады. М.Қашқаридың мақал – мәтелдерінде философиялық ойлар топтала келіп, бүгінгі күнге дейін маңызы бар мәселелер талқыланған. Ол өз сөздерінде әділдікке, адамгершілікке ар – намысты жоғары ұстауға махаббат пен мейірімділікке шақырады.

Қазақ даласында ғақлиятты ойларды жеткізуші тағы бір тұлға Ахмет Йүгінеки айтып кеткен мәселелер әлі де болса өз құндылығын жойған жоқ. Ол шығармаларын түркі тілінде жазған, оның шығармасы «Ақиқат сыйы» деп аталады. Ұлы ұлама дүниенің, әлемнің сырын құпиясын ашатын кілт көкірегі ояу, көзі ашық адамдардың қолында деп көрсетеді. Ашуға берілген адам қашан да надандыққа, тығырыққа тіреледі. Бар дүниенің болмысын тек білім арқылы ғана ашуға болады деген шешімге келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ топырағында дүниеге келіп, кіндік қаны қасиетті жерге тамған ұлы түрік ғұламаларының философиялық ойлары мен идеялары, олардың қалдырған бай мұралары қазақ жеріндегі философиялық ойдың қалыптасуына сөзсіз негізгі арқау болды деп айта аламыз. Бұлардан кейінгі тарих сахнасына шыққан қазақ ойшылдары мен ақын – жыраулары атадан қалған мол мұраны көздің қарашығындай сақтап, рухани дәстүр сабақтастығын одан әрі жалғастыра түсті. Адам туралы ілімнің қалыптасуындағы әр қайсысының шоқтығы биік, орны бөлек. Кейбіреулердің ойынша этика, мораль, мәдениет батыстан басталған, солар арқылы әлемге тараған. Ал қазақ даласының қасиетін бойына сіңірген түркі елі адамды тәрбиелеуде, қоғамдық қатынасты қалыптастыруда, қоғамдық сананың дамуында басқа елдер қызығарлықтай сан түрлі ізетті ойлар мен оларды іске асыруда, моральдық нормаларды орындауда өзге елден әлі де жоғары тұрғаны сөзсіз. «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жаныңнан түңілер» демекші, қашанда түркі елі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден өз мәдениетінің ерекшелігін сақтап отыр. Адамдық қасиеттің дамуы этиканың шыңына шығу екені белгілі, сондықтан бұл тұлғалардың негізгі мақсаты адамның өзін-өзі дамыту арқылы жоғарғы күштің рақымына бөленетіндігін түсіндіру. Басқа ел ұрпағына материалды мирас қалдыру мақсат етсе, адам өз бойындағы ізгі қасиеттерді дамытып, оны келесі ұрпаққа өнеге ету, оларды дұрыс жол табуға үйрету, өмірдің мәні деп түсіну қазақтың, тіпті түркі елінің қаныңа сіңген қасиет екені бәрімізге белгілі. Осы қасиетті сақтау және жалғастыру біздің және болашақ ұрпақтың қолында.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құлахметова Л (2003), *Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі байырғы түркілердің жазулары*. Қазақстан тарихы.
2. Амажолов К.Р (2002), *Түркі халықтарының тарихы*. Алматы: “Білім”.
3. Гумилев Л.Н (2000), *Көне түріктер*. Алматы. “Білім”.
4. Тұрлығұл Т.Т (2002), *Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі*. Алматы: „Атамұра“.
5. Ақышев К (2002), *Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін*. Алматы.

Қ.ҚОЖАМИЯРОВТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСİNДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аға оқытушы, пед. ғыл. магистрі Р.Ю.БАЛТИЕВА*

Түйіндеме:

Әлемдегі барлық мемлекеттердің прогрессивті музыканттары балалар мен жастарды музыкалық тәрбиелеу мақсатында музыканың адам жанын тазартатын, оның сезімдері мен санасына оңды әсер беретін халық музыкасымен классикалық өнерге арқа сүйенеді, ұлттық мемлекеттердің музыкалық тәрбие саласындағы жетістіктерінен үлгі алуға тырысады. Халық өнерінде үйлесімділік пен сұлулық, табиғат тамашасы, адамның жан дүниесі берілген. Бала мен халықтық өнердің арасында байланыс бар. Балалар фольклордан өзін қоршаған дүниенің әсемдігін, өнердің үйлесімділігін, бір тұтас сезінеді. Қазіргі кездегі халыққа білім беру жүйесінің алдындағы міндет жас ұрпақты жан-жақты дамыту, осы арайда көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені жақсарту. Өнер шығармалары арқылы: тарих пен сәулет өнері – ескерткіштерінен әсемдік сезім мен жоғары эстетикалық талғамды дамыту, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру.

Бұл мақалада Қ.Қожамияровтың музыкалық-шығармашылық мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа қалған бүгінгі күнге дейін жеткен сарқылмас бұлақ шабыттың шығармашылық байлығының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізуі туралы айтылады. Қ. Қожамияровтың өмірі мен шығармашылығы біздің еліміздің музыкалық өнерінің жалпы бағытының бөлінбес бөлігі ретінде қарастырылады. Композитордың музыкалық шығармашылығы жас ұрпақты ұлттық дәстүр рухына, патриоттық, интернационалдық сезімдерге тәрбиелеу болып табылады.

Тірек сөздер: Мәдени мұра, музыка, фольклор, салт – дәстүр, мәдениет, рухани құндылық

THE IMPORTANCE OF K.KOZHAMIYAROV'S MUSICAL CREATIVITY IN THE EDUCATION OF YOUNG GENERATION

Abstract:

In this article musical works of the composer K. Kozhamiyarov the made huge contribution as musical pedagogical and creative heritage for studying and execution of the subsequent generation are considered. Works by K. Kozhamiyarov are conformable ours time as his works are in the spirit of patriotic and international education.

Key Words: Cultural heritage, music, folklore, tradition, culture, spiritual value.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2030-ға дейінгі стратегиясында жас ұрпақтың білім деңгейі және тәрбиелік сипаты әлемдік мәдениетке сәйкес келуі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезеңде өткен кезеңдерден келіп жеткен мәдени мұра, оның ішінде халықтың дәстүрлі шығармашылығы айрықша орын алады. Өткен құндылықтардың осы заманымызға маңызды сипатын ескере келіп, тарихи мұраларға аса ұқыпты қарау керек, өйткені қазіргі түсінігімізде олардың бәрі бірдей соңғы ақиқат емес, классикалық мұралардың мән-маңызы әлі де ашылуға тиісті.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев бастамасымен бекітілген «Мәдени мұра» бағдарламасында халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырады. Бүгінгі жастар өз ұлтының рухани дүниесін, өз елінің тарихы мен мәдениетін білуі, өнерге құштарлығы болуы тиіс. Сонымен бірге жан-жақты жетілген, мәдениетті адам болып өсуі де өте маңызды. Яғни, өз мәдениетін, әдебиетін, тілін игерген жан, өзгенің де мәдениетін, жан дүниесін, рухани байлығын сыйлайуы да мүмкін. Жастарды рухани жағынан дамыту мәселесін шешу мақсатында оқу үрдісінде өнердің маңызы зор.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, rahiliam@list.ru

Экономиканың тоқырау және бақылауға бағына қоймайтын саяси жағдайлар қоғамда әлеуметтік қайшылықтардың шиегене түсуіне әкеліп соқтырып жатыр. Қоғамтанушылар экономиканың тоқырауы адамгершілік, руханияттың да тақырауына әкеліп соғады деп санайды, ал бұл өз кезегінде адамзат цивилизациясының құрып кетуіне апару қаупін тұғызады. Адамзаттың барлық басынан кешкен жақсысы мен сұлулығы өнер шығармаларында кеңінен қамти көрсетілген. Адам қарама – қайшылықтардың дәнегі (ядросы) ғана емес, сондай-ақ ол қарым-қатынастардың да өзегі. Адамның ақыл-ой күштер жиынтығы (потенциалы) неғұрлым жоғары болған сайын оның адамгершілік, гумандық сапасы да жоғары болады. «Адамның мәдениеті» деген ұғым өнер деген ұғымсыз бар болуы мүмкін емес, өнер тілі әмбеге түсінікті, интернационалдық тіл болғандықтан ол мәдениеттің топтасқан, шоғырланған аккумуляторының бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңдегі оқытушылар өнердің ролін және оның болашақ зиялы қарымның, жұмысшының, қызметкердің мәдениетіне сөзсіз тигізетін әсерін ескере отырып, оны тәрбие үрдісіне өте қажетті құрал ретінде, ал өнерге жақын болу-тәрбие үрдісінің міндетті түрдегі мазмұнды бөлшегі деп қарау керек.

Жас ұрпақ бұрын қалыптасқан мәдениетке ой жіберіп, өткен тарихи-философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер мен әдебиетке толғана талдау жасаса және жылдар, ғасырлар бойы тарих қойнауына жасырынған мол тәжірибені меңгергенде ғана белгілі бір нәтижеге жете алады. Жеткіншектер аты әйгілі ұлы педагогтар мен ғалымдардың, зерттеушілердің, әдіскерлердің мұрасын оқып, зер салып, соларды меңгере отырып, өзіндік ой-пікір, көзқарастарын қалыптастырады.

«Мұра» деген ұғым – бұрынғы дәуірден келе жатқан рухани құндылық, рухани өмірдің объективті көрінісі. «Мұра» деген ұғым музыкалық – педагогикалық және музыкалық-шығармашылық контекстімен өте тығыз байланыста, себебі музыкалық өнер ең маңызды идеологиялық, рухани, дүниетанымдық, психологиялық және адам тәрбиесінің көрінісі болып табылады.

Көрікті мәдениет және өнер қайраткерлері П.Аравин, Т.Алибакиева, Б.Ерзакович, Т.Сапарғалиева, К.Кирианың еңбектерінде музыкалық-шығармашылық мұра ұрпақтан-ұрпаққа қалған бүгінгі күнге дейін жеткен сарқылмас бұлақ шабыттың шығармашылық байлығының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізуі туралы айтады. Сондай-ақ әр кезеңде өмір сүрген түрлі ұлттардың ғалым педагогтары мен психологтары, ғылыми-әдіскерлері, зерттеушілері, дидактилері И.Г. Песталоцци, Я.А.Коменский, А.В.Дистервег, К.Д.Ушинский, А.И.Герцен, В.Г.Белинский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, Ыбырай, Абай, Жамбыл, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсыновтар оқу-тәрбие процесінде мұраның маңыздылығын баса айтқан.

Музыка - объективті нақтылық айнасының пішіні, сонымен қатар адамзаттың рухани мәдениетінің құрама бөлігі болып табылады. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік сапаларының дамуын қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Осы мағынада «Музыкалық мұра», «музыкалық-педагогикалық» және «музыкалық шығармашылық» ұғымдары жеткіншектердің дамуына үлкен үлес қосады. Жас ұрпақтың музыкалық тәрбие беру және оларды жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеуді өз алдымызға үлкен мақсат етіп қойдық. Өсемдік сезім дамыту, жоғарғы эстетикалық талғам, өнер шығармалары: тарих пен сәулет өнері ескерткіштері, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Оқушыларға музыкалық білім беру мен көркемдік тәрбиені халықтың, ұлттың, мәдени мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсарту. Мектептегі музыкалық - көркемдік тәрбие де ұлттық, аймақтық мәдени ерекшеліктері, дәстүрлерін жандандырып, бүгінгі талаптарына сай жүйелеп, мектеп оқу – тәрбиесіне ендіру көкейкестігімен сипатталынады. Балалардың музыкалық бейнелер, суреттемелер, оның көркемдік сөзі, әсерлі әуені, жағымды сазы арқылы патриотизмге, отанды сүйюге, сапалы, тәртіпке, жақсы әдет-ғұрыпқа, әдептілікке, мейірім – шапағатқа, ынтымаққа достыққа тәрбиелеу негізгі міндет.

Музыкалық тәрбие адамдардың қабілеттерін, оның музыкаға көңіл-күйі еліктей жауап беру, оның мазмұнын түсіну арқылы әсерлену – осының бәрі мақсатты және жүйелі дамыту яғни музыкалық тәрбие арқылы келеді. Музыкалық тәрбие беру жүйелі музыкалық білім беру және музыкалық аспаптарда ойнау элементтерін, музыкалық қызметтің қоғамдық-тарихи тәжірибесін мұра етіп қалдыру және оны кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Әлемдегі барлық мемлекеттердің прогрессивті музыканттары балалар мен жастарды музыкалық тәрбиелеу мақсатында музыканың адам жанын тазартатын, оның сезімдері мен санасына оңды әсер беретін халық музыкасымен классикалық өнерге арқа сүйенеді, ұлттық мемлекеттердің музыкалық тәрбие саласындағы жетістіктерінен үлгі алуға тырысады. Халық өнерінде үйлесімділік пен сұлулық, табиғат тамашасы, адамның жан дүниесі берілген. Бала мен халықтық өнердің арасында

байланыс бар. Балалар фольклордан өзін қоршаған дүниенің әсемдігін, өнердің үйлесімділігін, бір тұтас сезінеді. Қазіргі кездегі халыққа білім беру жүйесінің алдындағы міндет жас ұрпақты жан-жақты дамыту, осы арайда көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені жақсарту. Өнер шығармалары арқылы: тарих пен сәулет өнері – ескерткіштерінен әсемдік сезім мен жоғары эстетикалық талғамды дамыту, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буының ақыл-ойын, тәжірибесін пайдаланбай ілгері баса алмайды. Себебі ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өну де, ілгерлеу де жоқ. Халқымыздың тарихына үңілсек, ұрпақ тәрбиесі ұйғыр халқының ең тұлғалы мәселесі болып келгені мәлім. Сондықтан аға буын келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр аталуына жинақтап пайдалана отырып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат еткен.

The study of the course "Philosophy" with new methodics is aimed at forming the students' openness of consciousness, understanding their own national code and national self-awareness, spiritual modernization, competitiveness, realism and pragmatism, independent critical thinking, the cult of knowledge and education, mastering such key worldview concepts as justice, dignity and freedom, as well as the development and strengthening of values of tolerance, intercultural dialogue and a culture of peace. Particular attention is paid to the problems of preserving the national identity, the inner core of the national "I" and the national spirit, reflected in the project "Rukhani zharyrou", the role of philosophy in modernizing public consciousness and solving global problems of our time.

In the article deals with the works of Western scholars translated into Kazakh, which helps students to get acquainted with Western classical literature.

The problem of the individual about his nature and the psychology of the effect, self-worth is viewed from the point of view of the Freudian theory. The scientific research is based on the Freudian theory of psychoanalysis, based on his work "Lectures on psychoanalysis", "Famous cases from practice".

Key words: *Id, Ego, Super Ego, sublimation, compensation.*

Батыс лассикалық философияны оқу студенттердің өзіндік талдау және өзін адамгершілік тұрғысынан реттеу дағдыларының қалыптасуына, ғылыми-ізденістік қабілетінің дамуына, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетінің артуына ықпал етеді.

Психологияның әртүрлі мектептерінде тұлға табиғаты әртүрлі түсініледі, оның себебі, оны психологияның пәні ретінде анықтаумен, психологиялық зерттеулерге деген қатынаспен, зерттеулерде қалыптасқан принциптермен байланысты болды. Адам көп жағдайда өз қылықтарының себептерін, мотивтерін білмейді және өзінің бойындағы кейбір ілімдерді, естеліктерді жоққа шығарады, бірақ оларды гипноз әсерінде көрсете алады. Мақалада осы бақылаулар психоаналитикалық фрейдистік теория туралы зерттеу жазылған.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық университеті

Зигмунд Фрейд – психоанализдің негізін қалаған психолог. Ол ХХ ғасырда қарқынды түрде дамыған медицина, элеуметтану, антропология, әдебиет және өнер саласына көп үлес қосқан. Оның теорияларына деген қызығушылық әлі күнге дейін толастаған емес.

З.Фрейд өзінің ғылымдағы жолын физиологиялық институтта бастады, сондықтан ағзаға энергетикалық шама ретінде қарау оның санасына терең бойлады: ағза мінез-құлықтың қозғалыс күшін ерекше энергия түрінде білдіреді. З.Фрейд невропатолог-дәрігер болды. Оның пациенттері психикалық-жүйке ауруларына шалдыққандар еді. Бірақ олардың жүйке жүйесінің құрылысынан аурудың себебін түсіну болмады. Ол өз тәжірибесінде, анатомио-физиологиялық ұғымдар түсіндірмейтін, айғақтарды жиі кездестірді. З.Фрейд алдында мынандай дилемма болды: мотивация механизмдерін анатомио-физиологиялық схема тұрғысынан қарау керек пе, әлде белгілі бір психологиялық айғақтарға жүгіну керек пе ?

З.Фрейд дәстүрлі психологияға қарсы шықты. Бұрынғы түсініктеме схемаларын ығыстырып, жаңаларын ұсынды. Ол өзінің емдеу тәжірибесінде ерікті ассоциациялар әдісін кең қолданды. Әрбір ассоциация қандайда бір себептің салдарынан басталады деп санады. Ассоциация арқылы ол өзінің пациенттерінің ойын білуге тырысты

Психиатрлар мен невропатологтардың көптеген бақылаулары адам — ХІХ ғасырдағы психология бейнелегендей, интеллектуалдандырылған тіршілік иесі емес екенін көрсетті. Олардың бақылаулары, адамның психикалық өмірі аффектілер мен эмоцияларға, қызығушылықтар мен құмарлықтарға, бір-біріне қарама-қайшы, кейде адамның қабылдауы мен ойлауын басқаша көрсететін, ұмтылыстар мен тілектерге толы екенін көрсетті.

З.Фрейд ұғымдарының өзегі болып метаморфозалар идеясы қалыптасты. З.Фрейдтің сәбидің жыныстық дамуы және эдипов комплексінің теориясы баламалар мен талқылауларға негізделіп жасалған, сондықтан да ғылымды емес, мифологияны білдіреді.[1, 256]

З.Фрейд тұлға туралы психологиялық ілімге маңызды ықпал еткен, басқа модельді ұсынды. Онда тұлға 3 компоненттен тұрады және олар терминдермен белгіленеді деп тұжырымдалған:

— «ИД» (ол), «ЭГО»(мен) және «СУПЕР-ЭГО»(менен жоғары).

— ИД — инстинктерді тасымалдаушы: ол санадан тыс және иррационалды бола тұрып, рахаттану ұстанымына бағынады.

-ЭГО — шынайылық ұстанымына бағынады, сыртқы әлемнің ерекшеліктерін, оның қасиеттері мен қатынастарын ескереді.

— СУПЕР-ЭГО — рухани стандарттарды тасымалдаушы. Бұл сыншы және цензор рөлін атқаратын тұлға бөлігі.

Егер ЭГО ИД-қа тиімді, ал СУПЕР-ЭГО-ға қарсы әрекет жасаса немесе шешім қабылдаса, ол өзін кінәлі сезініп, ұялып, өзін-өзі жазалайды.

ЭГО-ға қоятын әр түрлі инстанциялардың–ИД және СУПЕР-ЭГО — талаптары ұқсамайтындықтан, ол үнемі келіспеушілікте болады. Мұндай жағдай төзгісіз күштеу тудырады.

Бұл күштеуден ЭГО арнайы «қорғаныс механизмдері»— ығыстыру, сублимация және т.б. арқылы құтылады.

Ығыстыру дегеніміз — тұлға қабылдамайтын, белсенді құбылыстарды жою. *Сублимация* — тиым салынған қуаттың басқа әрекет түрінде шығу механизмі.

Психоанализдің негізгі дәрежесі болып мотив дәрежесі саналады. Психоанализ адамның мінез-құлқының серіппелері мен қуат қоры туралы адамның өзі жайлы ұғымдарынан көбірек айтуға тырысты. Бірақ З.Фрейд мотивацияны санаға қарсы қойды.З.Фрейдтегі психикалық қуаттылық биологиялықты алмастырды және қоғамдық дамудың басты қозғаушы күшінің рөлін атқарды. Ағза да, қоғам да пішінделетін материал түрінде қарастырылды.

З. Фрейд жеке тұлғаның дамуының әр түрлі міндеттерін жүзеге асыратын кезеңдерін бөліп және анықтай отырып жеке тұлғаның даму теориясын тұжырымдады, және даму дағдарыстарын сипаттады; психолог бұл дағдарыстардың мазмұнымен жұмыс жасай отырып адамға интенционалдылыққа жетуге көмектеседі.

Эмоционалды және мінез-құлықты стереотиптерді тану үшін жеке тұлғаның қорғаныс механизмдерін оқи отырып жүзеге асыруға болады. Психоаналитикалық консультация клиент мәселесінің бастауын тануын ортаға қояды. Инсайт, саналы түрде түсіну тұлғалық өзгерістердің басталуына жиі жеткілікті болады.

Тұлғалық қақтығысты З. Фрейд Ол (Оно), Мен (Я), және Жоғары-Мен (Сверх-Я). Қазіргі теориялар модификациясында психолог міндеті Мен көмегімен белгілі қарсылықсыз Ол мен Жоғары-Мен арасында қатынасты адам табуы керек. Ол – санадан тыс облысы. Жоғары-Мен — элеуметтену

үрдісінде алған тұлға қасиеттері. Мен Жоғары-Мен мен Олардың арасындағы сілтеуші. Әлді Мен Ол мен Жоғары-Мен арасындағы қатынасты жасаушы – интенционалдылыққа жетудің маңызды шарты.

Мен-нің негізгі міндеті адамға әсер ететін сыртқы (әлеуметтік) күштер мен ішкі (санасыз) арасындағы балансты сақтау болып табылса, онда психолог үнемі тұлғаның өзін қорғайтын механизмдерімен жұмыс жасайды.

Ол сананы мүлде адам өзін қоршаған айналаны түсінеді, өзінің «мен» екенін пайымдайды. Сондай-ақ ол тағы да екі түрлі сана құрылымын мойындайды: бірі – «шектен тыс мен» және санасыздықтың микродүниесі. Санасыздық пен саналылық бірге жүреді, айырмашылығы жарық пен қараңғылық секілді. З.Фрейдше, біздің білмейтініміз бұлыңғыр, күнгірт сана, бірақ оны анықтауға, айқындауға болады. Санасыздық дегеніміз жаттандыға айналдырылған, дағдыланған, автоматтандырылған сана. Оған кейбір ойланбай-ақ атқаратын әрекеттер жатады. мәселен, жаңылыс, не абайсыз айтылған сөз, байқамай істелген іс, не көрген түс, т.б. Санасыздықтың ең жоғары түрі – шығармашылық, кенеттен келген ой, интуиция, инстинкт, т.б. Сөйтіп З.Фрейд классикалық философия көтермеген, олардан қалтарыс қалған мәселелерді қозғайды.

3. Фрейд еңбектерінің бірнешеуін талқылай кетсек, «Зигмунд Фрейд: Знаменитые случаи из практики» атты еңбегінде Фрейдпен байланысты алты ең танымал терапевтік жағдайлардың сипаттамалары келтірілген. Өмірдің күрделі жағдайлары мен науқастарды емдеу курсының жаңа ғылымның авторы түсіндіргені және осы күнге дейін психоанализ негіздерін зерделеудің ажырамас құралы ретінде қызмет етеді.

Ал «Психоанализге кіріспе» еңбегі Зигмунд Фрейдтің 1915-1917 және 1930 жылдардағы оқыған лекциялардың жинағы. Бұл өз шығармалар сериясында ерекше орын алады. Онда Фрейдтің тұжырымдамасы негізделеді: психоанализдің теориялық принциптері мен әдістерінің сипаттамасы, психоаналитикалық зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтерді интерпретациялау жолдары, психоаналитикалық теориясының невроздар мен жеке басының жалпы принциптерін анықтайды [2, 45].

1900 жылы «Түс жору» кітабы жарық көрді. Оны З.Фрейд өзінің басты еңбегі санады. Кітапта түстегі бейнелердің қалыптасу тәсілдері: олардың кешенді қабаттасуы, тұтас бейненің бөлшек бейнемен алмасуы, кейіптеу және т.с.с. сипатталды. Осының барысында ол барлық адамдар үшін бірдей мәнге ие символдар бар деп санады. Мұндай символдар ретінде ұшу, құлау, суды, үшкін заттарды, тістің түсуін көру қарастырылды. Тәуелсіз авторлардың бұл қағиданы тексеруі мұндай тұжырымды растамады. Фрейд түс көрудегі бейнелерді эмоционалды сезім күйлерінің деңгейлері ретінде түсіндірді. Олардың туындау көздері күндізгі қалыптан тыс сезім күйлерінде, қызығушылықтарында, қорқыныш күйлері мен санадан тыс әрекеттерінде жасырылған. Олар өздері туралы ерекше символдық тілде сөйлейді. Фрейд олардың сөздік қоры мен оның құрылу тәсілін қалпына келтіруге тырысты. Фрейдтің есептеуінше, түс көру қаншалықты бос көріністер болғанымен, оның «сценарийі» – бұл түстің бейне-белгілері арқылы қанағаттандырылатын түпкі тілек-қалаулар коды. Бұл болжамына өзі таңырқаған З.Фрейд оның тіпті қандай жағдайда туындағанын да есіне сақтап қалады. Бұл 1895 жылдың 24 шілдесіндегі кешқұрым мезгіл, бейсенбіде, веналық мейрамханалардың бірінің солтүстік-шығыс бұрышында еді. Бұл жөнінен З.Фрейд бірде: «осы жерде дәрігер Фрейд түс көру құпиясын ашты» деген жазуы бар тақтай іліп қойса да болады», – деп әзілдей айтқан екен.

1901 жылы оның «Күнделікті тұрмыс психопатологиясы» кітабы жарық көрді, мұнда ол түрлі бұрыс әрекеттерді түсіндірді: есімдерді ұмыту, сөзден таю, санадан тыс уәждердің көрінуі. Фрейд бойынша, мұның себептерін санадан тыс импульстерден, шұғылданатын әрекеттерінен іздеген жөн.

З.Фрейд шығармашылығының соңғы кезеңінде оның «Бұқара психологиясы және «Мен» талдауы» (1921), «Мен және Ол» (1923) еңбектері жарық көрді. Бұл кітаптарында оның адамның жеке тұлғасының құрылымына деген көзқарастарының өзгергендігін көреміз.

Зигмунд Фрейд қалыптастырған фрейдизм невроздарды түсіндіретін және емдейтін ілім ретінде қалыптасты, кейін келе дау-жанжал жағдайға тап болған саналық пен бейсаналық арасындағы қарым-қатынасты, бейсаналықтың өзіндік заңдылықтары мен әрекетшілдігін түсіндіруге бағытталған теорияға айналды. Фрейд адам технологиясының өсіңкілігін түсіндіру үшін, оның психологиялық түпнегізін қарастырады. Неофрейдизм және фрейдомарксизм негізін қалаушылардың бірі. Эрих Фромм Фрейдтің биологизмін, либидо теориясын, табиғилық пен әлеуметтікті қарама-қарсы қоюын, психологияны философия мен этикадан бөлектеуін сынады. Ол адамды әлеуметтік тіршілік етуші, табиғи және адамдандырылған дүниемен үнемі байланыс жасаушы ретінде қарастырады.

Фромм Эрих - неміс-американдық философ; психолог, социолог, неофрейдизм негізін салушы, гуманист-ғалым, әлеуметтік прогресті жақтаушы. Философия, психология, антропология, тарих және дін социологиясының дамуына зор үлес қосты. Өзінің ілімін «гуманистік психоанализ» деп атады. Фромм индивид психикасы мен қоғамның әлеуметтік құрылымының арасындағы байланысты анықтау барысында Фрейд биологизімінен алшақтады. Психоаналитикалық «әлеуметтік және дербес» терапия негізінде үйлесімді «дені сау қоғам», жобасын АҚШ-та гуманистік позицияда ұсынды. Фрейдтің биологизмін, либидо теориясын, табиғилық пен әлеуметтікті қарама-қарсы қоюын, психологияны философия мен этикадан бөлектеуін сынады. Ол адамды әлеуметтік тіршілік етуші, табиғи және адамдандырылған дүниемен үнемі байланыс жасаушы ретінде қарастырады. Оның ойынша, Фрейдтің ілімі адамды тереңірек тануға мүмкіндік бергенімен, оның өмірінің мән-мағынасы, моральдық және этикалық нормалар туралы, адам қалай өмір сүруі керек және не істеуі тиіс деген сұрақтарға жауап бермеді. Э. Фромм К.Юнгтің аналитикалық психологиясы да адам өмірінің мәні мәселелерін назардан тыс қалдырды деп есептеді. Адамның этикалық мінез-құлықтарының бастауын адамның өзінен іздеген гуманистік этиктердің еңбектеріне сүйене отырып, Фромм моральдық ұстанымдар адамның ішкі қасиеттеріне негізделген болуы керек, әйтпесе оларды бұзу тұлғаның психикалық және эмоциялық құлдырауына әкеледі деген тұжырым жасайды. Осыдан келіп гуманистік психоанализдің мақсаты шығады – гуманистік этиканың құндылықтарын меңгеру, өзінің ішкі табиғатын танып-білу және «өмір өнерін» игеру арқылы адамның ішкі мүмкіндіктерін дамытуына, өмір сүруге ұмтылуына ықпал ету. Фромм еркіндік және жаттану категориялары арқылы адамдардың ба-сым көпшілігі өзінің нағыз «Менін», «Өздігін» емес, «Жалған Менін» да-мытатынын, осы процестің нәтижесінде өзін жоғалтып, ешшеңеге айна-латынын көрсетеді. Бірақ Фромм адамның онтологиялық және тұлғалық сипаттамаларына, әсіресе «үміт» элементіне сүйене отырып, оптимистік болжамдар жасайды. Оның пікірінше, «үміт» өмір құрылымының ішкі элементі, ол пассивті үміттену, күту емес, белсенді әрекетке дайын болу, адам рухының динамикасы, адам болмысының маңызды шарты, сондықтан да Фромм адамды Homo esperans (үміті бар) деп сипаттайды.

Неофрейдист Эрих Фромм еңбектеріндегі негізгі тақырып адамдағы жалғыздық пен адамдардан бөлектену жағдайы болды. Оның көзқарастарының қалыптасуына Маркстің идеялары әсер етті. Адам бір уақытта табиғаттың бір бөлігі, әрі жануар әрі адам, жануар ретінде адам биологиялық қажеттіліктерді игереді, адам ретінде өзіндік санаға, ақылға, қиялға ие.

Адамның бастан кешетін күйлеріне нәзіктік сезімі, қызығулар, махаббат пен бірге әсерлену, жауапкершілік, қатынастар, адалдық, идентификациялану, еркіндік пен трансценденция, құндылықтар мен нормалар жатады. Бес түрлі қажеттіліктерді көрсетті: трансценденцияға қажеттілік, қалыптасуға қажеттілік, идентификациялануға қажеттілік, бағдарланулар жүйесіне қажеттілік, басқаларға қажеттілік [3, 34].

Бағдарлану жүйелері арқылы әлемді таниды. Адам тұлғасы қоғам беретін мүмкіндіктерге сәйкес дамиды. Адамның қоғамға бейімделуі ішкі қажеттіліктер мен сыртқы талаптардың арасындағы компромисс ретінде түсініледі. Фромм әлеуметтік мінездің бес типін көрсетті: рецептивті, эксплуативті, жинақтаушы, нарық, продуктивті. Кейінірек Фромм тағы екі типті атады: некрофильді және биофильді. Фромм үшін қоғам мен адамның қатынас мәселесі ең маңызды болды.

Оның ойынша адам табиғаттың туа берілген маңыздылығы, қоғам сол маңызды табиғат жүзеге асу үшін жасалады, осы уақытқа дейін бірде бір қоғам адамның базалық қажеттіліктеріне көңіл бөлген жоқ, ондай қоғамды жасауға болады деген негізгі ойларды бекітті. Ондай қоғамды Фромм гуманистік коммуитарлы социализм деп атады.

Фромм өз теориясын емдеу барысында адамдарды бақылау арқылы, тарих, экономика, социология, философия, әдебиет жайлы адамдардың білімдерін бақылап, эмпирикалық зерттеулер арқылы жасады.

Эрих Фромм үшін махаббат - жауапкершілік, құрмет, білім мен қамқорлық сияқты элементтердің тығыз өзара әрекеті. Сонымен бірге, автор өзінің негізгі моральдық қасиеттерін дамытпай, сүйіспеншіліктің болуы мүмкін емес екенін атап көрсетеді.

Эрих Фроммның «Бостандықтан құтылу» фундаментальді еңбегінде жеке тәуелсіздікті, тәуелділікті және биліктің психологиялық аспектілеріне арналған. «Еркіндік адамның күші емес, ол құтылуға тырысатын нәрсе ме? Неге, кейбіреулер үшін бостандық - бұл жақсы мақсат, ал басқалары үшін қауіп. Бостандыққа деген тотальды ниет пен құдайға бағынбауға деген ұмтылыс қоспағанда, бар ма? .. Кейбір жасырын қанағаттың көзі емес; және егер солай болса, онда оның мәні неде?» деген сұрақтарды қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Фрейд З. Знаменитые случаи из практики. - М., Когито центр, 2007 - с. 538
2. Фрейд З. Лекции по психоанализу. - М., Когито центр, 2006 - с. 480
3. Фромм. Э. Бегство от свободы / пер. с англ. Г.Ф. Швейника, Г.А. Новичковой. – М.: Академический Проект, 2007. – 272 с.
4. Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. /Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018. –360 б

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ШАҒЫН КӨЛЕМДІ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУ/ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ф.ғ.д., профессор **Е.АЛКАЯ***
PhD докторант **А.МОЛДАБАЕВА****

Түйіндеме:

Мақалада жалпы білім беретін мектепте шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқу/оқыту әдістемесі жаңартылған білім мазмұны негізінде ғылыми тұрғыдан зерделенді. Эпикалық жанрларды оқыту әдістемесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулеріне шолу жасалып, оқу/оқыту мәселелері инновациялық негізде теориялық тұрғыдан айқындалып, жаңартылған білім мазмұнының шағын жанрларды меңгерудегі тиімділігі дәлелденді.

Тірек сөздер: эпика, жанр, әдістеме, инновация, мектеп, әдіс, оқу, оқыту, әдебиет.

PROBLEMS OF STUDYING / TEACHING EPIC WORKS OF SMALL SIZE IN GENERAL SCHOOLS**Abstract:**

The article has scientifically studied the problems of studying / teaching epic works of small size in general schools based on the updated content of education. A survey of domestic and foreign scientists on the methodology of teaching epic genres was made, the problems of learning / teaching were discovered theoretically on an innovative basis, and the effectiveness of the updated content of education in the study of genres was proved.

Key Words: epic, genre, methodology, innovation, school, method, learning, teaching, literature.

2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауында «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.

Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді **түбегейлі өзгертуде** делінген [1].

Қазіргі кезеңде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулер жаңашылдыққа кеңінен жол ашуда. Осыған орай, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұл үшін ұстаздарға инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал, жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейіне жеткізеді.

Қазіргі таңда білім саласындағы дәстүрлі жүйе жаңа арнаға ауысқаны белгілі. Қолданыстағы әдістемеге қатысты ұғымдар да жаңа сипатқа ие болды. Мысалы, «оқыту» ұғымының орнына «оқу», «үйретудің» орнына үйрену ұғымдарының заман талабына сай орын алмастыруына қатысты мәселелердің өзі де жаңаша көзқарасты талап етеді. Оқу/оқытудың негізгі мәселелеріне қатысты ғылым кандидаты, әдістемеші-ғалым А.Әлімов: «Қалай десек те білім саласындағы негізгі мәселелер келесідей болады:

1. Мазмұн (Не нәрсеге үйрену/үйрету керек?);

2. Әдістеме (Қалай үйрену/үйрету керек?);

3. Нәтиже (Не үшін үйрену/үйрету керек? Үйренудің/үйретудің нәтижесі қандай болуы керек?)» деген пікір айтады [2, 14]. Ғалым тұжырымдамасын зерделейтін болсақ, оқыту дегеніміз біржақты орындалатын үрдіс, ал, оқуға екі тарап оқушы-ұстаз бірдей қатысады. Яғни, оқыту барысындағы жауапкершілік ұстазға артылса, оқу барысында білім алушы өзі ізденеді

Оқу үрдісі белгілі пән бойынша білім алу негізінде жүзеге асады. Ал, мектепте әдебиетті оқудың өзіндік ерекшеліктері мен жаңа талапқа сай мәселелері де жоқ емес. Пәнді оқу/оқытудың жаңа мазмұндағы мақсаты - әдебиеттің жас ұрпақты рухани жағынан өсіру мүмкіншілігін, күнделікті

* Фират университеті, Түркия, Елазиг, ealkaya16@gmail.com

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, innovation_koldau@mail.ru

өмірде, болашақта қажеттілігін оқу үрдісінде барынша пайдалану. Сабақ барысында жазушы шығармасында көтерілген адамгершілік, философиялық ой - түйіндерді оқушыға қабылдатып, өзіндік пікір қалыптастырып, қорыта білсек, әдебиет пәнін оқытудағы басты мақсатқа қол жеткізе аламыз. Сабақ барысында әдеби шығармаларды ұтымды талдау жұмыстарын жүргізу оқушылардың пәнді оқуға ынтасын арттырады.

Сондықтан, мақалада жалпы білім беретін мектепте шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқу/оқыту мәселелері заманауи негізде жаңартылған білім мазмұны аясында тұңғыш рет арнайы зерттеу аясында жан-жақты сараланып отыр.

Мектепте өтілетін әдебиет пәнінің міндеті дәстүрлі жүйе бойынша - оқушылардың санасына көркем сөз құдіретін, эстетикалық, танымдық тәрбиені сіңіру деп танылса, жаңа мазмұндағы оқулықтарда адамның өзін-өзі бақылауы, үйренгені мен болашақта үйренетінін саралауы – негізгі міндеттерге жатқызылған. Соңғы жылдары әдебиет сабағын оқытуды жақсарту жолында көптеген игі шаралар жүзеге асырылды. Білім жүйесі толығымен жаңа арнаға ойысып, жаңа оқулықтар заман талабына сай толықтырылып, өңделуде.

Көркем шығарманы оқу/оқыту, талдау, сыни хабарлама жазу, жалпы тақырыптық мәселелеріне байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, шығарманың сюжетін, композициясын, әдеби кейіпкерді, әдеби туындының идеялық - көркемдік қуатын таныту – жаңа жүйеде де мақсатқа жетудің негізгі құралдарына айналып отыр.

«Жаңа дегеніміз – жаңғырған ескі» дегендей, осы мақсатта әдістеме саласы бойынша зерделі зерттеулерге шолу жасамасқа болмайды. Орыс әдебиеттану ғылымы мен оқыту әдістемесінде М.А.Рыбникова, В.В.Голубков, Г.А.Гуковский, Л.И. Тимофеев, Г.Л. Абрамович, Д.С. Лихачев, В.И. Сорокин, А.И. Ревякин, Н.И. Кудряшев, В.Г. Маранцман, Н.О.Корст, Н.А.Демидова, Г.И.Беленький, Т.Ф.Курдюмова, З.Я.Рез, Л.С.Айзерман сияқты т.б. әдебиетші, әдіскер- ғалымдардың еңбектерінде көркем туындыны талдаудың жүйесі жан-жақты қарастырылған. Ал, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл тақырып белгілі бір шамада тиісті шешімін тауып келе жатқанымен, оқыту әдістемесінде жеке әдістемелік еңбектер, арнайы ғылыми негіздегі зерттеулер өте сирек, тіпті жоқтың қасы. Әйтсе де әдебиетші-ғалымдар М. Қаратаев, З. Ахметов, Т. Нұртазин, С. Қирабаев, Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин, Б. Ыбырайым, Ж. Дәдебаев, Б. Майтанов, Қ. Әбдәзұлы [3], Қ.Алпысбаев, Б. Әбдіғазизұлы [4] т.б. еңбектерінде әртарапты арнайы сөз болып, Ә. Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т. Ақшолақов, Қ. Тасболатов, Р.Сүлейменова, С. Қалиев, Т. Жұмажанова [5], С.Мақпыров [6], Т. Тебегенов [7], Қ.Бітібаева, Г.Құрманбай сынды әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде, сондай-ақ тәжірибелі жаңашыл ұстаздардың әдістемелік нұсқауларында көркем шығарманы орта мектеп қабырғасында оқытуға, талдауға байланысты құнды пікірлер айтылады.

Дегенмен, бұл пікірлер жалпы білім беретін мектепте шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқыту ерекшеліктерін қамтитын оқу құралдары мен оқу бағдарламаларының аз болуын, жоғары сыныптарда эпикалық шығарманы оқытудың әдістемелік жолдарының арнайы зерттелмеуін, эпикалық шығармаларды оқытудағы инновациялық технологиялардың сарапталмауын, заман талаптарына сәйкес келмейтіндіктерін көрсетеді.

Эпикалық шығармалардың өзге шығармалардан ерекшелігі - көркем компоненттерінің жинақталу белгісі болса, сонымен қатар бүгінгі буынға эпикалық шығармалардың тілін, стилін, мазмұнын жете түсіну, талдау, қажетіне жарату - басты міндет.

Сондықтан эпикалық шығармаларды оқытудың заман талабына сәйкес қолданылуы, алдымен, инновациялық технологияларды қолданумен, екінші, оқушылардың жас ерекшелігін, қоғамдық ортасын ескерумен тікелей байланысты.

Эпосты жанрлық түрге бөліп, жіктеуден өзіндік даму жолы бар. Тіл мен әдебиет теориясында, ғылым мен техника заманынан жырақта А.Байтұрсынов XX ғасырда эпосты ертегі жыр, тарихи жыр деп екіге бөлген. Ал, Х.Досмұхамедұлы өз еңбегінде эпикалық шығармалардың қазақ халық әдебиетінің арнаулы бір саласы деп таниды .

Эпикалық шығармалардың генезисі мен жанрлық белгілері және поэтикасы туралы Қ.Жұмалиев «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты зерттеу еңбегінде «эпостық жанрды үш топқа бөліп: батырлық жыр, лиро-эпос, тарихи жыр» деп қарастырады. Әдебиеттанушы ғалым З.Қабдолов эпикалық жанрлар табиғатын, өзіндік бөлінісін жүйелі түрде талдап, әр жанрға анықтама береді. Ғалым пікірінше: «Эпосты жанр деп білсек, оның шағын, орта және кең көлемді үш түрі белгіленеді де, шағын көлемді эпикалық түрге – очерк, новелла, оқиғалы өлеңдер, орта көлемді эпикалық түрге – повесть, поэма, ал кең көлемді эпикалық түрге – роман, эпопея тәрізділер жатады» [8, 374].

Әдебиет теориясында ғалымдар эпикалық шығармаларды жанрлық ерекшеліктеріне қарай жіктесе, әдіскер - ғалымдар эпикалық шығармаларды оқытудың ерекшеліктерін көрсетеді: Ә.Қоңыратбаев: «Эпикалық шығармаларды оқытуда мұғалім ой мен эмоцияны қатар қойып, дикция элементтерін шебер қолдануға тиіс. Дауыс қарлықпай, жазушы ойына, образдық құбылысқа ене сөйлесе, көркем шығарманың қуаты, музыкалық мелодиясы гармонияға ұйысып, баяндау да талдау да қызықты болады», - дейді [9, 27 б.]. А.Көшімбаев: «Көркем әдебиеттің эпос, лирика, драма сияқты тектері бар. Сабақта осы үш текке (салаға) жататын шығармалардың өзара айырмашылығы, әрқайсысына тән жалпы ерекшеліктері айтылады. Мәселен, эпостық шығармаларда оқиғаны, оған қатысушы кейіпкерлерді (адамдарды) олардың арасындағы қарым-қатынасты автордың өзі немесе кейіпкерлердің біреуі арқылы әңгімелейді», - дейді. Ал, Т.Ақшолақов «Қазақ әдебиетін оқыту» еңбегінде: «Оқыту процесінде мұғалім шығарманың жанрлық, көркемдік ерекшеліктеріне көңіл бөліп отыруы керек», - дейді. Ғалым эпикалық шығармаларды оқытуда шығармаға эстетикалық [талдау жасаудың маңызды](#) екенін атап өтеді [10, 3]. Қ.Бітібаева: «Эпикалық шығармаларды оқытуда қандай мәселелерге көңіл бөлу керек, талдаудың қай түрі тиімді, қандай әдіс - тәсілдер нәтижелі болмақ, міне, осы мәселелерге мұғалім ерекше назар аударуы керек», - дейді [11, 80].

Қазіргі уақытта жаңартылған білім мазмұны бойынша Б.Керімбекова мен Ә.Қуанышбаевның авторлығымен 2017 жылы жарық көрген 5-7 сыныптың мектеп оқулығында шағын көлемді эпикалық шығармаларды (ертегі, аңыз, миф, әңгіме, мысал) оқу – өз ұлтының тарихи тамырын терең тануға, оқушы өз ойын, пікірін анық айтуға, түсінгенін әдемі жеткізе білуге, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағытталса, дәстүрлі жүйеде оқушының назарын бір жерге шоғырландыру үшін үлкен материалды бірден қамтуына, оны бөлшектеп ойлап, бөліп алу мақсаты басшылыққа алынды [12]. Сонымен қатар, қалыптасқан жүйеде сұрақ-жауап - көркем туындыны оқушыларға игертуге, оны толыққанды меңгертуге ерекше қызмет ететін жазбаша жұмыс түрі болса, қазір әлемдік білім кеңістігіндегі озық технологиялар негізінде құрылған тыңдалым, жазылым, айтылым, оқылым тапсырмалары деп бөлініп, берілетін тапсырмалардың барлығы да шығармашылық сипатта келеді. Эпикалық шығармалардың мектеп бағдарламасында оқытылуы – әдебиетті оқыту әдістемесімен бірге өркендеді деуге болады.

Елімізде болып жатқан саяси, мәдени, экономикалық, халықаралық байланыстар қазақ әдебиетін, оның ішінде эпикалық шығармаларды байланыстыра оқытуды қажет етеді. Оқушылардың ұлттық тұлғадағы азамат болып қалыптасу сатылары тек эпикалық шығармалар мазмұнын меңгертіп қана қоймай, шығармалардың мәнін қоршаған ортамен, өмірмен, түрлі жағдаяттармен салыстыра қарауға жол ашумен сипатталады. Эпикалық шығармаларды оқыту барысын әр қырынан зерттеп, инновациялық педагогикалық технологияларды меңгере отырып, сабақ берудің жаңа формаларын, көркем шығармаларды талдаудың тың әдіс-тәсілдерін үйрену, осы арқылы жастардың адами болмыстарының қалыптасуына жол ашу - бүгінгі заман талабы.

Еліміздің білім берудегі бағыт-бағдары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар, білім беруді халықаралық стандартқа сәйкестендіру мақсатында 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге сәйкес қабылданған білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі бағдарламасына және басқа да құжаттарға негізделген. Осы аталмыш құжаттарға сүйене отырып, үздіксіз білім берудің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруда жан-жақты білім беруде заманауи технологиялар қолдану - қазіргі заман талабы [13].

Көтеріліп отырған негізгі мәселелердің бірі - инновация ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - дейді [14].

Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Кейбір ғалымдардың еңбектерінде оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

Инновация термині қазірде білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны «білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу» деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік.

«Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни, бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

«Инновация» латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді екен. Яғни, С.Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация - бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады.

«Инновация» ұғымын әр елде әр түрлі түсінген, кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған, ал Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан, әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін қарастыра келе, Ресейде, Еуропа, ТМД елдерінде, Қазақстанда «инновация» ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Ресейде «инновация» ұғымына өте күдікпен қарағаны мәлім. Мәселен, XIX-XX ғасыр басындағы бірде-бір білім реформаларында бұл термин кездеспейді. Негізінде реформа жүзеге асқан, яғни инновациялық үрдіс өткен, бірақ «инновация» термині еш жерде аталмайды.

Ал, Америка ғалымдары Биль және Болен педагогикалық инновацияны «құрамына материалдық ғана емес, сол материалды қолданудағы көзқарастардың кешенді өзгеруін білдіретін үлкен өзгеріс» деп түсінеді [15].

Нейхоз инновацияны үрдіс деп есептейді де, «инновация қандай да бір идеялардан басталатын өзгерістерге әсерін, тұтынушылардың не қолдануы, не бас тартуымен аяқталатын үрдіс» дейді.

Қазақстан мемлекетінде «инновация» ұғымын пайдалану соңғы бес жылдың еншісінде. Ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деп жазған. Ал, инновация негізін құраушы ұғымдардың: «инновация», «нововедение», «новшество», «новое» т.б. қазақша аудармаларын жасаған Ы.Алтынсарин атындағы білім мәселелерін ғылыми-зерттеу институтының әдіскері Қ.Құдайбергенова болып табылады. Ол өз еңбектерінде «инновация»-жаңарту, «нововедение»-енген жаңалық, «новое»-жаңа, «новшество»-жаңалық, «инновациялық процесс»-жаңарту үрдісі деп таратады.

«Инновация» сөзі-қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданылып жүрген термин. Қазір бұл сөз «жаңа, өзгеру, жаңаша» деген мағынаны білдіреді, яғни дәл қазіргі жаңа заманға да «жаңа, жаңаша өзгерудің» қажеттілігі туындап отыр. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады. Мұның ерекшеліктері негізінен мыналар:

- үйренушінің белсенділік іс-әрекетін дамыту;
- оқыту мен үйретудің өзара үйлесімділігін қалыптастыру;
- мұнда үйренушінің дербес қабілетін дамытуға тікелей көмек беру;
- үйренушінің танымдық үрдіске белсенді қатысуын анықтау мүмкіндігі;
- көрнекілік құралдарын көбірек пайдалану арқылы сезіміне, қабылдау эмоциясына әсер ету.

Қорыта келе, жаңа заман, жаңа жүйе жаңа әдістемені де қажет етері сөзсіз. Бұдан түйеріміз, эпикалық шығарманы оқытуда ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалана білу оқушылардың тек теориялық ойлауы мен мәтінді терең түсініп қана қоймай, олардың интеллектуалдық дамуын, адамгершілік-этикалық және рухани тәрбие алуын, іскерлігін қамтамасыз ететінін көрсетеді. Педагогикалық технологияны пайдалану арқылы оқушының көркем шығарманы талдай отырып, сол туындыға ынтасын, қызығушылығын қалыптастыру мәселесі біртіндеп іске асырылады. Оқушының белсенділігі артып, біртіндеп тыңдаушыдан гөрі өзіне деген сенімі бар, өзін-өзі бағалай алатын, іс-әрекетінде белгілі бір дәрежеде дербестікке ие ізденімпаз оқырман- шәкірт қалыптасады.

Демек, оқушыларға берілетін өзіндік ізденіс пен шығармашылыққа құрылған жаңа мазмұндағы әдеби тапсырмалардың тиімді екендігі білім сапасынан, көркем шығарманы терең қабылдап, түсінулерінен, мәтінмен жұмыс барысынан, әдеби және еркін тақырыпқа эссе, сыни хабарлама, өзіндік талдау жасай білулерінен анық көрінеді. Ең бастысы, эпикалық шығарманы оқуды, талдауды жүйелі түрде шығармашылықпен жүргізу, кері байланыс орнату сабақтың білім сапасын арттыруға, оқушының танымдық әрекетін жандандырып, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016

А.Әлімов Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009. 14-15 б.б.

Әбдезұлы Қ. Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық) / Филол. ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.. авторефераты. – Алматы, 2002. – 62 б.

Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.

Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 2009. – 288 б.

Макпырұлы С. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2004. – 288 б.

Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.

Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 27 б.

Ақшолақов Т. Қазақ әдебиетін оқыту: әдістемелік нұсқау. – Алматы: 1993. – 124 б.

Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.

Б.Керімбекова, Ә.Қуанышбаева Қазақ әдебиеті //Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2017

13.Интернет-ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>, /bilimland.kz/kk

G. Gorbacheva. Basic innovation processes in education activities. URL.

Ю. Савельев. Инновационное образование и научные школы // Вестник высшей школы. 2000 № 3. с. 15-18.

QLOBALLAŞMA ŞƏRAİTİNDƏ AİLƏ HƏYAT TƏRZİNİN MODERNLƏSMƏSİ VƏ ONUN PSIXOLOJİ XÜSUSİYYƏTLƏRİ

Dos. Dr. Nuralı ÇƏLƏBİYEV*

Xülasə:

Sürətlə qloballaşan müasir dünyada baş verən siyasi, iqtisadi, sosial və mənəvi proseslərin təsiri altında ailə həyat tərzində ənənəvi norma və standartlar sürətlə dəyişir. Qlobal proseslərin doğurduğu sosial transformasiyalar ailənin strukturunda və funksiyalarında dəyişmələrə səbəb olur, ailədaxili münasibətlərin xarakterinə mənfi təsir göstərir. Qlobal inteqrasiya nəticəsində baş verən transformasiya Azərbaycan ailəsində bir sıra problemlərin yaranmasına səbəb olmuşdur. İstər ər-arvad, istərsə də qohumluq münasibətlərinin xarakterində neqativ tendensiya güclənmiş, ailə-məişət zorakılıqları, boşanmaların statistikasını xeyli artırmışdır. Bütün bunların nəticəsində ənənəvi ailə dəyərlərində deformasiya halları çoxalmış, ailədaxili psixoloji iqlim xeyli pisləşmiş, ünsiyyətdə səmimiyyət və mehribançılıq zəifləmiş, psixoloji yadlaşma, ünsiyyətdə verbal və fiziki aqressiya halları çoxalmışdır. Müasir Azərbaycan ailəsində işsiz qalan təqaüd yaşına çatmamış insanların həyat səviyyəsinin pisləşməsi, ailələrin real gəlirlərinin azalması insanlarda psixoloji diskomforta səbəb olmuş, istər ər-arvad münasibətlərində, istərsə də valideyn-övlad münasibətlərində gərginliklərə və ailə böhranına gətirib çıxarmışdır.

Açar Sözlər: Qloballaşma, ailə həyat tərzini, modernləşmə, ailədaxili münasibətlər, ailə böhranı

MODERNIZATION OF FAMILY LIFESTYLES AND ITS PSYCHOLOGICAL FEATURES IN GLOBALIZATION

Abstract:

The traditional norms and standards have changed dramatically in the family lifestyle under the influence of political, economic, social and spiritual processes in the modern world. Social transformations caused changes in the structure and functions of the family and have a negative impact on the nature of the family relationships by global processes. The result of global integration has led to a number of problems in the Azerbaijani family. The negative trend in the character of both spouses and kinship relationships has intensified family violence and divorce statistics have increased dramatically. As a result, our traditional family values have been deformed, family psychological climate has deteriorated, communication is severed and affectionate, psychological alienation, verbal and physical aggression in communication has increased. The deterioration of the living standards of unemployed people in the modern Azerbaijan family and the decline in real income of the families have led to psychological discomfort in people, and have resulted in tensions and family crises in both marital and family relationships.

Keywords: Globalization, Family Lifestyle, Modernization, Family Relationships, Family Crisis

GİRİŞ

Ailə hər bir cəmiyyətdə ictimai həyat qanunlarına əsasən yaradılan sosial təsisatlardan biridir. Qapalı kiçik sosial qrup olan ailənin ilk sosial tərbiyə institutu, cəmiyyətin ilkin özəyi kimi tədqiq edilməsi, gənclərin ailə həyatına sosial-psixoloji hazırlığı səviyyəsinin yüksəldilməsi müasir qloballaşan dünyada, dəyərlər sisteminin dəyişməsi prosesində aktual bir problem kimi diqqəti cəlb edir.

İnsanın sosiallaşmasında ilkin mərhələ və cəmiyyətin əsas institutlarından biri olan ailə, müasir qloballaşan və dəyişən dünyada ətraf aləmlə birlikdə zamanın tələblərinə uyğun dəyişikliklərə məruz qalır. Ailə cəmiyyətin əsas elementi, sivilizasiyanın sosial kəşflərindən biri kimi insani dəyərlərin, mədəniyyət və tarixi birgəyaşayışın, nəsillər arasında varisliyin, cəmiyyətin sabitliyi və inkişafı amillərindən biridir. Ailənin sayəsində cəmiyyət inkişaf edir, xalqın rifahı yüksəlir. Bütün tarixi dövrlərdə dövlətin cəmiyyətdə ailəyə münasibəti qiymətləndirici amil hesab edilmişdir və indi də belədir. İnsanın həyatı, ölkə vətəndaşlarının formalaşması ailədən başlayır. Ailə hər bir sivil cəmiyyətdə xoşbəxtlik, səadət, rifah, sabitlik, hörmət, həmrəylik mənbəyidir.

1. QLOBALLAŞAN DÜNYADA AİLƏ

Ailənin insan həyatında məxsusi rolunu qiymətləndirmək o qədər də asan deyil. İnsan dünyaya gəldikdən sonra onun bir çox həyatı vacib problemləri ailə səviyyəsində həll olunur: uşaqların sosial oriyentasiyası, yaşayış yerinin dəyişdirilməsi, ailədə uşaqların sayı, peşə və sosial mobillik və s. əsasən ailə-

* Azərbaycan Dövlət Pedaqoji Universitetinin Şəki Filialı, n_chelebiyev@mail.ru

nikah münasibətlərinin vəziyyətindən və ailənin tipindən asılı olaraq müəyyən edilir. Yeni nəsillərin istehsalında, nəsilartımı və tərbiyəedici funksiyaları yerinə yetirməklə ailə həm də generator, baxışların, əxlaq normalarının, psixoloji ustanovkə və davranış nümunələrini qoruyub saxlamaq rolunu yerinə yetirir. Cəmiyyətdə sosial sabitliyin pozulmasında, cinayət hallarının artmasında əlverişsiz, disfunksional və natamam ailələrdən çıxmış şəxslərin sayı daha çoxdur. Valideynlərin şəxsi nümunəsi və nüfuzu, ailədaxili münasibətlərin xarakteri və ailə tərbiyəsinin üslubu və modeli ailədə tərbiyə işinin psixoloji əsasını təşkil edir. Digər sosial institutlardan fərqli olaraq ailə hər bir insana onun bütün həyatı boyu təsir etmək qabiliyyətinə malikdir.

Sosial institut kimi müasir ailənin həyat və fəaliyyətində baş verən böhranlı vəziyyətlər danılmaz sosial reallıqdır. Şəxsiyyətlə cəmiyyət arasında ziddiyyətlərin artması öz təsirini konkret şəkildə ailədə tapır. Cəmiyyətin digər sosial institutları ilə şəxsiyyət arasında vasitəçi funksiyasını yerinə yetirən müasir ailə təbii, sosial-iqtisadi, sosial-demoqrafik və sosial-psixoloji problemlərin əhatəsində öz mövcudluğunu qorumaq məcburiyyətindədir. Ailəni və ailə həyat tərzini hər zaman yüksək dəyərləndirən xalqımız qloballaşan dünyada baş verən mürəkkəb hadisə və proseslərin keçid dövrünü yaşayır. Köhnə, ənənəvi davranış normaları, ər-arvad, valideynlərlə uşaqlar arasında qarşılıqlı münasibətlərin xarakteri dəyişir.

Bəşəriyyətin həyatında baş verən XX-XXI əsrlərin ən ciddi, ən böyük hadisəsi olan qloballaşma insanların mənəvi, fərdi həyatlarına mürəkkəb və ziddiyyətli bir proses kimi daxil olmaqdadır. (Musayeva, 2013: 153)

Dünyada baş verən qlobal proseslər nəticəsində sanki bütün xalqlar və millətlər, habelə onların əxlaqi dəyərləri vahid müstəvi üzərində eyni "simmetriya əsasında" düzənlənir. Bu "eynilik" heç də bütün hallarda müsbət nəticələrə bilməz. İnsan fərdiyyətinin milli xüsusiyyətlərini aradan qaldırılması və ya "eyniləşdirilməsi" bəşəriyyətə yaxşı heç nə vəd etmir. (Musayeva, 2013: 154)

İctimai, siyasi və mədəni həyatın qloballaşması insanın müasir dünyada vəziyyətinin yeni situasiyasını yaradır. İnsan varlığının sosial məkanının genişlənməsi sayəsində meydana çıxan təhlükə və hədələr insanı getdikcə daha çox əyir. (Şükürov, 2001: 104-105) Sosial-iqtisadi münasibətlərin yeniləşməsi şəraitində Azərbaycan ailəsinin dəyər istiqamətləri, maraqları, həyat tərzini, idealları, normaları və davranış stereotipləri nəzərəcarpacaq dərəcədə dəyişmişdir. Bu isə ayrılıqda hər bir ailənin həyatında müəyyən gərginliyin yaranmasına səbəb olmuşdur. (Mirzəyev, 2005: 9)

Yaşadığımız müasir cəmiyyətdə qlobal proseslərin axınında sosial transformasiyalar ailə institutuna güclü təsir göstərir və onu dəyişmələrə məruz qoyur. Müasir dövrdə ailə dəyişmələri inkişaf etmiş sənaye ölkələrində sosial transformasiyaların dönməz mənbəyinə çevrilməkdədir. Nikahların və doğumun azalması, boşanmaların və erkən nikahların sayının sürətlə artması, ailənin etnik xarakteristikasında baş verən dəyişmələr, nikahdankənar doğumların çoxalması, bir sıra qadınların sosial sərbəstliyə can ataraq evdən getmələri, qadın alveri və s. ailənin strukturunda neqativ dinamikaya gətirib çıxarmışdır. Müasir Azərbaycan ailəsində baş verən böhran onun sosiallaşma və tərbiyə funksiyasına ciddi ziyan vurur, milli-mənəvi dəyərlərin deformasiyasına gətirib çıxarır. Sosial yetimlik, uşaq və yeniyetmələrə qarşı baxımsızlıq, cinayətkarlıq, alkoqolizm, narkomaniya nəsillər arasında varisliyin itməsi təhlükəsi kimi sosioneqativ amillər cəmiyyətimizdə vətəndaş mədəniyyətinin və böyüməkdə olan nəslin gələcəyi üçün sosial məsuliyyət hissinin zəifləməsinə səbəb olmuşdur.

Qloballaşma təkcə regional və transmilli inteqrasiya ilə müşayiət olunmur, o, eyni zamanda regional və lokal səviyyədə dezinteqrasiya törədir, dünyaya açılan cəmiyyətlərin daxili tarazlığının pozulmasına səbəb olur. (Sərdarov, 2010: 7)

2. AİLƏ VƏ İNSANIN FORMALAŞMASINDA ONUN ROLU

Bəşər cəmiyyətinin ilk elementi, mənəviyyat beşiyi və onun aparıcı qüvvəsi olan ailə hər zaman insani dəyərlərin qoruyucusu olmuşdur və bu gün də bu funksiyaları qoruyub saxlamaqdadır. O, nəsillərin tarixi və mədəni birgəyaşayışının, cəmiyyətin sabitliyi və inkişafının, ümuminsani dəyərlərin əsas amillərindən biridir. Hər bir insanın həyatı ailədən başlayır, burada onun vətəndaş kimi formalaşması baş verir. Ailə sevgi, hörmət, həmrəylik və bağlılıq mənbəyidir və bunlarsız istənilən sivil cəmiyyətin yaranma ehtimalı mümkünsüzdür və bunlarsız insan yaşaya bilməz. Ailənin rifahı isə ölkənin tərəqqisi və inkişafının etibarlı göstəricisidir. Ailə bütün həyat boyu bizi əhatə edən ən əziz və ən doğma insanların məcmusudur. Onların əhatəsində məhəbbət, xeyrxahlıq mühiti yaranır, nəsillər arasında varislik, milli-mədəni adət və ənənələr qorunub saxlanılır və gələcək nəsillərə ötürülür.

Ailə fiziki və mənəvi sağlamlığın, səadət və xoşbəxtliyin mənbəyi olduğu kimi, sosio-neqativ ustanovkaların: spirtli içkilərə, narkomaniyaya aludəçiliyin, uşaqlara və qadınlara qarşı zorakı münasibətin, psixi travmaların mənbəyi rolunda da çıxış edə bilər. Cəmiyyətin sosial-iqtisadi və mənəvi həyatında baş verən bütün dəyişikliklər ailədə öz izini buraxır. Lakin istehsalat, peşə, siyasi kimi sosial kollektivlərdən

fərqli olaraq, yeniləşmə təsirləri ailədə birbaşa öz əksini tapmır. Ailənin əxlaqi və psixoloji baxımdan yeniləşməsi və dəyişməsi üçün uzun dövr tələb olunur. Bu proses ailə üçün daha kəskin ziddiyyətlərlə və mürəkkəbliklərlə müşayiət olunur. Bütün bu xüsusiyyətlər isə ailəyə spesifik sosial-psixoloji sistem kimi yanaşmağa əsas verir. Cəmiyyətin iqtisadi həyatından fərqli olaraq, ailədə yeni münasibətlərin, yeni əxlaq normalarının bərqərar olması yavaş tempdə baş verir. Ailə həyatındakı dəyişikliklərin baş verməsində əsas sosial-iqtisadi amillərlə yanaşı, bioloji, psixoloji, demoqrafik və s. kimi digər amillər də iştirak edir. Ailə psixologiyasında köhnə stereotiplərin yaşamasını, mühafizəkar baxışların davamlı və dayanıqlı olması səbəblərini məhz bununla izah etmək lazım gəlir. Ailənin inkişafının proqnozlaşdırılmasında meydana çıxan çətinliklərin də səbəbini məhz bunda görmək doğru olardı.

Ailənin həyatı sosial-bioloji, təsərrüfat-iqtisadi, mənəvi-psixoloji və pedaqoji kimi çoxcəhətli münasibətlərlə səciyyələnir. Ailənin inkişafının hər bir mərhələsi, yeni bir funksiyanın meydana gəlməsi ailə tiplərinin sosial fəaliyyətinin miqyasının və xarakterinin dəyişməsi və bununla da bir funksiyanın digəri ilə əvəzlənməsi ilə sıx şəkildə bağlıdır. Ailə cəmiyyətə və insana münasibət baxımından vacib ictimai əhəmiyyətli funksiyaları yerinə yetirir.

Müasir psixologiya elmi ailəni üzvlərinin nikah və ya qohumluq əlaqələri əsasında birləşən, məişət birliyi, qarşılıqlı mənəvi məsuliyyət və sosial zərurətlə cəmiyyətdə insanların fiziki və mənəvi istehsalı funksiyasını yerinə yetirən kiçik sosial-psixoloji qrup kimi səciyyələndirir. Bu tərifdən aydın olur ki, ailə daxilində iki əsas münasibət növü fərqlənir:

1. **Ər-arvadlıq** (ərlə arvad arasında nikah münasibətləri); 2. **qohumluq** (valideynlə uşaqlar və ər-arvadın qohumları arasındakı qohumluq münasibətləri).

Ailənin təşkil olunmasında bir sıra amillər motivləşdirici təsirə malikdir. Bunların sırasında tənhalıqdan qaçmaq cəhdi, uşağa sahib olmaq istəyi, emosional-cinsi əlaqəyə olan tələbatın reallaşdırılması, psixoloji "biz" hissənin yaradılması, psixoloji müdafiə mexanizmləri və üsullarının axtarışı əsas yer tutur. Ailənin fərdi modellərinin diapazonu və ailə münasibəti tiplərini formalaşdıran fenomenlər kifayət qədər çoxcəhətli və genişdir.

Ailə hər bir insanın həyatında ilk növbədə böyük enerji mənbəyidir. Öz ailəsinə qarşı çıxan, onu tərk edən hər bir insan uğursuzluğa məhkumdur. Həyatda uğursuzluqlarla üz-üzə qalanda hər bir insanın köməyinə yetişən onun əzizləri olur, baş vermiş kədər bölüşür. Öz ailə üzvləri ilə ümumi dil tapan, onun ahəngdarlığına xələl gətirmədən həyat sürən, ailənin ortaq mənafeələrinə toxunmadan firavanlıq və səmimiyyətə öz kiçik töhfəsini bəxş edən hər kəsin ailə ocağının istisindən pay almaq haqqı var.

Cəmiyyətin struktur-funksional və normativ sisteminə daxil olmaqla ailə öz üzvlərinin davranışını tənzimləyir, onlara xas olan sosial rolları və strukturları müəyyən edir. Sosial psixologiyasını hər şeydən əvvəl ailə davranışı nümunələri, sosial rolların yerinə yetirilməsi vəziyyəti maraqlandırır. Bu halda ailəyə qulluq, nikah üçün gələcək tərəfdəşin seçilməsi, seksual davranış, gələcək ər-arvadın valideynləri ilə qarşılıqlı münasibətlər və s. kimi norma və standartların formalaşması prosesinin məcmusu kimi baxılır.

Ailə və cəmiyyət, ailə və şəxsiyyət münasibətləri hakim istehsal üsulunun, həyat tərzinin və ictimai münasibətlərin təsiri altında bütün tarix boyunca dəyişmişdir. Cəmiyyət inkişaf edərək kişinin və qadının qarşılıqlı münasibətlərini xeyli dərəcədə tənzimləmiş, qadınların istehsalatda, sosial və mənəvi sferalarda diskriminasiyasını aradan qaldırmış, gender siyasətində əhəmiyyətli irəliləyişlər əldə olunmuşdur.

Məlum olduğu kimi, ailədə ərlə arvad arasındakı münasibətlər nikah institutu tərəfindən xüsusi işlənilib hazırlanmış norma və saksiyalarla tənzimlənir. Onların bir-biri qarşısında bəzi hüquq və vəzifələri hüquqi xarakter daşıyır, ailə və nikah haqqında məcəllə və qanunvericiliklə (məsələn, ər-arvadın bir-birinə və uşaqlara münasibətdə maddi öhdəlikləri, əmlaka sahiblik, habelə nikahın ləğv edilməsi ilə bağlı normalar və s.) tənzimlənir.

Ailədə dəyər, qeyri-hüquqi davranış normalarının tənzimlənməsində əxlaq, adət və ənənələrə əsaslanan qaydalar (məsələn, qulluq, nikahaqədərki davranış, ərlə arvad arasında hakimiyyət və vəzifə bölgüsü, ailənin asudə vaxtının təşkili və s.) mühüm rol oynayır. Normalar kimi, adət-ənənələr də zaman keçdikcə dəyişir və onlar arasındakı fərqlər ailənin həyat tsikli mərhələlərindən asılı olaraq özünü daha aydın biruzə verir.

Ailə həyatında ər-arvad cütliyü arasında hər hansı bir səbəbdən tərəflərdən birinin mövqeyinin dəyişməsi halına, əsasən, nikahın ilkin mərhələlərində təsadüf olunur. Bu mərhələ birgəyaşayış şəraitində tərəflərin bir-birini daha yaxından tanıması və qarşılıqlı uyğunlaşma üçün real imkanlar açır. Bu əsasda formalaşan davranış modeli demək olar ki, həyatın sonrakı mərhələlərində də sabit qalır. Birgə həyat təcrübəsi çox olmayan cütlüklər üçün öz tələbatları ilə qarşı tərəfin tələbatları arasında balans yaratmaq və bu tarazlığı daim qoruyub saxlamaq o qədər də asan olmur. Əksər hallarda yaranan disbalans həlli o qədər də asan olmayan tipik ər-arvad konfliktlərinə səbəb olur.

3. AZƏRBAYCANDA AİLƏ İNSTİTUNUN MÜASİR DURUMU

- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың пәні мәдениет және олардың мазмұны мен жүйелі қарым-қатынастарында іс жүзінде жалпыға танылған құндылықтардың жинағы ретінде;

әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды зерттеудің тікелей объектілері –мәдениеттің даралық құбылыстары;

- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың түпкілікті нәтижесі тек заңдарды ашу емес, сонымен бірге жазбаша дереккөздер, мәтіндер, өткеннің материалдық қалдықтары негізінде жеке мәдени оқиғаларды сипаттау;

- әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың негізгі әдісі – маңызды тарихи фактілердің ерекшеліктерін сипаттау болып табылады[3; 87 б.].

Бүгінгі күні «Ғаламдық электрондық өркениет» жобасының қолдану аясы кеңейіп, компьютерлік революция біртіндеп дәстүрлі электронды кітаптарды ауыстырып, ғылымды, мәдениетті, білім беруді өзгертті. Оның ішінде, бастысы, адамның рухани әлемі өзгерді. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Г.Риккерттің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды тек мәдениеттану ғылымының тұрғысынан қарау тиімсіз. Біздің пікірімізше, тек бірнеше гуманитарлық бағыттағы пәндердің бірлескен жұмысы адамның тұлға болып қалыптасуына он ықпалын тигізуі мүмкін.

Әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесінде әлеуметтану ғылымы да ерекше рөл атқарады. Өйткені ол қоғам туралы басқа ғылымдарға өзінің құрылымдық элементтері мен өзара әрекеттестігі арқылы қоғамның ғылыми негізделген теориясын; адамды зерттеу әдістері мен әдістерін береді. Басқа ғылымдар арасынан әлеуметтанудың маңыздылығы қоғамның және оның құрылымдарының ғылыми негізделген теориясын береді, әртүрлі құрылымдардың өзара әрекеттесу заңдарын түсінуді қамтамасыз етеді. Сол себепті, біздің ойымызша, гуманитарлық ғылымдар жүйесінде ерекше орын әлеуметтану ғылымына да тиесілі. Оны келесі себептермен түсіндіруге болады:

- қоғам және оның құбылыстары мен процестері туралы ғылым;
- барлық басқа гуманитарлық ғылымдардың теориясы мен әдістемесі сияқты жалпы әлеуметтанулық теорияны немесе қоғам туралы теорияны қамтиды;
- қоғам мен адам өмірінің әр түрлі аспектілерін зерттейтін барлық гуманитарлық ғылымдар әрдайым әлеуметтік аспектіні, яғни қоғамдық өмірдің бір немесе басқа салаларында зерттелетін және адамдар қызметі арқылы жүзеге асырылатын заңдарды қамтиды;
- әлеуметтану ғылымында кеңінен пайдаланылатын адам және оның қызметін зерттеу техникасы мен әдістемелері барлық қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар үшін қажет, өйткені олар өздерінің зерттеулерінде пайдалануы мүмкін.

Әлеуметтану және басқа ғылымдардың тоғысуында жүргізілетін зерттеулердің тұтас жүйесі құрылды. Бұл зерттеулер - әлеуметтік зерттеулер (әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-демографиялық және т.б.) деп аталды. Демек, әлеуметтану қоғамды зерттейтін барлық ғылымдардың әлеуметтік аспектісімен байланысты.

Сонымен қатар, әлеуметтанудың ерекшелігі жаратылыстану мен әлеуметтік-гуманитарлық білім арасында, шекаралас аймақта жатыр деуге негіз бар. Оның себебі, әлеуметтану бір мезгілде философиялық және әлеуметтік-тарихи әдістерді, сондай-ақ эксперимент пен бақылау сияқты жаратылыстану ғылымдарының спецификалық әдістерін де пайдаланады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда гуманитарлық білім жаңартылуда, оның маңызды бөлігі әрбір жеке тұлғаның мәдени дамуы, адамдардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Әлеуметтік ғылымдар жүйесіне экономика, әлеуметтану, саясаттану, психология, басқару пәндері және т.б. кіреді. Білім берудің модернизациялауына сәйкес біздің елімізде жоғары білім беру әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық білімді меңгеруге бағытталған. Осыған сәйкес, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бүгінгі күні тиімді жүзеге асып жатыр. Жоба аясында АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Швейцария сияқты алдыңғы қатарлы елдердің ең үздік ғылыми еңбектері қамтылып, қазіргі таңда 18 кітап аударылып, басып шығарылды. Н.Ә.Назарбаев: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет» деп бұл шараның бүкіл әлеуметтік-гуманитарлық сала үшін маңыздылығын атап көрсетті [4].

Қазіргі таңда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында кәсібилік идеясы кеңейіп келеді және кәсібилікті адамның адамгершілік имиджімен тығыз байланыстыру туралы түсінік қалыптасып келеді. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы кәсібилік кәсіби деңгейде білімді және кәсіби этика талаптарының орындалуын талап етеді. Ал, қазіргі қоғамда кәсібилікті қалыптастыру мен дамытудың маңызды шарты білім беруді гуманизациялау болып табылады. Бұл процесс барлық жеке адамға құрметпен қарауға, адамның тәуелсіздігін қалыптастыруға, оқытушылар мен студенттер арасында адамгершілік және моральдық қарым-қатынас орнатуға бағыттайды. Білім беруді гуманизациялау педагогикалық үдерісте қатысушылардың қарым-қатынастарының демократиялық стиліне негізделеді және жеке адамға (студенттерге де, оқытушыға да) құрметтеу қағидатын сақтай отырып, адамның мәдениетімен танысу арқылы оның рухани-адамгершілік әлеуетін тәрбиелеу мазмұнын ескере отырып, В.П.Кохановский: «Гуманистік ойлауды орнатумен қатар, білімнің мазмұнының тұжырымдамасы педагогикалық тұрғыдан бейімделген әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Ол

«дайын» білімі мен тәжірибенің белгілі әдістерін енгізу тәжірибесінен басқа, шығармашылық қызметтің және эмоциялық-құнды қатынастардың тәжірибесі болып табылады» деп тұжырымдайды[5; 26 б.].

XXI ғасырдың басында кәсібилік екі қажетті интеллектуалды компоненттерді құрап отыр:

- интеллектуалдық дүниетанымның қалыптасуы, табиғат пен қоғамның заңдылықтары туралы жалпы кең танымды білімді, сондай-ақ табысты кәсіби қызмет үшін қажетті арнайы білімді қамтитын белгілі бір білім жүйесіне ие болу. Бұл үдерісте шешуші рөлді тұлғаның рухани және адамгершілік дамуына ықпал ететін, жалпы гуманитарлық дайындықты жүзеге асыратын кәсіби білім беру атқарады;

- ойлау мәдениетін қалыптастыру, күрделі кәсіби және әлеуметтік мәселелерді шығармашылық және дербес шешу қабілетін қалыптастыру. Әлемнің интеллектуалды дамуының негізгі элементі - тұрақты дамуға және өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылық іздестіруге және модернизацияға қабілеттілігі.

XXI ғасырдың басында пайда болатын әлеуметтік-гуманитарлық білім парадигмаларының негізгі ерекшеліктерін келесідей анықтауға болады. Ғылымишығармашылықтың аксиологиялық компонентін нығайту негізінде жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың жақындығы пайда болып келеді. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды зерттеу пәнінің субъективті, жеке аспектілеріне назар аудару өсіп келеді. Әлеуметтік-гуманитарлық білім саласындағы өкілдердің танымдық қызуғышылықтары артты[6; 533-536 б.].

Бүгінгі таңда гуманитарлық компоненттерден тұратын білім беру үрдісі қоғам дамуында, инновациялық даму үрдісінде ерекше орын алды:

1) Адамдардың потенциалын ашуға ынталандыратын тұлға дамуының мықты құралы: интеллектуалды, әлеуметтік, рухани, коммуникативті, шығармашылық және т.б.

2) Әлеуметтік ұтқырлықты арттыру құралы ретінде ол барлық әлеуметтік тәжірибелер мен қоғамдық процестердің динамизмін күшейтеді, әлеуметтік дамуды жеделдетеді. Қоғам дамуын жеделдеткен заң білім берудің таралуымен байланысты деп айтуға болады.

3) Азаматтық белсенділікті қалыптастырудың басты орталығы, саяси белсенділіктің, сана мен жауапкершіліктің өсу нүктесіне айналды.

4) Моральдық сана мен құқықтық сауаттылықты дамыту құралы ретінде ол әлеуметтік-мәдени реттеуді жақсартуға ықпал етеді.

5) Қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертудің шешуші факторы, ол белгілі бір мүдделер мен қызмет түрлерімен жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуына ықпал етеді, әлеуметтік стратификацияны реттейді.

6) Қоғамның рухани өміріне әсер етеді, идеалдардың, қызметтің мотивациясы мен бағытының қалыптасуы, әлеуметтік тартылыс ортасы символдық құндылыққа ие.

7) Бұл өндірістің жоғары технологиялық бағытындағы, зияткерлік әлеуеті мен адами өлшемі бағытындағы дамуының негізгі құралы болады.

8) Еңбек және әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың жаңа формаларының туындауын ынталандырады.

9) Моральдық сана мен құқықтық сауаттылықты дамыту құралы ретінде әлеуметтік-мәдени реттеуді жақсартуға ықпал етеді [7; 4-5 б.].

Қорытындылай келе, әлеуметтік-гуманитарлық білімдер жоғары кәсіптік білім беруді жетілдіруге, жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі шарттарының біріне айналдырудың маңызды шарттардың бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bell D. The Post-Industrial Society: The Evolution of an Idea. The Coming of Post-Industrial Society, Social Forecasting. – New York, 1973.

2. Глазьев С. Экономическая теория технического развития. – М., 1990.

3. Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре // Культурология. XX век. Антология. – М., 1995.

4. Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // <https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html>

5. Кохановский В.П. Социально-гуманитарные науки // Основы философии науки. – Ростов-на-Дону, 2004.

6. Краевский В.В. Философия образования в системе научного знания // Вестник РУДН. Серия: «Философия». – 2003. – No2.

7. Панина Г.В. Роль социально-гуманитарных дисциплин в модернизации образования // www.bmstu.ru/ps/~panina/fileman/download/.../панина_Волгоград-2012.doc

IV СЕКЦИЯ.

ТҮРКОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҮЛГІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУф.ғ.д., профессор **Ә.ЖҮНІСБЕК*****Түйіндеме:**

Мақалада әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдырып, қазақ жазуының ұлттық үлгісін қалыптастыру қажеттігі туралы мәселе көтеріледі. «Бір дыбыс – бір таңба» ретімен төл дыбыстарымызды өз күйінде таңбалау, соның нәтижесінде төл сөздеріміздің жазылымы (орфографиясы) мен айтылымын (орфоэпиясын) өзара үйлестіру мәселесі сөз болады. Төл сөздеріміздің құрамында жазылып жүрген кірме и, у, я, ю, щ дыбыстарынан арылу, кейбір дыбыстар туралы қалыптасқан көзқарастарға басқаша қарау арқылы қазақ жазуының ұлттық үлгісін қалыптастыру мәселесіне мән беріледі.

Үндіевропа тілдері «орфографиялық» тілдерге жатады, қазақ (жылпы түрік) тілі «орфоэпиялық» тілге жатады. Сондықтан қазақ тілінің әліпби жүйесі «Бір дыбыс – бір таңба» ретімен келіп, сөз құрамындағы ақиқат дыбыстардың бәрі өз шебінде өз таңбасымен тұру қажет.

Тірек сөздер: латын, орфография, орфоэпия, дыбыс, таңба

FORMATION OF THE NATIONAL MODEL OF THE KAZAKH WRITING**Abstract:**

The article focuses on the necessity of forming a national model of the Kazakh writing, turning it into a reform of writing alphabet. "One sound - one character", marking our original sounds as usual, as a result of which the question of coordination of subscription (orthography) and speech (orthophase). Our notes are a subscription «и, у, я, ю, щ» focusing on the issue of eliminating the sounds, forming a national model of the Kazakh writing by looking at different views on some sounds.

Indo-European languages refer to "spelling" languages, the Kazakh (fluent Turkish) language is referred to as "orthographic" language. That is why the alphabetic system of the Kazakh language "One sound - one character" sequence, all the sounds in the word should be on their own label.

Keywords: Latin, Spelling, Orthographic, Sound, Symbol.

КІРІСПЕ

Қазіргі әліпби түзу мен еміле-ереже құрастыру барысында мамандарымыздың екі жар болып отырғанын жасыруға болмайды. Бір топ мамандар бүгінгі қолайлы сәтті пайдаланып, әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдырып, қазақ жазуының ұлттық үлгісін қалыптастырып алайық деп отыр. Ондағы мақсат – «бір дыбыс – бір таңба» ретімен төл дыбыстарымызды өз күйінде таңбалау. Соның нәтижесінде төл сөздеріміздің жазылымы (орфографиясы) мен айтылымы (орфоэпиясы) өзара үйлесе кетеді. Өйткені орфография деп жазып, орфоэпиямен түзетіп, бір жұмысты екі жұмыс етіп жүрміз. Сонда «үнеміміз» қайда қалды?

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ендеше төл сөздеріміздің құрамында жазылып жүрген кірме и, у, я, ю, щ тәрізді тіл бұзар әріптерден құтылу керек. Сонда «ықшам» да өзі келеді, «үнем» де болады, «қағаз» да көп кетпейді. Мысалы, мый дейтін жуан әуезді сөзімізді ми деп жіңішкертіп жібермей немесе «дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген сықылды бейрет ережелерден арылар едік. Бұл бір ғана мысал емес, тізе берсек жетіп жатыр: су, бу, ту, ти, ки т.б. бір буынды сөздер, ал екі және көп буынды сөздердің шегі жоқ: тиын, тиін, суыр, сурет, иық, иін, алу, келу т.б. Енді осы сөздердің үндесім әуезі, морфем құрамы, буын жігі, тасымал реті қалай болады екен? Төрелігін оқытушы-мұғалім қауымға, оқулық авторлары мен әдіскерлерге қалдырдық.

Егер осыларды сұу, бұу, тұу, тій, кій, тыйын, тійін, сұуыр, сұурет, ыйық, ійін, алұу, келуу т.б. таратып жазатын болсақ, онда сөздің, ең алдымен, үндесім әуезі сақталады (тіліміз үндесім тіл екенін ұмытпайық), морфем құрамы бұзылмайды, буын реті сәтінемейді, тасымал оңай шешілетін болады. Ең бастысы, қазақ сөзінің табиғи айтылымын қайтарып аламыз.

* А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, tilbilimi@tbi.kz

Келесі топтың уәжіне келейік: егер кейбір дыбыс тіркестерін бір таңбамен белгілесек, онда жазу ықшамдалады, қағаз (?) үнемделеді, жазу оңтайланады, сөзді оқу жеңілдейді т.б. Сөздеріміз «шұбалаңқы» дейді.

Қарсы пікірімізді бірден айтайық, қазақ тілінің (сөзінің) табиғи тұрқын бұзатын ықшамның, үнемнің, оңайдың, жеңілдің т.б. алдамшы ұстанымдар (принциптер) кімге және неге керек?! «Шұбалаңқы» деп тілімізден жиренеміз бе? Тіліміздің әлем тілдерінің құрамындағы ерекшелігі мен құндылығы да сол көп қосымшалылығында.


Олардың тағы бір уәжі – қазіргі қоғам су, бу т.б. деп жазғанға көзі әбден үйренген, сұу, бұу т.б. деп жазғанды қабылдамайды-мыс. Расты рас деу керек, қазіргі қоғам дәл солай, оны біз білмей отырған жоқпыз. Жарты ғасыр бойы (1957 жылдан бастап) су, бу т.б. деп тоқпақтай берсе, сеніп қалмағанда не істейді. Сеніп қалған нәрсе бұрыс болса да дұрыс көрінетіні анық.

«Бұу» мен «сұуды», «мый» мен «қыйды» қазіргі қоғам қабылдамайды деп бас ұра беретін болсақ, жазуымызға реформа жасап несіне әуре болып жатырмыз, онда қоғамды ырза қылу үші кирилде отыра берейік. Оу, әріптестер, біздің бүгінгі мақсатымыз - қазақ сөзінің қазақы жазылымы мен айтылымын бүгінгі қоғамға түсіндіру, қабылдану, тіптен, мойындату емес пе? Әрине, бұл іске оңай аса қоймайды, себебі реформаның оңайы болмайды.

Көзіміз үйреніп, қолымыз жаттығып, санамызға сіңіп қалған соң кірме жазуды да өгейсінбейтін болдық. Егер рухани сана жаңғыру ұлттың тілінен басталатынын ескерсек, онда алдымен төл әліпби мен емілені қалыптастырып алу керек болады. Төл әліпбиден төл сөз қалыптасады, төл сөзден ұлт тілі қалыптасады. Бұл - әлеми жазу тәжірибесі көрсетіп отырған фонетика-грамматикалық ұстаным.

Қазіргі қазақ әліпбиінің құрамындағы кірме таңбалардың дыбыс құрамы (мазмұны) академиялық еңбектер мен орфоэпиялық сөздіктерде таратылып көрсетіліп келеді. Алайда академиялық еңбектер мен орфоэпияның нәтижесіне ешкім мән бермей отыр. Орыс әліпбиімен санамыздың тұмшаланып (мәңгүрттеніп десе де болады) қалғандығынан болар, әйтеуір кірме таңбалардың тіл бұзар машақатынан арыла алмай-ақ келеміз.

Әдетте, әлеми әліпби түзу тәжірибесінде бір дыбысты бірнеше (екі-үш) таңбамен белгілеу дәстүрі жиі кездеседі. Ал әлемде жоқ әліпби үлгісі қазақ жазуында ғана бар: бір таңбамен екі-үш дыбыстың тіркесін біз ғана белгілеп келеміз. Мысалы, бір ғана У таңбасын (әрібін) алайық (өзге И, Я, Ю, Щ таңбаларының жайы да осындай), төрт түрлі орфографиялық үлгісі бар: орыс тілінің У дауысты дыбысын, қазақ тілінің У дауыссыз дыбысы мен ҰУ және ҮУ дыбыс тіркестерін бір өз-ақ белгілеп келеді (1 сурет). Белгілеп қана қоймай, арнайы еміле-ережемен бұлжымастай етіп бекітіп те қойдық. Жарты ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпақ сол еміле-ережемен ауызданып, сол еміле-ережемен ер жетіп, сол еміле-ережемен қартайып, сол еміле-ережемен «ұзап» кетіп жатыр.



Сурет 1: Орфографиялық жаңсақтықтар

Ендігі шешім не болмақ? Қазіргі естияр ұрпақты «олай емес, былай» деп сендіру қиын болып отыр. Қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ дыбысын жоқ деп» сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Біз, қазіргі ұрпақ, шамасы, сол «И-У-Я-Ю-лап» өтетін тәріздіміз.

«Әліпби жаңғыруды» мектептен, тіптен, бірінші сыныптан бастамаса болмайтын түрі бар. Сол ұрпақ өсіп жетілгенде ғана қазақ сөзінің қазақы жазылымы мен айтылымы кірме таңбалардың машақатынан тазаратын болады. Бірақ ұрпақ дайындығын бүгіннен бастау керек. Мұндай дайындық, ең алдымен, сауат ашудың бастау көзінде тұрған мұғалім-ұстаздарға керек. Көзі ашық сауатты қауымның да игеріп алғаны артық болмайды. Өйткені болашақ қабылданатын латын әліпбиінің құрамы мен еміле-ережесі бүгінгі кемшіліктерден сонда ғана арылып жаңаратын болады.

Ендеше оқулықтарымыздағы дауысты У деп жүргеніміз дербес-дербес екі дыбыс тіркесінің таңбасы екен, басқаша айтқанда дыбыс емес таңба (әріп) екен. Қазақ тіліндегі екі түрлі дыбыс тіркесін тағы да бір таңбамен (әріппен) белгілеп жүр екенбіз.

Қазақ тілінің сөзқұрауыш (просодикалық) заңдылығы бойынша жазу үлгісі «бір дыбыс - бір таңба» болу керек, сонда ғана мәтіннің дыбыс/әріп саны, үндесім әуезі, морфем құрамы, буын жігі, тасымал реті мен сөйлеу ырғағы үйлесімді шығады. Қазақ (жалпы түрік) тілінің өзге тілдердің жазу үлгілерінен басты ерекшелігі осы болып табылады. Тіркестің бірінші сыңары бірде дауысты Ұ болса, бірде дауысты Ү болады. Тіркестің екінші сыңары дауыссыз У[w] дыбысы болып табылады (орыс үлгісімен дауысты у деп жүргеніміз дұрыс емес, қазақ тілінде дауысты у дыбысы жоқ).

Гәзет бетінде барлық таңбаларды талдап жату, әрине, мүмкін емес. Сондықтан бір ғана У таңбасының жазылым/айтылымын ұсынып отырмыз.

Сонымен «У» дыбыс па, таңба (әріп) ма?

Осы дауыссыздың жасалым белгілері: ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс. Дауыссыздың ақиқат анықтамасы осы болып табылады. Оның қазақ тілі дауыссыздарының жіктелім кестесі мен пішіндемесінде (моделінде) өзінің орны бар. Соған қарамай, көпшілікті шатастырмас үшін У таңбасының іргесіне w таңбасын қосақтап У(w) деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз.

Тағы да ғылыми негізге жүгінетін болсақ, халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ немесе МФА – международный фонетический алфавит) үлгісі бойынша таңбасы Ww болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз. Мысалы, тау[taw], аяу[awa], ту[tuw], туыс[tuwus] т.б.

Сонымен бұл өзі неғылған дыбыс болып шықты? Оның академиялық мазмұны:

Анықтамасы: ерін-еріндік жуысыңқы үнді

Мәртебесі: жүйекұрауыш

Қызметі: тұйық рай көрсеткіші


Тіркесімі: тек дауыстыдан кейін тұрады

Шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді

Жиілігі: жиі кездеседі

Ұқастығы: орыс, араб тілдерінде жоқ, ағылшын тілінде бар.

ЖАСАУ ТӘСІЛІ		ДАУЫС ҚАТЫСЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ			
			ерін-ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
тоғысыңқы		қатаң	p	t	k	q
		ұяң	b	d	g	ğ
		үнді	m	n	(ŋ)	ŋ
жуысыңқы	жайылыңқы	қатаң		š		
		ұяң				
		үнді			(y)	y
	жинақы	қатаң		s		
		ұяң		z		
	үнді		w			
				r		
				l		
				j		



Сурет 2: Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарының жіктелім кестесі мен пішіндемесі (моделі)

Дауыссыз У(w) дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» (слуховой немсе перцептивный обман) болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі - осы У(w). Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай бы, ды болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, ұу (уұ емес) түрінде айтылады. Сондықтан ұу тіркесінің айтылымы орыс тілінің у дауысты дыбысының естіліміне ұқсап кетеді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт.

Жүрген жеріміздің бәрінде «әліпби сауатымызды ашып алудан бастайық» дегенді босқа айтып жүрген жоқпыз. Және «әліпби сауатты» алдымен оқулық авторлары мен әдістеме иелері бастау керек. Ал бастауыш сыныптан бастау алса, жас ұрпақ өсе келе, ересектердің бүгінгідей «олай емес, бұлай емес» деп арпалысқан «әліпби» дертіне ұшырамайтын болады.

Тіліміздегі У(w) дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, ау тіркесінің (сөзінің) екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі ұу тіркесінің (сөзінің) дыбыс құрамының ау-мен бірдей екеніне сенбейміз. Тіптен Тау-ды Тау деп үш әріппен жазғанда үнем қумаймыз, ал морфологиялық тұрқы тап сондай Тұу-ды үш әріппен жазуға ерінеміз. Осының себебін әркім өзі тапсын... Мүмкін бәріміз бірге көз жеткізіп көрерміз, келіңіздер.

Жуан әуезді сөздер құрамында:

-жуан әуезді қысаң Ұ[u] мен үнді жуысыңқы У[w] дауыссызының тіркесі ҰУ[uw] болып жазылады;

-сөз басында [w] кездеспейді, сондықтан сөз ұ[u] дауыстысынан басталады: у (ұу) [uw], уық (ұ-уық) [u-wuq], уыс (ұ-уыс) [u-wus], уақыт (ұ-уа-қыт) [u-wa-qt];

-сөз ортасында: туыс (тұ-уыс) [tu-wus], суық (сұ-уық) [su-wuq], жуан (жұ-уан) [ju-wan], шаруа (ша-рұ-уа) [ʃa-ru-wa], оқушы (о-құу-шы) [o-quw-ʃi];

-сөз соңында: ту (тұу) [tuw], су (сұу) [suw], бу (бұу) [buw], алу (а-лұу)

[a-luw], толу (то-лұу) [to-luw], оқу (о-құу) [o-quw], қару (қа-рұу) [qa-ruw];

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

-жіңішке әуезді қысаң Ү[ü] мен үнді (жуысыңқы) У[w] дауыссызының тіркесі ҮУ[üw] болып жазылады.:

-сөз басында [w] кездеспейді, сондықтан сөз ү[ü] дауыстысынан басталады: үіл (ү-үіл) [ü-wül], уәде (ү-уә-де) [ü-wә-de], ү-уәж (ү-уәж) [ü-wәj], уәли (ү-уә-ліи) [ü-wә-liy], уәзір (ү-уә-зір) [ü-wә-zir];

-сөз ортасында: сурет (сұу-рет) [süw-ret], келуші (ке-ліу-ші) [ke-lüw-ʃi], сенумен (се-нұу-мен) [se-nüw-men], секіруге (се-кі-рұу-ге) [se-ki-rüw-ge], келуі (ке-лү-уі) [ke-lü-wi];

-сөз соңында: күлу (кү-лұу) [kü-lüw], тілу (ті-лұу) [ti-lüw], күту (кү-тұу) [kü-tüw].

Ақут әліпбиіміз үшін де осы еміле-ереженің ұсынылғаны жөн болар еді.

Ендеше латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кириллдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз, қайталайтын түріміз де бар.

Өкінішке орай, бұл дыбыстың ақиқат W таңбасына латын негізіндегі жаңа АКУТ ӘЛПБИІМІЗДЕН де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы у[u:] дауысты дыбысының Ыу деген таңбасының кебін киіп, бірде дауысты, бірде дауыссыз болып қалып отыр. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шала жансар әліпбиі тамұғынан аршып ала алар екен, әлде біздің көз алдымызда бір төл дыбысымыз өшіп, құрдымға кете береді ме? Келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға да дәрменіміздің жетпегені ғой.

Қазіргі әліпбиі мен еміле санамыздағы «жалған естілімнің» нәтижесі болып отыр. Амал жоқ, күйінесің-күйесің, кімнен демеу күтесің...

Босқа күйіп-пісіп жатқан жоқпыз, көптеген оқулық пен оқу-құралдарының кез-келген біреуінің бетін ашайық. Бастауыш мектептің оқулығын, оқулық болғанда 2-сыныптың оқулығын әдейі алдық. Оқулық авторларынан арнайы кешірім сұраймыз, олар мемлекеттік бағдарлама бойынша дайындап отыр, басқа амалы жоқ, ендеше кеткен жаңсақтықтар автор-әріптестеріміздің кінәсі емес. Анығын айтсақ, бәріміздің ортақ кінәміз, мүмкін күнәміз де шығар...

Сонымен: Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, -2017. 127 б. 11-39 беттер.

Мынау сабақтың тақырыбы: «У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы». Көріп отырғанымыздай, У әрібінің дауысты дыбыс екеніне еш күмәніміз жоқ. Баланың санасына жалған білімді құю, міне, қай жерден басталады. Одан әрі оның еміле-ержесіне тоқталайық: «Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген у дыбысы дауыссыз болады: әуежай, уақыт, Сәуле. Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады: сусын, елу, улап-шулап». Осы бір жаңылтпаш сықылды еміле-ережеден құтылатын түріміз жоқ. Бала түгілі ересекті жаңылдыратын, жаттауға да көнбейтін амалсыз табылған әрекет. «Дауыссыздан кейін..., дауыстыдан кейін...», жарайды ұқтық дейік, ал «сөз басында...» дегенге жол болсын: уақыт [uwaqıt] пен улап [uwap] дегендегі У[uw]-дың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?!

Қорыта келіп, дауысты У дыбысынан айрыла алмай, «Мәтінді көшір, дауысты У дыбысының астын бір сыз, дауыссыз У дыбысының астын екі сыз» деген үй тапсырмасымен бір-ақ тыныстадық.

Еміле-ереже «сауат ашуды күрделендірмеу керек» деген уәждің жөні жоқ, еміле-ереженің басты мақсаты тілдің табиғи құрылымын сақтау, ол – қазақ тілі үшін «бір дыбыс – бір таңба». Жалпы, еміле-ереженің оңайы болмайды, оңай еміле-ережені қай тілден көрдік? Қазақ тілі де соның бірі.

Тағы бір ережеге жол-жөнекей тоқтала кетейік: «Ы, І дыбыстарына аяқталған сөздерге У дыбысы қосылса, Ы, І дыбыстары түсіп қалады: тасы – тасу, оқы – оқу, торы – тору». Жоқ, дауысты Ы, І дыбыстарымен дауыссыз У дыбысы өзара ымырасыз дыбыстар болып табылады, олар өзара ешуақытта қатар тұрмайды, тіркеспейді. Сондықтан тасы езулік әуезді сөзі тасу болған кезде Ы дауысты дыбысы түсіп қалмайды, У дауысты дыбысымен алмасады: тасы [tası] – тасу [tasuw]. Сөйтіп буынның дауысты құрамды бөлігі жоғалып кетпейді, сақталады. Ал оқы, торы сөздерінің құрамындағы Ы әрібі орфографиялық елес. Еріндік әуезді сөздің соңғы дауыстысы Ы емес, о бастан У болып табылады. Ендеше еріндік У дауыссызы еріндік дауысты У-ға келіп тіркесіп тұр: оқу [oqu] – оқу [oquw], тору [toru] – тору [toruw].

Келесі тақырып: «И, й әріптерінің жазылуы». Орфографиялық үлгісі У әрібіне ұқсас болғандықтан, арнайы таратып талдап жатпаймыз. Тек еміле-ережесін келтіре отырып, «И – дауысты, й – дауыссыз. И әрпі сөз басында және дауыссыздан соң жазылады: жиек, би, ит, Иса; ал й әрпі дауыстыдан кейін жазылады: мойын, мейіз, ай, қайыс», қазақ тілінің төл дыбыс құрамында И дауысты дыбысы жоқ екенін ескертеміз. Сонда жиек [jiyek], би [biy], ит [iyt], Иса [Isa] болып шығады. Мұны да көңілге қонымсыз емле-ережемен аяқтайық: «И дыбысының алдында ы, і естілгенімен, олар жазылмайды: киім, қиын, жиын», естіп тұрып, неге жазбаймыз?!

Сонымен кірме таңбалар орфографиямыздың оны мен солын, көлденеңі мен тігін, жоғарысы мен төменін қым-қуыт сапырыстырып жіберіп отыр. Әзірге жөнделп алуға, жөнге салып алуға дәрменсіз болып отырмыз. Үстем (тоталитарлық) шешім барлық уақытта үстемдігін көрсетеді.

Жарайды, практикалық талданым осыны көрсетті, ал теория не дейді екен. Теория қысқа қайырады. Қазақ фонетикасының «айырым белгілер» теориясына сүйеніп жасалған қазақ тілі дауыстыларының жіктелім кестесі мен пішіндемесіне (моделіне) жүгінейік (3 сурет).

Қазақ тілінің дауысты дыбыстары		Тілдің тік қалпы	Жасалу орны			
			тіл ортасы		тіл алды	
			езулік	еріндік	езулік	еріндік
құрамы	жалаң	ашық	ä		а	
		қысаң	і	ü	ı	u
	құранды		е	ö		о

Сурет 3. Қазақ тілі дауыстыларының жіктелім кестесі мен пішіндемесі (моделі)

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының жіктелім кестесінде де, оның көрнекі пішіндемесінде де дауысты мәртебесіндегі И, У дыбыстарына орын жоқ, ендеше олар төл дыбыстар құрамына ене алмайды. Қазақ (жалпы түрік) тілінің фонетикалық тұрқы тұтасқан үндесім бірлік болып табылады. Сондықтан үндесім тұтастық сырттан дыбыс қабылдатпайды, «шапқыншы» дыбыстар үндесім тұтастықты бұза алмайды.

Осыған орай, тағы бір теориялық батыл ұсыныс-ұстаным жасамақпыз. Үндіевропа тілдері «орфографиялық» тілдерге жатады, қазақ (жылпы түрік) тілі «орфоэпиялық» тілге жатады. «Бір дыбыс – бір таңба» болып, сөз құрамындағы ақиқат дыбыстардың бәрі өз шебінде өз таңбасымен тұру керек. Басқаша айтқанда, қалай айтылса, солай жазу керек. «Орфография» деп бұзып, «орфоэпия» деп түзетіп жатудың басы артық. Әрине, «орфография» мен «орфоэпияның» керек жері – тек қана біріккен/кіріккен сөздердің, түбір мен қосымшаның шегара шебіндегі үйлесім түрленімі мен ерін әуезді үндесімді белгілеу ғана қалады. Мұның өзі де шартты. Егер кірме таңбалардың «орфографиясынан» арылатын болсақ, онда «орфоэпиялық» сөздігіміз көп ықшамдалып қалатын түрі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүнісбек, Әлімхан (2018): *Әліпби азабы*. www.tbi.kz (А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты директоры Е.Қажыбектің жетекшілігімен ұсынылған бейне-дәріс.)
2. Құрманбайұлы, Шерубай (2012): *Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар*. Бірінші кітап. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2012. –288 б.; *Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар*. Екінші кітап. – Алматы: «Сардар», 2017. –288 б.

ШЕТ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН ТЕРМИНДЕРДІ ЛАТЫН ӘЛІПБИМЕН ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІФ.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі **Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ*****Түйіндеме:**

Латын әліпбиіне көшу барысында ең өзекті мәселенің бірі - шет тілдерінен енген терминдердің жазылуы. Қоғам мүшелерінің бір бөлігі үйреншікті психологиясынан арылығы келмейтіндіктен, ондай сөздерді өздері үйренген нұсқасында қолдана бергісі келеді. Ал тіл мамандары мен қоғамның енді бір бөлігі тіліміздің дыбыстық жүйесін бұзып, табиғатына үйлеспей тұрғандықтан, ондай сөздерді өзгертіп жазып, тілге «қайта қабылдау» қажет деп санайды. Осы құбылыстың өзі шет тілдері сөздерін тілге дұрыс қабылдамаудың тілді тұтынушылар арасында пікір қайшылығын тудырып, жік салатын, олардың тілге сіңіп кетуіне кедергі келтіретінін көрсетеді. Мұндай қателікті түзету келесі ұрпақтар алдынан тағы да шықпауы үшін әрі шет тілдерінен қабылданған терминдердің тілге кірігіп, сіңісіп кетуі үшін кириллден латынға көшу үдерісі жүріп жатқан дәл осы кезеңде жасалатын емле ережелерін тілдің өз табиғатына сай болуы өте маңызды. Әліпби ауыстыру барысында шет тілі терминдерін қабылдау мен жазу шын мәніндегі қазақ тілінің орынсыз бұрмаланған заңдылықтарын қалпына келтіру қажет. Бұл істі атқару тіл мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Түйін сөздер: латын әліпбиі, термин, шет тілі, орфография

PROBLEMS OF WRITING TERMINALS FROM FOREIGN LANGUAGE**Abstract:**

One of the most pressing issues in transition to the Latin alphabet is the writing of terms from foreign languages. As some of the members of the community do not want to abandon the habitual psychology, they want to use them in their own way. And linguists and other part of society believe that we should "re-translate" such words and phrases, as it does not disrupt the sound system of our language. This phenomenon indicates that foreign language proficiency can prevent language disruptions, disruptions and disruptions of language consumers. Correcting such an error is important to ensure that the spelling rules that are made at this particular stage of the process are translated into their own language, so that the next generations can not be overlooked and that the terms adopted from foreign languages are translated into the language. When translating alphabet, it is necessary to adopt and record foreign-language terms and to restore the usual distorted laws of the Kazakh language. This is a great responsibility for linguists.

Keywords: Latin alphabet, term, foreign language, spelling

КІРІСПЕ

Латын әліпбиіне көшу барысында қиындық туғызатын, тіл мамандарының айрықша назарын аударып, аса мұқияттылық танытатын мәселенің бірі – шет тілдерінен енген терминдердің жазылуы. Әліпби ауыстырудың қай кезеңін алып қарасақ та, бұл мәселе алдан шығып, тіл мамандарына оны шешу міндеті жүктелген. Жаңа әліпбиге көшу жөнінде шешім қабылданып, жарлық шыққан қазіргі кезеңде де дәл солай шет тілдерінен термин қабылдау қағидатын белгілеп, оларды жазудың ережелерін жасау мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл міндетті атқару үшін шет тілдерінен енген терминдерді жазудың жай-жапсарын жан-жақты зерттеп-зерделеуге тура келеді.

Бұл бүгін ғана көрініс беріп, жаңадан пайда болып отырған жағдай емес. Қазақ тілінің, оның терминологиялық қорын қалыптастырудың осыған дейінгі даму кезеңдерінде де тіл мамандары бетпе-бет келген, ғалымдардың кәсіби біліктілігі, тіл ғылымының сол уақыттағы даму деңгейі мен заман талабы, елдің ұстанған саяси курсы, соған сәйкес белгіленген тіл саясаты сияқты факторларға байланысты шешімін тауып та келген мәселе. Ендеше, бізге сол алдыңғы кезеңдердің тәжірибесіне жүгініп, олардың кемшіліктерін қайталамай, жетістіктерін ескеру өте маңызды. Бұл тұрғыдан келгенде ең алдымен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ тіл білімі дамуының алаш кезеңін айналып өте алмаймыз.

* Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, sheru_64@mail.ru

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған терминдерді, жалпы қолданыстағы сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер», «бұратана сөздер», «бөгде сөздер», «қотыр сөздер», «бұралқы сөздер», «бөтен сөздер» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдады. Нәзір Төрекұлұлы «Жат сөздер» деген кітап жазса, Қошке Кемеңгерұлы «Қотыр сөздер» деген мақала жазды. Шет тілдерінен кірген сөздерге беріп отырған атауларынан да олардың өзге жұрттардың тілдерінен алынған сөздерге деген көзқарасын, берген бағасын байқауға болады. Басқа тілдерден қабылданған сөздерге қатысты жат, кірме, бұратана, бөгде, қотыр, бұралқы, бөтен деген сияқты кілең жағымсыз мағынадағы анықтауыштарды қолдануынан-ақ олардың шет тілі сөздерін қабылдауға мүлде құштар болмағанын аңғару қиынға соқпайды. Солай бола тұрса да, өзге тілден сөз алмай, сөз алмаспай тұру мүмкін еместігін жақсы түсінген алаш оқығандары оларды мейлінше тілге зиянын тигізбейтіндей етіп қабылдау жолдарын қарастырды. Шет тілі терминдерін тілге енгізудің талаптарын, ережелерін белгіледі.

Алаш зиялыларының арасында жат шет тілі сөздерін жазу мәселесін алғаш сөз еткен, бұл мәселеге назар аударған Ахмет Байтұрсынұлы. Ол 1912 жылы «Айқапта» жариялаған «Жазу тәртібі» деген мақаласында былай деп жазады: «Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб я парсы сөздері бар. Мысал: арабтан алған адал – халал, арам – харам, әл – хал. Фарсыдан алған ән – аһн, қожа – хожа сықылды сөздер. Бұлар бұрынғы қалыбында емес, өзгертілген. Міне, бұ сықылды сөздерді қазақ тілінен қуып шығару ма? Я болмаса сақтау ма? Мұны көп білсін! Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады» (Байтұрсынұлы, 1912.).

Алаштың ардақтысы, қазақтың әліппесін жасап, дыбыстық жүйесін анықтап берген тіл ғұламасы Ахаң араб тілінен тілімізге бейімделіп алынған сөздерді сақтау жағындамын дейді. Ғалым айтқандай «бұзып алынған» араб сөздері туралы бүгін ешқандай мәселе туындап отырған жоқ. Олардың жаттығы ұмытылып, тілімізге сіңіп, өз сөздеріміздей болып кетті.

Жалпы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары пән сөздерін (терминдерді) ұлт тілінде жасауға барынша басымдық беріп, шет тілдерінен термин қабылдауды ең кейінгі орынға қойды. Бұл мәселедегі Ахандардың ұстанымын оның мына сөзінен анық көруге болады: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды... Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырмасы үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды» (Байтұрсынұлы, 2013).

Өздері айтқандай, «жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алғанын» олардың соңында қалдырған барлық еңбектерінен, жазған мақалалары мен оқулықтарынан, ғылыми еңбектері мен түзген сөздіктерінен көруге болады. Олардың оқулықтарында қолданылған өздері жасаған, қазақтың сөздік қорынан алынған төл терминдердің үлесі 90-95 пайыздан асып, жат сөздердің 1-5 пайыз шамасында болуы соның айқын дәлелі. Алаш оқығандары жат сөздерді тілге қабылдауда, жазуда да ұлт тілінің мүддесін, оның дыбыстық жүйесін жоғары қойды. Тілге қабылданған сөздер соған бағынуы тиіс деген қағидатты берік ұстанды. Олардың бұл мәселедегі ұстанымы Елдес Омарұлының, Халел Досмұхамедұлы мен Нәзір Төрекұлұлының төмендегі пікірлерінен де анық көрініп тұр. Елдес: «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені жат сөздің асыл түбін бұзбай алсақ, ондай сөзге қазақтың тілі келмейтүн болады. Жаңа қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, біртүрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түбкілікті қазақ сөзі болып шығуы үшін, мағанасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды, тек кітеб сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе, кітеб тілі ел тілінен басқаланып шығады, кітебтің елге пайдасы болмайды» (Төрекұлұлы, 2006) – десе, Халел: «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай хәлге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді» (Досмұхамедұлы, 1998) – деп жазады. Нәзір Төрекұлұлының пікірі де олармен үндесіп жатыр. «Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған бөгет емес серт, заңдай қазақ та өз тілінде бір белгілі көше салып қоюы керек. Қазақ тіліне кіретін

жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп жалпақ қазақ сөзі болып кірсін. ...Сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберуі де бар», – деп жазады ол (Досмұхамедұлы, 2006).

Өзге де алаш қайраткерлерінің жат сөздер жайындағы пікірлері осы сарындас, бір-бірімен үндесіп жатыр. XX ғасыр басындағы алаш зиялыларының шет тілі сөздерін қабылдаудағы, игерудегі көзқарасы, ұстанымы осындай. Мұны сол кезеңнің ерекшелігі, олардың таңдаған жолы десек болады. Олардан кейінгі кезеңде біз жат сөздерді алуда басқа жолға түскендіктен, қазір солар айтқандай тілге сіңіп түпкілікті, «өзілік» бола алмаған, «қазақтың тымағын кимеген» сөздерді қалай жазамыз деген мәселені қайта көтеруге мәжбүр болып жатқан жайымыз бар. Яғни, шет тілдері терминдерін бізге 30-жылдардан кейін орыс тілінің емлесі бойынша еш өзгеріссіз, «бұзылмай алынғандықтан» да тіліміздің заңдарын бұзып, жаттығын жасырмай тұрған терминдердің мәртебесі, жазылуы қиындық туғызып отыр. Біз де олардың сақталуына қарсы емеспіз. Олардың бәрін бірдей аударып, бәріне балама тауып тастау мақсаты да қойылып отырған жоқ. Бірден тілге икемдеп алмай, о баста өзгеріссіз қабылдап алғандықтан, ұзақмерзімдік қолданыстан кейін жұртшылықтың жадында жатталып қалған сөздерді қайтадан басқаша оқып-жазуға бейімделу қажеттігі туындайды. Мұны көптеген адамдар жаңадан сауат ашқанмен барабар қосымша қиындықтар жүктейтін артық жұмыс деп есептесе, қоғам мүшелерінің тағы бір бөлігі үйреншіктілік психологиясынан арылғысы келмейтіндіктен ондай сөздерді өздері үйренген нұсқасында қолдана бергісі келеді. Ал тіл мамандары мен қоғамның енді бір бөлігі тіліміздің дыбыстық жүйесін бұзып, табиғатына үйлеспей тұрғандықтан, ондай сөздерді өзгертіп жазып, тілге «қайта қабылдау» қажет деп санайды. Осы құбылыстың өзі шет тілдері сөздерін тілге дұрыс қабылдамаудың тілді тұтынушылар арасында пікір қайшылығын тудырып, жік салатын, олардың тілге сіңіп кетуіне кедергі келтіретінін көрсетеді. Мұндай қателікті түзету келесі ұрпақтар алдынан тағы да шықпауы үшін әрі шет тілдерінен қабылданған терминдердің тілге кірігіп, сіңісіп кетуі үшін кириллден латынға көшу үдерісі жүріп жатқан дәл осы кезеңде жасалатын емле ережелерін тілдің өз табиғатына сай болуы өте маңызды. Бұл істі атқару тіл мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Алаш қайраткерлері қуғын-сүргін құрбаны болып, кеңес үкіметі толық күш алған 30-жылдардан кейінгі тіл саясаты қазақ оқығандарының шет тілінен енген сөздерге деген көзқарасын өзгертті. Енді оларды «жат», «қотыр», «бұратана», «кірме», «бұралқы», «бөгде», «бөтен» деп кемсітпей, әлемдік ғылымның жаршысындай қабылдап, ғылым тілінің кілтіндей санау мінезі орныға бастады. Соған сәйкес ондай сөздерді ерекше мәртебесі бар «халықаралық терминдер», «интернационалдық сөздер» деп атау кең өріс алды. Шет тілдерінен термин қабылдаудың жаңа қағидаттары да соған сәйкес белгіленді. Алаш зиялыларының ұстанған бағыты аяусыз сыналды, оларды басшылыққа алу үлкен қателік, адасушылық, кертартпалық деп түсіндірілді. «...Халықаралық сөздердің орфографиясын қалайда қазақ тілінің заңына бағындыруға тырысушы адамдар, сол әрекеттері арқылы қазақ тілінің революцияға дейінгі заңдарына бағындыру жолына түседі. ...Мұны қазіргі революциялық өзгерістер заманында қолдануға болмайды, сондықтан орфографияны қазақ тілінің жүріп жатқан прогрестік дамуына лайықтап жасау керек, интернационалдық терминдерді өзгертпей, сол қалпында жазу керек» деген дәлелдер ұсыныла отырып, «Халықаралық терминдер орыс тілінде қалай жазылса, сол түрінде қабылданады» [6] – дейтін қағидат қабылданды.

Кенестік кезеңде терминқорымызға енген мыңдаған терминдер тілімізге осы қағидаттар негізінде қабылданды. 90-жылдардың басына дейін бұл жолды теріс деген ғалым болған жоқ. Керісінше, адасқан теріс жолдан шығып, оң жолға түскеніміз үсті-үстіне дәлелденді. Сондықтан да қазақ тілінің терминдер қоры осы қағидаттарға сәйкес қалыптасып, дамуын жалғастырып жатты.

Алайда осы бағытты белгілеп берген КСРО ыдырып, қоғам өмірінде түбегейлі өзгерістер болуына байланысты 90-жылдардан кейін одақ құрамында болған ұлт тілдерінің терминологиясын дамыту бағыттарына өзгерістер ене бастады. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі бұл мәселеге қатысты алғаш арнайы мақала жазып, терминқор қалыптастырудың жаңа қағидаттарын ұсынған, латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерген ғалым, академик Ә.Қайдар болды. Ол өзінің тұжырымдарын 1993 «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» деген мақаласында және «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген атпен шағын кітапша түрінде жариялады. Осы еңбегінде ғалым «Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау (5-принцип); Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу (11-принцип) деген қағидаттар ұсынды (Қайдаров, 1993). Одан бергі ширек ғасырда терминдерді шет тілдерінен қабылдау, жазу, халықаралық терминдер мәртебесіне қатысты арналған тілші-ғалымдардың көптеген еңбектері

жарияланды, диссертациялар қорғалды. Солардың арасында дәл осы мәселеге арнайы тоқталып, бірнеше мақаласын шет тілінен термин қабылдау мәселесіне арнаған белгілі тілші-ғалым Б.Қалиұлы. Ғалым оларды игерудің, тілге қабылдаудың 4 түрлі жолын ұсынады: «Біріншісі – интернационалдық сөздердің қазақ тіліндегі баламасын көрсету; екіншісі – интернационалдық сөздерді калька жолымен тікелей аудару; үшіншісі – халықаралық терминдердің орнына қолдан (жаңадан) сөз жасау; төртіншісі – халықаралық терминдердің өзін алу. Бірақ бұрынғыдай ешбір өзгеріске түспеген қалпында емес, дыбыстық жағынан тіліміздің заңдылығына сай өзгеріске түскен қалпында алу» (Қалиұлы, 1997).

Тәуелсіздік тұсындағы терминология дамуының жаңа кезеңінде термин, терминология мәселелері қарқынды зерттеліп, терминжасам үрдісі, термин шығармашылығы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда едәуір жанданғанымен, шет тілдерінен термин қабылдау тәртібі берік орнығып, оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп жазудың нақты емле ережелері жасалып, ресми қолданысқа ене қоймады. Алаштық қағидат пен кеңестік қағидаттар қатар қолданылғандықтан, бір жағынан шет тілдері сөздері бұрынғы жолмен орыс тілі орфографиясы бойынша қабылданып жатса, екінші жағынан аз да болса тілге икемделіп жазылған терминдер мен жаңадан жасалған терминдер қолданысқа енді.

Мәселен, кейінгі оншақты жыл көлемінде орыс тіліндегі қалпын сақтап жазылып келген бірқатар сөздер қазақ айтылымына икемделіп жазыла бастады. Оған ҚР Үкіметі жанындағы республикалық терминология комиссиясының мақұлдауымен 2013 жылы жарық көрген орфографиялық сөздіктің алтыншы басылымына енген мәшине, мәйкі, бәнкi, пәлсапа, пәлте, пойыз, кәстөм, кәстөм-сым, кәлөш, кәстрөл, пошта, стансы, шөтке сияқты бірқатар кірме сөздер мысал бола алады. Сондай-ақ аталған комиссия 2000-жылдары режім (режим), реліс (рельс), төкір (токарь) тәрізді жекелеген атауларды ресми бекітті. Жалқы есімдер арасында да дыбыстық өзгерістермен жаңаша жазылған Еуропа, Мәскеу, Ресей сияқты санаулы-ақ сөздер бар.

Көріп отырғанымыздай бұлар осы уақытқа дейін орыс тіліндегі қалпын сақтап келген мыңдаған кірме сөздердің жарты пайызын да құрамайды. Кеңестік кезеңде орныққан кірме сөздер «орыс тілінде қалай жазылса, біз де солай жазуымыз қажет» деген қағидаға сәйкес келмейтін мұндай сөздердің пайда болып, қолданысқа енуін санадағы сілкіністерге сәйкес өзгелерден қайтсек те өзгешеленейік немесе өткеніміздің бәріне өзгеріс енгізейік деген жалаң отаншылдықпен ғана байланыстыруға болмайды. Мәселеге бұлай қарау біржақты баға беру болып шығады. Бұған тіл табиғатын сақтап, кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, айтылымына лайықтап алудың ғылыми негізділігіне байланысты таза лингвистикалық себеп те түрткі болып отырғандығын айту қажет.

Ал шет тілдерінен қабылданған терминдер мен атаулардың басым бөлігі бұрынғысынша, орыс тілінің емлесіне сәйкестендірілген қалпында қабылданып жатыр. Кейінгі жылдары тілімізге енген немесе қолданылу белсенділігі артқан мына төмендегі атаулар соған мысал бола алады: автобан, аниматор, антиэйджинг, аэробот, бипатрид, блогер, блогбастер, брэнд, гаджет, гастербайтер, медиация, модератор, ноу-хау, паркомат, пиротехника, прайм-тайм, спам, тренд, хакер, хоспис, флешмоб, франчайзинг, шопинг және т.б. (Құрманбайұлы, 2012).

Отызыншы жылдардың орта шенінен бастап тоқсаныншы жылдардың басына дейінгі алпыс жылдай мерзімде екі-үш ұрпақ кірме сөздерді орыс орфографиясы бойынша жазуға, айтуға дағдыланды. Мұндай сөздерге олардың көз-құлағы үйренді, санасына сінді. Сондықтан да оларды жатсынбайтын, ондай кірме сөздерді өзгертуді қаламайтын, басқаша айтылып-жазылуына қарсы қауым қалыптасты. Олардың арасында кешегі кеңестік кезеңде сол заманның талабын орындауға, кірме сөздерді өзге тілдің емлесі бойынша жазуды заңдастыруға атсалысқан, қазір де сол бағытты қолдап отырған тіл мамандары да бар. Бұл – мәселенің әлеуметтік қыры. Әліпби ауыстыру, терминологияны дамыту қағидаттары мен шет тілінен енген терминдерді қабылдау, жазу мәселесінде де осы әлеуметтік фактордың өзіндік рөл атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Өйткені қоғамдық пікір, қоғамдық сана сол қоғамда болып жатқан ірілі-ұсақты оқиғалар мен маңызды процестерге әсер етпей тұра алмайды. Жаңа әліпбиде «в», «х», «ф» әріптерінің қалдырылуы, бекітілуге ұсынылған әліпби нұсқасының айналдырған екі-үш ай ішінде қайта-қайта өзгертілуі, сөйтіп соған дейін ұсынылған диграфты әліпби мен ноқаты көп диакритикалы әліпби ақутты қазіргі әліпбимен алмастырылды. Ертең шет тілі терминдерін тілге қабылдау қағидаттары мен олардың емле ережелерін бекітуде де әлеуметтік фактордың ықпалы, қысымы болмайды деп ешкім айта алмайды. Тіл мамандарынан құрылған жұмыс топтары олардан жоғары тұрған ұлттық комиссияның қарсылықтарын еңсеріп, таза лингвистикалық заңдылықтарға негізделген емле ережелерін жасап, бекітуі айтуға оңай болғанымен, іс жүзінде солай болмайтынын болжау қиынға соқпайды.

Шет тілдерінен терминдерді қабылдауға қатысты белгілі фонолог ғалым Ә.Жүнісбек те пікір білдірді: «Мыңдап тілімізге халықаралық терминдер, атаулар кіріп жатыр. «Оларды не істейміз?» – деген сұрақ туындайды. Оның мынадай амалы бар. Халықаралық терминдерді, атауларды жазудың өзінің халықаралық үлгісі бар. Ол үлгіні қазір орыс та пайдаланып жатыр, қытай да пайдаланып жатыр, араб та пайдаланып жатыр, еуропалықтар о бастан өздері пайдаланып жатыр. Ендеше біз оларға арнайы таңба, еміле іздеп әуре болмаймыз. Біз де сол үлгіні қабылдаймыз. Оның басқа амалы жоқ. Ал енді, бірақ, ол таңбалар әліпбидің тізімінде тұрмауы керек. Ол өз алдына оңаша еміле ережесімен, ескертпесімен, өз алдына ерекше тұруы керек. Қазір терминдерімізді қалай жазамыз деген үлкен дау туып жатыр. Егер оны мына халықаралық үлгімен жазатын болсақ, «бұл неге былай, неге олай жазылады» деп оған ешкім қарсы шықпайды. Ал оқылуы жағынан әркім өз білгенінше оқи береді.» (А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты директоры Е.Қажыбектің жетекшілігімен ұсынылған бейне-дәріс. www.tbi.kz).

Халықаралық фонетика қауымдастығы қабылдаған халықаралық фонетикалық әліпби арқылы бүкіл кірме терминдерді ұлт тілінде жазуға арналмаған. Ол латын әліпбиі негізінде транскрипцияны жазу үшін қажет. Ал барлық кірме терминдерді біз төл әліпбиімізде таңбалауымызға тура келеді. Сондықтан бұл мәселені біз айналып өте алмаймыз.

Бұл айтылғандармен қоса қазір тіл мамандарының арасында пікірталастар өрбіп жатыр. Бұл дұрыс үрдіс. Ең бастысы нақты бір ғылыми тұжырымға, ортақ пікірге келе білу. Тек шет тілінен енген сөздерді ғана емес, и, у дауыссыздары бар төл сөздеріміз бен терминдерді жазу мен ерін үндестігін сақтау төңірегінде де тіл мамандары ортақ пікірге келе қойған жоқ. Үндестікті сақтап жазу мен латын әліпбиімен де қазіргі емле ережеміздегідей жазу жайындағы пікірталастар соны көрсетеді. Көпшілік мамандар екінші, үшінші буындарда ерін үндестігін сақтау қажет деп санайды. Керісінше, ол пікірлерге қосылмайтын мүлдем айрықша көзқарас та байқалады. Сондықтан мәселенің мәніне тереңірек үніле отырып, бұл тұжырымды елеусіз қалдырмай, оның анық-қанығын, дұрыс-бұрыстығын анықтаған абзал. «Біздіңше, ерін үндестігінің әлсіреуі сөйлеу мәнеріміздің бұзылуы емес, даму үрдісіндегі жетілуі сияқты. Езулік дауыстыны айтқанда сөйлеу мүшелері босаң қалыпта болады, ал босаң қалып – сөйлеу мүшелерінің табиғи қалпы. Олай болса, қазіргі сөйлеу заңдылығымызды ерін үндестігінің әлсіреуі дегеннің орнына «сөйлеу мүшелерінің табиғи қалыпқа ұмтылу заңдылығы» деп атауға болады» – деп жазады Қуантқан Ванов. (mtdi.kz).

Қолданысқа ұсынылып отырған латын графикасына негізделген жаңа әліпбиімізден кириллде болған ё, ц, щ, э, ю, я және ь, ь таңбалары алынып тасталды. «Х» мен «h» (Hh) «и» мен «й» (Ii) бір таңбамен берілетін болды. Сонымен қоса бұл әліпбидегі «в», «х», «ф» таңбаларының да басы артық деген пікірлер айтылып жатыр. Қазіргі әліпбиде жоқ ц →тс, щ→шш, э → е, я→(ыйа, йа), ю-(йу, йіу) түрінде ал «и» (ій, ый) мен «у»-ды (у және ьу, іу, үу, ұу) таңбалау ұсынылуда.

Сонымен қатар ш мен ч дыбыстарын Sh, Ch сияқты қос таңбамен берілуіне байланысты да «Ш» (Sh), мен «х» (h), «ч» (Ch) мен «х» (h)-ның қатар келу жағдайлары көп болмаса да кездесуі ықтималдығын есепке алып, ондай терминдердің жазылуы төңірегінде де бір тоқтамға келіп, олардың емлесін пысықтауға тура келуі мүмкін.

Ағылшын тілі мен кейбір роман-герман тілдері мамандары түбі грек, латын, ағылшын неміс, француз болып келетін терминдерді -ция орыс қосымшаларынан айырып, түпнұсқаға жақындатып жазуды ұсынуда. Мысалы: motivation – мотивацион//мотивейшн (мотивация емес), presentation – презентацион //презентейшн (презентация емес), construction – конструкцион//конструкшн (конструкция емес), evolution – эвалюсион //эволюшн (эволюция емес), revolution – ревалюсион//революшн (революция емес), privatization – приватизацион//приватизейшн (приватизация демей немесе жекешелендіру деп аудармай, приватион немесе приваттау) түрінде алу сияқты ұсыныстар айтылып, жазылып жатыр. Сондай-ақ -ция жұрнағын – -sion/-tion жұрнақтарымен алмастырумен қатар, -ist, -ism, -al жұрнақтарын да жазып-айтуды ұсынушылар бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әліпби алмастыру мен терминология дамуының жаңа қағидаттарын белгілеудің қай кезеңін алып қарасақ та, шет тілдері терминдерін ұлт тіліне қабылдау мен олардың емлесін белгілеу кезінде тіл заңдылықтармен қатар әлеуметтік, саяси-әлеуметтік, экстралингвистикалық факторлардың да ықпалы күшті болғанын айқын көруге болады. Сондықтан тіл мамандары мәселенің осы жағын да ескеріп, қоғам пікірін қазақ тілінің заңдылықтарын сақтауға бағытталған тұжырымдар мен емле ережелерін қолдайтындарға дайындау жағын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Әліпби ауыстыру

барысында шет тілі терминдерін қабылдау мен жазу шын мәніндегі қазақ тілінің орынсыз бұрмаланған заңдылықтарын қалпына келтіретін жазу реформасына ұлассын дейтін болсақ, мұны естен шығармаған абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы, Ахмет (1912): Жазу тәртібі//«Айқап», 1912. № 4-5.
2. Байтұрсынұлы Ахмет (2013): Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 296-б.
3. Омарұлы Елдос (2005): Қазақша пән сөздер//Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. Екінші басылымы. Араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған Ш.Құрманбайұлы. –Алматы, 2005. ж. 97-б. (Бірінші басылымы 1925 жылы Орынборда араб әріптерімен басылған).
4. Досмұхамедұлы, Халел (1998): Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы//Халел Досмұхамедұлы. Тандамалы. –Алматы, 1998. 148-б.
5. Төрехұлұлы, Нәзір (2006): Жат сөздер туралы. Екінші басылымы. Араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған Ш.Құрманбайұлы. – Астана, 2006. 12-бет. (Бірінші басылымы 1926 жылы араб әріптерімен Мәскеуде басылған).
6. Жұбанов, Құдайберген (1966): К пересмотру казахской орфографии//Исследование по казахскому языку. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы,1966. 267-268 б.
7. Қайдаров, Әбдуәли (1993) Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. –Алматы,1993.
8. Қалиұлы, Байынқол (1997): Жат сөздер жағадан ала бермесін//Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері.–Алматы,1997. 107-115 бб.; Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?–Алматы,1997. 121-125 бб.
9. Құрманбайұлы, Шерубай (2012): Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар. Бірінші кітап. –Алматы: «Сөздік-Словарь»,2012. –288 б.; Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар. Екінші кітап. – Алматы: «Сардар», 2017. –288 б.
10. Жүнісбек, Әлімхан (2018): Әліпби азабы. www.tbi.kz (А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты директоры Е.Қажыбектің жетекшілігімен ұсынылған бейне-дәріс.)
11. Ванов, Қуантқан (2018): www.mtdi.kz.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ф. Ғ. Д., профессор Т. ЕРМЕКОВА*

Түйіндеме:

Мақалада рухани жаңғыру жағдайындағы түркологияның өзекті мәселелері сөз болады. Түркілердің әлемдік өркениетте алатын орны, әлемдік ғылыми кеңістікте орныққан кейбір жаңсақ (қате) тұжырымдарды басқаша бағамдап, жаңа көзқараспен қарау қажеттігіне мән беріледі. Өзгелерге телінген тарихи мұралар, түркілер туралы жаңсақ көзқарастарға қатысты автор көзқарасы жекеленген түркітанушы ғалымдар мен қоғам қайраткерлері тарапынан айтылған тұжырымдар арқылы дәйектеледі. Мұның бәрі қазіргі қоғамдағы түрілер өркениеті, рухани мұрасы туралы кейбір стереотиптерді жаңаша бағамдауға жол ашады. Қазіргі қоғамдағы басты тренд – технологиялық жаңаруға ғана ұмтылумен шектеліп қоймай, адамның сана-сезімін ұлттық кодты жаңғырта жетілдіруге мән беріп, түркітану ғылымын жаңа биікке көтеруде аға, орта буынмен бірге, жас ғалымдардың зияткерлік әлеуетіне назар аудару қажеттігіне басымдық беріледі.

Түйін сөздер: түркітану, қыпшақтану, скиф, номад, латын

ACTUAL PROBLEMS OF TURKOLOGY IN CONDITIONS OF SPIRITUAL REVIVAL**Abstract:**

The article deals with actual problems of Turkology in the context of spiritual modernization. The article focuses on the following issues: importance of the role of the Turkic world in the world civilization, necessity to look at some erroneous statements in the global scientific space and look at a new perspective. The author's views on historical heritage and other unrealistic views are proved through the conclusions of individual Turkologists and public figures. All this leads to a new assessment of some stereotypes about the Turkic civilization, its spiritual heritage in modern society. The main trend in modern society is not only to focus on technological innovation, but also to focus on the need to pay attention to the intellectual potential of young scientists, both senior and middle generation, to focus on improving human identities in modernizing the national code.

Keywords: Turkology, Kipchak, Scythian, nomads, Latin

КІРІСПЕ

Жалпы мәдениет әлемінде ренессанс деген ұғым бар. Мағынасы қайта өрлеу, жаңғыру деген мағынаны береді. XIV ғ. алдымен Италияда басталып, кейін Батыс Еуропа елдерінде өріс алған білім, ғылым, өнер, әдебиет, сәулет салаларындағы мәдени төңкеріс дәуірі, кезеңі. Ол антикалық идеалдар мен құндылықтарды жаңғырту және ортағасырлық схоластикадан арылу негізінде қалыптасты, сондықтан Қайта Өрлеу, Қайта Өркендеу (фр. Ренессанс) деп аталды.

Дәл қазір бізде де осындай сәт туып тұр. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде?» деген сұрақтың тамаша жауабын береді: «Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз тануында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» (Назарбаев Н., 2017).

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Экономика мен технология қарқынды дамып бара жатқан кезде рухани тамырға бет бұру, ұлттық санада қалыптасқан игі салт-дәстүр мен тарихи, мәдени, әдеби, тілдік құндылықтарды жаңа

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ken_tina@mail.ru

заманның ағымына сай жаңғырта дамыту «Мәңгілік Ел» болуды мұрат еткен еліміздің әрбір азаматының санасына ой салары сөзсіз. Өйткені Елбасының бұл мақаласы қоғам және мемлекет қайраткері М. Құлмұхамет айтқандай, «бұл – мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын 21-ғасырдың биігіне шығаратын үлкен бағдарламалық құжат». Олай болса, Италиядан бастау алып, бүкіл Европа мәдениетіне ықпал еткен ренессанстың оң әсеріндей рухани жаңғыру да Қазақстаннан бастау алып, бүкіл түркі жұртына ықпал ететіндей ғаламат күшке ие болу, болмауы қазақстандық түркітанушылардың, төл тарихына, түп тамырына теріс қарамайтын зиялы қауымның іс-әрекетіне тікелей байланысты.

Міне, сондықтан рухани жаңғыру жағдайындағы түркологияның басты өзекті мәселелері не болуы мүмкін? деген мәселеге өз шамамызша жауап беріп көрейік:

Біріншіден, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның байырғы тұрғындары – сақтар мен ғұндар. Олардың бүкіл мәдени-рухани құндылықтары евроцентристік көзқараспен бірде неміске (сакс – Саксония), славянға (Зарина -заря), соңында парсыларға телініп келгені жасырын емес. Бірақ ғылым әрдайым ақиқатқа табан тірейді. Веналық Хаммер, В.В.Григорьев, Л.Н.Гумилев, А.Н. Бернштам т.т.беделді ғалымдар дәлелдеген олардың түркілік негізін лингвистикалық тұрғыдан дәйектеу қазақстандық ғалымдар тарапынан мардымсыз екенін мойындауымыз керек. Бұл жағынан белгілі ақын Олжас Сүлейменовтің жан-жақты эрудициялық біліміне ризашылық танытып, оның идеяларын тарихи-салыстырмалы әдіспен лингвистикалық терең талдаулармен жалғастыру қажеттігі анық. О.Сүлейменов сияқты өзге де түркологтар (М.Закиев, П.Гасанов т.т.) дәлелдегендей, «скиф» атауы «іс-оғуз» деген бабатүрік атауы екеніндігі, өзге де скифтер қолданған жүздеген атаулардың ежелгі бабатүркі лексиконы екені лингвистикалық тұрғыдан дәйектелуі, Ю.Немет, В.В.Латышев, К.Т.Лайпанов, М.Закиев, И.М.Мизиев іспетті зерттеушілер ежелгі іс-оғуздардың (скиф=сақ) этномәдениетіне, палеоэтнографиясына, этникалық құрамына сараптама жасау нәтижесінде айқындаған Сібір, Орта Азия, Еділ бойының түркі тектес тұрғын халықтармен ұқсастығы, сондай-ақ соңғы кездері Сібірде, Қазақстанда жүргізілген антропологиялық және генетикалық сараптамалар нәтижелерінің қорытындысына сүйенсек, ежелгі сақтар (скиф=іс-оғуз) түркітөктес халық екеніне күман болмауы тиіс (Сартқожаұлы Қ., 2018). Көрнекті жазушы М. Мағауин өзінің «Мен» атты роман-эссесінде айтқандай: «Қазіргі әлемдегі ең дамыған жұрттар тілінің өзі біздің түркі текті ана тіліміздей әрі бай, әрі айқын, және осыншалық ұзақ тарих кешуін өткермеген... Қазір бүкіл әлемге тараған ағылшын тілінің де, жарты дүние тұтынып тұрған испан тілінің де, өткен ғасырда ұлы әдебиет жасаған орыс тілінің де тарихи ғұмыр жасы біздің жарым жолда ғана», – деген тұжырымын ескерсек, қазіргі түркі халықтарының рухани бай мұрасының тарихи маңызын әлемдік қауымдастық алдында дәйектей білу абыройлы іс болары анық (Мағауин М., 1998).

Екіншіден, әлемдік ғылыми-танымдық кеңістікте стереотипке айналған кейбір қасаң көзқарастарға басқа қырынан қарау керек. Мысалы: түркілер бірыңғай көшпелі-номадтар деген тұжырым орныққан. Бұл жөнінде белгілі түрколог Қаржаубай Сартқожаұлы былай дейді: «Гректің «nomados» (көшіп жүретіндер) деген атауы туралы ғалымдар мынандай түсінік берген: «тұрақты мекені жоқ, белгілі шаруашылықпен айналыспайтын, тек қана күн көріс мақсатында қоректік азық іздеп тынымсыз көшіп жүретін кезбелер». Бұл – әлемдік Антропологиялық сөздік пен Британ энциклопедиясының анықтамасы. Еуропалықтар бізді «номад» (көшпелі кезбе тобырлар) десе, біз бас изеп ыржалаңдап, «иә, біз номадпыз (көшпелі тобырмыз)» деп келдік. Түркология ғылымы енді осы мәселеге нүкте қоятын биікке көтерілуі керек» (Сартқожаұлы Қ., 2018). Біздің ойымызша, бұл мәселеге қатысты түркітанушылардың алдында екі түрлі міндеттің бірін шешіп алу парызы тұр. Бірі – әлемдік деңгейдегі *номад* ұғымына берілген анықтамаға өзгеріс енгізу немесе екіншісі – түркілердің бірыңғай көшпелі халық болмағандығын дәлелдеу. Көне түркілердің отырықшылық өмір салтын кешкендігін баяндайтын деректер өте көп. Халық арасында; «Бесқаладан Сауранға, Саураннан Сайрамға, Сайрамнан Таразға дейін бір үйдің төбесіне секірген лақ тұяғын жерге тигізбей жетеді» деген аңыз қалған. Ғалымдардың айтуынша, бір ғана Сырдарияның орта және аяқ шенінде 300-ге дейін қалалар мен елді-мекендер болған. Бау бақша өсіру мен мыс өндіру, Ұлы Жібек жолындағы қалалар мен сауда-саттық кәсібі түркілердің тек көшпенді халық болмағандығын дәлелдейді.

Үшіншіден, өзіміз тікелей мұрагері боп саналатын орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері, қыпшақ тілінің халықаралық мәртебесін зерделеу мәселесі. Көрнекті түркітанушы, «Кодекс Куманикус» пен орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері тілін зерттеген білгір ғалым Ә. Құрышжанұлы нақты ғылыми дәйектемелер арқылы қыпшақ тілінің Батыс пен Шығысты, Таяу Шығыс пен Кіші Азияны, Монғолия мен Қытай жұртшылығын, Кавказ халықтары мен Қырым

далаларын өзара байланыстырып тұратын «алтын көпір» болғандығын көрсетеді. Одан әрі «Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер» атты еңбегінде арабтардың да қыпшақ тілін меңгергендігі туралы былай деп жазады: «XII-XIV ғасырларда Сирия мен Египет аймақтарын мекендеген қыпшақтар – мамлюктер² мен оғыздардың жергілікті халықтарды барынша билеп-төстеуі де ол өңірдегі саяси әлеуметтік және ғылыми-мәдениеттік әрқилы ағымдарға, әрине әсерін тигізбей қалған жоқ. Түрік сұлтандарының үкіметі айбынды еді. Олар өз ана тілінде сөйлейтін. Басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін. Түркі тілі туған тілге лайықты құрметте ие болатын.

Мемлекет басшылары мен түркі халықтарының ұйтқысы негізінен қыпшақтар болғандықтан, сұлтан сарайының маңындағылар қыпшақ тілінде жазып, қыпшақ тілінде сөйлейтін. Қыпшақ тілі мамлюктер мемлекетінде түркі тайпаларының ауызекі сөйлеу тілі, жазба тілі – іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл болып тұрды. Ол әдеби тіл есебінде, әсіресе поэзия әлемінде шырқау биікке көтеріліп, кең шарықтады. Көптеген туындылар осы тілге аударылып та жатты. Араб тіл білімпаздары өз жұртшылығының мақсаты үшін қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатымен алуан түрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, үлкенді-кішілі анықтамалар (справочники) және талдаулар жазды. Бұл, әрине сол кездегі өмір талабымен қабысып жатқан қадірменді іс еді (Құрышжанұлы Ә., 2011).

Бұл кезең туралы ғалым Мурад Аджи келтірген төмендегі дерек те ғалым пікірінің қисынды екенін айғақтайды: «...V ғасырдың аяғында қыпшақтар Еуропаның жартысы мен түгел Орта Азияға орнықты. Түркі сөзі Евразия континентінде кез келген басқа тілді өшірді (заглушала). Түркілер әлемнің ең күшті және саны көп халқына айналды. ... Қыпшақтардың күшімен ежелгі әлем Евразия деп аталатын бір кеңістікке бірікті» (Аджи М., 2015, с.11).

Қыпшақ тілінің халықаралық мәртебесі туралы тұжырым қазіргі қазақстандық қыпшақтанушы ғалымдардың көшбасшыларының бірі А. Гарковецтің еңбектерінде жалғасын тапты (Гарковец А.Н., 2002). Көп ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы саудамен қатар халықтардың өзара мәдени алмасуына зор ықпал етті. Ұлы Жібек жолының Енисейден Дунайға дейінгі бөлігі қыпшақтардың иелігінде болып, ол Дешті Қыпшақ деп аталды. Осы аралықтағы халықаралық қатынас тілі қыпшақ тілі еді. Александр Николаевич оған мынандай бір мысал келтіреді. XIV ғасырдағы италияндық көпестің Қырымдағы Федосия қаласында ұлына арнап құрастырған сауда жөніндегі оқу құралында Ұлы Жібек жолымен керуенге ілеспес бұрын сақал өсіріп, шашты тақырлап ал, екі әйел, бір еркек малай жалдап, қыпшақ тілін үйрен деп өсиет қалдырыпты (Серікқали С., 2009).

Бұл мәселе қазіргі орта буын ғалымдардың да қызығушылығын тудырды. Сол дәуірдің тарих сахнасында батырлық пен ерліктің, жауынгерліктің нағыз символын танытқан қыпшақтармен достық қарым-қатынаста өмір сүру Еуропаның көптеген мемлекеттері мен орыс князьдарының, Қап тауы ақсүйектерінің арманына айналған еді. Бұл мүмкіндікке қол жеткізуге тырысқан әр алуан мемлекет басшылары қыпшақтармен саяси одақтар мен әскери бірлестіктер құруға, қыз алысып, күйеу болып, құдандалық қарым-қатынастарды дамытуға ықпал жасады. Олар қыпшақтардың шапқыншылығына ұшырамаудың айла-әрекетін жасап, орайы келгенде олардың әскери қуаты мен жауынгерлік шеберліктеріне арқа сүйеп, өздерінің ішкі және сыртқы саяси жағдайларын реттеуге пайдаланғаны да белгілі. Қыпшақтар бұл жерлерде тек саяси үстемдік жасап қана қойған жоқ, өздерінің ата салты мен ділін, дінін, тілін дәріптейтін үлкен рухани-мәдени ошақтар қалыптастырды. Бұл мәдени ошақта қыпшақтардың этникалық менталитеті мен дүниетанымы, этностық тілі мен этностық санасы, этникалық моралі мен салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ерекше қарқынды дамыды. Әсіресе, «төрткүл дүниенің жарты әлемін» билеген әйгілі Алтын Орда мемлекеті тұсында қыпшақтардың мәдени кеңістігінің өрісі кеңейе түсті (Күркебаев К., 2012).

Бұл мәселені насихаттау қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне қатысты жұртшылық арасында жақсы мотивация туғызатын рухани әлеуеті зор құрал бола алады деп санаймыз.

Төртіншіден, көне түркі, орта ғасыр ескерткіштерінің түпнұсқа мәтінін оқу мәселесі. Рас, қазір бұл ескерткіштерді түпнұсқадан оқи алатын азғантай шоғыр бар. Бірақ олар тым аз. 10.02.06 – түркология шифрімен қорғаған ғалымдарымыздың өзі аударма мәтінмен жұмыс жасайды. Түркология мамандығын даярлайтын жоғары оқу орындары да саусақпен санарлық. Филология, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша маман даярлап жатқан оқу орындарында таңдау пәні ретінде енгізген пәндеріміз сипаттамалық шеңберден шыға алмай келеді. Осы арада әсіресе Түркия, Қытай мемлекеттеріндегідей білімгерді белгілі бір кезеңнің тарихи ескерткіштерін түпнұсқа мәтінде оқи

² «Мамлюк» деген сөз – арабша «құл» (сатылып алынған). Бірақ бұл сөз қара түсті адамдарға /құлдарға/ емес, ақ түсті (зәңгілерден бөтен түсті) адамдарға айтылады.

алатын құзыреттілікке жеткізу міндетін мойнымызға алу керек деп есептейміз. Міне, бұл нағыз рухани жаңғыру болар еді. Рухани тамырымыздан қашықтай бастағанымыз соншалық – күні кешегі Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуымен жазылған мәтіндерді де оқи алмайтын шамаға жеттік.

Ә. Құрышжанұлының «Қыздар университеті» баспасынан шыққан «Тіл тарихы туралы зерттеулер» (Құрышжанұлы Ә., 2011) атты еңбегінде зерттелгені, зерттелмегені бар көптеген орта ғасыр мұраларының бірқатарына жалпы сипаттама мен тілдік талдаулар берілсе, бірқатарының қолжазбасы қайда сақталғаны, алғашқы мәліметтерді кім бергені, тіпті әлі күнге дейін табылмай жүрген еңбектердің аты аталып көрсетіледі. Бұл – бүгінгі түркітанушылар, қыпшақтанушылар үшін бағдар болуы тиіс.

Ғалым М.Қ.Ескеева айтқандай, «Тіл лингвоэволюциясындағы мираскерлік сабақтастық адам ағзасындағы, қанындағы генетикалық жалғастықпен пара-пар жүретін феномендік құбылыс» болатын болса (Ескеева М., 2012), жоғарыда аталған еңбектердің барлығы – түркітанудың, оның ішінде қыпшақтанудың құнды мұралары, бір кездері халықаралық мәртебеге ие болған қыпшақ тілі, жалпы түркі түркі тілдерінің бүгінгі мираскерлері бұл мәселеде немқұрайылық танытпауы тиіс. Оны зерттеп-зерделеу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. Олар жай ғана жәдігерліктер емес, Елбасының арнайы тапсырмасымен тарихымызды түгендеп жатқан қазіргі кезеңде құнды дереккөз, төл тарихымыздың, тіліміз бен мәдениетіміздің айшықты бөлшегі. Осыған байланысты алаңдаушылық туғызатын бір мәселе бар, ол – жоғарыда айтқандай, елімізде түпнұсқа мәтінді оқитын маман тапшылығы. Екінші бір ескеруге тиісті мәселе қазір тіл біліміндегі жаңа бағыттарға бет бұрған ғылыми бағытты ұстанушылар, тіпті кез келген филолог маман тіл тарихына немқұрайы қарамауы керек. Қазіргі кезде еліміздің білім, ғылым жүйесіндегі оң өзгерістердің бірі – академиялық ұтқырлық мәселесі болса, еліміздің филолог маман даярлайтын оқу орындары осы мәселені аталған бағытқа бұруы қажет. Тіл ғылымы бойынша шақырылып жүрген шетелдік түрколог ғалымдардың көпшілігінің артықшылығы – олардың мәтін танитындығы, мұны мойындауымыз керек. Сондықтан таңдау компоненті есебінен барлық жоғары оқу орындары филолог мамандарға үш деңгейде де түркітану мен тарихи мәтінтануға байланысты пәндерді көбірек енгізіп, кәсіби-ғылыми кадр даярлау мәселесін естен шығармауы керек. Еліміздегі саусақпен санауға да жетпейтін осындай мамандар мен шетелдік (әсіресе Түркия мен Қытай) әріптестерді осы істе шоғырландыру арқылы, түрлі дәрістер мен семинарлар, басқосулар өткізу арқылы келешек ұрпаққа бұл істің қаншалықты маңызды екенін насихаттай білуіміз қажет.

Енді бірауыз сөз латын графикасына қатысты. Бүгінде латын әліпбиіне көшу – түркі тілдес халықтардың бір-бірімен толық ынтымақтастық орнатуға жасалатын нақты қадам. Түркі тілдес елдердің ұлттық тілдерінің латын графикасына өтуі бұл елдердің ұлттық бірегейлігін қамтамасыз етететін әлеуетті фактор. Латыншаға өту технологиялық, жаһандық прогрестерге жол ашып қана қоймайды, бұрын өткені бар, кейін қабылдағаны бар әлемдегі 200 миллионнан астам түркі халқының 55,5 пайызының латын әліпбиін қолдануы – түркі әлемінің көрнекті қайраткері *Гаспыралы* Исмаил аңсаған «*Тілде, пікірде, істе бірлік*» болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берері анық.

Бесіншіден, синхронды зерттеумен айналысатын филолог ғалымдар да өз пәнін түркілік, халықтық рухани құндылықтармен сабақтастыра өтуі қажет. Әсіресе, этнолингвистика, лингвомәдениеттену, когнитивті тіл білімі, әлеуметтік лингвистика сияқты пәндердің негізгі өзегі түркілік дүниетанымды насихаттауға бағытталса құба-құп.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл, әсіресе, артымызда өсіп келе жатқан бізден де гөрі білімді, бізден де гөрі ақылды жастар үшін қажет. Олардың артықшылығы – біріншіден, олардың табиғи биологиялық, физиологиялық мүмкіндіктерінің кеңдігі. Екіншіден, көптілділігі, құдайға шүкір, олар – кемі үш-төрт тілді еркін білетін, өз ойын осы тілдерде еркін жеткізетін, ертең әлемге түркілік өркениетті насихаттай, дәлелдей алатын тегеурінді күш. Үшіншіден, олар – бабалар мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізер ең әлеуетті тасымалдаушы-трансформатор. Ал оларға лайықты білім беру – біз бен сіздің міндетіміз.

Қорыта айтқанда, технологиялық жаңарумен шектеліп қоймай, адамның сана-сезімін ұлттық кодты жаңғырта жетілдіруге мемлекет баса мән беріп отырған қазіргі кезде түркітану ғылымын жаңа биікке көтеру барлығымыз үшін қасиетті мұрат болуы тиіс деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев, Нұрсұлтан (2017), Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Алматы. Сартқожаұлы, Қаржаубай (2018), Әлем түркологиясының өзекті мәселелері: ізденіс, іркіліс, жаңаша тұжырым // <https://www.enu.kz/downloads/lichnie-stranici/turkology.doc>
2. Мағауин, Мұхтар (1998), Мен. Ғұмырбаяндық хамса. – Алматы.
3. Құрышжанұлы, Әбжан (2011). Тіл тарихы жөніндегі зерттеулер. Алматы.
4. Мурад, Аджи (2015). Великая степь. Приношение тюрка (сборник)
5. Гарковец, Александр (2002). Кыпчакские письменное наследие. –Алматы.
6. Серікқали, Сандуғаш (2009), Әлемге үстемдік еткен қыпшақ тілі. “Қазақстан-Заман” газеті 05 мамыр.
7. Күркебаев, Кенже (2012), Қазақ тілі көне қыпшақ тілінен шыққан ба?// «Ана тілі» газеті. 3-Мамыр
8. Ескеева, Мағрипа (2012), Қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің қыпшақтық белгілерінің қалыптасуы және этногенез мәселелері // Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология». № 2(66)

ЛАТЫН ҚАРПІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ (ҰСЫНЫС)

ф.ғ.к. Б.С. ҚАПАЛБЕК*

Түйіндеме:

Мақалада қазақ әліпбиіне алынған латын қаріптерін клавиатурадағы 26 таңбаға сыйдырудың жолдары көрсетілген. Автор ол үшін А.Байтұрсынұлының өз әліпбиінде қолданған сингорманизм заңын тірек етіп алып, соған электрон бағдарлама жасауды ұсынады. Сондай-ақ мақалада әліпбиді енгізуге асықпау керектігі, алдымен ереже емледегі *y* мен *и* бойынша ғалымдар арасындағы түрлі пікірлерді бірізге түсіріп алу керектігі, бірге және бөлек жазылатын сөздер бойынша әлі талқылау қажет екендігі және шеттен енген сөздердің жазылуы бойынша автордың өз ұстанымы айтылған.

Мақалада қазақ тілінің XIX ғасырға шейін жазуға байланбай ауызша дамығандығы, соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің өте жақсы жетілгендігі, онда сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында келетін дыбыстардың көп өзгеріске ұшырамайтындығы және қазақ тілінде хат тану үшін I сыныптың баласына төрт-ақ апта қажет екендігі көрсетілген. Автор осының негізінде латын қарпіндегі әліпбиді енгізуге көп уақыттың қажет еместігін фактілер келтіре отырып дәлелдейді.

Тірек сөздер: латын қарпі, үндестік заңы, емле ереже, А.Байтұрсынұлы әліпбиі, дыбыстық жүйе.

ABOUT ENTERING LATIN ALPHABET (SUGGESTION)

Ph.D. B.C. KAPALBEK

Abstract:

The article is presented how to put Latin characters in Kazakh alphabet into 26 characters in keyboard. For that the author takes A. Baitursynov's law of singularity, which he used in his alphabet, and proposed to create an electronic program. It should also be noted that the article should not be in a hurry to introduce the alphabet, and first of all, it is necessary to remind the different opinions between letter rules of *y* and *и*, the author's own opinion on the necessity to discuss the words together and separate words.

The article concludes that until nineteenth century Kazakh language developed orally, as a result of which the sound system of the Kazakh language has been perfectly improved, in the beginning of speech, in the middle of speech, end of the speech don't change sounds and requires that the first form child needs only four weeks to recognize Kazakh language. The author proves that the introduction of the Latin alphabet needn't take a long time.

Key words: Latin alphabet, consensus law, spelling rule, A. Baitursynov's alphabet, sound system.

КІРІСПЕ.

Білгенімді баяндайын. Бұл өзі жиырма бесінші жылға шейін жоспарланған шара. Бірақ неге екенін қайдам, әйтеуір 2019 – 2020 - сыншы оқу жылы әліппені латын қарпімен шығарамыз. Сондықтан осы жыл аяқталмай жазудың емле ережелерін бекіту қажет деген жоспар құрылып, соны орындау үшін жауапты мекемелер (А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы) жанталасып жатқан жайы бар.

Дыбыстарға таңдаған таңбалары дұрыс болып, жасаған емле ережелеріміз тіл табиғатына жайлы болса, жаңа әліпбиді қоғамға енгізуге көп уақыт қажет емес. Осыдан бір ғасырдан аса уақыт бұрын жасалған Ақаңның әліпбиімен хат танып кету үшін қабілеті орташа балаға төрт-ақ апта қажет (Т.Шонанов) болғандығы белгілі. Ал енді сауаты бар қазаққа дұрыс әліпбиімен жүгіртіп оқып, жазып кету үшін төрт-ақ сағат қажет болар. Яғни дайын әліпбиді енгізу қазіргі таңда тіптен оңай шаруа. Қазіргі IT технологияның дамыған кезінде электронды нұсқасы бар кириллдегі барлық мәтіндер 2-3 минутта конвертер арқылы жаңа латын әліпбиіне қотарыла салады. Бұл өте қарапайым операция. Мұндай жұмыстарды қазір атқаруға құлшынып отырғандар көп. Бірақ оған әлі ерте. Өйткені қазақ дыбыстарына белгіленген латын таңбалары әлі нақтыланып болған жоқ.

* Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, zhomart_til@mail.ru

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Қазақ әліпбиінде тек төл дыбыстарға ғана таңба арналуы керек. Қазіргі қолданыстағы орыс әліпбиінде 42 таңба бар. Оның он төрті жат таңба, 28-і ғана төл дыбыстарды бейнелейді. Мына есепке қараңыз:

$$\blacktriangleright 42-28=14$$

Бар халықтың әліпбиі тек өзінің төл дыбыстарына ғана арналып түзілген. Әлі құлдық санадан арыла алмаған біздің әліпби ұсынғыштар ұлттық әліпбидің ішіне әлгі 14 жат таңбаның біресе анаусын, біресе мынауын тықпалап әуре. Бұл мүлдем дұрыс емес. Бұның ешқандай негізі жоқ. Қазақ әліпбиі тек төл дыбыстардың таңбасынан түзілуі керек те, емле ережелердің негізі де осы төл дыбыстардан құралған сөздердің жазылуына арналуы керек. Бекітілген әліпбидегі (32-28=4)/F, H (X, H), V, CH таңбалары артық.

Қазақ тілі күні кешеге дейін жазуға байланбай, дыбыстық жағынан әбден жүйеленіп дамыған тіл және қазақ тілі сөз ішінде түбір мен қосымшаның жігі айқын көрінетін жалғамалы тілдер тобына жатады. Емле ережелерін түзу кезінде қазақ жазуына фонематикалық, фонетикалық, морфо³логиялық, тарихи-дәстүрлік принциптерінің ішінен біреуіне басымдық беру кезінде қазақ тілінің осы ерекшеліктерін басты назарда ұстау шарт. Қисық әліпбиден қисық емле шығатынын естен шығармаған жөн. Әліпби де, емле де ұлттық болуы керек.

Иә, емленің жобасы бар. Оны қазір латын жұмыстарына жауапты мекеме Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы республикадағы тілші ғалымдарға талқылап, нақты ұсыныс айту үшін таратып берді. Содан кейін бір-екі айдың ішінде бұл ереже ресми түрде бекітілмекші. Жоғарыдан талап солай. Меніңше, латын жұмысына қатысты ресми мекеме басшылары ондағы ғылыми кеңестің шешімімен емле ережелерді бекітуді әлі де зерттеп, пысықтай түсуі үшін ең құрмағанда бір жыл мерзім сұраулары қажет. Өйтпеген жағдайда, қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігін асығыс шығарған секілді ел алдында, әсіресе болашақ алдында ұятқа қаламыз. Латын жұмысына жауапты мекемелер не сұраса, соны жасап бере беретін қытай зауытының рөлін атқармаулары тиіс. Бұл әкімшілік жолмен шешілетін мәселе емес. Әр қадамның ғылыми негізі болады. Соған сүйенсе, өздері де адаспайды, жұртты да адастырмайды.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын он бес томды соған жауапты азаматтар (атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын) мерзімін белгілеп қойып, көлемін асығыс толтырып, ұйымдастыру кезінде «мен білемге» салып, тез-тез шығарып тастады. Алайда артынан іле-шала сол он бес томға енбей қалған тағы бір том (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014) жарық көрді. Бұрынғы 10 томдық сөздіктің бар жұмысын атқарған өте тәжірибелі маман, профессор Байынқол Қалиев белгілі бір себептермен он бес томдықтың жұмысына тартылмағандықтан сөздік ішінде көптеген теориялық қателер кеткен. 13 мың сөз бен сөз тіркесі сөздікке енбей қалған. Оны тәжірибелі маман «Түсіндірме сөздік жасаудың теориясы мен практикасы» деген еңбегінде тізіп көрсетіп берді. Ал оны 15 томдық сөздікті жасаушылардың бірде-біреуі терістей алмады. Міне асығыстық пен жұртқа ортақ жұмысқа осы саланы білетін мамандарды түгел тартпаудың, «мен білемдіктің» кесірі. Профессор Б.Қалиевтің атқарған бұл қыруар жұмыстары 15 томдықты жетілдіруге енді көмегін тигізбес, бірақ болашаққа бағдар болары сөзсіз.

Латын қарпіндегі қазақ жазуының емле ережесін жасауда да дәл осы қателіктер қайталануы мүмкін. Әлі де зерттей түсуді қажет ететін мәселелердің барлығы емлені тез бекіту қажет деген асығыстықты тежей тұруды қалайды. Мәселен, үнді дауыссыздар *и* мен *у*-дың емлесі, бірге не бөлек жазылатын сөздер емлесі және шеттен енген сөздердің жазылуы бойынша тілші ғалымдар әлі де бір мәмілеге келген жоқ. БАҚ-та бұл мәселелер қызу талқылануда. Оның шешімі біреу – асықпай әрқайсысын жеке-жеке талқылап, оң-терісін өлшеп, тіл табиғаты үшін тиімдісін таңдап барып бір шешімге келу. Оған уақыт қажет екендігі белгілі. Қазір әлі піспеген, әлі жетілмеген емле ережемен қаржы шығарып, әліппе және басқа да қажетті оқулықтар басу немесе конвертер жасау не үшін керек? Ертең бәрі керексіз, жарамсыз болып қалатынын біле тұра мұндай қадамдарға бару зиянкестік емес пе? Алдымызда әлі жеті жыл уақыт бола тұра, алдымен асықпай жатық әліпби мен жақсы емле құрастырып алмай оны енгізуге кірісетіндей, осы бізді қуып келе жатқан қандай жын екендігін біле алмадық.

Үнді *у* және *и* дыбыстары бойынша ұсынылған тұжырымдамадағы ережеге көп ғалым қарсы. Бұл төл ережеміз болғандықтан оның тиімді-тиімсіз жақтарын әбден саралап алу керек. Мемлекеттік тілді дамыту институты өзінің <http://latyn.mtdi.kz> сайтында осы мәселені мамандарды қатыстыра

отырып біршама талқылады. Мұның лингвистикалық жағы баршаға түсінікті. Енді экономикалық және педагогикалық жағын әбден салмақтап, тіл, жазу мәдениетіне әсерін парықтап, сол салалардың мамандарын қатыстыра отырып бір шешімге келуіміз керек. Ұсынылған тұжырымдаманың жобасында бұл мәселе ескіше қалдырылған. Сондай-ақ у мен и дыбыстарының жаңа әліпбидегі таңбасы жөнінде уәжді ұсыныстар бар. Емлешілер бекітілген барға икемделмей, осы жөнінде де айтуы пікірлерге құлақ асуы тиіс.

Бірге және бөлек жазуды жеке ғалымның зерттеуіне, жеке көзқарасына сүйеніп шешуге болмас. Бұл мәселеге де осы саланы зерттеп жүрген өзге де мамандарды қатыстыра отырып, кеңесіп пішкен жөн.

Сынама жұмыстарының нәтижесіне сүйеніп, әліпбиімізге келмей тұрған 4-5 таңбаның мәселесін шешіп алуымыз керек. Пернетақтадағы 26 латын таңбасы жетпегендіктен кейбір дыбыстарды таңбалау үшін әліпби ұсынушылар өткен ғасырдағы механикалық екі рет басу тәсілдерін қолданған. Қазіргі таңда қазақ тілінің сингармонизм заңына негізделген жасанды интеллектке, инновациялық заманауи тәсілдерге, бүгінгі IT технология жетістіктеріне жүгіну қажет. Меніңше, ә, ө, ү, і дыбыстарына пернетақтадан орын іздеп керегі жоқ. Олардың басын әрі түртіп, бері түртіп (А', Ä) немесе қосақтап (AE) әуре болмай, тарихқа, тәжірибеге жүгінейік. А.Байтұрсынұлы қазақ жазуының тарихында «төте жазу» деген атпен 1929 жылға шейін қолданылған өз әліпбиінде дауыстылардың сөз ішінде бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке айтылу заңдылығына сүйеніп, олардың жуан-жіңішке түрлерін бір-ақ таңбамен беріп, сөз алдына дәйекше қойып отырғаны белгілі. Қазір бізге пернетақтада тек жуан дыбыстарды ғана белгілеп, бірақ мониторға немесе принтерден қағазға олардың жіңішке, нормаға сай дұрыс жазылу нұсқасын шығарып беретін, сингармонизм заңына сүйенген электронды бағдарлама керек. Мәселен, Аlурбі деп тереміз. Ал ол бағдарлама арқасында немесе бір нүктені басу арқылы автоматты түрде мониторға Әlурбі немесе Älурбі болып шығады, қағазға да солай басылады. Сонда төрт жіңішке дауысты дыбысқа пернетақтадағы 26 таңбаның ішінен жеке таңба іздеп жатпаймыз. Олар жуан дауыстылардың таңбасымен теріледі, бірақ көзге сингармонизм заңына негізделген бағдарлама арқылы өзгертілген жеке таңба ретінде көрінеді. Қолмен жазғанда, қағазда, әліппеге басқанда, әліпби тізбесінде жеке таңба ретінде тұрады. Тіпті оларды жаңа әліпбиде көз үйренген Ө,Ә күйінде қалдыра берсе де болады, өйткені пернетақтада олар жуан нұсқасымен ғана теріледі. Қазіргі жастар бір-бірімен хат алмасқанда амалсыз солай қолданып та жүр. Қазір ХХІ ғасыр. Ақаңның кезіндегідей әріптерді қорғасын қалыпқа құятын кез емес. Қазір компьютерге жақындап сөйлеп-ақ сөзіңізді термей өзі басып шығаратын бағдарламалар жасалды. Желінің арғы басынан жіберілген жобаны өзіңнен дайын материал күйінде шығарып алатын 3D принтерлердің заманы келді. Енді сипырлы Қазақстанға айналамыз деп қыруар қаржы жұмсағалы жатқанда, өткен ғасырдағыдай әріптерді қосақтап немесе қолмен екі басып таңбалап, механикаға бет қоюымыз естіген елден ұят. Сондықтан IT мамандардың бүгінгі міндеті – қазақ тілінің үндестік заңына арнап бағдарлама жасау. Яғни Ақаңның кешегі дәйекшесінің қызметін бүгінгі электрон бағдарламаға жүктеу. Ең басты жұмыс – алдымен әліпбиімізді түзеп алу. Қисық әліпбиімен түзу емле шықпас. Ал қисық әліпбиге емлені бұрып, икемдеу дегеніміз – мәселенің ғылыми негізін елемей деген сөз. Емле жасаушылар керісінше, негізсіз, ойдан алынған таңбаларды қолдану барысындағы қиындықтарды көрсетіп, ұлттық комиссияға өз ұсыныстарын айтып, пысықтауға мерзім сұраулары тиіс.

Шеттен енген сөздерді жазудағы тұжырымдамадағы талаптар бүгінгі күні жүзеге аспайтын, ертең жоғары жақта бекітілер кезде белден басып тоқтатылатын қадамдар болып табылады. Орыс тілінің орфографиялық нормасымен еніп, тілімізде тұтасып тұрған сан мыңдаған термин сөздерге бір-ақ ережемен бірден қазақы шапан кигізу мүмкін емес. Сөз түп нұсқасынан оғаш көрініп, бірден көпшіліктің жаппай қарсылығын тудырады. Ең бастысы орыс, ағылшын және т.б тілден енген сөздер былай жазылсын деген типтік ережелер жасау мүмкін де емес, өйткені ол тілдер жалғамалы тілдерге жатпайды. Ол тілдердің типі бөлек, яғни сөз құрамы мен дыбыстарының тіркесімі бөлекше болып келеді. Мәселен, осы жұмыстармен өз бетінше айналысып жүрген Табылды Каюповтың базасында 96 мың қолданыстағы қазақ сөздері бар. Оның 38 мыңы қазақтың төл сөздері, 58 мыңы басқа тілден енген сөздер. Қазақтың төл сөздерінің де кирилл әріптерінің қолдану аясын арттыру мақсатында и, у, я, ю әріптері енгізілгендіктен 12 мыңы қате жазылған. Сөйтіп 70 мың сөзді дұрыстау қажет. Әрине, осынша сөзді қолмен екі жылда да талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан мұны өндеуге компьютерлік бағдарламалар қолдануды және төмендегідей топтар құруды ұсынады – автор:

► 1. Өңделмей латын әріптеріне өткізілетін сөздер саны шамамен 26 мыңдай болады. Оны да бір топ ғалым саралауы керек.

- ▶ 2. И, у, я, ю әріптері кездесетін 12 мыңға жуық қате сөздерді икемдейтін топ.
- ▶ 3. Таза орыс сөздерін икемдейтін топ.
- ▶ 4. Латынша және медициналық терминдерді икемдейтін топ.
- ▶ 5. Діни сөздерді икемдейтін топ.
- ▶ 6. Жер, су, адам аттарын икемдейтін топ.
- ▶ 7. Басқа сөздерді икемдейтін топ.

Меніңше, көңілге қонатын жұмыстар. Осындай мамандарды тартып, кеңесіп пішкен тон келте болмас еді. Басында оларды латынның 26 қарпінде тұрған нұсқасымен-ақ қабылдап, содан кейін бірте-бірте *Мәскеу, Бейжің, Ресей, машина, стансы, мәйкі* деген сияқты өзіміздің төл әліпбиімізге икемдей берсек болар еді. Оларды аудару немесе өз тілімізге икемдеу үрдісі үздіксіз жүріп отыратындығы белгілі. Шеттен енетін сөздер қазақтың төл таңбаларымен таңбалану жағынан келгенде бірнеше категорияларға бөлінеді: таңбалануы бірдей, сәл өзгеше және мүлдем танылуы қиын және т.б. Латын қарпіне көшкенде шеттен енген сөздерді оқып-жазуда мүлдем сауатсыздыққа ұшырамас үшін және көптің қарсылығына ұшырамас үшін бізге қазір бұларды бірден емес, біртіндеп игеру позициясын ұстану қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Қазақ тілі XIX ғасырға шейін жазуға байланбай ауызша дамыған, соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің өте жақсы жетілген, онда сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында келетін дыбыстардың көп өзгеріске ұшырамайды және қазақ тілінде хат тану үшін 1 сыныптың баласына төрт-ақ апта қажет. Сондықтан емле жасауға уақытты көбейтіп, латынды енгізуге мерзімді азайту қажет. Жоғарыдан уақыт сұрап ғалымдар кеңінен отырып талқылайтын ең басты мәселелер бірге және бөлек жазылатын сөздер, дауыссыз и және у дыбыстарының емлесі, шеттен енген сөздердің жазылуы. сондай-ақ орфографиялық жұмыстар бойынша кейбір бұрынғы талаптарға негізделген ережелерді қайта қарау үшін осы салаға қатысты мамандарды түгел тартып, әлі де талқылай түсуді ұсынамын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://www.facebook.com/bizhomart.kapalbek.3>
2. <http://www.qamshy.kz/article/minaw-meninh-bilgenim-latin-zhayli.html>

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ЖӘНЕ КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІ ФОРМАЛДЫ БЕЙІМДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ф.ғ.д., доцент **Қ.Ж.АЙДАРБЕК**
ф.ғ.к. **ЖОНКЕШОВ Б.С.**^{4*}

Түйіндеме:

Мақалада латын графикасына өту жағдайында кірме терминдерді формалды бейімдеу мәселелері сөз болады.

Қазіргі таңдағы кірме сөздердің басым көпшілігі, дәлірек айтқанда 90% терминология үлесіне жататыны ешбір күмән келтірмейді. Кірме инновацияларды игеру – бұл көпәспектiлi тiлдiк үдерiс болып табылады. Оның негiзгi екi түрi ажыратылып көрсетiледi: формалды және функционалды. Латын әлiпбиiне көшу барысында терминология үшiн ең күрделi мәселелердiң бiрi – кiрме терминологиялық инновациялардың формалды бейiмделуi болып келетiнi сөзсiз. Әрине, функционалды бейiмдеу де әрi қарай жүргiзiлетiнi заңды, өйткенi бейуәждi терминнен гөрi, уәждi терминнiң ұлттық тiл иелерi үшiн ұтымды болатыны мәлiм. Бiрақ, мұндай сәтгiлiк жайттар жиi кездесе бермейтiнi де анық. Сондықтан да, латын әлiпбиi негiзiнде кiрме терминдердi формалды бейiмдеу мәселелерi үлкен арнайы ғылыми жоба аясында зерттелiп, жете қарастырылатын сұрақтардың бiрi болып саналады.

Тiрек сөздер: латын графикасы, кiрме терминология, терминологиялық инновациялар, функционалды бейiмдеу, формалды бейiмдеу

ROBLEMS OF FORMAL ADAPTATION OF LATIN GRAPHICS AND BORROWED TERMS

Abstract:

The article deals with the formal adaptation of borrowed terms in Latin script.

There is no doubt that the vast majority or more precisely 90% of borrowed words are terms. Acquisition of borrowed innovation is a multidisciplinary language process. There are two of its main types are distinguished: formal and functional. One of the most difficult issues for the Latin alphabet is the formal adaptation of borrowed terminological innovations. Certainly, functional adaptation is also legitimate, since it is well-known that the motivated term is more profitable for the national language owners rather than an indifferent term. But it is clear that such lucky situation does not happen often. Therefore, the formal adaptation of the terms of the Latin alphabet is one of the most studied and researched within the framework of a very special scientific project.

Key words: Latin graphics, borrowed terminology, terminological innovations, functional adaptation, formal adaptation

КІРІСПЕ

Уақыт өмірдің ақиқатына бойымыз үйренбей жатып-ақ, оны жылдам өзгертеді. Мәселен, Қазақстандағы қазіргі буын жаңа ақпараттық қоғамның, яғни білімге негізделген феноменнің қалыптасуына куә болды. Ортағасырлардағы латын Қайта өрлеу дәуіріндегі ғылым мен технология тілі болған секілді ағылшын тілі де қазіргі ақпараттық өркениеттің, яғни цифрландыру заманының негізгі тіліне айналды. Сондықтан да ағылшын тілін меңгеру және латын әліпбиіне өту – заман талабы.

Статистикаға сәйкес, әлемдегі елдердің 80 %-ға жуығы латын әліпбиін қолданады екен. Латын әліпбиіне көшу еліміздің әлемдік ақпараттық және виртуалды кеңістікке жылдам еніп, әрі қарай технология және экономикалық жағынан ұмтыла дамитынына еш күмән жоқ. Қазақстан ғалымдарының жалпы пікірі бойынша, бұл жай ғана әліпбиді ауыстыру емес, бұл біз үшін өркениетті таңдау болмақ, бұл ашық әлемнің бір бөлігі болуға ұмтылуды, прогреске бағытталуды растайды.

⁴ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, tilbilimi@tbi.kz

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ әліпбиін латындандыру қажеттілігі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанды жаңғырту жөніндегі стратегиялық жопарының негізгі жоспары болып табылады. Қазақстан халықтар ассамблеясының 2006 жылғы отырысында Елбасы қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру туралы мәселені қарастыру қажеттігін мәлімдеген болатын. Ал 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы» атты Жолдауында Елбасы «...Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен біріге түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп мәлімдеген болатын. Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жуырдағы бағдарламалық мақаласында көпшіліктің санасын сапалы түрде өзгерту және қазақстандықтардың идеологиясын жаңғырту қажеттілігі негізделген.

Мақалада қазақ әліпбиін латынға негізделген жазуға көшіру екі негізгі фактор арқылы айғақталған: ұлттық бірегейлікті сақтау және компьютерлік сауаттылықты арттыруға, шет тілдері мен мәдени ашықтықты білуге байланысты Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін күшейту. Осы негізде жаңғырылған Қазақстан өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап, жаһандық өзгерістерге оңтайлы бейімделуі тиіс. Латын әліпбиіне көшу идеясы бекерден-бекер туындай салған жоқ. Басқа да Шығыс елдері мен халықтарының латын әліпбиіне көшу бойынша тиімді тәжірибесі бар. КСРО ыдырағаннан кейін бірқатар республика кирилл әліпбиін қолданудан бас тартты. Қазіргі таңда ТМД-ның бес түркітілдес елінің үшеуі латын әліпбиіне көшкен, олар – Әзірбайжан, Өзбекстан және Түркіменстан. Бұл саланың көшбасшысы Әзірбайжан болып шықты. 1991 жылы латын жазуына ауысқан әзірбайжан әліпбиі түркі тілінің орфографиялық нормаларына жақындау болды.

1992–1993 жылдары Әзірбайжаннан кейін бұл істі Түркмения қолға алды, мұнда 2000 жылдан бастап латын жазуы түркімен тіліндегі бірден-бір рұқсат етілген жазу түріне айналды, ал кирилл әліпбиі толық қолданыстан шығарылды. 1993 жылы өзбек әліпбиін латын әліпбиіне көшіру туралы заң жарияланып, бұл заң 1996 жылы іске асырылды. Туысқан халықтар үшін бірыңғай коммуникациялық база жасау – түп-тамырға оралу. Латын жазуына өту арқылы туыстас халықтар жаңа өркениет негізінде жақындасады. ТМД-ның түркітілдес елдерінің қатарына жатпайтын Молдова латын жазуына сонау 1989 жылы өткен, бұл ел іс жүзінде латындалған румын әліпбиін қолданады. Кирилл жазуы байырғы заманнан бері қолданылып келе жатқан бұрынғы кеңес республикаларының ішінде де бұл жазудан бас тарту идеясы болды. Украинаның бұрынғы президенті Виктор Ющенко 2005 жылы латын әліпбиіне көшу туралы декреттің жобасын дайындаған болатын. Бұл өзгерістер құжатта айтылғанда, «Украинаның ЕО құрылымдарына бірігуін жылдамдату» мақсатында біртіндеп енгізілуі тиіс болатын.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың латын әліпбиіне өту туралы мақаласы жарияланғаннан кейін бұл мәселе Қырғыз елінде де көтеріліп жатыр. 13 сәуір күні «АтаМекен» фракциясының атынан парламент депутаты Қаныбек Иманәлиев қырғыз әліпбиін латын әліпбиіне өзгерту туралы ұсыныс жасаған болатын. «Түркіментаң, Өзбекстан, қазір Қазақстан латын әліпбиіне өтіп жатыр, – деп мәлімдеді ол пленарлық отырыста. Қазір бұл мәселеге бізде қаражаттың жоқ екені белгілі, бірақ біраз уақыттан кейін, 2030-2040 жылдары, бұл істі жүзеге асыру керек». Депутаттың пікірінше, Қырғыз елінде латын жөніндегі мамандарды қазірден бастап дайындау қажет, өйткені латын әліпбиін қолдану – «заман және қарыштап дамыған технология талабы». Сонымен қатар кирилл жазуынан бас тарту қырғыздардың ұлттық бірегейлігін сақтауға көмектесу керек. Интеллектуалды топтың кейбір өкілдері бұл идеяға қолдау көрсетіп, өз пікірлерін білдіріп те қалды. «Латын жазуына ауысу түркі әлеміне қарай таңдау жасау деген үнемі айтылып келе жатқан пікір бар, – деді Қырғыз-Ресей славян университетінің профессоры Осмонакун Ибраимов, – Белгілі бір деңгейде бұл рас, бірақ бұл басқа таңдау. Бұл мемлекеттің тәуелсіздігін сақтауға деген таңдау. Бұл бізді ата-бабаларымыздың жүз жылдар бойы емес, мың жылдар бойы ұмтылған мақсаты».

Қазақ тілін латын жазуына көшірудің белсенді кезеңі 2017 жылдың сәуір айында Елбасы қазақстандықтарға «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын ұсынған сәттен басталды. «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс», - деп президент үкіметке тапсырды.

Қыркүйектің басында мәжілісте «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» ашық [парламенттік тыңдалым](#) болды. Тыңдалымда белгілі бір маңызды мәселелер ресми түрде талқыланып, нәтижесінде тиісті ұсыныстар тізімі жасалады. Тыңдалым барысында латын жазуына негізделген қазақ әліпбиін әзірлеу жөніндегі жұмысшы топ басшысы мәжілісмендерге диграф (екі әріптің бір дыбысты беруін білдіреді) негізіндегі әліпбиді ұсынған болатын.

Бір айдан соң, Нұрсұлтан Назарбаев жұмысшы топтың мүшелерімен кездесті. «Бірде бір ел өзінің жаңа әліпбиін қоғам талқысына салған емес. Біз үшін әр адамның ойы маңызды. Президент әкімшілігіне латын әліпбиіне көшу турасында 300-ге жуық ұсыныс түсті» деді Елбасы. Президентке диграфтың орнына дәйекшесі ([апострофтар](#)) бар әліпбидің басқа нұсқасы ұсынылды. Екі жарым апта өткен соң, Елбасы дәйекше қолданылған нұсқаны бекітіп, қазақ тілінің әліпбиін кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. «*Менің тұжырымдауымша, барлығында консенсус бар. Ғалымдар, тіл мамандары, саясаткерлер, жастар, ассамблея, басқа халықтардың ой-пікірін білдік. Жалпы қоғамда қолдау бар*», - деп түсіндірді Н.Назарбаев өз шешімін. Жарлыққа сәйкес, республикада Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрылған.

Қазіргі таңда Қазақстан «бір ел – бір тіл – бір ұлт» стратегиясын іске асырып жатыр. Латын әліпбиіне өтудегі басты мақсат – мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру және оның болашағын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда бұл ширек ғасыр бойы күн тәртібінде тұрған тіл мәселесін шешудің ең ұтымды тәсілі екенін көпшілік айдан анық түсінеді. Бізге туыстас Түркияның үлгісіне сәйкес, ыңғайлылығымен әрі қолданылуы жағынан әмбебаптылығымен ерекшеленетін бұл жазу Қазақстандағы электронды байланыс жүйелерін дамытып қана қоймайды, сондай-ақ әлемдік интернет-технологияларын игеруді үдете түседі. Олай болса, жаңғыртылған қазақ тілі заман талабына жауап беріп, жеке қазақстандықтың бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді, республикамыздың әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың жан-жақты дамуына көмектеседі. Бұл мемлекетті жан-жақты дамыту, ең бастысы, оның мемлекеттік тілін дамыту мүдделеріне сай келеді.

Сөйтіп, жаппай латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу жалпы әлемдік жаһандану үдерістерінің міндетті өркениетті талабы болып саналады. Жалпы латын әліпбиінің өзі жайлы айтар болсақ, әрине бұл графика көптеген кемшеліктерге ие кириллицаға қарағанда әлде қайда ыңғайлы болып келеді. Шын мәнісіне келгенде, кириллица әліпби де емес, мәселен «я» және «ю» сияқты әріптері буындық графемалар ретінде ешбір фонеманы айқындамайды. Ал бұл, өз кезегінде өзге тілділерді былай қойғанда, өз ана тілінде сөйлеп бастаған балалардың орыстың кириллицаға негізделген әліпбиін бастапқы меңгеруінде көптеген қиындықтарға алып келеді.

Осыған орай, өз ана тілін білмейтіндерге немесе өзге тілділерге қазақ тілін оқыту үдерісі барысында ортақ әліпби салдарынан туындайтын кемшіліктер жайында айтып жатудың қажеті де жоқ. Алайда, бір мысал келтіре кетейік: мәселен, орыс және қазақ әліпбилерінде «ы» секілді ортақ таңбалар бар, бірақ екеуі мүлдем екі басқа дыбысты айқындайтыны белгілі. Осы ретте, орыс тілді студенттер таңбаның бір болғанына орай және бала кезінен «*дым*», «*сыр*», «*мыло*» деп дағдыланып үйреніп алғандар, қазақ тілінің аталған таңбасы бар сөздерін де солайша оқып айтатыны заңды, мысалы: «*тамыз*», «*мамыр*», «*қырық*».

Осымен байланысты, көптеген Кавказ және солтүстік халықтарының өкілдері де бірауыздан 1930 жылдардың аяғына дейін қолданған латын әліпбиі негізінде өз ұлт тілдерінде кейіннен енгізілген кириллицаға қарағанда оқып жазу ыңғайлығы жайында айтатындары да түсінікті. Бұл ретте кезінде айтылған: «Неғұрлым тілдер графикасы жақын болса, соғұрлым орыс тілін меңгеру оңай болады. Сондықтан да Кенестер Одағына кіретін басқа халықтарға қарағанда қазақ халқы орыс тілін жетік меңгереді. Ал жазуы мүлдем басқа, мәселен грузин немесе армян халықтарының өкілдеріне қаншама орыс тілін үйретсең де акцент болады», - деген пікірмен толық келісуге болады.

XIX ғасырдың басы мен жалпы аталған ғасыр бойы Германия және де солтүстік Еуропаның басқа да мемлекеттерінде готикалық графика пайдаланылып, барлық баспа өнімдері тек осы графика негізінде жарық көргені белгілі. Қазірде кез келген адам готиканы оқи бермейді, ол үшін арнайы білім қажет. Дегенмен, осының салдарынан мәдени сабақтастық үзілді деп айта алмаймыз. Біздің ойымызша, латынға көшу кітапшығармашылық ісінің, жаңа әліпбиді қолданатын баспа ісінің кенекімен ұлғасатын болса, бар мұраның жоғалуына алып келмейтіні сөзсіз. Оның үстіне, кириллица ұзақ жылдар бойы халқымыздың басым көпшілігі үшін таныс және түсінікті болып қалатыны да анық.

Вәзирләр шаһка эндәшкәндә һәр очрақта да *сез* алмашлығын кулланып. «Төхфә-и мәрдан» поэмасында юлбасарлар турында хикәят бар. Анда вәзир ил башлығыннан юлбасарлар арасындагы бер әсир егетне азат итүне сорый: Диде: *И падишаһ һәр ду милләт*, / Мәнем жанымға салғыл төрлүк миннәт / *Сәнең* чөн фида булсун қолың жаны [9: 66а].

Бу – бердәнбер очрак.

Поэмаларда хәммал, утынчы, балыкчы, карт һәм яшь егет, ир һәм хатын, егет белән кыз бер-берсенә син дип эндәшәләр. Гади гарәп кешесе дә шаһка син дип мөрәжәгать итә: Кем сәңа кәлдәм, *халифә*, бу заман [5: 49а].

Эндәш сүзләр янында кулланылган син, сез алмашлыкларыннан, сез дип эндәшү югары дәрәжәдәге кешеләр арасында күзәтелгән: вәзирләр шаһларга сез дип мөрәжәгать иткәннәр.

Аллага, Мөхәммәд пәйгамбәргә эндәшү поэмаларда зур урын алып тора. Аллага аның сыйфатларын атап һәм сән дип эндәшү актив: Әйде: И көдрәт изәсе, кардигәр, / Тәүбә кылдым, *сән* кәчүр, пәрвәдигәр [9: 53б]. Бу башка истәлекләрдә дә, мәсәлән, Мөхәммәд Әминнең “Гыйкаб” шигырендә, Өмми Кәмал ижатында да шулай: Йә илаһи, әйлә ул бәндәнне сән [10: 60], Илаһи өстүмезә рәхмәтең сәч / Сәңа лайық қани ағыз вә делсүз [6: 41].

Килешләр	Өмми Кәмал әсәрләрендә	Мисаллар
Б.к.	без	чөн хәбәр ширдүк нәбидән сәңа без [6: 51]
И.к.	безем, безин	Ул безә бездән йақындур безинчүн андан йырак [6: 68] Ул ниғмәт кәчмәз ди безем хәтеремездән [6: 56]
Ю.к.	безә безгә	Бал шәкәрдән әмлах ширин кәлүр безә [6: 67] [6: 35] Дөһйә ниғмәтләрене ул ширде безгә [6: 63]
Т.к.	безе	Мәгәр ул мөршид камил қыла безе аңа васыйл [6: 64] [6: 35]
Ч.к.	бездән, беземдән	Хушнуд ул анлардан һәм бездән қаму [6: 35] Вәли һич күрмәде бонлар беземдән [6: 73]
У.-в.к.	Бездә безләрдә	Бездә хәрам, хаталар бигәдәд [6: 35] Бу йулда вәр делем пәрдә нә қылалум кә безләрдә [6: 64]

Язылышларына мисаллар: بزده رحم [6: 44]; بزيم مقصوديمز طيونكدان اولدور [6: 46]; بز دخى آندان روايت قىلالوم [6: 42]; ايله سن قيل كيرى يارى [6: 44]; بزى محتاج قيلمه غيرى بابه [6: 63]; دنيا نعمتلىرىنى اول وپردى بزكارايكان [6: 42].

«Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» истәлегендә I зат күплек сан алмашлығының *بىزلار* *безләр* варианты очрый [1: 64а].

Казан ханлығы чоры истәлекләрендә 3 зат күпл. сан анлар һәм алар (хәзерге татар әдәби теле формасы) вариантларында килә, әмма *анлар* формасы – кулланылыш ешлығы ягыннан активрак.

Мөхәммәдьяр әсәрләрендә 3зат күпл. с. алмашлығы *анлар* һәм *алар* вариантларында: Үлтүрүб *аларны* ғаси булдилар [9: 66б]; Чықарыб данкене бирде *аларга* [9: 62б]; *Аларның* бу тарикә мәғишәтләри [9: 62б]; *Анлар* илә бергә булғандур йәкин [9:66]; Шәмғун *анлардин* ойалыб ул заман [5: 56]. Бу алмашлыкларның төрләнешендә бары бер очракта ғына уғыз формасы очрады.

III зат күплек санда *анлар* формасы бик актив: *һайбәтилә кәләчәк анлар сәңа / һәм кәрәк дүрт әрмәган анда аңа* [6: 48].

“Сираб әл-кулуб” әсәрәндә алар, анлар, улар вариантлары кулланыла [4: 158].

III затның күплек сан алмашлығы «Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» истәлегендә бары тик алар формасында ғына килә һәм әңгәмәгә катнашмаган затларны белдерә: *الارى* аларны [1: 61а].

Сәхибгәрәй хан ярлығында урын алган зат алмашлыклары күп түгел: безгә вә безнең оруғымызга доға вә алқыш қылсынлар [7], Мин бәғьд бу мөшарен иләйһимларға йулларында вә инләрендә, [7]. Шулай да *мин, безнең* формалары бу ярлықта шул чор халық сөйләм теленә хас формалар урын алған икәнлеген күрсәтә.

Күрсәтү алмашлыклары. Өйрәнелә торған истәлекләрдә бу, ул, у, ошбу, ушал, әһле, шул, шу кебек күрсәтү алмашлыклары урын ала.

Мөхәммәдьяр поэмаларында *ул* күрсәтү алмашлығы гаять актив кулланылышка ия: Ул қуй арыды, ғәкибәт тотдуң аны [5: 45 а], Ул борунғи рузгярда, и йегет [5: 46], Бер хәммал бар ирди, хуш ишет, Ул йегет мескин ойалыб тик торур [5: 61 а], Кереб қаплан ул қызыны үлтүрүб [9: 56б], Ул шәһәрдин кәчәрәндә кем һаман Йадиға килде Зәргәр ул заман [9:56б]. Мөхәммәдьярның “Нәсыйхәт” шигырендә *ул* алмашлығы өч урында килә, әмма бер очракта *у* рәвешендә бирелә: У хәсрәтдин дәхи башы ағармыш [3: 309]. Ул алмашлығы поэмаларда иң күп кулланылган сүз (285 тапқыр), әмма бер генә урында да қыскартылған варианты очрамады. Бу очракка мисаллар Өмми Кәмал ижатында күп: У тапасының бере алтун ула бере көмүш [6: 55]; У тапасыларда ула шул тәғәмләр кә аны [6: 55].

Бу алмашлығы да әлеге автор поэмаларында еш айдаланыла: Бу қаптан қылды, күр, мәрданәлық [9: 56б], Бу күнүл куймас мәне аһ wә аһ, Бу күнүлдин сақла мәне, и илаһ [9: 54б], Мон бигин эш адәмигә төшмәгәй / Мән тиггән утға кеши пешмәгәй [9: 54б], Бақ ни эшләр бу фәләк гәрдешенә. [9: 56б], Бер заман мең төрлүк утға йақмаңыз, Бәргәзин бу хәстә хатрен сақлаңыз [9: 56б], Шаһ үзе бу вәғдәне белүр иди, Ошбу эшнен чарәсын қылуи иди [9: 52б].

Килеш белән төрләнгендә бары тик *м* варианты гына килә: Шаһ ди: «И қызым, бер йылга *монда* қарар [9: 53а], *Мондин* үзгә безгә йахшы йуқ һаман [9: 65 б.], Шаһ күрүр (һәм) һич кеши күрмәс *мони*, Бу ғәжәб сер, һич кеши белмәс *мони* [9: 52а], Ишетәб Гәлруй бичарә, мескин / Монуң бу сүзендин булды ғәмгин [9: 48а], Ики кемсә ултурур *монлар* ара [9: 52а], Шаһ булүб *монлар* эшендин сәһемнак [9: 52а].

Бу әсәрләрдә *ошбу* алмашлығы да кулланыла, әмма статистик тикшерү аның азрак санда булуын күрсәтә: Ошбу Зәргәр йаман йәкжәһәт иде [9: 57б], Жәмиғ қылдым ошбу «Тәхфә-намә»ни [9:64б], Шаһ атыға бетедем ошбу китаб [5: 56б], Ошбу диннен хәқлықына йуқ сүзем [5: 59], Ошбу ирди мәғнәси, әйтәйем сәңа [5:58], Ишетәнез ошбу сүзни хәсс-wә ғәм [5: 46].

"Нур-и содур" поэмасында берничә очрақта автор гәрәп теленнен кәргән *әһле* алмашлығын куллана: Күчтиләр *әһле* йортдин аңлар қәмуғ[5: 48]. Бу алмашлық Өмми Кәмал ижатында да очрый: Әһле бәйге табгыйн әһйәр өчүн [6: 38].

«Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» әсәрнендә бу алмашлығы очрый: غزاة اهلينغه عالمدا يو بر حسن لطافت بار [ЗвК. 60б], يو اولومنينك خوفيدين چشمه حيوان تترايور, [1: 60б], يو خبر مصطفوى من رمى في سبيل الله تعالى [ЗвК. 61б], يو بريدن بولماسون هيچ, [1: 61б], ابرور يو بير هميشه دنيا دا خان ابن خان شهرى, [1: 61б], سببدين و هم ايتيب خان بلکه سلطان تترايور يو بريدن بولماسون هيچ [1: 62а].

Өмми Кәмал шигырьләрендә *шул* алмашлығы еш кулланыла: Шул кеше кем бер өчүн икәдә [6: 69]; Мостафа шул тәғәт эчрә [6: 68]; Шул шәһид улан мөжәһидләр хақы [6: 39].

Шагыйрь ижатында бу алмашлыкның борыңгы *шу* варианты да актив: Шу қош биге дөшәрүз данә үзрә [5: 74]; Дийә күтәр арадан шу пәрдә дәхи кем [5: 56]. Ана шу рәсемә хуш аواز бирә аллаһ [5: 56]. Ишәдүр белүр шу кем һәр йалғузлар ишәдүр [5: 69].

Әлеге алмашлык текстларда исемләшеп, күплектә килә, тартым кушымчалары ала, шулай ук килеш белән төрләнәшенә дә шигырьләрдә мисаллар күп: *Шулары* кем аныңла ашнәдүр [6: 70]; Зи сәғәдәт тәңредән *шунлара* кем йаруңгы көн [6: 68]; кәлдүк имди *шунлары* қыл син фикер [6: 48]; *Шуларың* хөрмәтичүн кем беләшдүр [6: 41]; *Шулар* һәр бере бер қоллықда эшдә [6: 41]; *Шулар* кем дөнә ачыла қарара [6: 41]; Қыш жәфада *шулар* кә қәһәрә туш улды / Йаз сафада *шулардур* кә улды лотфына туш [6: 8]; Күзен қашын *шуны* харжанисасын [5: 72]. Бойурды кем өмидемез *шуңадур* [5: 71]. *Шуны* шөйлә күрүргән кирү холқың [5: 71]. *Шуның* кә ғәреш көрсидән ундур бидайәте [5: 67].

Сорау алмашлықлары. Казан ханлығы истәлекләреннен, Мөхәммәдъяр әсәрләрендә нә / ни, кем, қайу, нимә, қайда, қайсы, қандин, қач кебек сорау алмашлықлары урын ала. Аларга мисаллар китерү белән чикләнәбез: Бәс, *ни* килсә башка, бел, телдин килүр [9: 57]; *Нәчә* тигәр ирди ғәкрәб үзени [9: 53]; *Кайу* кеше сабыр қылса ул мөдам [9: 53]; Йә *қачан* кем бетисә аны қәләм [5: 62]; Жәүһәршинас әйде: «Бу *қандин* килдә?» [9: 63б]; *Нәчә* қурла аһ оруб [9: 59а]; *Ни* сәбәбдин ихтияр иттең мәни [5: 45].

«Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» истәлегендә сорау алмашлықларына мисаллар күп түгел. *Кем* алмашлығы аерым затқа күрсәтә:

بو بريدن بولماسون هيچ سايه سى كے [1: 62а].

Әлеге әсәрдә бу алмашлыкның кулланылу ешлығы зур (ЗвК. 60а, 60 б, 61 а, 62а, 62а, 62а, 62 б, 63а, 63а, 63а, 63 б, 63 б, 63 б, 63 а, 63 а, 64 б, 64 б) [11: 383].

Нә алмашлығы«Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» текстында нә / ни вариантларында кулланыла [11: 393].

“Гыйкаб” шигырендә дә нә формасы урын ала: Нә жавап бирүр хода қашыда ул [10: 60].

Өмми Кәмал ижатында сорау алмашлықларына мисаллар гаять күп санда. Кем алмашлығына мисаллар китереп үтик: Ничә кем ғәжиз ғәиб йазуғыма [6: 73]; Тәмизең варисә кемдән кем аңла [6: 72]; Нә кем кәсеб итдүңисә йаз йәйен[6: 72]; Үземе күзләмә сүзем ишет кем [6: 71]; Без кемез кем сәңа лаиқ әрмәғән [6: 51]; Кем шәфәғәт қыла ул сәңа дәхи [6: 51]; бере улдур кем қыла халес ғәмәл [6:47]; Кем зинадан тәүбә қылса қортылуи [6: 47].

Нә күрдә кә күзләр, нә худ ишетде қолақлар,

Нә һич кемсәләреннен ул хатерендән кәчде,

Нә кемсә тукуды аны, нә дүкде, нә бечде [6: 55].

Нә һә аннан ясалған алмашлықтарны бу автор ижатында күпләп табарға була: Ничә мөәминләрнең буйнун чапарсән [6:71]; Айа, ғәфил, ничә йулдан сапарсән [6:70]; Ничәсе wasыф иде белә кем ул ғәйәте [6:69]; Ничә wasыф әйдәйем кем бу делем [6:35]; Нә қылды һәр тарафы дөрле хәлғәт буш [6:8]; Кә қылыч нәснә кискмәз қын эчендә [6:72]; Нәчә кәсрәйе йотды йийде бу йир [6:72]; Нәдән кәлдүн нә сән фикер илә даим [6:71]; Бу йулда war делем пәрде нә қылалум кә безләрде [6:64].

Ничә һәм нәчә вариантлары язуда чагылыш таба: نیچە һәм نیچە .

Шагыйрь ижатында борынғы қан- тамыры белән бәйле сорау алмашлықтары актив кулланыла: Сәйран улур ди қанда йөрүрсә аңа болут [6: 66]; Қани тәғәт мәжәл ирмәз [6: 55]; Кәрбан китде қани азук йарақ [6: 51]; Қанки адәмдә кә war улур мөлек [6: 50]; Делемездән дәлем йомшақ қани таш [6: 42]; Сәңа лайық қани ағыз wә дел сүз [6: 41]; Әй қани ташдан дүкән йирә зәләл [6: 40]; Жәһед идүб дурушмәгә тәкәт қани / мәнзилә ирүшмәгә тәғәт қани [6: 35]; Қанки айағын басар [6: 35].

Өмми Кәмал текстларында әлеге алмашлықтардан тыш, нинди? кайсы? мәғһәнәсәндә фарсы алынмасы чу алмашлығы еш очрый: چو توپراقدان ياراتيلدى تمنز Чу тупрақдан йаратылды тәнәмәз [6:19]; Чу тула күнәл уй қаранғулығылә аңа [6:57]; Чу туғры йул warымызым күрәрләр [6:73].

Колшәриф ижатында шулай ук қан- тамырлы сорау алмашлықтары кулланыла: Күзе йәшлиғ, бәғри башлиғ булмағунча булур қандин [2: 34]; Кәнже ғишқы кәрәк ирсә, алтун-көмүш чықса қандин [2: 34]; Қол Шәриф, атаң-анаң сәндин борынғылар қани [2: 29]; зари қылуб йығлайдур: «кайда ғәиб булдың?» - диб [2: 48].

Билгеләу алмашлықтары предмет, күренеш яки төшенчәләрне берәм-берәм яисә жыеп билгеләу өчен килә. Уз алмашлығы Мөхәммәдьяр ижатында актив һәм ул еш қына, мөстәкыйль кулланылып, тартым кушымчалары ала: Узләре бер хали йирдә йәшенәб [9: 65б], Наданлықдин уз башына йиткәнләр [9: 60б], Хөрмәт иткел үзүңдин бер йәш олуғны [9: 60а], Қылыб үзе төрлү, төрлү зарийәт [9: 59а], Зәргәр үзе қылған бәласына үзе грифтар булғаны [9: 55б].

Кәндү алмашлығы “Төхфәи мәрдан” поэмасында ике урында очрый: Кәндү фиғлендин үзе шәрмәндә булды [9: 49б], Кәндүнең дилзарлықны һөнәр белеб, үзене уртаға салыб, мәнмәнлеген күрсәтеб, Хушнәваны хурлағаны [9: 49б].

Шулай ук бу истәлекләрдә худ алмашлығы да бар: Адәми худ пак ирүр, аслы шәриф [9: 56б], И фәләк, сән худ ирүрсән биwафа [9: 54а]. Өмми Кәмал, Колшәриф ижатында да чагылыш таба: Нә ул Хак туғды кемсәдән нә худ кемсә туғар андан [9: 64], Ходайымның әмредин худ без өлкән имәсбез [2: 47].

Бу чор истәлекләрендә болардан тыш, барча, қамуғ / қаму , жәмлә, жәмиғ алмашлықтарын, шулай ук һәр сүзе катнашында ясалған алмашлықтарны билгеләргә мөмкин. Диде қызы: «И ходай кәрдиғяр, барча серне сән белүрсән әшқяр» [9: 62а]; Барчә ғәләм халқының солтаны сән [9: 51 б]; Һәр кем укуб, мәңа доға қылса [9: 64 б]; Барчамызың серредин ағяһ сән [9: 64 б], Жәмлә мөшқилләрне ул қылды хал [9: 46]; жәмлә йалғандур сүзүн [9: 58б]; Олуғ мән, димә, олуғ улдур – йаратқан, / Жәмиғ мәхлүк ирүрмәз жәмлә йәксән [5: 46б]; Ирүрсән жәмлә мәзлумләр пәнәһи [9: 43а]; Жәмиғ мәхлүк ирүрмәз жәмлә йәксән [9:46б]; Кем жәннәт эчендә, и дин олуғы / ғәнж, дәүләт, рәнж, миҳнәт – қамуғы [5: 46б]; Тел күни булса, күнүлүр әл, азақ / Күни булур барчасы бу күз, қолақ [5: 57]; Иғри булса тел, – қамуғы игелүр [5: 57]; И қамуғ ханлар ичрә намдар [5: 65]; Хәзрәтендин теләнү килдүк қамуғ [5: 64]; Йите иқлимдә қамуғ ханлар ханы [5: 61]; Хәк тәғәлә һәр әшкә қадир ирүр [9: 57 б]; ул утлуғ йәдрәләр кичәләр шәһәр эчендә һәр йиргә кем төшәр ирде [ЗвК. 63а], барчасыны йиргә төште тийү [ЗвК. 63а], һәрбер йәдрә ташы [ЗвК. 63 б], Каму талиб аны сөйләр дәнә көндүз [6: 64]; Бу каму мөлек Рум Чин эчендә [6: 72]; Қамусын сақла зинһар улма хайн [6: 74].

«Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» кульязмасында һәркем башка истәлекләрдән аермалы языла: هرکیم اوق آتسا لشکر کفار [1: 62а], کورسا کفار ایله هرکیم حرب ضرب ایامیدا [1: 60б], بو أجردا برکا دور هرکیم غزاة امیدیدا [1: 62а]. Башка очрақларның язылышына да мисаллар: һәрбер: ایرور میدان آرا هربری بر شیر [1: 62а], کیم کوکلراداکنواکب ثابتات [1: 63а]; барчасыны: حتمینا قران تاشیغه بتمان اول توپلارنینک هریر اولوغ جادره سی بار ایردی اول برکا اوزلارین یتکوروب جان و دل [1: 61б], هیئت برله آوزی بشلاب [1: 63а]; үзе: و سیاراتلارنی پارچاسینی برکا توشتی تیو برله مدد و معاونت بیریب کفار سیه کار برله محاربه و مقاتله قیلیب کافرلرنی بیقیب سونکولارین سندریب غازیلیق تشریفاتنی برله مشرف ایردی [1: 62б].

Юклық алмашлықтарынан һич алмашлығы XV-XVI ғасыр язма истәлекләрендә еш кулланыла. Йебе череген белде, һич кемсә алмады [9: 63б]; Алғыл нанны һич кем ирсә белмәсүн [9: 60б]; Аның имен һич утачы белмәғәй [9: 57б]; Мәңа сән қылмадың һичбер wафа [9: 54а] кебек мисалларға Мөхәммәдьяр әсәрләренән тағын да өстәп булыр иде. Өмми Кәмал ижатында да алар шактый: Кем йаланчының һич улмаз хөрмәте / һич сүзенә кемсә қылмаз рәғбәте [6: 48] Жәмләсенә

сәwәгә йукдур һич кеми [б: 51]; Нә һич кемсәләрнең ул хатерендән кәчде [б: 51]; Аны күрүб кәтүрмәйә һич бере тәкәт [б: 56]; Бу дәрдлү күңлемең һич уналмаз жәрәхәте [б: 67]; Кә бәңа һич мәдәд йук көндүземдән [б: 73], Бизәнде бинзады һәр бер дөккән бәззәә [б: 8].

«Зафәрнамә-и Вилайәт-и Казан» хезмәтендә юклық алмашлықларыннан *һичкем* алмашлығы очрый: *һичкем*: *هیچ کیم ایروسانینک عرصه سی یوق ایردی* [1:63a].

Шул рәвешле, истәлекләрдә барлық төр алмашлықлар да актив кулланылган. Бу чор язма истәлекләрендә зат алмашлықларының кыпчак вариантлары өстенлек иткән хәлдә, угыз һәм уйгыр формалары да урын ала, борыңгы төрки алмашлықлар да очрый.

ӘДӘБИЯТ

1. Зафер наме-и Вилайет-и Казан: рукопись // Фонд библиотеки Зейтиногуллары ильчи Таушанлы, N 2348 60a-64b.
2. Кол Шәриф И күңел, бу дөнъядыр: Гәзәлләр, кыйсса / Жыентыкны төзүче, текст һәм искәрмәләрне хәзерләүче, текстларның юлын-юлга тәржемә итүче, кереш сүз авторы филология фәннәре кандидаты Әнвәр Шәрипов. - Казан: Татар. кит. нәшр., 1997. – 93 б.
3. Мөхәммәдъяр. Нуры содур. Поэмалар, шигырь. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1997. – 336 б.
4. Наджип Ә.Н. Исследование по истории тюркских языков XI – XIV вв. / Ә.Н.Наджип. – М.: Наука, 1989. – 291 с.
5. Нур-и содур: рукопись поэмы // Рукописная коллекция ИВР РАН. Фонд тюркских рукописей. B4417.
6. Өмми Кәмал: рукопись // Фонд отдела редких книг Научной библиотеки имени Н.И.Лобачевского. №338.
7. Старотатарская деловая письменность XVIII века / сост. Ф. С. Фасеев. – Казань, 1982. – 171 с.
8. Тумашева Д. Г. Хәзерге татар әдәби теле. Морфология. – Казан: Казан ун-ты нәшр., 1978. – 221 б.
9. Тухфа-и мардан: рукопись поэмы Тухфа-и мардан (Тм): рукопись поэмы // Рукописная коллекция ИВР РАН. Фонд тюркских рукописей. B50.
10. Хәсәенов М.З. Тәварихы Болгария. – Казан, 1883. – С. 60.
11. Özyetgin M.A. Astrahanli Serifini 1550 tarihli zafer-namesi / A.M. Özyetgin. *Türkoloji Dergisi*, C. XI, S. 1,216 Ankara, 321-413.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Тех.ғ.к., проф. Г.И.САЛҒАРАЕВА *

Түйіндеме:

Латын графикасына көшу ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытады. Ақпарат пен технология дамыған заманда адамдардың бір-бірімен мәлімет алмасуына, қарым-қатынасында ақпараттық технологияларды кеңінен қолданып, қарқындап дамып келе жатқан заманауи ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

Мақалада Қазақстанның латын графикасында көшуде заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланудың жаңа мүмкіндіктері ашылатындығы туралы баяндалған. Сонымен қатар ақпараттық технология құралдарын пайдалана отырып кириллицадан латын графикасына ауыстырудың тиімді жолдары қарастырылған. Жаңа әліпби арнайы таңбаларды барынша қысқартып, Қазақстан азаматтарының заманауи компьютерлік технологияларды кеңінен пайдалану мүмкіндігін жеңілдетуі қажет. Ақпараттық технология ілгерілеген заманда латын графикасы технологиялық тілдерді дамытуға үлкен үлес қосады. Латын әліпбиі ғылыми жетістіктер мен ақпараттық-коммуникациялық технология негізіне айналып отыр.

Тірек сөздер: латын графикасы, ақпарат, коммуникация, технология, әліпби

THE POSSIBILITIES OF INFORMATION TECHNOLOGY IN THE TRANSITION OF LATIN GRAPHICS

Abstract:

The transition to the Latin graphics is developed information and communication technologies. In the time when knowledge and technology develops, it is necessary for people to exchange information with each other, using information technologies in their areas and creating a rapidly developing modern information society.

In the article considered that the Latin graphics opens new opportunities for using modern information technologies in Kazakhstan. There are also simple ways to convert Cyrillic alphabet into Latin graphics by using information technology. The new alphabet should reduce special characters and simplify the possibility of using the most modern computer technologies by Kazakhstan citizens. In the era of information technology, Latin graphics greatly contribute to the development of technological languages. The Latin alphabet is the basis of scientific achievements and information and communication technologies.

Keywords: Latin graphics, information, communication, technology, alphabet.

КІРІСПЕ

Елбасымыз республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер», - деді (Назарбаев, 2017).

Қазақстандық қоғам өкілдері 90-шы жылдардың бірінші жартысында қазақ тілінің графикасын өзгертудің орындылығы туралы мәселені алғаш рет көтерді. Алайда, сол уақытта әзірленген тұжырымдамалық негіздер практикалық қолданысқа ие бола алмады.

Келесі қадам 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев сөйлеген сөзінде жасалған болатын. Елбасы Н.Назарбаев латын графикасы әлемдік коммуникациялық кеңістікте басым екенін атап өтіп, мамандарға латын әліпбиіне көшу мүмкіндігі туралы мәселені талқылауға қайта оралуды ұсынды. Осыған байланысты, лингвист ғалымдар қазақ жазбасын қайта реформалау механизмдерін белсенді түрде іздестіруге кірісті. Қазақ халқы қашаннан өзінің ұшы-қиырсыз кең даласының табиғи-географиялық жағдайына байланысты орналасып, көшпелі, отырықшы ғұмыр кешкен. Атап айтқанда, түркі тілдес елдердің – Түркия, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстанның латын әліпбиін пайдаланған тәжірибесі, сондай-ақ 20-30-шы жылдардың соңында орын алған Қазақстанның тарихи тәжірибесі мұқият зерттелді.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, gulnaz_sal@mail.ru

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елбасы Қазақстан Халқына арнаған «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында латын қарпіне көшу мәселесіне тоқталып келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» десе, жаңа жыл қарсаңында отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «латын қарпі бізге дүниежүзінің халқымен, әлемнің ғылым-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуға тиіспіз» деп атап өткен болатын (Назарбаев, 2017).

Қазіргі уақытта қоғамдық сананы жаңғырту міндетін қалыптастыру практикалық салаға алып келді: жаңа әліпбиді қабылдау және қазақ тілін латын графикасына кезең-кезеңмен ауыстыру жоспары анықталды, қазақ тілшілері үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет болды, оның ішінде келесі үш мәселе қарастырылады.

Біріншіден, жаңа әліпби қазақ тілінің фонетикалық құрылымын пара-пар көрсетуі тиіс. Қазіргі уақытта қазақ әліпбиінде 42 әріп - орыс әліпбиінің 33 әріптері және тоғыз қазақтың ерекше әріптері бар. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі дыбыстардың барлық саны 28. Бір жағынан, лингвистиканың заңдарына сәйкес әріптер дыбыстардан аз болуы тиіс. Қазақстандық лингвистердің пікірінше, латын графикасы қолданылуға ыңғайлы және қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәлме-дәл жеткізе алады.

Екіншіден, жаңа графика графикалық жүйені механикалық ауыстырудың салдары ғана емес, ұлттық хатты түбегейлі реформалауға әкелуі тиіс. Ол үшін латын әліпбиі негізінде қазіргі заманғы ұлттық әліпбиді әзірлеу және жасау ғана емес, сонымен қатар жазудың жаңа креативті ережелерін жасау - жазбалардың бірыңғай ұлттық стандарты негізінде қазақ және кірме сөздерді орфографиялау қажет.

Үшіншіден, жаңа алфавит қазақстандық азаматтарға заманауи компьютерлік технологияларды пайдалануды барынша жеңілдетуі тиіс, бұл ерекше белгілерді барынша қысқарту кезінде мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдар ұсынылған латын графикасындағы қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартының жұмыс нұсқасын әзірледі. Ұсынылған нұсқада тек латын алфавитінің белгілері алынып, бүгінгі күні ол қоғамның барлық бөлімдерінде белсенді талқылануда, өйткені бұл әр адамның өмірдегі ең өзекті және маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Латын графикасына көшу мәселесімен қоса, орфография мәселесі де қатар жүреді. Себебі кирилл графикасы мен латын графикасындағы қазақ дыбыстарының таңбалануындағы өзгешеліктер орфографиялық мәселелерді туындатады. Осы мәселелер шешілмей, сауаттылық та жоғары деңгейге көтерілмейді. Сондықтан орфография мәселелері кезек күттірмейтін мәселе болып саналады.

XX ғасыр басында қазақ халқы бірнеше рет графика ауыстырғаны белгілі. Осы кезеңдерде жазуға үйреніп, сауатты жазу үшін әр түрлі сипаттағы шаралар жүзеге асырылды. Әрине, ол кездегі жазуға үйрету тәсілдері қазіргімен салыстыруға келе қоймас. Ол кезеңде арнайы сөздіктер шығарылып, дұрыс-бұрыстығын білу үшін сөздіктерге ғана жүгіне алатын. Қазіргі кезде де арнайы сөздіктер өз қажеттілігін жойған жоқ, дегенмен, техника мен технологиялардың дамуына байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр. Бүгінгі күні осы технологияларды қолданып латын графикасына өтуге байланысты сөздерді дұрыс жазып, емле мәселелерінің оңтайлы шешімін табуға қабілетті арнайы мобильді қосымшалар дайындауға болады.

Ақпараттық технология құралдарына техникалық, бағдарламалық, ақпараттық құралдар жататын болса, өз кезегінде техникалық құралдарға дербес компьютер, байланыс желілері, желі жабдықтары енеді. Техникалық жабдықтау мәселесіне тәуелді болып келетін ақпараттық технология түрі ақпаратты жинақтауға, өңдеуге мүмкіндік береді. Техникалық және ақпараттық жабдықтамаларға тікелей тәуелді болып келетін бағдарламалық құралдар жинақтау, өңдеу, талдау қызметін атқарады (Ермеков, Стифутина, 2013).

Латын графикасына көшуде ақпараттық технологияның атқаратын міндеті орасан зор. Ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында елімізге латын графикасын енгізу аса қатты қиындық туғыза қоймауы керек. Бұл заманауи ақпараттық технологиялық ортаның, коммуникацияның, яғни қазіргі кездегі ғылым мен білім беру процесінің ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін кириллицадан латын графикасына көшу - елдік, мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналды. Латын әліпбиін әлемнің дамыған елдерінің біразы қолданады. Ағылшын, неміс, француз, түрік тілдері секілді барлығының пайдаланып отырғаны – латын әліпбиіне негізделген жазу. Кеңестік бұғаудан босағаннан кейін түркі халықтарының біразы латын әліпбиіне көшіп кетті. Мұндай үлгі көрші және түп-тамыры жақын келетін Түркия елінде бар екен, алғаш рет бұл тәжірибені Әзірбайжан елі қолға алыпты. 1998 жылы Өзбекстанда осы графикаға көшу толық аяқталған. Мұндай тәжірибе Түркімен елінде де енгізілген. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін айқындайды.

Латын графикасына көшкен басқа елдердің тәжірибелерін ескеріп, қазақ тілінің төл дыбыстарының ерекшеліктері белгілерді таңдаумен анықталып, морфологиялық белгілерге негізделген орфографиялық ережелердің дұрыс жасалғаны біз үшін аса маңызды.

Латынша жазу жаңа технологиямен, прогреспен де байланысты, өйткені бүкіл атаулар, электрондық пошта т.б. латынша жазылады. Жаңа алфавиттің енгізілуінің басты үстемдігі - бұл латын алфавитіндегі мемлекеттік тілді оқи отырып, ағылшын тілін меңгеру жеңіл болады деген пікір. Сондықтан латын әліпбиіне көшу аса маңызды. Өйткені бұл процес уақыттан қалмай, әлем кеңістігімен біте қайнаса отырып, өз болмысымызды жоғалтпай даму қажеттілігін алға тартады. Қазіргі кезде компьютер, смартфон сияқты құрылғылар нарығы тез қарқында дамып жатқандықтан, жаңа графиканы енгізу қажеттілігін уақыт талап етіп отыр, әрі қазіргі кезде компьютерлік сауаттылық жағы көпшілік арасында мәнді өсіп келеді.

Компьютердегі жазу графикасының негізгі драйвері - латын тілі. Сондықтан компьютерлік пернетақта туралы тоқталып өтейік.

Бір мезгілде пернетақтадан үш қаріпті, яғни қазақ, орыс, латын қаріптерін пайдаланған қолданушы оның өте қолайсыз және бір әліпбиден екіншісіне ауыстыруы өте қиын екеніне шағымдануы мүмкін.

Латын сценарийіне көшу кезінде пернетақтаны пішімдеуге мүлдем басқа тәсіл қажет. Өйткені, қазақ әліпбиінің көптеген әріптері латын әріптерінен ерекшеленеді, яғни латынша әріптерге (көлденең немесе тік) немесе латын әріптеріне нүктелер қосылады. Осылайша, латын әліпбиінің 24 белгілері қазақ алфавитінің 42 таңбасына оңай айналады.

Компьютерде кез келген бас әріп, кіші әріп (символдар) код арқылы ажыратылады. Компьютердегі бағдарламалардың күрделілігі, оларды жасауға өте көп қаржы жұмсалатындығы, төл әріптердің кодтау кестесінің жоқтығы көптеген қиындықтар туғызары анық.

Бірақ мұндай әріптердің барлығы негізгі операциялық жүйелердің әліпби базасында бар болуымен жағдайды жеңілдетіледі. Демек, бұл біздің әліпбиге ұқсас әріптерді жинау керектігін көрсетеді. Кім әріптерді жинаумен тезірек айналысса, сол біздің әліпбидің электрондық нұсқасын әзірлеуші атанады.

Пернетақтада пайдаланушы қолданбайтын және бас әріптерге ауысу батырмасының үстінде өте ыңғайлы жерде орналасқан түйме бар. Егер пайдаланушы осы батырманы және латын әріптерін басса, онда қазақ әрпін алады.

Осылайша, біздің латын әріптері мен кириллицасы бар пернетақтада оңай, ешқандай процедурасыз латын әліпбиінде қазақ әліпбиі болады. Түрлі өндірушілердің баспа табақшалары сәл өзгеше болғандықтан, әрбір өндірушінің баспа схемаларын бейімдеу де жақсы бизнес болып табылады.

Енді ұялы телефондарға арналған пернетақталарға тоқталып өтейік.

Мобильді құрылғыларда баспа интерфейсін жасау оңай. Әр түрлі әзірлеушілердің 2-3 нұсқасы бар болуы мүмкін. Нәтижесінде басып шығаруға арналған әріптері ыңғайлы орналасқан және жоғары жылдамдықпен жұмыс жасайтын адамның нұсқасы жеңеді.

Яғни, қазақ тіліндегі ең жиі кездесетін жазбалардың комбинациясын дұрыс түсінетін адам, ол ең дұрыс қаріпті жасайды. Сонымен бірге, егер бәрі заңды түрде жасалса, ол жақсы жұмыс істейді.

Бірақ басқа тақырып бар - телефонда тілдерді ауыстыру тізілімі. Егер сіз жазу үшін 3 немесе 4 тіл қолдансаңыз, мысалы, тілдерді ауыстыру iPhone үшін өте ыңғайсыз. Әрбір басқа тілдерге ауыстыру үшін баспа платасында батырмаларды енгізуді қажет етеді.

Қазақ тіліндегі кітаптарды цифрлау, яғни сандық нысанға көшіру туралы да айта кетсек болады. Іс жүзінде кириллицада бұрын шығарылған барлық кітаптарды цифрлауға нақты қажеттілік туындайды. Қазіргі уақыттағы барлық кітаптарды цифрлау ісінің нақты жағдайын білмеймін, бірақ менің ойымша, басылымдардың үлкен көлемі электрондық форматқа көшірілмеген.

Тек кітапхананың үлгілерін ғана емес, сондай-ақ ғылыми есептердің, техникалық регламенттердің, мұрағаттық құжаттардың санын цифрлау қажет болады.

Барлығын латын тіліне аудару керек. Кириллицамен цифрланған мәтіндер автоматты түрде латын әліпбиіне аударылуы мүмкін. Демек, кітапты, қалталарды өздігінен алуды, парақтарды қарап шығуды және сканерлеуді жүзеге асыратын компьютерлік роботтар қажет, содан кейін латын әліпбиіне ауысады.

Бұрын шығарылған барлық мәтіндерді ауқымды көшіру деректер базасын сақтайтын сақтау қоймаларын құруды талап етеді. Бұл ақпарат, ғылым, білім беру, әдебиет, тарих, медицина және т.б. алмасу жүйесі үшін үлкен септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың ақпарат қоймасы бар. Жеке тұлғалар ақпараттарының үлкен көлемі шетелдік қоймалардың ақпараттық бұлттарын пайдаланады. Біздің елімізде ақпаратты сақтаудың ұлттық жүйесін құру қажет. Бұл ретте мемлекеттік ақпараттың сақталуын мемлекеттік ақпарат қоймаларында, ал жеке тұлғалардың, білім беру және ғылыми мекемелердің ақпараттарын жеке ақпарат қоймаларында сақтауды заңды түрде бекіту өте маңызды.

Нәтижесінде жеке қоймалардағы ақпаратты сақтау құны арзан болады деп батыл болжауға болады, бұл мемлекеттік ақпараттық қоймалардағы ақпаратты сақтау шығындарын төмендетеді. Егер жеке ақпарат сақтау орындары бөлінген желі ретінде салынатын болса, онда бұл сенімділікті арттырады және ақпаратты сақтау құнын төмендетеді.

Іздеу машиналары мен дерекқорлары туралы айтып өтелік. Егер біздің әліпбиге қандай да бір ерекше графикалық белгілер енгізілсе, онда біз барлық қажетті ақпаратты толық жинау үшін ұлттық іздеу жүйелеріне мұқтаж боламыз. Мұндай іздестіру жүйелері болашақта ұлттық іздеу жүйесін құруға негіз бола алады. Нәтижесінде Ұлттық Бриндер пайда болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта бұрын жарияланған индустрия туралы ақпаратты іздеу қажет. Мысалы, жүзім шаруашылығына және мал шаруашылығына қатысты кеңестік ғылыми зерттеулерге қызығамын. Бағалы зерттеулер өте құнды болды. Көптеген ғылыми-зерттеу институттарының ақпараты жоғалып кетеді, олардың кейбіреулері сөрелерде өмір сүріп, шаң болды. Мұндай ақпараттың қайта жаңғыруы пайдалы болуы мүмкін. Демек, түйінді сөздер негізінде салалық белгілер бойынша барлық деректер базасын дұрыс құру ақпараттық бизнес үшін жақсы тақырып.

Ұлттық кең таралған ақпаратты сақтау жүйесін құру және жады қоры бар жылдамдықты есептеу техникасын енгізу қажеттілігі сөзсіз ұлттық криптовалютаны құру үшін негіз бола алады.

Сандық формадағы құнды кітаптардың пайда болуы сөзсіз басып шығарудағы көптеген кітаптарды алу қажеттілігіне әкеліп соғады, бұл елдегі баспа ісінің дамуына серпін береді. Кітаптар мен жарияланымдарды өз бетімен қайта пішімдеуге әкелетін баспа парақтарының өзгеруі әртүрлі болады, өйткені мәтінді кириллицадан латынға аударғанда электронды және қағаз басылымдарға арналған электронды жобалау жүйелерін енгізу қажет.

Сонымен бірге компьютерлік графикалық дизайнға сұраныс артады.

Еліміздегі білім беру жүйесін әлемдік ақпараттық кеңестік жүйесіне қосуда латын әліпбиіне көшудің қажеттілігі анықталып отыр. Атап айтсақ, біріншіден, қазақ әліпбиіндегі дыбыстар құрамын қайта қарап, оның табиғи заңдылықтарын сақтау. Бұған латын әліпбиіне көшу арқылы жетуге болады. Бұл лингвистикалық қажеттілік. Екіншіден, көптеген программалау тілдерін, деректер базасын басқару жүйесі, мәтіндік редакторлар, тоғыз төл әрпіміздің кодтау кестесінде жоқтығы компьютерде жұмыс істеуде қиындықтар туғызады. Бұл мәселені латынға көшу арқылы реттеуге болады. Бұл техникалық қажеттілік. Үшіншіден, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өркениетті ел қатарына қосылуда тілді сақтап, дамыту, кез келген ел мамандарымен бәсекеге қабілетті, әлемдік білім, ғылым, техниканы меңгеруіне жол ашуға мүмкіндік жасайды. Интернетке латын әліпбиімен енсек, әлем қазақтарымен байланыса аламыз. Бұл жаһандану тұрғысындағы қажеттілік. Төртіншіден, қазіргі жаңа әліпби жобасы қай жағынан болса да кирилл-қазақ әліпбиіне қарағанда тиімді болмақ, біріншіден, таңба саны аз болғандықтан, оқу-жазуда уақыт үнемделеді; екіншіден, бастыруға материал аз шығындалады; үшіншіден, қаржы жағынан әлдеқайда тиімді. Бұл экономикалық қажеттілік (Досанова, 2009).

Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалар жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арналған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, өз заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ. Олай болса, әліпби сынға түсіп жақсы-жаман жағы тексерілуге әбден келетіндей болып шығады (Байтұрсынов, 1992).

Жаңа заман талабына сай жастар өзгермелі уақытта өмір сүруге қабілетті болып қана қоймай, оқиғалар мен үдерістердің ортасында, көш басында болуы тиіс. Бұл терең түйсіне білгенге бәсекелестікке апарар жолдың басы, ұлттық құндылығымызды көздің қарашығындай сақтаудың негізі. Қазіргі мемлекетімізге ұлтты ұйыстыра алатын, тың бағыттағы рухани ағым керек. Латын әріпін енгізудің басты өзегі де осында жатыр. Сондықтан да жаңа әліпби еліміз үшін қажетті, уақыт талабынан туындап отырған жаңа атрибут, аса маңызды фактор деп санаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру еліміздегі ақпараттық технологияның дамуына үлкен үлес қосып, білімді тиімді меңгеруді, әрі тез қабылдауды жеңілдететіндігі туралы айтылған. Уақыт талабымен ақпараттық технологиялар ғасырында біздер алға басу керекпіз. Сондықтан латынға көшу уақыт талабымен туындап отырғандығын түсінеміз. Қазіргі заманғы технологиялық қарқынды дамуда латын алфавиті басты, әрі прагматикалық аспапқа, яғни ешкімді бір-бірінен алыстатпайтын, керісінше, қарым-қатынас орнатуға ықпал ететін аспап болып табылады.

Осы жылдары Кеңес одағында болған түркі тілдерінде сөйлейтін басқа да халықтар латын графикасы негізінде қазақ әліпбиіне көшті. Латын әліпбиіндегі әрбір әріп өзінің жеке тұрғандағы қалпын сақтайды. Бұлар байырғы сөздерді дұрыс жазуға мүмкіндік берді. Латын графикасы негізіндегі әліпби сауатсыздықты қысқа мерзімде жоюға көмектесті.

Латын қаріптері біздің технологиялар тіліне жетік болуымызға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұрпағымыздың шетел тілдерін, соның ішінде қазіргі үштұғырлы тілдің бір бөлігі болып есептелетін ағылшын тілін еркін меңгеруге жағдай жасайды.

Латын әліпбиіне оралу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді мүмкіндіктер ұсынады. Қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев, Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Мақала. Егеменді Қазақстан. - Астана, 2017 ж. 12 сәуір. №70
2. Назарбаев, Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, 2013.
3. Ермеков, Н., Стифутина, Н. Информатика. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 бет.
4. Досанова, А.Ж. Латын әліпбиі негізінде сауат ашу әдістемесі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 30 б.
5. Байтұрсынов, А. Тіл тағылымы. 1992. – 400 б.

МЕКТЕП АЛДЫ БАЛАЛАРЫН ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ

С.О. СЕРІКОВА
Н.Ә. АМАНЖОЛОВА
А.Н. ЖАҚЫБАЙ*

Түйіндеме:

Бұл мақалада мектепалды балаларын жазуға үйретудің әдістеріне тоқталып талдау жасалынды. Мектепалды балаларын жазуға дұрыс дағдыландыру үшін психологиялық ерекшеліктерін ескерген жөн. Оқу мен жазуға машықтандыру кезеңінде педагог балаға қойылған талаптарды толық игеруі керек. Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптарды қатаң қадағалауда ұстаған дұрыс. Сауат ашу оқу- қызметіндегі жазуға үйретудің негізгі талаптарын басшылыққа ала отырып, балаларды жазуға машықтандырса балалардан оң нәтиже ала аламыз. Жазудың сапасы және оны қалыптастыру жұмыстары.

Балалардың жазу жұмысына қарап кейбіреуінің жазуы таза, көркем, анық жазғаның байқаймыз. Ал, кейбірінің жазуы қисық, біркелкі емес, қалай болса солай жазылғанын көреміз.

Мұндай қателіктер кетпес үшін педагог сауат ашу сабағында жазу сапасымен үнемі жұмыс жасау керек.

Тірек сөздер: символикалық жазу, жазу дағдыларын қалыптастыру, сауат ашу, жазуға қойылатын талаптар, дыбыстық талдау

METHODS OF TRAINING CHILDREN'S WRITING SKILLS AT SCHOOL

Abstract:

This article provides an overview of some methods of training children's writing skills at school. Availability of good practices of writing skills depends of important thing - psychological characteristics. During to the training and writing practice, the teacher must fully support the child. At the beginning of the training, it is best to take into account the hygienic requirements that must be observed from the first day. Guided by the basic requirements of writing skills training in the curriculum, we can get positive results from children. Writing quality and its creation. When you look at a children's letter, you can see that some of them are clean, understandable. Well, some of the letters are crooked, uneven and, apparently, are the same.

To avoid such mistakes, it is necessary to constantly work on the quality of writing in the discourse of the teacher.

Key word: Symbolic writing, writing skills, literacy, writing requirements, sound analysis

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінде: білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатын байыту» - деп атап көрсеткен. Осыған сәйкес қоғам алдында білім жүйесін саналық жағынан жаңарту, жалпы білім беретін ХХІ –ғасыр мектебінің жаңа моделін таңдау, баланың жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр (Білім туралы Заң, 2018).

Осы міндеттерді жүзеге асыру бағытында мектепалды даярлығына әзірленген сауат ашу бірінші сыныптағы әліппені оқуға даярлықты жүзеге асыруға үйлестіріліп жасалады.

Себебі, онда рухани – адамгершілік құндылықтың іргетасы қаланады. Сауат ашу арқылы баланың танымдық белсенділігі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы дамып интеллекті байиды. Ол үшін сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу дағдысының негізін қалау, фонетикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстарды ажырата білу, әріптің баспа түрін таңбалап жазу, әріптерді таныту, буын, сөз, сөйлемді оқытуға үйрету сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру өздігінен оқуға, жазуға дағдыландыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, ауызша сөйлеуге үйрету жүзеге асырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жазба тілдің ауызекі тілден кейін пайда болғаны белгілі. Жазба тілдің жасалуының күллі мәдениет атаулының тарихында орасан зор маңызы болды және болып та отыр. Жазусыз мәдениет атаулыны, өркениет атаулыны көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Көрнекті жазушы Леонид Леонов

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, zhanar.suinzhanova@ iktu.kz karligash78@mail.ru

жазудың маңызы туралы былай дейді: «Адамдардың тегін қорлық жағдайдан бөліп алып шыққан, өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың ішінде жазу өте-мөте үлкен роль атқарды. Алфавиттің туған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғынуындағы дәуір деп есептеуге болады, осыдан кітап басу станогының пайда болуына тура жол ашылды. Адам өзінің қазіргі өміріне нақ кітап арқылы баспалдақпен көтерілгендей көтерілді».

Кішкене бала тілі шықпай, қолына қарындаш ұстайтын шаққа келгенде – ақ, түрлі сызықтар сыза бастайды. Л.С.Выготскийдің зерттеуі бойынша ол бізге, үлкендерге, шимай сызық болғанмен, бала үшін ішкі ойдың көрінісі, яғни бала ойын қолының қозғалысы арқылы көрсетеді. Тілі шыға бастаған кезде бұл шимайлар мағыналы сызықтарға айнала бастайды. Бала ол сызықтарына ішкі ойлау арқылы мағына беріп, бара-бара ойын сыртқа тіл арқылы шығарып сурет сала бастайды. Сурет сала отырып, сөйлеп отырады. Міне, біз осы ішкі психикалық процесс арқылы балада табиғи тәсіл қалыптасады деп қарастырамыз. Сонда табиғи тәсіл деп отырғанымыз әуелі шимай, кейінгі суреттер салу – баланың ішкі ойының сыртқа шығу тәсілі. Бұл тәсілді бала мектепке дейін дамытып келеді (Меудис В.Я., Негурэ И.П., 1994)

Американдық психолог Ф.Фришен XX ғасырдың басында жазуды үйрету 9 жасында өте қолайла десе, 20 – жылдары Ю.К.Фаусек 5 жастан жазуды үйрету керек екенін тәжірибе жүзінде көрсетті.

Оқу, жазудың әдістемесіне басқа елдердің тәжірибесінің де әсері мол. Мәселен, Германияда торкөз арқылы оқыту. XIX ғасырдың аяғында бірнеше елдерге тарап қолдану аясы кеңейді. Алайда, гигиеналық талап пен жазуға кері әсерін тигізетіні дәлелденгенде алынып тасталынды.

Сол сияқты Англиядағы курсивті үзіліссіз жазуды да айтуға болады.

Мұндай оқу, жазу әдістемесіне әсерін тигізген, оның өзгеруіне мынадай себептер болды.

1. Өзінің зерттеулер немесе басқа мұғалімдердің тәжірибиесі негізінде жасалынған қорытындылар немесе әдістемелік нұсқаулар. Бұл жазуды байытуға әсерін тигізеді. Мәселен, XX ғасырдың басында Е.Евсеев оқу, жазудың әдістемесін жасаса, Е.В.Гурьянова, Е.Н.Соколова методикалық нұсқаулар жазды.

2. Оқу, жазудың тәжірибесінің басқа елдермен ауысуы.

3. Жасалған іс – тәжірибиелер арқылы әдістердің өзгеруі.

Осындай іс – тәжірибиелер негізінде жазуға оқытудың алғашқы әдістерін Гурьянов енгізді. Жеке мектепте және сыныпта жүргізілген эксперимент негізінде графикалық дағдыларын үйретудің әдістемесін жасады (Желтовская, Соколова, 1987).

Баланың алғашқы символикалық жазуы – пиктографиялық жазудан (заттың суретін салу арқылы жазу) одан кейінгі екінші символикалық жазуы – идеограммалық жазуға (сөздің, ойдың суретін салу арқылы жазу) көшіру процесі жазу механизміне үйретеді. Осылай жазу дағдысына үйрену ғана жазба тілге көшуге ықпал жасайды. Баланы жазуға үйретуге психологиялық жағынан дайындайтын осы кезең болуға тиіс. Мұны зерттеп көру өте қиын жұмыс. Бірақ бір анық нәрсе: баланы нағыз жазуға үйрету жазу дағдысын қалыптастырумен келмейді, заттардың суретін салудан сөз суретін салуға көшу кезеңі арқылы үйренеді. Осы мақсатты шешу үшін, сауат ашуда төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру керек:

1. баланың жазу ерекшеліктерін ескеру;

2. сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгеру, яғни сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

3. буындап оқу әдісі арқылы, сөзді тұтастай оқуға дағдыландыру;

4. дыбысты әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі олардың байланысу тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас оқуға дағдыландыру;

5. дыбысты әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі олардың байланысу тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас жазуға үйрету;

6. жазудың талаптарын орнату;

Алты жастығыларды оқытудың тиімді амалдарын саналы меңгеру үшін педагог төменде келтірілген негізгі жағдайларды білуі тиіс:

1. Дыбыстық талдау сөзден жеке дыбыстарды бөліп алып және оларды атап берумен шектелмейді. Ол сөздегі дыбыстардың бірізділігін, дыбыстық құрылымын сақтап, сол қалпында қабылдап және қайтадан еске түсіру шеберлігі айқындалады. Балалар ана тілінің дыбыстық құрылымының, әр дыбыстың маңызын түсінуі керек. (жуан, жіңішке, дауыссыз дыбыстардың дыбыс-талуы нұсқалары).

2. Сөздің дыбыстық құрылымын талдауды білу. Ашық буындағы дауыссыз дыбыстардың дыбысталуы одан кейін тұрған дауысты дыбысқа байланысты тәуелді екенін түсінуі балалардың буындап оқудың тез және нақтылы игеруіне негіз болады.

3. Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі – ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес балаларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және орфографиялық дағды қалыптасуы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден тұрады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу дыбыстардың реттілігін сақтау, дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу бейнелеу. Басқы кезеңде бұл бөліктер арнайы қайталанады. Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады.

4. Жазуға үйрету, партаға отыру, қаламды, дәптерді дұрыс қою ережелерін сақтаудан басталады. Жазу кезеңінде жарық баланың сол жағынан түсу.

5. Жазу үлгісі № 1 дәптерде әліппеге дейінгі кезеңде арналған баланың саусақ бұлшық еттерін жазуға икемдеп дайындау үшін тапсырмалар берілген, сол үлгі бойынша жұмыс жүргізіледі.

6. Жазу үлгісі дәптерімен толық танысқаннан кейін оны партаның үстелдің үстіне 30 градус бұрыс жасайтындай жағдайда орналастыруға ерекше көңіл бөлу.

Жазу үлгісіндегі әрбір әріптің жеке элементтерін жазғызып, одан соң ол әріптің баспа түрін тұтастай жазуға үйретіледі.

Әрбір әріптің баспа және жазба түрі салыстырмалы түрде көрсетіліп отырады. Жазу үстінде қалай отыру, қаламды қалай ұстау керектігі үнемі ескертіліп, тақтаның жанында ілулі тұрғаны жөн. Сонда ғана баланың жазуы жақсы, әдемі болады. Жазуға үйрету сауат ашу кезеңі аяқталғаннан кейін де жалғаса береді.

Жазу сабағын жаттықтыру:

Балалар жазуды қаламмен жазады. Дайындық кезеңінде балалар жай және түрлі-түсті қарындаштарды және қаламдарды пайдаланады. Сыныпта, топта әліппе ілініп тұрады.

Әріптерді жазуға үйрету тәртібі мынадай:

1. Жаңа әріпті таныстыру, көрсету, плакатта, дидактикалық, материалда дәптердің бетінде;
2. Педагог жаңа әріпті ауада және тақтаға жазып көрсетеді;
3. Дәптердегі жаңа әріптің үстінен басып жазу;
4. Жаңа әріп элементтерін және әріпті толық жазу;
5. Сөздерді жазу

Педагог жаңа әріпті тақтада жазылуын көрсете отырып түсіндіреді. Әр баламен қаламды ұстап жүргізіп, бір әріпті жазып көрсетеді.

Сауат ашу кезеңіндегі жазу сабағын құрылысы мынадай:

- сөзге дыбыстық талдау жасау;
- кеспе әріптерден сөз құрау;
- жаңа әріпті көрсету;
- жаңа әріпті тұтас жазу;
- Жаңа әріппен сөз, сөлем жазу;
- Балалардың жұмысын талдау.

Оқу мен жазуға үйрету бірге жүргізіліп отырады.

3. Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптар:

а) дәптер партаның үстіне, баланың кеудесінің қақ ортасына тура келетіндей болып, сәл көлбетіле (оңға 65) қойылады;

ә) бала басын оңға не солға, иықтарын, кеудесін алға не артқа қисайтпай, аяқтарын қатар қойып, алдына түзу қарап отырады. Бұл

олардың омыртқалары, көкірегі дұрыс жетілу үшін қажет;

б) балалар табандарын еденге (партаның табан тақтайына) еркін басып отырады. Тізені қатты бүкпей, бір аяқты екінші аяқтың үстіне қоймай, аяқтарын я алға, я артқа сілтемей отырғаны дұрыс;

в) партаға кекіректі тірмеу керек. Өйткені бұл тынысты тарылтады жаңа өсіп келе жатқан кеудені бұзады;

г) қаламды ұстағанда саусақ қаламұштан үш сантиметрдей жоғары тұратындай болып және қаламның жоғарғы жақ ұшы оң иықтың тұсына дәл келетіндей жағдайда болғаны жөн;

д) жазғанда баланың көзі мен дәптер аралығындағы қашықтық 25—30 см сақталуға тиіс (Кенжебекова, 2005).

Сауат ашу кезінде жазу сабақтарында балалар әріп элементтерін немесе жекелеген әріптерді жазғанда ұзақ уақыт жазып отырмауын қадағалау керек. Өйткені ұзақ уақыт бір-екі элементті немесе бір әріпті жаза берсе, бала шаршайды да, сабаққа зейін қоюдан қалады, сондықтан үш — бес минут жазғаннан кейін қолдарына демалыс беріп, сонан соң құрамында үйреніп отырған әрпі бар сөздерді жазуға көшкені дұрыс. Жұмыс түрі өзгергенде балалар да оған зейін қоя бастайды (Горецкий, Кирюшкин, Шанько, 1988).

Балаларды дұрыс әрі көркем жазуға үйрету үшін оның қалыптастыру жолдарын білу керек. Яғни, психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Жазу дағдыларын қалыптастыру және оны дамытып отырудағы негізгі шарттардың бірі әрі бастысы балалардың жазба жұмыстарын орындау кездегі психологиялық ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Балалардың біреуінде немесе әрбір балада жазба жұмыстарын орындау барысында әр тірлі психологиялық өзгерістер болып отыруы мүмкін. Ондай психо- логиялық өзгерістерді байқамау салдарынан орындалған жазба жұмыстарының нәтижесі де әр деңгейде болады.

Жазуға үйрету кезінде саусақтың қозғалысының маңызы зор. Яғни, бала қаламсапты ұстай білу керек. Бұл қозғалыстар мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Т.С.Коморова « Бала 3 жасында қол қимылы қалыптасқанымен қаламсапты ұстай алмайды». Бұл қабілеттерді арнайы жаттуғулар арқылы: сурет салу, жабыстыру т.б. негізінде қалыптастыруға болады. Е.Н.Соколованың зерттеу жұмысында 4 – 7 жасар баланың саусақ сүйектері онша дамымаған, олар жазған кезде ерні қоса қимылдайтыны байқалған. Яғни, сөйлеу және қол қозғалысы бір – бірімен байланысты болады.

4 – 5 жасар баланың салған түзу сызықтары қисық және ирелек болып келеді. 6 жасар баланың жазуы бір шама түзеледі. Алайда, тік сызықты элементтерден дөңгелек элементтерге көшкенде біршама ауытқулар болуы мүмкін.

Д.Б.Эльконина Л.Ф.Ткачевой, Л.В.Журовой т.б. зерттеулері бойынша 6 жасар баланың жазуы мен қатар дауыстап оқу қабілеті дамыған. Сондықтан бұл екеуін бірге алып жүрудің маңызы зор (Садовникова, 1983).

Қорытынды

Мектепке дейінгі мекемеде және мектепте оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сауат ашу аса жауапты да күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезінде балалар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймады, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса, солай жазбай, оңға қарай біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті де тұр. Осы талаптарды орындау негізінде балада көркем жазу дағдысы қалыптасады.

Жазба тілді дамыту маңызды, әрі күрделі мәселе. Жазба сөз ауыз сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар, айырықша тіл функциясы. Ол өте қиын, саналы, әдейі бір мақсатпен жұмсалатын тіл формасы.

Осы уақытқа шейін жазбаша тілді меңгерудің, яғни оқушының жазуын Л. С. Выготский: «әріп жазуға үйрету деп ойламау», - дей келіп, әрі қарай осы күнгі қолданылып жүрген дыбыстық талдаудың да жазуға үйрету жатпайтындығы туралы: «...тәжірибе көрсеткендей, сөз ішіндегі дыбыстарды талдай алатын бала сөз жазып кетеді деп айтуға болмайды, оған жазу механизмін үйрену қажет» дейді. Біз баланың мектепке дейінгі ішкі ойын сыртқа шығаруының табиғи тәсілін мектепке келген бірінші жылы «Әліппеден» оқыған, жазғанымен, яғни оқу, жазумен оны бейнелеу өнерімен интеграциялауымыз, тәжірибе көрсеткендей, жазба тілді дамытудың көзі болады.»

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың бала бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Таза, әдемі жазуды талап ету бала бойындағы әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы (2018).
2. Меудис В.Я., Негурэ И.П. (1994) Психологические основы формирования письменной речи у младших школьников. – М.: Международная пед. академия,. – 150 с.
3. Желтовская Л.Я., Соколова Е.Н.(1987) Формирования каллиграфических навыков у младших школьников. Москва, 1987.
4. Кенжебекова Н. (2005), Оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру // Бастауыш мектеп. - №8 – 2005. –Б.15-16
5. Горецкий В.Г., Кирюшкин В.А., Шанько А.Ф. (1988). Уроки обучение грамоте. Москва,.
6. Садовникова И.Н. (1983), Нарушение письменной речи у младших школьников. Москва, 1983.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА ӨТУДЕГІ ТҮРКИЯ МЕН ТҮРКМЕНСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

Ф.Ф.Д., проф. Т. ЕРМЕКОВА,
Ф.Ф.К. Ғ.ШОЙБЕКОВА
Магистр Ж. АБДУМАНАПОВА*

Түйіндеме:

Мақалада латын графикасына өткен түркітілдес мемлекеттердің (Түркия, Түркіменстан) тәжірибесі сараланады. Түркітілдес мемлекеттердің латын қарпіне өтуі тарихи тамырлас, рухани мұрасы ортақ туыс халықтарды жақындастырып қана қоймайды, әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін еніп, аталған мемлекеттердің жаһандық үдерістерге төтеп беруіне мүмкіндік береді.

Латын қарпіне өтудің себептері айқындалып, аталған графикаға бұрын өткен бұл мемлекеттердің тәжірибесі негізінде, бұл қадамға енді барып отырған Қазақстан үшін оның ұтымды тұстары мен кемшіліктеріне талдау жасалады. Жазудың бірыңғай графикаға ауысуы тамыры бір аталған мемлекеттердің өзара жақындатумен бірге, жалпытүркілік сана мен болмыстың жаңғыруына, түркі халықтары арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты орнықтыруға ықпал етері сөзсіз.

Тірек сөздер: түркітілдес мемлекеттер, латын, рухани мұра, тәжірибе

EXPERIENCE OF TURKEY AND TURKMENSTAN IN TRANSITION TO LATINNESS

Abstract:

The article analyzes the experience of the Turkic-speaking countries (Turkey, Turkmenstan), which has a Latin graphic. The transition to the Latin alphabet of the Turkic-speaking states does not merely bring the historical roots, spiritual heritage to the common brotherly peoples, and will allow them to penetrate into the global information space and resist the global processes.

The reasons for the Latin alphabet have been identified and the graphics are analyzed on the basis of the experience of these past nations and their rationales and weaknesses for Kazakhstan, which is now stepping into this step. The transformation of the writing into uniform graphics, together with the interconnectedness of these states, undoubtedly contributes to the revival of the universal identity and the existence, the establishment of spiritual harmony and historical integrity among the Turkic peoples.

Key words: Turkic states, Latin, spiritual heritage, practice

КІРІСПЕ

Дүниежүзілік жаһандану үдерісі тамыры бір түркітілдес халықтардың қоғамдық-экономикалық, мәдени-рухани тұрғысынан біртұтастануын қажет етеді. Түркі әлемінің рухани құндылықтарының бірігуі жалпытүркілік сана мен болмыстың жаңғыруына, түркі халықтары арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты орнықтыруға қызмет ете отырып, қазіргі түркі халықтарының қоғамдық-мәдени әлеуетін биіктетіп, тарихи тамырын тереңдетіп, адамзат өркениетіндегі түркілік өркениеттің айрықша орнын айқындайды. Еліміздің тәуелсіздігі түркі халықтарына ортақ мәдени мұраларымызды қайта зерттеп, олардың шынайы табиғатын тануға, ұлт игілігіне қолдануға, сол жәдігерліктер арқылы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды қайта бағалауға, саралауға мүмкіндіктер беріп отыр. Әр кезеңдерде зерттеушілердің тарапынан қызығушылық тудырып келе жатқан түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілінің қалыптасуы, даму жолдарының өзіндік заңдылықтары, ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы белсенді қызметі бүгінгі ғасырлар тоғысында зерттеудің ерекше тәсілдерімен қоса, ұлттық таным мен болмыстың тарихи күретамырын одан әрі тереңдете қарастыруды қажет етеді. Ол үшін жалаң түркілік оқшаулану саясатын ұстану, алдымен, өзімізге зиян.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қай халықтың да асыл мұратының бағалысы саналатын тәуелсіздіктің салтанат құруы мұндай бағалы құндылықтарды жанаша бағамдауға мүмкіндік ашты. Түркологиялық кеңістіктен қарар болсақ, бұрынғы КСРО құрамындағы түркі тілдес мемлекеттердің біразы тәуелсіздікке қол жеткізген соң, бірден латын қарпіне көшу ісін қолға ала бастады. Тарихи тамырластық негізін сақтай отырып,

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ken_tina@mail.ru, shoibekova_gaziza@mail.ru

қазіргі қоғам сұранысына лайықты мемлекет болу мүддесінің бірден тіл мен жазуға бет бұруы неліктен? Өйткені ол - өркениет өлшемі. Біздің ойымызша, адамзат жасаған құнды мұралардың басым бөлігі тіл мен жазу арқылы жетті. Ғасырлар тарихы, мәдениеті, күрестер мен рухани жаңғыртулар ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Әр өркениеттің өзіне тән үстем тілі болады. Жазу арқылы сан ғасыр бұрын бабалар жасаған ғажайып өмірлік құндылықтар жетеді. Жазу тек шартты таңбалардың жиынтығы емес, ол, біріншіден, адам санасы қол жеткізген аса биік жетістік, мәдени дамудың жалпы деңгейін көрсететін өркениет белгілерінің көрсеткіші. Сондықтан жазу таңдау – өркениетке ілесудің бір жолы. Бұл тұста Қазақстан мемлекеті де осы жауапты іске үлкен сарабалдықпен келгенін атап өткен жөн. Алдымен, ғалымдар тарапынан латын графикасына өткен өзгерткітілдес мемлекеттердің тәжірибесі сарабалды. Соның бірқатарына тоқталар болсақ, алдымен Түркия тәжірибесі.

Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүріктің жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі – латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдау туралы бастамасы. Әрине, бұл мәселе бір күнде шешілген жоқ, оған қажетті алғышарттар бұған дейін де болған. Ең алғаш 1863 жылы эзербайжандық ғалым Фетхалы Ахунзада Осман патшасы Сұлтан Абдулмежитке Османлы мемлекетінде пайдаланылып жатқан түрікшенің, нақтырақ айтқанда, «османшының» арап әліпбиі және парсы тілі грамматикасынан жасақталғанын, қолданыстағы сөздердің не таза түрікше, не таза арабша немесе таза парсыша еместігін айта келе, бұл тілді оқып-жазудың қиындығына тоқталып, түрік тіліне ең қолайлы әліпби латын екенін жазған. Патша бұл еңбекке қатты қызығушылық білдіріп, ғылыми кеңеске талқылауға жіберген. Сол кездегі ғылыми кеңестің мүшелері Әли паша, Фуат паша және Жевдет пашалар бұл еңбекті оң бағалап, саяси кеңесте талқылауға ұсынған. Саяси кеңес бұл мәселені жан-жақты талқылай келе, латынға көшу идеясын шарифатпен басқарылып жатқан мұсылмандардың халифаттық елінде дінге қарсы шара ретінде қабылдамаса да, бұл ұсынысты аяқсыз қалдырған. Оның неліктен аяқсыз қалғаны жөнінде нақты мәлімет берілмесе де, Фетхалы Ахунзада патшаның бұйрығымен Межидие медалімен марапатталған.

Латынға байланысты тақырыптар сол кезеңдегі күн тәртібінен түспегенін байқауға болады. 1879 жылы албан тектес Абдул және Шемсеттин Сами атты азаматтар латын әліпбиінен «Ыстанбұл Алфabetі» деген атпен әліпби дайындап, мектептерде оқытылуға ұсынылып, әдебиеттер басылса да, халық қолдау көрсете қоймаған. Сұлтан Абдулхамит өзінің тақтан кеткеннен кейін жазған «Саяси естеліктерім» атты еңбегінде «Жазуымызды үйрену оңайға соқпайды. Бұл істі халқымызға жеңілдетіп беру үшін латын әліпбиіне көшу дұрыс болар еді» деген екен.

Сондай-ақ, Якоп Нарджи Харшабани деген мажар ғалымы сол жылдары «Қолданыстағы түрікше» деген тілашар еңбегін латын әліпбиімен жазған екен. Алайда, бұл еңбектер, саяси биліктен қолдау таппай, өзге ұлттардың түрік тілін үйрену әдістері ретінде қолданылған.

1923 жылы 29-шы қазанда Түркия республикасы ресми түрде құрылғаннан кейін елде жаңа реформалар қабылдана бастады. Атап айтар болсақ: «Республикалық халық партиясы» құрылып, Парламентте көппартиялық жүйе тәжірибесі енгізілді. Ататүріктің басшылығымен араб әліпбиінің орнына латын әліпбиіне көшу реформасы өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Алғашқы түрік информациялық агенттігі – «Анадолу агенттігі» құрылды. Зайырлы мемлекет формасы Атазаңмен бекітілді. Анкара ел астанасы болып жарияланды. Азаматтардың аты-жөні, тегі туралы заң бекітілді (Аляз А., 2018).

Ос кезеңде Түркия мемлекетінің Министрлер кеңесі 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» құрады. Бұл комиссия өз жұмысы барысында мына мәселелерді қарастырады:

- ✓ латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды;
- ✓ жаңа грамматиканың жобасын жасайды;


✓ бұл жобаларды қолданысқа енгізу жолдарын нақтылайды. Аталған комиссия сол жылдың 8 және 12-шілдеде отырыс өткізіп, онда латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды. Халық арасында «Әріп революциясы» деп аталатын бұл шара ел ішінде тез әрі қарқынды дамиды. Сол жылдың 1 қарашасында М.К.Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» Заң шығарды. Бұл заң бойынша, 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер-түгелдей латын графикасына өтіп, бұрынғы қолданыстағы араб тек сол жылдың 1 маусымына дейін ғана қатар қолданып, одан әрі қолдануға тыйым салынды. Осылайша, Түркияның латын әліпбиіне көшуі небәрі бір жылға ғана созылды.

Дәстүрлі араб графикасын латын әліпбиіне ауыстыруға әсер еткен бірнеше факторды атап өтуге болады:

✓ Саяси-экономикалық факторлар. Еуропаның ортасында отырған жаңа республиканың экономикасының қарқындап дамуы үшін көршілес батыс елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатуда латын негізді жазуға көшудің маңызы зор болды. Мұны Түркия Республикасының стратегиялық бағдары – діни қоғамнан зайырлы, демократиялық елге айналу, мемлекеттің даму бағытында батыстың мемлекеттік моделін негізге алғанындығымен түсіндіреді.

✓ Аталған фактор мемлекет дамуында шешуші рөл атқаратын геосаяси фактормен де түсіндіріледі. Кез келген мемлекеттің дамуына өздері көршілес тұратын елдердің геосаяси жағдайы әсер етпей тұрмайды. Көршілес Еуропа мемлекеттерімен сан ғасырлық байланыс, олармен тығыз қарым-қатынас орнатуды көздеген мемлекеттік ұстаным аталған шараның жүзеге асуына ықпал етті. Ғалым Ертем Рейкіннің сөзімен айтсақ: «Біз тек әліпбиде ғана араб дәстүрінен батыс дәстүріне өткен жоқпыз, біз бұл бағытты жүйелі ұстандық, күнтізбемізді де, уақытты өлшеуді де (сағатты), өлшем бірліктерді де, тіпті кейбір атауларды да араб үлгісінен батыс үлгісіне ауыстырдық», - дей келе, мына мысалдарды ұсынады: бұрын түрік тілінде «мәдениет» еді, қазір «kültür» т.т.

✓ Әлеуметтік-лингвистикалық фактор. Жаңа саяси бағдар ұстанған мемлекеттің лингвистері қолданыстағы әліпбидің семит-хамит тобындағы араб тілінің ерекшеліктерін толық көрсеткісімен, түрік тілі дыбыстық жүйесіне икемсіз араб графикалы жазудан бас тартудың маңызын түсінді. «Түрік тілі құрамының» бір кездегі төрағасы Шүкру Халық Акалиннің көрсетуінше, «араб графикасын пайдаланған Осман империясы тұсында түрік халқының сауаттылығы 10 пайызды ғана құрайтын, ал латын әліпбиіне өту кезеңі аяқталғаннан кейінгі сауаттылық деңгей 60 пайызға өсті. Себебі жаңа әліпбиге үйретуді көздеген ең алғашқы ұлттық мектептер мен курстар ашылды. Ол кезде Түркия халқының саны 15 млн. болды, 1 жылда осы курстардан 3 млн. адам диплом алып шығатын, курстар 3-4 жыл бойы жұмыс жасады, сонда осы мерзімнің ішінде 10-12 млн. адам сауат ашып шықты. Қазіргі кезде Түркия халқының 90 пайызы сауатты. Ал қалған 10 пайызының көп бөлігін ауылды жерлерде діни наным-сенімдерімен оқымай қалған қыз балалар құрайды» (Фазылжанова, А. 2013).



Сурет 1. Түрік әліпбиі

Латын әліпбиі Түркияда ғасырлар бойы қолданылған араб әліпбиін ығыстырып шығарды. Қазіргі түрік тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуының артықшылығын түрік ғалымдары былай деп көрсетеді:

- 1) әрбір әріптің бөлек таңбалануы (араб жазуында бірге жазылған);
- 2) солдан оңға қарай жазылады (араб жазуында оңнан солға жазылған);
- 3) түрік тілінің дыбыстық қорындағы дыбыстар ғана белгіленген (араб жазуында түрік тілінде жоқ, бірақ араб-парсы сөздеріндегі бөтен дыбыстарды да таңбаланған);
- 4) латын графикасына көшкен кезде түркі тілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ортақ ақпарат алмасуға қолайлы болды;
- 5) экономикасының батыстық даму бағытына латын графикалы жазу тиімді болды;
- 6) латын графикалы жазу-сызу сауат ашушылар үшін әріп саны аз болуына байланысты ыңғайлы келді. Осылайша халқының 10-20 пайызы ғана араб жазуымен сауаттанған түрік халқы 29 қаріптен тұратын латынадаған әліпби негізінде аздаған жылдар ішінде сауаттылық деңгейі артты.

Аталған реформаның прогрессивтік сипатымен бірге кемшіліктері де болды. Ғалымдар мұндай кемшіліктің екі түрін көрсетеді:

1. Жаңа әліпби жасалған тұста түрік әдеби тілінің жалпыхалықтық негізде қалыптаспағандығы мен түрік тілінің негізгі дыбыстық қорының толықтай айқындалмауы салдарынан қазіргі графикада жалпыхалықтық тілдің дыбыстық қорындағы үш негізгі дыбысты таңбалайтын әріптер әліпби жүйесіне енбей қалғандығы. Олар: Q [Қ], W [дауыссызУ], ð [Н];

2. Қазіргідей ақпараттық технологияның дамуы сол кезеңде мардымсыз сипатта болғандықтан, араб графикасына негізделген сан ғасырлық мұралардың барлығын халықтың толықтай пайдалану мүмкіндігінің шектелуі.

Түркіменстан тәжірибесі. 1904 жылдан бастап Түркімен халқы латын графикасына көшу мәселелерімен айналысып келеді. Бірақ бұл ел де өзге өзбек, қазақ, әзірбайжан секілді түркі халықтары секілді Ресей империясына бағынышты болғандықтан, кирилл графикасын пайдаланаған. Бірақ түркіменде тәуелсіздік алған жылдары, 1992 жылы, бірден латын графикасына көшіп алады. Бірақ көп жылдан бері көкейлерінде жүрген латын графикасына көшу туралы ойлары әлі де піспеген еді. Көптеген таңбалық, емлелік қиыншылықтар, оған қоса экономикалық, саяси мәселелер де латын қарпіне көшуді қиындатып жіберген еді. Бүгінгі күнге дейін латын графикасына көшкенмен кирилл әліпбиін де қатар қолдану тәжірибесі де кездеседі. Бұл туралы мәселені «Everyday Life in Central Asia: Past and Present (Повседневная жизнь в Центральной Азии: Прошлое и настоящее)» жинағына енген Виктории Клементтің «Alphabet Changes in Turkmenistan, 1904–2004» атты мақаласынан оқуға болады (Клемент, 2007). Бұл мақалада автор Түркіменстандағы жазу эволюциясы туралы сөз қозғайды. Мысалы Оғұлбүбі деген түркімен кейіпкері бұл кітапта әр кезең ұрпақтарының латын графикасын игеру мәселесін, игенген кездегі орфоэпиялық өзгерістерді, соған сәйкес орфографияның, емле ережелерінің жасалғанын айтып өтеді.

ТҮРКМЕН ӘЛІПБИЙИ			
A a	а	N n	н
B b	б	Ñ ñ	ñ
Ç ç	ç	O o	о
D d	д	Ö ö	ö
E e	э	P p	п
Ä ä	ä	R r	р
F f	ф	S s	с
G g	г	Ş ş	ш
H h	х	T t	т
I i	и	U u	у
J j	ж	Ü ü	ü
£ £	л	W w	в
K k	к	Y y	ы
L l	л	Ý ý	й
M m	м	Z z	з

Сурет 2. Түркімен әліпбиі

1991 жылы Кеңес үкіметі құлағаннан кейін Түркіменстан өзінің туын, елтаңбасымен қоса, әліпбиін де ауыстырып алды. Әліпби ауыстыру жаңа, жас мемлекет үшін өте қымбатқа түсті: оқулықтар, газет-журналдар, көшеге ілінген жарнамалар, карта, нөмір таңбалары бәрі-бәрі латын қарпіне ауысты. Сол кезеңдегі түркімендердің кейбірі үшін бұл үшінші рет әліпби ауыстыруды бастарынан кешіп отырған еді.

1904–2004 жылдар аралығында түркімендер бірнеше рет жазу ауыстырды. 1900–1928 жж. араб әліпбиін, 1928–1939 жылдары латын әліпбиін, 1940–1993 жылға дейін кирилл әліпбиін пайдаланды.

Түркімен ғалымдары да дәстүрлі араб жазуы әр түркі дыбысын толық бере алмайтынын байқады. Түркі тілдерінде араб тіліне қарағанда дауысты дыбыстар көптеу болды. Оларға қосымша таңба бере отырып, араб әліпбиі түркімен тілінің барлық дыбыстарының ерекшеліктерін толық бере алмады: [a], [ä], [e], [i], [o], [ö], [u], [ü], [y]. Мухаммед Гельдиев, Мухамметгулу Атабаев и Дурду Гылыч секілді білімділер түркімен тілінің жадидше оқыту үшін өзбек, татар білімдарларынан оқыған болатын. Бұндай ой түркімен тілінің фонетикасына жақын таңбаларды алып, тілді сақпап қалу болатын.

1926 жылы Мухаммед Гельдиев Баку қаласында өткен әліпби ауыстыру туралы конференцияға қатысады. Бұл конференцияда жадид жазуынан бас тартып, латын қарпіне көшу ұсынылады.

Осыдан кейін түркімен халқының сауаттылығы тағы да бәсеңдей түсті. Жаңа әліпбиді үйрену – жазу, сызудың дамуын кешеуілдетті. Бұл әліпбиді қолдану 1940 жылдарға дейін созылды.

1991 жылы Түркіменстан тәуелсіздігін алды. Латын қарпіне қайта жол ашылып, халық қайта жазуын ауыстырды.

1993 жылдың 21 қаңтары күні Түркіменстан басшылығы жаңа латын әліпбиіне көшу туралы жарлыққа қол қойды.

Сол кездегі президент Сапармұрат Ниязов 1993-1885 жылға дейін жаңа латын әліпбиіне көшіп біту қажет деген өз халқының алдына шарт қойды.

Латын әліпбиімен айналысатын 30 таңбадан тұратын жаңа әліпбиді ұсынды. Көшедегі биллбордтар, жарнамалар ауысты. Мектеп оқулықтары жаңа әліпбиге көшіп, жаңа мамандар даярлана бастады.

Латын әліпбиіне қолдау білдіретін адамдар арнайы БАҚ –да жиі сөйлейтін, жазатын болды. Себебі халықтың өзін осыған бейімдеу - латын әліпбиіне көшудің алғашқы шарттары болды.

Ел президенті Сапармұрат Ниязов мәжілісте сөйлеген сөзінде «Елдің мәдени жаңғыруы латын әліпбиіне көшуден басталады» деп айтқан болатын. Бірақ стихиялы түрде дайындықсыз латын әліпбиін қабылдау таңба мен емле ережелерінің жиі ауысуына алып келді. Әрі емле ережесі ескіріп қалып, 2 жыл сайын қайта жаңарып шығып отырды. Бұл, әрине, жаңа ғана тәй-тәй басып келе жатқан жас мемлекет үшін оңайға соқпады.

Азық-түлік қаптамалары мен этикеткадағы жазулар, көшедегі нысандар атауы жиі-жиі ауысып, елді шатастыруға алып келді.

Сондықтан бұрынғы кирилл әліпбиін қолдану да көрініс тапты. Бірақ қатал президент Сапармұрат Ниязовтың талапқойғыштығының арқасында кирилл әліпбиін қатар қолдану тоқтатылды. Түркімен жазушысы Аманмұрад Бугаев 1993 жылы латын графикасына көшу жөнінде шешім қабылдаған Түркіменстан әлі күнге бұл үдерісті аяқтамағынын айтады.

2000 жылдан бастап ресми құжаттарды латын графикасына толық өткізе бастады. Халықтың көпшілігіне, әсіресе, ересектерге қиын болды. Бізде сауаттандыру үдерісі (ликбез) болмады. Қазірдің өзінде халықтың 30-40 пайызы латын графикасын білмейді, – дейді ол.

Әлі күнге үйреншікті кириллицамен жазатынын айтқан Аманмұрад Бугаев «Азаттыққа» берген сұқбатында «қазақтардың латын графикасына өткені түркі халықтарын жақындастыруға септігін тигізеді» деп айтады (https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_latin.../28427794.html).

Әлімхан Жүнісбектің айтуынша, қазақстандық зерттеушілер латын графикасына өткен Өзбекстан, Түркіменстан, Әзербайжанның тәжірибесімен танысқан. Ғалым Өзбекстан мен Түркіменстан түркі халықтарына ортақ жасалған әліпбиге бірнеше әріп қосқанмен, бірақ жазулары әлі күнге дейін тұрақты емес деп санайды (Жүнісбек, 2017).

Оны Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан елдерінің тәжірибелерінен көреміз. Бастапқыда Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан үшеуі де ортақ алфавитті қолданысқа енгізді. Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей, бұл мемлекеттерде оқулықтар, ғылыми кітаптар, бұқаралық ақпарат құралдары латын графикасына дайын емес еді. Елдегі ғылыми базасының 80-90 пайызы орыс тілінде болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Латын графикасына өтудегі Түркия тәжірибесі зайырлы, демократиялы қоғамға тән сананың ашықтығы, түркітілдес мемлекеттердің ішінде алғашқылардың бірі және бұл графиканы табанды түрде ұстап тұруы арқылы өзге түркітілдес мемлекеттерге үлгі болуымен ерекшеленеді. Түркімен әліпбиі де кириллицадағы басы артық әріптерден тазарған ұлттық сипаттағы әліпби болды. Латыннегізді қазақ әліпбиінің басты ерекшелігі латын графикасына өткен мемлекеттер тәжірибесін мұқият зерделеп, таразылап келуінде. Ұзақ дайындықпен келсе де, әртүрлі пікір алшақтықтарының орын алуы графика ауыстыру ісінің таза лингвистикалық аспектісімен бірге, әлеуметтік, экономикалық т.т. факторларды шоғырландырып, кешенді құбылыс ретінде қарау қажеттігін дәлелдей түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аляз, Ахмет (2018), Латын әліпбиіне көшудегі Түркия тәжірибесі. «Ақиқат» газеті, 27.06.2018
2. Фазылжанова, Анар (2013), Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? «Ана тілі» газеті, 24.01.2013
3. Klement, Victoria (2007), «Alphabet Changes in Turkmenistan, 1904–2004» Everyday Life in Central Asia: Past and Present.
4. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_latin.../28427794.html
5. Жүнісбек, Әлімхан (2017). https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_latin.../28427794.html
6. Қабылдинов, Зиябек (2017). Латынға көшу – өткенімізді қайтарумен тең [//https://aikyn.kz/2017/09/07/26022.html](https://aikyn.kz/2017/09/07/26022.html)

КӨРШІЛЕС ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ТІЛ САЯСАТЫ

ф.ғ.к. С.А.ОДАНОВА,
PhD докторант Н.А.ЖАҢАБАЕВА^{7*}

Түйіндеме:

Мақалада латын графикасына өткен Әзербайжан, Өзбекстан мемлекеттерінің жүргізген тіл саясаты сараланады. Латын графикасына өтуге себеп болған негізгі факторлар анықталып, әліпбиіді реформалау үдерісінде кездескен негізгі мәселелер, латын әліпбиінің артықшылықтары мен кемшін тұстары қозғалады. Ғалымдарды пікірлері мен қоғамдағы жүргізілген саясаттың негізгі әсерлері сөз болады. Қазіргі таңда біздің қоғам және ұлттық әліпбиімізді қайта құруда осы елдерде болған жайттарды ескеру өте дұрыс қадам деп санаймыз. Себебі түбі бір түркі халықтарының тілінің тұтастығын, бірлігін сақтауда тәжірибе алмасудың орны бөлек. Әзербайжан және Өзбекстан мемлекеттерінің өз әліпбилерін қайта құруда басты назарға алған ұстанымдарын, тіл жанашырлары мен ғалымдарының жүргізген ізденістерінің қорытынды тұжырымдамаларын біз өз тәжірибемізде тіліміз үшін қажетті және маңызды тұстарын алуымыз тиіс деп ойлаймыз.

Тірек сөздер: түркітілдес мемлекеттер, латын, ұлттық сана, тіл саясаты

LANGUAGE POLICY OF THE STATES OF AZERBAIJAN AND UZBEKISTAN IN THE PERIOD OF LATINISATION

Abstract:

The article analyzes the language policy conducted by Azerbaijan and Uzbekistan, which has a Latin graphic. The main factors that led to the transition to Latin script are identified and the main issues encountered during the alphabetic reform process are the Latin alphabet's advantages and disadvantages. The main impressions of scientists' opinions and policies in society are discussed. Nowadays, we consider it a very good step to take into account the circumstances in which our societies and our national alphabets are reconstructed. The reason is that the bottom of the table is the exchange of experience in preserving the integrity and unity of the Turkic peoples. We believe that the conclusions of Azerbaijan and Uzbekistan on their key algorithms in rebuilding their own alphabets, and the conclusions of their researchers should be in the best of our knowledge and experience.

Keywords: Turkic speaking states, Latin, national consciousness, language policy

КІРІСПЕ

Бүгінгі күн – ертең тарих. Өткен іс – болашаққа жолдама... КСРО ыдыраған кезде түркітілдес көрші мемлекеттерде өзінің ұлттық әліпбиін латын графикасы негіздеп, қайта құру қадамдары жасалды. Солардың көш алдында тұрған елдердің бірі Әзербайжан мемлекеті. Саналы түрде тұтас мемлекет болып латын қарпіне өз әліпбиін реформалауы – тәуелсіз Әзербайжан елінің батыл қадамы, азаматтық және ұлттық сананың азат етілуі үшін жасалған шешімі болатын. ХХ ғасырдың 90 жылдары Әзербайжан Республикасы латын графикасына негізделген әзербайжан әліпбиін қайта құруды қолға алды. Бұқаралық ақпарат құралдарының бір бөлігі латын қарпімен жазуды бастап кеткен болатын.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әзербайжан мемлекетінде латын графикасына өтуге саяси, экономикалық, мәдени, лингвистикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер себеп болды. Осы аталғандардың ішінде алғашқысы саяси, одан кейінгі кезектегісі экономикалық, тілдік мәселелер болған. 1991 жылы 25 желтоқсанда Әзербайжан Республикасының Президенті А.Муталибов «Латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» заңға қол қойды (Закон Азербайджанской Республики, 1991). Бұл заң бойынша Әзербайжанда 1940 жылға дейін қолданылған 32 таңба-әріптен тұратын латын графикасындағы әліпби азын-аулақ өзгерістермен қалпына келтірілу мақұлданды. Бұл шаралар Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейінгі түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік алуымен байланысты ұлттық

⁷ *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, sagi68@mail.ru, asilnaz_07@mail.ru

сананың көтерілуімен, өз рәміздерін, ұлттық нақышын белгілеу әрекетінің нәтижесі болды. Оның үстіне Әзірбайжан елі шекаралас жатқан бауырлас Түркия мемлекетімен тығыз мәдени қарым-қатынасы да осы үдерістің Әзірбайжанда бірінші болып басталуына себепші болды. Әзірбайжан халқы үшін XX ғасырдың 90 жылдары үлкен отаншылдық серпіліс, ұлттық сананың көтерілген кезеңі болды. Осының негізінде елде жазу реформасы жасалды. Оған әзірбайжан тілінің кирилл әліпбиі негізіндегі жазудың екіжақтылығы дағдарысқа әкелді. Себебі орыс тілінен енген сөздерді өзгеріссіз жазуға арнайы жасалған кирилл графикасы олардың тұрпатын өзгертуге мүмкіндік берген жоқ. Бұл лингвистикалық фактордың нышасын білдіреді. Одан кейінгі кезекте мәдени-әлеуметтік мәселелер, бұлар: ұлттық сананың көтерілуімен болған елдегі ұлттық отаншылдықтың рухтың өрлеуіне жауап беретін нақты шаралар керек болды, ұлттық жазуға негізделген графика талап етілді; көршілес мемлекет Түркиямен теледидар, сауда, БАҚ құралдары арқылы да кеңінен тарап, орныққан мәдени қарым-қатынас нәтижесінде осы аяда қолайлы болатын жазуды талап етті.

Әзірбайжанның латын қарпіне өткенге дейінгі жағдайы посткеңестік дағдарыс кезеңінде елде көптеген саяси ағымдар мен діни секталар көбейіп, ұлттық отаншылдық сезімінің көтерілу үдерісімен қатар үлкен саяси пікірталас, тартыс кезеңі қатар жүрді. Осы тұста ұлттың басын біріктіретін қадамдар жүзеге асырылуы керек болды. Ол тіл мәселесі болды. Бұл мәселенің бірден-бір шешімі мемлекеттік тілді барлық мемлекет тұрғындарының мүддесіне қызмет еткізу болды. Ал орыс жазуына негізделген кирилл графикасы тілдің осындай қызметіне жауап бере алмады; халық арасында латын жазуымен өркендеп өсіп жатқан Түрік мемлекетінің мәдениетіне, экономикасының дамуына бет бұру керек деген сияқты көзқарастар күшейді.

Әзірбайжан тілінің 1940 жылдарға дейін қолданған әліпбиіне қайта оралу мәселесі көтерілді; елде орыс тілінің беделі күрт төмендеді, мұның себебі Әзірбайжан халқының ең көп пайызын әзірбайжан тілділер құрады. Мемлекеттің құрамында ұлттың пайызы үстем болғандықтан, басқа ұлт өкілдерінің арасында да мемлекеттік тілді білмейтіндер аз болды; ұлттық мүддені көздейтін «Народный фронт» атты саяси басым күштердің ұйымы белсенділік танытып, қоғамдық өмірдің өзгерістеріне қатысып отырды. 1991 жылы Әзірбайжанда түрік тілінің нұсқасындағы әліпби қабылданды; алғашқы заң қабылданғаннан кейін ел ішінде осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар болды; осыны ұзаққа созып, аяғын ушықтырып жібермес үшін Үкімет қатаң қадағалау саясатын ұстанды; артық пікір білдіруге теріс қарады, тіпті агрессиялық қатандықпен барлық қарсылықтарды - тыйып отыруды ұстанды, біржақтылықты ұстанған тіл саясаты өз жемісін берді; қазіргі кезде Әзірбайжанда латын графикасына өту процесі аяқталды, осы кезеңге дейін аталған мәселе бойынша айтарлықтай наразылық болмағандығын аңғаруға болады.

1991-2001 жылдар аралығында мынадай шаралар жүзеге асырылды: ең бірінші орта білім беретін мектептің бірінші сыныбы мен басқа сыныптары латын графикасында білім алды; 5-6 жылдың ішінде барлық ісқағаздары кезеңімен жаңа қаріпке көшірілді; осы аралықта барлық мемлекеттік мекемелер латын жазуына көшірілді; соңында барлық БАҚ латын әліпбиіне көшірілді. Сөйтіп, өту кезеңінің соңында Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.Әлиев 2001 жылдың 18 маусымында «Мемлекеттік әзірбайжан тілін қолдануды жетілдіру туралы» Жарлық шығарады (Указ Президента Азербайджанской Республики, 2001). Үдерістің аяқталғанының белгісі ретінде Республика Президентінің 2001 жылдың 9 тамызындағы «Әзірбайжан тілі мен әзірбайжан әліпбиінің күнін өткізу туралы» Жарлық қабылдады (Указ Президента Азербайджанской Республики, 2001). Әзірбайжан жазу-сызуы үшін қазіргі әзірбайжан әдеби тілінің латын әліпбиі мен оған көшу кезеңінің артықшылығын ғалымдары былай деп көрсетті: латын графикасы әзірбайжан тілінің дыбыстық қорындағы фонемаларды белгілейді, ал орыс графикалы жазу әзірбайжан тілінде жоқ, бірақ орыс, басқа тілдерден енген ғылыми-техникалық терминдер бөтен фонемаларды да таңбалайды; латын графикасына көшкен кезде түркітілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ортақ ақпарат алмасуға қолайлы болды; графемалық жүйесі ықшамды әрі қолайлы болғандықтан, әзірбайжан тілінен үйрену үдерісі жеңілдеді.

Жастар латын қарпін тез үйреніп алып, оның таралуын қолдап отырды; көршілес мемлекет Түркияның ресми әрі коммерциялық телеарналары Әзірбайжанда еркін көрсетілетіндіктен, латын графикасы негізіндегі бейне ақпарат легі әліпбидің игеріліп, қолданылуына дұрыс бағыт жасады. Әзірбайжан мемлекетінде латын әліпбиіне көшу кезеңінде ұтымды жақтарынан бөлек кемшіліктері де кездесті: мектептер латын қарпіне көшірілген алғашқы жылдары оларды оқытатын бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау ісі бірден алға баса алмады, мұғалім тапшы болды. Кирилл графикасында білім алған мұғалімдер үшін латын әліпбиін оқып-үйрену қиынға соқты; балаларға арналған латын қарпіндегі әдебиеттер тапшы болды; ересектерге арналған латын жазуын оқытатын

курс-тардың аздығынан ұрпақ арасындағы түсіністік қиындап қалды; кирилл графикасына негізделген бір ғасырлық мұралардың барлығын толықтай халық пайдалана алмады бірақ ол мәселені шешу қазіргі таңда да жүргізіліп жатыр.

«Латын графикасын қабылдау егемендік алған жаңа мемлекетте ұлттық сананың көтерілуі, өз рәміздері мен ұлттық нақышын бел-гілеуі секілді жемісті үдеріс ретінде қаралып, бұған қарсылық танытқан әртүрлі саяси топтардың әрекеттері мемлекет тарапынан тойтарылып отырады» (Указ Президента Азербайджанской Республики, 2001), – деген мәлімет келтірілген. Алайда, бұған қарап әзербайжанның латын графикасына көшу реформасы кемшіліксіз болды деп айта алмаймыз. Латын графикасы негізіндегі әзербайжандардың жаңа әліпби алты жаңадан диакритикалық сим-волдардың енгізілуіне орай электрондық жағынан тиімді болып саналмай отыр. Десек те, бұл кемшіліктерді түзетудің мүмкіндіктері жоқ деп айта алмаймыз. Әзербайжан халқының тоталитарлық жүйе ұсынған әліпбиден арылуы арқылы ұлттық сәйкестілігін орыстық негізден ұлттық бағытқа бұруы үлкен жетістік болып саналады. Филолог А.Фазылжанова: «Әзербайжандағы графика реформасына себеп болған. Саяси факторға Әзербайжанның тәуелсіздік алуын, бауырлас Түркиямен шекаралас жатуын және 1990 жылдары отаншылдық серпілістің, ұлттық сананың өсуін айтады. Ал лингвистикалық факторға әзербайжан тілінің кириллица бойын-ша екіжақты болғандығын, қолданыстағы әліпбидің орыс тілінен енген сөздердің тұрпатын өзгертуге қауқарсыздығы мен Ислам шеииттік ағымын ұстанған әзербайжандар үшін кирилицаның діни жаттығын жатқызса, мәдени-әлеуметтік факторға елдегі ұлттық жазуға негізделген графикаға деген сұраныс пен көршілес Түркиямен сауда-саттық және БАҚ арқылы орныққан қарым-қатынасқа қолайлы жазудың қажеттілігін айтады» (Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі., 2007).

Әзербайжан ғалымдары әліпби реформасын зерделеуге келген қазақстандық экспедиция өкілдеріне латын графикасына көшудің артықшылықтары деп фонемалық тұтастықты, әріп санының аздығын, түркілік ортақ жазба және ортақ әліпби кеңістігін қалыптастыруын, жаңа жазу арқылы экономиканың бастыстық моделін дамытудың мүмкіндігін, сауаттылық деңгейін көтеруін, жаңа әліпбидің жастар мен сауда-саттық жасаушыларға тиімділігі мен Түркия телеарналарынан берілетін ақпаратты игерудегі латын әліпбиінің қолайлылығын атаса, латын әліпбиіне көшудегі кемшіліктер ретінде мұғалімдер үшін латын әліпбиін үйренудің қиынға соғуын, жаңа әліпбимен басылған балалар әдебиетінің тапшы болуын, ересектердің жаңа әліпбиді игерудегі қиындықтарға ұшырауы мен орыс жазуына негізделген мұраларды пайдалану мүмкіндіктерінің аздығын көрсеткен.

Әзербайжан мемлекетінің латын графикасына өз әліпбиін қайта құру тәжірибесін зерттеу барысында Тіл білімі институты ғалымдарының анықтаған негізгі фактілерімен сөзбе-сөз бөлісуді жөн көрдік: **1 факт.** Әзербайжан тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирилл әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылудың жолына айналды. Түйін. Қазіргі қазақ орфографиясындағы дәл осы проблеманы түбегейлі реформа жасау, яғни әліпби алмастыру арқылы ғана шешуге болатыны айқын. **2 факт.** Түркі дүниесіне ортақ жаңа әліпби негізінде бауырлас елдермен, әсіресе көршілес Түркиямен мәдени қатынастарды жақсарту көзделді;

Түйін. Қазақ халқында бауырлас елдермен ортақ түркілік бірегейлік (идентичность) төмендеп кетті, түркі дүниесіне ортақтанып келе жатқан латын графикасы негізіндегі жаңа жазу оны жаңғыртуға септігін тигізері сөзсіз. **3 факт.** Жаңа графика тоталитарлық жүйенің боданынан босаған жаңа мемлекетте ұлттық сананың көтерілу, өз рәміздерін, ұлттық нақышын белгілеу процесінің жемісі ретінде қаралып, әртүрлі саяси қарсы топтар тарапынан болған қарсылықтар мемлекеттің қатаң саясаты арқылы тойтарылып отырды. Түйін. Қазақстанда жаңа әліпби отаншылдықтың бір белгісі ретінде танылып, оның бекуіне қарсылардың барлығына тойтарыс беретін мықты қоғамдық-әлеуметтік күш қалыптастыру керек. **4 факт.** Ұлттық тілдің ерекшелігіне негізделген жаңа жазу республикада әзербайжан тіліндегі монотілдік жағдаяттың (ситуация) қалыптасу процесін үдете түсті. Қазіргі кезде елде мемлекеттік тіл элитарлық тіл саналады. Түйін. Жаңа әліпбимен сауаттандыру процесі мемлекет құрушы ұлттың тілін элитарлық тілге айналдыруға жұмыс істеу керек» (Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі, 2007). Осы фактілерді анықтап, оған тұжырым ойларын жасаған ғалымдар қазақ жазуын қайта құру үдерісінде ұтымды қолданады деп сенеміз.

Енді ойымызды жақын көршіміз Өзбекстан мемлекетінде жүргізілген тіл саясаты жөнінде өрбітейік. Өзбекстан кирилл графикасынан латын қарпіне өтуге байланысты заң жобасын 1993 жылдың 2 қыркүйегінде қабылдаған болатын. Бұл заңның Өзбекстанда қысқа уақыт ішінде қабылдануына басты себеп, сол заманда Түркиямен арадағы қарым-қатынасының жақсы деңгейде болуы болды. Себебі Орталық Азиядағы түркітілдес мемлекеттердің тәуелсіздік ала салған жылдарында Түркияның Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан сынды елдердегі саяси

салмағы басым болды. Жоғарыда аталған елдердің барлығы Түркияның даму жолын үлгі тұтты, сол кезеңде Түркия Өзбекстан Республикасына латын әліпбиіне көшуге көмектесуге ниетін білдіргені де белгілі. Бірақ кейіннен Ташкент пен Анкара қарым-қатынасы солғындап, Өзбекстан билігі латын әліпбиіне көшуді 2000 жылға, одан кейін 2005 жылға, сосын 2010 жылға дейін кейінге қалдырды. Осы кезден бастап Өзбекстан мектептерінде қос әліпби оқыту бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама уақыт өте келе өзбек қоғамын екі тарапқа бөліп тастады. Олардың бірі кеңестер одағы кезінде кирилл әліпбиімен білім алып, өмір бойы кирилл әліпбиімен жазып келген аға буын өкілдері мен тәуелсіз Өзбекстанда туылып, латын әліпбиінде оқыған жас буын өкілдері. Қазіргі таңда Өзбекстанда 25 жасқа дейінгі өзбек жастарының барлығы дерлік латын әліпбиін пайдаланады. Ал аға буын өкілдері керсінше кирилл алфавитінде жазады, сызады. Елдегі баспа жұмыстары екі алфавитте шығады. Бірақ мектептер мен жоғары оқу орындарының басым көпшілігі латын әліпбиінде жазылған кітаптарды қабылдамайды. Кітапханаларда латын алфавитінде жазылған кітаптардың саны өте аз. Мысалы Өзбекстанның Әлишер Навои атындағы көне кітапханасында 600 мыңнан астам өзбек тіліндегі кітаптар мен құжаттар сақталған. Ал олардың арасында латын әліпбиіне аударылған нұсқалары жоқтың қасы. Өзбекстан ғылым академиясының кітапханасындағы жағдайда осыған ұқсас. Онда 5 мыңнан астам кирилл алфавитінде жазылған ғылыми еңбектер бар. Оны әлі күнге дейін ешкім латын әліпбиіне аудармаған. Биыл Өзбекстанда өзбек тілінің латын әліпбиіне көшуге ниет етіп бастағанына 25 жыл толады. Бастапқы кезде латын әліпбиі қоғамда жалғыз әліпби болады деп жорамалданған болатын. Алайда кирилл графикасының елде қолданылуы жалғасын табуда. Бұл кириллицаны аға буын ғана емес, жастардың да қолданатындығын көрсетеді. Тіл білімі институтынан барған ғалымдар өздері сұрақ қойған сарапшылардың барлығы жастар латынша оқығанмен күнделікті өмірде және жұмыста кириллицамен бетпе-бет кездесіп отыратындығын және оны тез игеріп алатындығын алға тартқанын айтады. Тіпті көпшілігі өздерінің қызметінде, мысалы мемлекеттік ұйымдарда да қолданатынын ғалымдар тілге тиек етіп отыр. Қарап отырсақ, Өзбекстанда латын графикасына тиісті жүргізілген тіл саясаты «Бір тіл — бір әліпби» ұстанымын ұстамағандықтан екі әліпби әлі күнге дейін қолданылып отыр. Осы тұста Әзірбайжан мемлекетінде ұстанған тіл саясаты алдыға шығары сөзсіз. Себебі тіл саясатын мемлекет ұлт болашағы тұрғысында ұстанар болса, қоғамда екі тарап болмайтын сияқты. Бұл мәселе тарапында ғалым А.Фазылжанованың ой-пікіріне жүгініп көрейік: «Өзбек тілінің латынша дара әліпбиі болуы үшін қанша уақыт қажет деген сұраққа, барлық сарапшылар бұл проблема ұзақ сипатқа ие екендігін айтты. 1990 жылы тіл реформасының алғашқы кезеңінде-ақ латыншаға кезең-кезеңмен көшудің мемлекеттік жоспарында мерзім — 2010 жыл ретінде белгіленген, осы кезде барлығы латын графикасына көшуге тиіс болған. Алайда объективті себептер тұрғысында бұл тапсырма мерзімінде орындалмады. Уақыт өте келе мемлекет пен қоғам ішінде мәселенің күрделі екендігіне көздері жетті. Бүгінгі таңда мемлекет өзбек тіліндегі баспалар мен басқа да күнделікті өмірдегі латындандырудың нақты мерзімін көрсетпейді. Тек нақты мерзімге белгіленген әліпбиді, емлені, орфографияны және басқа да жазудың аспектілерін, атап айтқанда 2020 жылға дейін жетілдіру бойынша қысқа мерзімде жүзеге асыру туралы міндеттер қойылуда. Өзбек әріптестер өз елдерінің латыншаға өту тәжірибесін «сәтсіз» қадам ретінде қарастырмайды. Олар осы өтудің кейбір қиыншылықтарын мойындайды, бірақ өзбек әліпбиін латындандырудың тілдік реформасын дұрыс бағалайды... Жалпы алғанда сарапшылар өзбек тілінің латыншаға өтуі ұлттық бірегейлікті нығайтуда жағымды рөл атқарғандығымен келісті. Сарапшылардың ойы бойынша латын әліпбиі Өзбекстан тәуелсіздігінің символы ретінде танылады» (Фазылжанова А., 2013).

Өзбек тілі әліпбиінің латын графикасына көшу тәжірибесін саралау барысында ғалымдар мынадай фактілерді көрсетіп береді: біріншіден, Өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирилл әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылудың жолына айналды; екіншіден, жаңа әліпби өзбек жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына әсерін тигізді. Үшіншіден, жазу реформасын жүзеге асырушы құзырлы орындар құрамына өзбек тіл білімінің фонетика, фонология, грамматология саласындағы лингвист мамандардың аз тартылып, олардың пікірі негізге алынбады. Төртіншіден, жаңа әліпби жобасы Интернет желісіне қолайлы болу керек деген принцип басым түсіп кеткен. Кейбір дыбыстарды қосалқы таңбалармен бірге қолданылатын бір әріппен белгілеуден қашып (интернет үшін қолайсыз болғандықтан), бір дыбысты екі әріптің тіркесімен таңбалаған. Бесіншіден, өзбек тілінің жаңа әліпбиіндегі графемалар жүйесі гетерогендік сипаттағы әдеби тілдің дыбыстық қорына негізделгендіктен, бір әріп бірнеше фонеманың репрезентанты болып қабылданған. Жалпыхалықтық тіл элементтері өзбек фонетикасында басым емес, сондықтан халықтың сауат ашу ісін жаңа әліпби біраз қиындыққа соқтырды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің тілімізде жалпыхалықтық тілдің ізі нақты салынғандықтан, графика ауыстырған уақытта өзбек тіліндегі қиындықтар кездеспейді деп ойлаймыз. Қазіргі таңда қазақ ғалымдарының алдында тұрған басты мақсат өз еліміздегі жағдайды талдап, тілдің қажеттілігін, халықтың тілек-арманын, қазақ тілінің ұлттық тіл ретіндегі сақталып, қайта жаңғыруына мүмкіндік туғызуды бірінші кезекте алға шығару болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Закон Азербайджанской Республики О восстановлении азербайджанского алфавита с латинской графикой (25 декабря 1991)
2. Указ Президента Азербайджанской Республики Об усовершенствовании применения государственного языка, 18 июня 2001 г.
3. Указ Президента Азербайджанской Республики Об учреждении Дня азербайджанского алфавита и азербайджанского языка, 9 августа 2001 г.
4. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. / Ред. алқа: К. Ш. Хұсайын және басқалары. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
5. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан және Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? «Ана тілі» газеті, 2013, 24-қаңтар.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

g.ғ.м. Р.Т.ҚҰЛАБАЕВА*

Түйіндеме:

Қазіргі таңда латын алфавиті жер бетіндегі оқи алатын адамдардың барлығына дерлік таныс. Латын әліпбиінің көптеген тілдердің төл әліпбиі екендігін санамағанда, ол мектеп табалдырығында математика, немесе шет тілі сабақтарындағы ұғымдар мен түсініктерден белгілі. Сондықтан да ол «халықаралық қатынас әліпбиі» болып табылады.

Қазақстан Республикасында кириллицадан латын графикасына көшу үдерісі қазіргі таңда ең жоғары мемлекеттік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жоспар 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы жоспарланып отыр. Кейбір орта азиялық мемлекеттерде кириллицаның латын қарпіне көшірілу үдерісі болған. Графиканың ауысуы – күрделі әрі ұзақ құбылыс. Ол жеке тұлғалар үшін де, тұтас мемлекет үшін де психологиялық тұрғыдан дайындықты қажет ететін шара.

Аталмыш мақалада осы шараны іске асыру барысында туындайтын мәселелер туралы айтылады. Дегенмен, жазу тұтастай және жазудың кез келген түрі жекелей алғанда – тұрақты категория болып табылады. Сондай-ақ, жазудың қоғамдық қызметі мен қазақ жазуының тарихындағы әліпбилер мен оған себеп болған факторлар жөнінде айтылады.

Тірек сөздер: тіл, лингвистика, алфавит, жазу, латын графикасы

KAZAKH WRITING: THE PAST AND THE PRESENT

Abstract:

Now the Latin alphabet is familiar almost to all to the people of Earth able to read as it is studied by all school students or at mathematics lessons, or at lessons of a foreign language not to mention that for many languages the Latin alphabet is native therefore it is "the alphabet of the international communication".

In the Republic of Kazakhstan the change problem like graphics from Cyrillics on latinets is considered at the highest government level now. Previously the beginning of alleged change like letter is planned for 2025. Change of Cyrillics on latinets has taken place in some Central Asian states. Change like graphics in the state – difficult, long, psychologically painful action both for the certain individual, and for all state.

In this article is considered serious problems, in the course of implementation of this action. However it is necessary to tell that the letter in general and each type of the letter in particular – constant categories. And also it is reported on importance of the letter (writing), public function and also about various alphabets and factors which have influenced emergence of the Kazakh writing.

Key words: language, linguistics, alphabet, writing, Latin graphics

«...Осы заманғы ғылыми технологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер арқылы батыл енуде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек... Біз 2025 жылдан бастап, әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе».

Н.Ә.Назарбаев

Жазу туралы түсініктің қарапайым ережесі – адамдардың қашықтықта тұрып қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету. Өйткені жазу қоғамдық қажеттіліктен туындаған. Адамдар арасындағы түрлі қоғамдық қатынастардың дамып жетілуіне ауызша сөйлеу жеткіліксіз болды. Сондықтан жазудың пайда болуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына деген қоғамдық мұқтаждықпен байланыстырылады. А.Байтұрсынов: «Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген. Жазусыз өркениеттің болуы мүмкін емес, себебі жазудың арқасында адамзат көптеген мәдени жетістіктерге жеткен.

* Қазақстан-Ресей медициналық университеті, gimma.kaznu@mail.ru

Жазу – тілді жаңғыртудың, бекітудің құралы (Волков А.А., 1974: 9). Жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба жазуға түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болғаннан кейін мәңгілік құндылыққа айналды. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді және тереңдетеді. Ауызша сөйлеудегі еркіндікті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген адамның қолынан келмейтін нәрсе. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазбаша жеткізуде түрлі қиындықтарға тап болады.

Сондай-ақ жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда шығармашылық әрекетінің негізгі құралы. Жазудың көмегімен қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі сыртқа шыққан адам ойына өзгеше сипат береді. Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады. Жазу қарым-қатынас құралы болмаса да адам өз ойын монологті түрде жарыққа шығаратын сананың материалдану құралы болады (Истрин В.А. 1961: 24).

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне (“Есік жазуы”) жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) бір кездерде (1929 – 40; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады. Қазақ халқының қолданған жазу типтерін ғалымдар семасиографиялық және фонемаграфиялық деп бөле отырып, зерттеуге фонемаграфиялық жазу түрлерін нысан етеді. Өйткені пиктографиялық жазу мен дыбыстық жазудың екі басқа типіне жатады. Сондай-ақ, ғалымдар арасында сурет жазуды жазу түріне санамайтын көзқарастар басым. Пиктографиялық жазуды өз алдына кең масштабтағы зерттеуге нысан етіп алады (Күдерина Қ.Б. 2006: 76). Қазіргі қазақ жазуының бейнесін, болашақ «кескінін» тану үшін қазақ жазуы тарихындағы дыбыстық жазу түрлерінің сипатын, әліпбиі мен емлесін анықтау қажеттігі бар.

Көне түрік жазбалы ескерткіштердің табылу аймағы үлкен: Хакасия, Алтай, Тува, Саян-Алтай, Енисей, Талас, Алта-Бай сайы, Орхон, Қаракорым, Тараз, Павлодар, Ертіс, Шемонайха, Қырғызстан Қошқар өңірі. Бұл әр аймақтың графикасы өзіндік дыбыстық ерекшелігімен көрінетінін білдіреді. Дегенмен көне түрік жазуына қатысты түрлі ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, көне түрік жазбасына ортақ графика-орфографиялық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік бар. Қазақ тіл білімінде көне түрік жазуына қатысты Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрысжанов сынды ғалымдар елеулі зерттеулер жазған.

Жалпы Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған графеманың 4-і ғана дауысты фонеманы, ал 31-і дауыссыз фонеманы және үнді қатаң тіркесін бергені бүгінге айқындалған жайт (Уәлиев Н. 1993: 180). Сонда көне түрік жазбаларында дауысты фонеманың 4 инварианты мен тілдегі 9 вариантын (*a-e-ə, ы-i, o-ұ, ө-ү*), дауыссыздардың 20-дан аса жуан-жіңішке вариантымен 10 инвариант фонеманы (*б, в, г, й, қ, л, н, р, с, т*) берген түркі тілдеріндегі үндесім құбылысын дауыссыздар санын көбейтумен шешкен графика болып табылады. Проф. Б.Сағындықұлы көне түркі тілдеріндегі алғашқы дауысты фонема ретінде *a*-ны атайды (Сағындықұлы Б. 1994: 157). Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері дауысты таңбаларының *<a, e,(ə), ə>* графемасында ғана әріп варианты көп болған, ал *ы, о, ө* графемалары бір таңбалы болып келеді. Бұдан негізгі инвариант дауыстының (*a*) вариант, вариациялары (*э, e, ə, әe, i*) басқа дауыстыларға қарағанда артық болғанын көруге болады (Аманжолов А. 1973: 20).

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген-ді. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді.

Қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы «қадим», «жәдид» деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады.

Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін қарақаттар атқарған. Қарақаттар үшеу: «фатха», «дамма», «кесра». Бұл белгілер қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген, фатха – «а», «ә»; дамма – «ұ», «ү», «о», «ө»; кесра – «ы», «і», «е» дыбыстарының мәнінде жұмсалып отырған.

Қадим жазу жүйесінен жадид жазуының басты ерекшелігі жазуда дауысты дыбыстардың қарақаттар арқылы емес, таңба арқылы беріліп, дауысты дыбыстар үнемі жазуда хатқа түсіріліп отырғандығында. Бұл жөнінде Бабаш Әбілқасымов былай дейді: «Газеттер пайдаланған араб графикасына негізделген алфавитте араб әліппесіндегі әріп таңбалары түгел дерлік сақталған. Араб әліппесін толықтыратын асты, үсті, үтір сияқты қосымша белгілер пайдаланылмаған (Әбілқасымов Б. 1971: 43).

Жадид, қадим жазу үлгілерінде кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық таңбалар, сонымен қатар халықтық тілден едәуір алшақта болды.

Араб жазуындағы кейбір үйлесімсіздікті жоюға арналған алғашқы қадам «Дала уәлаяты», «Айқап» беттерінде көтеріледі. Қазақ тілі туралы, әліппе, емле қағидаттары туралы жазушылар – сол кездегі қазақтың оқығандары, мұғалімдер араб әліпбиінің кемшілігі туралы, қазақ сөздерін жазуға толық үйлесімді еместігін, оның орнына ұлттық әліпби шығару керектігін маңызды мәселе ретінде көтеріп отырған.

Жалпы қазақ жазу тарихында араб графикасын (араб әліпбиін) қабылдауға не себеп болды, қандай ықпал, әсер негізінде араб жазуына бет бұрды, оның халық сауатын ашуда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық таңбалауда кемшілік тудыруының себебі неде деген мәселелерді айқындау үшін, араб графикасына көшуге негізделген түркілік бағыт көрсетіледі.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп болды. Ал дыбыстың саны, ғалымның өзі айтқандай – 43. Графеманың бесеуі (*a, o, ʏ, ы, e*) дауыстының, 17-і (*б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, ғ, ң, л, м, н*), дауыссыздың, 2-і (*у, й*) жарты дауыстының таңбасы. Ал фонеманың 9-ы (*a, ə, o, ø, ʏ, ʉ, ы, i, e*) дауысты, 34-і (*б, б', д, д', н, н', т, т', ж, ж', ш, ш', р, р', з, з', с, с', ғ, қ, к, н, ң, л, л', м, м', н, н', у, у', й, й'*) дауыссыз. Сөйтіп, ғалым тіл дыбыстарын бір жарым есе аз әріп таңбаға сыйдырып, ең үнемді әліпби түрін жасады. Әліпби теориясында әріп саны фонема санынан аз әліпби жетілген жазу сипатын көрсетеді деген қағиданы қалыптастырған А.Байтұрсынұлының төте жазуы деп білеміз (Күдерінова Қ.Б. 2006: 87).

А.Байтұрсынұлының әліпбиі ресми түрде тек 1924 жылы қабылданады. Бұл әліпбидің түрлі ғалымдар тарапынан қолдау тапқанына қарамастан, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

XX ғ. бірінші ширегінде Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшу үдерісі үдей түседі. Латын графикасының қазақ қоғамында орын алуы тек саяси идеологиялық жайтқа негізделді.

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттерінен көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде де көрініс тауып, газет төңірегіне ұйыса бастайды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақтар арасында латын әліпбиіне көшу мәселесі жиырмасыншы жылдың орта тұсынан бастап сөз бола бастады. Алғашқыда осы жөнінде алдыңғы қатардағы қазақ оқымыстылары баспасөз беттерінде арнайы мақала, пікірталас ретінде өз ойларын білдіріп отырды. Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» деген мақалалары оған дәлел бола алады.

Соңында латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру жұмысы басталады. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде көптеген елдерде латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті.

Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И. Ильминский жасады. Н.И. Ильминский жасаған әліпби турасында бірнеше сындар айтылады. Оқымыстылар тарапынан

сынға ұшырағанымен Н.Ильминскийдің орыс графикасымен берген қазақ әліпбиі қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесіне өзгерістер әкелді.

Н.И. Ильминскийден кейін, 1879 жылы қазақ ағартушыларының бірі – Ы.Алтынсарин орыс әліпбиі негізінде қазақ балаларына арнап қазақша анықтама жасаған болатын. Жобаның негізгі ерекшелігі – орыс графикасындағы бар таңбалармен ғана шектеліп, қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарын беруде де осы жүйені ұстанған, яғни *қант, дөңгелек, үзеңгі, тоғай* деген сөздерді *кант, кагаз, дунгелек, узенги, тогай* түрінде таңбалаған. Ал қазақ тіліндегі *ң* дыбысын әріп тіркесі арқылы белгілейді: *нг (мангдай – маңдай, сараңдық – сараңдық)*. Сөзді жіңішкерту үшін сөздің соңында (*урть – өрт*) және *л* дауыссызынан кейін *ь* (жіңішкерту) таңбасын жүйелі түрде қойып отырған: *тульки (түлкі), бль (піл), куль (күл), бельбеу (белбеу)*. *Иа, иу* әріп тіркесі келетін жерде орыс графикасындағы *ю, я* графемаларын да белгілегенін көреміз: *аяк, узюк* (Алтынсарин И. 1979: 32).

Латын графикасы негізінде әліпби жүйесін түзгендердің бірі қазақтың дарынды дипломаты Нәзір Төрехұлов. Ол 1924 жылы Мәскеу қаласында «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында өзінің жобасын көрсетеді. Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын көрсетеді. Мысалы «*оп (он) – оп' (өн)*», «*ип (үн) – ип' (өн)* т.б.» Ал кірме сөздер арқылы енген «ф», «ч» дыбыстарына әріп арнайды. Мысалы, «*fylosofya*» (философия), «*сепруон*» (чемпион) (Әміржанова Н.С. 2009: 16).

Қазақ жазуының 1940 ж. латын графикасынан орыс графикасына көшуінің бірнеше себебі болды: 1) өзге идеология мен саясат ұстанған Түркия мемлекеті мен Кеңестер Одағындағы түркі халықтарының араласуына кедергі жасау; 2) араб және латын графикасына негізделген қазақ жазуының негізін қалаған қайраткерлердің «халық жауы» болып шығуы; 3) бір мемлекет (ССРО), ортақ астана (Мәскеу) астындағы халықтардың ортақ мемлекеттік жазуы болуы керектігі (орыс тілі мен жазуы); 4) термин сөздердің орыс тілі арқылы игерілуі; 5) жазу емлесіндегі ала-құлалық т.б. (Күдерінова Қ.Б. 2006: 103).

1940 жылдан бастап қазіргі күнге дейін осы алфавит жүйесін қолданып келеміз. Қазіргі қазақ орфографиясындағы қиындықтар емлені нормалаудың алғашқы жылдарында кеткен олқылықтардан туындайды.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастап қолға алу қажеттігін атап өтті.

Бүгінгі таңда қоғамда әліпбиді ауыстыруға байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Біреулер латын әліпбиінің оңтайлы тұстарын алға тартса, енді басқалары бұл істе асығыстық жасамайық деп сақтандырады. Мұндай пікірлердің орын алуы өте заңды. Соның арқасында көпшілік осы бір күрделі мәселеге орай өзінің көзқарасын қалыптастырады. Алайда анық болатын бір мәселе бар. Ол – қазақ тілі бүгін бе, ертең бе міндетті түрде латын әліпбиіне көшеді.

Бұл бағытта істелініп жатқан және жоспарланған істер өте көп. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру жұмыстарында тілші ғалымдардың зерттеу еңбектері мен әліпби жобаларының маңызы өте зор. Түрлі жобалар ұсынылып, талқыланып жатыр. Ендігі мәселе – осылардың қайсысының тиімді екендігін анықтау болып табылады. Тілші ғалымдар оны анықтауға қызмет жасайтын төрт түрлі принципті ұсынып отыр. Олар:

Бірінші принцип – тілдегі фонологиялық заңдылықтарды сақтау. Бұл жердегі ең бастысы: тілдегі төл дыбыстар түгелдей жеке әріптермен бейнеленуі қажет. Қазақ тіліндегі 28 дыбысқа – 28 әріп болуы керек. Бұларға қосымша қандай әріптерді алу мәселесі осыдан кейін барып екінші кезекте анықталуы керек.

Екінші принцип – жазудағы графологиялық заңдылықтарды сақтау. Латын графикалы ұлттық әліпбиімізді жасау кезінде латын қаріптерінің негізгі оқылымы ескерілуі керек. Ұлттық әліпбиі түзу кезінде тіліміздегі төл дыбыстарды бейнелеу үшін латын әріптерінің кеңейтілген латыншадағы модификациялық варианттарын пайдалануға болады. Алайда латын әріптерін мүлде басқа оқылымда қолдануға болмайды.

Үшінші принцип – әліпбидің ұлттық бет-бейнесін сақтау. Жаңа әліпбиде ұлттық бет-бейне анық көрініп тұруы керек. Ұлттық бейнесі анық көрінбейтін әліпби – ұлттық әліпби болып саналмайды. Әсіресе, *ұ, к, і, ң* тәрізді төл дыбыстарды таңбалауда осыны ескеру керек.

Төртінші принцип – әліпбидің түркілік бейнесін сақтау. Түркі тілдеріне ортақ төл дыбыстарымызды бейнелейтін қаріптердің түркі әлеміне ортақ әріптер құрамынан алынуын, олардың өзге түркі әліпбилеріндегі қаріптерген ұқсас болуын қадағалау керек (Малбақов М. 2013: 189).

Қазақ жазуының латын графикасына көшуі – ұлт мүддесін көздейді. Тіл ғылымының атасы Ахмет Байтұрсынұлының елеулі еңбегінің арқасында бұл үдеріс қазақ жазуы үшін таңсық дүние емес. Сондықтан да «латын әліпбиіне көшеміз» дегеннен гөрі «төл әліпбиімізге ораламыз» деген жөн шығар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Волков А.А. Типология алфавита, графики и орфографии: автореф. канд. дис. фил. наук.: – М., 1974. – 30 с.
2. Истрин В.А. Развитие письма. – М.: АН СССР, 1961. – 394 с.
3. Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы: фил. ғыл. док. дис. – Алматы, 2006.
4. Уәлиев Н. Қазақ грамматикасы орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1993. – 162 б.
5. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы: Санат, 1994, - 168 б.
6. Аманжолов А. Графика таласских, енисейских и орхонских надписей // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1973, 3 шығ. 17-20 бб.
7. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971. – 170 б.
8. Резолюция I тюркологического съезда о новом латинированном алфавите // Культурное строительство в Казахстане (1918-1933), Алматы, 1965. – 564 с.
9. Алтынсарин И. Начальное руководства к обучению киргизов к русскому языку. Оренберг, 1979. – 183 б.
10. Әміржанова Н.С. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. Канд. дисс. – Алматы, 2009.
11. Малбақов М. Ұлттық жазуды латын қарпіне көшіру жобалары туралы // Тілтаным, №2. – Алматы, 2013. 187-189 бб.

ТЕРМИНДЕРДІ ЛАТЫН НЕГІЗДІ ЖАЗУМЕН ТАҢБАЛАУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН ҰСТАНЫМДАР

Ф.Ф.Д. **О.ЖҰБАЕВА**⁸
Ф.Ф.Д. **Қ.АЙДАРБЕК**
Ф.Ф.М.М. **ТАУБАЛДИЕВ**

Түйіндеме:

Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шет сөздерді қабылдаудағы ұстанымдары туралы сөз болады. Бүгінгі таңда жарық көрген жиілік сөздіктегі б, г, д дыбыстарына, аб, уб, об, ерб, омб, умб, анг, енг, ерг, онг, унг, ург, фаг, яг, инг, ог, ад, айд, ард, ед, ейд, еид, онд, орд, унд, фуд, юд, ярд т.т. дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің тізімі, жиілігіне талдау жасау арқылы нақты тілдік дәйектер негізінде ондай сөздерді таңбалау жолдары берілген. А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров сынды зиялылардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, бүгінгі таңда латыннегізді жазуда шеттен енген термин сөздерді таңбалауда ескерілетін қағидаттар көрсетіледі.

Тірек сөздер: ұлттық код, дыбыстар, термин.

PRINCIPLES OF WRITING TERMS ON THE LATIN CHART

Abstract:

The article deals with the principles of perception of foreign-language terms in the early twentieth century. Frequently translated frequency b dictionary includes b, g, d sounds, ab, wil, d, erb, ommb, ugb, ang, girg, erg, ugg, ugg, sf, phag, yg, ingg, og, hell, ayd, ard, ed, etc. The list of vocabulary endings, the analysis of the frequency, the ways to mark such words based on specific language definitions. Analyzing the terms found in the frequency dictionary of the Kazakh language, clear spelling of the terms is given. Focusing on the installations of A. Baitursynuly and E. Omarov, the spelling of foreign-language terms is given.

Key words: national code, sounds, term.

КІРІСПЕ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу», – деген болатын. Бұл орайда XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері – ұлттық кодтың негізі бола алады. Осыған байланысты ұлттық кодтың негізі болатын XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінде латын графикасына көшуге байланысты терминдерді таңбалау, халықаралық атауларды дұрыс жазу мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған байланысты өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерін назардан тыс қалдыруға болмайды.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылады да, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, Еуропа сөзін алу (Жолдыбаев, 1926).

Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура Аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт

⁸ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.: alm-ornai@mail.ru, aidarkar_10@mail.ru, taumeir@mail.ru

тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Өзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ө.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді (Байтұрсынұлы, 1928).

XX ғасырдың 20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді (жат сөздерді) қабылдап, тұрақтандыруда төмендегі ұстанымдар негізге алынған:

- орыс тілінен енген сөздерді жазуда сол уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алынған.

- сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат* – *кемесерет*, *тема* – *теме*, *курсант* – *күрсент*, *губерния* – *гүбірне*, *конференция* – *кәнперенсе*, *лекция* – *лексіе* түріне ауысқан.

- бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор* – *аптыр*, *срок* – *сұрык* т.б.

- орыс тіліндегі **ф** орнына **п**; **г** орнына **ж**; **h**, **х** орнына жуан сөздерде **к**; жіңішке сөздерде **к**, **ц** орнына **с**, **в** орнына **у**; **щ** орнына **ш** қолданылған. Мыс: *физика* – *пійзійке*, *география* – *жағырапа*, *химия* – *кійміе*, *техник* – *теқнійк*, *станция* – *станса*, *Москва* – *Мәскеу* т.б.

- сөздің соңындағы **а** дыбысы түсіп қалған: *аптека* – *аптек*, *фабрика* – *набірік*, *награда* – *награт*. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы**, **і** болып өзгерген: *Европа* – *Жаурыпы*, *Африка* – *Әпірікі*, *Азия* – *Әзіе* т.б.

- орысшада **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы**, **і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр*, *метір* т.б.

- орыс тіліндегі **-тор**-ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір**, **-тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр*, *доқтұр*, *кәректір* т.б.

- **ка**-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка* – *ыспырабке*, *музыка* – *мүузійке*, *техника* – *теқнійке* т.с.с.

- орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке**-ге өзгерген: *участок* – *ұушаске*, *список* – *іспеске* т.б.

- орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция* – *мелетсе*, *станция* – *станса* т.б.

XX ғасырдың басында сөздік түзушілер аударуға көнбеген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп алып отырған. Мысалы: *зауыт* – *завод*, *капыйтал* – *капитал*, *кійміе* – *химия*, *кассы* – *касса*, *дйідәктійке* – *дидактика*, *натарыс* – *нотариус*, *газ* – *газ*, *азотная кислота* – *азот қышқылы*, *бром* – *бұром*, *аммоний* – *әмөн*, *бром* – *бұром*, *бактерия* – *бактеріе*, *барий* – *барый* т.б.

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I съезінде термин мәселесін арнайы сөз еткен Елдес Омаров қазақ тілінде сөздің соңында **б**, **г**, **ғ**, **д** дыбыстары келмейтінін ескерте келіп, осы заңдылықты шет тілінен енген сөздер үшін де ұстану керектігін айтады (Омаров, 1925).

Осы ұстаным сөздіктерде де басшылыққа алынған:

Актив – әктіп

Анод – анот

Биллиард – біліярт

Велосипед – белесепет

Завод – зауыт

Заводоуправление – зауыт басқармасы

Залог – залок, аманат (кепіл)

Залоговой акт – залок әктісі

Залогодатель – залок салушы

Залогодержатель – залок алушы

Изумруд – зүмірет

Йод – йот

Микроб – мекроп

Устав – ұстап

Ухаб – оқап

Штатив – ыштатып (үш аяқ)

1924 жылғы сиез қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз деп екі бөліп алып, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен бес бөліп жіктеген: **р, л, у, й** – *жарты дауысты*; **ң, м, н** – *ұяң*; **б, п, т, с, ш, қ, к** – *қатаң*; **ж** мен **з** – *ымыралы*, **д, ғ, г** – *ымырасыз* атанған. Съезд қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктегенде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай топтастырып, жалғау-жұрнақтардың ешқайсысымен үйлеспейтін үш дыбысты (**г, ғ, д**) *ымырасыз* деп атап (**б** дыбысы көпке дейін зерттеушілер арасында талас тудырған) өз алдына бөлек шығарған. Осылайша жіктеу А.Байтұрсынұлының 1927 жылы жарық көрген «Тіл – құралдарында» да сақталған (Байтұрсынұлы, 1927).

Бүгінде профессор Ә.Жүнісбектің еңбектерінде қазақ тіліндегі төл ұяң дауыссыздар (**б, г, ғ, д, з, ж**) тоғысыңқы және жуысыңқы дыбыстар болып жіктеледі, яғни **б** дыбысы ерін тоғысымы, **д** тіл ұшы тоғысымы, **г** тіл ортасы тоғысымы, **ғ** тілшік тоғысымы арқылы, **з** тіл ұшы жинақы жуысымы, **ж** дыбысы жайылыңқы жуысымы арқылы жасалатыны жан-жақты дәлелденген (Жүнісбек, 2002, 35) Екінші сөзбен айтқанда, ғалым еңбектерінде **б, г, ғ, д** дыбыстарының не себепті ымырасыз болатыны жасалу жолдарына қарай сипатталған. Екі кезеңнің ғалымдары **б, г, ғ, д** дыбыстарын топтастыруда екі түрлі қырынан (XX ғасырдың басындағы ғалымдар қосымша жалғануына қарай, Ә.Жүнісбек жасалу жолына қарай) жіктегенмен, аталған дыбыстардың ерекшелігін нақ басып көрсетіп, жеке топтастырған.

Яғни қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді.

Шет тілден енген сөздерде сөздің соңында келген **б, г, ғ, д** дыбыстары келетін сөз көп. Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйсенсек:

Б

аб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

араб/зт 854

архесиллаб /зт 1

мазһаб/зт 11

масштаб/зт 165

хиджаб/зт 17

штаб/зт 113

об дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

гардероб/зт 8

гидрофоб/зт 2

микроб/зт 34

уб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

автоклуб/зт 9

аэроклуб/зт 6

бизнес-клуб/зт 4

интернет-клуб /зт 1

клуб/зт 531

куб/зт 49

мотоклуб/зт 1

спорт-клуб/зт 3

фитнесклуб/зт 2

ерб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: герб/зт 25

омб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: ромб/зт 9

умб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: румб/зт 11

Г

аг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

аншлаг /зт 3

архипелаг /зт 10

детритофаг/зт 1

рейхстаг /зт 13

рычаг /зт 5

анг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

бумеранг/зт 2

ранг /зт 1

фланг/зт 5

енг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: сленг/зт 26

онг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

гонг/зт 7

дифтонг/зт 3

полидифтонг/зт 1

ерг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: айсберг/зт 26

орг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: комсорг/зт 1

унг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: лозунг/зт 1

ург дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

драматург/зт 91

жазушы-драматург/зт 7

кардиохирург/зт 2

кинодраматург /зт 1

металлург/зт 9

нейрохирург/зт 1

хирург/зт 22

фаг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

ксилофаг /зт 3

макрофаг /зт 1

олигофаг /зт 3

сапрофаг /зт 1

саркофаг /зт 2

энтомофаг/зт 1

бактериофаг/зт 4

яг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: варяг/зт 2

инг дыбыстар тіркесіміне біткен сөздер:

автопаркинг/зт 3

агрохолдинг/зт 1

аутбридинг/зт 8

аутсорсинг/зт 30

банкинг/зт 1

бизнес-рейтинг/зт 1

бизнес-тренинг/зт 27

боулинг/зт 1

брифинг/зт 79

викинг/зт 1

демпинг/зт 10

допинг/зт 3

импритинг/зт 1

инбридинг/зт 7

инжиниринг/зт 16

карлинг/зт 1

картинг/зт 2

кастинг/зт 8

кикбоксинг/зт 7

кинг/зт 13

клиринг/зт 12

консалтинг/зт 46

контроллинг/зт 5

лизинг/зт 5

маркетинг/зт 134

митинг/зт 227

мониторинг/зт 269

пейджинг/зт 3

порцинг/зт 1

рейтинг/зт 643

роуминг/зт 3

ринг/зт 31

семинар-тренинг/зт 6

серфинг/зт 1

скрининг/зт 4

смокинг/зт 1

спарринг/зт 1

стайлинг/зт 1

стерлинг/зт 12

тренинг/зт 97

фандрайзинг/зт 3

франчайзинг/зт 33

холдинг/зт 114

хостинг/зт 2

ог дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

ағартушы-педагог/зт 1

акушер-гинеколог/зт 3

аналог/зт 21

антрополог/зт 7

археолог/зт 86

астролог/зт 3

бактериолог/зт 1

барлаушы-геолог/зт 1

тілші-когнитолог/зт 1

тілші-терминолог/зт 2

физиолог/зт 3

филолог/зт 40

фитопатолог/зт 1

бейнеблог/зт 4

биолог/зт 4

блог/зт 57

бульдог/зт 1

гендеролог/зт 7

геолог/зт 56

герцог/зт 177

гидролог/зт 1

гинеколог/зт 5

гляциолог/зт 1

ғалым-антрополог/зт 2

ғалым-археолог/зт 1

ғалым-педагог/зт 3

ғалым-теолог/зт 2

ғалым-терминолог/зт 1

ғалым-физиолог/зт 1

ғалым-филолог/зт 2

дәрігер-кардиолог/зт 1

дәрігер-нефролог/зт 2

демагог/зт 2

дефектолог/зт 2

диалектолог/зт 1

диалог/зт 928

драма-диалог/зт 1

зоолог/зт 3

идеолог/зт 29

инженер-геолог/зт 4

инженер-педагог/зт 2

инженер-технолог/зт 1

кардиоревматолог/зт 4

каталог/зт 57

конспиролог/зт 3

косметолог/зт 5

маркетолог/зт 9

метеоролог/зт 6

минеролог/зт 4

мифолог/зт 2

нейрофизиолог/зт 1

офтальмолог/зт 2

палеоантрополог/зт 1

нарколог/зт 6

палеонтолог/зт 1

паремиолог/зт 1

педагог/зт 440

педагог-психолог/зт 5

пролог/зт 11

рентгенолог/зт 1

роман-диалог/зт 4

сейсмолог/зт 5

синолог/зт 1

социолог/зт 5

сурдопедагог/зт 1

тәрбиеші-педагог/зт 211

теолог/зт 8

технолог/зт 3

түрколог/зт 16

сноуборд/зт 3

унд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

карборунд/зт 1 секунд/зт 153

эколог/зт 24
эмбриолог/зт 1
эпидемиолог/зт 4
эпилонг/зт 10
этимолог/зт 8
этнолог/зт 6

Д

ад дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

бал-маскарад/зт 2
жад/зт 224
жиһад/зт 10
зүмрад/зт 2
лад/зт 4
лимонад/зт 35
мармелад/зт 4
фламанд/зт 1
флэш-жад/зт 2
рафинад/зт 1
шад/зт 13
шоколад/зт 198

айд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: слайд/зт 98

ард дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

авангард/зт 14
гепард/зт 4
электркард/зт 1
ед дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: швед/зт 49
ейд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: рейд/зт 13
ейд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
нуклеопротеид/зт 4
протеид/зт 3
хромопро-теид/зт 1
енд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
бренд /зт 10
дивиденд /зт 31
стенд/зт 13
тренд/зт 20
фотостенд/зт 1
онд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
алюкобонд/зт 1
генофонд/зт 8
евробонд/зт 1
орд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
аккорд/зт 3
билборд/зт 2
корд/зт 2
рекорд/зт 70
сканворд/зт 1
скейтборд/зт 8
карбид/зт 2
мүрид/зт 15
нитрид/зт 9
нуклеозид/зт 2
нуклеотид/зт 45
озонид/зт 4
оксид/зт 476
оксогалогенид/зт 1

оксохлорид/зт 5
пестицид/зт 11
пластид/зт 12

фуд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: фаст-фуд/зт 2

юд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: фотоэюд/зт 1

ярд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: бильярд/зт 3

ард дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: стюард/зт 38

яд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: заряд/зт 230
наряд/зт 516

вод дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: завод/зт 27

ряд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
авиаотряд/зт 1 отряд/зт 59 разряд/зт 39
снаряд/зт 59

езд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: подъезд/зт 15
съезд/зт 344 уезд/зт 106

ид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

альдегид/зт 24
антимонид/зт 2
арсенид/зт 4
бактерицид/зт 2
бромид/зт 19
галогенид/зт 8
геноцид/зт 21
гербицид/зт 6
гибрид/зт 16
гид/зт 2
гидрид/зт 19
гидроксид/зт 206
гидроксохлорид/зт 3
гидропероксид/зт 1
гидрохлорид/зт 1
гипохлорид/зт 7
глюкозид/зт 1
дигидроксохлорид/зт 1
диоксид/зт 25
дипептид/зт 2
дихлорангидрид/зт 1
жадид/зт 1
индивид/зт 2
инсектицид/зт 3
ихтиопсид/зт 1
капсид/зт 2
карбамид/зт 18
взвод/зт 28
дресс-код/зт 2
еурокод/зт 48
диод/зт 3
йод/зт 72
катод/зт 70
код/зт 186
комод/зт 1
метод/зт 13
штрих-код/зт 1

полигибрид/зт 1
 силицид/зт 3
 суицид/зт 22
 сульфохлорид/зт 9
 супероксид/зт 6
 фенол-формальдегид/зт 2
 фитонцид/зт 1
 формальдегид/зт 1
 формамид/зт 2
 фосфид/зт 3
 фунгицид/зт 3
 хлорид/зт 191
 цианид/зт 5
 шахид/зт 7
 зоксид/зт 2
 эпоксид/зт 1

од дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

анод/зт 35
 антикатод/зт 1
 антипод/зт 1
 белгі-код/зт 27
 бутерброд/зт 6

экскурсовод/зт 7
 электрод/зт 81
 эпизод/зт 53

оид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

астероид/зт 9
 гаплоид/зт 11
 геоид/зт 2
 гранитоид/зт 1
 диплоид/зт 2
 дифтонгоид/зт 1
 кардиоид/зт 1
 каротиноид/зт 1
 кератиноид/зт 4
 коллоид/зт 12
 коракоид/зт 1
 кристаллоид/зт 4
 моңғолоид/зт 2
 органоид/зт 12
 парасфеноид/зт 3
 ризоид/зт 1
 сфероид/зт 5
 таблоид/зт 1
 цистицеркоид/зт 3
 экспрессоид/зт 2

Бұлардың ішінде **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **eid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **оид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі **б, г, д** дыбыстарының орнына **п, к, т** дыбыстарын жазу керектігі талас тудырмайды.

Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес бұл сөздердің соңындағы (әсіресе сөз бітеу буынға аяқталғанда) ұяң дауыссыздың орнына қатаң дауыссыз жазылуы тиіс. Араб тілінен енген *кітап* сөзі түпнұсқада *б* дыбысына біткенмен, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес сөз соңы қатаң дыбысқа алмастырылды. XX ғасырдың басында *завод* сөзі *зауыт* түрінде таңбаланған. Бұл дәстүр қазіргі кезде де сақталып келеді.

Қазақ тілінде дыбыс тіркесімінің өзіндік заңдылықтары бар. Соған сәйкес сөздің соңында екі қатаң дауыссыз қатар келе алмайды, қатаң дауыссыздан кейін үнді не ұяң дауыссыз келе алмайды. Ал үнді дауыссыздан соң қатаң келе алады (*қант, женит, кент, серт* т.с.с.). Мұндай тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді. Сондықтан **енд, онд, унд** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де *ент, ант, ұнт* түрінде жазуға болады.

Шет тілден енген, **енг, инг, онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы **нг** дыбысының орнына қазақ тіліндегі **ң** дыбысын таңбалауға болады. *Сленг, дифтонг, паркинг, холдинг, банкинг, рейтинг, тренинг, боулинг, брифинг, маркетинг, мониторинг* т.с.с. сөздер орыс тілінен енгендіктен, **нг** түрінде таңбаланған, ал түпнұсқадағы айтылымы (транскрипциясы) **ң** дыбысымен беріледі. Ендеше, аралық тілдің ықпалынсыз қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіруге әбден болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама Е.Омаров: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» (Омаров, 1925), – деген еді.

Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден-бір жолы – ұлттық рухты ояу, ұлттық кодты сақтау. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ... Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады». Сондай тұлғаларымызды үлгі етіп, ұлттық рухты ояту қажет. Қазақтың терең тарихын білген ұрпақ ешқашан тіліне селқос қарамайды, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен қазақ тарихындағы тарихи тұлғаларды мақтан етіп, өз елінің патриоты болады. Тарихтан тағылым ала отырып, болашағының жарқын болуы үшін де өз үлесін қосуға тырысады. Елбасымыздың «Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды. Өткенге қарап, ертеңіңді түзе!» деген сөздерін әрдайым жадымызда ұстауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жолдыбаев Молдағали (1926, 12 тамыз) Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ.
2. Байтұрсынұлы Ақымет (1928, 26 қаңтар) Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ.
3. Омаров Елдес (1925) Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор.
4. Байтұрсынұлы Ақымет (1927) Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 751 б.
5. Жүнісбек Әлімхан (2002) Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.

ESKİ TÜRKÇE – KAZAKÇA SÖZ VARLIĞINA İLİŞKİN KISA NOTLAR

Mehmet ÖLMEZ – Emin OBA*

Abstract:

Vocabulary of Kazak language shows that how colorful and rich about nomadic life. Kazakh language is rich from Turkic vocabulary side. We can find a rich vocabulary in Kazakh from Old Uighur, from Old Kipchak and Chaghatai languages. Till today even some of famous dictionaries missed important part of Kazakh vocabulary (for example Clauson). There is new a study whic examines whole Kazakh vocabulary according to its Turkic vocabulary. Here we mention just some words about the topic from the entry “a”.

Keywords: *Kazakh language, vocabulary, Old Uighur, Old Kipchak, Chaghatai.*

Özet:

Kazakçanın sözvarlığı bize göçebe hayatının ne kadar renkli ve zengin olduğunu göstermektedir. Kazakça, Türk dili açısından zengin bir sözvarlığına sahiptir. Kazakçada Eski Uygurca, Eski Kıpçakça ve Çağataycadan çok sayıda kelime buluruz. Bugüne kadar bazı meşhur sözlükler dahi bu kelimeleri gözden kaçırmışlardır (mesela Clauson). Yeni bir çalışmada Kazakçanın bütün sözvarlığı Türk dili açısından ele alınmaktadır. Burada söz konusu çalışmanın “a” harfinden bazı örneklerle yer veriyoruz.

Anahtar kelimeler: *Kazakça, sözvarlığı, Eski Uygurca, Eski Kıpçakça, Çağatayca.*

Her Türk dili gibi Kazakçanın asıl sözvarlığını, Kazakça sözlüğü oluşturan kelime kadrosu esas olarak Türkçe (Turkic) olup türemiş sözcüklerin büyük çoğunluğu da Türkçe kökenlidir. Komşu dillerden veya öteki dillerden alınma kelimeler ise ikinci sıradadır. Alınma kelimeler arasında her şeyden evvel Arapça ve Farsçaya ait kelimeleri, az sayıda da olsa Çince, Soğudca gibi eski döneme ait kültür kelimelerini saymak gerekir. Geçmişte Moğolca, son iki yüz yıllık özellikle de son yüz yıllık dönemde Rusça Kazakçayı önemli ölçüde etkilemiştir. Buna göre Kazakçanın sözvarlığı önemli ölçüde Eski Uygurca, Dīvānu Luğātī't-Türk ve Kutadgu Bilig ile örtüşür. Bir taraftan da bu döneme ait olmayan, ilk defa olarak Eski Kıpçakça metinlerde görülen Türkçe ve Moğolca kelimeler de bugün Kazakçada kullanılmaya devam eder. Ses ve imla yapısı açısından Kıpçak dillerine değil de Çağataycaya ait olan kelimeler de az değildir. Göçebe hayat tarzına, bozkır hayatına ve hayvancılığa, devencilik terimlerinden sürü hayvancılığına uzanan çok geniş bir kullanım alanına ait, zengin, renkli bir sözvarlığı da Kazakçanın özgün yönlerindedir.

Bu sözlerimizi bir kaç örnekle daha somut hale getirebiliriz:

ET, OT, Çağ. odğuç “ateşin alevi” DLT I: 95, I: 177, (EDPT: 47a; DTS: 362b) ⇒ Kzk. otkıs “ateş, ateşin kızılıığı” (otkıskaş “maşa”);

ET, OT, Çağ. oduğ “uyanık” Uyg. (TT VIII: E25), DLT I: 63, KB: 408, 452, Kıp. (CC oyov: 155/21; GT oyağ: 265/12; İM oyağ: 378a/2), Çağ. (BVt oyağ/oyağ: 411/4; EDPT: 47a; DTS: 362b) ⇒ Kzk. oyav “uyanık, ayık”

ET tizme “şalvarın uçurluğu, torbanın bağı ve buna benzer nesnelere” DLT I: 433, (EDPT: 576b; DTS: 565a) ⇒ Kzk. tizbe “çadırın iskeletlerini birbirine bağlamaya yarayan ip, bağ”

Yukarıdaki örneklerden tarihî dönemlere ait odğuç, oduğ, tizme tam da Kazakçanın ses gelişimine uygun olarak otkıs, oyav, tizbe şeklinde bugün kullanılmaya devam etmektedir.

Eski Kıpçakçadan, Eski Türkçeden bugüne uzanan Moğolca, Soğudca kelimeler için şu iki örneği anmak yeterlidir:

Eski Kıpçakça tovlğa “miğfer, tolga” Kıp. (CC: 100/9; Grønbech, 1942: 250) ⇒ Kzk. duvlğa “miğfer, tolga” (= Mo. duğulğa Lessing 271b).

Eski Türkçe (Uyg., DLT, KB) Eski Kıpçakça, Çağ. uçmak “cennet” (EDPT: 27b; DTS: 604a) ⇒ Kzk. uşpağ “cennet, uçmak” (< Soğudca ’wştm’x Gharib § 2008, s. 79a).

Yine kökeni uzun tartışmalara yol açan, kimi kaynaklarda Farsça (M. Räsänen), kim kaynaklarda ise Çince (A. von Gabain) olduğu iddia edilen, Anadolu ağızlarından Farsçaya, Azerbaycan Türkçesi ile Kırgızcadan Özbekçeye kadar uzanan lök Kazakçada da görülür: lök Kıpçakça (Kİ “asil, iyi cins deve”; BM “iyi cins deve”), Çağ. “erkek deve; “asil, iyi cins deve”, Kırg. “tek hörgüçlü erkek deve”, Özb. “lider deve”, Az.T. “deve yavrusu”, Anadolu Ağızları lök “1. Erkek deve. 2. İğdiş edilmiş deve. 3. Kızgın, azgın deve. 4. Tek hörgüçlü damızlık, tüysüz erkek deve. 5. Çökmüş, oturmuş deve. 6. Dişi deve. 7. Doğurması yakın keçi. 8. Gebe hayvan” (Derleme Sözlüğü, IX, L-R, s. 3089), EAT – Osm. lök “tek hörgüçlü deve” (Tarama Sözlüğü, 2791).

Kazakçanın sözvarlığını, özellikle Türkçe (Turkic) tabanlı sözvarlığını ortaya koymak amacıyla 8-13. yüzyıl Türkçesinin sözvarlığı baştan sona bugünkü Kazakça ile karşılaştırıldı. Bu karşılaştırma esnasında

Eski Kıpçaqça ve bir ölçüde Çağatayca da göz önünde bulunduruldu. Hem çalışmayı hem de Kazakçanın Eski Türkçe sözcük varlığını gözler önüne sermek amacıyla aşağıda a ile başlayan kelimelerden seçmeler sunuyoruz: 15

açığ “acı, ekşi” Uyg. (U III: 1335; TT I: 180), DLT I: 63, KB: 616, 853, Kıp. (CC açı: 74/11; DM açı: 4b/4; TZ açı: 13a/11; İM açı: 93b/5; TA açı: 29a/7; Kİ açı: 9), Çağ. (Seng.: 32v/5; LD: 766; SD: 709; EDPT: 21b; DTS: 4b; ESTY I: 89-90) ⇒ Kzk. aşı “acı, acımsı, ekşi, kırmızı aşı kırmızı ekşi”

açuk “açık” Uyg. (U III: 35), DLT I: 64, KB: 500, Muh. açık: 188, Kıp. (İN: 29a/6; GT: 185/13; İM: 190b/1; Kİ: 8; MG: 39b/4; MS: 26a/6), Çağ. (Seng.: 32v/2; ŞHD açık: 184a/7; LD: 2244; EDPT: 22b; DTS: 6b) ⇒ Kzk. aşıq “açık, aşıq jüzdü açık yüzlü, beyazımsı yüz”

adağ “ayak” Uyg. (TT I: 199; U II: 242), DLT I adağ/ayak: 84, KB: 374, AH: 455, Muh. ayak: 142, Kıp. (Kİ adağ/azak: 9; CC ayak: 96/18; DM ayak: 13b/6, GT ayak: 327/13, İM ayak: 87b/1; KF ayak: 10a/3; MG ayak: 8a/4; MS ayak: 10a/6; TA ayak: 22b/2; TZ ayak: 16b/9; KK ayak: 69a/1), Çağ. (Seng. ayak/ayak: 57v/7; BVt ayak: 466/7; FK ayak/ayak: 206/1, 436/5; İD ayak/ayak: 333/5, 77/3; LM: ayak: 3332; MKb ayak: 40a/1; MN ayak/ayak: 13a/7, 73a/9; TEH ayak/ayak: T697a/24; SS ayak/ayak: 97, 541; Bab. ayak/ayak: 242a/13, 232a/8; LD: 1630; SD ayak/azak: 572; ŞHD ayak: 7b/3; Pav.C. 90 ayak “son, bitiş”;

EDPT: 45a; DTS: 14a; ESTY I: 103-104; UW: 45) ⇒ Kzk. ayak1 “ayak; son”, ayak atta- “ayak basmak”

aqça “akçe, para” Kıp. (BM: 8; CC: 80/10; İM: 248a/2; Kİ: 17; MG: 84a/7; TZ aqça/aqşa: 41a/12; KK aqça: 28b/8), Çağ. (Pav.C. 25; DTS: 48a; ESTY I: 125) ⇒ Kzk. akşa “akçe, para”

aqı “cömertlik, eli açıklık” Uyg. (TT VI: 4; AY: 412/11), DLT I: 90, KB: 43, 55, AH: 231, Kıp. (TA aqı: 27b/6; Kİ ağı: 17; EDPT: 78b; DTS: 48b; TMEN II: 435) ⇒ Kzk. aqı “cömertlik, eli açıklık; sorumluluk sahibi, yükümlülük; bedel, değer”

aqrın “yavaş, yavaşça” Uyg. aqruru (U II: 242; U III: 7217), DLT III aqrı/aqrın: 361, KB, aqrı: 769, 1556, Muh. aqrı: 80, Kıp. (TZ aqrın: 90b/7; EDPT: 91a; DTS: 49b) ⇒ Kzk. aqrın “yavaş, yavaşça”

alaçu, alaçuq “göçebelerin kullandığı ev, çadır, tente” Uyg. (U III alaçu: 62), DLT I alaçu: 136, Kıp. (İH alacı: 6; CC alaçuq: 79/14), Çağ. (Seng. alaçuq: 49r/1; FK alaçuğ: 179/5; TEH alaçuğ: M783b/26; Pav.C. alaçuq: 29) (EDPT: 129b; DTS: 33a; ESTY I alaçuq/alaçuq: 130-131) ⇒ Kzk. alaşık “göçebelerin kullandığı ev, çadır”

añız “hububatın biçildikten sonra tarlada kalan köke yakın sapları, anız” DLT I: 94, Çağ. (Seng.: 52r/7; EDPT: 191b; DTS: 47a) ⇒ Kzk. añız “hububatın biçildikten sonra tarlada kalan köke yakın sapları, anız”

arğu “uçurum, iki dağın arası” Uyg. (Man I: 2625), DLT I: 127, (EDPT: 215b; DTS: 51a) ⇒ Kzk. arğı “dağın yamacı, iki dağın arası”

arığ1 “temiz, saf, pak” Uyg. (TT II: 2; TT III: 164; TT V: 22), DLT I: 63, I: 230, KB: 831, 847, Muh. arıq: 61, AH arıq/arıq: 111, Kıp. (CC arı/arov: 139/8, 123/10; GT arı: 51/3; İM arı/arıq: 118a/1, 116a/7; Kİ arı/arıq: 10; MG arı: 84a/5; MS arı: 8a/5; İN arı/arı: 70b/8, 70a/9; KH arı: 5/9, 9/1; TZ arı: 23b/7; KFT arı: 330b/17), Çağ. (Seng. arı/arıq: 37v/12; FK arı/arıq: 626/6, 256/5; MKb arıq: 37b/13; TEH arıq: M785b/15; SS arıq/arıq: 4598; SD arıq: 29, 58; ŞHD arıq: 171a/4; LD arıq: 13; Pav.C. arıq: 16; EDPT: 213b; DTS: 51b; ESTY I: 184) ⇒ Kzk. aruv “temiz, saf, pak, güzel”

arıq2 “epeyce, çokça, bütünü” DLT I: 241, II 328, III 41, (DTS: 51b) ⇒ Kzk. arı “epeyce, çokça, tamamı, bütünü”

arsal “kumral, konural” DLT I arsal/arsıl: 105, (EDPT: 238a; DTS: 55a) ⇒ Kzk. arsal “kumral, kahverengi, konural”

art-2 “yüklemek” Uyg. (EDPT: 201b art-1) ⇒ Kzk. art-2 “yüklemek, yük bindirmek; birisini görevlendirmek”

aruq “arık, zayıf, cılız, bitkin, yorgun” Uyg. (Hüen: 1914; U III: 8016), DLT I arıq/aruq: 66, Muh. arıq: 143, 152, Kıp. (CC arıq: 77/7, 115/23; GT: arıq/aruq: 20/6; TZ arıq: 37b/12; Kİ aruq: 11; İM aruq: 368b/5; TA aruq: 29b/6), Çağ. (Seng. arıq ~ arıq: 37v/17; EDPT: 214a; DTS: 52b) ⇒ Kzk. arıq “zayıf, cılız, ince, sıska, bitkin”

arva-, arba- “büyülemek, efsunlamak” Uyg. (AY arva-: 475/9; USp arba-(la-): 262), DLT I: 283, Çağ. (Pav.C. arba-: 11; EDPT: 199a; DTS: 58b; ESTY I: 168-169) ⇒ Kzk. arba- “büyülemek, efsunlamak”

arvışlıq “sihirli, büyü” Uyg. (U II: 604; DTS: 58b) ⇒ Kzk. arbaslı “sihirli, büyü”

aşaq “aş, yemek” Uyg. (TT VIII: I2; EDPT: 259a) ⇒ Kzk. asav “aş, yemek, yemeklik”

atan “kısırlaştırılmış deve” DLT I: 75, Muh.: 172, Kıp. (Kİ atın: 15; EDPT: 60a; DTS: 66a; ESTY I: 202) ⇒ Kzk. atan “kısırlaştırılmış deve”

atız “tarla arasına suyun geçmesi için yapılan set, ark” DLT I: 54, (EDPT: 73b; DTS: 67a) ⇒ Kzk. atız “tarla arasına suyun geçmesi için yapılan set, toprağı arklar oluştıracak şekilde parçalara ayırma”

ayağ “merhamet, esirgeme, koruma; değer, sayğı, hürmet” Uyg. (U II: 119; U II: 7718; TT I: 59; TT III: 75), DLT I: 271, KB: 5771, Muh. aya: 145, (EDPT: 270a; DTS: 26a) ⇒ Kzk. ayav “esirgeme, koruma; sayğı, hürmet”

ayman-, eyemen- “utanmak, çekinmek” Uyg. (U III ayman-: 3113), DLT I eyemen-: 270, KB eyemen-: 777, 5869, Kıp. (BV ayman-: 4a/13), Çağ. (LD ayman-/eyemen-: 145, 1214; BVt ayman-: 56/5; Pav.C. eyemen-: 135; DTS: 167a; ESTY I: 249-250) ⇒ Kzk. eyemen-, iymen- “utanmak, çekinmek; korkmak”

azuk “azık, gıda” Uyg. (Man III: 109; U III: 2936), DLT I: 66, KB: 1417, 3435, AH: 187, Muh.: 188, Kıp. (CC azıq: 140/1; BM azıq: 8/17; TZ azıq: 18a/1; GT azıq: 355/9; İM azıq: 339b/1), Çağ. (Seng. azuğ/azuk: 39r/14; TEH azuk: T706b/4; Bab. azuk: 194b/12; LD azuğ: 2718; Pav.C. azuk; EDPT: 283a; DTS: 73b; TMEN II: 475; ESTY I azık: 98) ⇒ Kzk. azık “azık, gıda, yiyecek”

Bu örneklerden tamamına yakını Eski Türkçeye göre Kazakçanın tabii fonetik değışimlerini gösterirken bir kısmı Çağatayca üzerinden Kazakçaya geçtikleri izlenimini verirler. ET -rv-, -lv- ünsüz çifti daha Eski Uygurcadan başlayarak farklılık gösterir ve Çağataycada -rb-, -lb- olarak kullanıma devam eder. Ancak aşağıdaki örnekte görüleceğı üzere kelimenin +lğ ekini almış şekli yine Kazakçaya özgü bir kullanımla +l ile görülür: arva-, arba- “büyülemek, efsunlamak” ⇒ Kzk. arba- “büyülemek, efsunlamak”; arvışlığ “sihirli, büyülu” ⇒ Kzk. arbaşı “sihirli, büyülu”

Çoğı Türk dilinde “yavaş” veya “yavaş yavaş” için birbirinden farklı kullanımlar varken, örneğın Türkçede yavaş, yavaş yavaş, Uygurcada āsta, āsta āsta [Far. āheste اهسته], Tuvacada oojum, oojum oojum [ooжум < Mo. āgucim TuwW 227a] sözü kullanılırken Kazakçada (ve başka az sayıdaki dilde) Eski Uygurca akuru, akurun sözününün devamı akırın kullanılır (UW NB II.1): akırın “yavaş, yavaşça” ⇒ Kzk. akırın “yavaş, yavaşça”

argu için Clauson günümüz Türk dillerinden örnek göstermez, oysa kelime Kazakçada görölmektedir: argu “uçurum, iki dağın arası” ⇒ Kzk. argı “dağın yamacı, iki dağın arası”

arig2 Clauson’a göre (tabii bir soru işaretiyle) bugün yalnızca Hakasça ve Tuvacada görülür. Oysa elimizdeki Kazakça örnek kelimenin Kazakçada da canlı ve kullanımda olduğunu göstermektedir (EDPT s. 214a): arig2 “epeyce, çokça, bütünü” (DLT) ⇒ Kzk. arı “epeyce, çokça, tamamı, bütünü”

Yine arsal, art-2, atan ve atız kelimeleri de seyrek görülen (Clauson’da atan için de günümüzden örnek yoktur) örneklerdendir.

Sonuç: Çalışmanın bütünü Kazakçanın Eski Türkçe sözcüklüğünü ayrıntısıyla ortaya koyacak, Ortak Türkçe sözlük çalışmalarına önemli bir katkıda bulunacaktır.

Kaynaklar ve Kısaltmalar

AH: Arat, R. R., 1951: Atebetü’l-Hakayık, TDK Yayınları, Ankara.

AratU I: Rachmati, G. R., 1930: Zur Heilkunde der Uiguren I, Berlin.

AratU II: Rachmati, G. R., 1932: Zur Heilkunde der Uiguren II, Berlin.

Bab.: Şen M., 1993: Gazi Zahirüddin Muhammed Bâbur, Bâburname Giriş-Metin (Kâbil ve Hindistan Bölümleri)- Açıkalamalı Dizin, Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Yayınlanmış Doktora Tezi, İstanbul.

Bayniyazov, A., Bayniyazova, J., 2007: Türükşe-Kazakşa Sözdik, Almatı.

BM: Zajackowski A., 1958: Vocabularie arabe-Kiptchak de l’epoque de l’état Mamelouk. Bulğat al-muštāq fi luğat al-Türk wa’l-Qifžāk Le Noam, Prace Orientalistyczne, Zklad Orientalistykij Polskiej Akademii Nauk Warszawa, XXII + 14 + 28 levha.

BVt: Türkay, K., 2002: ‘Ali Şir Nevāyī: Bedāyiu’l-vasat (Üçüncü Divan), TDK yayınları, Ankara.

CC: Grønbech, K. 1942: Komanisches Wörterbuch. Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus, Kopenhagen.

Çağ.: Çağatayca

Derleme: Türkiye’de Halk Ağzından Derleme Sözlüğü, I-XII, TDK, Ankara 1963-1982.

DLT: Dankoff, R. Kelly J., 1982-1985: Maħmūd al-Kāşyarī: Compendium of the Turkic Dialects (Dīwān Luğāt at-Turk) I-III, Cambridge/MA.

DLT: Atalay B., Divanı Luğat-it Türk Tercümesi, TDK Yayınları, Ankara 2013 .

DM: Toparlı, R., 2003: Ed-Dürretü’l-Mudiyye Fi’l-luğati’t-Türkiyye, TDK Yayınları, Ankara.

DS: Türkiye’de Halk Ağzlarından Derleme Sözlüğü, 2009: TDK Yayınları, Ankara.

DTS: Nadelyayev, V., M.- D. M. Nasilov – E. R. Tenişev – A. M. Şçerbak, 1969: Drevnetyurskiy slovar’, Leningrad.

- EDPT: Clouston, S. G., 1972: An Etymological Dictionary of Pre-thirteenth Century Turkish, Clarendon Press, Oxford.
- Eren, Hasan à TDES.
- ESTY I: Sevortyan E. V., 1974: Etimologičeskiy Slovar Tyurkskih Yazıkov, Moskva.
- FK: Kaya, Ö., 1996: ‘Ali Şir Nevâyî: Fevâidü’l-kiber, TDK Yayınları, Ankara.
- Gharib, B., 1995: Sogdian Dictionary (Sogdian-Persian-English), Tehran.
- GT: Karamanlıoğlu, A. F., 1989: Gülistan Tercümesi (Kitâb Gülistan bi’t Türkî), TDK Yayınları, Ankara.
- İD: Özdarendeli, N., 2002: Ali Şir Nevâyî İlk Divan İncelme-Metin-Dizin, Trakya Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Yayınlanmamış Doktora Tezi, Edirne.
- İH: İzbudak, V., 1936: El - İdrak Haşiyesi, TDK Yayınları.
- İM: Toparlı R., 1992: İrşâdü’l-Müluk ve’s-Selâtin, TDK Yayınları, Ankara.
- İN: Delice, İ., 2003: Hulasa Okçuluk ve Atçılık. Kitâb fi-İlmi’n-Nüşşâb – Kitâb fi-Riyâzât’il-Hayl Kitâb fi’-İlmi’l-Musâbaka, Kitabevi yayınları İstanbul.
- Kazak Desturlı Medeniyetiniñ Entsiklopediyalık Sözdigi (red. Jalıkuş G.), 1997: Almatı.
- Kazak Edebi Tiliniñ Sözdigi, 15 cilt (red. Iskakov A.), 2011: Almatı.
- Kazak Tiliniñ Aymaktık Sözdigi (red. Kaliyev G., Hakısbekov O., Sarıbayev Ş., Uderbayev A.), 2005: Arıs baspası, Almatı.
- Kazak Tiliniñ Tüsindirme Sözdigi (red. Januzakov T.), 2008: Dayk-press, Almatı.
- Kazak Tiliniñ Tüsindirme Sözdigi, 10 cilt (red. Iskakov A.), 1978-1986: Kazak SSR Gılım Baspası, Almatı.
- KB: Arat, R. R., 1979: Kutadgu Bilig III index (Yay.: Kemal Eraslan, Osman F. Sertkaya, Nuri Yüce), TKAE, İstanbul.
- KE: Ata A., 1997: Kısasü’l-Enbiya (Dizin), TDK Yayınları, Ankara.
- KF: Kuanışbayev, E., 2006: Kitâb Fi’l-Fıkh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım), Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Yayınlanmamış Doktora Tezi, İstanbul.
- KFT: Agar, E., 1989: Kitâbu Fi’l-Fıkh Bi-Lisani’t-Türki (İnceleme-metin-Sözlük), Marmara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Yayınlanmamış Doktora Tezi.
- KH: Özgür, C., 2003: Kitâbü’l Hayl (Memlük Kıpçakçasıyla Yazılmış İlk Türk At ve Atçılık Eserinin Paris Yazması), Çantay Yayınları, İstanbul.
- Kıp.: Kıpçakça
- Kİ: Caferoğlu A., 1931: Abû Hayyân Kitâb al-İdrâk li-lisân al-Atrâk, Evkaf Matbbası, İstanbul.
- KK: Toparlı R., M. S. Çögenli, N. H. Yanık, 1999: El-Kavânînu’l-Küllîye Li-Zabti’l-Lügati’t-Türkiyye, TDK Yayınları, Ankara.
- Koç K., Bayniyazov, A., Başkapan V., 2003: Kazak Türkçesi - Türkiye Türkçesi Sözlüğü, Akçağ Yayınları, Ankara
- KTKES: Kazak Tiliniñ Kısaşa Etimologiyalık Sözdigi (red. Iskakov A.), 1966: Kazak SSR Gılım Baspası, Almatı.
- LÇT: Şeyh Süleyman Efendi-yi Buhâri, Luğat-i Çağatay ve Türkî-yi Osmanî, İstanbul 1298.
- LD: Karaağaç, G., 1997: Mevlânâ Lutfî Dîvanı, TDK Yayınları, Ankara.
- LM: Çelik, Ü., 1996: ‘Ali Şir Nevâyî, Leylî vü Mecnun, TDK Yayınları, Ankara.
- Man I: Le Coq, A. von, 1912: Türkische Manichaica aus Chotscho I. Berlin.
- Man II: Le Coq A. von, 1919: Türkische Manichaica aus Chotscho II. Berlin.
- Man III: Le Coq A. von, 1922: Türkische Manichaica aus Chotscho III. Nebst einem-christlichen Bruchstück aus Bulayıq. Berlin.
- MG: Uğurlu M., 1987: Münyetü’l-Guzât, Kültür ve Turizm Bakanlığı Yayınları, Ankara.
- MKb: Ölmez Z., 1993: Mahbûbu’l-kulûb, İnceleme-Metin-Sözlük, Hacettepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü yayınlanmamış Doktora Tezi, Ankara.
- MS: Toparlı, R., 1987: Kitab-ı Mukaddime-i Ebu’l-Leys es-Semerkandi, Atatürk Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Yayınları, Erzurum.
- Muh.: Battal, A., 1997: İbni-Mühennâ Lugati, TDK Yayınları, Ankara, 3. Baskı”
- Pav.C.: Corturteille, P., 1870: Dictionnaire Turk-Oriental.
- SD: Eraslan, K., 1999: Mevlânâ Sekkâki Dîvanı, TDK Yayınları, Ankara.
- Seng.: Clouston, S. G., 1960: Senglax. A Persian Guide to the Turkish Language by Muhammed Mahdi Xan, E. J. Gibb Memorial Series, New Series, London.
- SS: Tural, G., 2015: Seb’a-yi Seyyâr (Yedi Gezegen) Giriş-Metin, TDK Yayınları, Ankara.

- ŞHD: Karasoy, Y., 1998: Şîbân Han Dîvânı (İnceleme-Metin-Dizin-Tıpkıbasım), TDK Yayınları, Ankara.
- Tarama: TDK, 1963-1977: Tanıklarıyla Tarama Sözlüğü, I-VIII, TDK Ankara.
- TA: Toparlı, R., M. S. Çögenli, N. H. Yanık, 2000: Kitâb-ı Mecmu-ı Tercümân-ı Türkî ve Acemî ve Mugalî, TDK Yayınları, Ankara.
- TDES: Eren, H., 1999: Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü, Bizim Büro Basımevi, Ankara.
- TEH: Abik, A. D., 1993: Ali Şîr Nevâyî'nin Risâleleri, Tarîh-i Enbiyâ ve Hükemâ, Tarîh-i mülûk-i Acem, Münşeat: Metin-Gramatikal İndeks-Sözlük, Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Yayınlanmamış Doktora Tezi, Ankara.
- TMEN: Doerfer, G., 1963-1975: Türkische und Mongolische Elemente im Neupersischen Band I-IV, Franz Steiner Verlag, Wiesbaden.
- TT I: Bang, W., A. von Gabain, 1929: Türkische Turfan-Texte I, Berlin.
- TT II: Bang, W., A. von Gabain, 1929: Türkische Turfan-Texte II: Berlin.
- TT III: Bang, W., A. von Gabain, 1930: Türkische Turfan-Texte III: Berlin.
- TT IV: Bang, W., A. von Gabain, 1930: Türkische Turfan-Texte IV: Berlin.
- TT IX: Gabain, A. von, W. Winter, 1958: Türkische Turfan-Texte IX, Berlin.
- TT V: Bang, W., A. von Gabain, 1931: Türkische Turfan-Texte V: Berlin.
- TT VI: Bang, W., G. Rachmati, A. von Gabain, 1934: Türkische Turfan-Texte, VI, Berlin.
- TT VII: Arat, R. R., 1937: Türkische Turfan-Texte, VII, Berlin.
- TT VIII: Gabain A., 1954: Türkische Turfan-Texte VIII, Texte in Brâhmîschrift. Berlin.
- TT X: Gabain, A. von, T. Kowalski, 1959: Türkische Turfan-Texte X. Das Avadâna des Dâmons Ātavaka. Berlin.
- TZ: Ettuhfet-üz-Zekiyye Fil-Lugat'it-Türkiyye (çev: Besim Atalay), 1945: TDK Yayınları, Ankara.
- TwW: Ölmez, Mehmet, 2007: Tuwinischer Wortschatz mit alttürkischen und mongolischen Parallelen - Tuvacanın Sözcükleri Eski Türkçe ve Moğolca Denklikleriyle, Wiesbaden.
- U I: Müller, F. W. K., 1908: Uigurica I, APAW, Berlin.
- U II: Müller, F. W. K., 1910: Uigurica II, APAW, Berlin.
- U III: Müller, F. W. K., 1920: Uigurica III, APAW, Berlin.
- U IV: Müller, F. W. K., 1931: Uigurica IV, SPAW, Berlin.
- USp: Radloff, W., 1928: Uigurische Sprachdenkmäler. Materialien nach dem Tode des Verfassers mit Ergänzungen von Sergey Malov herausgegeben. Leningrad.
- UW NB I.1: Röhrborn, K., 2010: Uigurisches Wörterbuch. Sprachmaterial der vorislamischen türkischen Texte aus Zentralasien, -Neubearbeitung- I. Verben. Band 1: ab- - äzüglä-, Stuttgart
- UW NB II.1: Röhrborn, K., 2015: Uigurisches Wörterbuch. Sprachmaterial der vorislamischen türkischen Texte aus Zentralasien, -Neubearbeitung- II. Nomina-Pronomina-Partikeln. Band 1: a - asvık, Stuttgart.
- Uyg.: Uygurca
- VEWT: Räsänen M., 1969: Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türkischen Sprachen, Helsinki.

V СЕКЦИЯ.

18. yüzyılın 20'li yıllarında Safevi Devleti en ağır günlerini yaşamaktaydı. İsyan etmiş Afgan kabileleri vilayetleri birer birer işgal ederek, İsfahan şehrini kuşatmaya aldılar. Durum böyle olunca şehzadelerden birisi adamları ile birlikte gizlice şehirden çıkarak devletin kuzey bölgesine geldi ve burada kendisini II.Tahmasib adı ile Şah ilan etti. Safeviler'in çöküşü zamanında devletin her yerinde ayaklanmalar başladı. Şirvan'da başveren bu isyana Hacı Davut diye birisi önderlik ediyordu. Hacı Davut'un kendisi daha önce devlete isyan etmiş, fakat Safevi ordularına yenilerek, hapsedilmişti. Merkezi devletin çökmesinden yararlanan Hacı Davut hapisten kaçarak Şirvan isyancılarına yeniden önderlik etmeye başladı. Dağıstanlı Gazikumuklu Surhay Han'ın paralı askerlerini de kendi tarafına çekmeyi başardı. Hacı Davut'un gayesi Şirvan'ı Safevi Devleti'nden ayırarak burada bağımsız bir devlet kurmaktı. Fakat Hacı Davut'un askeri birlikleri Safeviler ile yalnız başına mücadele edemiyorlardı. Bundan dolayı Hacı Davud Rusya Devleti'ne müracaat ederek ondan yardım istiyordu. (<http://alpan365.ru/persidskij-poxod-petra-i-vostochnogo-kavkaza/>)

Astrahan'ın yeni valisi, Rusya'nın Safevi Devleti'nde görevli olan eski elçisi A.P.Volinski Rus ordularının Hazar'ın etrafındaki bölgelere seferi öncesinde I.Petro'nun emrine uygun olarak Hacı Davut'a cevap mektubu yazarak şöyle diyordu: “Hacı Davut Rusya Devletinin himayesini mi arzuluyor ?” Hacı Davud ise cevabında, Rus ordusunun yardımı ile Şirvan'ı Safeviler'den ayırarak kendisini de yeni devletin hanı ilan etmek istediğini bildiriyordu. Bu durum I.Petro'nun düşüncelerine aykırıydı.

Rusya ile anlaşamayan Hacı Davut bu sefer Osmanlı ile anlaşma girişimine bulundu. Hazar kıyılarını ele geçirmek isteyen Osmanlı Devleti hiç vakit kaybetmeden Hacı Davut ile irtibata geçti. Hacı Davut Osmanlı'dan askeri yardım almakla birlikte Osmanlı Devleti'nin himayesini kabul edeceğine dair söz verdi. I.Petro'nun 1722 yılındaki seferinden sonra aralık ayında Osmanlı Hacı Davut'u kendi himayesine kabuletti. (<http://alpan365.ru/persidskij-poxod-petra-i-vostochnogo-kavkaza/>)

İstanbul'da Hacı Davut ile Sultan Ahmet arasında giden görüşler I.Petro'yu çok rahatsız ediyordu. Nitekim Şirvan'a Osmanlı ordusunun gelmesi Petro'nun yalnızca Doğu siyasetini tehdit etmiyor, aynı zamanda Doğu ticaretini de büyük tehlike altına atıyordu. Tüm bunlar Petro'nun Hazar Denizi'ne bir an önce inmesini tetikledi.

I.Petro Hazar kenarındaki eyaletlere sefer yapmadan önce bir bildiri yayımladı ve Petro'nun hareket edeceği köy ve şehirlere gönderildi. Bildiride yürüşün asıl sebebi olarak Rus ordusunun Şirvan isyanı zamanı öldürülmüş ve soyguna uğramış Rus tacirlerinin intikamını almak, aynı zamanda Rusya Devleti'nin dostu olan Safevi Şahı'na karşı isyana kalkmış isyancılara, bilhassa Hacı Davut ve Surhay Han'a ceza vermektir. I Petro bildirisinde halkla hiç bir işinin olmadığını da belirtiyordu. “Bildiri” Türkçe basılmıştı.



RESİM 1. ÇAR PETRO'NUN YAYIMLADIĞI BILDİRİ ([HTTP://ISLAM-INFO.RU/UPLOADS/POSTS/2012-09/1347880021 PYOTR.JPG](http://islam-info.ru/uploads/posts/2012-09/1347880021_pyotr.jpg))

Kendi mal varlıklarını kaybetmekten korkan bazı beyler I.Petro'nun “Manifesto”suna sıcak yanaşıyorlardı. (O. Efendiyev., T. Kerimli., 2007: 329)

22 Ağustos 1722'de Rus orduları hiçbir direnişle karşılaşmadan Azerbaycan'ın kuzey kapısı rolünü oynayan Derbent şehrine girdiler. Derbent Valisi İmamkulu Han vazifesinde kalmak şartıyla Derbent kalesinin iki gümüş anahtarını I.Petro'ya takdim etti. Şehirde Ruslara direniş göstermek isteyenler de vardı.

Hatta Petro'ya suikast planı bile hazırlamışlardı. Fakat suikast önceden tespit edilmiş, önderleri ise hapsedilmişti.


Derbent'in işgali Bakü ahalisi tarafından hoş karşılanmadı. Bakü Kalesi daha önce Şirvan isyancılarının hücumuna uğramıştı. Hiçbir yerden yardım alamayan Bakü ahalisinin bir kısmı Petro'nun yürüşünü sıcak karşıladılar ve hatta 13 kişinin imzası ile Çar'a mektup gönderdiler. Fakat Bakü valisi Muhammed Hüseyin Han ve bir çokları buna karşı çıktılar.

Bakü'den mektup alan Petro ordu kumandanlarına Bakü'ye doğru ilerleme emri verdi. Fakat Bakü Hanı Rus askerlerini kaleye alınmayacağını bildirdi.

30 Ağustos günü Rus ordusu Derbent'ten Bakü'ye doğru ilerlemeye başladı. Fakat İsveç'in Nişad Antlaşması'nı bozmaya girişimi sebebinden dolayı I.Petro 5 Eylül'de seferi durdurarak Derbent'e geri döndü. 7 Eylül günü ise albay Yünker'in önderliğinde askeri birliklerini burada bırakarak Rusya'ya geri döndü. Rus orduları Bakü'yü ve Şamahı'yı alamasalar bile I.Petro seferin sonuçlarından memnundu. Nitekim Rus İmparatoru "Safeviler'den hiç olmazsa bir avuç toprak" elde etmeye bile razıydı. Ancak Petro Rusya'ya geri döndükten sonra yeni askeri gemiler göndererek Hazar'ın batı kısmını işgal etmeyi ve bu toprakların işgalini emreden bir mektup gönderdi. (A.Kulikov, V.Runov., 2013 : 36-37)

1722 yılının Ekim ayında Rus gemileri Bakü'ye doğru ilerlemeye başladığı bir dönemde Afgan kabileleri İsfahan şehrini işgal ederek, Safevi Devleti'nin diğer şehirlerini de işgale başladılar. Böyle bir durumda Gilan eyaletini de büyük bir tehlike bekliyordu. I.Petro Gilan'ı da işgal ederek Hazar'ın tüm batı kısmını ele geçirmek düşüncesindeydi, bu sebepten dolayı hazırlanmış gemilerle birlikte askerlerine Gilan'a doğru harekete geçmeyi emretti.

1722 yılının aralık ayında Yarbay Şipov'un önderliğinde Rus gemileri Enzeli Limanına girerek, hiç bir mukavemet görmeden Reşt şehrini işgal etti. (Boçarnikov, 2013: 20)



НАРИТА 2.

RUSORDULARI'NINHAREKETISTIKAMETI([HTTP://DIC.ACADEMICSS.RU/PICTURES/SIE/PERSID_POKHOD.JP](http://dic.academic.ru/pictures/sie/persid_pokhod.jp)
G)

İsfahan şehri Afganların eline geçtiği zaman Safevi Şahı'nın kuşatmadan kaçmış büyük oğlu Şah II.Tahmasib ismiyle kendini Safevi hükümdarı ilan etti. Şunu da belirtmek gerekir ki, daha Afganlar İsfahan'ı kuşatma altına aldıkları zaman Şah Sultan Hüseyin Hazar'metrafindaki vilayetleri Rusya'ya vermeye, karşılığında ise Rus Devleti'nin Safevilere askeri yardım göndermesi için İsmail Bey'i Peterburg'a elçi olarak göndermişti. İsmail Bey daha Azerbaycan'dan çıkmadan II.Tahmasib'in kendisini Şah ilan ettiğini duyarak geri dönmüş ve ona verilen yetkilerinonayını istemişti. Tahmasib Rus ordularının Hazar'ın etrafındaki bölgeleri tuttuğundan habersiz olduğundan dolayı İsmail Bey'in verilen emri yerine getirmesine izin vermişti. Lakin İsmail Bey yola revan olduktan sonra II.Tahmasib'in Reşt'i Rusların işgal ettiğini öğrendi. Bunu duyan Şah, İsmail Bey'i geri çağırmaq için arkasından ulak göndermesine rağmen iş işten

geçmişti. Nitekim İsmail Bey artık gemi ile Rusya'ya doğru yol almıştı. (O. Efendiyev., T. Kerimli., 2007: 331)

Safevi Devletinin zayıflamasını fırsat bilen Osmanlı Devleti de kendi ordularını Güney Kafkasya'ya gönderdi. Osmanlı'nın böyle girişimde olmasının en büyük nedeni Batı Avrupa devletlerinin, özellikle İngiltere'nin bu girişime teşviki olmuştur.

Hiç zaman kaybetmeyen Osmanlı Devlet'i Tiflis'i işgal ederek, Şamahı'ya doğru ilerlemeye başladı. Osmanlı'nın da Güney Kafkasya'ya geldiğini duyan Ruslar hiç vakit kaybetmeden Bakü'yü işgal girişimine başladılar. 1723 yılındaki şiddetli savaştan sonra Bakü şehri Ruslar tarafından ele geçirildi. (N.A.Smirnov, 1958: 62)

Bakü'yü de işgal ettikten sonra Ruslarla hiç bir şeyden haberi olmayan Safevi Devleti'nin Petersburg'daki elçisi İsmail Bey bir antlaşma imzaladılar. Antlaşmaya göre Derbend'ten Gilan'a kadar olan arazi, ilaveten Mazandaran ve Astrabad Ruslara veriliyordu. Karşılığında Ruslar Safevi Şahı'na kendi hakimiyetini korumak için askeri yardım yapacaktı. Böylece Azerbaycan'ın Hazar etrafı eyaletleri Rusya tarafından işgal edildi. II.Tahmasib ise yapılmış olan bu antlaşmayı reddetti. İsmail Bey vatan haini ilan edildi ve bir daha Safevi Devleti'ne geri dönemeyerek ömrünün sonuna kadar Rusya'da yaşadı. (O. Efendiyev., T. Kerimli., 2007: 333)

Daha önce de yukarıda anlattığımız gibi Osmanlı orduları batıdan harekete geçerek Azerbaycan'ın batı-güneybatı kısımlarını işgal etti. Daha Doğu'ya doğru ilerlemesi Ruslar'la savaşıma anlamına geldiğinden ve Ruslar'ın Osmanlı'yla savaşmak istememesinden dolayı 1724 yılında Rusya ile Osmanlı arasında İstanbul Antlaşması imzalandı. Antlaşmaya göre Osmanlı, Hazar etrafı vilayetlerinin Rusya tarafından ilhakını kabul ediyordu. Rusya tarafıysa Kafkasya'nın güneyinin ve Azerbaycan'ın güneyinin Osmanlı tarafından işgal edileceğine itiraz etmiyordu. (Boçarnikov., 2013: 16)

Devletin bu kadar zayıf durumda olduğu bir dönemde Bakü'nün Ruslar tarafından işgal edilmesi nedeniyle Petersburg'da, Erdebil'in Osmanlı tarafından işgal edilmesi nedeniyle ise İstanbul'da havai fişeklerle kutlandı. (O. Efendiyev., T. Kerimli., 2007: 333)

SONUÇ

İstanbul Antlaşmasıyla Derbent'den Astrabat'a kadar olan Hazar etrafı vilayetler Rusya'nın idaresi altına geçti. Bu bölgede yerleşen şehir-kale durumunda olan Derbent, Bakü, Enzeli Rus ordusunun yoğun olarak toplandığı bir bölgeye haline geldi.

Rus devleti bu bölgeleri hem ekonomik, hem de stratejik alanlarda kullanmak için özel taktikler hazırlamıştı.

Rusları, ilk başta, Abşeron Yarımadası'ndaki petrol kuyuları ilgilendiriyordu. Rus orduları Bakü'yü aldıktan iki ay sonra ordu komutanlığı petrol kuyuları hakkında özel raporlar hazırladılar.

Raporlarda "kullanılan siyah ve beyaz petrol kuyuları", kullanımdan çıkmış "petrol kuyuları", petrolün taşınması, her iki petrolün fiyatı vesaire ile ilgili bilgiler vardı.

I.Petro'yu hususi olarak "beyaz petrol" ilgilendiriyordu. O, Bakü'yü almaya gönderdiği Rus Orduları'nın başı General-Majör Matyuşkin'e önceden, "Rusya'ya bir kaç fiçı beyaz petrol gönder veya kendinle birlikte getir" diye emir vermişti.

Gelişmekte olan Rusyasınayisinde petrolden başka, Hazar etrafında yerleşen eyaletlerin, aynı zamanda Şirvanı'n tabii servetine ve burada üretilen hammaddeye ihtiyaç duyuluyordu. Rusya'nın hakim zümrelerinin daha çok ipek, pamuk, yün, doğal boyalar, metal ve diğerleri ilgilendiriyordu. Bununla ilgili olarak, bu toprakları sömürmek için özel planlar hazırlandı.

I.Petro hatta Hazar etrafı eyaletlerde biten bazı bitkilerin Ukrayna'da, Astrahan'da ve Rusya'nın diğer bölgelerinde ekilmesi için ferman verdi. Bu ferman I.Petro için o kadar önemliydi ki dut ağaçlarını kıran şahısları dahi idam edeceğine dair karar verdi. Fakat kuzeyin sert iklimi ipekçiliği yaratma girişimine mani oldu. Bu hadiseden sonra Rusya'nın iş adamları Hazar etrafı eyaletlerde yetiştirilen ipeğe daha çok önem vermeye başladılar. Şirvan Bölgesi'nin ipekçiliğini kullanan I.Petro ham ipeği bir sıra Batı Avrupa ülkelerine, İngiltere, Hollanda, Fransa ve Polonya'ya ihraç etme fikrindeydi.

İşgal ettiği bölgeleri elinde tutması için Rus Kumandanlığı Bakü, Astara, Salyan ve Niyazabat'ta askeri üsler inşa etme karara aldı. Aynı zaman Rus uzmanları Kür Nehrin'de gemiciliğin ilerlemesi ve balıkçılıktan yararlanmak için çeşitli planlar hazırladılar. Safeviler ve Osmanlılar ile daha yoğun ekonomik ilişkiler kurmak için Rusya Hükümeti Kür Nehri'nin Hazar'a döküldüğü yere yakın bir yerde Peterburg gibi bir şehir inşa etmeyi düşünüyorlardı. Bu şehir Rusya'nın Hazar Deniz'i vasıtasıyla Doğu ülkeleri ile yaptığı ticaretin merkezi olmalıydı. 1723 yılında Ruslar Safeviler ile ticaret yapan yaklaşık 400 şirket kurdu.

Önceleri ticaret maksatlı bu şirketlere büyük ümitler vardı. Kurulduğu yıl Bakü'den, Derbent'ten ve Enzeli'den Astrahan'a 140 tay ve iki bağlama işlenmemiş ipek, 64 bağlama işlenmiş ipek, 131 tay ve 192 bağlama parça gönderildi.

Rusya kendi işgal dairesinde ticaretin ilerlemesi maksadıyla her vasıtayı kullanmaya çalışıyordu.

1723 yılında Rus orduları tarafından Bakü işgal edildikten sonra burada askeri yönetim olan komendant usulü idaresi kuruldu. Rus Kumandanlığı tarafından Bakü ve Abşeron'a tayin edilmiş Baryatinski yerli ayanların petrol kuyularını elinden aldı. Petrol kuyularını kaybetmiş ayanlar düşmanlara karşı ayalanma kararı aldılar. Fakat isyandan Ruslar'ın haberdar olduğunu duyan isyanın teşkilatçısı, Bakü'nün eski Yüzbaşısı Dergahkulu Bey şehirden kaçmak zorunda kaldı. Rus Komendatlığı isyana girişim gösterdiklerine içinburadaki ahalinin bir kısmını Rusya'nın çeşitli şehirlerine sürgün etti.

Rus Komendatlığı'nın böyle bir davranışı Bakü'de ve genel olarak bu bölgedeki bereketli topraklarda yaşamak isteyen Ermeniler için bir fırsattı. Ermeniler, I.Petro'ya müracaat ederek "yeni kazanılmış topraklarda", özellikle Bakü'de onlar için yer ayrılmasını rica ettiler. Ermeniler'in bu müracaatı I.Petro'nun hoşuna gitti. Nitekim, bu yerlere Hristiyanlar'ı göç ettirmek isteyen I.Petro, Hristiyan olmaları ile birlikte ticareti de iyi bilen Ermeniler'i bu yeni topraklarda görmek istiyordu. Rus tarihçisi, P. Butkov bu konuyla ilgili şöyle yazıyor, "1724 yılındaki İstanbul Antlaşması'ndan sonra I.Petro Komutan Rummyantsev'e, Ermeniler'i bu bölgeye göç ettirmeyi, gerekirse yerli ahaliyi o topraklardan kovarak, yerine Ermeniler'i yerleştirin diye emir verdiğini yazmaktadır.

Çar'ın güney sınırlarına Ermeniler'i yerleştirmekte iki maksadı vardı. Birincisi, kısmi dahi olsa da güneyde eminlik yaratmak, ikincisi ise Ermeniler'in ticaretle olan başarılarından faydalanmak. Ermeniler'in Şirvan'a göç ettirilmesisadece I.Petro'nun isteği değildi, aynı zamanda Ermeniler'in bu bölgeye göç etme isteğininde büyük payı vardı. P. Butkov'un yazdığına göre, Ermeniler üç kere I.Petro'yayalvararak, Hazar Deniz'i etrafında daimi yaşamak için yer vermesini istemişlerdir.

I.Petro 14 Kasım 1724'te General-Majör Kropotov'a özel emir vermişti. Emirde:"Ermeni halkı bizden onları himaye altına almamızı ve onları bu arazilere yerleştirmemizi istemiştir. Bundan dolayı size emrediyorum, eğer Ermeni halkı bu arazilerde yaşamak isterse, onlara yardım edip, koruyun, hatta öyle davranın ki, onlardan hiçkimse şikayet etmesin. Nitekim biz onları İmparatorluk bünyesinekatarak kendi himayemize almışız". Aynı mazmunlu mektubu I.Petro tüm Hazar etrafındaki Komendantlara göndermişti. Bakü ile ilgili ise özel gösteriş veren Petro "iyi olmayan veya şüpheli müslümanları buralardan kovun ve yerlerine hristiyanlar yerleştirin" diye emretmişti.

Ruslar'ın Hazar etrafındaki hakimiyeti Safevi Devleti'nin yeni komutanlarından olan Nadir Han Afşar'ın dağılmış Safevi Devletini yeniden kurmasına kadar devam etti. İlk başta Afganlar'ı ülke içinden kovan Nadir Han, 1732 yılında Ruslar'ı tehdit ederek Reşt Antlaşması'nı imzalattı. Yapılan bu anlaşmaya göre Ruslar Kür Nehrine kadar olan arazileri kayıtsız şartsız Safeviler'e bırakmalıydı. Ardından Osmanlı işgal kuvvetlerini ülkeden çıkarırken yüzünü yeniden Rusya'ya doğru dönen Nadir Han 1735 yılında Ruslar ile yapmış olduğu Gence Antlaşma'sı ile Ruslar Derbend'e kadar olan bütün bölgelerden Safeviler'in lehine faragat ettirdi.

Nadir Han devleti iç ve dış sorunlardan kurtararak siyasi istikrarı tekrar sağlamak amacıyla 1736 yılında Muğan'da kurultay toplayarak Safevi Hanedanlığı'nın siyasi yetkilerini elinden aldı ve kurultayda Şah seçilerek Nadir Şah Afşar ünvanıyla Devlet'in başına geçerek Afşar Hanedanlığını kurdu. Osmanlı'ya Ruslara, Özbeklere ve Babürlerin devamı olan Gürhanlılara karşı ciddi zaferler kazanarak bazı tarihçilere göre "Asya'nın son büyük fatihi" oldu ancak büyük imparatorluğu uzun sürmedi ve iç isyanların artması neticesinde 1747'de kendi komutanları tarafından suikaste uğradıktan sonra Rusya yeniden Güney Kafkasya'ya yönelmeye başlamıştır. Afşarlar'dan sonra coğrafyada istikrar sağlamaya çalışan Kaçar Devleti her ne kadar Ruslara karşı direniş gösterse de 1804-1813 ve 1826-1828 yıllarındaki savaşlar sonucunda 1813 yılında Gülistan ve 1828 yılında Türkmençay Antlaşmaları sonucunda Azerbaycan'ın Araz Nehrinden kuzeyde kalan toprakları tekrar Rusya'ya kaybedilmiştir

KAYNAKÇA:

- Ağayev, Mahmudlu Y. (2014), Azərbycan Tarihi, Bakı.
 Boçarnikov, İ.V. (2013), Kavkazskaya Politika Rossii v X-XX vekax., Moskva.
 Efendiyev O.- Kerimli T. (2007), Azerbaycan Tarihi III Cilt, Bakı.
 Guseynov, A.N. (1963), Azerbaydjano-Russkie Otnosheniya XV-XVII., Bakı.
 Kulikov, A.- Runov V. (2013), Vse Kavkazskie voyny Rossii, Moskva.
 Nuriyeva İ. (2015), Azerbaycan Tarihi, Bakı.
 Smirnov, N.A. (1958), Politika Rossii na Kavkaze XVI-XIX vekax., Moskva.

Solovev, S.M. (1989), Cteniya i rasskazi po istorii Rossii., Moskva.
http://militera.lib.ru/h/sb_istoria_russkoy_armii/76.html
<http://alpan365.ru/kaspijskij-pohod-petra-i-prichiny-i-celi/>
<http://alpan365.ru/persidskij-pohod-petra-i-vostochnogo-kavkaza/>
<http://www.ufolog.ru/publication/4119/>
<http://www.tertiasp.ru/shop/N-64-1.jpg>
http://islam-info.ru/uploads/posts/2012-09/1347880021_pyotr.jpg
http://dic.academic.ru/pictures/sie/persid_pokhod.jpg
http://ic.pics.livejournal.com/liqe/76607699/376527/376527_900.jpg
http://hiswar.net/images/item_pictures/kaspiy1723.jpg

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ «ТҮРІКШІЛДІК» ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫНЫҢ ИДЕЯСЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

Т.ғ.к., қауымд., профессор **А.Т. ҚАИПБАЕВА***
PhD доктор **С.Д. САРҚҰЛОВА****

Түйіндеме:

XX ғасыр басында Қазақстанда түрікшілдік, мұсылманшылдық қозғалыс барысы өрлеп, түрік бірлігі, түрік ынтымағы жолында қазақ ұлтының оқыған азаматтары мен зиялы қауым өкілдері түркі елдерінің алдыңғы қатарлы қайраткерлерімен бірлесе отырып күрес жолына түсті.

Ғасыр басында шыққан мерзімді баспасөз арқылы патша үкіметінің отарлау, қоныстандыру, орыстандыру саясатына батыл қарсылықтарын білдірді, ұлт тілінде отаршылдықты әшкерелеген кітаптар шығарды. Алайда сол кітаптар үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып, көпшілік басылымдар аса қауіпті делініп, айналымнан алынды. Оның авторлары қудалауға түсті.

1917 жылғы төңкеріске дейінгі шыққан қазақ кітаптарындағы мәдени, рухани өмір мәселелеріне қатысты көзқарастары Кеңес билігі жылдарында дами түсіп, ұлттың білімі мен мәдениетін көтеру идеясы – ұлттық идеяның қайнар көзіне айналды. Бұл тарихи идея Ресей қоластындағы барлық түрік тектес халықтардағы азаттық идеяларымен астасып жатты.

Тірек сөздер: тарих, «түрікшілдік», мұсылманшылдық, қазақ кітаптары.

IDEOLOGY AND FUTURE OF “TURKOLOGISM” AND KAZAKH BOOKS AT THE BEGINNING OF XX CENTURY

Abstrakt:

In beginning of the XX-th century in Kazakhstan prospered movement of Turkization and Moslems, representatives of intelligency of the Kazakh nation together with the advanced representatives of the Turkic people have followed a struggle way for unity and interaction of the Turkic people.

At the beginning of the century in periodicals in a native language there were books in which courageous protest ideas against a policy of subsidence, resettlements are stated, to russification of the imperial government. But these books from the government were taken on the special control, many editions were considered especially dangerous and have been removed from a turn. Authors were exposed to persecution.

The sights, concerning problems of cultural and spiritual life in the Kazakh books published before revolt of 1917, have received more development in days of board of the Soviet power, the idea of increase of an educational level and culture became a source of national idea.

This historical idea has found similarity with emancipating ideas of all Turkic people subject to Russia.

Key words: History, the Turkic, the Muslim, Kazakh books.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Себебі Қазақстан жері түгелдей патша үкіметінің тарапынан отарланып, идеологиялық жағынан орыстандыру саясаты пәрменді түрде жүргізілген еді. Осы кездегі қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, жалпы рухани өмірінде аса маңызды өзгерістердің болуы мен ұлт зиялылары қатарының қалыптасуы елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекет құру сияқты негізгі мақсатты көздеген мұсылманшылдық немесе түрікшілдік қозғалыстың жандануына алып келді.

Патшалық Ресей мен Кеңестік билік тұсында түрікшілдік, мұсылманшылдық қозғалысы үкімет саясатына аса қауіпті ағым ретінде бағаланып, оның басында тұрған лидерлері мен қолдаушылары қуғындалғаны белгілі. Түркияда түрікшілдік идеяны насихаттаған, Зия Гөкалп, Мехмет Эмин Юрдакул, Юсуф Ақшора сияқты қайраткерлердің құнды мақалаларын жариялаған «Türk Yurdu» журналы жарыққа шығуы қазақ ұлт зиялылары мен оқыған азаматтарын бей-жай қалдырған жоқ.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Aina_78@mail.ru

** Sarkulova_84@mail.ru

Қазақстанда түрікшілдік немесе мұсылманшылдық идеясы алдыңғы қатарлы интеллигенция қатарын ғана емес, қарапайым халық санасына да қатты әсер беріп, түрікшілдік идеясына қолдау көрсете баспа беттеріне құнды мақалаларын және кітаптарын жариялауға алып келді. XX ғасыр басында шығып тұрған «Тәржіман», «Қазақ», «Айқап», «Ульфат», «Вакт» т.б. газет-журналдарда көптеген мақалалар түркі-мұсылман халықтарының мәселелерін көтеріп қана қоймай, осы газет-журналдар арқылы империалистік мемлекеттердің әрекеттерін әшкерелеп, түркі халықтарының ұлт-азаттық санасының қалыптасуына, империялық саясатқа қарсы оқу-ағарту саласын қайта құрып, сауатсыздықпен күрес жүргізуге шақырды. Жалпы, бұл басылымдардың басты көздегені түркі елдерінің еркіндігі, ұлттар арасындағы кемістігушілікті жою, империалистік құрсаудан құтылу жолында жұмыла күрес жүргізу еді.

Жалпытүрік ұлт-азаттық идеясының қарқын алуы империялық Ресей үкіметін алаңдатпай қоймады. Оның үстіне XIX ғасырдың соңында Орта Азия мен Қазақстан аумағында дінді уағыздау кең өріс алып, татар және османдық дін басыларының бой көрсетуі жиілей түсті. Олар әсіресе Бұхар әмірлігі мен Хиуа хандығы, Түркістан мен Дала облыстарына келіп, діни бағытта әңгімелер жүргізіп, Қазанда, Түркияда шыққан діни әдебиеттерді таратты.

Қазақ халқының бірсыпыра оқығандары, атап айтқанда Ақмола, Әбібәкір, Нұржан, Мақыш, Мәшһүр және тағы басқа ақындары мәдени-ағарту майданында қараңғылыққа, надандыққа қарсы шығып, жаңа жәдит оқуын жақтап, оны насихаттап, өз шығармаларымен жаңалық үшін күреске шықты. Олардың жаңаша бағытқа мойын бұруы патша үкіметін сескендірмей қоймады. Сондықтан түркі халықтарының арасында түрікшілдік идеясын кең таратуы мүмкін деген себептермен патша үкіметі ғылыми және діни ұйымдардың белсенділігіне шек қоя бастады. Осыған қарамастан қазақ даласында жаңа әдісті мектептер ашылып, ұлтжандылық әрекеті күшіне еніп, тек мәдени салада емес, сонымен қатар саяси бағытта да белсенділігі артты. Қазақ жастарының көпшілігі Қазан қаласындағы ашылған «Мухаммедия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусайния» медреселерінде де білім алып, ұлттық мүдде жолынағы күреске араласа бастады.

Түрікшілдік бағытты қолдағандардың басы 1905 ж. 15 мамырында Нижний Новгородта мұсылмандардың бірінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне, 1906 жылдың 28 қаңтар мен 5 ақпан аралығында Санкт-Петербургта өткен Екінші бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, орыс империясының саясатын сынға алып, түркі халықтарының ұлттық болмысын, бірлігін қорғайтын бірқатар шешімдер қабылдаған еді.

Қазақ халқының арасында Юсуф Ақшора, Садри Мақсуди, Хади Мақсуди, Ысмайыл Гаспыралы, Али Мардан Топчибашы, Абдүррешит Ибрагим, Муса Джаруллах, Абдуллах Буби, Аяз Исқақи, Фуат Тоқтар және сол сияқты азаматтар кең танымал бола бастады. Бұлардың кейбірі Ресей Мемлекеттік Думасында түркі халықтарының өзекті мәселелерін көтеріп, сол жолда батыл шешімдер қабылдауын талап етті.

XX ғасыр басында ұлт-азаттық жолындағы түркі-мұсылман халықтарының жаңа сатыдағы түрікшілдік әрекеті, «түрік бірлігі», «түрік ынтымағы» ұғымы халық санасына терең сіңіріліп, тұтас қуатты әрекетке айналды. Түркі-мұсылмандары империалистік мемлекеттердің отарлық саясатына қарсы шығып, түркі-мұсылман халықтарын ислам дініне біріктіруге тырысты. Халық бірте-бірте ұлттық ерекшеліктерін ұғына бастаған сәттен өзара жұмылуға бет бұрды. Түркістанда шетелде жарық көрген панисламдық мерзімді баспасөз материалдары да халық арасына кең тарады. Мәселен, Түркістанда Кабулда құрылған «Сирадж-уль-ахбар», Стамбұлда құрылған «Сирадж-уль-мұстақим», Каирда құрылған «Аль-Алем-уль-ислам» ұйымдарының бөлімшелері астыртын панисламдық идеяларды таратып, мұсылман халқын азаттық жолында күресуге насихаттады (Вахидов Х.Т. 1979: 49, 74). Алайда Ресей империясының басшылары мен отарлық әкімшіліктің өкілдері қолынан келгенше түркі-мұсылман халықтарын бір-бірінен ажырату жолдарын іздестіре бастады.

Халықтың сауаттылыққа, мәдениетке талпынуы, әдебиет, өнер, педагогикалық ой-пікір ізденістері өрістей түсуі, мәдени орталық саналған Орынбор, Қазан сияқты қалалармен байланысты күшейтті. Саяси өзгерістер барысында қазақ халқы арасында шым-шытырық қоғамдық, әлеуметтік құбылыстарды өз мүмкіндігіне сәйкес түсіндірген, жанры жағынан әралуан әдеби туындылар жарық көрді. Оқу-ағарту, діни, әдеби, тарихи және тағы басқа мазмұнда Қазан, Орынбор, Троицк, Уфа, Семей және тағы басқа қалаларда қазақ тілінде кітаптар басылып шыға бастады.

Діни-ағартушылық ағымдардың белең алуы біріншіден, адамзат бойында имандылық, діни-рухани тазалық, ұлттық нышандарды сақтаудан, екіншіден, ұлттың ұлттық мүддесін аяққа таптай бастаған отаршылдық қысымға қарсылық есебінде туындаған еді. Дегенмен бұндай кітаптардың шығуына патша өкіметін үлкен секеммен қарады. Сондықтан империя қарамағындағы түркі

халықтарының баспасөзінен бастап, жарыққа шыққан кітаптар жайында дер кезінде мәліметтер алып отыруға тырысты. Басылымдарды шығаратын барлық баспаханалар, литографиялар, кітапханалар мен кітап дүкендеріне дейін есепке алынып, қатаң бақылау қойылды. Тіпті кітап дүкендерін ашу барысы да ұзақ қаралып, кітап дүкенін ашпаққа ниеттенгендердің өтініші қанағаттандырылмады [2].

Қазақ жеріне діни тақырыптағы кітаптардың көптеп таралуы бақылауды күшейтті. Жоғарғы басшылардың қысымына қарамастан қазақтардың арасында ұлттық-діни қозғалыс өрлей түсіп, пантүрікшілдік идеяны насихаттаған кітаптар, газет-журналдар қазақ даласына небір жолдармен таралып жатты. Осыған орай барлық облыс губернаторларына өз қарамағындағы өлкедегі барлық мұсылман тіліндегі әдебиеттерге мұқият болуын, кітап дүкендерінде пантүрікшілдік мазмұндағы кітаптардың сатылып кетпеуіне жол бермеуі қатаң талап етілді. Қазақ кітаптарының басым көпшілігі Қазан қаласында басылып шыққандықтан, барлық шығыс тіліндегі кітаптардың мазмұнын қадағалау Қазан губернаторының бұйырығымен Н.И. Ашмаринға жүктелініп [3], баспаханалардан басылуға өтініш етілген кітаптар арнайы бақылаудан өткізіле бастады. Нәтижесінде С.-Петербург цензура комитетінің шешімімен 1902 ж. сәуірінде қазақ және түркі тілдерінде шықпақ болған «Тухфету-ль-тәржімәсі», «Қисса Сал-Сал» және «Шежірме манзума» «Шежіресі анас ибн Мәлік» «Ки-табу-л-кабаир уа-с сығайыр» сияқты кітаптарды басуға тыйым салынды [4].

Жәрмеңкелердегі кітап саудасы да үкімет назарына ілігіп, арнайы сатуға рұқсат алынбаған күмәнді кітаптар тәркіленіп отырды. Мектеп, медреселерде оқытылып жатқан оқу құралдары да жіті тексеріске алынды. Мәселен, Семей облысының халық училищесінің инспекторы Злобин облыстың әскери губернаторына жіберген рапортында Семей медресесінен табылған арнайы рұқсаты жоқ 10 кітапты сыртқы істер департаментіне жібергендігін хабарлаған [5].

1906 жылдың 29 мамырында Қазандағы Баспа ісінің инспекторынан Баспа басқармасына Қазан қаласында Баспа ісін бақылайтын арнайы цензуралық уақытша мекеме құру қажеттігін ұсынған хат түсіп, оны құрудың мәнісін елде күмәнді тақырыптағы кітаптардың кең таралып кеткендігінен деп түсіндірді [6]. Бұл ұсыныс маусым айында тағы да Баспа ісінің Бас басқармасында қайталанып көтерілді [7]. Уақытша комитет Ішкі істер министрі П. Столыпиннің қол қоюымен 3 қарашада құрылып, оның төрағалығын статист кеңесші Пинегин, ал хатшылығына Қазандағы цензура және Баспа инспекторы бөлімінің хатшылық қызметін атқарушы А.Н. Антонов атқарып, комитетке коллеждік кеңесші Фролов, Қазан мұғалімдер семинариясының тәлімгері Н.И. Ашмарин, Қазандағы император университетінің монғол тілінің төрағасы, статист кеңесші Н. Катанов мүше болды [8].

Комитет құрылысымен Қазан қаласындағы барлық баспаханалар шығарылған басылымдардың 10 данасын міндетті түрде комитетке жіберіп, әр басылымның мазмұнын, жалпы данасы жіті тексеріле бастады [9]. Сөйтіп, қазақ тілінде шыққан діни, ағарту, тарихи мазмұндағы кітаптар комитет тексерісінен өтті. Күмәнді деп тәркіленіп алынған кейбір түркі тіліндегі кітаптарына тексеру Қазан губерниялық жандарм басқармасының өтінішімен жүргізілді. Кітап дүкендерін тексеру барысында кей жағдайларда цензура рұқсат етпеген, Сот Палатасы қолданыстан алып тастаған кітаптар мен журналдар табылып жатты. Мәселен, ерекше тапсырманы орындаушы аға шенеунік Запаловский Семей қаласындағы Косаревтің дүкенін тексеру барысында Ресейдегі ірі қалалардағы баспаханаларда басылып шыққан революциялық пиғылдағы 90 түрлі басылымдар, кітаптар мен кітапшаларды тәркілеп алған [10].

Комитет мүшелері әрбір кітаптың ішкі мазмұнына ерекше мән берді. Н. Катановтың құзырына түскен Шарафтың «Насихат қазақиясы» сенімсіз кітап ретінде басудан шеттетілген. Оның себебін Н. Катанов 1908 ж. 8 ақпанда Уақытша комитеттің төрағасы М.Н. Пинегинге жолдаған хатында көрсетіп, кітап ішінде орыстарға қарсы жазылған мәтіннің барлығын айтқан [11].

Уақытша комитет Қазан баспаханасынан рұқсатсыз басылып кеткен кітаптарды да сынға алып, тәркілеуге дейін барған. Мысалы, 1908 жылы 24 маусымда Уақытша комитетке «Шараф» баспаханасында басылып шыққан «Пираддар» («Фирядлар») деп аталған 54 беттік кітаптың қауіптілігі жөнінде Н. Катановтан мәлімдеме түсіп, кітаптың 8-10 беттерінде революциялық пиғылдағы жолдардың барлығы айқын келтіріліп, онда орыстардың тұрғылықты халықты жерінен ығыстырып отырғандығын, енді олардың бұл қыспағына төзбей ояну қажеттігін көтерген деген тұжырым жасаған [12]. Бұдан кейін Шараф баспаханасынан кітаптың 1500 данасы тәркіленіп алынып, бұл кітапты таратқандарға Қылмыстық Заңның 129 бабының 6-тармақшасы және 103-бабы бойынша іс қозғалып, автор сот жауапкершілігіне тартылды [13]. Қазан полициясы бұл татар-қазақ тіліндегі кітаптың 2250 данасын тәркілеп алып [14], саяси қауіпті кітап шағырғаны үшін 1908 жылдың 25 маусымында Қазан губернаторының бұйырығымен Шараф баспаханасын жапты [15].

Шараф баспаханасынан басылып шыққан барлық кітаптардың мазмұны жете тексеріске алынып, «саяси мазмұнда» деп табылған, жеке қолданыстағы және кітапхана қорларындағы кітаптар тәркілене бастады. Дегенмен түрлі баспаханалардан шығып жатқан кітаптардың мазмұнын Уақытша комитет мүшелері тексеріп үлгермеді [16]. 1909 жылы Қазандағы Баспа ісінің уақытша комитетінің тексерісінен 3 115871 данамен әр түрлі уақытта шыққан 449 кітап өтті. Мазмұнына қарай бұл шығармалар екіге бөлініп, оның біріншісі, діни-өнегелі кітаптар және діни мазмұндағы мұсылман мектептеріне арналған оқулықтар деп қарастырылған. Аталмыш кітаптар не араб тілінде немесе араб-татар, тіпті парсы аралас тілдерінде басылған.

Діни мазмұндағы кітаптар ескі (қадымша) мен жаңа (жәдидше) бағытта болған. Мәселен, ескі бағыттағылар діни оқу жүйесін ғана қолдауды көтерсе, ал жаңа бағыттағылар осы кітаптары арқылы мектептердегі оқу жүйесін заман ағымына сай құруды насихаттап, жаңаша білім алуға шақырды.

Оқулықтардың мазмұнында да мұсылманшылдықтың ісі сезілетіндей көріп, әрбірі жіті тексеріле бастады. 1910 жылы Омбыдағы Абдулкерім Меджидевтің Қазан қаласындағы ағайынды Кәрімовтар баспаханасынан шыққан 26 беттен тұратын «Қазақ шәкірттеріне ғадие» кітабы да бақылаудан өтіп, Н.Ф. Катанов кітапты «ұлтшылдық пиғылда» деген қорытынды жасаған [17].

Қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М.Жұмабаев сынды алдыңғы қатарлы азаматтар Ресейдегі бірінші орыс революциясы идеяларының және қазақ қоғамының ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайының ықпалымен саяси күрес жолына түсті. Олар саяси күрес жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізін ұстанған бір діндес, бауырлас, тағдырлас елдердің алдыңғы қатарлы өкілдерімен бірлесті. Сөйтіп, қазақ зиялылары да мұсылмандық қозғалысқа ат салысты.

Ұлт зиялыларының шығармашылық ізденістерінде жаңа, тың серпін пайда болды. Бұл сол кездегі қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайға байланысты туындаған еді. Ресейлік патша үкіметінің қазақ жерін қоныстандыру арқылы жерінен айыруы, тілді орыстандыру, дінді жою саясаты ұлт зиялыларын бей-жай қалдырмады. Олар қалың қазақты ұйқыдан ояту, ілгерілеушілікке ұмтылдыру, азаттыққа үндеу аталған прогресшіл ақындарға басты міндет санап, қазақты біріктіруге тырысты. Ел арасында жайлаған алауыздықты жоюға, сөйтіп, қазақтың санасын оятуға бел буды. Ұлт зиялысының бірі М. Дулатовтың 1909 жылы Уфа қаласында «Шарк» баспасынан «Оян, қазақ» еңбегі жарық көрді. Қайраткердің түпкі мақсаты - халықты рухани кемелдендіру жолына жетелеу болатын. Міржақыптың бұл «Оян қазақ» кітабы патшаның отарлау саясатының халыққа тигізген қасіретін, қарапайым қазақтың тұрмыс күйінің күйзелісін, әлеуметтік жағдайдың құлдырауын айқын түрде баяндап берді.

М. Дулатов қалың қазақтың XX ғасыр басындағы әлеуметтік жағдайын айқын көрсетті. Ол қазақ халқының байырғы ата-бабадан бері ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан шұрайлы жерлері келімсектерге кетіп, өздерін құмды, шөлейт жерлерге ығыстырылуын әділетсіз санайды. Бұлай болуының негізін халықтың өнер-білімнен нақұрым қалуынан деп есептейді. Ол осылайша халықтың басындағы ауыр жағдайды айта келіп, оның елдік мүддесіне қызмет ету - әрбір саналы азаматтың ең бірінші борышы екеніндігін түсіндіреді. Қазақты осындай жағдайға душар еткен патша саясатын ашық түрде сынға алды. Дегенмен қазақты артта қалуына бірден бір себеп болған бірінші, өзінің қараңғылығы десе, екінші, қара халыққа жаны ашымас пасық байлар, атқамінерлер дей келе, тығырықтан шығуға шақырып, үн тастайды. Ол халықтың алға жылжуына тек оқу арқылы жете алатындығына сендіреді (Дулатұлы М. 1991: 47-49.) [18].

Қазақ кітаптарының арасынан М. Дулатовтың Орынбордағы «Вакт» баспаханасынан шыққан «Оян, қазақ!» кітабы патша үкіметі саясатына қарсы шыққан кітап ретінде сынға алынып, 1911 жылы 15 маусымда, өлеңмен жазылған кітаптың 6 бетінен бастап 64 бетіне дейінгі аралықтағы жолдар орыстарға қарсы жазылған деп көрсетілді. Кітапқа сыни пікір берген Н.Ф. Катанов М. Дулатов 3-4 беттеріндегі алғы сөзінде көшпелі халыққа қазақтардың орыс бодандығына түскеннен бері жері кетіп, тіл күрмеліп, діні қысымға ұшырап отырғандығын айтып, босқа жатпай басты көтеріп, оянуға шақырғандығын келтіре отырып, басқа беттерінде де орыс үкіметіне қарсы жазылған деген тұжырым жасады [19]. Ол «Оян, қазақ!» кітабына сараптама жасай келе, мазмұнын қауіпті деп тапты.

Осы «Оян, қазағы» үшін Міржақып Семейде 1911 жылы 6 маусымда қамауға алынып, 129-бап бойынша іс қозғалып, 23 желтоқсанда болған Семей өлкелік сотының шешімімен Қылмыстық Істердің 120-бабымен бір жылға бас бостандығынан айырылды [20].

Кітап қазақ арасына тез таралды. Бұл жайында Омбы Жандарм Басқармасы басшысының көмекшісі Леваневскийдің Семей губернаторына жіберген қатынас хатында Қарқаралы уезд басшысынан 22 мамырда көпес Мұқан Бекметев пен оның приказчигі Мұқаш Аталжанов екеуі

Петропавл қаласына М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабының 50 данасын 20-25 тиыннан қазақтар арасында сатқандығын, 5 маусымда құпия түрде М. Дулатовтың Петропавлға осы кітабын әкелгендігі жөнінде мәлімет түскендіктен, 7 маусымда тінту жүргізіліп, 9 дана кітап тәркіленіп, М. Дулатовтың өзі қамауға алынғандығы айтылды. Құпия жолмен «Оян, қазақ!» кітабы Семей қаласында көп мөлшерде тез арада сатылып кеткендігі анықталғандығы, кітап өте ұғынықты өлең жолдарымен жазылғандықтан көпшілікке үлкен әсер қалдырып отырғаны да келтірілсе [21], ал Семей облысының әскери губернаторы А. Тройницкий Дала генерал-губернаторына жазған құпия хатында М. Дулатовтың бұл кітабы орыс үкіметінің саясатына, патша Ағзамға қарсы жазылған делініп, кітаптың орысша аудармасын міндетті түрде оқуын өтінген. Хатта Дулатовтың Семей қоныстандыру ауданындағы статистикалық партиядағы қызметінен аластатылғаны да келтірілді [22].

М. Дулатовтың қамауға алынғаны жөнінде 1911 ж. «Айқап» журналының 6 саны мен «Уақыт» («Вакт») газетінің №802 нөмірінде шағын хабарлама жарық көрді. Хабарлама Азамат Қорсықов деген атпен жарияланған.

1911 жылы 10 қыркүйекте Баспа ісінің Бас Басқармасынан Қазандағы Баспа ісінің Уақытша комитетіне жіберген жазбаша өкімінде Орынбор губернаторының 3 қыркүйектегі қаулысында «Уақыт» («Вакт») газетінің баспаханасында М. Дулатовтың қазақ тілінде панисламшылдық идеясын уағыздаған, орыс үкіметінің саясатына қарсы қазақтарды наразылық білдіруге шақырған «Оян, қазақ!» кітапшасы басылып шыққандығы, кітапшаның «Жұмбақ» деп аталатын мақаласында Ұлы патша ағзамды дөрекі түрде кемсіткені үшін сотқа тартылғаны келтірілді [23].

1911 жылы 29 наурызда Омбы Жандармерия Басқармасының басшысы Щеглов Полиция департаментіне Петропавл қаласында 26 наурызда «Панисламдық» партиясының құпия қызметкері оған «Алаш», «Мұхаммет Ханафия», «Қисса Зарқұм» кітаптарын беріп жіберіп, «Алаш» кітабы көп мөлшерде қазақ арасына таралып отырғандығын, авторы Торғай облысының Қостанай уезіне қарасты Арақарағай болысының қазағы Нұржан Наушабаевтың 41 беттік, кітап 1910 жылы Қазандағы «Ағайынды Кәрімовтар» баспаханасынан басылып шыққандығы, кітап авторы қазақтардың ұйқыда жатпай оянып, айырылған жерлерін қайтарып алуға кірісу керектігіне шақырып отырғандығы жөнінде мәлімдегендігін айтқан хат жолдаған [24].

Патша цензурасына Машһүр Жүсіп Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» және «Қазақ шәкірттеріне ғадие» атты кітаптары ілікті. Оған да сараптаманы профессор Катанов жасап, күдік туғызады-ау деген тұстарын орысшаға аударды. Оның қорытындысынша, кітапта орыс тілін білгендер өздерін керемет санап, шарифатты қастерлемейтіндігін, қандай да бір себеп тауып мешіттерді жауып, жаңа мешіт ашуға рұқсат бермей, керісінше кітаптарды тартып алып, өздерімен алып жайы келтірілген [25].

1912 жылдың басында Қазандағы Баспа ісінің Уақытша Комитетке 1911 жылы Б.Домбровскийдің, Ағайынды Кәрімовтардың «Кәрімов, Хұсайынов және К» баспаханасына бастыруға түскен қазақ кітаптарының 28 тізімі түскен. Оның ішінде М. Қалтаевтың «Қазақ ахуалынан», «Алтын балық», Б. Ержановтың «Тұр, қазақ!», М.С. Тарабаевтың «Қисса-и қырық уәзір», «Қисса Шортанбай», А. Маштақевтың «Қарлығаш», С. Көбеевтің аудармасымен И. Крыловтың «Басни», А. Сабаловтың «Бес намаз» және тағы басқа кітаптардың мазмұнына ерекше мән беру қажеттігі баса көрсетілді және арнайы рұқсатсыз баспау қажеттігі де баса талап етілді [26].

Міне, көріп отырғанымыздай, үлген террорға қарамастан XX ғасыр басындағы елдік тарихымызда ұлттық мүддені негізгі мұраты есебінде биік көтерген қазақ тілінде біраз еңбектер жарық көрді. Бұл кітаптардың авторларының идеологиясының негізі атамекен жерді ел игілігіне сақтау, жас ұрпаққа өз ана тілінде білім алу мүмкіндігін туғызу, дін бостандығы, баспасөз еркіндігі сияқты құндылықтар үшін күрес бағдарламасы құрауға тиіс болды. Азаттыққа қол жеткізу үшін ең алдымен қазақтың ұлттық сапасын арттыру қажет деп түсінген бұл азаматтар ағартушылық жолда жасаған қызметтері арқылы мәдени және рухани өмірімізге үлкен үлес қосты деп санаймыз.

Діни тақырыпта жазылған кітаптардың да идеялық маңызы жоғары. Шарифат іліміне негізделген кітаптарда бірінші кезекте адамгершілік, адалдық, бала тәрбиесі тұрды. Осы қағидаларды жүзеге асырудың жолдары айқындала көрсетілді. Діни-ағартушылық бағыттағы кітаптардың көпшілігі кеңес үкіметі орнағанға дейін Қазақстандағы мектеп-медреселердің негізгі оқу құралына айналып, түркі бірлігі идеясын пәрменді насихаттады.

1917 жылғы төңкеріске дейінгі шыққан қазақ кітаптарындағы мәдени, рухани өмір мәселелеріне қатысты көзқарастары Кеңес билігі жылдарында дами түсіп, ұлттың білімі мен мәдениетін көтеру идеясы – ұлттық идеяның қайнар көзіне айналды. Бұл тарихи идея Ресей қоластындағы барлық түрік тектес халықтардағы азаттық идеяларымен астасып жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Вахидов Х.Т. (1979) Просветительская идеология в Туркестане. – Ташкент: «Узбекистан», 1974. - 49 с.
2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (одан әрі -ҚР ОММ) 15- қ.1-т. 511-іс.3-п.
3. Татарстан Республикасы Ұлттық мұрағаты (одан әрі - ТР ҰМ). 420-қ. 1-т. 13-іс. 7-п.
4. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 16-іс. 18-п.
5. ҚР ОММ. 15- қ.2-т. 513- іс.23-п.
6. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 50-іс. 1-2-пп.
7. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 50-іс. 4-пп.
8. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 50-іс. 17-п.
9. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 50-іс. 24, 26-п.
- 10.ҚР ОММ. 15- қ.2-т. 543- іс.7-12-пп.
- 11.ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 107-іс. 8-п.
- 12.ТР ҰМ. 1-қ. 4-т. 3764-іс. 4-5-пп.
- 13.ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 115-іс. 8,35-п.
- 14.ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 115-іс. 36-п.
- 15.ТР ҰМ. 1-қ. 4-т. 1688-іс. 35-п.
- 16.ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 110-іс. 9-10-пп
- 17.ТР ҰМ. 969-қ. 1-т. 47-іс. 49-59-пп.
- 18.Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Алматы: Алтын Орда, 1991. - 47-49-б.
- 19.ТР ҰМ. 969-қ. 1-т. 47-іс. 49-59-пп.
- 20.ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 3885 «а»-іс. 30-п.
- 21.ҚР ОММ. 15-қ. 2-т. 408-іс. 2-3-пп.
- 22.ҚР ОММ. 15-қ. 2-т. 408-іс. 4-п.
- 23.ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 179-іс. 120- 121-п.
- 24.ГАРФ. 102-қ. 74-т. 2-Б. 1- 2-пп.
- 25.ТР ҰМ. 969-қ. 1-т. 47-іс. 49-59-пп.
- 26.ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 175-іс. 3, 27, 347 357 44, 537-пп.

БЕСІК - ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІфилософия докторы (PhD) **А.С.СЕЙСЕНБАЕВА*****Түйіндеме:**

Автор мақалада сан ғасырлар бойы ұлттың ұясы, қазақы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болып табылатын бесіктің ерекшеліктерін, құрылымын қарастырған. Сонымен бірге халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүрін сіңіртуге таптырмас құрал болып табылатын бесік жырының тәрбиелік мәні мен қызметі ашып көрсетілген. Сонымен қатар бұл мақаладан көшіп-қонып жүрген халқымыздың ғасырлар бойғы тәжірибесінен туындаған, уақыт, заман сынынан сүрінбей өткен киелі бесіктің өзіндік ерекшелігі мен, тұрмысқа бейімділігін және бала өміріне пайдалылығы туралы мәлімет алуға болады. Бүгінде, қолданыстан шығып, көне дүниелер қатарына еніп бара жатқан салт-дәстүріміздің бірі бесік жыры. Бесік жыры – балаға берілетін алғашқы тәрбие. Бұл ғылыми жұмыста далалық зерттеу нәтижесінде жыйналған бесік жырлары енгізілген. Ізденуші ғылыми жұмысында дәстүрлі мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылатын, халқымыздың киелі мұрасы бесіктің шығу тарихы, жасалынуы, бесікке байланысты ырым-тыйымдар мен ғылыми негіздерді қарастырған.

Кілт сөздер: бесік, Жетісу, бесік жыры, түбек, салт-дәстүр.

BESIK IS AN ESSENTIAL PART OF OUR TRADITIONAL CULTURE**Abstract:**

The author describes a gem of the nation, a base of the Kazakh upbringing – the peculiarities and structure of besik. As well as, the article tells about a cradle song that enriches our generation's conscious with outlook and traditions of the Kazakh people. Also this article gives information about features of a sacred besik that has been created due to a nomadic people's long-term life experience and its usefulness for a baby's life. A cradle song is an essential part of the Kazakh traditions that is out of use nowadays. A cradle song is the first step of upbringing. This scientific work is comprised of the cradle songs, collected as a result of field research works. The history, creation, superstitious beliefs related to the legacy of the Kazakh people - besik and its scientific evidences are given in this article.

Key words: Besik, Zhetysu, cradle song, customs.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептеуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» деп көрсеткен болатын [1]. Ұлттық код дегеніміз не? Қазақы қалып, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр және ұлттық болмыс. Осы рухани кодымызды яғни сонау елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алатын ұлттық мәдениетімізді ұлықтамай, бар мен жоғымызды түгендемей, жүйелемей біз өркениет көшіне ілесе алмаймыз.

Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламасы негізіндегі "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" атты жобасы аясында аударылып жарыққа шыққан 18 кітаптың ішіндегі Алан Барнардтың «Антропология тарихы мен теориясы» атты еңбегінде автор «табиғат пен мәдениетті бөліп қарастыруға болмайды себебі екеуіде адамгершілік идеясына тән» деп көрсетеді [2, 25]. Яғни табиғат пен мәдениеттің үндестігі болып табылатын, ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі, тәрбиелік мәні зор, ұлы мұрамыздың бірі ол Бесік. Бесік – көшпелі ғұмыр кешкен бабаларымыздан қалған қасиетті мұра, ұлтымыздың алтын қазынасы. өмірге жаңа келген періште-сәбидің ақ отауы, оның ер жеткенде алаңсыз балалық шағын есіне түсіретін ардақ тұтар асыл бұйымы.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, S.akbota@mail.ru

Қазақта “Есік көргенді алма, бесік көргенді ал”, “Бесік көрмеген ессіз болып есікке енеді”, “Есік арқалағаннан бесік арқалаған артық” деген ұлағатты сөздер содан.

Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған. Айдархан бидің әкесі, төңірекке белгілі Мизам баба, қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналысса керек. Елге сыйлы Мизам баба 150 жыл өмір сүріпті. Өзі сүрген ғұмырында еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты. Мизам бабаның о дүниеге сапар шеккенінен хабардар қытайлар бақилық бабаның еңбегін көреалмаушылықпен өртеп жіберіпті. Сол уақытта Мизам бабаның баласы, Айдархан би алыс ауылға сапар шегіп кетіпті. Би түсінде әкесін көреді, лезде бір сұмдықтың болғанын сезген ол үйге қарай аттың басын бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну орманның орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапаланады. Жылдар өте келе Айдархан би үйленіп, ең тұңғышы туылады. Бірақ туыла салып сәби тоқтамай жылай береді. Оған шартарапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, сәбиді тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Артынша би оның орнында қалған ағаш бұтағымен қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды [3].

Қазақ халқы бесікті қарағайдан, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Бесікті «тал бесік» деп атаудың сыры осында. Бесіктің тал бесіктен басқа «аспалы бесік» деп аталатын түрі де болған. Жалпы ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп есептеген. Мұны Төле бидің мына бір әңгімесінен байқауға болады: Жоңғарлар шапқыншылығынан соң тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, үдере көшкенде, аяғы ауыр жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төлемен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай», — дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», — деген екен.

Бесік көшіп-қонатын қазақ тіршілігіне өте ыңғайлы. Оны түйе үстіне, өзге жүктермен қоса артып жүре береді. Кейде бала бөленген бесікті де осылай алып жүретін болған. Бұл қазақтың «баланың ұйқысын бұзған періштенің үйін бұзғанмен барабар» деген ұғымына толығымен сай келеді. Сонымен қатар бесік үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді. Ал бесіктің құрылымы балаға гигиеналық тәрбие беруге лайықталған әрі алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына жағдай жасайды. Түбектің түбіне күл салып қоятын болған, оның бір себебі бесікті тербеткенде нәрестенің зәрі шайқатылмау үшін, ал екіншісі оның күлге төгіліп, жылы бу шығарып тұруы үшін. Бесіктің жабдықтарын негізінен түбек, шүмек, құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, екі тартпа құрайды. Шүмекті қойдың асықты жілігінен жасаған, ол айрықша аппақ болу үшін сүтке қайнатылған. Бесікті жасаушы әр шебер оны өзінше ою-өрнектермен әсемдеген. Өзгеріссіз қалатын тек оның құрылымы ғана. *Белағаш* - ұстап тұруға ыңғайлы, бесіктің ең үстінде көлденең орналасқан жұмыр бел ағаш. *Бөген* - бөлік алдыңғы бас, артқы бас деп те аталады. Бөген - негізінен жас тал мінсіз жонылып, жақсы әрленіп, морға қыздырылып, қыртысын сыртына қарай иген бесіктің екі басы. *Шабәк* – екі бөгеннің аяқтарын қосып тұратын ұзын жақтауларға біркелкі қашықтықта көлденең қашалып бекітілген бесік еніндей тақтайша. *Сабау* - екі бөгенді қосып тұратын екі ұзын жақтаудың астына түсетін, бесік ұзындығына тең жұмыр ағаш. *Жорға* - бөгендердің иілген басына қарама-қарсы бекітіледі, оның астыңғы қыры қайқы - бесіктің табаны. Табанның қайқылығы бесіктің бірқалыпты жеңіл тербетілуін қамтамасыз етеді. *Түбек* - сәбиді бесікке бөлегенде жаялығы былғанып қалмас үшін бесіктің ортасындағы тақтайды тесіп орнатын алмалы-салмалы киіз қалта. *Шүмек* - бесіктегі баланың кіші дәреті үшін қойдың асық жілігінен бір басы тесіліп, екінші басының төменгі жаны ойылып жасалған түтікше.

Классикалық еңбектерде жасалған бұл құрылымдардың түгелі дерлік теориялық және теологиялық болып табылады. Бұл жерде уақыт және мекен байланыстары және ғырқалардың тарихи сабақтастығы туралы мәселе қозғалмайды. Бұл тұрғыда кейбір классикалық мазхаптар тарихы авторлары 73 ғырқа мәселесіндегі санын сол қалыпта ұстау үшін бірнеше жасанды ғырқа шығару жолына түседі. Э. Рухи Ғығлалының айтуы бойынша, бұл хадисті сахих санап ғырқалардың санын жетпіс үшпен шектеген автор, бірнеше сәйкессіздіктердің орын алуына жол берген. Бұл жерде ғырқалардың ең басты тармақтары негізге алынатын болса, сандары он-он бестен аспайды, бірақ бұл ең басты тармақтарының төменгі топтары назарға алынатын болса, ғырқалардың саны жетпіс екі немесе жетпіс үште ұстап тұру мүмкін емес. Бұл жолда қиындықтардың ішінде ауытқығандар арасында Сүнниттік Мазхаптар Тарихы жазушыларынан Бағдади бастаған Шәхристани және Ысфараиниді айта аламыз (Fiğlah, 2007: 40-42). Сондай-ақ, 73 ғырқа мәселесі авторларда болғаны секілді классикалық Мазхаптар Тарихы, ғырқалардың санын жетпіс үшпен шектегені үшін, ғырқаларға байланысты жетінші ғасырда толықтырылған санға жаңа бір нәрсе қосылмаған еді. Осы тұрғыда жетінші ғасырдан бүгінгі күнге дейін өткен кезеңдерде өмір сүрген немесе жаңадан пайда болған мазхап және ғырқалардың тарихы бұл категорияның тысында сақталған.

Бұл тұрғыда жазылған еңбектер ғырқалардың тарихына қарағанда олардың доктриналарының тарихына көптеу тоқталған. Негізінде мазхаптарды жақсы танып, түсінуімізді қамтамасыз етпеген, керісінше көптеген проблемаларды туғызып, бұл тұрғыда жалған кейіпкерлер/тұлғалар, жалған мазхаптардың шығаруы және бір тұлғаның бірнеше кейіпте таныстыруы секілді ғылыми емес, қате әдістері мен тәсілдері болып табылады (Kutlu, 2005: 432). Әшғаридің (324/936) жазбалары жүздеген жылдар бұрын бұл шындықты айтады. Оның ойынша автор, қарсы тараптың көзқарас, пікірлерін асыра сілтеу формасында, қате және жеткіліксіз түсіндірмелермен және бірнеше толықтырулар жасау кейіппен оқырманды еріксіз қателестіреді. Тіпті ішінде өзі де қарсы тарап туралы оларды жаман көрсету мақсатымен өтірік айтқандарды да кездестіруге болады (Eşari, 1416/1995: 33). Бұл жағдайда пікірталас тақырыбы болған мәселеге байланысты қарсы тараптың пікірлері болғаны секілді емес, бұрмаланып, түпнұсқаларынан басқаша түрде жеткізілген.

Әрбір ғырқаның ашық түрде немесе Тәуил (түсіндіру) жолымен болсын, Құран және Сүннетті негізге ала отырып түрлі дәлел мен сілтемелермен өз пікірлерін дұрыс етіп шығаруға тырысады. Бұл жағдай Мазхаптар Тарихшыларының және мазхап иелерінің тарих бойынша өз мазхаптарына фанатизмдік көзқараспен қарауға жол ашқан еді (Abdürrazik, 1973:56).

Сондай-ақ, Харижиттік Классикалық Мазхаптар Тарихы еңбектерінде Ислам Тарихында алғаш пайда болған мазхап ретінде көрінген және Сүнниттік мазхаптардың алдында *Әһл-и һәуа* немесе *Әһл-и Бидғат* болып танылған еді (Şehristani, 1975: 114-115). Классикалық Мазхаптар тарихшыларының Харижиттерге көзқарасы қысқаша осындай. Бұл жағдай, жүздеген жылдар бойы Харижиттерге бірдей қарау стилі және бірдей рухани қалыптармен зерттеуін қамтамасыз еткен, бұл зерттеу тәсілі де Харижиттердің пайда болу мен даму деңгейлерінің объективті түрде және ғылыми деңгейде зерттелуін қиындатқан еді.

Бүкіл бұл проблемаларға қарсы, біздің әдісіміз «көзқарас-оқиға сабақтастығы» деп аталынған әдіс болып табылады. Көзқарас-оқиға сабақтастығы бір пікірдің немесе сенімнің болмысын және әлеуметтік, саяси, экономикалық және діни оқиғаларда бұл пікір мен сенімнің көріністерінің «*уақыт-мекен контексті*» аясында анықтау. Мазхаптар Тарихы алаңында бұл әдіс, кез келген бір мазхаптың пайда болуына әсер еткен оқиғалар мен ол мазхапты басқа мазхаптардан ерекшелендірген алғашқы пікірлерін және оның әсерлерін зерттеп, бұл екеуі арасында бір байланысты ортаға қою болып табылады. Бұл әдіс бір бағыттық сипатқа тән болмай, пікірден оқиғаға және оқиғадан пікірге қарай бағытталған сипаттарға ие болып саналады (Kutlu, 2005: 435-436). Э. Рухи Ғығлалының сөзімен айтатын болсақ, кез келген бір мазхапты туғызған тарихи, географиялық, саяси, әлеуметтік және экономикалық шарттары анықталмай, діни көзқарас және мінез-құлықтарын бағалау және ол мазхаппен байланысты болған адамдарды түсіну мүмкін емес (Fiğlah, 2007: 371). Осылайша Мазхаптар Тарихы алаңында маңызды функцияларға ие болған бір кезеңнің итиқади (сенім) үкімдері, қазіргі заманғы саяси және тарихи шарттармен байланыстырылады (Watt, 1998: 6). Әйтпесе Хасан Онаттың айтқаны секілді, «бұрынғы тарихи мәселелерін жаңа заманғы саяси сөйлемдермен немесе ұрандармен түсіндірілуі» секілді қате әдістер, зерттеушіні әрдайым қате нәтижелерге итермелеуі мүмкін (Onat, 1993: 3). Бұл әдіс тарихи зерттеулерінде таптырмас маңызға ие әдіс болып, ғылыми

болмаған, қате түсінік және тарихты жаңадан манипуляциялау секілді анахронизмге (гр. *ανά* — кері, гр. *χρόνος* — уақыт — жыл санаудағы уақытқа сәйкессіздік (хронологиялық қателіктер) немесе бір дәуірдің оқиғалары мен сипаттамаларын жаңылыс немесе шартты түрде екінші дәуірге телу) баратын көрініс стилін де алдын алады.

Бұл секілді әдістердің қателіктерінің ең қарапайым мысалдардың бірі, Харижиттердің алғашқы кезеңдегі әдебиеттерінің бірі болған және біздің де әдебиеттеріміздің арасында болған Ибн Сәллам әл-Ибадидің «*Kitabun fihi Bād-ul Islam uʿ Sharaiud-Din*» есімді кітабында жазылған бір мысал. Мұнда Хз. Омар мен Абдуллаһ б. Аббас арасындағы кейінгі халифа үміткерлерінің тұлғалық бағалары жасалады. Бұл диалог тақырыбымызға және бұл әдістің маңыздылығына өте ыңғайлы бір мысалы бола алады. Бұл тұрғыда Хз. Омардың әсіресе Хз. Оспан және Хз. Али туралы қорлау сөздері (al-ʿIbadi, 1406/1986: 102-103), Буюккараның ерекше атап өткені секілді (Büyükkara, 2005: 473), негізінде Хз. Омардың көзқарастарын емес, одан екі жүз жылдан кейін өмір сүрген Ибн Сәлламның тұлғасында Харижиттердің тарихқа және оқиғаларға көзқарасын, тарихты өздерін дұрыс шығару сипатта жаңадан қалай қалыптастырғандарын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақала Түркия Республикасында қалыптасқанына ұзақ уақыт өтпеген Ислам Мәзхаптары Тарихы алаңында жасалған зерттеулерге негізделі отырып жазылған болатын. Мәзхаптар тарихының зерттеу алаңы мәзхаптар болғанымен де, әрбір мәзхаптың шығу тарихынан бұрын, сол географияның саяси-әлеуметтік жағдайы да қолға алынуы маңызды болып есептеледі. Харижиттер секілді Исламнан ұзақтаған, бөлініп шыққан қандай да бір ағым болмасын, өздерінің шығу тарихын Хз. Пайғамбар мен оның Әділетті Халифалар (Хулафа-и Рашидин) дәуірімен байланыстыруға тырысады.

Қазақстан немесе басқа да Орта Азия мемлекеттерінде Харижиттік тақырыбы ауқымды түрде зерттелмегені үшін бұл мақала келесі зерттеулер үшін бастапқы бір күш болатынына үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Della Vida, G. Levi (1978), “Kharijites”, EI, IV, Leiden.
2. Hüseyin, Tâha (1968-1969), *el-Fitnetü'l-Kübra*, Mısır.
3. Dabaşı, Hamid (1995), *İslam'da Otorite*, (Ayd. Süleyman E. Gündüz), *İnsan Yay.*, İstanbul.
4. Darkıran, Sayın (2004), «Haricilerin el-Emru Bi'l-Ma'ruf ve'n-Nehyu Ani'l-Münker Anlayışı» *Atatürk Üniv. Sosyal Bilimler Enstitüsü Der.*, III/IV Erzurum.
5. Abdürrazik, Mahmud İsmail (1973), «Cedel Havle'l-Havaric ve Kadıyyeti'l-Tahkim», *el-Mecelletu't-Târihiyyetu'l-Mısriyye*, XX, Kahire.
6. Kutlu, Sonmez (2008), *Mezhepler Tarihine Giriş*, Değerler Eğitimi Merkezi Yay., İstanbul.
7. İbn Nadim, *al-Fihrist*, Beyrut, Trz.
8. Fığlalı, E. Ruhi (2007), *İtikadi İslam Mezheplerine Giriş*, İzmir İlahiyat Fakültesi Vakfı Yay., İzmir.
9. Watt, W. Montgomery (1998), *İslam Düşüncesinin Teşekkül Devri* (Ayd. E. R. Fığlalı), Birleşik Yay., İstanbul.
10. Sarıkaya, M. Saffet (2000) «Avrupa Birliğine Giriş Sürecinde İslam Mezhepleri Tarihi Eğitimi», *SDÜİFD.*, VII, Isparta.
11. Kutlu, Sonmez (2005), «İslam Mezhepleri Tarihinde Usûl Sorunu», *İslami İlimlerde Metodoloji (Usûl) Meselesi*, I, Ensar Neşriyat, İstanbul.
12. Eş'ari (1415/1995), *Makalatu'l-İsmamiyyin ua İhtilafu'l-Musallin* (Thk. Muhammad M. Abdulhamid), Beyrut.
13. Şehristani, (1975), *el-Milel ve'n-Nihal* (Thk. M. Seyyid Kilani), Beyrut.
14. Onat, Hasan (1993), *Emeviler Devri Sii Hareketleri ve Günümüz Şiiliği*, Türkiye Diyanet Vakfı Yay., Ankara.
15. al-ʿIbadi, İbn Sallam (1406/1986), *Kitabun fihi Bād'u'l-İslam ua Sharaiu'd-Din* (Werner Schwarta, Salim b. Ya'kub), Beyrut.
16. Büyükkara, M. Ali (2005), «Bir Bilim Dalı Olarak İslam Mezhepleri Tarihi ile İlgili Metodolojik Problemler», *İslami İlimlerde Metodoloji (Usûl) Meselesi*, I, Ensar Neşriyat., İstanbul.

ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛІК БИЛЕРІНІҢ ДАМУЫ

Өнертану ғылымдарының магистрі **С.Ә.БӘКІРОВА***

Түйіндеме:

Мақалада түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрлік билеріне сараптама жасалып, ортақ тұтастығы, ерекшеліктері мен ұқсастықтары, айырмашылығы айқындалып және тарихи даму жолы қарастырылған.

Тірек сөздер: би өнері, мәдениет, шығармашылық байланыс, салт-дәстүр, би ансамблі.

THE DEVELOPMENT OF TRADITIONAL DANCES OF TURKISH PEOPLES

Abstract:

The article analyzed the traditions and customs of the Turkish peoples, their overall integrity, features and similarities, determines the difference and considers the path of historical development.

Key words: art of dance, culture, creative connection, tradition, dancing ensemble.

КІРІСПЕ

Түркі халықтары фольклорының ерекше бай түрінің бірі – би өнері. Халықтық салт-дәстүр – әр ұлттың би өнерінің негізі. Әр бидің әуенінде, оның пластикалық өрнегінде, бояуында барлық даналық, қиялдың байлығы, халық өнерінің әсемдігі мен ерекшелігі көрінеді.

«Өнер-ұлттың ары мен рухы» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, өнер біздің асыл қазынамыз, оны сақтап, дамытып, қаймағы бұзылмаған қалыпта кейінгі ұрпаққа жеткізу басты міндетіміз. Бұл халқымыздың мәдениеті мен өнерін дамыту қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Өнер – өмірдің көрінісі. Өнер – халық ескерткіші. Өнер адамзат өмірінде, тарихында үлкен рөл атқаратын, өрісі кең ұшы-қиыры жоқ, қиын да қызықты ұзақ жол.

Өнер – шынайы талант, шындық, шыдамдылық пен табандылықты, ақыл мен парасатты, терең ой, көркемдік, сұлулықты талап етеді. Өнер туындыларын көргенде, оның мазмұнына мән бере отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жететін рухани байлықты көреміз. Өнердің сан алуан түрі бар. Олардың қандай да түрі болмасын өз-өзіне баға беріп, өзіне және халыққа қызмет етеді. Өнер адамға рухани, ерекше сүйсіну, толқу сезімін оятып, өмірге деген құштарлықты арттырады. Осындай керемет өнердің бір түрі – би өнері.

Қазақ халқының би өнері ерте заманнан пайда болғаны көптен зерттеліп келеді. Бұл мәселеге Қазақстан зерттеушілері Л.П. Сарынова, Д.Т. Әбіров, Ө.Ж. Жәнібеков, О.В.Всеволодская-Голушкевич, Т.О.Ізім, А.К.Кульбекова, А.Б.Шанкибаева, А.А. Жолтаева, т.б. өз еңбектерін арнады.

Қазақтардың дәстүрлі халық билері мазмұндық бағыты, сипаты және орындалу мәнері бойынша мынадай топтарға бөлінеді.

Салт жоралғы, әдет-ғұрыпты: «Бақсы ойыны», «Айқосақ» (бақсы билері), «Жезтырнақ» (жалмауыздың биі), «Буын би», «Жар-жар», «Қоштасу» (қалыңдықтың құрбыларымен қоштасуы), «Айда, былпым» (бойжеткен биі), «Келіншек» (бойжеткеннің бозбаламен биі), «Шалқыма» « биік өкшемен билеу).

Жауынгерлік-аңшылық: «Сайыс» (жекпе-жек), «Ақат» (ежелгі ерлер ырғағының мәтіні бойынша би), «Қылышпен би», «Мерген» (садақпен би), «Қоян-бүркіт», «Құсбегі - дауылпаз» (құс аулау және дауылпазбен билеу).

Тұрмыстық – еліктеушілік: «Өрмек би» (тоқымашылар биі), Ортеке (секіргіш-таутеке биі) , «Қаражорға», «Тепең көк» (жүйріктің шабысы).

Топтық көпшілік: «Алқа-котан» (бүйір мен бүйір), «Алтынай», «Кербез-би» «Ырғақты», «Қаз-қатар», «Балбырауын», «Көкпар», «Қосалқа», «Шашу» және т.б.

Қазақ билерінің барынша сипатты ерекшеліктеріне олардың домбыра, қобыз және даңғыра сарынымен орындалуы болып табылады. Дәстүрлілік орындау жылдамдығынды, буындар қозғалысында, қимылдар шалттығынан байқалады. Ерлер биінде тұлғаның жинақылығы, ал әйелдер биінде белдің икемділігі мен қолдың қимылы міндетті. Кез-келген жігіт ат үстіндегі кәсіби ойынды жеңіл орындай алмайды. Осындай шеберлік тек дарынды бишіге ғана тән. Қазақ халық билері үшін алтыбақан теуіп, жалын айналасында түнгі топ болып ән салу тән.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, samikosh_92@mail.ru

Қазақ музыкалық фольклорында халық биінің дәстүрлі ырғағы - «күйлер биі» деген ұғым бар. Өткен уақытта халық би өнерін көптеген суырып салма ақындар мен әншілер меңгерген. Олардың қатарында «ағаш аяқ» атанған танымал әнші Берікбол Көпенов, Шашубай Қошқарбаев, Жүнісбек Жолдинов, Қарсақ Қопабаев және тағы басқалар бар. Суырып салма ақындар-әншілер барлық мерекелерде, жәрменкелерде, сахналық көріністі билерде, бишілердің икемділігі мен күшін көрсететін би-ойындарда, пантомимо мен әзілдер қойылымында құрметке ие болған.

Өзбекәлі Жәнібеков халық ақыны, павлодарлық Жүнісбек Жолдинов туралы айтқанда, оның қозғалыстары мен қимылдарына бас иген. Ж.Жолдинов өзінің биінде бүркіттің шарықтап ұшуын, аңға түсуін, оның қырағы да қаһарлы көзқарасын, темірдей тырнақтарын, қанатының қағысын, басының маңғаз кейпін кереметтей суреттей білген. Ол сонымен қатар, «Айқосақ», «Жезтырнақ», «Қылышпен би», «Бала бүркіт», «Қаза-қалмақ биі», «Құсбегі», «Алқа қотан» және т.б. шеберлікпен орындаған.

Қазақ халық билерінің дәстүрлілігін сипаттай отырып, қазақтардың этникалық мәдениетінің және өнерінің білгірі Ө.Жәнібеков өз естеліктерінде өзге мұсылман халықтарына қарағанда қазақ билерінің айырмашылығын, яғни бозбала мен бойжеткеннің қосарлана билеуін ерекше атап көрсетті. Мысалы, «Келіншек», «Қоян-бүркіт» және т.б., алайда сол заманда далада би мектептері болмағаны бәрімізге аян. Жазба көздері куәландырғандай, кейбір рулардың, тайпалардың сарай сайқымазақтары мен күлдіргілері сынды өздерінің биші-шеберлерін (кулар) мен өзбек «масқарапаздары» сияқты өнерлі жігіттері болған. Ғалымдардың айтуынша қазақ биінің ырғақтық негізін еңбек құрады. Биде эмоциялық жағдайдан басқа ырғақ пен қимыл арқылы образ жасауда көркемдік негіз бар. Қазақ биінде эмоциялық жағдайы адамның психологиялық көңіл-күйін күшейтіп, көркем образдар жасауға мүмкіндік туғызды» [1,5 б.], - деген тұжырым айтады Сонымен **қазақтың ұлттық би өнері ерте заманнан қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен қоса, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, музыкасымен қатар дамыды.**

Қазақтарға салт-дәстүрі мен мәдениеті, **тыныс-тіршілігі өте ұқсас қырғыздар Орта Азияны мекен ететін, түркі халықтарына жататын халық. Ата-бабасы Енисейдің жоғарғы бөлігі Оңтүстік Сібірді мекен еткен қазіргі қырғыздар** ән-жырға, жалпы музыкаға өте әуес халық. Баланың дүниеге келген сәтінен қайтыс болған адамға ас беруге дейін ән-жырсыз өтпейтін қырғыздарға жалпы шаттық пен оптимизм тән. «Көркемдік стилі жағынан қазақ пен Сібірдегі алтай, хакас халықтарының музыка өнерінде өте ұқсастық байқалады. Әуені кең әрі қайырмалы болып келетін бір дауысты халық әндері эпикалық және тұрмыс-салт, еңбек, лирикалық әндер, бесік жыры, әзіл-сықақ, балалар әндері, т.б. жанрға бөлінеді. **Оларда да қазақтар сияқты ақындар айтысы ұлттық өнер ретінде бағаланады.** Кең тараған сүйікті аспабы – үш шекті комуз. Сондай-ақ, ысқымен ойналатын шекті аспабы қыяқ, темір комуз, сурнай, чоор, барабанға ұқсас досбаш, ұрып ойнайтын так-теке. Қырғыз сазгерлері аспаптық музыкада ойнаудың асқан шеберлері. Халық өзінің жан-дүниесін, ой-сезімін ән-жыр арқылы ғана емес, әсем ырақпен, жарасымды темпераментпен орындалатын би өнері арқылы да бейнелеп жеткізеді. Егер ертеректе қырғыздың халық биі болмаса, соңғы жарты ғасырда олар әлгі олқылықтың орнын толтыра түсті. Жұртшылық сүйсініп тамашалайтын қырғыз билері киіз басу, жаш кербез, қыздардың қиялы, шабандар биі – мұның бір айғағы» [2.250 б.] деген пікір де қырғыз билерінде жалпы түркі халқына ортақ тақырыптағы билерінің көптігін көрсетеді. Мысалы, «Келіншек», «Аққу», «Жорық» сяқты т.б. билерінде көпке ортақ салт пен дәстүрдің көріністері берілген. Түркі халқының көбіне ортақ тақырыпта колөнерді бейнелейтін «Киіз» - қырғыз халқының алғашқы билерінің бірі. Бұл би алғашқы рет «Алтын қыз» драмасында қойылған еді. «Киіз» - киіздің басылуын бейнелейтін, жай қимылдардан тұратын, қырғыз қимылының характеріне сай би.

Сахнаға қыздар жеңіл жүріспен жүгіре шығып, отыра қалып, жерден жүнді көтеріп, жұмысты бейнелеп билей бастайды. Тапау, су құю, таяқпен сабау сияқты қимылдар жасайды. Киіз басылып біткеннен кейін, оны төрт бұрышынан ұстап ортаға жайып, бишілер киіз үстіне жайғасып әр түрлі қалыптарда билерін аяқтайды. Би 4 қызға қойылған, бірақ жалпы қырғыз биі жөнінде деректерді өнертану ғылымының докторы, белгілі ғалым Р.Х.Уразгильдиев "Қырғыз балеті" атты кітабында көрсеткен.

Түркі халқының алғаш мекен еткен, өсіп, өрбіген алтай халқы туралы С.Бизақов өзінің еңбегінде: «Төл жазба әдебиеті кенжелеп дамыған алтай халқының мол ауыз әдебиет мұрасы сақталған. Алтай халқының фольклоры, аңыз-әңімелері мен ертегілері, мақал-мәтелдері хакас, шор, тува, т.б. туыс халықтары ауыз әдебиетімен сарындас. Өкінішке орай, оларда би өнері болмапты. Себебі, би – адамзаттың аса маңызды рухани қазынасы, халықтың төл-тума өнері. Би өнерінде әдемі

сазды құлақпен естіп, әсем қимылды көзбен көріп, адамның нәзік сезімі мен әуазат лебін түйсінесің. Сондықтан да би өнерін жандандырып, оны ширықтыру, жетілдіре түсу, жас ұрпақтың биге бейімділігін, құмарлығын ояту зиялы қауымның іске асырар басты мақсатының біріне айналып отыр» [2, 260 б.], - деп жазады.

Алтайлықтардың бай ауыз әдебиеті бар. Оны ертегішілер (кайчы) мен жыршылар (қожанчы) жаттап алып, ұрпақтан ұрпаққа таратып келді. Алтай фольклорының жанрларына миф, аңыз, ертегі, дәстүр жырлары, алғыс, қарғыс, жоқтау, нақыл, мақал, жұмбақ, жаңылтпаш, халық өлеңдері, эпостар, афоризмдер т.б. кіреді. Алтай халық шығармашылығының ішінде батырлар жырының және оның айтушылардың халық сөз өнеріндегі орны жоғары саналады. Алтай халықтарына ортақ тақырыптағы «Аңшы», «Шағала», «Бұғы аулау» сияқты билер нағыз халықтық фольклорға жататын билер.

Ал, музыкаға, ән-жырға әуес тува халқында музыка аспаптары жақсы дамыған. Ішекті, іліп тартатын, үрлемелі және соқпалы аспаптармен сүйемелдеп отыратын әр алуан тұрмыс-салт жырлары, лирикалық әндері, көмеймен айтылатын және эпикалық сарындағы жырларының диапазоны үлкен, тынысы кең. Әйтсе де, кейін болмаса туваларда ертеден би дамымаған. Халықта әндік мелодия дамып, биге ырғақ жағынан келіп тұрса да, бидің дамымау себебі кезіндегі тұрмыстық жағдайларының келіссіз болуынан шығуы мүмкін. Дегенмен, кейбір шамандар мен будда құдайына құлшылық қылушылары ежелгі діни нанымдардан бастау алған қойылымдарда би элементтерін жасаған. Діни мейрамдарда беттеріне қорқынышты маска киген адамдар биге ұқсайтын жаппай ұйымдастырылған көріністер жасаған. Бүгінгі таңдағы билерінде көбіне орын алатын салт-дәстүрінің көрінісімен қатар, атқа шабу, түрлі спорттық ойындарының үлгісі және жаугершілік заманнан көз аспаған жауынгер халықтың биде батырлар келбетін көрсететін тұстары көп болса, якуттардың дәстүрлік билері «үш әлемге» сену, құдайға табыну мен мифологиялық түсініктеріне байланысты дамыған. Би – адам мен космосты қоршаған ортамен байланыстыратын құрал және «Битий», «Осохай», «Узор», «Шаман» биі сияқты салттық билерде адам мен құдайдың, аспан мен жердің байланысын бейнелейді.

Хакас фольклоры туралы: «Басқа түркі тілдес халықтар фольклоры сияқты ертегі, жұмбақ, миф, халық өлеңдері, нақыл-мақалдардан тұрады. Хакас фольклоры аңшылыққа байланысты жырлармен бірге рулардың шығуына арналған эпсаналарға бай екендігін көреміз. Сонымен бірге салт-дәстүр жырлары, жыр, алғыс, қарғыс, жұмбақ, той алғысы, айтыс, афоризм, ертегі, қаһармандық жырлары бар» [3.43б.] – делінсе, Чукотканың Чукот және Анадыр аудандарында өмір сүретін чукчалар көшпелілер мен жағалауда су жануарларын аулайтын аңшыларға бөлінген. Олардың тұрмыстық жағдайлары, тамағы, киімі мен жылу, жарығы толығымен кәсіпке байланысты болған.

Ал, хореографиялық өнері Сібір халықтарында салт-дәстүрлік, пантомималық билер, ойын билері мен имитациялық билер болып бөлінеді. Бастапқыда билер барлық Оңтүстік Сібір түркі халықтарында пластикалық қимылдардың жекеше түрінде болған, бірақ әр ауданда әр түрлі деңгейде дамығандығы күмәнсіз. Үнемі дәстүрлі өнердің дербес түрі болмағанымен, көптеген халықтарда би әдет-ғұрыптарда көрініс тауып отырған. Аңға шығар алдында билерімен жындарды қорқытып, қуамыз деп сеніп, аяқтарын тарсылдатып, қолдарын шапалақтап айғай-шумен, бубеннің сүйемелдеуімен билеген немесе аңнан қайтқан кезінде салттық билерін орындаған.

Жалпы Сібір халықтары көп ғасыр бойы өзіндік қайталанбас би өнерін дамытты. Тұрмыстық және географиялық жағдайларға байланысты дамыған билер сюжеттік тақырыпқа аса бай. XIX-XXғғ. қарқынды дамыған би өнері сібірдегі түркі тілдес халықтардың жалпы және жалқы көрінісін ашты. Сібірдегі түркі халықтарының дәстүрлі билері бүгінгі күнге жекеленген элементтер түрінде жеткен ертедегі діни және отбасылық-тұрмыстық жол-жоралардың бөлінбес бөлшегі болған. Қазіргі таңда қырғыздар мен якуттер сияқты солтүстікте немесе оңтүстікте тұратын түркі тілдес халықтар тобының оңтүстіктегі ата-тектері Оңтүстік Сібір түркілерінен ерте бөлінгендіктен, якут, дұңған, қырғыздардың және басқа да кейбір этностардың хореографиялық материалдарын талдауды қажет етеді. Қырғыздар мен алтайлықтар тілінің жақындығы қырғыздардың Тянь-Шаньға қоныс аударуына дейінгі олардың ата-бабаларының ұзақ және тығыз тілдік қарым-қатынасын ғана көрсетпейді, сондай-ақ, белгілі бір тұтастық пен олардың рухани мәдениетін, хореографиясында ортақ тұстары мен айырмашылықтарының пайда болу салыстырымдылығын танытады.

Ал, Сібір халықтарынан географиялық аумағы бөлек Гагауздардың бүгінгі таңда көршілес қатар тұратын молдовандармен ұқсастықтары ерекше. Гагауздар егін жиналып болғанда, қол босағанда үстелдерді аулаға шығарып, жүздеп қонақ шақырып, өздерінің жасаған шарабымен той тойлайды. Тек бір ерекшеліктері тілдерінде. Түрік халқымен жақсы түсініседі. Гагауздар түркі халықтарына тән құрбан шалу салтын жасайды. Жаңбыр жаумай, қолайсыз ауа-райы болғанда,

немесе қайтыс болған адамдарды еске алғанда бейіт басына барып ас береді. XIX-XX ғасырларда бел алған ат жарысы да, тойларда ұйымдастырылатын күрес те - көп түркі халқының дәстүрлік ойындары. Жер шаруашылығына байланысты мейрамдарда міндетті түрде орындалатын салттық билері бар.

Дәстүрлі түрік музыкасының араб-иран мәдениетімен байланыстылығын мақамдарының етенелігінен көрінеді. Түріктің халық музыкасы қысқа қайырымды диапазонның ықшамдылығымен және ұзақ қайырымды диапазонның кеңдігімен ерекшеленеді. Түрік музыкасында хиджаз, зенгуле, курды, гулистан секілді мақам көп. Түріктердің халықтық саз аспаптары түрі жағынан аса бай және музыкасы біздер үшін экзотикалық болып келеді. Билерінің барлығы дерлік ұрмалы аспап – үлкен барабанмен сүймелденіп отырады, сонымен қатар зурна, кемеңч, тулум, аккордеон, кларнет, скрипка секілді музыкалық аспаптар кеңінен қолданылады.

Түрік – халықтық биі өте көне дәстүрге ие, әр аймақтың өзіне тән биі бар. Көшпелі және отырықшы болған халықтың өмір салтының айнасы түрік халық бинің шығу тарихын дөп басып айту қиын, өйткені Анадолы жерінде мекендеген көп ұлтты халықтың хеттер, гректер мен сығандардың іздері би қимылдарынан танылады. Түрік халқының биі өте көркем, ырғақты, сыпайы, өз алдына стильді болп келеді. Орта Анадолы, Сивас өңірінің ең танымал билерінің бірі «Чайда Чира» биі, Эгей аймағында және Батыс Анадолыда салттық би – «Зейбек», ал Орталық және Шығыс Анадолыда көбіне «Халай» биі биленеді. Әйелдері мен ерлері қосыла билейтін топтық билер көп кездеседі. Бір қызығы Көк Тәңіріне табынған түріктердің тарихында шаманизм болмаса да, билерінен шамандық элементтерді көруге болады.

Сондай-ақ, рухани мәдениеті мен тұрмыстық белгілері ортақ, этникалық және тілдік жақындастығы бар өзбек пен ұйғыр халықтары өзіндік өркендеу тарихы мен мәдениеті бар, өнер мен дәстүрге бай халық. Бұл халықтарда көне дәуірден бастап қол өнері тамаша дамыған. Зергер, темір ұстасы, етікші, тігінші, ағаш ұстасы секілді т.б. қол өнерін игерген шебер халық киімдерін зерлеп, кестелеп, жылтырақ тағып киген. Рухани өмірі мен мәдениеті, той мерекесі, ұлттық ойын түрлері, тұрмысы, бітімі мен болмысы бірдей ұйғыр мен өзбек халықтары жалпы жиын-тойға, думанға әуес, бос уақыттарын көңілді өткізеді.

Өзбектердің би өнерінің бастауы ғасырлар тереңіне кетеді. Зерттеу, қазба жұмыстарының жүргізілуі нәтижесінде белгілі болғандай күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналғанға ұқсайды. «Халық ортасында билер көпшіліктің қосылып ән шырқауымен, алақан соғуымен сүймелденген. Соңғы уақытқа дейін сүймелдеуші аспаптары ретінде саздан жасалған ысқырғыштар мен дойраның бір түрі чылдырмалар қолданылған және би барысында табақшалар, шәйнектер мен қасық, таяқшалар да соқпалы аспап ретінде қолданылған» [4, 26 б.], - деп Г.Саитова өз еңбегінде көрсетеді. Стиль жағынан Өзбекстанның халық билері басқа шығыс билеріне ұқсайды, әйтсе де өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы да бар. Негізгі ерекшелігі өзбек билеріндегі айқын мимика мен қол қалыптарының күрделілігі. Бет жүзімен көңіл-күйді мың құбылдыратын билер пантомима жанрына жақын. Ежелде аңыздар мен эпостар негізінде және қилы қимылдар арқасында тарихтан сыр шертетін әр қойылым өзінше бір кішігірім мазмұнды ойын-сауыққа ұқсайды. Бергін келе қойылымдар күрделілігін жойып, жай көңіл көтеру үшін биленген. Өзбек билері аймақтарға байланысты бөлініп, өзіндік сипат алады.

Сейдін Бизақов: «Көне дәуірден жеткен бейнелеу өнерінде тұрмыс-салт көрінісімен бірге бишілік өнерінің сипатталуы өзбек биінің көп ғасырлық тарихы мен даму жолын айғақтайды. Өзбек биі түр жағынан байып, саны молая түсіп, профессионалды билеу шеберлігінің техникасы шырқау биікке көтеріліп, эстетикалық тәрбие құралына айналып отыр. Тандаулы классикалық би дәстүрі негізінде өзбек биінің ұлттық мектебі туып қалыптасты. Бидің жаңа түрін табуда көптеген ізденіс жүргізілді» [2, 221 б.], - дейді

Ұйғыр фольклорын жинау, зерттеу ісі XIX ғасырдан басталады, оны зерттеушілер В.В.Радлов, Н.Н.Пантусов, Н.Б.Катанов, Ш.Уалиханов, С.Е.Малов, И.В.Певцов, Т.Ракет есімдері алдымен аталады және Н.М.Прежевальский, М.В.Певцов сияқты тағы басқа ғалымдардың көмегімен XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанға экспедиция ұйымдастырылып, ұйғыр халқының фольклоры жиналып, зерттелді.

Г.Ю.Саитова ұйғыр биінің пайда болуы туралы: «Ұйғырлардың кәсіби би өнері, біздің эрамыздағы буддизм дәуірінен бастау алып, дамыған және алғашқы би билей бастаған ғибадатхана бишілері болатын. Ғибадатхана қабырғасында орындалған билер кейінен қытай императоры және оның игі жақсыларының алдында биленетін «концерттік» билерге ұласты. Кейінірек билер қытай қалаларының көшелері мен алаңдарында билене бастады», - дей келе, «...көшпелі ұйғыр халқында

қазіргі кездің түсінігіндегі театр немесе салттық билер болмады. Дегенмен, «шамандық» билер өзінің драмалық жағынан жоғары болды. Олардың орындаушылығы театр жанрының заңдарымен ұштасып жатты: арнайы костюмдерінің болуы, мүмкіндігі, канон мен импровизацияның үндесуі және т.б. Шаман актерге тән образдық ойлау мен сезінуді білді. Ежелгі шамандық ойынның негізгі тамырында қазіргі замандық би композициясының желісінде құралатын толыққанды хореографиялық драматургия болды» [4, 101 б.], - деп көрсетеді.

Ұйғырлар - өте тойшыл, әнші және биші халық. Тойларда, мейрамдарда, көңілді отырыстарда үлкен-кішісі араласып «Сенем» биін билейді. Бұл би - жеңіл әрі еркін, қимылдар шектелмей, музыка ырғағымен бас, иық, қол, белдерін ырғалта билейтін болса, келе-келе қызып, музыка ырғағы тездетіліп, дауыстап, қолпаштаумен одан әрі кульминациясына (шарықтау шегі) жететін би. Көп жерге тарап, бытырай орналасқан халық болғандықтан ұйғырлардың билері әр аймақта өздеріне сай ырғақ пен ерекшеліктеріне ие. «Қазіргі кезде ұйғыр биінің өзіндік ерекше тұстары кез келген, тіпті, ең кішкентай аймақтарда сақталып қалған. Бұлар: аяқтың негізгі қимылдары, би жүрістері, қол қимылдарының ерекшеліктері мен денені ұстау ерекшеліктері. Мұндай би мәнерлері көп-ақ, бірақ билер өзіндік ерекшеліктерімен: 1)Ілелік, 2)Доландық, 3)Қашқарлық, 4)Хотандық болып 4 аймаққа бөлінеді» [4,107 б.].

Ал, Орта Азияның алғашқы "ақындары мен жыршылары" қарақалпақтарда көшпелі өмір салтына байланысты әуелден би қарқынды дами қоймады. Өртүрлі жанрдағы халықтық салттардың, ән мен жырдың алуан түрлілігі бұл халықтың көңіл күйге берілгіш екенін дәлелдейді. Әуел бастан би дамымаса да қарақалпақ халқы ауызекі сөйлескенде, ән айтқанда сөздерін дене қимылымен, ыммен және бет-жүзінің эмоциялық күйімен білдірген. Тіпті түрлі жағдайда өзара түсінісіп, белгілі бір ым мен қимылдар қалыптасқандығына қарап, біз қарақалпақ халқының пластикалық қимылдарға, көңіл күйге берілгіштігін көреміз. Осының арқасында олардың табиғи болмыстары пантомимаға әуестіктерінен бұл халықта кейіннен би өнері тез дамып, белгілі бір өзіндік деңгейіне жетті.

XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап қарқынды даму алған өнер көркемөнер және театрлық үйірмелерден дамып, кейін 20 жылдары кәсіби театр ашылды. Ұлттық ансамбльдерде би топтары ашылғанымен бұл өнер түрі салған беттен дамып, халыққа сіңіп, жанданып кетті деп айту қиын. Әйтседе, бірнеше талпыныстан кейін 1944-45 жылдары белгілі өзбек балетмейстері Али Файзулла Ходжаұлы Ибрагимов (15.01.1900 – 9.11.1959) көркемөнер ұжымдарына бірнеше билер қойды. Бұл билер сахналық үлгіде қойылғанына әрі белгілі бір деңгейде орындаушылық дайындықты қажет етуіне байланысты жаппай биленіп кете қоймады.

1956-59 ж. Елизавета Петросова атты өзбек бишісі халық арасында қызу қабылданған бірнеше билерін қояды. Елизавета Петросова билерінің халық көңілінен шығып, сінуі үшін алдымен ел аралап жүріп, халықтың тұрмыстық салт-дәстүріне, кәсіптеріне көңіл бөлгендігінде деп білген жөн.

Е.Петросова халық арасына барып, жиын-тойларға қатысып, ән-жыр айтылып көңіл көтеретін, сауық құрушы жастармен қатар жүріп, ойындарына араласып, салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың дамуы мен қалыптасуын бақылады. Алғашқы әйелдер мен ерлердің айналысатын күнделікті шаруаларына аса ден қоя отырып, халыққа жақын, қарапайым шаруа адамға етене таныс тыныс-тіршілігіне үлкен көңіл бөлді.

Соның арқасында болашақ билердің нобайы пайда бола бастады. Халықтың қол өнерімен айналысу сәтін және өрнегі мен оюын зерттеп, Елизавета Петросова алғашқы билерінің бірі, "Киіз басу" биін қояды. Байқап отырғанымыздай, «Киіз басу» биі көп халықтың хореографиясынан орын алған, мұның себебі бұл халықтарда киіз басумен байланысты істелетін істердің де ортақтығы және қол өнерінің ұқсастығын аңғаруға болады.

Келесі қойған билерінде де еңбек процесін бейнелегенімен, әр түрлі әдемілік безендіру сияқты қимылдар қосылып, құрастырмалы түрде қойылады. Қарақалпақтардың алғашқы билеріне "Шағала", "Киіз басу", "Балықшылар", "Айқұлаш" билері жатады. Қарақалпақ халқының билері кенжелеп, кейіннен дамығанымен өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен, қарақалпақ хореографиясы өткен жүз жылдықтың орта шенінен ғана қызу дамуды бастап, тез арада қызықты, өзіндік бай колоритімен көрермен көңілінен шығып, қарақалпақ халық би және ән ансамбльдерінің алғашқы ірге тасын қалаған Өзбек ССР мен ҚҚАССР-інің халық әртісі, балетмейстер Елизавета Петросова – атақты биші Тамара ханумның туған апасы. Елизавета Петросова шығармашылығын Андижан театрында биші болып бастап, өнертану институтында ғылым қызметкері болуы арасындағы уақытта 70-тен астам қарақалпақ билерін қойды. Дененің түгел қозғалып, аяқ-қолдарының тез, шебер қимылдары мен күрделі нақыштарынан және бас пен иықтың қызық қимылдарымен биленетін қарақалпақ биі қазіргі таңда халықтық фольклор негізінде мейілінше дамыған.

Әдемілігі жөнінен қалыспайтын ашық түсті, әдемі ұлттық киімдері мен қайталанбайтын бай башқұрттық фольклор ірі көлемді эпикалық шығармалардан әңгіме аңыздардан халық өлеңдері, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерден, сыңсу, айтыс және балалар фольклорынан тұрады.

Түркі тілдес халықтардың бірі башқұрттардың да фольклорлық өнері тарих тереңінен бастау алады. Башқұрттарда би - ерекше дамыған халық арасына кең таралған өнер түрі, өйткені бұл халықтарда би ежелгі наным-сенімдері мен күнделікті өмір салтынан туындаған еді.

Ертеректе би әртүрлі мейрамдарда, аңшылық және әскери дәстүрлерге байланысты өзіндік ерекшеліктерімен орындалған. Қыстақтан жазғы ауылға көшер уақытта халық той жасап, ойын-сауық ұйымдастырған. Мұндай жиындарда ән айтылып, аспаптарда әуендер ойналып, жаппай би биленген. Жастардың өнерге, соның ішінде биге, осындай тойларда үйреніп, бұндай өнер сайысы спорттық ойындарға ұласып кетіп отырған.

Билерде жастар жұптаса билеу арқылы, танысуға, болашақ жұбын табуға да болатын еді. Бір қызығы башқұрттарда кейбір билер бишінің жасы мен жынысына қарай орындалған. Бұның бір себебі: башқұрттарда тек әйелдер ғана қатысатын жиындар мен ер адам қатыстырылмайтын салтты мейрамдардың болуы. Мұндай жиындардың басшысы, яғни жүргізушісі көпке сыйлы, халық әуендері мен билерін білетін, жасы үлкендеу әйел болған.

Тағы бір түркі тілдес, бірақ христиан дінін ұстанатын Чуваш халқының тұрмысын, әлеуметтік көз қарасын, әдет-ғұрпын қамтитын фольклорлық халық әндері, мақал мәтелдері, жұмбақтары, ерекше дамыған. Ауыз әңгімелерінде табиғат, орман, жан-жануар, аңдар бейнеленеді, сонымен қатар аңшылар, шопандар және дихандардың тұрмыс тіршілігі айтылады.

Ал, Әзірбайжан аймағында халықтық би өнерінің пайда болу және қалыптасу процесі ұзақ және көптеген ғасырлар бойы жүрді. Кешегі күнге дейін халықтың тұрмысында қолданылып келе жатқан «году-году», «коса-коса», «хыдыр ильяс», т.б. сияқты көпшілік әдет-ғұрыптық билер де көне болып табылады. Халықтық билердің көптеген түрлері ортағасырлық дәуірдің өзінде осы әдет-ғұрыптық билерден шыққан. Әзірбайжан билеушілерінің ауласында бишілердің жоғары шеберлігімен бағаланған би ансамблдері болған. Халықтың ән жанрының кең таралуы жағынан Әзірбайжан халқының ұлттық фольклорлық музыкасының негізгі бөлігін би музыкасы құрайды. Халықтық билер өзінше аспаптық музыканың негізін көрсетеді. Халық тудырған билер жүз жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра боп жеткен.

Әзірбайжанда бірінші кәсіби би ұжымы 1938 жылы көркемөнерпаздық үйірме негізінде құрылған. Бұл ансамбль репертуарында көне және сол кезеңдегі халықтық билері биленген.

Тарихқа сүйенсек Тәжікстан таулары бишілерінің материалды мәдениетінің көне ескерткіштері, жартасқа қашалған суреттер ежелгі тәжіктердің өмірінде би маңызды роль атқарғандығын айғақтайды. Тәжіктің Ходжент, Ура-Төбе сияқты қалалары араларында кәсіби орындаушылары да бар биші қыздарымен әйгілі болғандығы белгілі.

Мұсылман діни адамдарының көркем шығармашылыққа, сондай-ақ биге деген теріс көзқарасына қарамастан, тәжік ұлты үздік би үлгілерін сақтап қалды және біздің заманымызға дейін жеткізе білді, басқа халықтармен байланысы арқылы тәжіктің би өнері де дамып, жетілді.

Орта Азия халықтарының билерін зерттеген Г.Саитова тәжік халық биі туралы: «Тәжіктердің халықтық-би шығармашылығында басқа да көптеген халықтардағы сияқты тұрмыстық көріністер мен күнделікті өмір бейнеленеді. Олардан қоршаған әлемнің пайда болуын көркем түрде суреттейтін табиғатқа ұқсас қимылдар да туды. Әсіресе олардың арасында қызғалдақтардың гүлдеу кезінде егістіктен кейін егіншілер атап өтетін «Лола» (қызғалдақ) көктем мерекесі ерекшеленді. Бұл дәстүрлі мереке таң сәріде басталатын. Таңертең ерте жастар тауға шығып, үлкен теректі таңдап алып, оны қызғалдақтармен өрілген гүл тізбекпен әшекейлеген. Содан кейін, әшекейленген терек тау алаңына орнатылатын. Осы уақытта халық жиналып, әншілер, күлдіргі әртістер, бишілер арасында сайыс өткізген. Бұл мерекенің белгілі бір сценарийі болған. «Нагора» - үрмелі аспап, «базм» - думан, қуаныш дегенді білдіретін сөздерден құралған «Нагорабазм» деп аталатын көпшілік биімен ашылған. Мерекеге қатысушылар шеңбер жасап, ауылдың ең үздік бишісі ортаға шығып, басын изегеннен кейін мәнерлі қимылдармен айналасындағыларды биге қатысуға шақырған. Оның биі «Харакати-Кифт» (иықтың әр түрлі қимылдары) аяқ қадамын айқын етіп көрсететін, жылдам және күшті қимылдармен қойылған, анық бейнелермен айшықталған би болатын. Осыдан кейін алаң бишілермен толыға түсіп, олардың әрқайсысы басын жоғары көтеріп, биді жанынан шығарып, өз шеберлігін көрсеткен. Бидің халықтық сипаты Қаратегін және Гиссар аудандарында сақталған. Онда бейнелі қимылдар еңбек барысындағы адамның қозғалысын білдіреді, кейбір қимылдар табиғаттың пайда болуын мадақтайды, пластикада жануарлар мен құстардың қимыл-қылықтарын көрсетеді» [4,5 б.], - дейді Г.Саитова.

Тәжік биі, басқа да халықтар биіндегі, театрландырылған ойындар, салттық жоралар мен рәсім элементтері негізінде дамыған, сонымен қатар үздік би дәстүрлері барлық отбасылық-тұрмыстық жол-жоралғыларда сақталған. Бұған дәлел халықтық билермен әрленген қыздардың сауық кеші, қыз ұзату мен жігіттің үйіндегі қонақ күту сияқты үйлену тойларында бидің көпшілікпен қызу орындалуы.

Үйлену тойының думаны құдағи биімен басталады. Ол әзіл түрінде денесін теңселтіп, қонақтарды күлдіре отырып, ортаны айналып шығып, оларды биге шақырады. Үйлену тойы салтында қызды ата-анасының үйінен жігіттің үйіне шығарып салу салтанатты шеруі ерекше орын алады. Шеру басында билей жүріп дәстүрлі әнді орындап жігіттің достары жүреді, қалған топ қол шапалақтап, саусақтарын сыртылдатып олардың биін қошеметтеп тұрады. Шеру барысындағы жарқын сәттердің бірі таяқшамен би орындау болып табылады. Жастар би ырғағын сақтай отырып, таяқшаларды тықылдатады, онымен қоса «Чархи» акробаттық аударылу мен айналу қимылдарын орындайды.

Қандай да болмасын халықтың дәстүрлі өнері оның тарихынсыз қабылданбайтыны белгілі. Би өнерінің тарихы халық тынысынан бастау алып, ғасырлар бойы дамыған. Демек, Халықтық бидің зерттелуі халықтық хореографияның сан қырлы түрлерінің тұрақтылығын көрсетеді және олардың тарихи-этнографиялық негіз ретінде қолданылуына кеңінен мүмкіндік береді. Бұның бәрі этнология, этноөнертану және ғылым саласы ретінде қолданылатын жаңа бағыттағы этнографиялық тәртіп жүйесін дайындауға әсер етті. Қазақстан жеріне табан тіреп, өмір сүрген көптеген ұлт өкілдерінің би өнері зерттеу мен талдауды қажет етеді. Еліміздегі түркі тілдес халықтарының билерінің төркіні бір, ал бүгінгі даму аясы орасан зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ізім Т.О., Кульбекова А.К. Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі.– Астана, 2012. – 191б.
2. Бизақов С. «Түбі бір түркілер». - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. - 320 б.
3. «Түркістан». Халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000. – 656 б.
4. Саитова Г.Ю. Теория и методика преподавания восточного танца. – Алматы: Goodprint – 2013- 283 с.

KAZAKISTAN'DAN ANADOLU'YA KOÇBOYNUZU MOTİFİ

Dr. Öğr. Üyesi Asuman ŞENEL*

Özet:

Milletlerin uğuruna, bereketine inandığı, muhtelif anlamlar yüklediği sembolleri vardır. Bu semboller geçmişten geleceğe millî hafızaların izlerini taşır; nakışlarda, yanışlarda, motiflerde yer bulur kendine. “Koç-koyun” Türk kültürünün önemli unsurlarından biridir ve 12 hayvanlı Türk takviminin yıllarından birine adını vermiştir. Koçboynuzu motifi de Kazakistan'dan Anadolu'ya tüm Türk yurtlarında erliğin, yiğitliğin, bereketin sembolü olarak yüzlerce yıldır sevilerek kullanılmıştır.

Anahtar Kelimeler: *Kazakistan, Anadolu, Sembol, Koçboynuzu*

The Horn Of Aries Motif From Kazakhstan To Anatolia**Abstract:**

There are symbols of the nations which nations attribute some meanings to them and believe their luck and abundance. These symbols bear traces of national memory from past to the future; they find place in embroideries, motifs, motifs of rugs. The “aries” and “sheep” are one of the important elements of Turkish culture and they named one of the years of Turkish 12-animals-calendar, The horn of aries motif has been used for hundreds of years gladly in every Turkish country from Kazakhstan to Anatolia as symbols of courage, bravery and abundance.

Keywords: *Kazakhstan, Anatolia, Symbol, Horn of aries*

GİRİŞ

Milletlerin bağımsızlığının, tarih boyunca var oluşunun sembolleri vardır. Bayrak en önemli bağımsızlık ve varlık sembolüdür. Mezar taşları coğrafyalara vurulmuş mühürler gibidir. Mimari eserler, âbideler, bunların yanında halılar, kilimler, geleneksel giysiler; bunlarda kullanılan nakışlar, motifler, renkler, simgeler, semboller, hepsi imbikten süzülen öz gibi tarihin derinliklerinden süzülüp günümüze ulaşan, bizi biz yapan değerlerimizdir.

Koç, Türk kültürünün önemli sembollerinden biridir. Kaşgarlı Mahmud'un Divan ü Lügati't Türk adlı eserinde de belirttiği gibi 12 hayvanlı Türk takviminin yıllarından biri de koç (ya da koyun) yılıdır (Çoruhlu, 2000: 175).

Koçboynuzu motifi Anadolu'da halıdan kilime, seramikten giyim kuşama birçok alanda sevilerek kullanılan bir motiftir. Erkekliğin, yiğitliğin, mertliğin, bolluk bereketin sembolü olarak kullanılan koçboynuzu motifi Kazakistan'dan Anadolu'ya, Atayurttan Anayurda süslemenin vazgeçilmez unsurlarından biri olmuştur.

YÖNTEM VE TEKNİKLER

Konu ile ilgili literatür taranmış, araştırma-inceleme yapılarak bulgular değerlendirilmiş, Kazakistan ve Anadolu'da kullanılan koçboynuzu motifli örnekler incelenerek ortak kültür değerleri tespit edilmiştir.

BULGULAR

Emel Esin, Alma-ata'nın doğusunda, Esik (veya Issık) çayı kıyılarında bulunan M.Ö. V-IV. yüzyıllardan kalma bir mezarda bulunan ve Kök-Türk harflerinin arkaik bir şekli olduğu düşünülen yazının Türk kültür tarihinin başlangıcını M.Ö. IX.-VIII. yüzyıllara kadar götürdüğünü söyler (Esin, 1978: 3). Şanlıurfa'da bulunan Göbeklitepe araştırmaları da muhtemelen bu tarihi M.Ö. 12000'lere götürecektir.


Taşlar üzerine yazılmış ilk Türk tarihi olarak kabul edilen Orhun âbidelerinden Kül Tigin âbidesi doğu cephesi ve Bilge Kağan âbidesi doğu cephesinde yer alan “Türk, Oğuz beyleri, milleti, işitin: Üstte gök basmasa, altta yer delinmese, Türk milleti, ilini töreni kim boza bilecekti?” (Ergin, 1973: 24, 38) ifadeleriyle Türk milleti iline, töresine sahip çıkması konusunda uyarılmaktadır. Yine Kül Tigin âbidesi batı cephesinde yer alan Çince kitabede “Gelecek nesillerin dimağlarında müşterek muvaffakiyetler canlansın, uğurlu haberler ebediyen ilan olsun diye bu kutlu taşların dikildiği” söylenir (Ergin, 1973: 9-10). Bengü taşlar, kaya resimleri, mezar buluntuları, bunlarda kullanılan damgalar, şekiller, motifler Türk tarihinin, büyük Türk kültürünün önemli vesikalarıdır.

*Afyon Kocatepe Üniversitesi, İslami İlimler Fakültesi, Türk-İslam Edebiyatı ve İslam Sanatları Anabilim Dalı.
senelasuman@gmail.com

Kuşlar, ejderhalar, geyik, dağ keçisi gibi hayvanlar Türk sanatında önemli bir yer tutar. Türklerin hayatında önemli yeri olan hayvanlardan biri de koçtur. Orhun âbidelerinde “Kül Tigin koyun yılında on yedinci günde uçtu.” İfadesi yer alır (Ergin, 1973: 30). Türklerin 12 hayvanlı takvimindeki yıllardan biri koyun (koç) yılıdır. Eski Türklerde Gök Tanrı’ya sunulan kurbanın beyaz koç olduğu söylenir. İslâmiyet’te Hz. İsmail, Allah için koç kurban etmiştir. Koç; tarih boyunca güç, kuvvet ve yiğitliğin sembolü olmuştur (Çatalbaş, 2011: 53).



RESİM 1. KAZAKISTAN MANGIŞLAK
(AKSOY, 2012: 29)



RESİM 2. RUSYA-ALTAYLAR BÖLGESİNDE
BULUNAN VE MILATTAN ÖNCEYE
TARİHLENDİRİLEN BAZI TARİHİ KOÇBAŞLI
MEZAR TAŞLARININ ÇİZİMİ (BORISENKO VE
KHUDYAKOV’DAN AKTARAN AKSOY, 2012:
31)



RESİM 3. TUNCELİ PÜLÜMÜR
(AKSOY, 2012: 30)



RESİM 4. HAKKARI-YÜKSEKOVA
(ADNAN MENDERES KAYA’NIN
ARŞİVİNDEN AKTARAN AKSOY, 2012: 31)

Geyik, dağ keçisi, koç gibi hayvanlar ebedî hayatın sembolüdür. Türk hükümdarlarının atalarına saygı olarak koyun kurban ettiği, yüksek rütbeli beylerin hükümdara koyun hediye ettiği söylenir. Türk yurtlarında görülen koç ve koyun heykellerinin de bu kurban merasimleri ile ilgili olduğu düşünülmektedir (Esin, 1978: 94).

Kazakistan’da üzerinde hilal, lale, ay yıldız sembolleri olduğu gibi koçbaşı sembolleri de olan, adına kulgu taş denilen mezar taşları vardır (Resim 1,2). Bu mezar taşı üslubunun örneklerine Anadolu’da da rastlanmaktadır (Resim 3,4) (Aksoy, 2012: 32-48; 2012: 29-31). Koç- koyun mezar taşları üzerinde ölenin kimliği ya da hayat hikâyesiyle ilgili kabartmalar da bulunmaktadır (Gülensoy, 1989; 77- 80). Mezarlarda görülen hayvan heykelleri “mezar bekçisi, mezar koruyucusu ya da ölümsüzlük, ebedî hayat” kavramlarını hatırlatmaktadır (Esin, 1978: 72-95).

Oğuz boylarında balballar gibi kurban edilen koçların da Alplere öbür dünyada hizmet edeceğine inanılmaktadır (Esin, 2003: 19). Koç, geyik, dağ keçisi gibi hayvanlar, kutlu dağda ölümsüzlük otunu yediği için Türk boylarında ölümsüzlüğün, ebedî hayatın timsali sayılmış, koçbaşı, koçboynuzu motifleri de güç ve bereket sembolü olarak sıklıkla kullanılmıştır (Görgünay-Kırzioğlu, 2001: 71). Boynuz sembolü insanlık

tarihinde erkekle özdeşleştirilmiş, koruyucu anlamlar yüklenmiş; koçboynuzu da çoғalma ve bereket anlamlarıyla spiral, hilal gibi şekillerde kullanılmıştır (Erbek, 2002: 30-34).



RESİM 5. MUHTELIF DOKUMALARDA KOÇBOYNUZU MOTIFI (ERBEK, 2002: 38)

Pazırık Kurganı mezar buluntuları arasında yer alan şapka şeklindeki altın başlıkta (Resim 6) büyük koçboynuzu motifi dikkati çekmektedir (Özder, 1999: 15). Büyük koçboynuzu motifleri geleneksel Kazak kadın başlığında da (Resim 7) görülmektedir [(A. Galimbayeva, “Kazakh National Suit” albümünden, 1958) den alıntılanan Özlü, Yergeshova, 2016: 91].



RESİM 6. PAZIRIK KURGANI
KADIN BAŞLIĞI (ÖZDER, 1999: 15)



RESİM 7. KAZAK KADIN BAŞLIĞI (TAGIYA) ÖN
GÖRÜNÜMÜ (A. GALIMBAYEVA, “KAZAKH NATIONAL SUIT”
ALBÜMÜNDEN, 1958’DEN AKRATAN ÖZLÜ, YERGESHOVA,
2016: 91)

İnsanlık, bilgi birikimini nesiller boyunca sembollerle birbirine aktarmıştır ve toplumsal hafızalar da onları tekrar tekrar üretmiştir (Ateş, 2002: 196-219). Burdur’da üretilen alaca dokumalarda da koçboynuzu motifi (Resim 8) hâlen kullanılmaktadır (Şenel, 2013: 50-55).



RESİM 8. ALACA DOKUMA EV TEKSTİLİ (ALACA DOKUMALARI SERGİSİ, ŞENEL, 2013: 55)



RESIM 9. YÜN ÇORAPTA KOÇBOYNUZU MOTIFI (BURDUR MÜZESİ ENVANTER SEKSIYONU NU. 78.23.73, ŞENEL, 2013: 116)



RESIM 10. ELDIVENDE KOÇBOYNUZU MOTIFI (BURDUR MÜZESİ ENVANTER SEKSIYONU NU. 75.23.73, ŞENEL, 2013: 121)

Burdur Müzesi Envanter seksiyonuna kayıtlı yün çorap ve yün eldivende koçboynuzu motifleri (Resim 9,10) kullanıldığı görülmektedir (Şenel, 2013: 116,121).

Kazakistan'ın Kökşetav şehrinde keçeden yapılan ve adına “keçe ev” anlamında “kiyiz üy” denilen çadırlarda beyaz keçeden mamül “sırmak” ve “tüskiz” adlı halıların kullanıldığı, bu halıların üzerinde çadırın bereketli olması, soyun devamlı olması gibi anlamlar yüklenerek koçboynuzu motifinin kullanıldığı söylenir (Sembı, Tatlıcan, 2017: 330-339).



RESIM 11. KARAMAN TAŞKALE'DEN POST ÜZERİNDE KOÇBOYNUZU VE DETAY (BARIŞTA, 2017: 560)

19-20. yüzyıla tarihlenen, Karaman Taşkale'den, “post” tabir edilen halı dokuma üzerinde koçboynuzu motifi (Resim 11) görülmektedir (Barişta, 2017: 560).



RESIM 12. ORTA ANADOLU KILIMINDE KOÇBOYNUZU (THE GALVESTON KOLEKSİYONU'NDAN ALINTILAYAN ÖZAY, 2001: 144)

69*369 cm ebatlarında, (The Galveston Koleksiyonu) Niğde (Aksaray), Orta Anadolu bölgesi kiliminde (Resim 12) ve 163*214 cm ebatlarında, (Kuveyt-Homaizi Koleksiyonu) Balıkesir, Kütahya, Kuzey Batı Anadolu bölgesi kiliminde (Resim 13) koçboynuzu motifleri görülmektedir (Özay, 2001: 144, 145).



RESIM 13: KUZEYBATI ANADOLU YÜNCÜ KILIMINDE KOÇBOYNUZU (KUVEYT, HOMAIZI KOLEKSİYONUNDAN ALINTILAYAN ÖZAY, 2001: 145)



RESIM 14. CİCİMDE KOÇBOYNUZU (ONUK, 2005: 165)

125*140 cm ebatlarında, Ankara Beypazarı İlçe Müzesinde bulunan cicim seccade üzerinde, baklava dilimleri içinde koçboynuzu motifleri (Resim 14) görülmektedir (Onuk, 2005: 165). İstanbul Vakıflar Kilim Müzesinde bulunan, 150*317 cm ebatlarındaki kilimde kurtağzı, ejderha, çengel, canavar izi, kuş motifleriyle birlikte büyük koçboynuzu motifleri de (Resim 15) kullanılmıştır (Erbek, 2005: 113).

Geleneksel Türk motifleriyle eski Türk damgaları ve Kök-Türk harfleri arasındaki benzerlikler çok açıktır. Gülensoy'a göre Türk yazı ve damga tarihi şöyle şematize edilebilir:



RESIM 15. KILIM ÜZERİNDE KOÇBOYNUZU (ERBEK, 2005: 113)

“I. devre: RESİM, II. devre: PİKTOGRAHP (eski Mısırlılarkı gıbi harf yerine resim kullanan yazıda tek işaret). III. devre: PİKTOGRAM (basitleştirilmiř resim). IV. devre: İDEOGRAM (yazıda kelimenin harfleri gösterilmeden dođrudan dođruya fikri ifade eden işaret). V. devre: PHONOGRAM (bir harf veya hece veya sesi gösteren işaret). VI. devre: HARF (dildeki bir sesi gösteren ve alfabeyi meydana getiren işaretlerden her biri)” (Gülensoy, 1989: 14).



RESİM 16. STILIZE KOÇBOYNUZU DAMGASI-YENİSEY (BİLGİLİ, 2014: 36)



RESİM 17. KAZAKİSTAN’DA STILIZE KOÇ PETROGLİFİ VE İLHANLI PARASI ÜZERİNDE STILIZE KOÇBOYNUZU (BİLGİLİ, 2014: 36)



RESİM 18. İRAN NOHUR TÜRKMEN MEZARLIĞINDAKİ KOÇBOYNUZLU DİREKLER VE ARTUKLU PARASINDA KOÇBOYNUZU (BİLGİLİ, 2014: 36)

Koçboynuzu motifinin tamgalarda (damga), petroglif (kaya resmi) ve paralarda da (Resim 16,17,18) kullanıldığı görülmektedir (Bilgili, 2014: 36).

SONUÇ

Damgalardan harflere, Orhun âbidelerinden mezar taşlarına, paralardan çadırlara, halı ve kilimlerden geleneksel giysilere, cođrafyalardan gündelik hayatın safhalarına uzanan koçboynuzu motifleri, diđer Türk motifleri gibi, yüzyıllar öncesinden bugüne köklerle bađları hatırlatmaya devam etmektedir.

Nakişlarda, yanişlarda, desenlerde, motiflerde kullanılan semboller, Türk milletinin değerlerini, inanışlarını yüzyıllar öncesinden yüzyıllar sonrasına taşıması açısından çok önemlidir. Bir yerin Türk yurdu, bir eserin Türk eseri olduğunu üzerindeki Türk işaretleri gösterir. Hilal gibi, yıldız gibi, güneş- ay gibi, elibelinde, pıtırak, geyik, ejderha, kartal gibi koçboynuzu da eserlere vurulmuş, o eserin Türk eseri olduğunu gösteren bir çeşit damgadır.

Milattan binlerce yıl önceye giden Türk tarihinde Türklerin yaşadığı coğrafyalar; kaya resimleri, mezar buluntuları, bengü taşlar Türk damgaları, runik harfler, hayvan sembolizmi ile doludur. Türk milleti tarihi boyunca, gökyüzü ile yeryüzü arasında geçtiği bütün topraklara mührünü vurmuştur. Bu mühür Kazakistan'da, Türkiye'de ve tüm Türk yurtlarında aynı ihtişamdadır. Halılarda, kilimlerde, geleneksel giysilerde tekrarlanan motifler, binlerce yıllık Türk tarihinin, büyük Türk kültürünün etkisini her an hissettirmeye devam etmektedir.

Even more sad picture was observed directly in the village. The village was poor, the peasant farms were ruined. The population of the city and the village could not provide themselves with a "subsistence minimum". The population of the whole of Turkestan, especially the inhabitants of the Fergana region, was in deep crisis. On the tension of the situation it is possible to judge the note of the Fergana regional commission on combating the consequences of famine. In it, in particular, it was noted that "in the famine of 1921-1923. most of the hungry fed on different surrogates, grass, which increased the disease and mortality, especially children. ... The cities were overcrowded with starving people, who were partly in mosques and in cemeteries, and also lay on the streets. All this was a fleeing population from famine and ruin ... the indigenous population. " "Tens of millions of working peasants, thousands of working people of the earth flee, leaving their native places, leaving graves of the deceased from exhaustion and epidemics in the way, hoping to find bread, to save their own lives." The newspaper *Izvestia* (organ of the All-Russian Central Executive Committee) wrote in October 1921 that the number of starving children in the country as a whole had reached 4,701,000.

The Fergana regional commission also reported that "in the ruined villages and hungry areas, dozens of corpses of people who died of starvation were lying on the streets and along the roads every day. There were cases that in some villages there was nobody to clean them. " "The death of the starving," was noted further in the cited report, "was so great that even on some days the corpses gathered in several hundred ... They could not be buried", and they decomposed, spreading the stench. The famine dampened the consciousness of people, led to the fact that there were non-trivial cases when "for a piece of bread they sold children to other, more prosperous areas," "hungry and disabled people walk around and are disassembled and represent the appearance of some tramps."

As a result, the only organization that provided assistance to the hungry in varying degrees was September 13, 1923. The Central Commission for Combating the Aftermath of Hunger and its local bodies were liquidated, on October 7, 1923, the People's Commissariat for Food was disbanded.

Necessary assistance, as emphasized about the above materials, in 1921-1922. practically was not rendered. As a result, in many villages, "the whole population died out, and the buildings collapsed and made themselves equal to ... the land, the streets were overgrown with reeds". These facts, for example, were observed in the Kokand and Margilan districts. As W. Foster stated: "In no other country did the campaign of anti-Soviet slander go so far as it was conducted with such malice and did not bring its authors such material benefits."

Thus, only in the Kokand and Margilan districts for 1917-1923. More than half a million people died, in the Fergana Valley - 1 million. people, in Djizak district of Samarkand region - 70% of the population died out, in Samarkand district - 70 thousand people. As noted by T. Ryskulov "as a result of the famine half of the residents of the Turkestan Republic perished, 2.5 million people died out ...". It can be argued that for 1918-1924. died of hunger in the Ferghana Valley 1 million. man, and less than 50 thousand people were exterminated by the Red Army. If the population of the Fergana region in 1915. was 2.2 million. man, by the end of 1924 it numbered 500 thousand people. Thus, here for 10 years, approximately 1.7 million people died. The person [11].

By the beginning of 1921 the output of agriculture was only a third of the pre-war. Crops were reduced almost half. If in 1915 the the sown area in the province was 3 million dessiatines, then in 1920, it declined to 1 million 678 thousand dessiatines. Reduction of crops, crop failure, and the cessation of grain imports from central Russia caused a sharp rise in food prices, and especially for bread. On average, food products for October 1919 rose by 40%, in November - 22%, in December - 39% (prices from Tashkent bazaars are quoted).

The Sixth Congress of the Communist Party of China, held in August 1921, noted in its resolutions that "the current moment ... is characterized by extreme ruin and impoverishment of the country and, above all, by the acute food crisis burdened by crop failures of 1920-1921." The province's agriculture turned out to be "in desperate conditions", all of its branches experienced a "severe crisis". In general, according to the survey of the Extraordinary Commission of TurkCIC, in September and October 1921 in the Fergana region, 80029 farms were devastated, the number of hungry people was 2,270,59, 64,336 people died from starvation, 1,599,59 people died. were threatened with hunger.

The situation began to recover only from the middle of 1922. During this period, on the basis of the Extraordinary Commission of TurkCIC to Combat Hunger, the Fergana Regional Commission for Combating the Aftermath of Hunger (Feroblposlegol) was established. 20 units of the Russian Red Cross were sent to Fergana. They created dispensers, nutritious and paramedical posts, 2 infant homes were organized. However, such points, as a rule, were formed in large cities and regional centers. As for remote

rural areas, before them, almost no medical assistance, and among the hungry continued to rage the disease. Taking into account the victims of the national liberation movements for the period 1917-1923. The death rate of the population was more than one million people.

Thus, the whole Turkestan was affected by the famine, which led to a catastrophic fall in the country's economy. This is the consequence of the civil war, and the disruption of transport, the crop failure in Turkestan and Russia, and the isolation of the republic from the central regions of the RSFSR. At the same time, the economic life of the republic was affected by failures in economic policy, the detachment of hundreds of thousands of people from creative work. A heavy burden on the shoulders of the dehkans made it necessary to maintain a "swollen army". Only in the Fergana region there were up to 40 thousand Red Army men, whose products were delivered to the dehkans.

The rapid growth of crisis phenomena, the aggravation of the food situation, famine, devastation, the pernicious consequences of the civil war caused further growth of social tension. The broad strata of the rural population expressed their discontent more and more actively, and were drawn into the armed struggle. But being in the captivity of utopian views, illusions of the possibility of a "leap into communism" with the help of total violence, the leadership in the first years of postrevolutionary development could not draw the necessary conclusions from the current situation. Meanwhile, if an economic approach was implemented, many difficulties of 1918-1920. could have been beaten. Often, the Soviet authorities stated that "it is impossible to avoid compromises with those classes and groups that make up this multi-structure." But in practice, as we have seen more than once, the line of violence prevailed. In real life, any compromises were discarded. The new government relied only on military force.

The atrocities committed by the Red Army in the process of establishing Soviet power on the ground and the implementation of its activities, knew no bounds. This is evidenced by the following: T. Ryskulov wrote in his letter to the chairman of the CEC of Turkestan that "not only in the uyezds, but even in cities there is no Soviet power", there were "... speculation, lack of proper control and accounting in any production and institution, robbery Red Army men, murder of innocent people, violence of women, drunkenness, "... bribery among officers and party workers is commonplace" [12].

In a statement by the representatives of the Semirechye region who participated in the conference of Muslim communists, in the name of the Turkestan Commission of January 30, 1920, it was noted that "in the Vernensky uyezd the Red Army men killed 14,000 innocent people. In August 1920, 70 thousand Kyrgyz civilians were killed in the Semirechenskaya region. "

Speaking at the congress of the Communist Party of Turkestan in 1920 N. Turakulov stressed that as a result of the actions of the Red Army in Soviet Turkestan 200 thousand people were killed and maimed. As the Chairman of the Revolutionary Tribunal of the Turkfront, IRFonstein, telegraphed (April 6, 1920), "such a horror as we found here was nowhere to be seen An open, organized military robbery, led by an active organizer, is the headquarters of the commanders of men who openly distribute the loot with the lion's share left. The evasion of women, their maintenance as captives, slaves, sale from auction bargaining in the marketplace of Petra Aleksandrovsk and Khiva, the destruction of the Khiva palaces, the shooting of the first counter-soldiers by the Red Army soldiers as a precondition for the robbery of property. "

Particularly in a difficult situation, the population of Ferghana turned out to be, as. "For the undisciplined Red Army men, the population of Fergana has become a constant target of violence, robbery and extermination." A direct witness of the atrocities of the Red Army soldiers Yuri Paprov writes that "... the commander of the Fergana front, Konovalov, having received information about the location of the Basmachi, went with his detachment towards Bazarkhurgan and his detachment, along the way, completely exterminated the Uzbeks, suspecting them of communicating with the Basmachi, were killed for sympathizing with the Basmachi, and they killed children that they would not become basmachi in the future. " To fight them, on June 18, 1921, a camp was set up on the territory of Ferghana "for Basmachi and persons who sympathize with them."

In the course of our research, we came to the following conclusions: 1917-1924. were for the people of Turkestan a period of unprecedented social upheavals caused by the October coup, the civil war in Russia, the military actions in the territory, the extremist economic and social policies of the Bolshevik leadership of the country that developed through the Bolsheviks. The Bolsheviks of Turkestan, who came to power as a result of the October revolution, guided by the Marxist-Leninist doctrine and the directives of the government of the RSFSR, essentially continued the colonial policy of the tsarist government in the province, completely ignoring the local realities and interests of the peoples of Turkestan. The economic policy pursued by them, "military communism", was aimed at eradicating by the "assault methods" of the socio-economic structure of the peoples of the region that existed for centuries, for an accelerated creation of

the "foundations of a socialist economy." The socioeconomic policy of the Turkestan leadership was at the same time of a purely class character and a great-power chauvinistic orientation. It led to the undermining of the region's productive forces, unprecedented economic ruin, starvation that claimed hundreds of thousands of human lives, and a sharp aggravation of the military-political situation in Turkestan. Proceeding from the analysis of numerous materials relating to the policy and practice of Soviet power in 1918-1920, in the social sphere, we can conclude that, in addition to the egocentric goals of keeping the potentially rich Uzbekistan, other regions of Central Asia subordinate to Russia, their Sovietization and Bolshevisation, the new government had no clearly defined economic and social policy until the mid-1920s. Therefore, almost all socio-economic problems were solved by violent means, through alienation, expropriation, confiscation and nationalization of private property, mainly of the indigenous population.

USED LITERATURE:

1. TSGA RUz., F.R. 36, op.1, d.17, p.527.
2. TSGA RUz., FR.17, op.1, d.700, l.83.
3. A new way. - Samarkand, 1918. - №10.
4. TSGA RUz., FR.17, op.1, d.227, p.45.
5. TSGA RUz., FR.25, op. 1, d. 106, p. 94.
6. The Voice of Samarkand. - Samarkand, 1918. - № 13.
7. The dispute between cotton and bread // Economic Review. - Moscow, 1923. - № 2. - P.12.
8. Ryskulov T.R Selected works. – Alma Ata: Kazakhstan, 1984. - P.14.
9. On the new tax legislation // Bulletin of the Turkestan People's Commissariat of Food. - Tashkent, 1922. - №1. - C.3.
10. TSGA RUz., FP.25, op.1, d.353, l.61.
11. Bosmachilik: khayyat va Uydirma // Sharj Yulduzi. - Toshkent, 1991. - No. 3. - B.176.
12. Central Executive Committee of Turkestan. - Tashkent, 1919. - № 182. - P.12.

ТАБИҒАТ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ХАЛЫҚТЫҚ-МУЗЫКАЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

ф.ғ.к., проф. Э.С.СҰЛТАНҒАЛИЕВА*
магистр, аға оқытушы Ә.Б.ДАРКЕМБАЕВА**

Түйіндеме:

Халық дәстүрінде өнер шебері - ұстаз, кесек тұлға болып саналған. Ол өз шәкірттерін тәрбиелеу барысында өнердің поэтикалық, бейнелеу, сахналық, т. б. салаларымен қоса, көркемдік шығармашылықтың барлық түрлерін кеңінен пайдаланған. Ұстаз музыкалық білім беру процесінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі әрбір заттың өзінің қызметінен басқа да семантикалық мағынасы бар екендігін шәкірттеріне ұғындырып, түсіндіріп отырған.

Тірек сөздер: халық дәстүрі, өнер шебері, ұстаз, шәкірт, музыкалық тәрбиелеу

SYNTHESIS OF REGULARITIES OF THE NATURE AND NATIONAL AND MUSICAL TRADITIONS

Abstract:

It was considered in the population - the mentor, bars the person the master of art. During education, graphic, which in the pupils poetic arts scenic, t. b. Widely use of all types, including spheres of art creativity. The Kazakh people, having devoted to explain to them that from the activity, each subject in housing life the mentor music education in the course of granting others semantic matter a kazatok.

Key words: Tradition of the population, master of art, Mentor, Pupil, Musical education

КІРІСПЕ

Халқымыздың рухани өмірінің асыл да қомақты саласы - дәстүрлі мәдениет. Дәстүрлі мәдениет тамырлары тереңдеген сайын қазақ халқының көркем ой-санасы да қалыптасып отырған. Оның табиғат заңдылықтарына тәуелділігі дүниетануының айрықша бір жүйесінің қалыптасуына ықпал жасаған.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде өзінің аудиторияға тікелей әсер ету және дүниеге деген жеке көзқарасты қалыптастыру ерекшелігімен музыка өнері елеулі орынға ие болған. Дүние туралы музыкалық-эстетикалық ұғым кез келген дәстүрлі мәдениет менталитетінің тұрақты инварианты болып табылады.

Қазақ халқының музыкаға деген өшпес ынтасы оның тұрмыс тіршілігі және табиғи жағдайларымен тығыз байланысты болды. В. И. Дальдің айтуынша, «шексіз дала мен ашық аспан, самсаған сан жұлдыздар және алыстан жылтылдап көрінетін ауыл оттары адам жанын музыкалық әуенге бөлейді» [1, 185-б.]. Этнографтар: «қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі қазақ әйелінің жан-дүниесін «ақынжандылыққа» жеткізді... бүкіл өмірін ашық аспан астында өткізген қазақ әйелі кең даланың төрінде еркін көш сапында болды; жасыл желең мен алқызыл гүлдердің жұпар иісін құмарлана жұтып, күні бойы шексіз де шетсіз қасиетті қазақ даласының қадірін түсінді... өзін қоршаған табиғаттың әсемділігін сезінді; желдің ызыңын, шегірткенің шырылын, шағала мен бозторғай үндерін естіп есейді; табиғаттың сұлу да сырлы сазы өлең-жыр болып ағытылды; осындай сұлулық пен әсемділік онсыз да дарынды қазақ әйелін әнші-ақын етті» деген пікір айтады [2, 16-б.].

Қазақтың музыкалық-көркемдік образдар арқылы бейнеленген өмірлік көзқарасы, әсіресе, туған жердің табиғатына арналған шығармалардан тамаша көрініс тапқан.

Біз қазақ халқының арасында суырып салма өнердің кеңінен тарағанын өте жақсы білеміз. Халқымыздың бұл ерекшелігін көптеген тарихшылар мен этнографтар таңдана отырып жазған: «Барлық қырғыздар (қазақтар), жас баладан еңкейген кәріге дейін, табиғатынан өлеңді суырып салып айтуға дағдыланған. Олар кез келген тақырыпқа байланысты өлеңдерді дем арасында шығара салады. Қазақ халқының осы ұлттық қасиетіне байланысты мынадай мәтел де бар: «киргизец по горам идет - о горах поет, по лесам идет - о лесе и т. д. [3, 70-б.]. Екінші бір еңбекте бұл жөнінде былай деп жазылған: «Әрбір қырғыз - суырып салма ақын. Тіпті табиғаттың күнделікті өмірдің қарапайым құбылысы мен көріністерінің өзі әрбір қазақтың шабытын оятып, өз сезімін еркін түрде, асқан

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, asia_81-04@mail.ru

батылдығымен еш дайындықсыз тез арада білдіруіне, жыр шумақтарын түйдектетіп шығаруына үлкен әсер етеді» [3, 70-б.].

«Қазақтардың барлығы да поэзияны өте жақсы көреді, көбінесе өздері өлең, мәтелдер, өткір нақыл сөздер шығарады..., тұтқиыл шығарылған текстер мен суырып салма ақындарда есеп жоқ». [4, 135-б.]. Тіпті қазақтардың күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын сөздерінің өзі дыбыс әсемділігімен, сөз тіркестерінің әдемілігімен, ырғағымен де ерекшеленеді [5, 6-б.; 1, 184-б.]. Әрбір сөзіне ерекше эстетикалық өң беріп, аспай-саспай сөйлеу көшпелілерді моральдық және көркемдік қанағаттану сезіміне бөледі. Айтылатын әрбір сөз мағыналығымен, бейнелілігімен және шынайылығымен ерекшеленді. Былай болу себебі, отырықшы елдерге қарағанда көшпелілердің көркемдік қызметпен айналысуға, ән-күй, айтыс тыңдауға бейімділігі басым болды [1, 185-186-б.].

Мұнда табиғатты тек қоныстану құралы деп түсінудің жоқтың қасы, керісінше, табиғатпен музыкалық-көркемдік қарым-қатынас жасау - дүниені қабылдаудың құралы ретінде қарастырылған.

Ғалымдардың айтуынша, табиғат құбылыстары тудырған халықтың мәдени-музыкалық санасында орныққан сансыз көркем бейнелер - ұлттық көркем ойдың, халық көзқарасының басты сипаттары болып табылады.

Жазба мәдениеті туа қоймаған дала жағдайында нағыз көркем, тыңдаушысына терең әсер ететін әуезді саз ғана ел аузына ілігіп, ұзақ мерзім өмір сүре алған. Мысалы, ән өнерін жай ғана ән салу, көңіл көтеру деп түсінуге болмайды. Оның толып жатқан өзге қасиеттері де бар. Ең алдымен, ән - өнер. Ән - адамның көңіл-күйі, тебіренісі мен толғанысы, қуанышы мен жұбанышы. Ән - табиғат суреттемесі. Ән - халықтың көркем ой-санасы, көркем тарихы. Ән - өмір айнасы. Әннің келесі бір қасиеті - әуезділігі, әсерлілігі, көркемділігі. Бұл уақыт сынынан мүдірместен өтіп, біздің заманымызға келіп жеткен халық шығармаларының барлығына дерлік тән белгі [6, 7, 5-б.].

Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов суырып салма өнерді өте жоғары бағалап, тарихи және мәдени тұрғыдан оны көркем шығармашылықтың бір саласы деп қарастырған. Осы орайда ғалым былай деп жазған-ды: «Тарихи жағынан халықтың поэтикалық рухы керемет. Олай болатын себебі -біріншіден, суырып салма ақындардың тамаша есте сақтау қабілетінің арқасында көне заманның барлық поэмалары... күні бүгінгі заманға еш өзгеріссіз келіп жетті; екіншіден, әр кезеңде өмір сүрген суырып салма ақындардың бәрі де өз дәуірінің қилы-қилы оқиғаларын халық санасына берік орнықтырды; үшіншіден, олар халқымыздың өткен тарихи және рухани өмірінің толық бейнесін жасай отырып, тарихи оқиғалар туралы мағлұматтарымызды толықтыруға, оларға басқаша көзқараспен қарауға, мүмкіндік берді»[8, 39-б.]. Шоқан Уәлиханов суырып салма ақындардың туындыларын «барлық халықтың болашағы мен өміріне, сана-сезіміне әсер ететін таза халықтық шығармалар деп және ұрпақтан-ұрпаққа тараған бұл шығармалардың тарихи да, психологиялық сипаты бар туындылар» деп қарастырған [8, 391-б.].

Қоршаған орта, ондағы геобиологиялық жағдайлар, ұзақ жылдардағы әлеуметтік экономикалық құрылым - әдет-ғұрып, салт-дәстүр ерекшеліктерін қалыптастыра отырып, халықтың жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына ықпал жасайды.

Қазақтар тілек-баталарды, адамдардың бойындағы қасиеттерді, мінез-құлқын малға теңеген. Мысалы, ер жігіттің мынадай көзге түсер қадір-қасиеттері болуға тиісті деп есептелген: жылқыдай мінезді, нардай төзімді, құландай сүйекті, т. с. с. Халқымыздың қыз сұлулығы туралы ежелден қалыптасқан талғам-түсінігі «Қыз Жібек» жырында былайша жырланады:

«Қыз Жібектің ақтығы,
Наурыздың ақша арындай.
Ақ бетінің қызылы,
Ақ тауықтың қанындай.

Екі беттің ажары,
Жазғы түскен сағымдай.
Төсінде бар қос анар,
Нар бураның санындай...»

Қазақтар ақылды әйелдерді аруанаға теңейді. Өз балаларына деген ата-ананың сүйіспеншілігін ерке құлынға, сүйкімді ботаға, қоңыр қозыға салыстыра теңейді [9, 12-б.; 10, 52-б.].

Өзін қоршаған табиғаттың құпия сырлары сан сұрақтар туғызып қана қоймай, сол жұмбақ сырдың жауабын табуға талпындырды. Ол жауаптар өмір тәжірибесіне, адамның қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан қабылдауына тікелей байланысты болды. Оған дәлел-қазақ халқының мифтері.

Қазақ философиясының ғарыштық табиғатын, ондағы мифологиялық және реалистік көзқарастардың ерекше бір ұштасуын зерттеушілер атап өтеді (Бейсенов Қ., Қасабеков А., Орынбеков М., Хасанов М.). Көшпелі қазақ дүниетанымында тәңір дінінің, ата-бабалар аруағының,

Ұмай ананың, оттың, жердің, судың, ғарыш әлемінің, т. б. киелі қасиеті болғанын айтуымыз керек. От, күн, ай, су, т. б. киелі саналған. Қазақтар жер бетіндегі өмірге жұлдыздардың әсер ететініне сенеді. Оған қалыптасқан салт-жоралар мен тілек-баталар мысал бола алады: «тәңір жарылқасын», «күнің ашық болсын», «жұлдызың жансын» [9, 10, 14-б.].

Қазақтардың ғарыш, әлем моделі туралы түсініктері архитектуралық формаларда, қазақтың ою-өрнектерінде тамаша берілген. Мұндай көзқарастың белгілері үй жиһаздарының түрлерінен, кілем, киіз, сырмақ, ыдыс-аяқтың әлемі ою-өрнектерінен айқын байқалады. Дүниетаным жүйесінің ерекше белгілері киім кию, әсіресе, бас киім дәстүрлерінен айқын көрінеді. Мұндай жағдайда оларды біртұтас форма бірлігі принципі біріктіреді («қарақоңыр, сабалақ, шетінің дөңгелек болып келуі, ортасынан бастап доғал тәріздес, тігіс арқылы төрт бөлікке бөлінген, ең соңында «өмір бәйтерегі», «қошқар мүйіз» оюларымен немесе шашақпен аяқталады» [11, 44-б.].

Егер музыкалық және көркем қолөнердің өзара байланысы туралы сөз қозғайтын болсақ, онда музыкалық аспаптардың түрі мен құрылымының қазақтардың космогониялық көзқарасына сәйкес келгендігін айтуға болады. Мысалы, ғалым-этнографтардың көрсетуінше, аты аңызға айналған Қорқыт-ата үлгісімен, қазақ бақсылары рухтарын қобыз арқылы шақыратын болған. Оны мына мысалдан анығырақ көреміз: «Рухтар шығатын ыдыс тәріздес резонатордың (қуыс) төменгі жағы үй жануарларының терісімен қапталады. Резонатордың түбіне орналастырылған айна - екі әлемнің шекарасы тәріздес, ал құс және қошқар мүйіз бейнелері салынған қоңырау, алқамен безендірілген гриф - бұл аспаптың бүкіл композициясының қорытындысы болып табылады» [11, 41-б.].

Көшпелілердің Жаратылыс құрылымы жөніндегі түсінігі тұрмыстық заттарда, әшекей бұйымдарында, сәулеттік құрылыстарда көрініс тапты.

Жеткіншек ұрпаққа этнос тыныс-тіршілігінің негізгі формалары туралы мәліметтерді жеткізу қажеттілігі дәстүрлі мәдениет шеңберінде білім беру мен тәрбиенің ұстаздан шәкіртке берілетін ерекше түрлерін тудырды.

Мәдени-әлеуметтік мағлұмат берудің өзі музыка өнерінің табиғатында мол ақпараттық мүмкіндіктердің бар екендігін байқатады. Бұл мәселеге бүгінде көптеген ғалымдар да баса назар аударып отыр. Халықтық-музыкалық дәстүр аға буынның бай рухани байлығын жас ұрпаққа мирас етіп, белгілі бір қоғам деңгейінде туған мәдениетті атадан балаға жеткізіп отырды. Мұны халық тәжірибесіндегі дәстүр жалғастығы дейміз.

О баста адамзат баласының өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы дәстүрлі дүниетаным жүйесінің қалыптасуына әкелді. Халықтық ұғымда туған жерден қасиетті, одан киелі еш нәрсе болған емес. Ата-бабамыздың түсінігінде: «Жер - қазына, су - алтын, мал - байлық».

Ұлтарактай болса да,

Ата қоныс жер қымбат.

Ат төбеліндей болса да,

Туып өскен ел қымбат, -

деп, олар туған жерін қорғауды қасиетті борыш санаған [10, 182-б.].

Көшпелі өмір жағдайында қалыптасқан айтушылық өнер музыкалық хабар, білім және орындаушылық шеберлікті ұстаздан шәкіртке жеткізуге негізделді. Халық дәстүрінде өнер шебері - ұстаз, кесек тұлға болып саналған. Ол өз шәкірттерін тәрбиелеу барысында өнердің поэтикалық, бейнелеу, сахналық, т. б. салаларымен қоса, көркемдік шығармашылықтың барлық түрлерін кеңінен пайдаланған. Ұстаз музыкалық білім беру процесінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі әрбір заттың өзінің қызметінен басқа да семантикалық мағынасы бар екендігін шәкірттеріне ұғындырып, түсіндіріп отырған. Біртұтас әлем құрылымында әрбір затқа өзіндік орын берілген. Демек, халықтық-музыкалық дәстүр жас орындаушылардың көзқарасын қалыптастырады, ал кеңірек айтсақ, музыкалық шебер орындаушылық арқылы бүкіл тыңдаушыларын қамтиды.

Қоғам алдындағы келелі міндеттерді жүзеге асыруға бағыттау мақсатының іске асырылуы халық дүниетанымының жетістіктерін қайтадан ой елегінен өткізіп, бүгінгі заманға сай қолдануға тікелей байланысты болып отыр.

Халқымыздың өткенін қадірлеп, бүгінін бағалап, қымбат көретін, ертеңіне үміт артып, нық сенетін ғажап қасиеті бар. Ел тәуелсіздігіне қол жеткізгенімізге жеңісті де жемісті жиырма жыл толып, бірлік пен бейбітшілік, береке арқасында тарихи мерейлі жылымыз табыстан табысқа ұласып, «Қазақстан-2030», «Мәңгілік ел» стратегиялық бағдарламаларымыз аясында жарқын болашаққа айқын бағдарлы нық сеніммен өрлеп келеміз. Бұл жиырма жылда қазақ мемлекетінің күш-қуатын әлем таныған мәртебелі елге айналып, дамыған, көркейген елу ел қатарына қосылуға бағыт алды. Жиырма жылдық дамуымыз жетістіктерінің экономикалық, саяси-әлеуметтік, құқықтық, мәдени негіздері берік қаланды.

Жиырма жылда жаңа қоғам құрудағы, оны нығайтып дамытуда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей басшылығымен атқарылып жатқан ұлы істер, тарихи ілгерілеулер халқымыз тарапынан қолдау тауып, ізгі ниетті әлем қауымдастығының зор бағасына ие болды.

Қазіргі замандағы әлеуметтік идеалдардың және білім беру жүйесінің мазмұнының өзгеруі қазақ халқының көркемдік мәдениет мәселелерін тереңірек зерттеу қажеттілігін, халықтық-музыкалық дәстүрдің негізгі бағыттары мен принциптерін анықтау керектігін көрсетуде. Қоғам алдындағы келелі міндеттерді жүзеге асыруға, бағыттау мақсатының іске асырылуы халық дүниетанымының жетістіктерін қайтадан ой елегінен өткізіп, бүгінгі заманға сай қолдануға тікелей байланысты болып отыр.

Еуропалық философия мен мәдениеттануда дәстүрлі мәдениетке деген селқос көзқарастың қағидаға айналып кеткені бар. Халықтарды «тарихи» және «тарихтан шет қалған» этностарға бөлу, дәстүрлі мәдениетті өркениетке қарсы қою, мәдени өркендеуде Еуропадан іздеу сияқты пікірлер И.Гердер, А.Герцен, Г.Гегель, Н.Данилевский т.б. барлығына дерлік тән. Шын мәнісінде, мәдениеттің өзегі, оның қалыптастыратын және сақтайтын негізгі механизмі – салт-дәстүр. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр халықтың рухани әлемін, адамгершілік қасиетін жандандырып, оның дүниетанымын кеңейтеді. Дәстүр – қатып-семіп қалған қалып емес, ұлттық мәдениет нәр алатын тоқтаусыз ағым.

Халықтық мұрасының тамырына балта шапқанда, алдымен оны дәстүрлі мәдениеттен бастайды. Мысалы, 20-30 жылдары жүргізілген тоталитарлық геноцидті еске алайықшы. Алайда қаншама қоғамдық өмірдің шет шағына ығыстырылса да қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ата-бабаларынан мұра болып қалған өз құндылықтарын кезіргі ұрпаққа жеткізе білді.

Соңғы жылдары қазақтың рухани мәдениеті жөнінде көптеген еңбектер мен мақалалар, диссертациялар жазылып, көпшілік назарына ұсынылуда. Алайда бізде мәдениетті тек дәстүр мен фольклор маңайына тоғыстырып қою әдетке айналып кеткен. Ал жоғарыда аталған ұғымдар терең теориялық-философиялық талдауды қажет етеді.

Қоғам және адам философиясының аумақты мәселелерінің бірі – тұлғаның қалыптасу факторларын зерттеумен байланысты. Шығыс менталитетінде тұлғаның басты қасиеті оның ішкі, виртуалдық әлеміне тығыз қатынаста қарастырылады. Егер еуропалық мәдениет сыртқы ортаны меңгеруге бағытталған белсенділік пен оның басты құралы – білімді дәріптесе, Шығыста таза білімнен, тәрбие мен сол білімді жүзеге асыратын адам жоғары қойылады.

Әрбір халық зиялылары сияқты қазақтың озық ойлы ағартушылары да тәлімдік жүйенің тарихи-әлеуметтік негіздерін іздестірумен болды. Оның бір жағы жастарға халықтық-эстетикалық тәрбие ұрығын егу ісімен байланысып жатты. Бері келе жастардың мәдени-рухани өсу сатыларын анықтау ісі өз алдына мәселе ретінде қойылды. Осылайша халық дүниетанымын ғылыми тұрғыдан бағалау және игеру ісіне жол салынды.

Мәдени дамудың құрамдас бір бөлігі болып табылатын халықтық-музыкалық дәстүр рухани идеалдар мен көзқарасты, адам бойындағы асыл қасиеттерді өз бойына сіңіріп, әсем де әсерлі әуен-саздар, мазмұнды да мағыналы поэзия, ғибрат сөздер арқылы әлеуметтік ой-санаға әсер етіп, оның дамуына жол ашып отырады. Олай болса халық дүниетанымы мен тәлімгерлік тәжірибесінде музыка өнерінің үлкен әлеуметтік маңызы болды. Ол тәрбиенің әлеуметтік әрі ағартушылық қызметтерін атқарып, халықтың көркем тарихына айналды.

Осыған байланысты қазақ халқының музыкалық фольклорын әлеуметтік және эстетикалық категориялар ретінде де қарастыруға болады. Қазақ фольклоры мен тәлімгерлік тәжірибесі оның тұрмыс-тіршілігі мен де тығыз байланысты болатыны белгілі. Олай болса музыкалық фольклорда адам санасында қалыптасқан әлеуметтік ой-сана, одан қалды белгілі бір білім бағыттары – тарих, этнография, әдеп, мораль, құқық, педагогика өзінің синкреттік түрінде кездеседі. Сондықтан да қазақ халқының зор рухани және әлеуметтік байлығы музыка өнері арқылы беріліп отырған.

Сансыз әдеби және ғылыми деректерге сүйене отырып, термеші мен жыршылардың ғасырлар бойғы дәстүрлі дамуы барысында олардың өте маңызды қоғамдық функциялар атқарғандығын байқаймыз. Мысалы, Т.Ә.Қоңыратбаевтың айтуынша, жыраулар мен жыршылардың сан-салалы қоғамдық қызметінің ауқымды болғандығын қазақтардың тарихи деректері мен мифтік аңыздарындағы жырау аттарының көптеп кездесуінен-ақ байқауға болады (Тонькөк, Қорқыт, Асан-қайғы). Олар халықтың дана да көреген ақылшылары бола білген [7, 44 б.].

Қазақтардың музыкалық-көркемдік ой-санасының табиғат жағдайларына тәуелділігі дәстүрлі дүниетаным жүйесінің қалыптасуына әкелді. Өзін қоршаған табиғаттың құпия сырлары сан сұрақтар туғызып қана қоймай, сол жұмбақтардың жауабын табуға талпындырды. Ол жауаптар өмір тәжірибесіне, адамның қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан қабылдауына тікелей

байланысты болды. Оған қазақ халқының мифтері дәлел бола алады (космогониялық, этиологиялық, генеалогиялық). Дәстүрлі мәдениет шеңберінде қалыптасқан «күй-аңыз» жанры осы мифтік жүйемен сабақтасып жатады.

Халық дәстүрінде өнер шебері – ұстаз кесек тұлға болып саналған. Ол өз шәкірттерін тәрбиелеу барысында өнердің поэтикалық, бейнелеу, сахналық, т.б. салаларымен қоса, көркемдік шығармашылықтың барлық түрлерін кеңінен пайдаланған. Демек, халықтық-музыкалық дәстүр жас орындаушылардың көзқарасын қалыптастырады, ал кеңірек айтсақ, музыкалық шебер орындаушылық арқылы бүкіл тыңдаушыларын қамтиды. Оған дәлел ретінде халық арасында кең тараған Қорқыт-Ата туралы аңыздарды айтуға болады. С.А.Қасқабасов, Т.Ә.Қоңыратбаев сияқты халық фольклорын зерттеушілердің көрсетуінше, бұл шығармалар музыкалық аспапты өмірге келтіріп, музыканы халық арасында таратқан ең бірінші бақсы туралы көне мифтің жұрнағы іспеттес. Қорқыт-Ата туралы аңыз ғасырлар бойғы өзгерістерден кейін адамзат баласының өлімге қарсы күресу қажеттігі туралы идеясын бейнелей бастаса керек. Бұл аңызда халық өнерді «жауыз» күштерге қарсы күрестегі басты тосқауыл ретінде қарастырады [13, 44-б.].

Музыкалық тартыстардың, ерекшеліктерімен кеңірек танысу мұндай дүрмекті өнер сайысына қатысу үшін тек музыкалық-орындаушылық шеберліктің жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Музыка шеберінің бұл өнер жарысындағы жеңісі қазақтың ру тарихы мен олардың қарым-қатынастарын, халық өмірі мен тұрмысындағы, салт-дәстүріндегі белгілі оқиғаларды терең білуіне және оларды қалың көпшілікке жеткізу қабілетіне тікелей байланысты болды.

Салтанатты жиындарға қатысқан атақты музыка өнерпазы сол отырыстың ең құрметті қонақтарының қатарына қосылады. М.В.Готовицкий бұл жайында былай деп жазады: «...арабтар өз әнші-шабандоздарын қалай құрметтесе, орта ғасырларда миннезингерлер мен менестрелдерді қалай дәріптесе, қырғыздар (қазақтар) да өз әншілерін алақанына салып аялап, ерекше сый-сияпат көрсеткен».

Дәстүрлі мәдениет пен халық тәжірибесі қазақтарда адам мен адамды байланыстыратын дәнекер бола отырып, «осындай қандас туыстықты музыкалық-поэтикалық образдардың, салт-дәстүр және адамгершілік-этикалық ақыл-кеңестердің күрделі жүйесімен бекіткен». Дәл осы дәстүрді мәдениет шеңберінде ғасырлар бойғы дүниеге көзқарас жиынтығының біртұтас жүйесі жасалып, онда адам тудырған музыкалық бейне әлемінде өзін-өзі сыртынан байқады. Ал мұның өзі қазақ халқының тұрмысы-көркемдік және музыкалық шығармашылық ошағы деген сөз. Оған дәлел қазақтың музыкалық-поэтикалық сарынға толы салт-дәстүрлері.

Қазақ халқының тұрмыс-салт өлеңдері далалық қоғамның «моральдық кодексі» ролін атқарған. Мысалы, үйлену тойында орындалатын тойбастар әні ақындар мен әншілердің орындауында той иелерінің мырзалығы мен кеңпейілділігін паш етуге бағышталған.

Қайғыру және көңіл айту («естірту», «жоқтау») – адамның қайғы-қасіретін білдірді. Бұлардың барлығы да «жарық өмірмен қоштасу» тақырыбына байланысты болғандықтан, олар философиялық толғанысқа толды. Мұның өзі қазақ қоғамының адамгершілік және эстетикалық идеалдары туралы халықтық түсініктің көркем бейнесі болды. Жоқтау қазақтарда еш уақытта мелодрамалық дәрежеге жетіп көрген емес. Зерттеушілердің көрсетуінше, қандай оқиғалар болса да жоқтау өлеңдеріне тән қасиет – ерекше ұстамдылық болып табылады. Ойды түйіндей келе айтарымыз, қазақтың музыкалық фольклоры негізінен қазақ қоғамының нақты өмір құбылыстарына бейімделді. Бірақ әлеуметтік мәселелерді көркемдік жағынан сипаттауын алсақ, адамдардың бір-бірімен қатынас формасы болып табылатын музыкалық шығармалар ұжымдық көзқараспен түсініктерді белгілі дәрежеде талдап, қорыта алатын, «семиотикалық формулаларды» қамтиды. Шындығында әрбір күй халық өнерпазының әлеуметтік тәжірибені дәл қалпында беруі мен көркемдік дәстүрлерді тамаша білуінің нәтижесі болып табылатындығына шек қоюға болмайды. Қазақ халқында ән мен күйдің қалыптасқан өзіндік мектебі болды. Дәстүрлі көркемдік құралдар күйдің музыкалық арқауына берік орнығып, халықтық түсініктер мен ұғымдар жүйесінің музыкалық сәнінен айналды. Соның бәрін ғылыми негізде игеріп, жастардың санасына жеткізген ләзім.

Қазақ халқының музыкалық фольклоры мен өмірлік тәжірибесінің функцияларын тарихи тұрғыдан талдаудың нәтижесінде, жас өнерпаздарды тәрбиелеу, ең бірінші кезекте, олардың көркем-эстетикалық көзқарасын қалыптастыру негізінде жүргізілді деген пікір туады. Жеке адамды тәрбиелеу – бүкіл халықтық-музыкалық дәстүрдің негізгі мақсаты болып табылды.

Әрине, мұны музыкалық мәдениеттің ауызекі дәстүріне қайта оралу деп түсінбеу қажет. Өткен дәстүрді жалғастыра отырып, алдыңғы қатарлы мәдениеттің музыкалық хабарды дамыту құралдарынан да бас тартпауымыз керек. Демек, өнер бұлағынан сусындаған ата-бабаларымыздың

ғасырлар бойғы жинаған бай тәжірибесінің арнасын одан әрі кеңейтіп, дамытқанымыз жөн. Дүниежүзілік ғылыми қауымның ескі мәдени мұралар мен дәстүрлері жоғалмай тұрып, оны сақтап қалу және одан әрі дамыту мәселесін алға қоюы тегін емес. Оның қазақ музыкасын оқыту мәселелеріне де қатысы бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кшибеков Д. Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. - Алматы. 1984. - 238 с.
2. Ерзакович Б. Г. У истоков казахского музыкознания. - Алматы, 1987. -176 с.
3. Казахский фольклор. - Алматы. 1968. - Т. 1.
4. Дореволюционная казахская литература. – Алматы, 1979. – 158 с.
5. Елеманова С. А. Казахская музыкальная литература. – Алматы, 1993. - 208 с.
6. Алибакиева Т. М. Уйгурский мукам. Исторические и теоретические проблемы: Автореф. дис. доктора искусствоведения. - Киев. 1991. - 39 с.
7. Қоңыратбаев Т. Ә. Халық әндерінің шығарушысы кім? // Қазақ музыкасының мәселелері. -Алматы. 1994.
8. Валиханов Ч. Собрание сочинений. - Алматы. 1961. - Т. 1. - 777 с.
9. Байжігітов Б. К. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты. - Алматы. 1994.
10. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. Құрастырған М. Қазбеков. – Алматы, 1991. - 256-б
11. Ибраев Б. Космогонические представления наших предков// Декоративное искусство СССР. - 1980, №8. - С. 40-44.
12. Каскабасов С.А. Колыбель искусства. – Алматы, 1992. – С.53, 102-108.

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Т.ғ.д., профессор м.а. **Л.Т.ҚОЖАКЕЕВА**^{42*}
Т.ғ.к., доцент **Ж.Б.АШИРБЕКОВА**^{**}

Түйіндеме:

Мақалада жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі – рухани құндылықтар мәселелері қарастырылады. Қазір әлемдік жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерді, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлуде. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Тірек сөздер: *Отан, патриотизм, мемлекет, интернационализм, туған жер, табиғат, жастар.*

THE BASIS FOR EDUCATING YOUTH FOR PATRIOTISM IS SPIRITUAL VALUES**Abstract:**

The article deals with issues of spiritual values as the basis for educating young people in patriotism. Nowadays, as the world tendency to globalize, the peoples of the world pay special attention to preserving their national identity, patriotic feelings, patriotic education of young people. Nowadays it requires a new look at the issues of education in higher education institutions and improvement of forms and methods of education, which envisages patriotic consciousness, quality, and behavior of students. It promotes the students' patriotic education of young people and encourages them to explore the ethnic features, history and culture of the Kazakh people, as well as heroic deeds of the heroic sons and daughters of Kazakhstan.

Key words: *Homeland, patriotism, state, internationalism, native land, nature, youth.*

КІРІСПЕ

Қазір әлемдік жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерді, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз», - деп атап өткен болатын [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі Қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Адам- қоғамның тұлғасы. Ол қоғамда өмір сүреді, сондықтан қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынаста болады [2].

Патриотизм - (грек, *patris* - отан, атамекен) - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Патриотизм мәселелері жаңа мемлекеттердің құрылуы, ұлттың қалыптасуы, ұлт - азаттық қозғалыстар мен соғыстар кезінде ерекше өзектілікке, саяси мәнге ие болады. Бүгінгі күні патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және жершарылық ықпалдастық жағдайында өрши түсуде. Шынайы патриотизмді интернационализм мен космополитизмге қарсы қоюға болмайды. Өз халқын басқа ұлттар мен этностарға қарсы қоюға бағытталған патриотизм шынайы емес, ол ұлтшылдыққа және шовинизмге ұласып кетуі оңай. Ал, ұлттық және ұлттық - мемлекеттік нигилизмге негізделген интернационализм мен космополитизм жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтарға қайшы келеді. Н.Г.Чернышевский айтқандай: «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді» [3].

Патриотизм ұғымы кең: ұлттық патриотизм, мемлекеттік патриотизм, т.б. Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдени-

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Lyzzat-@bk.ru.

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Zhamal.ashirbekova@mail.ru

етіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. М.Шоқай 1931 жылы “Яш Түркістан” журналына былай деп жазыпты: “Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды... “Түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық болсын” деген формула халықтық рухқа сай келмейді. Халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас құбылыс. Оны “мазмұнға” және “формаға” бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің формасымен де, мазмұнымен де айқындалады” [4].

Азаматтық - патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық-құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген.

Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби: «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез - құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» [5] деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады.

Бүгінгі күндегі еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады.

Ал Қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады.

Қазақстанның патриоты дегеніміз:

1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі;
2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы;
3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы;
4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы т.т.

Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған.

Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» [6] дей отырып, Қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, тәкаппарлығын көрсетеді.

Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын сыйлауға, Отанын сүйуге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз.

Жастардың азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана білім мен тәрбие барысында қалыптасады. Бұл ретте, Отан, ел-жұрт, төлтума мәдениет, салт-дәстүр, моральдық-этикалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық ғылым пәндерінде екені, әсіресе, сол пәндердің қазақ тілді мәтіндерінде екені басы ашық ақиқат. Өкінішке орай, пәндерді саралау мен білім мазмұнын айқындауда осы мәселелерге ойдағыдай мән берілмей келеді. Рас, отаншылдық сияқты асыл қасиетті ұрпақ бойына қалыптастыру тек қана білім жүйесінің мойнындағы міндет емес. Отаншылдық кез келген ұлттық-мемлекеттік жаралымның өмір салтына, өмір сүру нормасына айналуға тиіс. Яғни, жас ұрпақты отаншыл етіп тәрбиелеу мемлекеттік маңызды да жауапты істердің бірі болып табылады.

Білім мен тәрбие тетіктерін ұрымтал іске қосу арқылы ұрпақ бойына отаншыл болатындай асыл қасиеттерді дарыту, түптеп келгенде, Отан әлеуетін нығайтудың ең сенімді кепілі. Бұл мәселені Президент Н.Ә.Назарбаев бір сәт қаперден тыс қалдырмай, тіптен жеке басының қадір-қасиетімен отаншылдықтың, елжандылықтың тамаша үлгісін көрсетіп келе жатқанына куәміз. Тәуелсіздік жылдарында Елбасының қаламынан туған “Ғасырлар тоғысында”, “Тарих толқынында”, “Қазақстан-2030”, “Сындарлы он жыл” сияқты терең мазмұнға толы еңбектерінде шын мәнінде Отанын шексіз сүйген, сол жолда қажыр-қайраты мен білім-білігін жан-тәнімен жұмсай білген жанның отаншылдық рухы айқын аңғарылады. Содан да болу керек, Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде айтқан мына ойлары біздің әрқайсымыздың жан-жүрегімізді отаншыл болуға үндеген өсиеттей баурады: “Біз Отанымыздың қасиетті байтақ даласын қантөгісті шайқастарда қорғаған батыр бабаларымыздың рухына лайық болуымыз керек. Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Осы ұлы мұратты жүзеге асырудың асқақ абыройы біздің ұрпақтың пешенесіне жазылды. Біздің тарихи міндетіміз елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, сөйтіп келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау.

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін оқу орындарына қойылатын талап – тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, жастардың ұлттық сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру. Ал ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы – ұлттық қадір қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту. Егемен еліміздің өзінің экономикалық және саяси дербестігін алғанына 27 жыл толады. Тәуелсіздік еліміздің алдына жаңа мақсаттар мен талаптар қойып отыр. Солардың бірі – азаматтардың бойына патриотизмді қалыптастыру.

Халқымыздың патриоттық үлгісін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ақтамберді, Бұқар жырау және XX ғасырдың басында қалыптасқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сынды қазақ қайраткерлері жасап берді деуге негіз бар.

Әйтеке би: «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп, халыққа қызмет етудің, патриотизмнің айнасы бола білді. Тәуке хан заманынан бері қазақ қоғамында патриотизм байлықтан да жоғары бағаланады [7].

Жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі – рухани құндылықтар. Атап айтсақ, ұлы құндылық, рухани-мәдени байлығымыздың бірі- тарихи мазмұндылығы мен әдеби көркемдігі жағынан ерекше көзге түсетін, түркі әлемінің жазбаша ескерткіштерінің ішіндегі ең көлемдісі, адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең елеулі мұраларының бірі болып саналатын Орхон- Енисей жазбалары [8].

Орхон-Енисей жәдігерлерінің мазмұн байлығы, ой тереңдігі және таза көркемдік қасиеттері көне түркі тайпаларының арасында патриоттық мәні жоғарғы өрге жеткендігін айғақтайды. Құлпытастарға қашалған жазулардағы көптеген көркем бейнелер, қанатты сөздер бүгінгі күнге дейін қолданылып, ұрпақтарын патриоттық рухта тәрбиелеудегі маңызы зор.

Орхон, Селенгі және Енисей өзендері бойынан табылған және өзара көп ұқсастығына байланысты “Орхон-Енисей жазба ескерткіштері” деген ортақ атпен атала бастаған бұл жазбалар алғаш рет ХҮІІ ғ. 20-шы жылдарынан белгілі бола бастады. “Рун (Құпия) жазуы” деп аталатын алфавитпен (оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай) жазылған ескерткіштердің жиынтығы. Олар тілі, баяндалатын уақиғаларының мерзімі, жазылу стилі жағынан ҮІІІ ғ. жатады. Дүниежүзілік Түркологияда кеңінен зерттеліп жүр. Түркі халықтарының жазу, әдебиет, тіл тарихын әдетте осы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап өрбітеді. Құпия жазудың алғаш кілтін тауып, сырын ашқан дат ғалымы В.Томсен болса, орыс ғалымы В.В.Радлов бұл жазбаларды орыс тіліне аударып, латын әрпімен бір ізбен жазып шықты.

Түркі елінің көш бастаған қағандарымен батыр қолбасшысына арналып тұрғызылған құлпытастардағы бұл жазбалар шын мәнінде өз кезеңінің тарихи шежіресі болып табылады. Осы жазбалардың ішіндегі аса көрнектілері- Білге қаған мен Күлтегіннің, Тоныкөктің құрметіне жазылған руналық ең үлкен мәтіндер.

Тарих атаулының өткен өмірді сөз ететіні белгілі. Алайда, тарихтың тағлымы бүгін мен болашаққа қызмет етеді. Осыдан мың жарым жылдай бұрын тас ұстынға өшпестей болып қашалған Күлтегін жазбаларындағы тұжырымды ойларды қазіргі Қазақстан жұршылығының да арман-мұраттарымен үндес естілетіні қайран қалдырады. Күлтегін ел мүддесінің тұтастығын, мемлекеттің қауіпсіздігін, туған жердің бөлшектенбеуін, ұрпақтардың жарастықта өмір сүруін өсиет етеді.

Ерлікті, батылдықты, отаншылдық сезімді сипаттаған мазмұнына байланысты ҮІІІ ғасырда тасқа қашалған бұл жазбалар мен қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы- батырлар жыры, жыраулар шығармашылығы арасына түзу сызық түсіруге болады.

“Тәңірідей тәңіріден жаралған

Түрк Білге қаған

Бұл шақта отырдым
Сөзімді түгел естіңдер
Бүкіл жеткіншегім, ұланым
Біріккен әулетім, халқым
Бұл сөзімді мұқият тыңда
Терең ұқ”,-

деп Білге қаған түркі елінің тарихын кейінгі ұрпаққа паш етті [9]. Бүкіл ортағасырлық түркі халықтарының әдебиетінде шешендік өнер мен батырдың ерлігі жайындағы ауызша хикаялардың дәстүрлі түрлерін сақтаған саяси прозаның ерекше үлгісі болып саналатын бұл жырлар ең алдымен бірінші Түрік қағанатының құрылуы тарихынан басталады:

“Биікте көк тәңірі
Төменде қара жер жаратылғанда
Екеуінің арасында адам баласы жаратылған
Адам баласы үстіне ата тегім
Бумын қаған, Істеми қаған отырған
Отырып, түркі халқының ел жұртын
қалыптастырған, ел еткен”- деп немесе:

“Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым
Күндіз отырмадым
Інім Күлтегінмен бірге
Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым”,-

деген жолдар жас ұрпақтың жүрегінде арғы тегіміз- көк түріктерге деген мақтаныш сезімін туғызады және сол жолдардың жазылуының өзі келешек ұрпаққа мұра болып қалдырылған кең байтақ Тұран жерін, Отанды сүйіп, қадірлеуге үгіттеген өсиет тәрізді қабылданады.

“Кедей халықты бай қылып,
Аз халықты көп қылу”

жолында қалай күрескенін, түркі халқының өзінің қандай дұшпандары бар екенін білу, есінде ұстауы үшін

“Түрк бектер халқы, бұны тыңдаңдар
Түркі халқын жиып

Ел болғандарыңызды мұнда бастым жаңылып,
Кешкендеріңізді де мұнда бастым
Барлық сөзімді айтар
Мәңгі тасқа бастым”,-

деген Білге қағанның “жүрек-жарды” сөздері тасқа қашалып, кейінгі ұрпақты отансүйгіштікке үйретеді [10].

Елдің елдігі, халықтың бақыты жарастық пен ғұмыр кеше білуде екенін ұрпаққа өсиет етеді. Әлеуметтік үйлесімділікті халықаралық ахуалмен шендестіре зерделейді. Ел ішінде тәртіп пен заңдылық сақталса, яғни ата-баба салтына адалдық болса-ұрпақтың бақытты өмір сүруіне кепіл болар өнеге сол дейді. Осы өсиет Қазақстандықтар үшін бүгін де үлгі -өнеге. Ел ішіндегі бірліктің, татулықтың болмауының неге әкеліп соқтыратындығын кейінгі ұрпаққа ескертеді(9).

Отаншылдық сана-сезімнің ерекше бір көрінісі- азаматтардың ел қорғауға дайын болуы. Түркі елі жойылудың алдында тұрғанда

“ Түркі халқы жойылмасын
Ел болсын
Әкем қағанға он жеті ер еріпті
Шетте жортып жүр дегенді естіп
Қаладағылар өрлепті
Таудағылар індепті
Жиылып жетпіс ер болып
Түркі иелігінен айырылған халықты
Ата-баба мекеніне қайта орнатты”,-

деген жыр жолдар түркі елі азаматтарының азаттығы үшін күресін көрсетіп, “ түркі әлемінің мұрагер ұрпақтарына” рухани бай ұлтқа адал, Отанға берілген болулары үшін үлгі болады [11].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, түркі әлемінің көне жазба ескерткіштерінде айтылған отансүйгіштікке, елдің азаттығы үшін күресуге шақырған жыр жолдары қазіргі жастарымызды өз Отанып сүйіп, оны қорғап-қадірлеуі үшін үлгі бола алады деп айтқымыз келеді. Тәуелсіздігімізді баянды етіп, әлемдік қауымдастықта өз орнымызда орнықтырудың, сөйтіп баянды бақытпен қауышудың кепілі ауызбірлікте екенін бүгінгі өміріміз көрсетіп беріп отыр. Тарихтың тағлымы, Тәуелсіздігіміздің тағылымы дегеніміз осы болса керек.

Өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы, әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ.

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев, Н.Ә. (1998), Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Алматы, *Білім*, 37 бет.
2. Тер Минасова, Светлана.(2000), «Тіл және мәдениетаралық коммуникация», Москва, 146 стр.
3. Саяси түсіндірме сөздік. (2007), Алматы, 189 бет.
4. Ақылбай, Д. Б. (2011), Жеке тұлғаны тәрбиелеудің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық аспектілері, Астана, 201 бет
5. Кенембаева, Ш.К. (2011), Жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі – этнопедагогикалық тәрбие, Павлодар, 245 бет.
6. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. (1994), Алматы, *Рауан*, 243 бет.
7. Назарбаев, Н.Ә. (1999), Тарих толқынында, Алматы.
8. Қазақ совет энциклопедиясы (1976), Алматы, 8-том.
9. Кляшторный, С.Г., Султанов, Г.И. (1992), Казахстан: Летопись трех тысячелетий, Алматы, 187 стр.
10. Ежелгі дәуір әдебиеті (2000), Хрестоматия, Алматы, 296 бет.
11. Аманжолов, К.Р. (2002), Түркі халықтарының тарихы, Алматы, 245 бет.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНДЕ ИСАТАЙДЫҢ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСТЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Т.Ғ.К., доцент **Р.Т. АЙТБАЙ***

Түйіндеме:

Мақала тарих айту дәстүрін дерек ретінде пайдалана отырып, тарихи-этнографиялық мәліметтерді алудың ғылыми әдістерін зерттеуге арналған. Бүгінгі күні тарих айту дәстүрі туындыларын пайдалану ұлттық тарихымызға басқа деректермен қатар өте құнды мәліметтерді бере алады. Сондықтан тарих айту дәстүрі туындыларын дерек ретінде пайдаланудың әдіснамасын зерттеп, зерделеу өзектілігі жағынан маңызды болып есептеледі. Тарихи дастанда кездесетін Исатай туралы мәліметтердің маңызы зор. Мақалада Исатайдың өміріне қатысты тарихи дәстүрдегі мәліметтер берілген. Исатайдың батырлық мінезі сипатталған. Оның батыр тұлға екендігі айтылған. Халық Исатайды шешен ретінде де білген. Мақалада Бөкей Ордасының билеушісі Жәңгір туралы да айтылады. Автор тарихи дастан мен ғылыми зерттеулерді салыстырып, Бөкей Ордасының халқының саны мен құрамын анықтауға тырысқан.

Тірек сөздер: тарих айту, эпос, тарихи жыр, салт-дәстүр, дерек, аңыздар, ұлт-азаттық қозғалысы. Исатайнұлы Тайманұлы.

REFLECTIONS FROM THE LIFESTYLE OF ISATAI IN THE HISTORIC TRADITION OF THE KAZAKHS

Abstract:

The article is devoted to the development of a scientifically verified method of investigating the oral historical tradition, given oral historical sources, methods of extracting historical and ethnographic data from them. Today, the involvement of materials of the historical tradition in parallel with other types of historical sources can give a more reliable interpretation of national history and seems relevant and scientifically important. The significance of data on Isatai occurring in historical dastane is of great importance. In this article was considered some periods of Isatai's life by historical materials of tradition. In dastan is given a characterization of his heroic image. Narrated by his heroic personality. The people knew Isatai as an orator. The statue is told of the Bokeyev's Orda Jangir government. The author has been accustomed to comparing the historical dastane and scientific research to determine the number and composition of the Bokeyev's Orda.

Key words: historical tradition, epic, historical songs, tradition, source, legends, national liberation movement, Isatai Taimanuly.

КІРІСПЕ

XIX ғасырдағы Кіші жүздегі Бөкей ордасында болған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілісінің әр алуан мәселелері ғылыми әдебиетте жан-жақты қарастырылды. Оны зерттеп, зерделеуге тарихшылар, әдебиетшілер мен фольклортанушылар, қоғамдық қауым да өз үлестерін қосты.

Екі батырдың да халықтың мұндай құрметі мен назарына ілінуіне Исатай мен Махамбеттің тұлға ретіндегі жеке бастарының қадір-қасиетіне, халық үшін жасаған ерлік істеріне байланысты болса керек. Ел аузында Исатай мен Махамбеттің өмір тарихына, ұрпақтарына, өздері басқарған көтерілістің оқиғаларына байланысты тарихи жыр-дастандар, әңгімелер баршылық. Солардың ішінде көлемі, тарихи оқиғаларды қамтуы жағынан ауқымдысы, әрі көркем жазылғаны ақын Ығылман Шөрековтің «Исатай – Махамбет» дастаны. Бұл туынды 1925 жылдан бері қарай бірнеше рет басылған.

«Исатай-Махамбет» дастанында Ығылман Шөреков Исатайдың халық үшін қызмет жасаған тұлға екендігін жырлайды:

Ағайынның арына
Қарындастың қамына
Қысқа күнде қырық шапқан,
Қысылғанның панасы

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, roza.aitbai@mail.ru

Асыл едің, Исатай,

Ер Тайманның баласы... (Шөреков, 1976: 22).

Ғылыми әдебиеттерде де Исатайға осындай баға берілген. А.Рязановтың 1927 жылы Орынборда жарық көрген «Исатай Тайманов көтерілісі» деп аталатын кітабында (бұл кітап 1996 ж. қазақ тіліне аударылды): «...Жастығына қарамастан старшын ретінде Исатай өз туыстары арасында үлкен беделге ие болып, Ордаға белгілі дәрежеде ықпалы жүрді. Өктем де ауыр мінезді, әрі еш адамға тәуелді емес, өзіндік ой-пікірі бар старшын Исатайдың қызмет мансабы әр қашан түзу бағытта болғанын көреміз.

Исатай батыр тек ғажайып ұйымдастырушы ғана емес, сондай-ақ ол ерекше ерліктің де символы! ...Исатай батыр секілді өзінің ерік-күшін соншалықты бағындыра алатын, жеңіске деген құштарлығын әмбеге аян еткен және сол үшін де өз басын құрбандыққа шалған қайсар – Арыстан айбатты, Жолбарыс жүректі адамды ешқашан көрген емеспіз. Исатай батыр өзін нақ осы қасиетімен танытты!»- деп оған жоғары баға берді (Рязанов, 1996:169-170).

Дастанда Исатайдың туған жері айқын аталған:

Туған жерін сұрасаң-

Жайықтың шығыс күн жағы.

Жаз жайлауын сұрасаң-

Өлеңті менен Шідерті,

Үшаңқаты, Борбастау-

Күз күзеуін сұрасаң-

Бұлдырты менен Жымпиты,

Қалдығайты Жақсыбай-

Балқашты сала мұндағы .

Қыс қыстауын сұрасаң-

Ойылда Қиыл, Жем, Сағыз,

Үйшіктен бергі қалың сор,

Қаракөл менен Қарабау,

Тайсойған, Бүйрек құмдағы (Шөреков, 1976: 23-24).

Исатай 1791 жылы туды. Туған жері Тайсойған құмы, кешегі Жанкелдин атындағы совхозға қарасты Тайман жалы бұйраты. Әкесі-Тайман, шешесінің есімі-Нағибала (қасқартып Нағима деп те атайды, руы Есентемір)...

Беріш тайпасының Жайық руына жататын бұл әулет Ағатай батырдан бастап өздерін Жайықтың бетке ұстар бір атасы санайды. Шежіресі :Жайықтан-Наурыз, Наурыздан-Тілеуке, Тілеукеден-Ағатай, Ағатайдан-Боқай, Боқайдан-Бегәлі, Бегәліден-Тайман, Тайманнан-Исатай (Сарай, 2004: 5,8). Исатайдың өмір тарихын жазған зерттеушілердің барлығы дерлік, оның туған жерін атағанда Ығылман ақынның дастанының жоғарыда келтірген үзіндісіне жүгінеді. Бұл дастанда берілген жер аттарының туралығын дәлелдейді.

Исатайдың жеке басының қасиеттері дастанда былай баяндалған:

Әділдігін сұрасаң-

Қастаспаған момынға

Жәбір-жапа қылмады.

Қайсарлығын сұрасаң-

Бөксе бұрып орнынан,

Хан келсе де қыңбады.

Сабырлығын сұрасаң-

Өз айтқанда аз сөйлеп,

Кісінің сөзін тыңдады.

Батырлығын сұрасаң

Қатерін тіккен дұшпанмен

Қан төгіспей тынбады (Шөреков, 1976: 23-24).

Халел Досмұхамедұлының «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» деген еңбегінде, «Халықтың аузындағы сөздерге қарағанда Исатайдың өз басының көпті ертетін қасиеттері болған.

Жауда жанын аямады. Жауласса қолдың алдында, қашса артында болды.

Исатай-нағыз батыр. Орынсыз мақтанның батыры емес, керек орынды батыр.

Исатай-би. Би ішінде көп сөйлемейтін сабырлы адам. Керек орында сөзге шешен. Исатайдың сөзіне ешкім шыдай алмайды.

Ораза, намазын тастамайтын Исатай –тақуа адам. Заманындағы көптің көзінде бұ да үлкен қасиет.

Алдау, арбау, қулық-сұмдықты Исатай білмейді. Ісінің бәрі әділдік, туралық»-деп батырдың қадір-қасиетін сипаттаған (Досмұхамедов, 1998: 54-55).

Дастанда бұдан әрі беріш руының белді адамдары, Исатай мен Махамбетпен қатар жүрген достары жайында айтылған.

Исатай мен Махамбет,
Тастемір, Дәрі, Балқы би,
Жайылған Қабыл, Жақсымбет
Өзі бүтін тұрғанда
Аздары көпке теңелген;
Қасына ерген қарашы-
Алашада Ырсалды,
Есенғұл, Үбі, Танатар,
Жау дегенде даяр боп,
Атганып қосы жөнелген;
Есенгелді, Қосқара
Қолына ұстап көк найза,
Көкірегіне жел енген;.. (Шөреков, 1976: 25).

Исатай Бөкей ордасында Жәңгір ханның тұсында өмір сүрген.:

Исатайдың тұсында
Бөкейден соң сайланған
Жәңгір деген ханы бар;
Хан деп айта тұрсам да
Білгендерге мәні бар;
Лауазымға керек Романға
Төлейтін тұрба басы даны бар; (Шөреков, 1976: 25).

Тарихнамада Жәңгір ханға тұлға ретінде әр түрлі баға берілген. Халал Досмұхамедұлының жазбасына сүйенсек, «Жәңгірдің заманында да ел мен ханның арасы айтқандай болып бөлінді.

Жәңгір Аштархан губернаторы Андреевский дегеннің қолында өсті. Орысша, арабша, парсыша заманынша жақсы тәрбие алды.

Өткен замандағы арабтың, қызылбастың, салтанатты «падишалар», орыстың Романынан шыққан айбарлы патшалары Жәңгірге үлгі болды. Қазақтың салты, қазақтың тұрмысы, әдеті, заңы туралы Жәңгірге тәрбиешілер, әрине, бір ауыз да сөз айтқан жоқ.

Жәңгір өзімшіл, патшашыл, орысшыл, діншіл болып, ел билеу туралы еш нәрсеге үйренбей, қазақтың жайында дым білмейтін болып шықты.

1824-ші жылы кәмлет жасқа жетіп хандықты қолына алған соң, Жәңгір ұяда көргенін іске асыра бастады. 1806-ншы жылы патшаның қазақтікі деп айтқан жерін Жәңгір өзімнің жерім деп түсінді. Қара халықтың жері ханның мүлкі деген пікірді жүргізді. 1806-ншы жылы патшаның қазақтікі деген жерінен төрт жүз мың десетине жақсы жерді ханның үлесі деп жарияланды. Қалған жерден бірқатар жақсы жерлерді айналасындағы туғандарына, төрелерге, жақындарына үлестірді. Өзіне жақпаған ауылдың, рудың жерін тартып алатын болды.», -деп жазды (Досмұхамедов, 1998: 36).

Академик М.Қозыбаев: «Хан тағына 1823-1824 жылы отырған Бөкейдің баласы Жәңгір хан өте күрделі тұлға. Оның өмірі ғажайып трагедиялық сыры бар қайшылықтарға толы. Ол біріншіден, патша әкімшілігінің толық қолдауына сүйене отырып, көшпенділерді отырықшыландырды, хуторла салдырды, қырда пішен шабу, ағаш отырғызу, мал тұқымын асылдандыру, мектептер мен мешіттер ашып, өзен шөбі бойында, Жайық бойында Кулагин қамалынан Гурьевке дейін Каспий теңізі бойында, Эльтон маңында көлемді сауда операцияларын жүргізді. Бұл жағынан алғанда ол өз заманынан озып туды. Екінші жағынан, Ішкі Ордада XIX ғ. екінші ширегінен бастап жер шонжарлар мен ауқатты шаруалар меншігіне берілді. ...Ханның туыскандары, сұлтандар, билер, ру басылары су мен құдықтары бар ірі өңірлерге ие болды. Қазақ жерін патшаға, оның шонжарларына үлестірді. Жер иелерінің иерархиясы қалыптасты. Жер сауданың, қиянат жасау мен жаулы істердің объектісіне айналды. Халықтың 1/3 бөлігі жерсіз қалды. Олардың көбі жерді көршілес орыс губернияларынан, Каспий балық кәсіпшілігі иелерінен арендаға алуға мәжбүр болды.

...Үшіншіден, Жәңгір ханның тұсында финанс, салық саясаты, жер басқару ханның қолына тиді. Россияның әскери отрядтарына сүйене отырып, Жәңгір хан жергілікті феодалдық-автономияларды жойды, дала демократиясы шектелді. Бүкіл билік түгелдей дерлік орталықта шоғырландырылды. Жергілікті феодалдардың сот праволары шектелді. Жәңгірдің аристократтық цивилизаторлық реформалары хандықты күшейтті, орталық бюрократиялық билік үлгісін орнатты. Отаршылдық күшейе түсті, Жәңгір дүре соғу жазасын, мемлекеттік алымдардың қатаң жүйесін енгізді, халыққа алым салу жүйесін қалыптастырды», - деп көрсеткен (Қозыбаев, 1994: 116-118).

Міне осылайша билік құрған Жәңгірдің кезі туралы ақын былай деп жырлайды:

Хан қаруы қазақтың;

Отыз мың үй саны бар.

Ересек болған есепте

Сексен мыңдай жаны бар; (Шөреков, 1976: 27).

«Исатай-Махамбет» жырының түсіндірмесінде, ақын Бөкей хандығының тұрғындарының санын асыра көрсеткен, саны жетпіс мыңнан аспайды делінген. А.Ф.Рязановтың еңбегінде: «1825 жылы Бөкей ордасындағы халықтың 10,5 мың киіз үйі болған да, оларда еркек – әйелін қосқанда 51 мың адам тұрған. Олар 5 млн. 600 мың десятина жайылымдық жерді иеленіп, қолдарына 51 мың бас түйе, 491 мың жылқы, 105 мың мүйізді ірі қара, 1 924 мың қой – ешкі, барлығы 2 572 мың бас мал ұстаған.

Сол есептің дерегі бойынша 1850 жылы халықтың 21 мың киіз үйі болған да, оларда екі жыныстан 100 мың адам тұрған, яғни бұл адам саны екі есе деген сөз. Жер өзгеріссіз қалды. Малдың саны: түйе – 60 мың, жылқы – 230 мың, сиыр – 250, ұсақ мал – 1 200 мың, барлығы 1825 жылғы 2 572 мың бастың орнына 1.960 мың ғана болды. Сөйтіп, халық саны 100 процентке өсті де, мал саны 27 процентке кеміп кетті» (Рязанов, 1996. 20-21). Кейінгі зерттеулерде, атап айтсақ И.Кенжалиннің еңбегінде құжат деректері негізінде мынадай мәлімет келтірген: «Ішкі хандықтың 1834 жылғы халқының санын Жәңгір хан ру бойынша ...Байұлы рулары: 1. Алаша -1700 шаңырақ; 2. Адай-700; 3. Байбақты - 1980; 4. Беріш - 3600; 5. Жаппас -850; 6. Есентемір- 350; 7. Масқар - 320; 8. Шеркеш - 2000; Қызылқұрт- 650; 10. Таз - 200; 11. Ысық - 600; 12. Тана-850.

Жеті ру, т.б. 13. Кете- 400; 14. Табын-350; 15. Тама -400; 16. Кердері -400. Сұлтан, қожалар 200; ноғай-қазақ 620; Төлеңгіт -400. Барлығы - 16570 шаңырақ немесе әрқайсысында 6 жаннан бар деп есептеп -99 420 адам болды» (Кенжалиев, 1991: 32-33).

Ендеше Ығылман Шөрековтің «сексен мыңдай жаны бар» деген мәліметін дұрыс деп есептеуге де болады.

Үй басына мал санап,

Зекет түгел алынар;

Хан салығы сол болып,

Қазынаға салынар;

Он екі уәзір орнына

Әр руға би қойған.

Әдет-ғұрпы,

Заңы бар.

Дін ықтияр берілген

Мекемелі, муфтилі

Шарғымен жанған шамы бар (Шөреков, 1976: 27-26).

Жәңгір хан қалың шаруаларға алым – салықтың да неше бір түрін шығарып, жалпы санын 20-ға жеткізді делінеді. Соның ішінде бастылары : соғым, зекет, пітір, құшыр, т.б. Соғым ханға, оның қонақтарына қарауындағы әр үйден берілетін үлесі, ол соғым сұлтандарға да төленеді. Оның мөлшері әр кезде әр түрлі. Мысалы, 15 үйден 1 сиыр, не 40 сом ақша, сөйтіп бір жылда 10 000 сом ақша жинаған. Салық жинаушы өз құлқына да керегін алып қалады. Сонымен бірге соғым салығынан би, старшина, сұлтан, хан – әрқайсысы өз үлестерін алатын болды. Ал зекет, Жәңгірдің мәлімдеуінше 40 қойдан – 1 қой. Бірақ бұл да әр түрлі. Байлардан 100 – 120 қойдан 1 қой алған. Бес түйеден 1 қой, отыз сиырдан – бір өгіз, не қашар, 60 сиырдан екеу, т.б. Сөйтіп, 1836 жылы Хан елден зекет деп 18 000 қой, 800 өгіз, 1 000 жылқы, 700 түйе жинап алған [Кенжалиев, 1991: 40).

Жәңгір хан 1828 жылы Орданың 12 ақсақалынан өз жанына Хан Кеңесін (Алқа) құрды. Оған он екі ата Байұлының әр руынан 12 би сайланды. Осы орайда ұзақ жылдар Хан Кеңесінің мүшесі болғандарды атап өткеннің артығы жоқ: Алтай Досмұхамедұлы (Алаша), Құдайберген Кенжібайұлы (Тана), Бос Боздақұлы (Кете), Құлжан Мойнақұлы (Жаппас), Мүсіреп Айдаболұлы (Шеркеш), 1839

жылдан Шолтыр Бекмұхамедұлы, Шор Қидайұлы (Масқар), Жантөре Ақтанұлы(Ысык), Жұбаныш Айтуғанұлы (Қызылқұрт), Балқы Құдайбергенұлы (Беріш). Осы сыязда Хан Кеңесі жанында ханның жарлығымен бекітілген 12 старшын қызмет атқаратын болып келісілді. Сөйтіп, билік бөлісілді (Сарай, 2004: 29-30).

Жәңгір хан өзінің 12 биін ұстауға, хатшыларын, молдаларын, атшабарларын, тілмаштарын асырау үшін елден алым – салық жинаған. Сонымен қатар, ханның Петербургке баратын кезінде бар шығыны елден болды. Сондай-ақ шаруалардан әр қашан көлік жинап немесе түрлі жұмыстарды тегін істеуге зорлаған. Елден түрлі сылтаумен киіз, жүн, былғары, пішен жинау да болған. 1836 жылы хан 500 киіз жинап алған. Каспий жағалауындағы әр шаруадан 5 пұттан жабағы жүн жинаған. Сол секілді әрбір шаруа бір жаққа бару үшін рұқсат қағаз – билетке 15 тиын күмістей төлеуі тиіс. Ол ақшалар көлік, арбаны, пішенді сол почтаға жақын ауылдар беруге міндетті болды. Мұның үстіне сұлтандар, байлар, старшиналар күш көрсетіп шаруалардан өздеріне ұнаған көлігін, дүниесін тартып әкетулері жиі болған (Кенжалиев, 1991: 40-41).

Сонымен Жәңгір «Елді ноғай мүфтиіне, ноғайдың мекеме шарғиясына бағындырды. Әдет орнына шарифат жүрді». «Указ» деген молдалар шықты. Садақа, підия, ғұшыр, пітір, тағы басқа түрлі елге дін салығы түсті. Жесір дауы, жер дауы секілді қазақтың нағыз әдетпен шешілетін өз ара істері шарифат бойынша тергеле бастады. Молдалар да дегендей әділ бола алмады, арасында жемқорлары, бұзықтары болды. Жаңа да молдалардың көбі, әсіресе әуелгі уақытта қазақтың әдет – ғұрпын білмейтін ноғай, естек, мешер, тептер, сарт секілді келімсектерден болды» (Досмұхамедов, 1998: 40). Исатай Жәңгірдің халық арасында жүргізген осындай әрекеттеріне қарсы бола бастайды. Тарихтан белгілі, Жәңгірдің қайын атасы Қарауылқожаның халыққа қарсы саясаты да Исатайдың ашу-ызасын тудырып, Жәңгірмен арасын суытады. Хан Исатайды кемсіту үшін беріш руынан халық қалаған Исатайдың орнына Балқы биді сайлайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазақтың тарих айту дәстүрінің туындыларының бірі тарихи дастанда қазақтың өткен тарихы жайлы мәліметтер көптеп кездеседі. Соның ішінде ХІХ ғасырдағы ұлт-азаттық көтерілісінің көрнекті өкілі Исатай Тайманұлының өміріне қатысты мағлұматтар кездеседі. Бұл шығармаларда қарапайым халықтың ұлы атанған Исатай батыр өзінің бүкіл қасиетті өмірін осынау шаруа халықтың бостандығы жолына құрбан еткен, ешқандай сынақта, ешқандай жеке басының қайғы-қасіреті де оның болаттай берік, мұқалмас күш-жігерін жасыта алмағанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шөреков Ығылман. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976.
2. Рязанов А. Исатай Тайманов көтерілісі. – Алматы, 1996.
3. Сарай Ә. Исатай Тайманұлы //Исатай Тайманұлы. - Алматы, 2004.
4. Досмұхамедов Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат// Таңдамалы шығармалары. –Алматы, 1998.
5. Қозыбаев М. Исатай туралы сөз// Жауды шаптым ту байлап. Алматы, 1994.
6. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. - Алматы, 1991.

ORTA ASYA'DA ÇİN'İN İPEK YOLU PROJESİNİN ÖNEMİ: BÖLGE EKONOMİSİNİN GELİŞMESİNDEKİ ZORLUKLAR VE FIRSATLAR

Kasimu MAIMAITIAILI*

Özet:

Çin'i Avrasya'nın geniş piyasasına bağlamayı amaçlayan İpek Yolu projesi 21. Yüzyıldaki dünyanın en büyük projelerindendir. Özel coğrafik konumuyla Doğu ve Batı arasında köprü konumunda olan ve İpek Yolunun merkezinde yer alan Kazakistan, Kırgızistan, Tacikistan, Özbekistan ve Türkmenistan'dan oluşan Orta Asya stratejik öneme sahiptir. Bu çalışmanın amacı sayısal ve nitel veriler analizi yaparak asırlardır sömürge altında kapalı ve geride bırakılmış, kara ile çevrili, Sovyetlerin dağılmasıyla bağımsızlığı elde etmiş Orta Asya ülkeleri yeni asırda Çin'in ileri sürdüğü İpek Yolu projesiyle dünya piyasasına açılma ve kendini geliştirme fırsatlarını değerlendirmektir. Diğer yandan, Rusya, Çin, Amerika vb. büyük güçlerin bölgeye olan rekabetinin ve ilgisinin artmış olması, bölgede mevcut olan siyasi, iktisadi ve yasama kurumlarının güvenli olmaması, dolayısıyla beraberinde bölge ülkeleri için stratejik riskleri de getirebileceği açıklanmıştır. İpek Yolu projesinin Orta Asya bölgesi için önemi ve onun bölge için nasıl sonuçlar getireceği bölge ülkelerinin mevcut durumu iyi değerlendirilerek zorlukların üstesinden gelebilmesi, fırsatları kendi çıkarlarına göre değerlendirebilme ve kendi geleceğine yön verebilme yeteneğine bağlı olabileceği tartışılmıştır.

Anahtar Kelimeler: Orta Asya, İpek Yolu Ekonomik Kuşağı, Çin, iktisadi gelişme.

CHINESE LED SILK ROAD PROJECT AND ITS IMPORTANCE TO CENTRAL ASIA: CHALLENGES AND OPPORTUNITIES ON THE DEVELOPMENTS OF THE REGIONAL ECONOMY

Abstract:

The Silk Road project, which aims to link China to the wider markets of Eurasia, is the world's largest project in the 21st century. Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Uzbekistan and Turkmenistan are located in Central Asia, which are positioned at the center of the Silk Road as a bridge between East and West due to its special geographical location. In this paper using quantitative and qualitative analysis to evaluate Central Asian countries, which were closed and economically backward for centuries under the colonies of Moscow. These landlocked countries became independent after the dissolution of the Soviet Union and soon gained an opportunity to open up to the world market and improve themselves in the 21st century with the Silk Road project which China has put forward. On the one hand, Russia, China, America and other great powers are began to increase their interest and competition to the region. On the other hand the lack of perfect political, economic and legislative institutions in the region have also brought strategic risks for the countries of the region. At the end, to evaluate its significance of the Silk Road project for the Central Asian region mostly depend on how these countries are able to evaluate current situations, overcome difficulties and transform opportunities to their advantages of future developments.

Keywords: Central Asia, Silk Road Economic Belt, China, Economic Development.

GİRİŞ

On dokuzuncu yüzyılda Rusya egemenliğine tabii olan, sonra Sovyet yönetiminde kalmış Orta Asya ülkeleri asırlar siyasi, iktisadi ve güvenlik açıdan Moskova etkisinde kalmıştır. Orta Asya ülkeleri 1991'de Sovyetlerin parçalanmasıyla bağımsızlıklarını kazandıkça, Çin'i içine alan yabancı ülkelerle karşılıklı olarak avantajlı ekonomik işbirliği yapabilmesi için bir kez daha büyük fırsatlar ortaya çıkmıştır (Vladimir Paranov, 2005: 2). Çin'in kara ve deniz yollarından oluşan stratejik konuma sahip İpek Yolu projesini 2013 yılında ortaya koyması, Orta Asya ile Çin ilişkilerinde yeni bir dönüşüm noktası olmuştur. Projeye Çin kendi piyasasını Batı ve Avrasya'yı içeren geniş dünyaya bağlamakla enerji güvenliğini garanti etmek ve enerji kaynağını çeşitlendirmek istemiştir (Wei Zongyou, 2018: 114). Bol enerji kaynaklarına ve stratejik coğrafi konuma sahip olan Orta Asya ise, Çin'in projesinin gerçekleşmesi açısından hayati önem taşıyacaktır.

Orta Asya'nın bol enerji kaynakları ile Çin'in hızlı gelişmekte olan iktisadına gerekli enerji ihtiyacı, bölgenin geride kalmış altyapı, ulaşım ve iktisadi ile Çin'in sahip olduğu finansal, teknoloji avantajları

*Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Avrasya Araştırmaları Anabilim Dalı Doktora öğrencisi, kashgar16@gmail.com

arasında birbirini bütünüleyici özelliklere sahip olması ilişkilerin gelişmesine avantaj sağlamıştır. Ama bölgedeki geleneksel etki sahibi olan Rusya ile başka dış ülkelerden Amerika, Avrupa ve Hindistan gibi büyük güçlerin Orta Asya'ya olan ilgisi de artmaktadır ve onların bölgeye stratejik yaklaşımlarında farklılıklar mevcuttur. Bu bölge için geniş dünya piyasasına açılma, ikili ilişkilerini ve ekonomilerini geliştirme fırsatı tatmin etmek gibi avantaj getirmiştir. Lakin büyük güçlerle olan arasındaki menfaat ilişkilerini çözerek kendi çıkarlarını korumasında bölgedeki zayıf ülkelere zorlukları da bünyesinde getirmiştir. Bu çalışmada, ilk olarak bağımsızlık sonrası Orta Asya ülkelerinin iktisadi durumu, izlediği ekonomik politikaları ve onun etkileri, gelişme süreçleri ele alınacaktır. Sonra, Çin'in ortaya koyduğu İpek Yolu projesi ve Orta Asya'nın bu projede nasıl bir konuma sahip olduğu; en sonunda Orta Asya ülkelerinin açısından Çin'in projesinin ne anlama geldiği, onun bölge ülkelerine getirebileceği olumlu ve olumsuz ekonomik vb. sonuçların nasıl değerlendirilebilmesi tartışılır.

1. BAĞIMSIZLIK SONRASI ORTA ASYA EKONOMİK GELİŞİMİ

Kazakistan, Kırgızistan, Tacikistan, Özbekistan ve Türkmenistan Orta Asya devletleridir. Orta Asya, birçok değerli kaynaklara sahip olmasına rağmen aynı zamanda gelişmesinde birçok zorluklarla karşı karşıya olan bir bölgedir (Roman Mogilevskii, 2012:6). Orta Asya devletlerinin yerleşim alanı Hindistan'dan büyük olmasına rağmen nüfusu öyle büyük değildir ve 2018 yılındaki toplam nüfusu sadece 71,8 milyondur (worldpopulationreview:2018). Orta Asya'daki devletler topraklarının genişliğine karşılık nüfus oranlarının düşük olması gibi demografik olumsuz etkenlerle karşı karşıya kalmakla beraber altyapı ve ulaşımın yetersiz olması, düşük iktisadi performans düzeyi, yönetimin mükemmel olmaması bölge iktisadının kalkınmasını olumsuz etkileyici nedenlerden sayılır.

Coğrafi konumunun kara ile çevrili denizden uzak olması Orta Asya devletlerinin iktisadını geniş dünya piyasasına açmalarını zorlaştırmıştır. İktisadi, siyasi ve güvenlik durumlarının zayıf olmasına karşılık çok kalabalık nüfusa sahip büyük ve güçlü devletlerle komşu olması bu devletlerin geleceğiyle ilgili güvenlik tehdidini de beraber taşımıştır. Bu onların 1991 yılında Sovyetlerin parçalanmasıyla bağımsızlıklarını elde etmesinden önce, İngiltere ve Rusya gibi güçlü devletlerin etki alanlarını genişletmek amacıyla Asya'da yaptığı büyük oyunun kurbanları olması ve buna benzer senaryoların bölgede tekrar yapılma korkusundan doğmuştur. Asırlar devam eden Rusya sömürgeciliğinde Orta Asya cumhuriyetleri Moskova'nın ham madde üretim alanına dönüştürülmüştür. Modern iktisat kurumlarını ve sanayisini geliştirme imkânına sahip olamamış, sınırları suni bir şekilde ayarlanmış ve bu cumhuriyetlere Sovyet'ten geribırakılmış iktisat, fakirlik ve istikrarsızlık miras kalmıştır.

Sovyet yönetiminde bölge iktisadı, tarımsal ürünler ve doğal kaynaklar gibi Sovyet sanayisine gerekli ham madde üretimine dayalı olmuştur. İktisadi faaliyetler hükümet kontrolünde olarak özel sektör kısıtlanmıştır. Tarımsal alanda pamuk üretimi önem kazanmıştır. Bağımsızlıklarını kazandıktan sonra Orta Asya devletlerinin tarımsal üretime yönelik politikaları farklı olmuştur. Bölgedeki en büyük pamuk üretici ülke olan Özbekistan bağımsızlıktan sonra Sovyet tarzı kolektif üretimi ortadan kaldırmaya yönelik politikalar izlemişse de pamuk tedarikinde devlet kontrolünü elinde tutmuştur. Türkmenistan da Özbekistan'a benzer politika takip etmiştir, Tacikistan ise dalgalı devlet kontrolü uygulamıştır. Kazakistan ve Kırgızistan pamuk üretimindeki devlet kontrolünü ortadan kaldırmıştır (Deniz Kandiyoti, 2007:2).

Bağımsızlık sonrası Orta Asya devletleri için komünist planlama iktisadından piyasa iktisadına geçiş yapmayı gerçekleştirmek en büyük sorunlarından biri olmuştur. Sovyetler Birliği'nin son dönemlerinde ortaya çıkan iktisadi kriz bağımsızlık sonrası Orta Asya devletlerini etkilemeye devam etmiştir. Enflasyonun yükselmesi halkın gerçek gelir düzeyini azaltmıştır. Sovyet döneminde yerli hükümet harcamalarını Merkezi hükümetten alma desteği Sovyet Birliğinin dağılmasıyla yok olmuş ve bu yeni bağımsız olan hükümetlerin iktisadi durumunu daha da zorlaştırmıştır. Kara ile çevrili olması, bağımsızlık öncesi ulaşım ağlarının, iktisadi faaliyetlerinin Moskova'ya bağımlı olması bağımsızlıktan sonraki ülke iktisadının sağlam gelişmesi için büyük sorunlar getirmiştir.

Bölge iktisadının Moskova'ya bağımlı olması siyasi bağımsızlığını elde etmiş yeni cumhuriyetlere iktisadi bağımsızlık bahşetmede zayıf düşmüştür. Moskova yönetiminin Sovyet Birliğine üye cumhuriyetlerin iktisadi faaliyetlerini birbirine bağımlı olarak düzenlemesi, dış ticaretlerin merkezi yönetim tarafından tek elden yapılması Orta Asya cumhuriyetlerinin dış dünya ile olan ticari ve ulaşım ağlarının gelişmesini ilkel düzeyde bırakmıştır. Bunun gibi nedenlerden dolayı bağımsız olduktan sonra iktisadını geliştirmede zorluklar yaşamış ve yaşam standartlarını yükseltmede çok başarılı olamamıştır.

Türkmenistan	84
Özbekistan	103
Kazakistan	78
Kırgızistan	69
Tacikistan	52

Tablo 1.1. Bağımsız Orta Asya devletlerinin 2001'deki Gerçek GSYİH''nin 1989 yılındaki Sovyetler Birliği döneminin yüzdesi (Spoorv.d.,2005:4).

Tablada görüldüğü gibi Özbekistan hariç tüm Orta Asya ülkelerinin gelir düzeyi Sovyet Birliğinin son dönemlerindeki yani 1989 yılındaki gelir düzeyinden aşağıdır. Bağımsızlık elde ettikten sonra bu cumhuriyetlerin ekonomileri gelişmekten ziyade gerilemiştir. Bunun nedenleri Sovyet döneminde uygulanan iktisat politikalarının bağımsızlıktan sonra bu devletleriniktisadındaolumsuz etkilerinin devam etmesi, Orta Asya'nın denize kıyısı olmaması ve bu bölgenin demografik konumu sebep olarak gösterilebilir. Ama bunların hiç biri bu devletlerde yaşanan gerilim ve gelişmedeki başarısızlığacevap verebilmek için yeterli değildir.

Bağımsızlıktan sonra Orta Asya devletlerinde Sovyet modeli planlı iktisattan piyasa iktisadına geçiş için farklı stratejiler kullanılmıştır ve ülkelerin uyguladığı siyasetler de değişik düzeyde seyretmiştir. Ama bölgedeki hiçbir ülke iktisadi kurumlarında kökten reform yapmada başarılı olamamıştır. Sovyetlerin dağılması aniden olması ve Orta Asya ülkelerinin tesadüfen elde ettiği bağımsız devletin inşası ve onun geleceğine yön verme konusunda hazırlıkları yetersiz acil hükümetler teşkil edilmiştir. Yöneticiler normalde eski Sovyet kadrolarından olduğundan sahip olduğu zihniyet modern kapitalizm ve piyasa iktisadına yabancıdır.Liderlerin bilgi ve yetenek açısından yetersizlikleri ülkelerinin geleceği için doğru ve etkileyici politikalar üreterek mevcut olduğu zor durumdan ülkeyi hızlı kurtarmaya ortam hazırlayamamıştır.

Orta Asya liderleri bağımsızlık sonrası ilk yıllarda kişisel iktidarlarını pekiştirmek ve süper başkanlık rejimlerini yaratmak için uğraşmış ve kendilerini yasanın üzerinde koymuştur. Bunlardan sadece Tacikistan'da iç savaşın patlak vermesi yüzünden lider değişikliği yaşanmıştır(Richard Pomfret,2009:2).Hükümetin etkileyici politikalar uygulayarak sosyal düzeni koruyamaması ve iktidar mücadeleleri Tacikistan'da iç savaşın patlak vermesine neden olup bu ülkede iktisadi reformun yapılmasına olumsuz etki yapmıştır. Bu yüzden Tacikistan'ın gelir düzeyi Orta Asya ülkeleri arasında en düşük seviyede kalmıştır.

Diğer devletlerde yönetim değişikliği olmasa bile liderlerin şahsi çıkarlarını ön plana çıkarmaları ile otokrasiye meyilli siyaset yapmaları toplumda adaleti, eşitliği ve normları gözetmede yetersiz kalmalarına sebep olmuştur. Kendi yakınlarına ve taraftarlarına öncelik tanınması, kapsayıcı politikalar üreterek ülkedeki farklı toplumlar arasında barış ve dayanışmayı korumak yerine ülkede yerel kabilecilikten millet yaratma gibi gerçekçi olmayan eğilimlerin yaşanması toplumlar arasında huzuru bozmaya yol açmıştır.Yöneticilerin devletin güvenliğini, iktisadın kalkınması, yönetim, yasama ve iktisadi kurumların iyileştirilmesi, bilgi üretimi vb. hayati öneme sahip işlerle ilgilenmek yerine kendi mevkiine münasip olmayan boş işlerle uğraşması devlet içinde yeteneklerin israfına ve petrolden daha değerli olan beyin güçlerinin dışarıya akmasına yol açması yanında bölgesel işbirliği ve bütünleşmeyi gerçekleştirmeye engel oluşturmuştur.

Ülkelerdeki etnik farklılıkların üst kurumlar tarafından alevlendirilmesiKırgızistan'da Kırgız ve Özbek halkı arasında yaşandığı gibi toplumlar arasındaki çatışmalara neden olmuştur. Böyle olaylar sadece ülkenin güvenliği ve gelişmesini olumsuz etkilemekle kalmamış bölgedeki diğer ülkeler ile olan ilişkileri de zedelemiştir. Bölge iktisadının gelişmesi ülkeler arasındaki dayanışmayı gerektirdiğinden onlar arasında yaşanan herhangi bir diplomatik arıza ya da çatışma diğerlerini de etkilemiştir. Halbuki ülkeler arasındaki ortak çıkarları iyi gözetmek herkesin yararına.

	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000	2001
Kazakistan	-2.9	-9.2	-12.6	-8.2	0.5	1.7	-1.9	2.7	9.6	13.2
Özbekistan	-11.1	-2.3	-4.2	-0.9	1.6	2.5	4.4	4.1	4.0	4.5
Kırgızistan	-19.0	-16.0	-20.1	-5.4	7.1	9.9	2.1	3.7	8.3	10.2
Tacikistan	-29.0	-11.0	-18.9	-12.5	-4.4	1.7	5.3	3.7	8.3	10.2
Türkmenistan	-5.3	-10.0	-17.3	-7.2	-6.7	-11.3	5.0	16.0	17.2	12.0
Orta Asya	-17.3	-12.7	-14.1	-5.0	-3.4	1.0	-3.7	4.5	7.9	5.9

Tablo 1.2. Orta Asya'daki beş ülkenin 1991-2001 arasında milli gelirindeki değişme ve ortalaması (Sporv.d.,2005:6).

Orta Asya ülkelerinin iktisadi bağımsızlık sonrası ilk on yılında gerilimler yaşanmıştır ve yeni asrın arifesinde toparlanmaya başlamıştır. Bağımsızlığın önceki yıllarında hükümetlerin iktisattan daha fazla sosyal düzeni ve kendi emniyetini korumayı ön plana çıkarması ve Sovyet'in parçalanmasının bölgeye getirdiği şokların olumsuz etkisinin iktisadın gerilemesinde belirli etkisi olmuştur. 1997 yılında Tacikistan iç savaşının sona ermesi ve ülkede barışın sağlanması, diğer devletlerde de yönetim kurumlarının belli düzeyde pekiştirilmesi bölge iktisadının krizden kurtulmasına kolaylık sağlamıştır. 1999 yılındaki Amerika, Çin ve Avrupa Birliğinin pamuk sübvansiyonların ortadan kaldırılması pamuğun dünya piyasasındaki fiyatını yüzde 18 artırmıştır(Deniz Kandiyoti,2007:41). Bu pamuk üretici ve ihracat edici Orta Asya ülkelerinin milli gelirlerinin artmasına katkı sağlamıştır. Diğer yandan Çin ve Hindistan gibi Asya ülkelerinin hızlı gelişmesiyle ortaya çıkan enerji ihtiyaçlarındaki artış ve petrol fiyatlarındaki yükselme bol enerji kaynaklarına sahip olan bu bölge iktisadına olumlu etkiler yapmıştır.

Ülke	İhracat (Milli Gelirin %) 2008 2009	Önemli İhracat Ürünleri
Kazakistan	5742	Petrol ve petrol ürünleri% 59, demir içeren metaller% 19, kimyasallar% 5, makineler% 3, tahıl, yün, kömür, et...
Özbekistan	4436	Enerji ürünleri, pamuk, altın, mineral gübreler, demir ve demir dışı metaller, tekstil ürünleri, gıda ürünleri, makineler, otomobiller
Kırgızistan	5650	Pamuk, yün, et, tütün; altın, cıva, uranyum, doğal gaz, hidroelektrik; makine; ayakkabı
Türkmenistan	7376	Gaz, ham petrol, petrokimya, tekstil, pamuk
Tacikistan	1713	Alüminyum, elektrik, pamuk, meyve, bitkisel yağ, tekstil

Tablo 1.3. Orta Asya ülkelerinin 2008 ve 2009 yıllarında ihraç ettiği önemli ürünler (The Library of Congress,2014)

Orta Asya ülkelerinin 2008 ve 2009 yıllarında ihraç ettiği önemli ürünler Tablo 1.3'te gösterildiği gibi olup maden, doğal kaynak ve tarımsal ürünler ağırlıklıdır. Tacikistan'dan başka ülkelerde ihracatın milli gelirdeki oranı yüksektir. Türkmenistan'da bu oran %76'ya bile ulaşmış durumdadır. İktisadi strateji geliştirmekle yetkili olan ülke yöneticileri iktisat politika uygulamada büyük yanlışlıklar yapmıştır. Kanada ve Norveç gibi büyük enerji üretici ülkelerin enerjiden elde ettiği karları ülkenin geleceğine yatırım yaparak sanayileşmiş ve modern iktisat düzeyine ulaşmış başarılı iktisatları örnek alınmamıştır. Aksine, petrol ve doğal gaz zengini Körfez ülkelerinin izlediği modern sanayi ve iktisat yapısına öncülük etmek yerine enerji ihracatına dayalı olarak geliştirilmiş iktisat modelini takip etmiştir. Doğal kaynakları, ülke zenginliğinin artırılmasındaki avantaj ya da araç değil zenginliğin kendisi olarak tanımlamıştır. Bu nedenle petrol zengini

Arap devletlerinde olduğu gibi ülke modern sanayiden yoksun ve milli geliri doğal kaynakların uluslararası piyasadaki arz ve talebine bağlı, fiyatların da belirsiz olduğu bir güvensiz iktisat yapısı ortaya çıkmıştır.

2013 yılında Kazakistan'ın milli geliri 243.7 milyar dolara ulaşmış ve 2015 yılında ise petrol fiyatının düşmesiyle 184.4 milyar dolara gerilemiş, 2016'da daha da gerilerek 133.7 milyar olmuştur; Türkmenistan ve Özbekistan iktisadi büyümeye devam etmiştir. Bu daonların Kazakistan'ın petrol üretimine daha çok bağımlı olmasına karşılık diğer doğal kaynaklara dayalı olmasındandır(TaiheZhiku, 2018:4).Petrol sektörü Kazakistan milli gelirinin yaklaşık yüzde otuzunu ve ihracattaki kazancının yarısından fazlasını oluşturur(Michael P. Barry,2009:44).Bölgedeki en zayıf iktisada sahip olan Kırgızistan ve Tacikistan diğerleri gibi petrol ve doğal gaz zengini değildir. Onların iktisadi petrol ve doğal gaz dışı diğer madenler, tarımsal üretim ve işçi ihracatına dayalı iktisat yapısına sahiptir ve onlar da bölgedeki diğer ülkelerle yirmi birinci yüzyılda olmasına rağmen yirminci yılın bilgi, teknoloji ve sanayisinden bile yoksun kaderi paylaşmıştır.

Petrol ve doğalgaza sahibi bu ülkelerde, zenginliğin asıl kalıcı kaynağı olan insan gücüne ve toprakların işlenmesine; fertlerin bilgi, ustalık kabiliyetlerinin yükselmesine yatırım yaparak üretimin çeşitlenmesi ve üretim şekillerinin modernleşmesine yeterince ilgi gösterilmemiştir. Bu da yakın dönemlerde petrol fiyatların düşmesiyle körfez ülkeleri başta olmak üzere Orta Asya ülkelerinin milli gelirlerinin belli derecede gerileyip iktisadi zorluklarla baş başa kalmasına sebep olmuştur. Bu zorluklar, onların takip ettiği yanlış iktisat politikalarından ortaya çıkan bir sonuçtur. Geleneksel üretim şeklinin çağdaş üretim güçleri karşısındaki yenilgisinin de bir göstergesidir.

2. ORTA ASYA'NIN ÇİN'İN İPEK YOLU PROJESİNDEKİ KONUMU

Orta Asya asırlardır Rusya etkisi altında kalmış ve bu bölgedeki iktisadi ve güvenlik açısından söz sahibi Moskova olarak devam etmiştir. 1991 yılında Sovyetlerin parçalanması ve bu bölgedeki eski Sovyet cumhuriyetlerinin bağımsızlığını elde etmesi yeni bir dönüşüm noktası olmuştur. Orta Asya devletleri başka devletlerle siyasi, iktisadi ilişkilerini geliştirme şansı elde etmiştir. Çin, Avrupa, Amerika ve Hindistan gibi dünyanın çeşitli ülkelerinin bölgeyle irtibatlarının artması ve ilişkilerinin gelişmesiyle Rusya artık bu bölgede tek başına söz sahibi olmaktan gitgide uzaklaşmaya başlamıştır.

Çin geçen asrın son çeyreğinde DengXiaoping'in başlattığı ekonomik reformun etkisiyle iktisadi büyümede olağanüstü başarılar elde etmiştir. Birkaç on yıl içinde geride kalmış üçüncü dünya ülkesi olmaktan çıkmış modern bir sanayi yapısına sahip olmuş dünyanın ikinci büyük ekonomisi durumuna yükselmiştir.Çin'in yükselmesi onun dünya genelindeki etkisini de artırmıştır. Komşu bölge Orta Asya ise yakın dönemlerde Çin için öneminin gitgide arttığı ve iktisadi ilişkilerinin hızlı yükselmekte olduğu alanlardandır. Çin başkanı XiJinping 2013 yılında, ilk olarak Kazakistan'daki konuşmasında Avrasya bölgesinde daha yakın ekonomik bağlar kurmak, işbirliğini derinleştirmek ve gelişmeyi sürdürme fikrini içeren“İpek Yolu Ekonomik Kuşağı” vizyonunu dile getirmiştir(Thomas Zimmerman,2015: 6). Projenin ilk olarak Kazakistan'da dile getirilmesi Çin'in batıya açılmasındaki kapı konumunda olan Orta Asya bölgesinin çok hayati öneme sahip olmasındandır.

İpek Yolu projesi kara ve deniz yolundan oluşmuş altmıştan fazla devleti kapsayan Çin ile Avrasya bölgeleri arasındaki yeni ulaşım ve altyapıyı geliştirmek için bir trilyon yatırım vaat edilen Çin'in şimdiye kadar ileri sürdüğü en pahalı ve geniş kapsamlı inisiyatiftir; onun başarısında Orta Asya anahtar rol üstlenecektir(International CrisisGroup, 2017:2).Orta Asya bölgesi sadece Çin'in ihtiyaçlı olduğu petrol ve doğal gaz gibi bol doğal kaynaklar açısından değil, aynı zamanda Çin'in batıya açılmasındaki kilit ve Çin'i Avrupa'ya bağlayacak köprü olmasındandır. Bölge Pakistan Çin iktisat koridoru ile birlikte Çin'in batıya açılmasını sağlayacaktır.

Orta Asya ülkeleriyle ilişkilerin geliştirilmesi ve bu bölge piyasasının açılması Çin için stratejik öneme sahiptir. Çin'in batıya açılması, orta ve batı bölgelerinin iktisadının gelişmesi ve bölge istikrarının korunması bunların başında gelir. Ama bölgedeki ülkelerin durumlarında farklılıklar olduğundan ve genel olarak bölgeye yatırım yapmada ülkelerin siyasi ve yasama kurumlarının sağlıklı olmaması gibi sorunları dikkate almak gerekir.Yurt içi yatırım yapma ortamında birçok problemlerin mevcut olması üstesinden gelinmesi gereken diğer bir sorundur. Yatırım yapmaya kolaylık sağlamak ve yatırıma elverişli ortam hazırlamak için İpek Yolu projesinin gerçekleştirilmesi derin bir anlama sahiptir(Ding Zhigang ve PanXingyu,2017:53-54).

Çin ve Orta Asya ülkeleri arasındaki birbirini tamamlayıcı özelliklerin mevcut olması ikili ilişkilerin geliştirilmesine kolaylık sağlar. Çin büyük ve hızlı gelişmeye devam eden iktisadi, kalabalık demografik yapısı ve bir de geniş alanlara sahip olmasıyla dev bir piyasa yapısına sahiptir.Orta Asya ise geniş toprak alanına sahip olmasına rağmen nüfusu az ve piyasası sınırlıdır.Bölgenin gelişmişlik düzeyi kısıtlı olup,iktisadi kurulmasında doğal kaynak, tarımsal ürün gibi işlenmemiş ürünleri ihraç ederek hazır sanayi ürünlerinin ithal etmeye dayalı yapıya sahiptir. Bu açıdan Çin, Orta Asya ülkeleriyle ikili ilişkilerini

geliřtirmede çok avantaja sahiptir. Kendi sanayisine gerekli olan petrol, dođal gaz ve bařka madenlerle tarımsal ürünleri ithal ederek Orta Asya ülkelerinin piyasasını tatmin etmekle beraber onların ihtiyaçlı olduđu sanayi ürünleri satın alabilecekleri bir seçenektir.Çin'in çok kalabalık nüfusa sahip olması ve Orta Asya'nın geniş tarım alanına sahip olması, Çin'in ileri tarım teknolojisi ve gelişmiş üretim şekli, bundan bařka iki bölge arasındaki tarımsal ürünlerin çeřitlerindeki farklılıklar da birbirini tamamlayıcı özellik taşıır(YuShuang,2017:112).

Bađımsız Orta Asya ülkeleriyle Çin, ilişkilerini geliřtirmeye önem vermiştir. Büyük yollar, demiryolları, hava taşımacılıđı, iletişim, petrol ve gaz boru hatlarından oluşan iletişim ađları iki bölgeyi birbirine bađlamıştır. 2012 yılında, Çin'in beř Orta Asya ülkesiyle ticareti 46 milyar ABD dolarına ulařarak 1992 yılındakinden 100 kat artmıştır(BernardoMariani,2013:1). İpek Yolu projesiyle bölgeye yönelik Çin'in yaptıđı yatırım ve ilgi daha artmıştır. Çin günümüzde Orta Asya'daki en önemli yabancı kredi kaynađı, ekonomik aktör ve yabancı yatırım kaynađı durumundadır. 2015 yılında Rusya bařta olmak üzere eski Sovyetler Birliđi cumhuriyetlerinden Ermenistan, Belarus, Kazakistan ve Kırgızistan'dan oluşan Avrasya Ekonomik Birliđi ile Çin'in İpek Yolu Ekonomik Kuřađı arasında ticari ve altyapı işbirliđi yapmak için anlaşmıştır(MeinePietervanDijk ve PatrickMartens,2016:5).Çin ve Rusya'nın Orta Asya'ya yönelik stratejileri farklı olmasına rağmenonlar, hem ortak iktisadi ve siyasi çıkarları için, hem řangay İşbirliđi Örgütü aracılıđıyla güvenlik konusunda da işbirliđi yapmaktadır.Bölge hem Çin'in İpek Yolu projesinde hem de Rusya önderliđindeki Avrasya Ekonomik Birliđinde her iki süper gücün önemli ilgi alanlarındandır.

3. ORTA ASYA AÇISINDAN İPEK YOLU PROJESİNİN ÖNEMİ

İpek Yolu projesi, Çin açısından etki alanını genişletmenin ve iktisadi menfaat kazanmanın aracıdır. O öncelikle Çin'in mevcut durumu ve gelecek çıkarlarını düşünerek geliřtirilmiştir. Ama projenin gerçekteřtirilme sürecinde bařka devletlerin de ortak çıkarları nazara alınarak işbirliđi yapılabilecektir. Kimin ne kadar çıkar elde edeceđine ya da neyi kayıp edeceđi hakkında bir şey söylemek zor olacaktır. Bu çođu zaman tarafların çıkarlarını gözetebilme kapasitesi ve yeteneklerine bađlı olabilir.

Çin yirmi birinci asırda yeniden yükselmiş küresel güç olarak devlet menfaatini dünyanın tüm bölgelerinde aramaya başlamıştır ve etkisi dünyanın her yerine ulaşmıştır.Japonya ve Rusya'nın sahip olduđu ekonomik ya da askeri açıdan süper güç deđil, aksine hem askeri ve iktisadi, hem siyasi ve kültürel olarak evrensel süper güç konumundadır. Birde kalabalık nüfusu ve geliřmekte olan teknolojik avantajı dikkate alındıđında Çin'in dünyada ikinci bir güçle karşılaştırılması zordur. Orta Asya ülkeleri için böyle büyük bir komşusunun bařlattıđı devasa projede kilit konumda olmasının anlamı onun için belirsizdir; bu hem avantaj hem de dezavantaj olabilir diye tanımlanabilir. Olumlu yönü ise bölge kendi iktisadi ihtiyaç olan yatırım, tecrübe, bilgi ve teknolojiye, birde ürünleri için geniş piyasaya kolayca ulaşabilir. Olumsuz etkisi ise bölge, zayıf ve az gelişmiş ülkelerden oluřtuđundan ve güçlü dev komşusu karşısında diđerlerinin çok etkisiz kalmasıdır.

Orta Asya'ya önemli devletler ve uluslararası kurumların ilgisi artmıştır.Büyük güçlerin rekabeti ve etnik sorunlar bölgenin siyasi zayıflıđına bölge güvenliđine ek olumsuz etki oluřturmuřtur. Orta Asya ülkelerinin řu anki yapabildikleri, bađımsız bir geliřmeyi sürdürmek için büyük güçleri dengeleme dıř politikası izleyerek kendi güvenliđini garanti etmeye çabasındır(Ding Zhigang ve PanXingyu,2017:58). Rusya, Çin, Amerika, Avrupa ve yakın zamanlarda Hindistan bölgedeki önemli etki sahibi ya da etki sahibi olmaya çabalayan güçlerdir. Ama bunların konuları birbirinden farklıdır. Avrupa siyasi ve güvenlik alanında Rusya ve Çin'e göre bölgede çok etkileyici deđildir. Ama petrol ve dođal gaz sektöründe oldukça başarılıdır; buda onun teknolojik üstünlüđünden kaynaklanmaktadır(Vladimir Baramanov,2014:9). Çin'in bölgedeki etkisinin sürekli artmasınakarşılık, geleneksel etki sahibi, dil, kültürel bađı olan, hem güvenlik hem de siyasi ve iktisadi nüfuzu güçlü olan Rusya'nın konumu gerilemektedir. Amerika ve Hindistan ise bölgede fazla etki sahibi deđilsede yakın dönemlerde Orta Asya'ya olan ilgisini artırmaya başlamıştır. Büyük güçlerden bařka İran, Pakistan ve Türkiye gibi orta düzeydeki devletler bile belli düzeyde Orta Asya'da kendi mevcudiyetini sürdürmek için uğrařmaktadır.

Rusya ve Çin kendi aralarında rakip olsa da ortak çıkarları için son zamanlarda yakın işbirliđi yapmaktadır. Stratejik ortak iki ülke her iki devlet mevcut Amerika liderliđindeki tek gücün dünyaya hegemon olmasından mutlu deđildir. Ortak komřuları olan bölgede istikrarsız durum ve aşırılıđın ortaya çıkmasından endişeli, Batılı ülkelerin egemen devletlerin iç işlerine müdahale yapmasına karşıdır(AlexandrosPetersen ve KatinkaBarysch,2011: 14). Amerika ise Rusya'nın Avrasya Ekonomik Birliđi ve Çin'in İpek Yolu Kuřađım kendisinin Afganistan ve Orta Asya merkezli Yeni İpek Yolu projesine rekabetçi olarak görmektedir. Amerika'nın endişesi, Çin'in İpek Yolu projesiyle ve bununla beraber artan ekonomik etkisiyle Orta Asya'nın Çin'in ekonomik etki alanına tabi olması ve Beyaz Saray'ın bölgedeki menfaatlerini olumsuz etkilemesidir. Bundan bařka, Bölge Çin'den yatırım çekebilir, yeni iş fırsatları elde

edebilir ve gelişmemiş alt yapısını iyileştirme imkânına sahip olabilir,ama yatırımlar Çin'in kamusal şirketlerine yeni ticaret fırsatları sağlayacaktır ve Çin'in şirketleri en kazançlı taraf olacaktır düşüncesidir(WeiZongyou,2018:113).

Diğer taraftan Amerika Afganistan'ı komşularına bağlama çabası içindedir ve bu Çin'in hedefleriyle örtüşmektedir(Thomas Zimmerman,2015:19). Amerika'nın bölgedeki stratejisi diğer güçlerden farklı olsa bile onun mevcudiyeti Rusya ile Çin gibi önemli aktörlerle işbirliği yapmayı de gerektirir. Orta Asya ülkeleri için Rusya, Amerika, Çin, Avrupa, Hindistan vb. büyük güçler ve dünyanın çeşitli bölgeleriyle ilişkilerinin gelişmesi kalkınmaya yeni fırsatlar getirebilecektir. Bölge ülkeleri yabancı yatırım ve teknolojisini kendine çekerek geride kalmış iktisadını ve alt yapısını geliştirme imkânı elde edebilir.

Kazakistan enerjiye dayalı iktisat modelinden petrol fiyatındaki şok inişlerden sonra dönüş yapmak istemiştir.Ekonomik altyapısını dönüştürmek ve yenilikçi sanayileşmeyi hızlandırmak, bilgi yoğun, yüksek teknolojiye dayalı küresel rekabet kapasitesine sahip ürünler yaratmayı amaçlayan yeni iktisadi stratejisi yabancı yatırımı ve teknolojik yardımından yararlanmayı gerektirmiştir. Beş yıl devam edilmesi gereken projeye 100'den fazla yabancı yatırım şirketi katılmış olup planlanan 330 milyar dolar yatırımın %15'i devlet tarafından finans edilmesi beklenmiştir. 2014 yılında Çin başkanı LiKeqiang Kazakistan ziyaretinde Yeni İpek yolu projesiyle Kazakistan'ın yeni iktisadi stratejisi arasında ortaklık ve geniş çaplı işbirliği yapma konusunda anlaşmıştır(He Lili, 2018:23).

Özbekistan gibi diğer Orta Asya ülkeleri de Kazakistan'a benzer kendi ekonomik stratejilerini geliştirmektedir. Sanayi şehirleri inşa ederek, ulaşım ve alt yapısını geliştirerek kalkınmayı gerçekleştirmek istemektedir ve bunda yabancı yatırımı ve işbirliğine ihtiyaç duymaktadırlar. İpek Yolu Ekonomik Kuşağı Orta Asya ülkelerine bu fırsatı sunmuştur. Çin'i Orta Asya'ya ve Batıyı bağlayacak yol, tren ve limanlardan oluşan ulaşım geliştirilmektedir. Bu Orta Asya ülkelerine dünya ticaret pazarına uyum sağlamak ve kendini tanıtmak, ülkelerin açılmasını artırmak ve ekonomik döngü mekanizmalarının oluşturulması için platform sunmuştur(Yan Yan ve WangXiongdong,2016: 70).

Bölgede en fazla yabancı yatırıma ev sahipliği yapan ülke Kazakistan'dır. Yabancı yatırım 2016 yılında eskisinden iki kat yükselerek dokuz milyar dolar olmuştur. Türkmenistan'a yabancı yatırım aynı yılda yükselerek Güney Kore'nin demir üretim tesisinin inşaatına yatırımı ile beraber dört buçuk milyar dolar olmuştur (United Nations, 2017:66-67). Tacikistan ve Kırgızistan'a yapılan yabancı yatırım Özbekistan, Kazakistan ve Türkmenistan'a göre çok düşüktür. Bu iki devlet iktisadının belli bir oranı Rusya ve Kazakistan gibi yabancı ülkelere çalışan işçilerinin gönderdiği paraya bağımlıdır.

Orta Asya ülkelerinin birbirinden farklı olsa da hayata geçirmeyi amaçladığı modernleşmiş sanayi üretimine dayalı piyasa iktisadi inşa etme stratejileri vardır.Ama bölgeye yatırılan yabancı yatırımlar ağırlıklı olarak petrol, doğal gaz, altın ve demir madenleri gibi enerji sektörüne, boru hatlarıyla ulaşımaya yoğunlaşmıştır. Sanayi, bilgi ve teknoloji alanına yapılan yatırımlar beklenen düzeyde değildir ve bu onların stratejileri ile gerçekler arasında tezat oluşturmaktadır.Ülkelerin gelecek stratejilerinin gerçekleşebilmesinde şüpheler uyandırmıştır. Bölge Yeni İpek yolu projesinin sunduğu imkânlardan önemli ölçüde yararlanarak üretimini çeşitlendirme, yapılmış ve yapılmakta olan ulaşım ağlarıyla kapalı durumdan kurtularak dünya piyasasına açılma, ihracat ve ithalat ortaklarını, yabancı yatırım kaynaklarını çeşitlendirme fırsatına kavuşmuştur. Ama bölgede mevcut olan siyasi, iktisadi ve yasama kurumlarının mükemmel olmaması, rüşvetin yaygınlığı fırsatları bölgenin yararına değerlendirmeye engel olmaktadır. Eğer bunların üstesinden gelinbilirse bölgenin ve bölgenin sahip olduğu insan gücü, doğal kaynaklar ile coğrafik özelliklerinden maksimum derecede yararlanabildiği durumda bölge yeni bir iktisadi gelişme sürecine kavuşabilecektir. Sadece Batı ile Doğu arasındaki transit bölge değil önemli modern sanayi ve gelişmiş iktisadi merkezlerden birine dönüşebilir. Aksi takdirde,bölgede geçmişte yaşananolumsuz senaryoların benzerinin tekrar yaşanmayacağı belli değildir.

SONUÇ

Bağımsızlık sonrası Orta Asya ülkeleri kendine özgü iktisat politikaları geliştirmek imkânına sahip olmuştur. Bölgenin kara ile çevrili olması, ulaşım, siyasi, iktisadi ve yasama kurumlarının asırlardır Moskova'ya bağlı olması yeni bağımsız ülkelerin bağımsız politikalar izlemesine engel oluşturmıştır. Geri kalmışlık gerçeği ve bol kaynaklarına sahip olmasını göz önünde bulundurarak bölge ülkeleri enerjiye dayalı iktisat politikalarını izlemiştir. Ama fazla başarılı olamamış ve günümüze kadar modern sanayi ve iktisat yapısını inşa edememiştir. Yakın birkaç sene içerisinde petrol fiyatlarının düşmesi Kazakistan gibi bölgedeki büyük ekonomilerde şok yaratmıştır ve bu onları kendi iktisadi politikalarını tekrar düşünmeye sürüklemiştir. Birbirinden farklı olsa da Orta Asya ülkeleri iktisadi faaliyetlerini ve üretim şeklini çeşitlendirmeye yönelik politikalar üretmeye başlamıştır.

2013 yılında Çin'in İpek Yolu projesini ortaya koyması, Orta Asya'nın önemli konuma sahip olması bölgeye yeni iktisadi gelişme fırsatı getirmiştir. Çin'in Batı'ya açılmasını sağlayacak petrol, doğal gaz bor hatlarından oluşan enerji hatları; kara yolu, tren yolu ve limanlardan oluşan ulaşım ile altyapı kuruluşlarında Orta Asya ile yakın işbirliğini gerektirmiştir. Bölge bununla geride kalmış ulaşım ve altyapısını geliştirmek imkânına kavuşmuş, kapalı olduğu coğrafik engelinden kurtularak dünyanın geniş piyasasına açılma şansını elde etmiştir. Sadece Çin değil dünyanın çeşitli bölgelerindeki büyük güçler ve devletlerin Orta Asya'ya olan ilgisi yakın dönemlerde artmıştır. Bu bölge ekonomisinin gelişmesi için gerekli finansal, teknolojik kaynakları elde etmeyi mümkün kılmıştır. Ama yabancı güçlerin etkisinin artmasından kaynaklanan bölge geleceğinin dış ülkeler etkisi altında kalma korkusu, bölgede mevcut olan siyasal, iktisadi ve yasama kurumlarının yeterli derecede etkili olmaması, rüşvetin yaygın olması bölgenin yabancı yatırımları, mevcut insan ve maddi imkânlarından ülke çıkarına verimli biçimde yararlanmayı zorlaştırmıştır.

KAYNAKÇA:

Alexandros Petersen and Katinka Barysch, (2011), Èluósī, zhōngguó Hé Zhōng Yà De Néngyuán Diyuán Zhèngzhì, *Ouzhōu Gǎigé Zhōngxīn*, London.

Bernardo Mariani, (2013), Zhōngguó zài zhōng yà de juésè yǔ liyì, *Saferworld The Grayston Centre*, London.

Deniz Kandiyoti, (2007), The Cotton Sector in Central Asia Economic Policy and Development Challenges, *SOAS, University of London*, United Kingdom.

Ding Zhigang and Pan Xingyu, (2017), “Sīchóu Zhī Lù Jīngjì Dài Bèijīng Xià Zhōng Yà Wǔ Guó Tóuzī Huánjīng Pínggū Yǔ Jiànyì”, *Ou yà jīngjì*, No,2, Lan Zhou.

He Lili, (2018), Hāsàkè Sītǎn Jīchū Shèshī Xiànzhuàng Hé Fāzhǎn Qiánli Fēnxī, *Xinhua Silu*.

International Crisis Group, (2017), “Central Asia’s Silk Road Rivalries”, *Europe and Central Asia Report*, No.245, Brussels.

Max Spoor, David Kotz, Zavikhulla Nasritdinkhodjayev, Aktam Khaitov and Arthur Tukhtarov, (2005), Linking Macroeconomic Policy to Poverty Reduction in Uzbekistan, *Center for Economic Research*, Tashkent.

Meine Pieter van Dijk and Patrick Martens (2016), “The Silk Road and Chinese interests in Central Asia and the Caucasus: the case of Georgia”, *Maastricht School of Management*, Working Paper No. 2016/12.

Michael P. Barry, (2009), “Foreign Direct Investments in Central Asian Energy: A CGE Model, *Eurasian Journal of Business and Economics*”, N. 2 (3) p . 35-54.

Richard Pomfret, (2009), “Central Asia after Two Decades of Independence”, *The University of Adelaide*, School of Economics Working Paper Series No: 0091 (2009-31).

Roman Mogilevskii, (2012), “Trends and Patterns in Foreign Trade of Central Asian Countries”, *University of Central Asia*, Working Paper, NO.1, 2012, Kyrgyz Republic.

Taihe Zhiku, (2018), Zhōngguó Zhōng Yà Shēngtài Huánbǎo Hézuò Wèntí Yánjiū, *Bèijīng Shīfàn Dàxué Zhōngguó Shīchǎng Jīngjì Yánjiū Zhōngxīn*, Beijing.

The Library of Congress, (2014), ‘Profile: Central Asian Countries’, Erişim Adresi: www.loc.gov/rr/business/asia/CentralAsia/centralasian.html, Erişim Tarihi 08, 08, 2018.

Thomas Zimmerman, (2015), The New Silk Roads: China, the U.S., and the Future of Central Asia, *New York University*, New York .

United Nations, (2017), World Investment Report 2017: Investment and The Digital Economy, *UNCTAD*, Geneva.

Vladimir Baramanov, (2014), “Wèidà De Sīchóu Zhī lù: Èluósī, Zhōngguó Hé Ouzhōu Zài Zhōng Yà Dìqū Zhèngzhì, Jīngjì Hé Anquán Lǐngyù De Hùdòng”, *Chong Yang Yanjiu Dongtai*, N. 70. P.1-11. Bei Jing.

Vladimir Paramonov, (2005), “China & Central Asia: Present & Future of Economic Relations”, *Conflict Studies Research Centre*, Central Asian Series, N. 05/25(E).

Wei Zongyou, (2018), “Měiguó Méitǐ Duì Yīdài Yīlù Chàngyì De Rèn Zhī”, *Guójì Guānchá*, No.1. P.112-126.

Worldpopulationreview, (2018), ‘Central Asia Population’, Erişim Adresi,<http://worldpopulationreview.com/continents/central-asia-population/>, Erişim Tarihi 06.08.2018.

Yan Yan ve Wang Xiondong, (2016), “Yīdài Jīlù Bèijīng Xià Wǒguó Yǔ Zhōng Yà Wǔ Guó Nóngyè Qūyù Hézuò De Zhòngdiǎn Lǐngyù”, *Jīngjì Zònghéng*, 2016 Nián, No.12. p. 67-72.

Yu Shuang, (2017), Yīdài Yīlù Zhànlüè Xià Zhōngguó Yǔ Zhōng Yà Wǔ Guó Nóngyè Mào yì Hézuò De Hùbǔ Xìng, *Nongye Jingji*, Hebei.

ҚАСИЕТТІ ҚАРАХАН КЕСЕНЕСІ ЕСКЕРТКІШНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ (РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА)

Т.ғ.к., аға оқытушы **Ж.К. АХМЕТОВА**^{43*}
Магистрант **А.А. СИСЕНОВА**

Түйіндемe:

Қазақ жеріндегі тарихи-сәулет мұралары, әсіресе орта ғасырлық Қарахан кесенесі ескінің көне заттай дерек көзі ретінде ерекше маңызға ие. Тарихи-сәулет мұралары ең алдымен материалдық өндірістің орналасуы мен сол дәуірдің экономикалық дамуының, мәдени және әлеуметтік қатынастардың көрсеткіші болып та есептеледі. Қазақстан жеріндегі ортағасырлық тарихи-сәулет ескерткіштері заман талабына сай, әр тарихи оқиғалардың тәуелділігіне орайланып өзгеріп отырған. Оның бір дәлелі рухани білім беру мақсатында салынған діни мешіттерінің бой көтеруі болып табылады.

Қазіргі таңда сәулет өнерінің бірегейі Қарахан кесенесі Тараз қаласының қасиетті орындарына жататын сәулет өнері қатарында. Қасиетті бұл жердің ерекшелігі сонда, көптеген жандар жан-жақтан келіп, осы жерден ерекше күш-қуат алатынын айтады. Бұл кесенеге келген адамдар ем алып, сауығып қайтады.

Тірек сөздер: *кесене, Қарахан кесенесі, Рухани жаңғыру, Айша-Бибі, «Ислам тарихы», «Авеста», Афрасияб әулеті.*

HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE KARAKHAN MAUSOLEUM IN RECONCILIATION OF LIFE)

Abstract:

This article is about historical and architectural heritage of the Kazakh land, especially the medieval Mausoleum of Karakhan, is of great importance as an ancient source of ancient history. Historical and architectural first of all, an indicator of the location of material production and economic development of that era, cultural and social relations. Medieval historical and architectural monuments on the land of Kazakhstan have changed in accordance with modern requirements and depend on the dependence of each historical event. One of the proofs of this is the erection of religious mosques built for spiritual education.

One of the greatest works of architectural art is the Karakhan mausoleum located in the city of Taraz. The peculiarity of this sacred place is that visitors from different countries and cities claim that they receive special energy from this place. Guests of the mausoleum after the visit receive healing of the sickness and comfort of the soul.

Keywords: Mausoleum, Karakhan Mausoleum, Spiritual Renaissance, Aisha-Bibi, "Islamic History", "Avesta", dynasty Afrasiab.

КІРІСПЕ

Қарахан кесенесі Қазақстандағы XI ғасырдан сақталған сәулет өнерінің бірегей ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде [1] орналасқан. Бұл кесене Қарахан әулетінен шыққан әйгілі хан Ша-Махмуд Боғра Қарахан қабірінің басына орнатылған. Өкінішке орай бастапқы кесене сақталған жоқ, XIX ғасырдың 90-жылдарына шейін бұл кесененің құлаған төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы сақталып, оның орнына 1906 жылы бір үлкен және үш шағын ғимараттың ішкі қабырғасы бұрынғы кірпіштен, ал сыртқы кірпіші жаңадан салынған. Соңғы салынған кесене өзгешелеу, қас беті Айша бибі кесенесіне ұқсас болғанымен, кірпіштерінің өрнектеліп қалануы жағынан Бұқарадағы ортағасырлық Исмаил күмбезіне еліктеушілік байқалады. Қарахан кесенесі төрт бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және үш кіші бөліктен тұрады. Орталық бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатылып жабылған. Артқы жағында екі мұнарасы бар. Кесененің қас беті оңтүстікке қараған, ал оның ішіндегі қабір оңтүстіктен солтүстікке қаратыла қойылған. Кіреп есігі аркалы қуыспен безендірілген. Төбесі киіз үй пішіндес күмбез болып келеді.

Аңызға қарағанда бұл кесенені Жүніс Қали салып бітірген. Ол сол кездегі қаладағы алғашқы меценаттың бірі екен. Өз қаржысына осы кесенені, өзге екі мавзолей, екі мешіт, сондай-ақ, ортағасырлық монша салдырған. Оның біреуі бүгінге дейін сақталған. Қайта құруға дейін бұл

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, akhmetova.zhanat@list.ru

ғимараттың қандай күй кешкенін бірнеше фотосурет пен тарихшы-этнографтардың әңгімесінен білуге болады. Тегіс жылтыр бағана мен төрт қабырғаны сәулетшілер жиырмасыншы ғасырдың айтулы туындысы деп санайды. Сырт көзге қарапайым болып көрінгенімен, кесене 30 түрлі пішіндегі кірпішпен және саз балшықтан күйдірілген плиткалармен безенген. Салу барысында түрлі оюмен безенген кірпіштер қолданған. Алайда, мұнда кім жерленгені ғалымдар мен сәулетшілерге әлі күнге дейін жұмбақ. Кең тараған нұсқаларға жүгінетін болсақ, бұл –Қараханидтер әулетінің негізін қалаушының бейіті делінген.

Аңыз бойынша, Қарахан Айша деген қызға ғашық болыпты. Бірақ жаугершілік заман екеуінің қосылуына кедергі болған көрінеді. Ақыры, екеуі қосылуға серттесіп, қыз Қараханның ауылына қарай жол тартады. Жолда Айша бибі суға шомылып шығып, киімін киіп жатқанда сәукеле ішіне кіріп кеткен жылан қызды шағады. Қарахан есінен танып, әлсірей бастаған Айшаны молдаға апарып, некесін қидырады. Айша бибі осы жерде батырдың қолында көз жұмады. Сөйтіп, Айша бибінің қайтыс болған жеріне мазар тұрғызады. Қасынан Қарахан өзіне де мазар салғызады. Қарахан есімі ел арасында беделді, әулие кісі ретінде танылған. Содан оның мазары ел ішінде «Әулие ата күмбезі» аталған және шамамен ХІХ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың басына дейін қазіргі Тараз қаласы Әулиеата атанған [2, 508].

Қарахан әулетінің шығу тегіне тоқталатын болсақ, оның атауы туралы бірнеше ғасырдан бері пікірлер қалыптасқан. Мәселен, қытай ғалымдары Гын Шымин Қарахандар тарихына қысқаша шолу жасаса, Вэй Лянтао Қарахан әулетінің шығу тегі мен оның атауы туралы жазған, ал сол мақалаларды қазақстандық зерттеуші Қойшығара Салғараұлы «Таным тармақтары» атты жинақта жариялаған еді [3, 45]. Вэй Лянтао «Қарахан әулеті біздің жыл санауымыз бойынша 840-1240 жылдар аралығында билік құрды» деп жаза келе әулеттің шығу тегі туралы әлем зерттеушілерінің еңбектеріне тоқталады. Ал, Гын Шымин «Ислам тарихы» деген еңбегіндегі материалдары (жергілікті тарихи материалдарды камтиды) бұл әулетті «қаған әулеті» немесе «хан әулеті», яғни «Афрасияб әулеті» деп атайды. Кейінгі атаудың тегі парсының әйгілі дастаны «Шахнаманың» аңызындағы Тұранның батырының аты деп айтылады. Сөйтіп Афрасияб атын түрік тіліндегі Алып Ер Тоңамен сәйкестендіреді. Осындағы «тоңа» атауы қарахандар әулетінің билігі белгісі ретінде үнемі қолданылатын атауы «табғашпен» қатысты. «Табғаш» деген атау - (күшті, пәрменді мағынасында) Қытайдың Солтүстік Вэй патшалығын құрған алтай тіл жүйесінде сөйлейтін «жыба» деген ұлттың аты. Кейін келе бұл атты түріктер мен дунху адамдары «қытай» деген атты білдіруге қолданған. Қарахандар әулеті билеушілерінің бұл атты қолдануы олардың шығыстағы отанын әсте ұмытпағанын білдіретіндігімен қатысты» [4, 399], - дейді.

Қытай тарихшыларының бұл еңбектерінен келтірілген үзіндіден пайымдап қараған адамға талай жай аңғарылады, әлбетте, сөзсіз сауал да туындайды. Қарахан әулеті қытайлықтар ғана емес, бүкіл дүние жүзі, оның ішінде Қазақстан ғалымдары да жазып жүргеніндей, ІХ ғасырдан бастап билік құрған болса, Афрасияб бұл дәуірден әлдеқайда бұрын – қазіргі жыл санауымыздан жеті ғасыр бұрын өмір сүргендігі белгілі.

Мекемтас Мырзахметұлы «Тұранның ұлы қағаны» атты мақаласында сол Афрасияб туралы зороастризм дінінің қасиетті кітабы «Авестада» да баяндалғандығын жазған еді. Сондай-ақ парсының ұлы ақыны Фердоусидің «Шахнамасында» да Афрасияб – басты кейіпкер, бірақ парсы жұртының жауы ретінде суреттелетіндігі белгілі. Түрлі барлаушылардың, жатжұрттықтардың, отарлаушылардың халқымыздың мәдени жәдігерлерін ғасырлар бойы өртеп жоюы салдарынан ұлы бабамыз Алып Ер Тоңаны Афрасияб есімімен мифологиялық кейіпкер ретінде көрсетілуінен жете танымай, мәңгүрт болғанымызды енді баласағұндық ақын Жүсіптің хас Хажиптің «Құтты білігін», қашқарлық ғұлама Махмұдтың «Түрік сөздігін» қазақша аударып басқаннан кейін ғана біліп отырмыз. Қарахандықтар әулетінің сол Афрасиябтан, яғни Алып Ер Тоңадан бастау алатындығын үлкен жаңалық ретінде кеш те болса қабылдап отырғанымызға да шүкіршілік. Егер Қарахан әулетінің тарихын сол Афрасияб – Алып Ер Тоңадан бастасақ, қазақ, түрік халқының тарихы кемінде 2800 жылдан асады екен.

Сонымен Алып Ер Тоңа қағанымыз – ұлы Тұран мемлекетінің билеушісі туралы не білеміз? Профессор Мекемтас Мырзахметовтың және оның шәкірті, Иранда туып өсіп, Тегеран университетін бітірген, қазір Алматыда тұрып жатқан қандасымыз Ислам Жеменейдің зерттеулеріне қарағанда Алып Ер Тоңаның әке-шешесі қойған есімі Мадай екен. Тұран, яғни түрік мемлекетін билеген Алып Ер Тоңа бабамыз Иранмен талай соғыстарда жеңіп шығып, тізе бүктіргені үшін парсылар оны Афрасияб, яғни құбыжық, қорқынышты адам деп атап кеткен көрінеді. Афрасиябтың ата-тегін ғұлама бабамыз Дулат Мұхаммед Хайдар Мырза да өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде жазған. Мадай – Алып Ер Тоңаның өз әкесі – Пиш, атасы – Дад Нишин, бабасы – Тұр, ал арғы бабасы – Афридун. Осы төрт

ұрпақтың өмір сүру жылдарын қосса, жүз жылдан ары кетеді ғой. Олай болса, Қарахандар әулетінің тарихы да 2800 жылдан асады.

«Авеста» мен «Шахнама» кітаптарында «Иран шахы Кейхауыстың баласы Сыяуыш әкесіне өкпелеп, Тұранға кетеді. Сонда түріктің сұлу қызына үйленіп, одан Кейқысрау деген ұл туады. Сыяуыш Алып Ер Тоңаның қолынан қаза тапқан соң парсылар Кейқысрауды ұрлап әкетеді. Ер жеткен соң Иранның тағына отырғызған осы Кейқысрау әкесінің кегін алу үшін Алып Ер Тоңаны қонаққа шақырып, күтім үстінде у беріп өлтіреді» [5, 45 б], - деп көрсетеді профессор Мекемтас Мырзахметов. Қарахан әулетінің негізін салушы ұлы бабамыз Мадай – Алып Ер Тоңа біздің дәуірімізге дейінгі 626 жылы осылай мерт болыпты.

Міне, қазіргі жыл санауымызға дейінгі 626 жылдан бергі 840 жыл аралығында да, яғни 1466 жыл бойы Афрасияб әулеті түркі халқына билік жүргізіп келді деуге толық негіз бар. Атақты Күлтегін, Тоныкөк, Білге қағандар Мадай – Алып Ер Тоңа бабамыздың ұрпақтары деп топшыласақ, шындықтан аулақ кетпейміз...

Қарахан атауының шығуы жөнінде қытай ғалымы Гын Шымин «Зерттеушілер кейінгі кезде: «қара» деген сөз байырғы түрік тілінде «солтүстік жақ» деген мағнаны білдіретін, кейін «басқыш», «ең жоғарғы» деген ауыспалы мағынаға ие болған деген пікірді көбірек айтып, соған қорыған тәрізді», - деп жазады.

Сонымен, Афрасияб әулеті біздің Тараз жеріне қалай келді? Бұл жөнінде австриялық ғалым Отто Прицак қарахандар әулетін қарлықтардан шықты деп санайды. Қарлықтар шығыл және яғма болып екі тайпаға бөлінген. Қарлықтар қытайлықтар мен арабтар арасындағы соғыста мұсылмандардың жеңуін пайдаланып, Жетісудағы түркеш жерлерін, түркештерге қарасты Шу бойындағы Суяб, сондай-ақ Талас қаласын жаулап алғаны тарихтан белгілі. Қарлықтар қытайлық Таң патшалығы мен оның одақтасы ұйғырлардың Тибетке қарсы күресін пайдаланып, YIII ғасырдың екінші жартысында Қашқар аймағын басып алды. Мұнда қарлықтар 840 жылға дейін ұйғырлар қағанатына қарап келгендігін айта кету керек. Дәп сол жылы қырғыздар Күлтегін, Тоныкөк жазуларында айтатын Өткен тауын орталық еткен ұйғыр қағанатын тас-талқан етті. Бірақ қырғыздар ұйғырларды батысқа жер аударғанымен олардың мекенін иемденбей, өздерінің жұртына қайтып кетті. Шаман дініндегі қарлық билеушісі қаған лауазымына ие болып, Баласағұнды астана етті. Баласағұн Күзорда аталды. Күзорданы арыстан қара қаған лауазымды билеуші қоныстанса, оның орынбасары сияқты бура қара қаған әуелі Таразға, кейін Қашқарға жайғасты. Арыстан деген қарлықтардың атағын яғмалар иеленді. Зерттеулерде жазылғанындай, «яғма» деген сөз парсыша көшпелі деген мағынаны білдіреді, шынтуайтына келгенде академик В.В. Бартольд көрсеткеніндей, яғмалардың мұрагерлері кейін жалайырлар атанғанын «Қазақ совет энциклопедиясының» 12-томында таратылып көрсетіледі.

Қазіргі ұйғыр, өзбек ұлттары түркі тілінің қарлық тобында сөйлейді. Қазақ халқы құрамындағы жалайырлар да сол қарлықтардан келіп қосылған.

Қазақ халқы әртүрлі той болып, жол-жораға көшкенде жалайырларға тек ұлы жүз ғана емес, бүкіл қазақ халқы нокта ағасы ретінде ең бірінші үлесті, сыйды беретіндігі әуелі осы Афрасияб – Қарахан әулетін құрметтегендіктен болуы әбден мүмкін. Жалайыр Мұхали, кейбір деректер бойынша Майқы уәли - атақты Майқы би Шыңғыс ханның Қытайды, оның астанасы Пекинді жаулап апып берген бас қолбасшысы болғандығы тарихтан белгілі. Майқы бидің қолбасшы ұлы Бактыяр есімі ұлы жүздің жауынгерлік ұранына айналғаны мағлұм. Жалайырлар Шыңғыс хан ұрпақтары 1258 жылы Бағдатқа дейінгі мұсылман елдерін күшпен бағындырғанда Иран да осы билеушілердің қол астына көшкен еді. Міне, сол кезден бастап Иранда жаугершілікпен барған Қарахан әулетінің адамдары Жалайыр мемлекетін құрғаны да мәлім. Қазір сол жалайырлардың саны миллионға жетіп, өздерін бақтыяр тайпасы деп атайды. Аятолла Хомейни тақтан құлатқан соңғы шахиншах Мұхаммед Реза Пехлевидің жұбайы Сурея патшайым осы бақтыяр тайпасы көсемінің қызы еді. Алайда екіарада бала болмаған соң иран шахы бұл жұбайынан ажырасып, Сурея Европада басқа ерге шыққан соң ұл-қыз көргені, өзі киноактриса болып кеткенін де айта кетуге болады. Сол Қарахан яғмалардың Ирандағы ұрпақтары жалайырлар ғасырлар өте келе өздерінің баяғы ана түркі тілін ұмытып, парсыша сөйлеп кетті. Осы арада Иран шахы Кейқысырау улап өлтірген Мадай – Алып Ер Тоңа – Афрасияб бабамыз туралы жоқтау жырының үзінділері әуел баста түркі тілінде шығарылғандығын өзінің тегі жөнінен Қарахан әулетінен шыққан, яғни жалайыр қашқарлық Махмұд ғұлама «Түрік сөздігінде» келтірген еді. Көне түрік тілінен қазіргі қазақшаға филология ғылымдарының докторы, ақын Асқар Егеубаев аударған сол жоқтау жырындағы:

Тырнақтай меңі солған соң,
Тарлан тартып оңған соң,

Түгіне кір қонған соң,
Мінсіз, жеңсіз, кіршіксіз
Шаңқан болмай қылаң ба?
Ту ұстап тұлпар жаратпай,
Алдыңнан топ таратпай,
Елді аузына қаратпай,
Жай оғындай оқ атпай,
Анадаң тудым дегенмен,

Бастамаса ел ұлан ба? [6, 138 б],- деген сөздері қазақ халқының ежелгі жоқтау және батырлар жырларындай қазір де құлаққа жылы естіледі.

Осыған байланысты Қарахан қожалар ұрпақтарының Тараздың қақ ортасында тұрған Әулиеата Қараханның мазарын өз бабамыздікі деген ниеті осындай тарихи деректерге сәйкес келе қояр ма екен? Орта Азия жеріне 714-715, ал Талас алқабына 751 жылдары ғана келген мұсылман араб әскерлерінен кемінде 1300 жыл бұрын өмір сүрген Афридун, Дад Нишин, Пиш, Мадай, яғни Афрасияб бабаларымызды қалайша қожа деп айта аламыз? Рас, Талас қаласының Тараз аталуына жол ашқан, түркі халқының мұсылмандықты жаппай қабылдауына себеп болған бұқаралық тажик шахы Исмаил бен Ахмед 893 жылғы наурыз, сәуір айларында біздің көне қаламызды қамап, бура қаған Ұғылшақтың 15 мың адамын тұтқындап, мыңдаған адамын қырып, мал-мүлкін талан-таражға салғаны мәлім. Ұғылшақ Тараздан айырылған соң өз мемлекетінің астанасын Қашқарға көшіреді. Сол Ұғылшақ қағанның інісінің ұлы Сатұқ көп ұзамай билік басына келіп, бурахан лауазымымен мәлім болады. Ол өзіне бағынышты түріктерді ислам дініне кіргізеді. Тіпті мұсылманша Әбділкәрім атанып, түрік халқының батыстағы бөлігін де ислам дініне енгізеді. Оның ұрпақтары ислам дінін ту етіп Самарқанд, Бұқараға дейін билік жүргізеді. Әбділкәрім атанған Сатук бурахан (Сатұқ Боғрахан) 955 жылы қайтыс болған соң сүйегі Қашқар қаласының солтүстік іргесіндегі Атуш мекеніне қойылады. Тараздың ортасындағы Әулие ата атанған Қараханның мазарындай (Қарахан мазары) мазар Атуш қыстағында әлі күнге дейін қалың жұрт зиярат ететін қасиетті орын болып келеді.

Осы орайда Әулие ата атанған Қарахан кім деген сауал өзінен өзі туындайды. Қытай ғалымы Гын Шымин Қарахандар әулеті шамамен 1041/42 жылдары бақталастық салдарынан екіге бөлініп, Шығыс, Батыс тараптардағы түріктерге билік жүргізе бастады дейді. Шығыс Қарахан әулеті Қашқарды Ордакент деп атап, Баласағұнды астана еткен. Қашқарлық Махмұд ғұлама да, атақты «Құтты білік» дастанын жазған баласағұндық Жүсіп хас хажиб те осы шығыс қарахан әулетінен шыққандығы белгілі. Ал, батыс қарахандар әулетінің орталығы Самарқанд болды.

Тараз қаласы шығыс қарахандар әулетінің билігінде еді. Сатук бураханның (Сатұқ Боғрахан) ұрпағы Махмұд бен Жүсіп қытай деректеріне қарағанда 1059 жылдан 1075 жылдар аралығында билік жүргізген. Ол Тоғрул Қарахан деп аталынған. Оның бір лақап аты – мемлекеттің заң түзілімі. Дәл осы Махмұдтың Ша-Махмұд деген есіммен 1059 жылдан бастап күміс теңге шығарғандығын австриялық ғалым Отто Прицак жазса, ресейлік зерттеуші, академик В.В. Бартольд оның отқа табынушы қара қытайларға қарсы соғыста үлкен жеңістерге жеткендігін, бірде өзі қырған сол моңғол тұқымдас қара қытайлардың өліктері Талас өзенінде қойша тоғытылғанын көргенде, жүрегі айныған соң тағын тастап, сопылық жолға түскендігін, жер астынан үңгір қазып алып, мінәжет етумен өмірден өткендігін жазған еді. Сондықтан да ол Әулиеата атанған. Он алты жыл бойы Таразды астана етіп, қалың елді билеген Ша-Махмұд бабамыз қайтыс болған соң оның ұлы Омар екі айдай ғана билік жүргізеді. Өйткені хан тағын осы Омардан қарахан әулетінен Сүлейменнің баласы Хасан тартып алған еді. Баласағұндық Жүсіп ақын өзінің әйгілі дастаны «Құтты білікті» осы Хасан қараханға тарту еткендігі тарихтан белгілі. Міне, осы қараханның ұрпағы Мұхаммед бен Жүсіптің түбіне сайып келгенде жоғарыда айтылған қара қытайлардың гөрханы жетті. Қытайлық ғалымдардың Жамал Қаршидің тарихына сүйене отырып келтірген мәліметтеріне қарағанда соңғы Қарахан Мұхаммедтің әкесі Жүсіп 1205 жылы Қашқарда қайтыс болған көрінеді.

«Осы аралықта, оның баласы Мұхаммед бен Жүсіпті гөрхан барымтаға ұстап тұрады. Чуй Шупуй соңғы гөрханды тұтқындағанда, ол Мұхаммед бен Жүсіпті босатып, оны Қашқарға апарып, соның билеушісі етіп қояды. Осының алдында қашқарлық ақсүйектер көтеріліс жасап, олар соңғы шығыс қара қағанын өлтірген болатын. Осыған байланысты Чуй Шупуй Қашқарға жазалау жорығын жасап, бұл қаланы басып алып, ақсүйектерді қырғынға ұшыратады. Осымен шығыс қарахандар әулеті жойылады» [3, 45 б], - деп жазады қытай ғалымы Гын Шымин. Бұған қоса айтарымыз – қара қытайлықтарды найман ханы Күшлік, ал батыс қарахандар әулетін Хорезм шахы Мұхаммед қырып салған. Міне, ең соңғы қарахан Мұхаммед бен Жүсіп атақты Айша бибінің жұбайы болғандығын

басқа деректер арқылы дәлелдеуге болады. Қазақстан сәулетшілері атақты архитектор Н. Бәсеновтың бастауымен Айша бибі күмбесін зерттегенде осы кесенені соққызған Мұхаммед деген жазуды тапқан. Ал, Айша бибінің өмір сүрген кезеңі шамамен 1185 жылдан кейінгі уақыт екендігін ескерсек, қарахандар әулеті ішінде Жүсіптің ұлы Мұхаммедтен басқа Таразды билеген дәл осы аттас ешкім болмағандығы тағы мәлім.

Рух пен сәулет өнері, Қарахан кесенесі қазіргі таңда Тараз қаласының қасиетті орындарына жататын сәулет өнері болып табылады. Қасиетті адам жерленген діни орын ерекшелігі осында, көптеген жандар осы жерден ерекше күш-қуат алатынын айтады. Мұнда бас сұққан жандар ем-дом алып, сауығып қайтады. Осы аймақта жерленген қасиетті жандардың басына тәу еткендер кіші қажылыққа барғандай күй кешеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, парсы, түркі және қытай деректерін өзіміздің ата-бабаларымыз Дулат Мұхаммед Хайдар Мырзаның, қашқарлық Махмұд ғұламаның (Махмұд Қашқари), баласағұндық ақын Жүсіптің (Жүсіп Баласағұн) қазір қазақша аударылған еңбектерімен салыстыра пайымдағанда қазақ халқының тарихы оның құрамындағы қарахандар әулеті арқылы тарихтың кемінде 2800 жыл тереңіне кететіндігіне кез жеткіземіз. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясының негізінде өткен тарихымызды, әсіресе қасиетті Қарахан кесенесінің тарихын дәріптеу арқылы болашақ жастарымызға Отанын сүйуге, құрметтеуге, тарихи ескерткіштердің мәні мен мағынасын түсінуге бағдар береміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тараз. Жамбыл облысы: энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003.
2. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы / Құраст.: Қ.Ж. Райымбеков, Қ.Т. Байғабылов. – Алматы: Аруна, 2011.
3. Салғараұлы Қ. Таным тармақтары. – Алматы: Санат, 1998
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010.
5. Мырзахметұлы М. Тұранның ұлы қағаны // Қазақ тарихы, 1998.
6. Махмұд Қашқари. Құтты білік / Қазақ тіліне аударған А. Егеубаев. – Алматы: Арыс, 1986.

**ЖЕТІСУ ТҮРКІЛЕРІНІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РУХАНИ-МӘДЕНИ
ӨМІРІ (XIX ҒАС. ІІ ЖАРТ.-XX ҒАС. БАСЫ)**аға оқытушы **Л.А. БИСЕМБАЕВА*****Түйіндеме:**

Мақалада патша үкіметінің Жетісу облысында жүргізген отаршылдық саясатының жергілікті түркі тектес мұсылман халықтарының өміріне әсері ұлттық ұстаным тұрғысынан баяндалған. Патша үкіметі үшін облысты саяси-экономикалық жағынан ғана емес, рухани жағынан да отарлаудың саяси мәні мен маңызы, осы бағытта атқарылған іс-шаралардың астары ашып көрсетілді. Сонымен бірге империялық билік жүргізген орыстандыру саясатының Жетісудың жергілікті түркі тектес мұсылман тұрғындарының рухани әлеміне әсері, оның күнделікті өмірдегі көрінісі бейнеленген. Орыс мәдениеті мен дәстүрін жат санаған жергілікті мұсылмандардың өздерінің рухани-мәдени бірегейлігін сақтау жолындағы амал-әрекеттері жаңа көзқарастар тұрғысынан баяндалады. Мақаланы жазып шығуда осы мәселемен тікелей айналысатын ғалымдардың еңбектері, архив құжаттары мен революцияға дейінгі баспасөз материалдары қолданылды.

Тірек сөздер: *орыстандыру, ағартушылық, дін, мешіт, шіркеу, мектеп, медресе.*

**SPIRITUAL AND CULTURAL LIFE OF ZHETYSU TURKS DURING THE PERIOD OF
COLONIZATION (II half of the XIX and early XX centuries)****Abstract:**

In the paper, the influence of the colonial policy pursued by the tsarist government in the Zhetysu region in the life of the local Turkic-speaking Muslim peoples is reflected in the national point of view. For the tsarist government, the political meaning and significance of the colonization of the region were revealed, not only politically and economically, but also spiritual aspects of the region, as well as the steps taken in this direction. At the same time, the policy of imperial power reflects the influence of Zhetysu on the spiritual world of local Turkic-speaking Muslims and its manifestation in everyday life. The attitude of local Muslims, belonging to Russian culture and traditions, to the preservation of their spiritual and cultural identity is described in terms of new perspectives. At the time of writing the article, the work of scientists, archival documents and pre-revolutionary press materials were directly used.

Key word: *Russification, enlightenment, Religion, Mosque, Church, School, Madrassa.*

КІРІСПЕ

XIX ғас. ІІ жартысы мен XX ғас. басындағы қазақ халқының отаршылдыққа ұшыраған кезеңі тәуелсіздік алғаннан кейін тарихнаманың аса маңызды зерттеу нысандарының біріне айнала бастады. Зерттеушілер өлкенің ұлттық, аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, кеңес заманында біржақты баяндалған отаршылдық кезеңін ұлттық ұстаным тұрғысынан қайта қарастыра бастады.

Патша үкіметі қазақ халқын саяси-экономикалық және әлеуметтік жағынан қанау арқылы отаршылдыққа ұшыратып, ұлттық бірегейлігіне сызат түсірді. Қазақ қоғамының ішкі өміріне ене отырып, халықтың салт-санасын өзгеріске ұшырата, оны ұлттық болмысынан айырды. Сондықтан отаршылдық кезеңнің тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеп, тың тұжырымдар жасау – халықтың санасын жаңғыртып, оның тарихи жадын қалпына келтірудің, ұлттық бірегейлікті сақтап, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің бірден-бір маңызды факторы болып табылады. Ол сонымен бірге жаһандану заманында еліміздің өзінің дербестігін, ұлттық ерекшелігін сақтап қалуына да ықпал етпек. Н.Ә.Назарбаев: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырларынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1, 1-2 бб.] деген болатын. Жетісу облысының отаршылдық заманындағы тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеп, тың тұжырымдар берген авторлар қатарында М.Қ.Қойгелдиевті, М.К.Төлекованы, Н.Д.Нұртазинаны, З.Т.Садвокасованы, З.Абдирашидовты, т.б. айтуымызға болады. Бұл авторлардың еңбектерінде патша үкіметінің Жетісу облысындағы саясаты әр қырынан көрініс беріп, өңірдің рухани-мәдени жағдайы бойынша да мол мәлімет беріледі. Дегенмен, Жетісу облысының түркі тектес мұсылман халықтарының рухани-мәдени өмірі отаршылдық кезеңінің тарихнамасында әлі де болса барынша зерттеуді қажет ететін тақырып.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. L_6969@mail.ru

Мақаланы жазып шығуда патша үкіметі жүргізген отаршылдық саясатының Жетісу облысының түркітөктес мұсылман халықтарына әсерін және оның рухани-мәдени өмірдегі көрінісін анықтау мақсат етілді.

Біз қарастырып отырған кезеңдегі Жетісу облысының жергілікті түркі төктес мұсылман тұрғындарының рухани-мәдени өмірі патша үкіметінің отаршылдық саясатымен тығыз байланысты болды. Патша билігі ислам дінін өмірінің өзегіне айналдырған жергілікті қазақ, қырғыз халықтарының рухани дербестігін жоймайынша бұл өңірдің толық қожасы бола алмайтынын түсінді. Сондықтан саяси-экономикалық саламен бірге тұрғындардың ішкі өміріне ене отырып, ислам дінін әлсірету арқылы олардың арасындағы рухани байланысты үзіп, ішкі бірегейлігін ыдыратуды да мақсат етті. Осылайша, халықтың санасынан исламдық құндылықтарды жойып, оны мұсылмандықтың ықпалынан шығару – патша үкіметінің Жетісу облысын отарлау бағытындағы ең өзекті мемлекеттік маңызы бар шараларының біріне айналды.

Рухани-мәдени өмірді отарлау миссионерлер арқылы жүзеге асырылды. Француз ғалымы Ш.Е.Уйфальвидің деректері бойынша Жетісу облысында 1871 жылы басқа діндегілерді айтпағанда 31810 православиялық, 495779 мұсылман дініндегі халықтар тұрған [2, 133 б.]. Ал 1897 ж. санақ материалдары бойынша Жетісу облысындағы мұсылмандардың пайыздық көрсеткіші – 90,12%, православиялықтар – 9,79%, қалған діндегілер – 0,09% болған [3, 368-371 бб.]. Саны жағынан көп, әрі салт-дәстүрді берік ұстанып, өздерінің рухани-мәдени дербестігін сақтап отырған халықтың ішкі бірегейлігін өзге діндегі халықтарды қонысаудару арқылы шешу мүмкін емес-тін. Өйткені адамгершілігі төмен, әрі сауатсыз казактар мен шаруалардың оған өрелері жетпейтін. Сондықтан бұл жұмыстармен арнайы құрылған қоғамдық ұйымдар айналысуы тиіс болды.

XIX ғас. II жартысы мен XX ғас. басында Жетісу облысында қоғамдық өмірдің әр саласына байланысты шараларды жүзеге асырған бірнеше қайырымдылық қоғамдары болды. Оларды: 1) жалпыимпериялық қайырымдылық қоғамдарының бөлімшелері, 2) облыстық, 3) уездік және қалалық деп үш топқа бөлуге болады.

Жалпыимпериялық қайырымдылық қоғамдарының бөлімшелеріне: Ресей Қызыл Крест Қоғамының жергілікті бөлімшесі, Жетім балаларға арналған Қамқорлық Қоғамы және Императрица Мария Александровнаның соқырларға Қамқорлық Қоғамы кірді.

Облыста құрылған қоғамдарды ерекше Комитет басқарып отырды. Комитеттің құрамында Жетісу облысының Әскери Губернаторы (бас қамқоршы), Комитет төрағасы (құрметі қамқоршы) және 8 тұрақты мүшесі мен 8 қайырымдылық көрсетуші мүшесі болды. Оларға атақтар қорға қаншалықты қаржы салып, қамқорлық көрсеткеніне қарай берілді. Бір рет 300 сом салғандар мен жыл сайын 100 сом салып тұратындар қоғамның тұрақты мүшелері болды. Сонымен бірге бір рет немесе аз-аздан үнемі ақша салып қайырымдылық көрсететіндер де болды [4, 242-243 бб.].

Орыстандыру саясаты қоғамның барлық саласында, әсіресе, православия шіркеуі арқылы кеңінен жүргізілді. Сондықтан орыс селолары құрылғанда бірден шіркеу үшін де жер бөлініп берілді. Бастапқыда шіркеу қызметін арнайы тұрғызылған үйлер мен тұрғын үйлер атқарған. Шіркеудің негізгі міндеті – жергілікті мұсылмандарды орыс мәдениетіне тарту арқылы өз тілі мен дінінен безіндіру болды.

Түркістан өлкесінде алғашқы шіркеулер 1864 ж. Ташкентте, Іледе және Лепсіде ашылған. Ол кезде Ташкент Орынбор епархиясына, ал Іле мен Лепсі Томск епархиясына қарайтын еді. 1967 ж. Түркістан Генерал-губернаторлығы құрылған соң Жетісу епархиясы құрылып, оның орталығы Верный қаласы болады. Орыс Православия шіркеуінің Жетісу жеріндегі ресми қызметі осы кезден басталады. Кейінірек, 1871 жылы құрылған Түркістан және Ташкент епархиясының орталығы да өлкенің бас қаласы Ташкент емес, Верный қаласы болып бекітіледі. Себебі, бүкіл Түркістан генерал-губернаторлығындағы православия дінін ұстанатындардың төрттен үш бөлігі осы Жетісу облысында тұрды.

XIX ғас. 80 жж. бастап Жетісу облысына қонысаударушылардың көбеюіне байланысты шіркеу құрылысы қарқын алды. Бірақ, шіркеулер көп салынғанымен діни қызметкерлер жетіспеді. Орыстар тұрақтаған жерлерді шіркеумен және діни қызметкерлермен қамтамасыз ету орыс мемлекеті үшін кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі еді. Сондықтан 1882 ж. Ыстықкөлде Свято-Троицкий ерлер монастыры мен 1908 ж. Верныйда Иверско-Серафим әйелдер монастыры ашылды. Сонымен бірге әскерилер санының артуына байланысты бөлімшелерде әскери дінбасыларының да қатары өсті [5, 12-13 бб.].

XIX ғас. ортасынан бастап қонысаударушылар санының артуына байланысты бұрын Айт және Наурыз мерекелері ғана тойланған Жетісу жерінде Рождество және Пасха мерекелері де аталып өтіле бастады. Жергілікті билік жаңа мерекелерге облыстың мұсылман тұрғындарының көңілін аудару

үшін оларды кең көлемде, салтанатты жағдайда атап өтуге баса назар аударды. Мысалы, пасха мерекесімен құттықтау ресми түрде ұйымдастырылып, соңы мерекелік көңіл көтерулерге ұласып отырған. Мерекелерге орай қоғамдық орындарда өткізілетін мәдени шаралар туралы алдын-ала хабарланып отырған [6, 4 б.]. Бұндай шаралардың бәрі жоғарыда аталған қоғамдардың тікелей атсалысуымен, ұйымдастыруымен жүйелі түрде өткізіліп тұрды.

Пасха басты мереке ретінде православия мерекелерінің ішінде алдыңғы орында тұрды. Одан кейін православия шіркеуінің «дванадесятые» деп аталатын 12 маңызды мерекесі кеңінен атала бастады. Оған қоса маңызды мерекелердің қатарына патшаның таққа отырған күні, тәж киген күні және патшаның, оның отбасы мүшелерінің туған күндері [7, 20-21бб.] мен шоқынған күндері де еніп, ерекше аталып өтіле бастаған. Ол күндер күнтізбеде «патша күндері» деп белгіленген. Мысалы, Николай патшаның құрметіне бір жылда 4 күнді, ал оның анасына, әйеліне және ұлына әрқайсысына туған және шоқынған күндеріне байланысты екі күннен мереке күнін арнаған. Сонымен бірге 25 желтоқсанда Рождество мерекесі, 1 қаңтарда Жаңа жыл тойланған [8, 2-27 бб.].

Жетісу облысы бойынша 1898 жылға арналған күнтізбені қарасақ, мұсылмандар Мұхаммед пайғамбардың өміріне қатысты мерекелермен қоса Ораза Айт және Құрбан Айт, Ораза айы, Қадір түні сияқты мерекелерді атап өткен. Ал христиандар болса, жылдың барлық күнінде дерлік қандай да бір діни мерекелерді атап өткенін байқаймыз. Мерекелер күнделікті қайталанып отыратын әрекеттер қатарына жатпайды. Бірақ өлкені орыстар билеген кезде дәстүрге жат мерекелерді жиі, әрі салтанатты түрде атап өту арқылы жергілікті халықтың санасына әсер етуге күш салынды.

Діни мерекелер барлық рәсімдерімен облыс түрмелеріндегі шіркеулерде, ауруханалар мен лазареттерде, Верный ерлер гимназиясында және балалар үйлерінде жүйелі түрде өткізіліп тұрды. Осылайша тұтқындармен, науқастармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен тығыз қарым-қатынас орната отырып, олардың ішіндегі өзге дін өкілдерін шоқындырып, православия дініне тартты.

Жетісу облысында «патша күндерінен» басқа да саяси мерекелердің түрі өте көп болған. Мысалы, басқа мерекелерді есептемегеннің өзінде облыс көлемінде бір жылда 30 шақты әскери мерекелер тойланған [4, 80-88 бб.].

Жетісу қазақтарының санасына жат мерекелерді сіңіріп, оларды орыс мәдениетіне жақындата түсу жолында әртүрлі Қоғамдармен бірге көпестер белсене әрекет етті. Олар діни мерекелерді насихаттай отырып, газеттерге өздерінің тауарлары мен қызметін де жарнамалады. Мысалы, көпестер Пасха мерекесі қарсаңында тауарларын арзанға сататынын, ал Жетісу ауылшаруашылық Қоғамы көрме ұйымдастыратынын және мерекеге байланысты көрмеге өнімдерді қою тегін екенін жарнамалайды. Келесі бір сондай қоғамдық ұйым мереке қарсаңында лотерея ойнатылатынын, сонынан жалпыхалықтық көңіл көтеру болатынын хабарлайды [9, 5-6 бб.].

XX ғас. басында Жетісу жерінде саяси-экономикалық жағдай ушығып, қазақтар ата-бабаларының жерін қонысаударушыларға беруге ашық қарсылық таныта бастаған болатын. Сондықтан, бір жағынан, халықтың көңілін басқа жаққа аударуды, екіншіден, оларды өзінің қол астына бұрынғыдан да тығыз топтастыра түсуді мақсат тұтқан билік идеологиялық жұмысты күшейте түсті. Бастапқыда жаңа саяси мерекелерге тікелей қатыстырылмаған жергілікті халық, енді ел ішіндегі қоғамдық-идеологиялық шараларға кеңінен тартыла басталды. Мысалы, 1910 жылы Ұзынағаш шайқасының 50 жылдығына қатысты жиынға отыз мыңға жуық жергілікті тұрғын: оның ішінде Пішпек, Пржевальск, тіпті шалғайдағы Жаркент уезінің қазақтары да қатысқан. Мереке үш күн қатарынан тойланған. Мерекеге сонымен бірге барлық Түркістан және Ташкент епископы бастаған Верный уезі мен Ұзынағаш селосына жақын орналасқан шіркеу қызметкерлері, Верный гарнизонының әскері, казактар, сонымен бірге Верный қаласы мен оның төңірегіндегі тұрғындары қатысқан. Мерекеге жиналған барлық халық ерекше көңілді болды [10, 104^{арты}-107^{арты} тп.]. - деп көрсетеді.

Өйткені мерекелер әлеуметтік тұрмыстың қажетті шарттарының бірі. Ол – адамды өзі өмір сүріп отырған қоғамның иіріміне қосатын және оларды өзара біріктіретін механизм болып табылады [11, 215-226 бб.].

Жергілікті патша әкімшілігі де тұрғындарды өз қол астына тығыз топтастыру үшін жаңа мерекелердің кең көлемде аталып өтілуіне және оған мұсылман тұрғындардың көңілін неғұрлым көбірек аударуға аса мүдделі болды. Осылайша, саяси және православия мерекелерін кеңінен насихаттау арқылы патша үкіметі мерекелерді де орыстандыру саясатының құралына айналдырылды.

Жергілікті халықтардың рухани әлеміне тереңірек енуді мақсат еткен миссионерлер барлық жерде белсенді қызмет етті. Олардың қызметінің аясы мектептерден бастап түрмелерге дейінгі барлық жерді, ауруханаларды да қамтыды. Жергілікті халықтың рухани-мәдени өмірінде маңызды

рөл атқарып отырған ислам дінінің ықпалын әлсіретуді ойластырған патша үкіметі Жетісу облысында ислам дініне төзімділік таныта отырып, мұсылмандарға қамқорлық жасайтындай болып көрінуге тырысты. Миссионерлер жергілікті халықтың ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайын өз мүдделеріне пайдаланып, жан ашырлық танытқандай бола отырып, оларды шоқындыра бастады. Билік жаңадан шоқынғандарға ерекше қамқорлық танытты. Оларға тез арада кірпіштен үй салып беріп, олар орналасқан жерлерге шіркеу, мектеп салу жедел қолға алынды. Христиандықты қабылдағандарға берілетін бір реттік жәрдемақының көлемі үнемі өсіп отырды. Осы кезден бастап православия дінінің өкіліне тұрмысқа шыққандардың христиандықты қабылдауы дәстүрге айнала бастады.

Бірақ мемлекеттен жер беріліп, қаржылық көмек көрсетіліп, барлық жағдай жасалып жатқанына қарамастан қазақтар христиандықты қабылдай қоймаған. Оған қазақтардың дәстүрлі рулық негіздегі шаруашылық жүргізу әдісі де ықпал етті. Бастапқыда қазақтар мен отырықшылар арасында ешқандай байланыс болмады, оның үстіне ру басшылары да миссионерлерді қазақтар арасына жақындатпады. Себебі, шоқынғандар отырықшыға айналып, нәтижесінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік тәртіп бұзылып, шаруашылық жүргізу әдісіне нұсқан келетін еді. XIX ғас. 80 жж. Жетісу облысы бойынша шамамен 1000 адам, негізінен Қытай эмигранттары, христиандықты қабылдаған [5, 12-14 бб.].

Христиан дініне шіркеу, монастыр салу үшін жер бөліп, қаржы жинап ерекше қамқорлық көрсеткен отарлық билік ислам дінін ондай қамқорлықтардан шет қалдырды. Бірақ бұл ислам дінін назардан тыс қалдырды деген сөз емес еді. XIX ғас. 80 жж. бастап мұсылмандық мекемелер үстінен бақылау қойыла бастаған болатын. Патша үкіметі отар аймақтардағы ислам дінін елемеген сыңай танытып, шеттету арқылы оның жергілікті халық арасындағы ықпалын әлсіретуді көздеді. Сонымен бірге мұсылмандарды материалдық тұрғыдан қызықтыра отырып, православие дініне көбірек тартуды жалғастыра берді. Бұл әдіс зая кетпеді де. Нәтижесінде көп ұзамай Жетісу облысындағы орыстандыру, шоқындыру саясаты өз нәтижесін көрсете бастады. Қазақтардың бұрынғы материалдық пайданы өзінің еркіндігінен жоғары қоймаған көшпендіге тән менталитеті өзгеріске ұшырай бастады. Оған дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауы және одан туындаған тұрмыстағы қиындықтар да ықпал етті.

1897ж. облыста 75 қазақ, 32 татар, 3 ұйғыр шоқынған. Олар негізінен орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлері, әлеуметтік жағдайы төмен, әбден ауру меңдеген жандар және бірен-саран рудан шеттетілген ғашықтар болған [12, 138 б.]. Христиандықты қабылдағандар өздерінің азан шақырылып қойылған атын орысшаға өзгертуі тиіс болған. Мысалы, Верный түрмесінің тұтқыны Түрген болыстығының қазағы Алпысбай Мергенбаев христиандықты қабылдап, атын Александр деп өзгерткен [13, 82 б.].

Аталған уақыттар аралығында Жетісу облысында православия дініндегі қыздардың қазақ жігіттеріне тұрмысқа шығу фактілері де жиі орын алған. Қазақ жігіттері олардан мұсылман дінін қабылдауларын талап еткен. Мәселен, қазақ жігітіне тұрмысқа шығу үшін Қапал станицасының тұрғыны, казак Мария Серебрякова мұсылман дініне өтуге өтініш білдірген. Ол шешесінің қазақ қызы екенін, казакка тұрмысқа шыққаннан кейін христиандықты қабылдағанын жазады. Сонымен бірге өзінің орыстардың емес, шешесінің туыстарының, яғни қазақтардың ортасында көбірек болып, казакша тәрбиеленгендіктен орыс тілін білмейтіндігін айтады. Ал қазақ жігіті оған мұсылман дініне өтсе ғана әйелдікке алатынын айтқан [14, 3 п.].

Отбасын құруға бел буған қазақ жігіттері болашақ жарларының ұлтына емес, олардың мұсылман дінінде болуына аса мән берген. Бұдан біз қарастырып отырған кезеңде Жетісу қазақтарының күнделікті өмірінде ұлттық бірегейліктен гөрі, діни бірегейліктің басым болғанын көреміз.

Мұсылмандыққа өтуге көбіне қазақ жігітіне тұрмысқа шыққысы келетін христиан дініндегі қыз-келіншектердің өтінішін жергілікті өкілетті орындар 2 руб. герб салығын төлегеннен кейін қанағаттандырып отырған [15, 1 п.].

Қазақтар осылайша өзге ұлт өкілдерімен отбасылық-туыстық негізде тығыз қарым-қатынасқа түсе бастады. Уақыт өткен сайын олардың діни айырмашылықтарға да еті үйреніп, күнделікті тұрмыста ол қалыпты жағдай ретінде қабылдана бастаған.

Орыстандырудың келесі бір маңызды бағыты – білім саласы болды. Білім саласын орыстандыру «ағартушылық» ұранымен православия шіркеуі және орыс мектептері арқылы кеңінен жүргізілді. Патша үкіметі жергілікті мұсылмандардың санасынан ислам дінін ығыстырып шығару үшін орыс білім ошақтарын ашып, оған жергілікті түркі мұсылмандарының балаларын тарта бастады.

Қонысаударушылар орналасқан жерлерде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылмастан бұрын-ақ, еш кедергісіз шіркеу үшін жер бөлініп, бір мезетте орыс мектептері де ашыла бастаған болатын. Мысалы, София, Үржар, Сергиополь, Қапал сияқты казактар қоныстанған жерлерде 1861 ж. 15 наурыздағы «Сібір казак әскері» туралы ереже негізінде «станицалық мектептер» ашыла бастады. Ал, Кіші Алматы станицасында ондай мектеп аталған ереже шықпай тұрып, 1859 ж. ашылған болатын. 1867 ж. 15 наурызда Верный бекінісінде ер және қыз балаларға арналған 2 кластық приход училищесі және осы жылдың 20 наурызында Үлкен Алматы тұрағында станицалық мектеп ашылды [16, 6 п.].

Жетісудағы ең алғашқы орыс мектебі бұлардың бәрінен бұрынырақ, 1850 жылы Қапал қаласында ашылған. Осылайша, өлкеде орыс тілі мен діні барынша насихаттала бастайды. Облыс құрылмай тұрып Жетісу жерінде барлығы 12 училище болды, оның 10 ұлдарға, 2 қыз балаларға арналған болатын [17, 37 б.].

Облыс құрылған соң орыстар мекендеген жерлерде мектеп ашу бұрынғыдан да қарқын ала бастайды. 1867 ж. Лепсіде 2 мектеп: біреуі тек ер балаларға, екіншісі ер және қыз балаларға арналған; ал Көксу, Надеждинск, Любовинск селоларының әрқайсысында бір мектептен; 1868 ж. Қапалда 1 мектеп; Сарқанда 2 мектеп: біреуі ер және қыз балаларға арналған, екіншісі қытай эмигранттарына арналған; Арасанда 1 мектеп; 1869 ж. Сергиопольде қыздарға арналған 1 мектеп ашылған [18, 7 п.]. Екі жылдың ішінде жаңадан 10 мектеп ашылған.

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман 1867ж. Жетісу облысының, ал 1868 ж. Сырдария облысының Әскери губернаторларына облыстағы мұсылман балаларын православия дініндегі балалармен қосып оқытуды ұсынады. Осы әрекеті арқылы мұсылмандық оқу орындарын бірте-бірте жойып жіберуге бағыт алды. Кауфманның ойынша, болашақта орыс-түзем оқу орындарының санын көбейту көшпенді мұсылмандарды отырықшы мұсылмандардың ықпалынан шығарып алуды қамтамасыз етуі тиіс болды. 1968-1969 жж. Жетісу облысындағы училищелердің көпшілігінде оқу ісі христиандық бағытта жүргізіліп, оқушыларға христиандық діни тәрбие беруге басымдылық берілді [17, 37-38 бб.].

Орыс-түзем мектептерінде оқу-тәрбие ісі христиан дінінің аясында жүргізілгендіктен жергілікті халық ол мектептерге балаларын беруден бас тартты. Ислам дінін ежелден салт-дәстүрінің, ұлттық тәрбиесінің өзегі санап келген казактар мен қырғыздар ондай мектептерге күдікпен қарады. Олар патша үкіметінің ағартушылық саласындағы саясатын өздерінің этностық және діни бірегейлігіне төнген қауіп деп қабылдады. Ұлттық салт-дәстүрді сақтап қалуға тырысқан жергілікті халық балаларының тек мұсылманша білім алуына мүдделі болды.

Thaw döneminde, Sovyet ideolojinin tahrip edici rolüne rağmen genel olarak tüm Sovyet cumhuriyetlerinin filmlerinde kültürel varlıkları ve ulusal kimlikleri yansıtmaya imkânı söz konusu olmuştur. Milli konulu ve kültürel unsurlar üzerine kurulu sinema yapıtları az sayıda da olsa bu yıllarda yapılabilmemiş, çekilen filmlerin hem Sovyetler Birliği bünyesinde hem de yurt dışında gösterimleri mümkün olmuştur. Kazakistan sinemasında da AbdullaKarsakbaev'in "My Name is Kozha / Benim Adım Koja (1963)", MazhitBegalın'ın "TracesGo Beyond theHorizon / İzler Ufkun Ötesine Gider (1964)", ShakenAimanov'un "TheBeardlessDeceiver (AldarKose) / Sakalsız Düzenbaz (Aldar Köse)" (1964), ve "The Land of theFathers (Atameken) / Ataların Toprağı" (1966), Sultan Khodjikov'un "KyzZhibek (The Silk Maiden) / Kız Jibek (İpek Kız)" (1970) ve KanymbekKasymbekov'un çocuk filmi "ShokandSher / Şok ve Şer" (1972) gibi filmler ulusal sinemanın ilk örnekleri ve Sovyet döneminde, modern ulus-inşa sürecinin temelini oluşturmuştur. Aynı zamanda Aimanov, Begalin, Karsakbaev ve Khodjikov sinemada ilk defa geleneksel Kazak yaşam biçimini temsil edip göstermişlerdir (Abikeyeva, 2013b:164).

Sovyetler Birliği'nin Thaw dönemi 1967 yılında sona ermiş, bu süreçten sonra sinema, tüm Sovyet cumhuriyetlerinde belirgin bir durgunluk aşamasına girmiştir. Parti ve endüstri bürokrasisinin sanatçılar üzerindeki kontrolü artmış, farklı şekillerde belirgin sansür uygulamaları (Andrei Tarkovsky'nin *Andrei*

Roublev, Alexander Askoldov'un *Commissar*, Andrei Konchalovsky'nin *The Story of Asya Klyachina* gibi filmlere) söz konusu olmaya başlamıştır. Thaw döneminin sona ermesinden 1980'lerin başına kadar devam eden durgunluk döneminde çok sayıda uzun metraj film yasaklanmıştır. Thaw'ın sağladığı rahatlığın bir sonucu olarak sinemacıların geliştirdiği eleştirel yeni gerçekçilik yaşayamamış, onun yerine 1970'li yıllarda bir tür pedagojik gerçekçilik hâkim olmuştur (Johnson 2008, 727).

SONUÇ

SSCB'de Stalin'in ölümünden sonra iktidara gelen Kruşçev'le birlikte yaşanmaya başlayan Thaw döneminde yumuşayan ve değişen siyasi anlayış sosyal hayatın her alanına yansımış bu yansıma sonucunda tüm Sovyet cumhuriyetlerinin sinemalarında belirgin bir yeniden doğuş dönemi söz konusu olmuştur. Thaw dönemi Kazakistan sinemasının da ciddi boyutta gelişme sürecine girmesini sağlamıştır. Almatı'daki film stüdyosunda 1954'ten itibaren düzenli olarak yılda birkaç film çekilmeye başlamış, stüdyonun adı Kazakfilm Stüdyosu olarak değiştirilmiş, ShakenAimanov'un ilk başkanı olduğu Kazak Sinemacılar Birliği kurulmuştur.

Kazak halkına ait ulusal geleneklerin temel unsurları ve Kazak yaşam biçimi temsil edilmiş, bazı halk destanları filmlerde yansıtılmaya başlamıştır. Sovyetler Birliği Devlet Sinematografi Enstitüsü (VGİK)'nden eğitim alan çok sayıda Kazak genci, yaptıkları çalışmalarla Kazakistan sinemasının gelişimine önemli katkılar sağlamışlardır. Bu sayede Kazakistan sinemasında "Birinci Yeni Dalga" hareketi olarak nitelendirilen süreç başlamış, çekilen filmlerle hem Sovyetler Birliği'nde hem de uluslararası festivallerde önemli başarılar yakalanmıştır. Özellikle Kazakistan milli sinemasının kurucusu ShakenAimanov'un çektiği bazı filmler, Kazakistan sinemasının, tüm Sovyet ülkelerinde tanınmasını hatta uluslararası gösterimlerle ülke dışına taşınmasını sağlamıştır. Bunun yanı sıra Kazakistan sinemasının ilk çocuk filmi çekilmiş, ilk animasyon filmi bu dönemde yapılmıştır.

Thaw döneminin sağladığı imkânlar, Kazakistan sinemasının önemli boyutta gelişmesini sağlamıştır. Bu dönemde yakalanan başarı grafiği, uzun süreli durgunluk sürecinden sonra glastnos ve perestroyka döneminde yeniden yükselişe geçmiş günümüz Kazakistan sineması bir anlamda Thaw döneminde kaydedilen gelişmeler ve bu gelişmelerin devamı niteliğindeki ikinci yeni dalga hareketi üzerine inşa edilmiştir.

KAYNAKÇA:

Abikeyeva, Gulnara (2013a), "Film-makers' Biographies" *Cinema in Central Asia: Rewriting Cultural Histories*, (Ed. Michael Roulant, Gulnara Abikeyeva, Birgit Beumers), I. B. Tauris, London, U.K.

Abikeyeva, Gulnara (2013b), "Cinematiknation-building Kazakhstan" *Cinema in Central Asia: Rewriting Cultural Histories*, (Ed. Michael Roulant, Gulnara Abikeyeva, Birgit Beumers), I. B. Tauris, London, U.K.

Andican, A. Ahat (2009), *Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya*, Doğan Egmont Yayıncılık, İstanbul.

İsmailov, Tofik (2001), *Türk Cumhuriyetleri Sinema Tarihi Cilt: 1-2-3*, Türk Güzel Sanatlar Vakfı Yayınları, İstanbul.

Johnson, Vida (2008). "Thaw'dan Sonra Rusya", *Dünya Sinema Tarihi* (Çev: Ahmet Fethi), Kabcacı Yayınları, İstanbul.

Kenez, Peter (2008). "Stalin Dönemi Sovyet Sineması", (Çev: Ahmet Fethi), *Dünya Sinema Tarihi* (446-455), (Ed. Geoffrey Nowell-Smith), Kabcacı Yayınevi, İstanbul.

Mowell, Barry (2013), *Political, Economic and Historical Foundations of Central Asian Cinema, Social and Cultural Change in Central Asia: The Soviet Legacy*, (Ed. Sevet Akyildiz, Richard Carlson), Routledge, New York, USA.

Radyavni, Jean (2003). "Sovyet Cumhuriyetlerinde Sinema", *Dünya Sinema Tarihi* (Çev: Ahmet Fethi), Kabcacı Yayınları, İstanbul.

Teksoy, Rekin (2005). *Dünya Sinema Tarihi*, Oğlak Yayıncılık, İstanbul.

Yiğit, Ali (2000). "Kazakistan'ın Değişen Etnik Yapısı", *Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, Cilt: 10 Sayı: 2, Sayfa 99-114, Elazığ.

ӘНУАР ПАШАНЫҢ ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ РӨЛІ

PhD докторы А. ӘБІКЕЙ^{45*}
магистрант М. ҚЫЗАЙБАЙ^{**}

Түйіндеме:

Түркістан өлкесінде жергілікті халықтардың патшалық Ресейдің орынын басқан кеңестік билікке қарсы күрес жүргізуі тарихқа басмашылық қозғалыс деген атпен енді. Қазақстан тарихының кеңестік кезеңінде Басмаш қозғалысын сол қоғамның ауқатты қауымы мен дін өкілдері ұйымдастырған деп, таптық идеологияның ыңғайына жығып бергенімен, шынайы тарих ол қозғалыстың табиғаты әлдеқайда күрделі болғандығын соңғы жылдардағы зерттеулер көрсетіп берді. Басмашылық ұлт-азаттық қозғалыстың барысына тек Түркістан өлкесінің халықтары ғана емес, сонымен қатар сыртқы күштердің ықпал еткенін көреміз. Басмашылық ұлт-азаттық қозғалысындағы сыртқы ықпал етуші күштердің жарқын өкілі ретінде әлбетте Энвер Паша тұлғасы аталады. Түркі дүниесінің даңқын қайта жаңғыртуға, кеңестік түркі халықтарының бодандықтан бірігіп шығуын арман еткен соңғы асқақ түрік рухының соңғы өкілі ретінде есте қалды. Мақалада Түркістанда басмашылық қозғалыс аталып келген Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын басқарушылар қатарындағы Әнуар пашаның кеңестік билікке қарсы күллі түркі жұртын біріктіру әрекеттері қарастырылады.

Тірек сөздер: Мұстафа Шоқай, Энвер Паша, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы, басмашылық, Шығыс Бұхара.

ROLE OF ENVER PASHA IN THE TURKESTAN PEOPLE'S LIBERATION MOVEMENT

Abstract:

In the Turkestan region, the struggle of the indigenous peoples against the Soviet rule by Russia was replaced by a basmach movement in history. In the Soviet era history, research shows that the basmach movement was organized by the wealthy community and clergymen, but it was a true history that the nature of the movement was much more complicated. We see that the process of national liberation movement was influenced not only by Turkestan people, but also by external forces. As a prominent representative of the external influential forces in the national liberation movement, it is the face of Enver Pasha. He was remembered as the last representative of the ultimate Turkish spirit of the Turkic world, who regained the glory of the Turkic world and dreamed of the unity of the Soviet Turkic peoples. The article considers Anwar Pasha, the leader of the Turkestan national liberation movement, who has been promoting Turkestan's popular movement, to unite all Turkic people against the Soviet power.

Keywords: Mustafa Shokai, Enver Pasha, Turkestan National Liberation Movement, Basmachism, East Bukhara.

КІРІСПЕ

Тарих ғылымында әлі күнге дейін жан-жақты зерттеле қоймаған Орта Азияның саяси тарихындағы түйткүлді мәселелердің бірі ретінде – басмашылық қозғалысты атауға болады. Аталмыш қозғалыс тарихындағы маңызды да бірегей тұлға – Әнуар паша. Ол басмаштардың өз алдына дербес әрекет еткен топтарын белгілі бір уақыт ұйыстырып, кеңестерге қарсы басқара алған қайраткер. Оның есімі жастүріктер қозғалысы көсемдерінің бірі ретінде аталып, бірінші Дүниежүзілік соғыста Осман империясының әскери министрі болғандығымен де белгілі.

Оның Бұхараға келуі үкімет құрамының қарама-қарсы жікке бөлінуіне ықпал жасады. Жалпыбұхара революциялық комитетінің төрағасы Мырза Мұхитдиновтың кеңеске қарсы позиция ұстанып, ашықтан-ашық Энвер Паша жағына шығуы мәселені одан бетер ушықтырып жіберген. Осы кезде Бұхара мәселесімен тікелей айналысқан Түрккомиссия мүшесі Цукерман РКФСР-дың Ауғанстандағы елшісі Ф.Ф.Раскольниковке жазған хатында былай дейді: «Энвер үлкен қиындықтармен қорқыта отырып бізге Орта Азияны тастап шығуды және түркістандықтар мен бұхаралықтардың өз тағдырын өздері шешуіне мүмкіндік беруді ұсынады... Бұл таңқаларлық тарих. Біз бұл түрік арыстанын өз мақсаттарымыз үшін қолға үйрете алмадық. Мүмкін біздің тарапымыздан

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, abikey.arm@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, moldirnurgali03@mail.ru

жасалған ұқыпсыздық Бұхара апанына тығылған осы бүлікшіл тұлғаның психологиялық драмасын тереңдетіп жіберген болар, енді келіп ол осы ұқыпсыздығымыз үшін кек қайтаруға әрекет жасауда» [1]. Бұл бағамен толығымен келісуге болады.

1921 ж. қазанында Әнуар паша жанында түрік армиясының полковнигі Қожа Сами-бей мен артиллериялық әскерлер капитаны Абдол Қадыр Мұхитдин-бей сынды түрік офицерлерімен Бұқар Халықтық Кеңестік республикасының астанасы Бұқараға келеді. Өз елінен аластатылған Әнуар паша республикалық Түркиядағы ағылшын империализмімен күресу үшін Кеңестік Ресейдің әскери көмегіне сенім артады. Дегенмен Ресей тарапынан ол нақты қолдау таппай, тек құрғақ уәдемен қанағаттанды. Кейіннен мұндай екіұдай жағдай оның Кеңес үкіметіне көмек ретінде Орта Азияда ағылшын империализмімен күресу үшін «Мұсылман одағы» жобасын ұсынады.

Бұған дейін бір жыл бұрын Үндістан мұсылмандарын ағылшын империализміне қарсы көтеру үшін, жастүріктердің келесі мүшесі, Осман империясының бұрынғы теңіз флоты министрі Жамал паша Орта Азия арқылы Ауғанстан бағытында сапарға шыққан еді. Осыған байланысты Әнуар паша өз тарапынан Кеңес үкіметіне көмегі ретінде ағылшын империализммен күресу үшін Орта Азия басмаштарын кеңестер жағына шығуына көндіруге ұсыныс білдіреді.

Большевиктер Энвер пашаның дүние жүзі мұсылман халықтарының арасында танымал болуын есепке ала отырып, оны шығыс халықтарын большевизм идеясына тартуға, Англияның отарларында азаттық қозғалыстар ұйымдастыру арқылы коммунистік идеяларын бүкіл әлемге жаюды көздеді.

Алайда, большевиктердің ағылшындармен жақындаса бастауы Энвер пашаның Кеңес өкіметіне сенімсіздік танытуына әкеп соғып, оның Ресей құрамындағы мұсылман түркі халықтарының көсемдерімен саяси одақ құру жолына итермелеген еді [2]. Орта Азияға барған Әнуар паша 1921 жылдың қарашасында құпия жағдайда құрамында түрік әскерилері бар 90 адаммен бірге БХКР- нан Шығыс Бұқараға өтіп кетеді.

Әнуар паша Шығыс Бұқарадағы өріс алып келе жатқан басмаштар қозғалысын өзінің жеке жоспарларына пайдаланып қалуға әрекет етеді. Пантүркизм идеяларына берік ол, басмаштардың әскери күштерін пайдалана отырып пантүркистік идеяларды үгіттеп және мүмкін болатын Ауғанстандағы Жамал пашаның көмегі арқылы құрамына Бұқара, Хиуа және Шығыс пен Батыс Түркістан кіретін және болашақта Түркия да қосылатын Біртұтас Түрік мемлекетін құруды жоспарлайды. Өзінің бұл жоспарларын іске асыру үшін Әнуар паша кеңес үкіметімен барлық қарым-қатынастарын үзіп, олардың қарсыласына айналды.

Орта Азияда Түрік ислам мемлекетін құру жөніндегі жоспарын іске асыру жөнінде шешім қабылдағанымен, кейінгі оқиғалар Әнуар пашаның аймақтағы нақты саяси жағдай байыбына қанық болмағанын көрсетті. Бастапқыда ол қандай саяси күштерге сүйену керектігін білмеді. Өйткені оған мүмкін болатын саяси одақтастарының арасында (Шығыс Бұқара басмаштары, жергілікті бұқар жәдиттері, кеңестерден тәуелсіз буржуазиялық Бұқар республикасын құруды қолдаушылар) бірлік болмады. Аталған басмаштық топтардың әрқайсысының кеңестерге қарсы күресудің өзіндік себептері болды.

Зәки Валидовтың естеліктері бойынша, Әнуар пашаның Орта Азиядағы ахуал жөнінде жалған түсініктердің қалыптасу себептері, ертеректе сонда болған барлаушы түрік офицерлерінің ақпараттарына негізделген. Оның ішінде бірінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Орта Азияда жасырын түрде болған Қожа Сами-бейдің де әсіре ақпараттары негіз болған. Осындай себептерге байланысты Әнуар паша мен бұқар жәдиттерінің арасындағы қарым-қатынастар оңайға түскен жоқ.

Зәки Валидов большевиктермен ымыраға келе алмай, оларға қарсы әрекет етуге бел буып, 1920 жылы Бұқараға келгеннен кейін, тәуелсіз Түркістан республикасын құруды мақсат еткен біртұтас ортаазиялық мұсылман қоғамын басқаруды қолға алады. Аталмыш ұйым – «Исламды құтқару» қоғамы, «Түркістанның ұлттық бірлігі» қоғамы деп те аталды. «Түркістанның ұлттық бірлігі» бағдарламасында социалистік баптарымен қатар ашық түрде пантүріктік: «Ұлт тілдің бірлігіне, дінге, дәстүрге, әдебиетке және әдет-ғұрыпқа сүйенеді ...», «... Түрік емес халықтардың да азаматтық құқықтар бар. Олар түріктермен бірге Түркістан мәдениетіндегі түркі элементін күшейтуге үлес қосуда» тезистер де бар еді.

Большевиктердің ойынша, «пантүркизм» бірінші кезекте шетелдік, Түркия сынды елден мықты қолдауының арқасында басмаштық қарсылық идеологиясына айналуы қарқын алып бара жатты. Большевиктер сыртқы жауларының бірігіп кетуімен қатар, өз қатарындағы қызметкерлердің де сатып кетуінен қауіптенді. Бұл негізсіз емес еді. 1921 ж. басмаштар жағына Бұқар республикасының бірқатар жоғары лауазымды қызметкерлері шығып кеткен. Олар ОАК төрағасы У.Полатқожаев, әскери министр Ә.Әріпов, 1-ші бұқар әскерінің қолбасшысы М.Құлмұхаметов және т.б.. Зәки

Валидовпен 1920 ж. басында Түркістан мен Бұқарада жоғары қызметте болған А.Мұхитдинов, Ф.Қожаев, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновастырын байланыс орнатты. Большевиктер барлық әскери күштерін Әнуар пашамен күресу үшін жұмылдыруға мәжбүр болды. Орта Азияға жаңа әскери құрамалар мен Л.Троцкий, С.Каменев, М.Буденный сынды Ресейдің әскери басшылығы келіп, басмаштарға қарсы кең көлемде әскери қимылдар ұйымдастырылды [3].

Кеңестік Бұқара үкіметіне қарсы тактикалық күреске қатысты идеялық одақтастардың арасында айтарлықтай келіспеушіліктер болғанмен, Әнуар паша «уақытты ысырап қылмай, басмаштарды Шығыс Бұқараға дереу бастап баруды» ұсынды. Ал Зәки Валидов болса, мұндай әрекетке қарсы болып, бар ынтаны біртұтас ортаазиялық мұсылман қоғамын жетілдіру жұмыстарына аудару керектігін алға тартып, Әнуар пашаға Ауғанстан асып, сонда Түркістан Қоғамына көмек көрсету жұмыстарын іске асыруды ұсынады. Демек, жергілікті ұлтшылдар Әнуар пашаны большевиктерге қарсы ортақ күрес басшысыретінде көргісі келмегенімен, біртұтас ортаазиялық мұсылман қоғамының мақсаттарын іске асыруға пайдаланғысы келді.

Сол кезеңнің оқиғалар желісі көрсетіп бергендей, Әнуар паша тікелей Шығыс Бұқараға баруды дұрыс деп табады. Ал Шығыс Бұқарада Әнуар пашаның сүйенетін нақты әскери және саяси күшті тек басмаш құрамалары ұсына алатын еді. Жергілікті бектер мен тайпа көсемдері басқарған басмаштар болса, биліктен қуылған Бұқар әмірін қайтару үшін күрес жүргізді. Басмаштардың идеологиялық демеушілері консервативті ниеттегі дінбасылары, бұқаралық жәдиттерді большевиктер секілді «исламның жаулары» деп есептеді. Осындай жағдайда Әнуар пашаға идеялық тұрғыдан жәдиттер жақын болғанымен, ол панисламдық ұрандарды қолдауға мәжбүр болды.

Әнуар пашаның түрік сұлтаны Абдол-Хамит Екіншінің туысына үйленіп, бүкіл мұсылман жұртының халифі саналған сұлтанның «күйеу баласы» деген атағы болғандықтан, Шығыс Бұқара жамағатының арасында үлкен абыройға ие болған еді. Өңірдегі бүкіл мұсылман жұрты үшін бұл маңызды жәйт болатын. Жергілікті халық Әнуар пашаны «әділ әмір» ретінде қолдауға дайын еді. Соңғы жылдары өз беделінен айрылған бұрынғы әмір Сейіт Әлім-хан билігінен гөрі «барлық мұсылмандардың халифі» күйеу баласының билігін тәуір көрді. Оның үстіне Әнуар пашаның өзі «... Түркістан маған жат жер емес, менің бабаларым – Түркістан топырағынан. Түркістандықтардың бойларындағы бүлкілдеген қан – менің де қаным ...» деп түркістандықтарға жазылған ажзүрек сөздері де белгілі еді.

Кеңестік Бұқара үкіметіне қарсы тактикалық күреске қатысты идеялық одақтастардың арасында айтарлықтай келіспеушіліктер болғанмен, Әнуар паша «уақытты ысырап қылмай, басмаштарды Шығыс Бұқараға дереу бастап баруды» ұсынды. Ал Зәки Валидов болса, мұндай әрекетке қарсы болып, бар ынтаны біртұтас ортаазиялық мұсылман қоғамын жетілдіру жұмыстарына аудару керектігін алға тартып, Әнуар пашаға Ауғанстан асып, сонда Түркістан Қоғамына көмек көрсету жұмыстарын іске асыруды ұсынады. Демек, жергілікті ұлтшылдар Әнуар пашаны большевиктерге қарсы ортақ күрес басшысыретінде көргісі келмегенімен, біртұтас ортаазиялық мұсылман қоғамының мақсаттарын іске асыруға пайдаланғысы келді.

Сол кезеңнің оқиғалар желісі көрсетіп бергендей, Әнуар паша тікелей Шығыс Бұқараға баруды дұрыс деп табады. Ал Шығыс Бұқарада Әнуар пашаның сүйенетін нақты әскери және саяси күшті тек басмаш құрамалары ұсына алатын еді. Жергілікті бектер мен тайпа көсемдері басқарған басмаштар болса, биліктен қуылған Бұқар әмірін қайтару үшін күрес жүргізді. Басмаштардың идеологиялық демеушілері консервативті ниеттегі дінбасылары, бұқаралық жәдиттерді большевиктер секілді «исламның жаулары» деп есептеді. Осындай жағдайда Әнуар пашаға идеялық тұрғыдан жәдиттер жақын болғанымен, ол панисламдық ұрандарды қолдауға мәжбүр болды.

Әнуар пашаның түрік сұлтаны Абдол-Хамит Екіншінің туысына үйленіп, бүкіл мұсылман жұртының халифі саналған сұлтанның «күйеу баласы» деген атағы болғандықтан, Шығыс Бұқара жамағатының арасында үлкен абыройға ие болған еді. Өңірдегі бүкіл мұсылман жұрты үшін бұл маңызды жәйт болатын. Жергілікті халық Әнуар пашаны «әділ әмір» ретінде қолдауға дайын еді. Соңғы жылдары өз беделінен айрылған бұрынғы әмір Сейіт Әлім-хан билігінен гөрі «барлық мұсылмандардың халифі» күйеу баласының билігін тәуір көрді. Оның үстіне Әнуар пашаның өзі «... Түркістан маған жат жер емес, менің бабаларым – Түркістан топырағынан. Түркістандықтардың бойларындағы бүлкілдеген қан – менің де қаным ...» деп түркістандықтарға жазылған ажзүрек сөздері де белгілі еді.

Дегенмен жергілікті феодал аксүйектер басмаш құрамаларының басшылары секілді Әнуар пашаның қараша халық арасындағы беделінің артып кетуінен сескенді. Олар Әнуар пашаны жәдиттердің, тіпті большевиктердің қатарынан көргісі келді. Басмаштардың жетекшілері негізінен

жергілікті феодалдар мен тайпа аксүйектері өкілдерінен тұрды. Сонымен қатар, Шығыс Бұқараның аумағы түпкілікті түрде Бұқар әмірлігіне ХІХ ғасырдың 70 жылдары, көп жағдайда орыс әскерлерінің көмегімен жүзеге асқандығын айта кету керек. Шығыс Бұқара аймағында әмірлердің билігі қашанда әлсіз болып, жергілікті бектердің ықпалы мықты болды. Олар үшін «жәдиттердің адамы» көрінетін Әнуар паша емес, қауқарсыз әмірдің билігін қанағанат тұтуды дұрыс көрді. Осыған байланысты Ибрахим-бек бастаған басмаш жетекшілері Әнуар пашаға сенімсіздік танытқандай салқын қабылдайды. Мұндай жағдай Әнуар пашаның адамдары қарусыздандырылып, өзін қамауға алумен тынады.

Ауғанстан жеріне бас сауғалаған бұрынғы әмір Сейіт Әлім-хан, басмаштардың көмегі арқылы, оларды қару-жарақпен, адамдармен қамтамасыз ете отырып, Шығыс Бұқара билігін қайтарып алуға тырысты. Осыған байланысты ол Әнуар пашаның беделін, оның әскери тәжірибесін пайдаланғысы келді. Дәл осы мақсатты іске асыру үшін Сейіт Әлім-хан әмір Әнуар пашаны босату жөнінде бұйрық беріп, оны өзінің орынбасары және жоғарғы бас қолбасшы етіп тағайындайды.

Алайда Әнуар пашаға Қызыл әскермен тыңғылықты күрес жүргізу үшін, тақтан тайдырылған жалғыз ғана Бұқар әмірінің көмегі жеткіліксіз еді. «Қызыл империализмге» қарсы күресуді ұран еткен Әнуар паша, шетел көмегіне зәру болды. Әнуар паша ағылшындармен байланыс орнатуға тырысады. Бірақ оның жазбаларына сәйкес, ол ағылшындардан қандай да бір көмекке қол жеткізе алмайды.

Әнуар пашаның Орта Азияда біртұтас мұсылман-түріктік мемлекетін құру жоспары және оның болашақта Ауғанстан мен Үндістандағы мұсылман халықтарына ықпал ету мүмкіндігі, Ұлыбритания мүдделерімен қабыспады. Әнуар паша Ауғанстаннан қару-жарақпен, азық-түлікпен болмашы көмек алады. Бұдан кейін ресми Ауғанстан Кеңестік Ресеймен қарым-қатынастарын бұзып алмау үшін, Әнуар пашамен және оның әскерімен байланысты тоқтатып, Шығыс Бұқарамен арадағы шегараны жабады. Нәтижесінде оқшау жағдайда қалған Әнуар пашаның әскері қызылдардың әскерімен талқандалады. Әнуар пашаның өзі болса, 1922 жылдың 4 тамызында Куляб аймағының Обдар қышлағы маңайында қаза табады.

Әскери басшылық түрік Селим паша қолына өтеді. 1923 ж. Қызыл әскер мен басмаштардың арасында соғыс қарқын алады. Қызыл әскер жеңіске жетіп, Селим паша Ауғанстанға өтуге мәжбүр болғанмен, большевиктер алаңдаулы еді. 1923 ж. жазында Мәскеуде бірқатар кеңестер өтіп, онда Сталин басмаштардың белсенділік танытуын Т.Рысқұлов, Ф.Қожаев, С.Қожанов сынды жетекші қызметкерлердің құпия байланыста болуымен түсіндіреді [3].

Бұқара үкіметін тазарту нәтижесінде көрнекті жәдит қайраткерлері – ағарту министрі Фитрат, шетелдер министрі А.Полатқожаев, қаржы министрі С.Қожаев және т.б. өз орындарынан босатылады. Бұқараға орталықтан «тәжірибелі кеңестік қызметкерлер» жіберіліп, «күшейтіледі».

ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық қызметі арқылы Қазақстанның еркіндігі жолында күрескен, бірақ Кеңес үкіметіндегі қызыл террордың нәтижесінде шетелге кеткен ұлт зиялысы Мұстафа Шоқай «Марқұм Энвер паша һақында есте қалғандардан үзінділер» деген естелік мақаласын Энвер пашаның қаза болғанының он жылдығына орай жазды. Энвер паша есімі тек түркі жерінде ғана емес, қазақ жұрты арасында кең таралғандығын: «Түркістандағы халық бұқарасының басым көпшілігі Әнуарға сенетін, оны өзінің ең жақын адамы санайтын. ... Ал Әнуар пашаны білмейтіндер жоқ десе де болатын», - деп жаза отырып, оның есімі Түркістан өлкесінде аңыз ретінде айтылатындығын келтірген [4].

Тағдыр тәлкегі М.Шоқайды Грузияда Әнуар, Жамал, Нұри пашалармен жолықтырып, арада болған сұхбатта ол түрік қайраткерлеріне Шығыстағы кеңестердің саясатына қатысты олардың ұстанымдарына байланысты өзінің ойын білдіреді. Түркияның осы айтулы мемлекеттік қайраткерлерінің көзқарастарын бірнеше қабат талдай отырып, М.Шоқай большевиктердің саясатын үгіттеуші құралы ретінде қараған Кеңестік Ресеймен олардың орнатқан сенімді қатынастарының қателігін көрсетсе, екінші жағынан осы түрік қайраткерлерін түркістандықтардың зор сүйінішпен, үмітпен қарсы алғандықтарын айтады.

М.Шоқай большевиктердің Әнуар мен Жамал пашаларға да ешқашан сенбегендіктерін, ерте ме, кеш пе олардың көзін жоятындығы күмәнсізболғандығын айтады [5]. Тіл мен дінді, бауырластықты ту етіп, жаңа кейіпке енген орыс отаршылдығына қарсы басмашылар қатарында тікелей шайқасып, өз өмірін түркі жұрты үшін құрбандық еткен Әнуар-пашаның жеке тұлғасы мен қызметі бүгінгі тәуелсіз Орта Азия елдерінің азаттық жолындағы күрестерінің жарқын беттері ретінде әлі де толыға түсуде.

Ғ.Бірімжановтың көпшілікке белгісіз болып келген қызметтерінің бірі – С.Қожановтың тапсырмасымен 1921 ж. Бұхараға Энвер Пашамен кездесуге баруы [6]. Бұл кездесудің барысы,

қандай нәтиже бергендігі жөнінде нақты деректер кездеспегендіктен оны тек болжауға болады. Сірә, Түркістандағы кеңестік билікке араласқан ұлт коммунистерінің С.Қожанов өзіне белгілі мақсатпен большевиктік биліктен қол үзіп, Бұхарада кеңеске қарсы кең ауқымды қарулы күрес жүргізуге кіріскен Энвер Пашамен байланыс орнатуды жоспарлаған болар. Бұндай әрекет мемлекеттік билік құрылымдарындағы кейбір өзбек қайраткерлерінің де тарапынан жасалған болатын.

Өзбекстандық тарихшылардың да Энверге қатысты бағасы әртүрлі сипат алған. Соған байланысты Д.А.Алимова «Энвер Пашаның күйреуі – сәтсіз саясаттың күйреуі... Сонымен бірге ол біздің тарих, оны таңдамаймыз, бірақ оған шынайылықпен қарауымыз керек, өйткені тарих дегеніміз – ештеңесін де өзгерте алмайтын буырқанған өзен» [7] деген тұжырым да энвертану ғылыми бағытына жол сілтейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Айналымға ұсынылған тың архивтік деректер Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалысқа қуатты серпін берген Энвер Пашаның қызметін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына XX ғасыр басындағы жастүріктер қозғалысының ықпалы кеңес өкіметіне қарсы қарулы күрес жағдайында Энвер Пашаның қызметі арқылы жалғасын тапқандығына көз жеткіземіз. Тіл мен дінді, бауырластықты ту етіп, жаңа кейіпке енген орыс отаршылдығына қарсы басмашылар қатарында тікелей шайқасып, өз өмірін түркі жұрты үшін құрбан еткен Энвер Пашаның жеке тұлғасы мен қызметі бүгінгі тәуелсіз Орта Азия елдерінің азаттық жолындағы күресінің құрамды бөлігі ретінде қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. РГАСПИ. Ф.85. Оп.23, Д.106
2. Баймаханов, К (2012) Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. №3-4.
3. Абашин, С.Н (2009) История зарождения и современное состояние среднеазиатских национализмов. Вестник Российской нации. № 3.
4. Смағұлова, Светлана (2013) Қазақ баспа сөзіндегі Энвер паша және түрікшілдік қозғалыс барысы. // Отан тарихы, № 1.
5. Есмағамбетов, Көшім (2012) Мустафа Чокай о Турции 20-30-х годов прошлого века.// Вестник КазНПУ
6. РГАСПИ. Ф.17. оп.85, д.77, Л.197
7. Алимова Дилором (2008) История как история, история как наука. В 2-х томах. Т.1. 278 с.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ НЕКЕЛЕСУ РӘСІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІТ.ғ.к., қауымдастырылған профессор **А.И. ИСАЕВА**^{46*}*Түйіндеме:*

Бұл мақалада XIX ғасырда Жетісу қазақтарының киіз үйде өткізген неке қию рәсімі жайлы жазылған. Мақаланың негізгі дерек көзі Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының (ҚРОММ) 64-қоры «Дала генерал-губернаторлығының канцеляриясындағы» № 4236 іс-қағаз болып табылады.

Киіз үй – қазақ халқының мәдениетінің маңызды бір компоненттерінің бірі болып табылады. Ал отбасы болса үлкен әлеуметтік институт болып саналады, отбасы мен киіз үй бір бірімен тығыз байланысты категория. Сондықтан қазақтың көптеген дәстүрлі рәсімдері киіз үйде өткізілген. Киіз үйге байланысты қазақ тұрмысында қолданылатын салттар, ғұрыптар мен ырым-тыйымдар аз болмаған. Олар қазақ халқының менталитетінен сыр шертетін ақпараттар көзі. Қазақ дәстүрінде отау құру мәселесі де жоғары мәнге ие болған.

Киіз үйдің төрінде түрлі-түсті жібек жіптермен кестеленген тұскиіз, төселген оюлы сырмақ, текемет, кілемдермен қатар ерекше көзге түсетін басқа да жабдықтар бар. Ұлттық ұғымда киіз үй және оның әрбір құрамдас бөлшегі қасиетті деп саналады. Соған орай ата-бабаларымыз әрбір затқа лайық ұлықтау, теңеу, бейнелеу сияқты ойлы ұғымдармен бірге тәрбиелік мәні бар қағидалы, қанатты сөздер де шығарған.

***Тірек сөздер:** киіз үй, отбасылық әдет-ғұрып, ырымдар мен тыйымдар, неке қию.*

FEATURES OF WEDDING REMAINING KAZAKHOV OF THE XIX CENTURY*Abstract:*

This article is devoted to the study of the ritual features of marriage in the yurt of Kazakhs Zhetysu of the XIX century. The basis of the article was the sources stored in Inventory No. 4236 from 64 Funds of the Office of the Steppe Governor-General of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (Central Archive of the Republic of Kazakhstan).

Yurt is one of the most important components of the culture of the Kazakh people. And the family is a big social institution, family and yurts are closely linked. That is why many traditional Kazakh rituals were held in yurts. Due to the yurt there were few customs, traditions and rituals used in the Kazakh language. They are a source of information about the mentality of the Kazakh people. In Kazakh tradition, the issue of marriage was also of great importance.

At the top of the yurt there is a pale-colored silk-colored silk thread, a saddle-made carpets, a carpet and other carpets. In the national concept, the yurta and its every component are considered sacred. In this connection, our ancestors, along with such notable concepts as inertia, equality, and imagination, have produced a principal, meaningful, meaningful expression of education.

***Keywords:** yurta, family rites and customs, representations and prohibitions, brikosochetanie*

КІРІСПЕ

Киіз үй көшіп қонуға ыңғайлы болу үшін ағаштан құрастырылып, сырт киізбен жабылатын баспана. Киіз үй – Орталық Азия көшпелі халықтарының негізгі тұрғын үйі болып табылады. Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығының немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібінен басқа да уақ – түйек бұйымдар түрлерін жасай білді. Әсіресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өңдеу ісімен де айналысты [1,56].

Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды керек ететін түрі – киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі. Мұны халық тілінде «үй басу» деп те атайды.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, aliyaisaeva77@mail.ru

Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды керек ететін түрі – киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі. Мұны халық тілінде «үй басу» деп те атайды.

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары, көбінесе, өзен жағасында өсетін әр түрлі талдан жасалады. Мәселен, оған Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал сияқты түрлері пайдаланды. Тал, халық тәжірбиесі бойынша, киіз үй сүйегін жасауға ең қолайлы ағаш түрі деп танылған. Біріншіден, жиі өсетін тал тоғай ішінен кереге мен уыққа жарайтындарын таңдап алу қиынға түспейді, екіншіден, өңдеуге өте қолайлы және одан бабымен кептіріліп жасалған уық - керегелер өте жеңіл және берік болады. Сән-салтанат құруды көксеген ірі байлар, төрелер мен билер үйшілерге киіз үй сүйегін түгелдей қайыңнан жасатады. Әдетте, қайыңнан жасалатын үйлердің көлемі үлкен болумен бірге, оның сүйегі де салмақты және өте берік. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өңдеген соң, оны боямайды. Өйткені, ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды рең беріп тұрады.

Киіз сүйегіне жарайтын ағашты, көбенесе үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде, тіпті жыл бойы көлеңкеде кептіреді. Киіз үй сүйегіне арналып дайындалатын ағаштың ұзындығы мен жуандағы кереге-уық жасауға жарамды болуы қажет, ал олардың қисықтығына онша мән берілмейді. Шаңырақ үшін дайындалатын қайың мүмкіндігінше түзу, бұтақсыз болуы қажет. Кейде, мұндай ағаштар тым жуан болса, оларды кесіп, ұзынынан жарып, ыңғайлап шауып қояды. Үй ағашын кесіп, бұтақтап, қабығын сыдырады. Бұлай етудің өзіндік себептері бар. Біріншіден, жаңа кесілген жас тал мен қайыңның қабығы оңай сыдырылады, көп еңбекті қажет етпейді; екіншіден, қабығы алынбаған ағашты көлеңкеге жиып қойса, ол жуырманда кеппей, қабық астында құрт пайда болып, ағаш борсып, шірі бастауы ықтимал. Сондықтан, кесілген ағашты жылдам аршып, бас-аяғын тегістеп отап, кереге дарайтындарын бір бөлек, уыққа арналған әлдіктерін бір бөлек 20-30 ағаштан бір-бір бума жасап, көлеңкеге бірінің үстіне бірін жинай береді. Мұндай бумаларды, әдетте, сыдырылған тал қабығының өзімен-ақ буады. Үй ағашын бұлайша бумалап кептірудің де өзіндік себебі бар. Біріншіден, тасымалдауға ыңғайлы, екіншіден, көлеңкеге жиналған көп бумалардың бәрін дұрыс, біркелкі кептіру үшін оларды әлсін-әлсін аудаптырып, астын үстіне, ортасындағысын шетіне шығарып қозғап отырады. Ал, барлық бумаларды бір шамада жел қақтырып отыруға немесе шыжыған ыстықтарда ағаш тез қурап, жарылып кетпеу үшін оларға су бүркетіндей етіп бумалап жинау тым қолайлы болады. Осындай әдіспен әбден кепкен үй ағашын үйшілер: «Қақасал кепкен ағаш», - дейді және ол жоғары бағаланады [2, 108-139].

Үйшіге қажетті жабдықтар: *тез, сықырауын, жонғы, қуыс жонғы, тісті жонғы (сызғы, ыруыш), тесе шот, шапашот, балта, қашау, қол ара, ою пышақ, үскі* сияқты саймандармен бірге кереге, уық және шаңырақ жасауға арналған әр түрлі қарапайым қалыптар мен кепкен ағашты жібітуге арналған қоз, мор, обын атанатын ыстық «пештердің» де болуы аса қажет. Осы айтылған саймандар мен жабдықтардың барлығын да тәжірбиелі шебер үйшілер, көбінесе, талғамдарына сай етіп, өздері жасап алады [2, 33].

Тез – үйшінің ең басты, негізгі құралдарының бірі. Тезді, көбінесе, сүйегі ауыр, тығыз және жарыла қоймайтын мықты қарағаш, қайың және жиде ағаштарының (ұзындығы 80-100 см) жуан кесінділерден жасайды. Тез жасау үшін мүмкіндігінше ағаштың қатар өскен екі мықты бұтағы бар тұсын таңдайды. Өйткені, бір метрдей жерінен кесілген екі бұтақ сүйірлеу ұштарымен жерге кіре тездің бір басындағы екі аяғынан рөлін атқарады. Ал, екінші басын қолдан жасалған, жерге мықтап орнатылған арнайы аша ағашқа жатқызады. Жерге бұлайша орнатылған тез оның үстінен қанша күш түссе де, мызғымайтын берік болады және үйшінің жұмыс істеуіне жағдай туғызады.

Сықырауын – міндетті түрде әбден кепкен, жуандығы білектей, ұзындығы 1,5 метр шамасындағы қайыңнан жасалады. Сықырауынның бір жақ тегістелген жуан басын «алақан», үйшінің жамбасына дәл келетін орта тұсын «жамбастық», ал, жіңішке ұшын «тұтқалық» деп атайды. Қандай қисық ағаш болмасын оны оқтай етіп түзететін немесе түзу ағашты көңілдегідей етіп ию арқылы оған жаңа мүсін беретін аты шулы тездің қарапайым көрінісі мен құрамы осындай ғана. «Қисық ағаш жатпайды тез қасында» деген халық мақалы да киіз үй сүйегін жасаудағы қарапайым қазақ тезінің орны бөлек екенін аңғартқандай [1,20].

Әбден кепкен үй ағашын тезге салып түзету үшін, ең алдымен, оларды от қызуына қақтап, балқытып алу керек. Ол үшін үй ағаштарын арнайы жасалатын «мор», «обын», «қоз» сияқты «пештерге» салады.

Үйші жұмысқа кіріспес бұрын неше қанат үйдің сүйегін жасайтынын біліп, соған қарай дайындалған ағаштарының қажеттерін іріктеп, ыңғайлайды. Жұмыс орнын, саймандарын жөнге келтіріп алып, көбінесе, таң сәріден іске кіріседі. Әрине, шебер үйшілердің бос отыратын уақыты

болмайды, негізі күнкөріс осы кәсіппен байланысты болғандықтан, олар әдетте, бір үй сүйегін бітсе, екіншісін бастай береді. Соның өзінде үй сүйегін әркімнің тапсыруы, алдын ала келісімі бойынша жасайтындықтан оның әрқайсысын әркімге арнап, іске кіріседі. Өйткені, әркімнің қалауы әр түрлі болады. Айталық, біреуге – төрт, енді біреуге алты немесе сегіз қанат не одан да үлкен үй керек болады. Бүреулерге тым сәнді, әшекейлі үй қажет болса, енді біреулерге қарапайым баспана болса болғаны. Осы жағдайлардың бәрі үйші еңбегіне айтарлықтай әсерін тигізеді [1, 20].

Киіз үй сүйегінің ең күрделісі де, қыруар еңбекті қажет ететін де кереге болғандықтан, үйші ең алдымен *кереге* сағаналарын дайындауға кіріседі. Ол үшін алдын ала дайындалған қозға немесе мор мен обынға, керегеге арналған ағаштардың он шақтысын салып, әбден жұмсартады. Жақсы кепкен ағашты қозға салар алдында суға малып алсы, ол тез жұмсарып, бабында балқиды, ағаштың сыртты күймейді. Қозда жатқан ағаштарды біртіндеп алып өңдеуге кіріседі. Одан соң ағаштың жуан басының екі жағын түзу жонғымен тегістейді, тісті жонғымен ыру сызықтарын жүргізеді. Кереге сағаналарының қалған ұзына бойын түгелдей қуыс не ойыс жонғымен жұмырлай жонады. Жону, түзеу жұмысы біткен соң тезге салу арқылы кереге сағаналарына арнайы мүсін бере, әр жерінен белгілі мөлшерде иіндер жасайды. Осының нәтижесінде кереге сағанасының басы сәл шалқақтау болады, мойын тұсы ішке еніңкі, бүйірі сыртқа теуіп шығыңқы келеді. Ал, бір жағы біртіндеп ішке тартып, төменгі ұшы тіп-тік келуі қажет. Кереге сағанасын тігінен қойғанда оның басы мен етегінің ең төменгі ұшы бір түзу бойында болуы шарт. Мұның өзі киіз үй сүйегінің орнықты және берік, әсіресе, киіз үйдің салмағына керегенің шыдамды болуының басты шарты. Кереге сағанасының осылайша мүсінделуі бүкіл қанатының әдемі болуына айтарлықтай әсерін тигізеді.

Ғылыми деректерде киіз үйдің нақты пайда болған уақыты белгісіз. Киіз үйдің қазіргі прототипі С.И. Вайнштейннің пікірі бойынша б.з.д. I мың жылдықтың ортасында дүниеге келген. Ол өзінің құрылымдық жағынан бұрынғы ғұндардың жылжымалы баспанасымен байланысты қалыптасқан көне түркі типіндегі киіз үйлер болған.


Негізінен киіз үйді қазақ жерін ерте заманнан бері мекендеген тайпалардың барлығы пайдаланған. Оған мысал ретінде, ежелгі үйсін және қаңлы тайпаларын айтсақ болады. Ортағасырлық араб географтары Әл-Якуби мен Ибн Фадлан өз еңбектерінде киіз үй туралы өз таңданыстарын жазып қалдырған. Алайда, қазақ киіз үйін зерттеушілер оны тек материалдық жағынан қарастырып, оның қазақ халқының рухани мәдениетімен байланыстылығы талданбайды. [2, 106-110].

Көшпелілердің дүниетанымында киіз үй – кіші ғарыш ретінде түсіндіріледі. Шынында да, киіз үйдің ішкі жағынан шаңырақ пен уықтар аспан күмбесін құрайды [3, 108-139]. Құрылымдық жағынан қазақтың киіз үйі осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бірде біреуі асып түсе алмаған, құрастырмалы, көшіп қонуға ыңғайлы баспананың жетілдірілген түрі болып табылады. Жетісу қазақтарының киіз үйлерінің күмбезі өзінің формасы жағынан бірден өзгешеленеді. Киіз үйдің күмбезін шығарушы уықтардың керегеге бекітілетін төменгі жағы тек жай ғана иілген түрде келетіндіктен, сол себепті күмбезі шошақ және биік болып келеді. Бұл шошақ күмбезді түрі Орталық және Батыс Қазақстанда таралған уықтары қатты иіліп келген жартылай жалпақ (күмбезі) түріне қарағанда Жетісудың экологиялық ерекшеліктеріне – жауын-шашынның көп болуына байланысты судың тез ағып түсуіне және т.б. жағдайларға бейімделген. Көзге түсетін өзгешеліктер Жетісу қазақтарының дәстүрлі мәдениетінің басқа да түрлерінен (қоныстану жүйесі, тағам, киім, жабдықтар мен ыдыс-аяқ) аңғарылады. Ол өз кезегінде рухани мәдениеті аясына да әсерін тигізеді [4, 177]. Қазақтағы үйшілер өнері сонау көне замандардағы көшпелілік өмір салтына байланысты қалыптасып ғасырлар бойы даму, жақсару процесінің нәтижесінде шынайы халықтық өнер дәрежесіне жеткен. Үйші өнері XIX ғ. II жартысымен XX ғ. басында нағыз үй кәсібіне айналды. Онда еңбек бөлінісінің нышаны да бой көрсете бастады. Э.А. Масановтың зерттеулеріне қарағанда, XIX ғ. соңында жәрмеңкесі жақын немесе қалалар төңірегіндегі ел арасында, әсіресе, ағашы мол жерлерде киіз үй сүйегін жасаудың өзі – «керегеші», «уықшы» және «шаңырақшы» сияқты мамандықтарға бөлінген. Киіз үйдің жоғарыда көрсетілген негізгі құрамдарын жасауда көп өзгешеліктер болаған. Ал, мұндай еңбек бөлінісінің бой көрсетуі оның өте сәнді екі ашпалы есік ағаш есіктерін (сықырлауық) жасауда бой көрсеткен. Әрине, бұл пікірден Қазақстанның барлық өңірінде үйшілер кәсібінде түгелдей еңбек бөлінісі үзілді-кесілді жеңді деген ұғым тумаса керек. Өйткені, XX ғ. басында ел арасындағы үйшілердің басым көпшілігі үй сүйегінің барлық құрамдарын түгелдей өздері жасай білді. Әр үйшінің шеберлік мүмкіндігі, көркемдік талғамы әртүрлі болғандықтан, олардың қолынан шыққан үй сүйектерінің сапасы бірдей емес-ті. Нағыз өнер иесінің жасаған кейбір үй сүйектерінің ешбір ою-өрнегі, күрделі нақышы, қымбат әшекейлері болмаса да, ісінің жатықтығымен, бөлшектерінің үйлесімділігімен ақ көздің жауын алады [5, 106-107].

Киіз үйге байланысты қазақ тұрмысында қолданылатын салттар, ғұрыптар мен ырым-тыйымдар аз болмаған. Олар қазақ халқының менталитетінен сыр шертетін ақпараттар көзі. Қазақ дәстүрінде отау құру мәселесі де жоғары мәнге ие болған. Х.Арғынбаевтың айтуы бойынша, отау үйге берілетін енші мөлшері әкенің байлығына, бала санына байланысты болатын. Бөлек шығатын отаудың басында жазғы, қысқы үйі, алдында малы және т.б. үй мүліктері болуы керек. Киіз үй мен оның жабдығы көбінесе әйелінің жасауымен келіп, ал келмеген жағдайда әкесі отау көтеріп беретін [1, 16].


Қазақтардың отбасылық рәсімдерді өткізу барысында баспана маңызды роль атқарған. Себебі, келген қонақтар, үй қожайыны мен т.б. адамдар киіз үйдің арнайы бір бөлігіне жайғастырылатын болған. Соған байланысты киіз үйдің ішкі бөлігін айтқан жөн.

Киіз үйдің ішкі бөлігі М.С. Мұқановтың айтуы бойынша киіз үйдің ішкі бөлігі домалақ және салыстырмалы түрде көлемінің кіші болуына байланысты, киіз үйдің әр бөлікке бөлінбеудің себебі болған. Алайда, бөлменің әрбір бөлігі дәстүр бойынша тұрмыстың мәнге ие екендігін айтқан [6, 44-45]. Сан алуан тарихи-этнографиялық деректер киіз үй бес сегменттен тұратындығын айғақтайды: 1) қонақтар орналасқан төр; 2) оң жақ отағасының күнделікті пайдаланылатын мүліктер мен жататын орын (есіктен сол жақ); 3) есікке жақын сол жақ орын әйелдің жеке ас тағамына қажетті бұйымдар орналасатын орын (есіктен оң жақ); 4) үйдің ортасы ошақ басы; 5) босағаның маңы;



Киіз үй кеңістігінің тиісті сегменттеріне жіктелу схемасы. Д.Қатыранның «Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті» атты еңбегі бойынша

Неке қию дәстүрінде, некелесушілер де осы киіз үйдің ішкі сегменттеріне сай орналасады. Жетісу қазақтарының неке қияр ғұрпы ерекше өткізілетіндігі жайлы Ресей шенеунігі полковник Н.М. Изразцов өз еңбегінде жазып қалдырған. Ол аталған дәстүрді Қапал уезінің қазақтарын өткізген кезде куәгер болған. Ресей үкіметіне бұл рәсім түсінікті болуы үшін оның сызбасын қағазға түсіріп алған.



a, b – шымылдық;

d, e – күйеу жігіт пен қалыңдық молдаға қарсы бетте отырады;

f, g, h, i – келіншектің құрбысы, екі әйел, келіншектік анасы;

c – куәгер ер адам, ол отырмайды, түрегеп тұрады

m – молда

... – рәсімге қатысушы ер адамдар [7, 91-99 pp].

Сызба бойынша «a, b» – шымылдық үйдің ішкі бөлігін толық жаппайды. Орыс этнографы неке қиюға дейінгі болатын дәстүрді жазбаған. Негізінен ұзату тойы болады деген күні, бесін ауған шақта күйеу жігітті қыз жеңгелері мен қыз әкесінің үйіне ертіп келеді. Босағадан аттай бере күйеу жігіт қолының ұшы етігінің басына жеткенше шаңыраққа, қыз әкесіне, қыз анасына үш мәрте иіліп тәжім

етеді. Бұл рәсім әулетті, қыздың ата-анасының құрмет тұтуды білдіреді. Неке қиылмас бұрын міндетті түрде отқа май құю жоралғысы жасалады: егделеу әйел күйеу жігітті ошақтың қасына алып келіп, қолына май құйылған бақырашты ұстатып, білегінен сүйемелдеп отқа май құйғызады. Оттың алауына алақанын қақтап, күйеу жігіт маңдайына, жүзіне сипай тигізіп, «От ана, Май ана өзін жарылқай гөр!» деп, отқа тәу ету ырымын жасайды.

Күйеу жігіт пен қалыңдық – «d», «e». Н.М. Изразцов бұл жерде неке қиярға қатысушылардың орналасқан орындарына түсініктеме бермеген. Бұл орыс этнографының бұл мәселеге мән бермеді дегенге келмейді. Мәселе, Николай Михайловичтің қазақ тілін білмеуінен шығады. Сол себепті, неке қияр рәсімінің кейбір жақтары ол үшін қызықты да, түсініксіз болып келген.

Дәстүр бойынша күйеу жігіт оң босаға жақтағы бірінші кереге мен екінші кереге жапсарына отырғызылады. Бұл жосын «екі елдің дәнекері болдың» дегенді білдіреді. Күйеу жігіт орнынан отырғызылғаннан кейін, қыз жеңгелері қалыңдықты үйге алып кіреді.

Келіншектің құрбысы, екі әйел, келіншектің анасы – «f», «g», «h», «i». Н.М. Изразцов рәсімге қалыңдықтың анасы, қалыңдықтың құрбысы нақты қасатындығын айтқан. Ал қалған екі әйелге қатысты еш нақты мәлімет бермеген. Бұл екі әйелдің бірі күйеу жігіттің анасы (егер неке қиюға келетін болса) немесе жеңгелері мен туыстары болуы мүмкін. Шамасы бұл әйелдер рәсімге куәгер ретінде қатысады.

Куәгер ер адам – «c». Некеге қатысушылар адамдардың барлығы орындарында отырса, тек куәгер ер адам орнынан түрегеп тұрады. Жалпы дәстүр бойынша куәгер бір ер адамға екі әйел болуы керек. Олардың барлығы рәсім өткізілгенде, «ант суын» ішеді. Ал, Н.М. Изразцовтың берген материалына куәлік беруші адамның түрегеп тұруы жайлы бірде бір деректерге кездеспейді. Бұл жайлы орыс этнографы ешқандай ақпарат бермеген. Шамасы куәгер ер адамның түрегеп тұруы оның неке рәсімінің өткізілуін жоғарыдан қарауы, дәрежесінің үлкен болуынан көрінсе керек.

Н.М. Изразцов бізге дейін жетпеген неке қиюдың ерекше дәстүрін жазып қалдырған. Алайда, орыс этнографының жергілікті тілді түсінбегендіктен Қапал уезі қазақтарының бұл рәсімін толықтай сипаттап жаза алмаған. Ол өз материалдарында мұндай дәстүрдің Құлжа округінің қазақтарында ұшыраспайтындығын жазған. Оның айтуынша шымалдықты неке қиюда пайдаланбаған. Ал некелесуші ер адам мен қалыңдық киіз үйдің ортасында молдаға қарсы отырған.

Киіз үй – қазақ халқының мәдениетінің маңызды бір компоненттерінің бірі болып табылады. Ал отбасы болса үлкен әлеуметтік институт болып саналады. Соған байланысты, отбасы мен киіз үй бір бірімен тығыз байланысты категория. Сондықтан қазақтың көптеген дәстүрлі рәсімдері киіз үйде өткізілген.

Киіз үйдің төрінде түрлі-түсті жібек жіптермен кестеленген тұскиіз, төселген оюлы сырмақ, текемет, кілемдермен қатар ерекше көзге түсетін басқа да жабдықтар бар. «Кен асылы жерде, сөз асылы елде» дегендей, өнер түрі елде мол. Халықпен бірге жасап келеді және жасай береді.

Ұлттық ұғымда киіз үй және оның әрбір құрамдас бөлшегі қасиетті деп саналады. Соған орай ата-бабаларымыз әрбір затқа лайық ұлықтау, теңеу, бейнелеу сияқты ойлы ұғымдармен бірге тәрбиелік мәні бар қағидалы, қанатты сөздер де шығарған.

Ол қанатты сөздер шаңырақтан басталады. *Шаңырақ* – киелі мүлік. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді қара шаңырақ деп құрметтейді. Қара шаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату-ежелгі халық жоралғысы. Шаңырақ деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді «шаңырақ көтерді» дейді. «Шаңырағың биік болсын!» деген батаның ең үлкені болса, «Шаңырағың ортасына түссін!» деген қарғыстың ең ауыры болып саналады. Шаңырақты аттамайды, көшкенде жеке түйеге артып, ол көш басында жүреді. Қыз ұзатылғанда мініп келген көлікті «шаңырақ түйе» дейді. Бұл көлікке ұзатылатын қыздың шешесі, жеңгесі, сіңлілері ғана ортырады. Тыныш отыр, шаманды біл дегенді білдіру үшін: «Шаңыраққа қара!» – деп, ескерту жасайды. Мысалы, үлкен іске үлес қосты, қала, зауыт салысты дегісі келсе «Шаңырағын көтеріп, уығын қадасты», – дейді.

Керегеге байланысты сөздер де көп. «Керегең кең болсын» деген бата – үйің кең, қонағың көп, берекелі үй бол деген сөз. Біреу ақталу үшін: «Керегенің көгін жейін», – деп қарғанады. Біреу масқараға ұшырап, ұятқа қалса, ол туралы: «Керегеге таңылды», дейді. Ештеңе бермеймін дегенді сеспен айтқысы келген адам: «Керегесін итіне қомдасын», – деп зіл тайтайды. Күш көрсететіндер: «Керегесін кертемін», – дейді.

Тілге тиек етіп айтылатын сөздер туырлыққа да орай айтылады. Мал семіз болса, «Іш майы туырлықтай туырылып түсті», – деп мақтайды. Аяқ-қолы балғадай әйелді туырлықтай ту қатын деп,

бейнелей айтады. Махамбет батырдың: «Туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп едім. Керегесін кескілеп, отын етсем деп едім», – дегені – кегімді алсам, дұшпанымды жеңсем дегені.

Бақан арқылы қазақ мықтылықты меңзейді. «Бақандай бес жігіт» дегені қарулы мықтылықты ұқтырса, «барымды киіп, бақанымды таянып» дегені әзірленіп, күтініп отырмын дегенін білдіреді.

Қазақ түндік арқылы көп жайды аңғартады. «Түндігің түтінді болсын» деген ақ батада ырыс, береке деген мағына бар. Жас әйел түндігін ерте ашса, оның шаруақор, пысық екендігі, басқа үлкен үйлердің түндігін ашса, әдептілігі көрінеді. Салақ, жалқау әйелдерді «түндігі кеш ашылатын келін» деп теңейді. Ал «Түндігі ашылмай қалды» деген сөз сол үйдің адамдарының барлығының қайтыс болып кеткендігін білдіреді.

Киіз үйдің есігіне байланысты айтылатын ұғымдар өте көп. Әркім өз үйін алтын босағам деп дәріптейді. «Есік көрген» деген ұғым күйеуден қайтып келген әйел дегенді білдіреді. Күйеудің алғаш келуін «есік көре келді» дейді. Оның «босаға аттар» деген ырымы да бар. «Табалдырық аттады» деген өте жақсы сөз «келін болып түсті» дегенді сыпайылап, құрметтеп айтқаны. Босағаны керме, табалдырықты баспа деген тыйымдар әдептілікке шақырады. Бөтен үй деудің орнына жат босаға деген ұғымды қолданады. Ұзатылатын қыздар оң жақтан аттанарда: «Алтын да менің босағам, аттап та шығам деп пе едім», – деп қоштасады. Кіріп келе жатқан бала табалдырыққа сүрініп жығылса, оны жақсы ырым деп жориды.

Ши де астарлы сөздің бір айғағы ретінде қолданылады. «Ши жүгіртті» – «түртпектеді», «құтырта түсті», «одан әрі ұшындырды» дегенді білдірсе, «шыққан қыз шиден тысқары» деп, тұрмысқа кеткен қыздың өз үйіне көп келе бермегені жөн екенін ескертеді.

Қазақта үй сабау – жаман ырым, жаман әдет. Өші кеткендер үй сабайды. Бұл өш алудың немесе дауға, ұрысқа шақырудың белгісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халықтық мұрасыз кез-келген салада материалдық және рухани мәдениеттің, тарихтың дамуы, алға жылжуы мүмкін емес. Егер ол болмаған жағдайда жаңа ұрпақтың әрқайсысы өзінің мәдениетін жаңадан бастауына тура келген болар еді. «Тек ата – бабамыздың мол тәжірбиесі, білімі мен ой қиялынан туған, ұрпақтан-ұрпаққа сан ғасырлар бойы келе жатқан халықтың тұрмыстық және рухани мәдениеті оның өшпес өнеге, сарқылмас мұра екенін көрсетеді», - деп М.С. Мұқанов халық өнерінің дәстүрлігін, сарқылмайтынын түсіндіреді.

Халықта ақ үй аманат деген маңызды салт бар, яғни ақ үй сыйға тартылады. Бұл – жауласушы екі елдің татуласқандығының куәсі. Дәулетті адамдар ұлы үйленгенде немесе қызын ұзатқанда ақ отау тігіп шығарады. Бұл – құрмет әрі сый белгісі. Қалыңдықты алғаш күйеуінің қасына жатқызуды халқымыз «отауға салды» деп, үйленген жігітті «отау көтерді» деп, сыпайылап айтады. Сол сияқты от басында, ошақ қасында, үй орнындай, кереге бойындай, есік пен төрдей, от орнындай, іргесін бөлек салды деген өлшемдер мен теңеулер – осы киіз үйге байланысты айтылған сөз тіркестері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ қолөнері. – Алматы, 1987. - 128 б.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «СЛОН», 2011. – 106-139 б.
3. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.
4. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Алматы: Арыс, 2005. – 175-199 б.
5. Масанов Э.А. Из истории ремесла казахов (вторая половина XIX – нач. XX вв.) // СЭ. – 1958. - №5. – С31-49(38).
6. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата, 1979. -120 с.
7. ҚРОММ 64-қор, 1 тізімдеме, 4236 іс, 91-99 пп.

MEDENİYETLERİN YAŞATILDIĞI ŞEHİR -NİĞDE'DEN ALAEDDİN CAMİİ**Malika MUSSUROVA*****Özet:**

Bu çalışmada, Türkiye memleketi Niğde ilinin çıkış tarihine dokunularak, uşbu şehirin tarihsel mimari yapılarından biri XII yüzyıla ait, memleketin hiçbir şehrinde eşi benzeri bulunmayan Alaeddin Camii incelenmiştir.Çalışmada Alaeddin camii yapısının doğu, kuzey,batı ve güney cephelerininincelenerek kullanılan bazı mimari terminlerÖzbek türkçesine çevirilerek yazılmıştır: Her cephenin mimari özellikleri hakkında ve günümüze kadar gelen inşa, usta ve ayet kitabeleri konularında bilgi verilmiştir. Ayrıca, diğer şehirlerde bulunan Alaeddin camilerinde görülmeyenplan,mimar, malzeme ve bezemeleri değerlendirilmiştir.Bu mimari eser, bol çizim ve fotoğraflarla desteklenerek tanıtılmıştır. Sonuç olarak Niğdedeki Türk mimari eserinde görülen önemli özellikler vurgulanmıştır.

Anahtar kelimeler:*Alaeddin Camii, Tarih, Kültür, Süs ve Bezeme, Yapı, Mimar*

THE ALAEDDİN MOSQUE FROM NİĞDE- THE CITY OF LİVİNG CİVİLİZATIÖNS**Abstract:**

In this study, concerning the history of the province of Turkey in Nigde were examined one of the historical architecture of the XII century, about Alaeddin Mosque without analogous in any city in the country, the unique one. In study,by investigating the eastern, northern, western and southern facades of Alaeddin mosque some of the architectural terminologies have been translated into Uzbek. There were given information about architectural features of every facade: build. master and verse's inscriptions which came up nowadays. In addition, the plans, architects, materials and decorations were appraised which not seen in Alaeddin Mosque's from other cities. This architectural work was introduced with plenty of drawings and photographs. As a result, it was emphasized the significant features of the Turkish architectural work in Nigde.

Keywords:*Alaeddin Mosque, History, Culture, Ornament and Decoration, Building, Architect.*

Niğde ili, İç Anadolu'nun Orta Kızılırmak bölümünden güneydoğu'da Akdeniz bölgesinin Anadolu bölümüne taşarak, batıda Konya, güneyde İçel ve Adana, doğuda Kayseri, kuzeyde Nevşehir ve Kırşehir, kuzeybatıda Ankara illeriyle çevrilidir.Şehrin adı Ortaçağ kaynaklarında Nakide veya Nekide olarak geçmektedir. Yeni türk alfabesinin kullanılmaya başlamasından sonra şehrin adının imlası Niğde şeklini aldı.Niğde, Frig, Pers, Büyük İskender, Roma, Bizans egemenliklerinde kalarak daha sonra Selçukluların, Moğolların, Karamanoğullarının eline geçmiş, 1471 yılında ise Osmanlı topraklarına katılmıştır. XIII.yy.daAnadolu Selçuklu Sultanlığını ele geçiren İzzeddin Keykavus, imrahoru Zeyneddin Başarı'yı Niğde'ye tayin ettikten sonra, burası türk eserleriyle süslenmeye başlanmıştır. Zeyneddin, Alaeddin Keykubad'ın sultanlığı sırasında Niğde'nin türk eserleri arasında en eski ve büyüğü olan Alaeddin Keykubat camiiini yaptırmıştır(1224)(ML, 1986: 342-343).

XIII. Yüzyılın sonuna kadar Anadolu Türk mimarisinin büyük bir kısmı deęişiklere uğramış ve belki de özgün biçimlerinden uzaklaşmıştır. Düz toprak damları, çok az pencere, sağır duvarları ve genellikle sonradan eklenmiş olan minberleri, süslü taçkapılarıdır. Camilerin çoğunun içinde taş, alçıoyma mihrapları, titiz bir teknikle işlenmiş minberleri ve günümüzde örnekleri hemen hemen kalmayan yapılardan biri Niğde ilinde bulunmaktadır.Niğde'de Anadolu Selçuklu dönemine ait Alaeddin Camii,Sultan Alaeddin Kekubad I. Devrinde Beşara bin Abdullah tarafından 1224 tarihinde yaptırılmış, 20.90X25,90 m'lik bir alanı kaplayan cami dıştan, doğu cephede esas taçkapı, kuzeyde (sonradan pencere haline getirilmiş) küçük taçkapı, cephenin kuzey köşesinde tek şerefeli minare ve kible duvarının çatısı üç kubbe ile örtülen bir mimari yapıya sahiptir(Aslanapa, 2003: 123).



Resim 1. Niğde Alaeddin Camii genel görünüm

Doğu cephede güneydoğu köşeye yakın taçkapımında dikdörtgen formlu bir pencere bulunmaktadır. Cephede, biri duvarın güney ucuna yakın olacak şekilde diğer ikisi taçkapımın iki yanında olmak üzere üç payanda (parvaz) yapılmıştır. Cephenin kuzeydoğu köşesinde tek şerefeli, camiye bitişik minare bulunmaktadır. Caminin zengin ve muayyen bezemeli dekoru geleneksel Selçuklu dönemi örneklerine göre yapılmış cümle kapısıdır. İslam sanatının en çok kullanılan bezeme tekniklerinden biri, mukarnasın yoğun olarak taç kapılarda ve mihrapta kullanılan (stalaktit) (muqarnas) adı verilen üç boyutlu süslemesidir. İlk örneklerine küçük alçı nişler halinde Nişapur (Horasan) yapılarında rastlanan mukarnas, sütun başlıklarında, tonoz ve kubbelerin bezemesinde, duvarlarda kullanılmıştır. Mukarnas, Anadolu'da, daha çok nişlerin içlerini bezemek için, XII. yüzyılda ortaya çıkmıştır. Gelişmiş örnekleri ise, XIII. yüzyılın yapılarında taçkapı içlerinde rastlanmıştır (Kuban, 2004: 120-121). Selçuklu cephe tasarımının vazgeçilmez bir unsuru olan taç kapıları, biçimlerine göre üç gruba: birinci grup kemerli yada kemersiz, kapı kurgusunun basit şeklini oluşturan, ikinci grup kemerli yada dikdörtgen çerçeveler içerisinde yerleştirilmiş, beden duvarlarından taşkın ve yüksek olamayan "yüzeysel taçkapılar"lardır, üçüncü grup ise, beden duvarından taşkın ve yüksek kurgular ile bir niş şeklini alan tonoz yada yarım kubbe kavsaralı olarak bölünmektedir (Gündüz Küskü, 2014: 196,197,198).

Cümle kapı bina ortasından biraz kuzeye kaydırılarak yerleştirilmiştir. Aydınlık fenerinin aksında yer alan portal, düşey dikdörtgen formlu, genişliği 6.93 m ve dışı yaklaşık 1 m. kadar çıkıntı yapan bir kuruluşa sahiptir (Ekiz, 2005:36). Sivri kemerli olan kapıda iç içe iki kemer yapılarak, inşa ve usta kitabesine de bu sivri kemerin içinden yer verilmiştir. Taçkapıyı, çeşitli süslemelerle bezenmiş bordürler dıştan içe doğru çerçeveler. En dışta sade bir silme, ikincisi yarım yıldız biçimi girintileri arasında ayrıca üçgen şeklini oluşturan bordür, üçüncü ise yarım daire (yarım ay) kesitli girintiler ve aynı bordürdür ki bunun yukarısında, kuzey köşeye denk gelen taşa bir basit bir kuş motifine yer verilmiştir. Ana bordür üzeri yivli kollarla ortadaki sekiz uçlu bir yıldız etrafında gelişmiş ve diğerlerine göre daha geniş bir yüzeye sahiptir. Sonra takip eden silmede üçgen ve yarım dörtgen geometrik şekiller birer sıra atlamak suretiyle yerleştirilmiş ve bunların dış konturları dört sıra yivle dekore edilmiştir. Süslemeler düzgün kesme blok taşların yontulması suretiyle yapılmıştır. Bu süslemeler karşılıklı olarak bakıldığında iki tarafta paralel olması gereken bazı süslemelerin aynı eksende olmadığı görülmektedir. Sivri kemerin köşelerinde paralel olan birer geometrik rozet yer alır. Sivri kemer birbirini takip eden sıra ile önce ikili saç örgüsü, zencirek, dörtlü saç örgüsü ve tekrar zencirek motiflerinden oluşan dört şeritli bir geniş süsleme işlenmiştir. Bu zencirek oluşturan geçmeli halkalar bir motifin karakteri olarak, saadet ve mutluluk sembolünü temsil etmektedir (Keskiner, 1989: 126).

Kemer içinde en üstte "T" formu bir çerçeve içerisinde mermere üç satır halinde inşa kitabesi yerleştirilmiştir. Kitabenin transkripsiyonu ve günümüz türkçesi şöyledir:

1- *Emerebi-imareti haze'l-cami'i fi eyyamı devleti's-sultani'l-mu'azzamşahenşahi'l-'azam meliki*

2- *Mülüki'l-âlem seyyidi's-selatin el-arabve'l-acem 'alai'd-dünya ve'd-din giyasi'l-İslam ve'l-müslimin*

3- *Keykubad bin Keyhüsrev ve 'azzenasrehu el-abdu'z-zaif el-muhtac ila rahmeti'l-lahi Beşare bin Abdullah inşaehu Müstenire'd-din bi-tarih 'ışrin ve sitte mi'e*

[İslam'ın ve müslümanların yardımcısı, dinin ve dünyanın gelişmesinin yardımcısı Arap ve Acem sultanlarının efendisi, meliklerin meliki, şahların şahı, büyük Sultan Keyhüsrev'in oğlu Keykubad'ın Sultanlığı zamanında. Allah'ın rahmetine ve yardımına muhtac zayıf kul Abdullah'ın oğlu Beşare bu caminin inşasını Müstenireddin'e 620(hicri) yılında emretti.]

İkinci kemer daha altta olup, diğerlerinden daha değişik birbirlerine çapraz bağlanmış haç kollar yada düğümlü geçme motifiyle kuşatılmıştır (Ekiz, 2005: 34). Sivri kemerin iki köşesinde dikkat çeken kabartma figürler, iki tarafından sarkan örgülü saçlı birer insan başıdır. Mehmet Özkarcı'ya göre, bu kabartmalar I. İzzeddin Keykavus Darüşşifası'nın ana eyvanındaki gibi kadın ve erkek figürleri olduğunu ortaya koymaktadır (Özkarcı, 2001: 40). Bu figürlerin hemen altında simetrik şekilde harap olmuş vaziyette iki kabara ve onların ortasında da usta kitabesi yer almaktadır.

1-Amel-i üstadsıddıkbiradereş Gazi

2-bin Mahmud

(Sıddık bin Mahmud ile kardeşi Gazi 'nin eseridir)

Hiçber yer boş bırakılmadan itinalı taş işçiliğini görebilmek mümkündür. En üstteki mukarnasın içi balık sırtı şeklinde diğerleri ise bir birinden farklı biçim ve boyutlarda yelpaze şeklinde hareketlenmiş ve alt sıradaki mukarnasların aralarına etrafi ikili saç örgüsüyle çevriliyerek biri sekiz diğeri dokuz uçtan oluşan yıldızlı rozet bazıları ise oldukça sade rozetlerle unsurlanmıştır.

Esas giriş kapı basık kemerli olarak kemerin cephesi zencirek ve ikili saç örgü motifiyle zigzag dalgalı yivleri, en altta ise ortada üçgen iki yanında da hilal kesitli girintilerin üzeri üç katlı yivlerle geçirilmiştir.

Portalın giriş açıklığının iki yanında birer mukarnaslıkavsaralı 0.30x 070x150 m. boyutlarında mihrabiyeler işlenmiştir. Mihrabiyenişleribeş kenarlı olarak kavsaraları yüzeysel üç sıra mukarnasladolgulanmış ve köşelerinde birer simetrik gülbezeker bulunmaktadır. Mukarnas, ortada ikili örgü kenarlarında zencirekliüç şeritli basit geçmeyle sınırlendirilmiştir. Mihrabiyelerin tahrip olan kısımları son onarımlarda sade aynı sarımtırak renkli taşlarla yenilenmiştir.

Usta, kemer içindeki mukarnasları farklı biçimlerde yerleştirilerek, sabahın erken saatlerinde vuran güneş ışığının etkisiyle mukarnasların gölgeleriyle, saç örgüleribaşının iki yanından sarkan birkızısiluetinin ortaya çıkmasını sağlamıştır.

Rivayetlere göre, Niğde sancakbeyi ZeyneddinBeşare Selçuklu hükümdarı I. Alaaddin Keykubat adına, bir cami yapılması için emir vermiştir. Camiyi yapan taş ustası, sancakbeyinin kızına aşiktir ve aşkını dile getirecek imkanlardan yoksundur. Neticede o bir taş ustası, sevdiği ise bir beyin kızıdır. O aşkını aşikar etmek ister fakat her seferinde gerçeklerin taş gibi soğuk yüzüyle karşılaşmaya devam eder. Fakat usta ne yapıp edip aşkını bir şekilde ortaya koymaya bir kere karar vermişti artık. Bunu en iyi sanatıyla anlatabilirdi. Bir aşkın varlığını kanıtlayacak yegane şey, yaptıklarının yarattığı etki olacaktır. Nasıl doğa zihnimize sızmak için çabalayan madde ise, sanat ta madde halinde kendini dışa vuran zihin demektir (Wilde, 2008: 95). Dolayısıyla usta sevdiği kızın yüzünü güneşle birlikte aydınlansın diye caminin giriş kapısına nakşetmiş. Artık o büyük aşkını ancak doğan güneş dillendirebilirdi. Bu hikâye halk arasında da anlatılan ve efsaneleşen bir hikâyedir. Buradaki hikayenin kahramanı taş ustası biraşıktır ki imkansız aşkını kalbine, sevdiğinin cemalini ise taşlara yansıtmış aşkıyla taşı bile yumuşatmayı başarmıştır. Dünyada benzeri olmayan bu eşsiz sanat eseri Niğde şehrinde tüm dünyaya aşkın büyüklüğünü, sevginin yüceliğini ve temizliğini yansıtmaya devam ediyor.



Resim 2. Niğde Alaeddin Camii genel görünüm

Selçuklu Camilerinde minareler, cami beden duvarlarından ayrı olarak inşa edilmişlerdir (Turani, 1992: 227). Caminin kuzey köşesindeki kalın silindirik taş minarenin kaidesi ve pabuçluğu iki ayrı renk taşla bir sıra külrengi bir sıra sarı olmak üzere atlamalı olarak örülmüştür. Gövde kısmı da aynı şekilde bir

atlamalı olarak iki renk taşla örülmüş ve minarenin tekdüze görüntüsüne böylece hareket kazandırılmaya çalışılmıştır. Pabuçluk caminin düz çatı ekseninden bir metre yukarısına kadar sekizgen bir planla yükselir ve üç katlı (sıralı) silme ile sınırlandırılarak, ondan yukarısı silindirik bir planla yükselir. Sekizgen pabuçluğun her yüzüne de bir sağır (yalancı) kemer hareketlendirilerek, üzeri yivlenmiş dördü örgü ile süslenmiştir. Bu sekizgen sağır kemerlerden birinin içine kemer alını taşkın bir kapı yapılarak cami damına çıkış sağlanmıştır. Minarenin kalın silindirik gövdesinde süsleme elemanı bulunmamaktadır. Tek şerefeli olan minarenin şerife kısmının altı üç sıra mukarnaslandırılmıştır. Minarenin, şerefeden sonrası tamirler sırasında yenilenmiştir. Kuzey cephe zemininden külah başlangıcına kadar yüksekliği 21.80 m. dir. Minareye caminin içindeki bir kapıdan çıkılmaktadır. Sivri kemerli giriş kapısına üç dilimli bir alınlık yapılarak köşeleri ikişer rozetle doldurulmuştur.



Resim 3. Caminin minaresinden görünüm

Kuzey cephede, hünkar mahfiline girişi sağlayan minarenin hemen yanında bugün pencereye dönüştürülen küçük bir taçkapı, kuzeybatı köşesinde dikdörtgen bir pencere ve üç payanda (parvaz) bulunmaktadı. Payandalar, toplam onaltı adet olarak binanın bütün cephelerinde camiye dıştan destekler. Tonoz ve kubbelerin yüklerini taşıyan kemerleri desteklemekle kalmayıp yapının cephesine bir hareketlilik kazandırmaktadır. Bu cephedeki payandalar zeminden itibaren yaklaşık 1.40 ile 2.10 metreye kadar yüksekliktedir. Yine bu cephede yer alan kornişin altında daha özenli bir taş işçiliğine sahip çörtlenler (turnau) düzenlenmiştir. Burada olduğu gibi, doğu, batı cephelerin dış tarafında, zeminden yaklaşık 3 metre yukarıda yer alır ve ikişer adettir. Bu çörtlenlerin önceden aslan başlı olduğu varsayılmaktadır (Özkarı, 2001: 34-35). Caminin kuzey taçkapısı, geometrik bezemeye süsleme konusunda anıtsal taçkapıdan da farklı olarak kalmayıp, sadece boyut olarak biraz küçük minarenin hemen yanında bey mahfiline geçişi sağlayan (bey kapısı) sonradan pencereye dönüştürülmüş bir açıklıktır. Dıştaki süsleme kuşağında anıtsal taçkapıda gördüğümüz gibi sırayla gelen üçgen ve yarım dörtgen geometrik şekiller yapılmıştır, sıradaki bordür ve yüksek kemer geniş dokuz kollu yıldızlardan gelişen bir geometrik süsleme kuşağı ile kuşatılmıştır. Mukarnaslı kavsaranın yanında simetrik olarak gülbezeler ve kavsaranın bittiği yerde onaltı kollu bir yıldız ile dolgulanmış bir rozete yer verilmiştir.

Batı cephede, güneybatı köşedeki mazgal pencere hariç herhangi bir açıklık bulunmamaktadır. Cephenin ortasında bir birine yakın mesafede, yine kornişin altında harap halde iki taş çörtlen ve binanın eğimi dolayısıyla farklı ölçülerde altı payanda yer almaktadır.

Güney cephede, mihrap ekseninden kaymış şekilde 3.00 m. genişliğinde 0.25 m. derinliğinde ve zeminden 4.85 m. yükseklikte bir mihrap payandası yer alır. İçeride mihrap nişinin duvarda meydana getirdiği incelmeye sebebiyle meydana gelen zayıflığı desteklemek için düşünülmüş ve yapılmıştır. Bunun iki yanında dörtgen formlu birer pencere delinmiştir. Her iki pencerenin iki tarafında yüksekliği 4.40 m olan ikişer, adet payanda yerleştirilmiştir.

Caminin içi üç koridor haline bölünerek sekiz sütun direnmiştir. Kibleye paralel olarak bölünen bölümler birer kubbe ile örtülmüştür. Bu kubbelerde küçük pencereler delinerek, ortadaki kubbe duvarına da mihrap, minber yüzünden biraz sola kaydırılarak yapılmıştır (Gabriel, 1931:28). Binanın ortasına, cümle kapının aksinde dikdörtgen tavan açıklığıyla ahşap, yanları pencereli aydınlık feneri getirilmiştir. Mekan içerisinde görsel algılamaya sağlanabilmesi için güneş ışığına ihtiyaç vardır. Böylece, yapıyı aydınlatmak maksadıyla uygun teknikler kullanarak, mekana özen katmaya çalışılmıştır. Dini yapılarda ışığın görevi,

insanları biraraya getirmek, onalrın duygu ve düşüncelerini ibadete yönlendirmekse, diğer taraftan yapıların mimari yapıların özelliğini vurgulamaktır (Halifeoğlu, Dalkılıç, Murt, 2005 : 219).



Resim 4. Caminin içinden genel görünüm

Selçuklu dönemi camilerinde en süslü bölümler taç kapılar ve mihraplardır. Bu sebeple Niğde Alaeddin Camiinin taç kapısı gibi, 4.50x5.40 boyutlarındaki mihrabı da oldukça süslü yapılmıştır. Mukarnas sistemi taçkapılarda ilk 1195'te, mihraplarda 1179 senesinde yapılan örnekleriyle rastlanmaktadır. Büyük Selçukluların mukarnas tasarımları ve deneylerinden yararlanan Anadolu Selçuklu çağının sanatçıları mukarnas bezemeyi yaygın bir biçimde kullanarak aynı zamanda Osmanlı dönemine aktarmıştır (Kuban, 2002: 344). Bölgeye ait bazalt taşından yapılan mihrap alçak kabartma tekniği olarak adlandırılan bir taş oyma tekniği ile yapılmıştır. Bu bölümde yer alan süslemeleri en dıştan içe doğru sıralamak gerekirse ilki 0.15 m. genişliğe sahip iç bükey bir silme ve ardı sıra gelen 0.05 m. genişlikteki düzikinci silmeye yer verilmiştir. Bu silmeyi 0.12 m. lik yayvan bir kaval silmetakip eder, bu her üç silme mihrabı çerçeveler. Mihrap nişini kuşatan ve süslemeli olan ilk bordür alçak kabartma tekniğinde sepet dokuma tarzında bir süslemeye sahiptir. Bu süslemeyi takip eden beşinci bordür 0.12 m. genişliktedir. Burada ikili zencir motifi ile ve uçlarına yakın bölümlerinden birbirine eklenmiş hilal biçimli süslemelerin meydana getirdiği yan yanaiki farklı bezemeçeşidikullanılmıştır. Bu bordür hilallerin uç kısımlarından temas ederek sınırlayan 0.03 m. genişlikte düz bir şerit ile tamamlanmıştır. Bu süslemeleri takip eden bordürde ise yaklaşık 0.15 m. genişliğe ve 0.08 m. kadar derinliğe sahip iç bükey bir silmeye yer verilmiştir. Yedinci sırada yer alan silme yaklaşık 0.40 m. genişliktedir ve mihrabın en geniş bordürünü oluşturmaktadır. Merkezdeki dokuz kollu bir yıldızdan gelişen geometrik forma sahip bu bordür dördüncü sıradaki süslemeden ilham alınarak uygulanmıştır. Bu süslemeden sonra iç içe ana-yavru şeklinde iki ayrı nişyerleştirilmiştir. Birinci nişin köşeleri simetrik olarak iki geometrik rozet ve onların hemen altında bir boy küçük biri bitki motifli, diğeri de çark-ı felek (çarhpalak, varrak) rozetiyle süslenmiştir. Bu iki rozetlerin ortasında küçük (yavru) nişin kavsarasınıtamamlandığı kısımda:

'1- La ilahe illallah MuhammedünResulu'l-lah

2- El mülki'llillahahad

Allah'tan başka ilah yoktur Muhammed onun elçisidir ve mülk tek olan Allah'ındır'' (Özkarıcı, 2001: 19) ayet kitabesi bulunmaktadır. Rozetler altındaki boşlukta karşılıklı birer çiçek motifli (mayçiçek) rozetler yerleştirilmiştir. Büyük nişin kavsarası yelpaze biçimli dört sıra mukarnaslarladolgulandırılarakoluşturulmuştur. Her iki yanına da birer mihrabiye yerleştirilmek suretiyle mihraba Selçuklu taçkapılarının anıtsal görüntüsünü hatırlatan bir biçim kazandırılmıştır. Büyük nişin mukarnaslarının başladığı kısmın hemen altında üzeri yivli üçlü bir örgü motifi küçük nişin bulunduğu alanı üç tarafından kuşatacak şekilde yapılmış ve küçük nişin kavsaraköşelikleri ile bu örgülü süsleme arasında kalan bölümlere, ortalarında onbir kollu bir yıldız bulunan yine onbir yapraklı birer bitkisel motif yerleştirilmiştir. Bu örgü motifinin mihrabın batı tarafındaki başlangıcı ikili bir örgü iken daha sonra yukarı kısımda üçlü bür örgüye dönüştürülmüştür. Küçük nişin yüksekliği 2.95 m, genişliği 1.95 m vederinliği ise yaklaşık 0.50 m dir. Küçük nişin kavsarası beş sıra yelpaze (yelpiğiç) dilimli mukarnaslarladolgulanmıştır. Bu mukarnasa zeminden yukarı bakılırsa beş veya altı uçlu yıldız desenlerini görebilmek mümkündür.

Mihrabın hemen soluna yerleştirilen taş minber oldukça sade yapılmış olmakla birlikte korkuluklarında bir birini kesen ve üzeri yivlenmiş altıgenlerin meydana getirdiği ve merkezde altı

kolluyıldızların yer aldığı oniki kenarlı bir geometrik bezeme ile süslenecek bazı bölümleri kırmızı kök boya ile boyanmıştır. Son onarımlarda, taht kısmına ahşaptan külah basit, süssüz ve sade yapılmıştır.

Caminin mihrap duvarına paralel uzanan bölümünün üzeri bir birinden farklı ölçülere sahip kubbelerle örtülmüş ve trompları mukarnaslarla dolgulanmıştır. Güney doğu tromp mukarnası: dilimli, geometrik, bazıları sekiz köşeli yıldız motifli rozetlerle zenginleştirilmiştir. Orta kubbede minberin yukarısındaki trompta kırmızı mavi (kızıl, kök) boya kullanılmıştır. Mihrabın üst kısmına trompların arasına yerleştirilmiş iki satırlık ayet kitabesi bulunmaktadır:

“1- Küllü men aleyhafânveyebka

2- Vechü rabbikezü'l-celalive'l- ikram.

Yeryüzünde olan her canlı yok olacak. Yalnız azamet ve ikram sahibi Rabbinin zatı bakılacak”.

Orta sahnındaki batı kemerinde de usta kitabesine yer verilmiştir.

“1- 'Amel-iSiddık bin Mahmud.

2- Rahmet-ullahi 'aleyhi 'ammere


3- Heze'l-mescide'lmubarekesene..... sittemi'e

Mahmud'un oğlu Siddık'ineseri, Allah'ın rahmeti

(onun) üzerine olsun.

Bu

mübarek mescidialtıyüz.....senesinde yaptı” (Özkarıcı, 2001: 22)




Resim 5. Kible duvarında mihrap ve minber

Yapının kuzeyi, orta sahnın son bölümü kornişinde dört tarafı da dört sıralı mukarnasla hareketlendirilmiştir. Eserin örtü sistemi kible tarafında üç kubbe ve diğer bölümlerde sivri beşik tonoz sadece, bey mahfiline girişi sağlayan çapraz tonoz ile örtülmüş ve bunlar ayaklar üzerine oturmuştur. Bu sekiz ayağın bazıları oldukça sade, bazılarında ise taçkapı ve mukarnaslardaki kullanılan desenlerin örneklerini görebilmek mümkündür. Ayrıca, kible tarafında yer alan sivri kemer karınları üçer silmeyle dilimlenerek, kible kısmının ayrıcalığı vurgulanmıştır.

Alaaddin Camii cephelerinin iç ve dış duvarlarında çeşitli işaretler bulunmaktadır





Resim 6. Caminin duvarlarında bulunmuş işaretler

Sonuç olarak, Alaeddin Keykubad'ın planı ve şekli bozulmayan Niğde'deki camii, klasik Selçuklu camii mimarisinin bütün unsurlarının nasıl hali biraraya getirilmesi, önemli bir gelişme olarak karşımıza çıkmaktadır. Anadolu Selçuklu dönemine mütedair Alaeddin camii Türkiye'de eş örneği bulunmayan ve günümüze kadar gelen emsalsiz eser, sadece tarihsel yapı olarak değil aynı zamanda yerel ahalinin ibadet etmesini de sağlamaktadır.

KAYNAKÇA:

- Aslanapa, O., (2003), *Türk Sanatı*, İstanbul, Remzi Kitabevi, C-6
- Ekiz, Mehmet., (2005), *Niğde Tarihi Üzerine*, Ed. Musa Şaşmaz, Niğde Alaeddin Camii, İstanbul, Kitabevi.
- Gabriel, Albert., (1931), *Niğde Türk Anıtları*, Çev. Ahmed Akif Tütenk, Kayseri- Niğde, Anadolu Türk Anıtları, C-1.
- Gündüz Küskü, Sema., (2014), *Osmanlı Beyliği Mimarisinde Anadolu Selçuklu Geleneği*, Ankara : Türk Tarihi Kurumu, C-1
- Halifeoğlu, Fatma Meral., Dalkılıç, Neslihan., Murt, Özgür., *III. Ulusal Aydınlatma Sempozyumu ve Sergisi*, Tarihi Diyarbakır Cami'lerinde Aydınlatma, s-219.
- Keskiner, Cahide., (1989), *Turkish Motifs- Chain patterns*, İstanbul: Turkish Touring and Automobile association, C-3
- Kuban, D., (2004), *Çağlar Boyunca Türk Sanatının Anahtarları*. İstanbul: YKY. C-4.
- Kuban, Doğan., (2002), *Selçuklu Çağında Anadolu Sanatı*, İstanbul : Yapı Kredi Yayınları. C-1
- Claude Dubois (genel yayın müdürü), Meydan- Larousse, (1986), *Büyük Lugat ve Ansiklopedi*, İstanbul: Meydan Yayınevi, C-9.
- Özkarıcı, Mehmet., (2001), *Niğde'de Türk Mimarisini*, Ankara : Türk Tarihi Kurumu Basımevi.
- Turani, Adnan., (1992), *Dünya Sanat Tarihi*, İstanbul, Remzi Kitabevi. C-4
- Wilde, Oscar., (2008), *Sanatçı: eleştirmen, yalancı, katil*, (çev.E. Soğancılar, G. Kayı, F. Özgüven ve T. Armener). İstanbul : İletişim yayıncılık , C-2 (eserin orijinali 1969'de yayımlandı)

СОЦИАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БАҒАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РОЛІ

э.ғ.д., доцент **П.Ж. АБДИКУЛОВА***

Түйіндеме:

Қазақстан территориясындағы ертедегі мемлекеттердің алғашқысы сақтар болды. Сақтардан соңғы Қазақстан аумағында және көрші аймақтарда үлкен мемлекет құрып дәуірлеген халық ғұндар еді. Ғұндарда мемлекеттіліктің негізі б.з.д. III ғасырлардан бастады. Қазақ мемлекеттігінің тағы бір қайнар көзі үйсіндер мемлекеті болып есептеледі. Этникалық ортаның өзгеруіне байланысты біздің заманның 1-ші ғасырында Еуроазия далаларында басымдық түркі тілдес тайпаларға ауысты. Бірінші түрік қағанаты мемлекетінің құрылуымен Қазақстанның орта ғасырлық тарихы басталады. «Түрік» деген ат алғаш рет 542 жылы қытай деректерінде аталады. 552 жылы Түрік елі қалыптасады. Бірінші түрік қағанаты мемлекетінің құрылуымен Қазақстанның орта ғасырлық тарихы басталды. Дала империясы – түркі қағанатының тууы - түркі әлемі туралы ұғым туғызды. «Бүгінгі күнді түсініп түйсіну үшін, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев саммитте жасаған баяндамаларында әркезде қадап айтып жүр. Қазақстан даму кезеңдерінде патшалық Ресейдің боданында, одан кейін Кеңес өкіметінің құрамында тәуелсіздік алғанға дейін өмір сүргені барлығымызға аян. Аталған мақалада Қазақстанның Социалистік құрылыстың түрлі кезеңдеріндегі ауыл шаруашылығы өнімдері бағаларын қалыптастырудағы мемлекеттің саясаты баяндалады.

***Тірек сөздер:** мемлекет, баға, рынок, құн заңы, тауар-ақша қатынасы, өнім.*

THE ROLE OF THE STATE IN THE FORMATION OF PRICES FOR AGRICULTURAL PRODUCTS AT DIFFERENT STAGES OF SOCIALIST CONSTRUCTION

Abstract:

The first in the territory of Kazakhstan was Saks. From the Saks to the latter part of Kazakhstan and to the surrounding regions, the peoples of the former Soviet Union were created. The basis of statehood in Huns was BC. Starting from the III century. Another source of Kazakh statehood is the state of the country. Due to the change of the ethnic environment in the 1st century BC, the priority was given to the Turkic tribes in the steppes of Eurasia. With the creation of the first Turkic Khanate state, medieval history of Kazakhstan begins. The name "Turkish" was first mentioned in 542 Chinese data. In 552 the Turkish nation is formed. The history of the Middle Ages of Kazakhstan began with the creation of the first Turkic Kaganate. The steppe empire - the birth of the Turkic Khanate - has given rise to the concept of the Turkic world. "We need to look into the past, too, to understand the future of the future, to understand and understand today," Nursultan Nazarbayev, the President of Kazakhstan, has said in his speeches at the summit. It is well-known that at the stages of Kazakhstan's development, until the kingdom of Russia, then the sovereignty of the Soviet Union, gained independence. This article describes the state's policy of formulating prices for agricultural products at various stages of Kazakhstan's socialist construction.

***Keywords:** state, price, market, value law, commodity-money ratio, product.*

Социалистік құрылыстың түрлі кезеңдеріндегі ауыл шаруашылығы өнімдері бағаларын қалыптастырудағы саясаты әр нақты жағдайында шешілетін экономикалық және саяси жағдайларға байланысты анықталды.

Қиын жағдайда тұрақты бағаларды жоспарлаумен елдегі рыноктық ұйымдастырушылық әрекеті шектеліп, қоғамдық өнімді бөлу реттелді. Бұл кезде ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау көлемін жоспарлау шаруалардың ішкі қажеттіліктерін (тамақ өнімдері, мал жемі, егіс материалдары) есепке алумен іске асырылды. Шетелдік басқыншылық, азамат соғысы тудырған қираулар, ауыл шаруашылығы өнімдеріне алмастыруға қажетті өнеркәсіп тауарларының болмауы және нанның негізгі иелері – кулактардың нанды мемлекетке тапсырғысы келмеген әрекеттерінің белсендірілуі елдегі тауар-ақша қатынастарының дамуын тежеді. Осы кезеңде өндірілген ауыл шаруашылық өнімнің бөлігін сатып алмай және қала мен ауыл тауарларын сатпай күшпен тартып алу азық-түлік салғырты саясатын іске асыру мемлекетті нан және шикізатпен қамтамасыз етудің жалғыз дұрыс

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, fabdikulova@mail.ru

шарасы болды, себебі, бұл халықтың қол жеткізген революциялық жетістіктерін сақтап қалуға және шетелдік құлдықтар аман қалуға мүмкіндік берді. Әскери коммунизм кезеңіндегі уақытша сипаттағы шаралар құн заңын мойындауға әкелді. Шаруашылық құрылыстың барлық нысандарын ұстанған негізгі принцип экономикадан құндық категорияларымен рынок категориясын шығарып тастауға әкелді. Өндірістің жекелеген агенттері арасындағы байланыс бүкіл қоғамдық өнімді тікелей бөлу арқылы іске асырылды. Соғыс аяқалғаннан кейін азық-түлік салғырты саясаты елдің, әсіресе ауыл шаруашылығындағы өндіріс күштерінің дамуына тежеу болды, себебі шаруалар мүддесіне қарама-қайшы келді. Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жұмысшы табы мен шаруалар одағының экономикалық негізгі нығайтқан қала мен ауыл арасындағы тауар ақшасын қатынасын дамытуға бастама болды[1]. Оны енгізу еркін рыноктық сауда жағдайында өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық тауарлар бағалары арасындағы зиянды сәйкессіздікке жол бермейтін икемді саясатты талап етті. Мемлекет сатып алу және сату жүргізілгенімен капиталистік тауарлық қатынастарды көрсетпейтін бағалардың еркін ойынын жоққа шығаратын ерекше рынок түрін жасай отырып, негізінен нан мен тауарлардың бағаларын анықтады. Мемлекет өзі орнатқан және реттейтін бағалар бойынша іске асыратын тауар айналымы жоспарлы түрде, өз табиғаты бойынша социалистік болды. Жаппай ұжымдандыру жағдайында алдын ала дайындалған белгіленген шартты бағаларға негізделген техникалық және астық тұқымдарына келісімшарттар құру жүйесі кең тарады. Бірақ тұтынушылық бағыттағы өнеркәсіптік тауарлардың бөлшек бағалары ауыл шаруашылық өнімдерінің тұрақты бағаларымен салыстырғанда өсу тенденциясына ие болып, балама айырбасқа кедергі болды. Кеңшарлар мен кеңшаршылар табысын арттыру үшін, еңбекшілерді тамақ өнімдерімен жабдықтауды жақсарту үшін үкімет жергілікті рыноктардағы кеңшар саудасын күшейтуге арналған бірқатар шаралар қабылдады. 1932 жылдан орталықтандырылған азық-түлік қорларын құрудың қатаң кепілдерін қамтамасыз ету үшін мал шаруашылығы мен жер шаруашылығы өнімдерін міндетті жеткізу жүйесі енгізілді. 1941 жылға дейін ауыл шаруашылығы өнімдерінің дайындау бағаларының қозғалысы мемлекеттік сауданың тұтыну тауарларының бөлшек бағаларының өзгеруіне сәйкес келмеді. Ұлы Отан соғысы кезінде (1941-1945 жж.) кеңшарлардың мемлекетпен ара қатынасында натуралды байланыстар басым болды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің соғысқа дейін деңгейде қалған дайындау бағалары негізінен қайта бөлу қызметтерін орындады, себебі жаулаушылармен шоғырландыруы осыған байланысты болды. Соғыстан кейінгі жылдары (1945-1953 жж.) ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіптік тауарлары бағаларының деңгейі мен ара-қатынасын жоспарлы реттеу тұтыну тауарларының мемлекеттік бөлшек бағаларын бірізділікпен төмендетумен сипатталады. Себебі соғыс жылдары олар бірнеше рет өсіп отырды [2]. Осы кезеңдегі сатып алу және өткізу бағаларының жүйелері өзгеріссіз қалды да мақсаты құрылатын қосымша өнімді максималды шоғырландыру мен оны соғыс кезінде қираған ел шаруашылығын қалпына келтіруде қатал мақсаттылықпен пайдалануда болатын қайта бөлу қызметтерін орындауды жалғастырды. Сонымен социалистік қоғам үшін тауар-ақша қатынастарын пайдалану зор теориялық және практикалық қиыншылықтарға кездесті. Шаруашылықтың тауар өндірісі, рынок дамуымен сәйкессіздігі туралы қате түсінікті жеңе отырып, тауар-ақша қатынастарының негізгі принциптері мен нақты нысандарын даярлады. Бірақ елді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын ұжымдандыру міндеттерін шешу барысында қалыптасқан объективті жағдайлар құн заңын пайдалануына белгілі шектеулерге әкелді. Техниканы игерудің тарихи қажетті қатары өндіріс рентабельділігі үшін күресті әлсіретіп, шаруашылық есеп, пайда, өзіндік құн сияқты құн категорияларына формалды сипат берді. Себебі, өндіріс зияны мемлекеттік бюджет дотация есебінен жабылып отырды. Ұзақ уақыт бойы елді индустрияландыру мұқтаждықтары үшін ауыл шаруашылығында жасалған қосымша өнім бөлігін тарту мақсатына қызмет еткен тауар-ақша қатынастарын жоспарлы пайдалану (баға мен салық саясаты) құн заңы талаптарынан сәл шегінуге мәжбүр етті. Мәселен, алғашқы бесжылдық жылдарында ауыр өнеркәсіп тауарларын сату бағасы өнімнің өзіндік құны өніміне қарамастан мөлшерленіп отырды. Қаражаттарды жұмылдырудағы шешуші роль мемлекеттік бюджетке тиесілі болды. Ауыр өнеркәсіп салаларындағы тапшылық халық шаруашылығының басқа салаларында, оның ішінде ауыл шаруашылығында жасалған қосымша өнім есебінен толтырылды. Тек 30-жылдардың аяғына қарай техниканы игеру процесі негізінен аяқталып, ауыр өнеркәсіптің бірқатар салаларында дотациядан бас тарту және шаруашылық есеп, пайда және басқа құн категорияларын қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Бірақ 30-жылдардың екінші жартысында шиеленіскен халықаралық жағдай мен төніп келе жатқан екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты шаруашылықты қайта құру қажеттілігі туды. Бұл да өндірісті басқару мен ынталандыруда экономикалық әдістерді қолдану шеңберін тарылтуға әкелді. Сонымен, тауар өндірісі мен айналым заңдары ұзақ уақыт бойы

экономикалық теорияда жеткілікті дамытылмады және практикада нақты қолданыс таппады. Осының нәтижесінде ауыл шаруашылығының теориялық проблемаларын дайындау мен қала мен ауылдың экономикалық өзара қатынастарының шаруашылық есеп нысандарын іске асыруда үлкен қателер жіберілді. Құн категорияларын әрекетінің сферасын кеңейткен шаралар арасында колхоздар мен кеншарлардың экономикасын нығайтуға, лениндік материалдық қызығушылық принципін ауыл шаруашылығы өндірісін жылдамдату факторларының бірі ретінде дамытуға бағытталған КСКП ОҚ қыркүйек пленумы (1953 ж.) алады. Пленум мемлекеттің астық, картоп, қант қызылшасы, көкөніс, ет, сүт, жүн, тері шикізаты және бірқатар басқа өнімдерді сатып алу бағасын арттыру арқылы ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу жағдайын жақсарту қажеттілігін көрсетті.

Бірақ әлі біраз уақыт бірдей өнімді экономикалық деңгейі әртүрлі және өндірістің түрлі мамандандырылған шаруашылықтар үшін өткізудің түрлі бағалары сақталды. Сондықтан экономиканың саясат аспабы ретіндегі баға ролін арттыру және бағаны еңбектің қоғамдық қажетті шығындарына жақындату қажет болды. Маусым пленумы (1958 ж.) коммунистік құрылыс теориясы мен практикасына ірі үлес қосты

Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауға жаңа тәртіппен жаңа баға орната отырып, пленум тауар-ақша қатынастары дамуы жағдайында халық шаруашылығын ары қарай көтеру мүддесін көздеді. Оның шешімдерінде мемлекеттің колхоздармен есеп айырысуын қиындататын, дайындаушы ұйымдар қызметіне үлкен ыңғайсыздық тудыратын ауыл шаруашылық өнімдерінің көптеген жүйесінің кемшіліктеріне талдау жасалынды.

Бұл жүйенің жетіспеушілігі дайындаудың әр нысанының өнімнің ерекше бағасы болуына байланысты көрінді. Шаруашылық мемлекетке бірдей өнімді түрлі бағамен сатты. МТС жұмысы үшін төленетін натуралды ақы ғана өзгермеді. Себебі, ол мемлекетке ақшасыз есеп айырысу түрінде түсіп, колхоздардағы орындалған техникаландырылған жұмыстар шығынын өтеуге жіберілді. Бірдей өнімнің баға деңгейінің әртүрлі болуы кейде үлкен көлемде болды. Мәселен, бағасы елде тауар астығын өндіретін барлық аудандарды қамтитын төрт белбеу бойынша орнатылған астық Қазақстанда мемлекет орнатқан бірінші және екінші белбеу бағаларымен дайындалды.

Жеткізу нормасының жеткіліксіз дифференциясы кезіндегі бағаның мұндай жүйесі 100 га жерден түрлі деңгейлі өнім алатын колхоздар арасындағы экономикалық теңсіздікті күшейтті. Бұл деңгей жоғары болғандар деңгей төмен болғандарға қарағанда міндетті жеткізу тәртібімен мемлекетке өз өнімнің аз бөлігін тапсырды. Нәтижесінде, бір өнім бағаларының түрлі деңгейінен көрінетін әлсіздер есебінен шаруашылықтың экономикалық күшті топтары пайдасына табыстарды қайта бөлу жүрді. Өз өнімдерін сатып алу желісі бойынша сатқан колхоздар өнімді көп қана емес, арзанырақ төмен өзіндік құнмен өндірді. Бұл шаруашылықта өнім көбірек және арзанырақ өндірілген сайын, ол мемлекетке соншалықты қымбат түсіп отыратын дұрыс емес жағдай қалыптасты.

Міне сондықтан КСКП ОҚ маусым пленумы (1958 ж.) дайындау мен бағаның көптеген нысандары орнына ел аймақтары бойынша дифференцияланған бірегей мемлекеттік бағасы бар дайындаудың бірегей нысаны орнатылды. Бұл ауылшаруашылығы өрлеуінің жаңа жағдайлары, колхоздар экономикасын, әсіресе МТС таратылуына байланысты нығайту тудырған объективті қажеттілік болды. Бұрын бірдей өнімге түрлі бағалар болған кезде кейбір колхоздарда колхоз рыноктарында көбірек өнім сатуға деген ұмтылыс болды. Бірегей бағаларды енгізу колхоздарға жоғары тұрақты табыстар алуға және өнімді мемлекетке көбірек сатуға мүмкіндік берді. Осының негізінде ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік дайындау көлемі елеулі өсті.

1958 жылы орнатылған жылжымалы бағалар шаруашылық шығындары орнын толтырып қана қоймай жинақтауды қамтамасыз етіп, өндірісті арықарай кеңейтуге жағдай жасауы керек еді. Белгілі бір аймақта өндірістің қалыптасқан жағдайына байланысты оларды жоғарылату және төмендету мүмкіндігі көзделді. Практикада баға жылжымалылығы принципі дұрыс қолданылмады. Қандай да бір аудандарға жыл жағдайы ескеріліп, 15-20-% шеңберінде төмендетілуі немесе жоғарылатылуы керек нормалардың іс-жүзінде сақталмауы кемшілік болды. Жағымсыз жағдай орнаған аудандарда жоғарылатылмастан, бір аудандарда баға жиі төмендетіліп отырды. Тіпті астық өнімі жоғары болмаған жылдары бидай бағасын төмендеткен кездер де болды.

Сонымен бірге бидай мен ауылшаруашылығының басқа өнімдеріне баға орнақан кезде ауыл шаруашылығында тұтынылатын өнеркәсіптің өнімдерінің (машина, қосалқы бөлшектер, резина, жанар-май және т.б.) бағалары тұрақты болады деп болжанып еді. Бірақ тракторлар, автомашиналар мен қосалқы бөлшектер бағалары жоғарылатылды. Сонымен шаруашылық табысы, бір жағынан, өздері өндіретін өнім бағасы төмендеуі салдарынан басқа жағынан шаруашылық тұтынатын

өнеркәсіптік өнім бағасы өсуі нәтижесінде азайды. Осының бәрі ауыл шаруашылығы дамуы қарқынын төмендетпей қоймады.

Осыған байланысты 1962 жылы мал шаруашылығы өнімдерін дайындау бағасы жоғарылатылды, ал 1963-1964 жылдары колхоздар мен кеңшарлар үшін картоп пен қант қызылшасының бірегей бағасы енгізіліп, бұршақ пен сүтті дайындау бағасы қайта қарастырылды.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріндегі баға белгілеудің келесі кезеңі 1965 жылғы КСКП ОК наурыз пленумынан кейін басталды. 1965 жылғы астықтан бастап бидай және жарма тұқымдары, сүт бағалары жоғарылатылып, ірі қара мал, шошқа мен қой еттері бағаларына ақшалай үстемелер енгізілді. Колхоздар мен кеңшарлардың мемлекетке жоспардан тыс өнімді сатқанын ынталандыру үшін бидай мен қара бидайдың негізгі сатып алу бағасына 50% көлемінде үстеме орнатылды. Қатаң және күшті сортты ең құнды бидайлар өндірісі жұмсақ бидай бағасына 40%-дың үстеме кою арқылы ынталандырылды. Ал 1968 жылдан үстемелер белок құрамы санына байланысты дифференцияланды: 20%-дан 65%-ға дейін қалған бидайлар үшін, 30%-дан 50%-ға дейін күшті бидайлар үшін (жұмсақ бидай бағасына). Сонымен бірге жекелеген ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы мен олардың аймақтық дифференциясының арақатынасы жақсарды және бұл рентабельділіктерін елеулі арттыру арқылы колхоздар мен кеңшарларға қосымша экономикалық пайда әкелді[3].

1967 жылы сұлы, жүгері, жүн және кейбір басқа өнімдердің сатып алу бағасы жоғарылатылды. КСКП ОК қазан пленумы (1968ж.) ауылшаруашылығы өнімдерін дайындау бағасына үлкен көңіл бөлді және ол жекелеген өнімдер бойынша бағаларды аймақтық дифференциялауды жақсарту қажет деп атап өтті. Бұл мәселенің маңызы әсіресе кеңшарларды толық шаруашылық есепке аударуға байланысты өсе бастады.

1965 жылдан Қазақстан бойынша қолданылатын ауыл шаруашылық өнімдерінің дайындау бағасы келесідей: біріншіден, өндірістік аймақтық жағдайы ескерілген бағалардың жеткіліксіз дифференциясы; екіншіден, баға деңгейлерінің толық емес экономикалық дәлелі; үшіншіден, жекелеген ауыл шаруашылық өнімдері бағаларының арақатынасының әлсіз экономикалық дәлелі. Осының бәрі өндірістің салалық және жиынтық рентабельділігі деңгейіндегі күрт ауытқуларға және бір салалардың шығындарын басқа салалар табыстары немесе мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен дәлелсіз өтеуге әкелді. Нәтижесінде елеулі дәрежеде шаруашылық есеп қатынастырын ендіру мүмкіндігі шектелді (толық шаруашылық есепке көшірілген кеңшарлар өз өнімдерін сататын бағалар сондай кемшіліктерден арылмаған).

Мал шаруашылығы өнімдері мен бидай бағаларының арақатынасы туралы мәселе жедел проблема болды. Бағалар мен шығындар арасында қалыптасқан арақатынас бидай өндірісі мен мал шаруашылығы өнімі бірдей ынталандырылмауына әкелді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында қой етін өткізу бағасы бидай бағасынан 9 есеге, ал шығындар 15 есеге артық болды. Орал облысында бидай өндірісінің рентабельділік деңгейі, бұл облыста бидай өндірісі мен мал шаруашылығының маңызы бірдей болғанына қарамастан мал шаруашылығы өнімінен жоғары болды. Осыған байланысты мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің аймақтары бойынша дифференцияланған сатып алу бағалары жасалынды. [4-5].

Мемлекеттің колхоздар мен кеңшарлардан сатып алатын бірдей ауыл шаруашылық өнімдеріне түрлі бағалардың қолданылуы жоспарлы баға белгілеуді жетілдіру жұмыстарын күрделендіріп, өнім үшін есеп айырысуда қиыншылық тудырды, кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы экономикалық байланыстың дамуына кедергі болды. Барлық кемшіліктеріне қарамастан сатып алу бағасының тапсыру бағалары мен шаруашылық байланыстың басқа нысандарымен салыстырғанда өміршендігін көрсетті.

Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасы дамуында қоғамдағы бүкіл негізгі әлеуметтік-экономикалық қатынастар қосылатын маңызды экономикалық категория болып табылатындықтан баға барлық шаруашылықты жүргізуші субъектілер үшін өте маңызды. Баға белгілеуді мемлекеттік реттеудің роліне тереңірек қарау бағаны либерализациялау мемлекеттің баға белгілеу саясатын іске асырудағы ролін әлсіретпейді, керісінше арттырады.

Баға белгілеу облысындағы мемлекеттік реттеу мемлекеттің экономикаға әсер етуінің басқа механизмдері сияқты, керісінше байланыс эффектісіне ие болады. Мәселен бағаға әсер ете отырып, мемлекет экономиканы мемлекеттік реттеудің глобалды (ауқымды) мақсаттарына, конъюнктуралық және құрылымдық саясат мақсаттарына, әлемдік рыноктағы ұлттық бәсеке қабілетінің күшеюіне, әлеуметтік шиеленісті жұмсартуға көмектеседі. Керісінше, реттеудің басқа сфераларындағы мемлекеттік экономикалық саясатты іске асыру өз кезегінде бағаны қалыптастыру процестерінен көрініс табады.

Дамыған елдердің әлемдік тәжірибесі мемлекеттік органдардың бағаларды реттеуі барлық тауар өндірушілер үшін жағдайларды теңестіруге сонымен қатар ықтимал бағалық диспропорция мен монополистік баға диктатын жоюға бағытталғанын көрсетеді. Осы елдердің мемлекеттік реттеуінің құқықтық негізі заңдар, жарлықтар, қаулылар болып табылады.

Бағаның бүкіл желісінің негізінде орналасқан базалық өнімдер, тауарлардың ішкі бағасын дағдарыстан шығару және экономиканы тұрақтандыру үшін мемлекет реттеу керек деген тұжырым шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. . История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). Изд. Наука. Каз.ССР, 1977 г. С. 256-276, 425-440
2. История Казахской ССР. Том 2. Алматы: академия наук КазССР, 1959. Стр 512-573
3. Народное Казахстана в 1985. Статистический ежегодник. Алматы. Казахстан. стр 71-82
4. Народное Казахстана за 70 лет. Алматы. Казахстан. 1990 г. стр 212-229
5. Народное хозяйство Каз.ССР. Статистический ежегодник. Алматы. Казахстан. 1987 г. стр 91-

БОЛАШАҚ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДАҒЫ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

⁴⁷ п.ғ.к., доцент **Р.А. ДАРМЕНОВА***
магистрант **П. ДҮЙСЕНБАЕВА**
магистрант **Г. АСАН**

Түйіндеме:

Бұл мақалада жоғары оқу орындарының алдында тұрған маңызды міндеттер жоғары талаптарға сай мұғалімдер дайындау –деп қарастырылған. Нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесіне көшу - педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың мақсатын, мазмұнын және ұйымдастыру технологиясын жаңа белеске көтеріп, одан әрі жақсартуды талап етіп отыр. «Көркем еңбек» - пәнін жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту. Қазіргі заманғы көркем еңбек пәні мұғалімін кәсіби дайындау деп мұғалім бойына уақыт талабына сәйкес технологиялық, психологиялық – педагогикалық және әдістемелік білім мен біліктер жиынтығы қалыптастыру деп түсінеміз.

Тірек сөздер: көркем еңбек, сәндік-қолданбалы өнер, шығармашылық, шеберлік, эскиз, технология.

THE ROLE OF ARTS AND CRAFTS IN THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF THE DISCIPLINE «ARTISTIC WORK»

Abstract:

This article is about examines the training of teachers with high standards - an important task standing in the way of higher education institutions. Focused on the result of transition to a new education system - vocational training, the purpose, content and technology of the organization of pedagogical personnel for the transition to a new level require further improvement. The subject "Art work" with the updated content of the curriculum is carried out in accordance with long-term plans through a system of educational objectives. The purpose of the curriculum - in the field of technology and art is the formation of a functionally literate, creatively developed personality. The professional training of modern teachers of "Artistic work" in accordance with the requirements of time is understood as the improvement of a set of technological, psychological, pedagogical and methodological knowledge and skills.

Key words: artistic work, arts and crafts, creativity, craftsmanship, sketch, technology.

Бүгінгі таңдағы қоғам өмірінің барлық саласындағы өзгерістер, қандай саладағы болсын атқарылар істің нәтижеге бағдарлануы еліміздегі білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Мектептегі білім беру ісі заман талабына сай болу үшін педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін өз тәжірибелерінде қолдана білетін, шығармашылықпен ойлайтын, өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, дамыта алатын мұғалімдер қажет. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған маңызды міндет осы талаптарға сай мұғалімдер дайындау болып отыр. Нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесіне көшу – педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың мақсатын, мазмұнын және ұйымдастыру технологиясын жаңа белеске көтеріп, одан әрі жақсартуды талап етіп отыр.

«Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.» [1].

⁴⁷ Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, rahiya1961@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

*** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, rahiya1961@mail.ru

«Көркем еңбек» - пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасының мақсаты- өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

Қазіргі заманғы көркем еңбек пәні мұғалімін кәсіби дайындау деп мұғалім бойына уақыт талабына сәйкес технологиялық, психологиялық – педагогикалық және әдістемелік білім мен біліктер жиынтығын қалыптастыру деп түсінеміз.

Жаңа білім беру бағдарламасы бойынша білім берудің құрылымы, әдістері біршама өзгерді, оның ерекшелігі – болашақ мамандардың өз бетінше ізденуіне, білімдерін түрлі білім көздерімен толықтыруларына, ақпараттық технологияны жиі пайдалануларына, қарым – қатынас құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болып отыр. Сондықтан, қазіргі қоғамдық өзгерістерге сай даму қарқыны болашақ мамандарды даярлау барысында рухани, ұлттық болмысты қалыптастыруда білім беру моделін жаңаша құруды қажет етуде.

Заман талабына сай туындаған қажеттіліктер болашақ ел иелерін ұлттың рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен сусындатуды талап етеді. Осыған байланысты болашақ мамандық иелерінің іс-әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалар қалыптасып, тұлғаның дамуы көзделеді. Әсіресе, жас ұрпақты сәндік – қолданбалы өнерге баулу мәселесінің өзектілігі артады. Кейінгі жылдары қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде оқушылар мен студенттердің тәрбиесін (адамгершілік, еңбек, эстетикалық т.б.) жетілдіру мақсатында өнер түрлерін пайдалану жолдары қарастырылып, педагогикалық мүмкіндіктері ашып көрсетілген. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін оқушыларға үйрету бойынша, Б.Алмұхамбетов, С.А.Жолдасбекова, Ф.Жұмабекова, А.Д.Райымқұлованың еңбектерінде сәндік-қолданбалы өнердің оқушыларға көркемдік, әсемдік, эмоционалды сезімін дамытуға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері қарастырылады. Е.Асылханов қазақтың қолданбалы өнерінде көрініс алған ұлттық мәдениеттің, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер арқылы эстетикалық тәрбие, оқушылардың адамгершілік сапаларын қалыптастыру факторына тоқталса, М. Мырзақанов сәндік-қолданбалы өнердің жасалу техникасы мен технологиялары арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуды қарастырады.М.Ж.Қозыбақовтың еңбегінде болса сәндік-қолданбалы өнер түрлерін студенттерді көркем еңбекке баулудың дидактикалық бағыттарын зерделейді. Балалар мен жастардың қолөнер бұйымдарын жасаудағы іскерліктерін қалыптастырып қабілеттерін жетілдіруге, шеберліктерін шыңдауға аса мән береді. Қ.Ералин, Қ.Ижанов, Р.Қанапиянова, А.Манабаева, Ұ.Әбдіғапбарова зерттеулерінде қазақтардың осы өнер түріне балалар мен жастарды үйретудің жолдарын саралап көрсетуге талпынады.

Сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің мазмұнын, ерекшеліктерін, функцияларын, принциптерін айқындайды, мүмкіндіктеріне тоқталады. Халқымыздың қолөнері арқылы студенттер мен мектеп оқушыларын оқыту, тәрбиелеу мәселесіне еңбектер арналғанымен, олар халық қолөнерін үйрету және сол арқылы өмірге даярлау мәселелерін шешуді ғана зерттеу нысаны етіп алған. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған авторлардың еңбектеріне талдау жасау барысында болашақ мұғалімдердің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге үйрету қажеттілігі туып тұр. Осыған орай, жоғары оқу орындарының аса маңызды міндеттерінің бірі студенттерді халқымыздың ұлттық қолөнерінің бір түрі – сәндік-қолданбалы өнерге үйрету [2].

Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету іс-әрекетіне болашақ мұғалімді сапалы даярлау үшін, нормативтік-құқықтық негіздердің жеткіліксіз екендігін айқындауға мүмкіндік берді. Мұның өзі мамандық бойынша негізгі білім бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тиісті құжаттар жиынтығын құрауды талап етеді, сонымен қатар педагогикалық іс-әрекеттің көрсетілген аспектісінде болашақ мұғалімдері кәсіби даярлаудың сапалы нәтижелеріне кепілдік береді. Бұл құжаттарды атап көрсететін болсақ:

- болашақ мұғалімнің кәсіби сипаттамасы, оған оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету саласында маман ретінде қойылатын талаптар енеді;

- көрсетілген аспектіде болашақ сәндік-қолданбалы өнері мұғалімін кәсіби даярлау моделі, яғни күтілетін нәтижені сипаттаушы негізгі параметрлерді анықтайтын әрі негіздейтін, сонымен қатар осы нәтижеге педагогикалық білімнің түрлі деңгейі мен сатыларына жету жолдарын суреттейтін модель;

- оқу жоспарының моделі, мұның құрылымында студенттердің қалауына қарай оқу пәндері мен курстардың арнайы дамытушы блогы өзіндік ерекшелікке ие;

- оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде маман ретінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мен шығармашылығын қалыптастыруға қолдау көрсететін, мамандық бойынша негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасын кешенді оқу-бағдарламалық және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету (оқу пәндері, аттестаттау үдерістері, іс-тәжірибенің барлық түрлері);

– студенттердің кәсіби және шығармашылық даму мониторингінің технологиялық моделі, ол оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне баулу аспектісінде олардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру деңгейінің жағдайын қадағалау мен түзетудің критерийлері мен көрсеткіштерін және бақылау-бағалау шараларының жүйесін суреттейді. Жалпы білім беретін мектепте мұғалімнің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуге даярлығын технологиялық қамтамасыз ету бойынша көрсетілген мәселелер келесі іс-әрекет бағыттарының маңыздылығын анықтап берді:

-оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуге болашақ мұғалімдерді даярлаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, мұғалімдердің педагогикалық білім мазмұнын, әдістерін, құралдарын және формаларын түзетуге мүмкіндік беретін тұжырымдамалық негізгі және базалық педагогикалық технологияларды таңдау;

-болашақ маманды даярлаудың мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, мамандық бойынша оқу пәндерін дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;

-көрсетілген аспектіде болашақ мұғалімнің кәсіптік және шығармашылық бағалау критерийлерін әзірлеу;

-болашақ мамандарды жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау барысында бақылау-бағалау шараларын жүзеге асыру құралын әзірлеу.

Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында жоғары оқу орындары педагогтарының рөлі зор маңызға ие. Сондықтан педагогтардың кәсіби-мәдени, интеллектуалды және кәсіби-шығармашылық әлеует деңгейі оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне эскиз жасай отырып үйрету іс-әрекетіне студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда шешілетін педагогикалық міндеттердің күрделілік деңгейіне сәйкес келуі керек.

Болашақ мұғалімдерді сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға сурет салдырта отырып үйрету, бір жағынан, қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық үдерістер және оқытуды соған бейімдеу мәселесімен астарласып жатса, тағы бір жағынан, жастар арасындағы сәндік-қолданбалы өнерге көзқарастағы ауытқулар өнерге деген талап пен талғамның өзгеруіне байланысты туындап отыр. Осыған орай, болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға үйрету қажеттілігі мен оны іске асырудың педагогикалық шарттарының әлі де толық анықталмауы, тарихи қалыптасқан сәндік-қолданбалы өнер материалдарының жеткілікті болуына қарамастан жеткілікті дәрежеде ескерілмеуі осы мәселе әлі де зерттеуді талап етеді.

Жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау қажет. Бұл орайда мамандардың ұлттық сана сезімін қалыптастыру, туған халқына құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу, білім мен біліктерін шыңдау - басты міндет [3].

Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін ырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық колөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби- шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу үрдісінде мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр. Мұның бәрі жалпы кәсіби шеберлік және дизайнерлік білім беруде жоғары мазмұнды даярлықты талап етеді. Бұл міндетті шешу жоғары оқу орындарына тапсырылады, өйткені жоғары педагогикалық оқу орындары қай кезде де қоғамға тірек болған және бола да береді.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы оқушылардың технологиялық іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру «Технология» оқу бағдарламасының «Сәндік-қолданбалы өнер элементтерін. «Тігін бұйымдарының сән үлгілері» тарауы бойынша жасалған бағдарлама мазмұндама қарастырады. Балаларды жастайынан сәндік-қолданбалы өнерге үйрету бүгінгі күнге дейін өзінің маңызын жоғалтпаған өнердің бір түрі *кілем тоқу, киіз басу, киім тігу, ши тоқу, сырмақ сыру өнері*. Қазақстанда кілем және кілем бұйымдары көшпенді қазақтың тұрмысында ерекше орын алды, әсіресе, киіз үй жиһазы ретінде ағаш бұйымдары маңызды болды. Жасалу әдістеріне байланысты киіз үйдің жылулығы және сәнділігі үшін кілемдердің түрлері, *киіз үйдің алаша мен киізін тартып*

бекітуге арналған бау, басқұрлар; үй-ішілік сәндік бұйымдар: есік шымылдықты. кереге басына ілінетін бұйымдар, сандыққап, теңқап, қоржын, түрлі тоқыма дорбалар мен заттар салып сақтау үшін қажетті бұйымдар, атқа салатын қоржындар және тағы басқа тоқыма бұйымдары дайындалды. Осы аталған сәндік-колданбалы өнер түрлерін бағдарламаға сай оқушыларды сәндік қолөнер бұйымдарын технологиялық өндеуге үйрету көзделген. Көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби даярлығын кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселесінің құрамында қарастырған жөн.

"Көркем еңбек" пәнінен бағдарламада материалдарды өндеудің барлық түрлері және олардың технологиясы, көркемдеп құрастырылуының, сәндік-колданбалы шығармашылықтың негіздері берілген. Олардың пайымдауынша, адамды іс-әрекеттің қайсы бір түріне болса да баулу тұлғаның шығармашылық қасиетінің қалыптасу үрдісіне мақсатты түрде ықпал етеді. Ғалымдардың зерттеулері колөнерге бағытталған іс-әрекеттегі білімнің кіріктірілген сипатын кенейтеді. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерге және педагогикалық тәжірибеге жасалған талдау болашақ мамандарды ұлттық колөнерлік іс-әрекетке кәсіби даярлау мәселесінің әлі де болса теория мен өмірде өз шешімін таппай отыр.

Жоғары оқу орындарында болашақ Көркем еңбек пәні мұғалімін даярлау барысындағы білім беру моделінің жаңа бағыттарының бірі - болашақ мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіру.

Бүгінгі оқушы, студент - ертеңгі болашақ маман иелеріне колөнердің сырын, бейнелілік тілін меңгерту және олардың өнер салаларындағы шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған эстетикалық, көркемдік мәдени бай мұраларын игерту, туған халқының өнеріндегі парасатты дәстүрлеріне танымдық көзқарастарын қалыптастыру, колөнерге қызығуларын ояту, қазіргі кезеңдегі мектептен бастап жоғары оқу орындарының, білім беру жүйесінің барлық саласындағы имандылық тәрбиенің негізгі басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Н.Назарбаевтың "Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде" еңбегіндегі "Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр"-деген сөзі нақты айғақ болады.

Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі - халықтың колөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның колөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын.

Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету - өнегелі іс. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор тағылым. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгісінен көруге болады.

"Қазіргі білім беру жүйесіндегі парадигмалар жағдайында кәсіби білімін жетілдіру маңызды болып отыр. Жаңа буын оқулықтары, оған байланысты жетілдірілген бағдарламалар енгізіліп, жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқушы білімін бағалау талаптары қойылуда. "Оқытудың жаңа технологиясы" тәжірибиесі таратылуда. Жоғары оқу орнын бітіруші жастардың мұғалімдік мамандығы бойынша кәсіби қалыптасуындағы қоғамдық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби мамандық білімдерімен қатар болашақ мұғалімдік жұмысында педагогикалық тәжірибені жоғары деңгейде саналы өткізуі маңызды қажеттілік.

Қазіргі заманға бейім, экономика талаптарына жауап беретін жан-жақты дайындығы бар білікті, іскер маман даярлау орта және арнаулы, жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Экономикалық өзгерістер кәсіптік білімді дамытуды түпкілікті өзгертті. Кәсіптік білім еңбек нарығының сұранысын, жұмыс берушілердің нақты талабын қанағаттандыру жағдайларына қарай бейімделді. Оқу барысында тандаған мамандықтарына сай әрбір кәсіпорында экскурсия өткізу, іскерлік ойын, дебат, пікірталас сайысы түрінде оқыту әдістерін қолдану оқушылардың кәсіби іскерлік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мамандардың кәсіби білімдерін арттыруда мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне, жаңа технологияның ғылыми негіздерін үйреніп, насихаттауына кең жол ашылды. Болашақ

мамандардың кәсіби білімдерін жүзеге асыруда мұғалім тиімді нәтижеге жеткізетін жоспарлы жұмыс атқаруы тиіс. Атап айтқанда, диагностика жасайды, жаңа технологияны қолданады, нәтижені тексереді, сараптап баға қояды.

Оқушылардың кәсіби шеберліктерін жетілдіре отырып жаңа технологиялық әдістерді қолдану, жас ұрпаққа сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде жоғары нәтижеге жету - біздің басты міндетіміз. Осы міндеттердің бірі - жасөспірімдердің шынайы өмірге, өнерге кәсіби шеберліктерін қалыптастыру. Ал бұл шығармашылық тұрғыдан ізденімпаз тұлғаны дамытудың факторы болып саналады. Адамның шындыққа, өнерге көзқарасы қабылдаудан басталады және онсыз қалыптасуы да мүмкін емес. Осыған байланысты балалардың эстетикалық тұрғыдан қабылдау және бақылау қабілеттерін дамытудың қажеттілігі артады. Осы қабілеттердің дамуы өмір мен өнердегі әсемдікті, ұлылықты, шынайылықты түсінуге және оларды талғамсыздықтап ажырата білуге мүмкіндіктер жасайды. Эстетикалық қарым-қатынастар эмоционалдық сипатқа ие болғандықтан, өмір мен өнердің эстетикасын тану эстетикалық күй кешу, сезіну арқылы жүзеге асырылады. Әсемдікті, ұлылықты қабылдау адамды алуан түрлі сезімге бөлеп, жағымды әсер қалдырады [4].

Кәсіби шеберлік адамның туа біткен қабілеті болып табылмайды. Ол белгілі бір мәдениеттіліктен, даярлықтан, эстетикалық білімділіктен талап етіледі. Бұл кәсіби шеберлік қажеттілік, қабілет, талғам, бағалау және т.б. сапаларды қамтитын жеке тұлғаның шеберлік қызығушылығын қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі.

Өнерде талғам ізденіп ойын дамытуда қиял, елес және көркемдік ой үлкен мәнге ие болады. Жасөспірімдердің осы салаларының дамуына тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жан-жақты білімдер, аталған өнер түрлерінің туындыларын жасау барысындағы шығармашылық тапсырмаларды орындауға ықпал етеді.

Кәсіби шеберлік логикалық тұрғыдан ойлау, талдау, деректерді салыстыру және қорытындылау қабілеттеріне негізделеді. Ол үздіксіз өзгеріске түседі, молаяды, жаңа мазмұнмен толықтырылады, адам өмірінің барлық саласында жетілдіріледі.

Мектеп оқушыларының кәсіби шеберліктерін қалыптастыруда адамның қажеттіліктерінен, күнделікті ақпараттардың сапасынан, көркемдік білімділігінен, оның "сұлулық заңы" бойынша іс-әрекеттерінің сипатынан талап етіледі. Өнерді үйрету барлық саладағы іс-әрекеттерді қамтиды. Ұлттық сәндік қолданбалы өнер арқылы мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыру қажеттіліктердің дамуы адамның ұлттық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді.

Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда қажеттілік көркемдік көзқарастарда, идеалдарда, талғамда, шығармашылықта пайда болады және адамның іс-әрекеті мен өмірлік мақсаттарына әлеуметтік мінез-құлқына ықпал етеді. Бұл әлеуметтік топтардың көркемдік құндылықтарға (өнер, табиғат, еңбек, т.б.) негізделген шындыққа қарым-қатынасы болып табылады.

Талғампаздық пен шеберлік бір-біріне тәуелді және бірін-бірі толықтыра түсіп, бірлікті құрайды, қажеттіліктің дамуы қабілеттің дамуына әсер етеді. Мәселен, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қабылдау қабілетін дамыту үшін оның көркемдік тілін түсіну, образдарын, спецификасын, көркемдік шындығын, шарттылығын және т. б. жете ұғыну қажет.

Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру үрдісінде кәсіби шеберлігін қалыптастыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады.

Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда ұлттық қол өнер дәстүрін меңгеруін, сақтауы мен жалғастыруын қамтамасыз етеді, еңбекке баулу мазмұнын кеңейтуге, халық өнерінің негізгі түрлері туралы білімдерін (сәндік-бейнелеу, салттық-ойындық, сөздік-поэтикалық) пәнаралық деңгейде қорытындылауға мүмкіндіктер береді. Қысқасы, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын бейнелеу өнері, технология пәндерінде тиімді пайдалану, пәнаралық байланыста жүзеге асыру, мектеп мұражайын ұйымдастыру, қоршаған ортасын безендіру жұмыстарына қатысу, халық шеберлерімен кездесулер ұйымдастыру, олармен бірлесіп бұйымдар жасау және т.б. жұмыс формалары оқушының сәндік іс-әрекетіне ықпал ете отырып оған жаңа мүмкіндіктер береді, сәндік-қолданбалы өнер саласынан білімдерін кеңейтеді, кәсіби шеберлігінің жетілуіне септігін тигізеді. Әрбір баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, қиялын, фантазиясын оятуға, мәдени тарихи ескерткіштерді білу, сақтау, насихаттауға байланысты қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық іс-

әрекеттерге белсенді араласуына ықпал етеді. Мектеп оқушылары ұлттық сәндік-қолданбалы өнерін оқу мен меңгеру барысында еңбек үрдісіндегі өздерінің іс-әрекеттерін басқаруға, оны жоспарлауға, мақсаттар мен міндеттер қоюға, оңтайландыру мүмкіндіктерін табуға, еңбек мақсатына қол жеткізуге үйренеді, жаңа білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгереді [5].

Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады. Саналуан, киын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды, сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында ырғақ, бояу түстері, сызбалардың икемділігі туралы негізгі ұғымдарды меңгереді. Олардың әртүрлі материалдар мен құралдарды пайдалану тәсілдері туралы түсініктері қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру Жолдау Қазақстанның үшінші жаңғыруы Толығырақ: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Мырзаханов М. Развитие творческой активности учащихся 5-7 классов в процессе формирования художественных умений и навыков средствами народного декоративно-прикладного искусства. – Омск, 2000.
- 3.Қозыбаков М.Ж. Особенности развития казахского декоративно-прикладного искусства //В кн: Проблемы профессионально – методической подготовки учителей художественного труда.- Алматы: Рауан, 1996.
- 4.Овечкин В.П. Технологическое образование школьников: основания реформирования, сущность, подходы к реализации: монография. – Ижевск: УдГУ, 1998.
5. Асылханов Е. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерін республика орта мектептерінде және педагогикалық институттарда оқып үйрену. –Алматы, 1986.

ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ: СИПАТЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

магистр, аға оқытушы **М.Д. РАХИМЖАНОВА**^{48*}

магистр, аға оқытушы **Т.Т. ТЛЕНОВА**^{**}

Түйіндеме:

Ерте және дамыған ортағасырлардағы түркі мемлекеттері дамыған қоғамдық-саяси ерекшеліктері бар күрделі құрылым ретінде өмір сүрді. Осы ерте және дамыған ортағасырлық кезеңде түркілердің бірнеше мемлекеттері болғандығы белгілі. Ішкі саяси құрылысы мен мемлекеттік қалпы, тұрмысы мен шаруашылығы өте ұқсас болды және тілдері мен мәдениетінде ортақтық белгілер көп кездесті. Түркі мемлекеттерінде бүгінгі мемлекеттің барлық белгілері болды. Ерте және дамыған ортағасырлық кезеңдерде түркі қағанаттарының өзіндік мемлекет басқару жүйесі қалыптасып, мемлекеттің құрылымдық ерекшеліктері бірнеше ғасырға қазақ жерінде сақталып келеді. Бүгінгі Қазақстан территориясын қамтыған түркілердің құрған империясы ұйымдасқан мемлекеттік басқару жүйесімен өз заманына лайықты мемлекеттік құрылымға – қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің қалыптасып, дамуының заңды бір кезеңі болғандығын дәлелдейді.

Тірек сөздер: түркі дәуірі, түркі қағанаттары, билік.

GOVERNMENTAL ADMINISTRATIONS IN TURKISH ERA : FEATURES AND FUNCTIONS

Abstract:

Early and advanced Turkic states of the middle Ages lived as a complex structure with developed social and political characteristics. It is known that in this early and developed medieval period the Turks had several states. Internal political structure and statehood, housing and economy were very similar and common in languages and cultures. The Turkic states have all the signs of the present state. Early and advanced medieval times, the Turkic Khaganates have a unique system of state administration and structural features of the state that have been preserved on Kazakh soil for several centuries. The empire, the present territory of which covers the territory of Kazakhstan, proves that this was the legal stage of the formation and development of the statehood of the Kazakh land - the state of a modern state with an established system of state administration.

Key word: Turkish era, Turkish Khaganate, Power.

Ерте және дамыған ортағасырлардағы түркі мемлекеттері дамыған қоғамдық-саяси ерекшеліктері бар күрделі құрылым ретінде өмір сүрді. Осы ерте және дамыған ортағасырлық кезеңде түркілердің бірнеше мемлекеттері болғандығы белгілі. Дегенмен олардың ішкі саяси құрылысы мен мемлекеттік қалпы, тұрмысы мен шаруашылығы өте ұқсас болды және тілдері мен мәдениетінде ортақтық белгілер көп кездесті. Сонымен қатар осы аралықтағы түркі мемлекеттерінде бүгінгі мемлекеттің барлық белгілері болды. Демек өзіне сай мемлекеттік басқарудың түрлері мен саяси-әкімшілік бөлінісінің өзіне тән ерекшеліктері болды.

Түркі мемлекеттерінде ең жоғарғы билік иесі – Тәңір текті Ұлы Қаған саналды. Ел басқару ісіне қатысты, сыртқы саясаттағы басым бағыттарды анықтаушы да үкім шығарып, шешімін қабылдаушы бірінші адам да – қаған болатын. Ең бастысы қаған мемлекеттік өзге де лауазым иелерін, нақтырақ айтқанда әскер басылар, ұлыстарды билейтін бектер, шадтар мен елтеберлер, сонымен қатар жабғуларды қызметке тағайындап, оларды босату ісі де қағанның қалауымен жүргізілді [1, 43 б.].

Кез-келген түркі қоғамында жоғары сот қызметі тек қағандарға ғана тиесілі болып отырған. Демек қағандар мемлекеттегі жоғарғы сот билігін жүргізушісі ретінде танылды. Бұл өз кезегінде қағандардың елдегі құқықтық тәртіптің ережелерді де бекіткендігінің бір көрсеткіші болып табылады. Түркі дәуірінде де қағандар Ашина әулетінен тараған ұрпақтар ғана осы лауазымға тағайындалып отырған. Қытай жылнамаларындағы мәліметтерге сай, қағанды сайлау мен оларды басшы ретінде ұлықтаудың өзіндік ерекшелігі болғандығына көз жеткізуге болады. Мысалы қағанды ұлықтау барысында түркі қоғамының беделді адамдары қағанды ақ киізге отырғызып, қалың жұртпен

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, manarrd@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, tolkyn_tlenova@mail.ru

шеңберді тоғыз рет айналған. Осыдан кейін жібек материалмен мойнына бұғау салып, оны босатқаннан кейін одан қанша уақыт аралығында ел билейтіндігін сұраған [2. с. 211]. Бір атап өтетін жайт қағандардың билікке ие болуы алдымен оның шығу тегі яғни, ашина руына тиістілігі мәселесі шешуші болса, екіншіден ол қалың бұқара халық арасында түрлі аңыз немесе қандай да бір идеология негізінде оның билікке ие болуының заңдылығы туралы сенім таратылды. Соның бірі ретіндегі ашина аңызының кеңінен таралуы сөзсіз орталықтанған билікті нығайтуға бағытталған саяси астары мол әрекет болды деп есептейміз. Сөзсіз жекелеген руға артықшылықтар беру ісі тек түркі дәуіріндегі билікке тән құбылыс емес және бұл өз кезегінде орталық биліктің күшеюіне әкелетін маңызды факторлардың бірі саналды. Сонымен қатар тарихи тәжірибе көрсеткендей өзіне жүктелген міндетті сәтті атқарған идеологиялық құрал болды.

Түркі қағандары үнемі Өтукен тауларында болып, елінің орталығында сол аймаққа бекітіп отырған. Жалпы түркі мемлекеттілігі мәселесіне келгенде біз көбінесе осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың «ел» терминін жиі пайдаланғандығына көз жеткізуімізге болады. Әрине бұл сөз түркі тілінен аударғанда «мемлекет» ұғымын білдіреді. Ол турасында В.В. Радлов тұжырымды ойларын да білдірген болатын. Мысалы ғалым «ел» сөзінің баламасы ретінде «тайпалық бірлестік» ұғымын да пайдалануға болатындығына қатысты пікір білдіреді. Алайда бұл сөз тайпалық бірлестік немесе тайпалық одақ ұғымынан гөрі «мемлекет» сөзінің мағынасын анағұрлым жақын деп санаймыз. Ал түркі тілінің құпиясын ашқан В. Томсен болса, «ел» сөзі империя ұғымын білдіретіндігіне қатысты тұжырым жасайды [3. б. 15-26]. Біздің пікірімізше дәл осы сөз, яғни империя ұғымы «ел» сөзінің толық мағынасын аша түсуі мүмкін деп санаймыз.

Түркі мемлекеттерінің басқару формасын шартты түрде негізгі үш сатылы жүйеде қарастыруға болады. Оларды қаған билігі, қағанның жергілікті жердегі билігінің өкілдері және халық немесе бұдұндар деп қарастыруға болады. Әрине бұл ретте халықтың немесе бұдұндардың билікке, саяси үдерістерге қатыстылығы бар ма деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Әрине халық мемлекеттің ішкі саяси өміріне белсенді қатысушылар. Дегенмен олардың басқару құрылымындағы орны тек жанама сипатқа ие болып отырған. Алайда олардың қоғамдағы, саяси өмірдегі орны да жоғары болған. Өйткені қағанның билігі, мемлекеттің сыртқы саясатындағы басым бағыттар халық игілігі үшін жүргізілді және халық биліктің қайнар көзі саналды.

Бүгінгі таңда қалыптасқан пікірге сай, мемлекет саяси басқару жүйесі дамыған адамдар қауымынан тұратындығы белгілі. Түркі елі немесе мемлекеті – саяси ұйымдасқан адамдар тобын құрады. Ең бастысы түркі саяси қоғамы егемендік пен тәуелсіздік ұғымына берік негізделді.

Жоғарыда атап өткеніміздей түркі мемлекеттерінің басшысы – қаған болды. Қаған билігі өз кезегінде өзге мемлекеттердегі сияқты тым шексіз әрі бір адамның қолына шоғырланған дара билік ретінде бола қоймады деп санаймыз. Өйткені қағанның билігі немесе оның шешімдері белгілі дәрежеде қосымша кеңестік сипатқа мемлекеттік лауазым немесе органдардың ықпалында болған. Қағанның билігіне әсер етіп отырған факторлардың қатарында мынандай басты элементтерді атап өтуге болады:

1. Халық. Түркі мемлекеттерінде халық тек бағынышты қауым өкілдері болып қана қойған жоқ. Халық мемлекетті басқару үдерісіне тікелей атсалысатын басты күш қызметін атқарды. Сондықтан қағандардың да басты қызметтері – халық игілігіне жұмыс жасау болып табылды деп санаймыз.

2. Қаған билігінің аймақтардағы өкілі және олар мүше болатын қаған кеңестері.

3. Дәстүрлі заң. Қаған билігі қалыптасқан белгілі заң шеңберінде жүргізіліп отырды.

Сөзсіз түркі қағандары өздерінің сыртқы және ішкі саяси басым бағыттарын анықтау барысында халықтың қалауымен де санасып отырған. Мысалы Бумын қағанның тұсында мемлекетте халық және оның арасында елге танымал, беделді болған адамдар қатысатын құрылтай немесе жиналыстардың болғандығын қытай жылнамалары дәлелдеп отыр. Ол жылнамаларда «түркілер бір жылдың сегізінші айының бесінші күні құрылтай шақырып, құрбандық шалып отырған» деген мәлімттер кездеседі [2. б. 226]. Сонымен қатар руна жазуындағы

Тәңірідей, тәңіріден жаралған

Түрк Білге қаған

Бұл шақта отырдым.

Сөзімді түгел естіндер:

Бүкіл жеткіншегім, ұланым,

Біріккен әулегім, халқым,

Оңымда шад, апа, бектер,

Солымда тархан, бұйрық бектер, – деген жыр жолдарының мазмұны да белгілі бір жиналыс барысында айтылған сөздерге ұқсас [4, 7 б.]. Сондықтан түркі мемлекеттерінде бүгінгі заң шығарушы биліктің көрінісіне айналған парламенттің бір нұсқасына айнала алған түркі азаматтарының арасындағы беделді адамдары мен халық өкілдерінің басын құраған құрылтай немесе жиналыс болып тұрған. Сөзсіз бұл құрылтай өткен жылдың жетістіктерін халыққа жеткізу және болашаққа жаңа бағдардың негізгі бағыттарын халыққа таныстыру болған. Осы халық та қағанның билігіне өзіндік бағасын беріп, саяси қадамдардың түркі мүддесіне сай орайластырғандығына көз жеткізіп отырған. Сонымен қатар түркі мемлекеттеріндегі биліктің осылайша тармақталуы сөз жоқ бұқаралық биліктің бір көрінісі болып табылады. Түркі қоғамында құрылтайдың немесе ақсақалдар кеңесінің де өзіндік орны болған. Ақсақалдар кеңесі – мемлекеттік биліктің ашықтығын көрсететін маңызды құрал. Алайда уақыт өте билікке әсер етуші бұл органның қызметі мен беделі төмендей бастаған. Ол алдымен қаған билігінің күшеюі және әскери істің маңызы жоғарылауымен байланысты. Өйткені түркілердің көршілерді бағындыру ісі сөзсіз әскерилердің қоғамдағы орнын жоғарылатқан болатын. Ал әскери құрылымның да рулық қауым шеңберінде іске асқанын негізге алсақ, ол ақсақалдар кеңесін алмастырған деп есептеуге болады [1, 44 б.].

Түркі мемлекеттінің басшысы ретінде қағанның атқарған жұмыстарының негізгі белгілерін атап өтуге болар еді. Біздің пікірімізше олардың алғашқысы әрине қаған – мемлекет басшысы және биліктің бірінші өкілі болды. Ал екіншісі белгісі ретінде айтарымыз, қаған – иерархиялық билік сатысының ең жоғарысы саналды. Сонымен қатар қаған мемлекеттегі тыныштық пен бейбіт өмірдің өміршендігінің басты кепілі болып табылды. Бейбіт заманда қағандар елбасшысы қызметін атқарса, соғыс уақытында бас қолбасшысы қызметі тиесілі болып отырған. Осындай қызметтерді атқару арқылы қағанның негізгі міндеті мемлекеттік тұтастықты сақтап, кеңейту, халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеру болған. Ол турасында Күлтегін «аз халықты көп еттім» дей келе,

Жоқ, кедей халықты көп көтердім,

Кедей халықты бай қылдым,

Аз халықты көп қылдым.

Осы сөзімде өтірік барма?

– деген болатын [4, 11 б.]. Бұл сөзсіз түркі қағандарының әлеуметтік-экономикалық міндетінен мағлұмат береді.

Әрине қаған атану үшін тұлғаның осыған дейін де ел басқаруға қабілеттілігі мен халыққа жақындығы барынша ескеріліп отырған. Жоғары тарауларда көрсеткеніміздей Бумын қағанның ел басқаруға тағайындалуына дейін ол саяси әрі экономикалық міндеттерді дұрыс шеше алатын тұлға ретінде таныта алған. Оған дәлел теле тайпалық одағын шығынсыз өз құрамына қосып ала алғандығын айтсақ та жеткілікті.

Бұл ретте атап өтетін маңызды жайт, «қаған» сөзінің қолданылуында болып отыр. Зерттеушілер арасында дәл осы лауазымның «хан» лауазымына ұқсастығы немесе бөлектігі турасында еді. Әрине екеуі де мемлекет басшысы лауазымы екендігінде дау жоқ. Дегенмен X ғасырда өмір сүрген Абу-Абдаллах әл-Хорезми: «түркілердің қаған сөзі хандардың ханы деген мағынан білдіреді» деп айтуы сөзсіз, түркі басшыларына қатысты тек «қаған» сөзін пайдаланудың дұрыс екендігін білдірсе керек [5, 218 б.]. Сонымен қатар автор түркі мемлекеттеріндегі лауазымдардың өзіндік қызметтеріне баға береді. Мысалы мемлекеттің басшысы Ұлы қаған болды. Оның билігін жүзеге асыратын лауазымды қызмет иесі жабғу немесе жабғу қағандар болған. Дәл осы жабғу қағандарды автор хандар ретінде санайды. Түркі мемлекетіндегі шадтар – әскери істерді ұйымдастырушы және басқарушы қызметтерін атқарып отырған. Ал елтеберлер болса аймақтардағы билік өкілдері саналды. «Елтебер» лауазымы жужандардың лауазымынан алынған. Жалпы бұл лауазы Тон жабғу-қаған тұсында енгізілген. Оған дәлел алғаш осы жабғу-қаған тұсында шығыс Түркістан мен Орта Азия жерлерін басқару мақсатында елтеберлердің қызметін кеңінен пайдаланандығы туралы мәліметтер бар [6, 283 б.].

Өз міндетін ұзақ ғасырлар бойына дұрыс әрі сәтті атқарып келген қағандар басқарған түркі мемлекеттері өзіндік басқару құрылымы қалыптасқан ел ретінде өздерін орнықтыра алды. Қытай жылнамаларына сай, түркі мемлекеттерінде басқару лауазымдарының 28-ге жуық қызмет түрлері болған. Оларды өз кезегінде жоғары және төменгі лауазым иелері ретінде бөліп қарастыруға болады. Мысалы жоғары лауазым иелеріне:

Жабғу

Шад

Тегін

Алпағу

Тудундар [2, 211 б.]

Бұл ретте тағы бір атап өтілуі тиіс лауазым иесі – тегіндер болып табылады. Тегіндер – қағанның аймақтардағы билігінің өкідері болды. Сөзсіз тағайындалған жаңа қағандар билік етудің алғашқы кезеңінен-ақ осы лауазымдарға өзінің жақындарын тағайындап отырған. Ал өз кезегінде қағандарды билікке келуінің де өзіндік талаптарды орындауы тиіс болды. Мысалы қаған міндетті түрде ашина руының өкілі болуы тиіс саналды. Сонымен қатар қағандар қағандар түркілер үшін қасиетті саналған Өтукен жерінде сайлануы тиіс саналды. Қағандардың жарлары да түркілер үшін ерекше саналған ашидэ руының өкілі болуы тиіс саналса, ең бастысы жаңа қаған өзінің реттік кезегімен билікке келуі маңызды саналды [7, 23-25 б.]. Көп жағдайда «тегіндер» деген ұғым ханзадаларға ғана тиесілі болып отырды.

Біз жоғарыда келтірген жоғары лауазым иелерінің ішінде алпағудың да өзіндік қызметтері бар. Зерттеушілер арасында дәл осы алпағуды түркі қоғамындағы «сулипат» немесе «киелифатпен» шатастырушылық байқалады. Әрине «сулипат» немесе «киелифат» лауазымдарының аты қытай жылнамаларында кездеседі. Олардың негізгі атқарған жұмысы – тайпалық одақтарға үстемдік ететін жоғары бектер еді. Ал тұдындар болса жекелеген қағандар тұсында тоғыз оғыз сынды тайпалардың басшылары қызметтерін атқарып отырған.

Әрине ұлан-ғайыр атырапта өзіндік мемлекетін құрған түркілердің сыртқы саясаты – жаулап алу ісімен тығыз байланысты екендігі даусыз. Өз кезегінде түркілердің бақылауына өткен иеліктер түркілерге қарсы наразылығын да білдіріп отырса керек. Өйткені түркі мемлекеттік басқару құрылымындағы тұтықтардың негізгі қызметі – билікке қарсы ұйымдастырылған көтерілстерді басу ісі болған. Демек түркі мемлекеті күштеу аппараты ерекше дамыған ортағасырлық саяси құрылымдардың алдыңғы қатарына жатты деп атауға болады.

Алғашқы түркі мемлекеттеріндегі биліктің тармақталуына мән берсек, жоғары билік көп жағдайда дуальды сипатқа ие болған. С.Г. Кляшторныйдың пікірінше, батыс және шығыс бөліктегі билік еткен қағандардың беделінде бір деңгейлік байқалады [8, 48-57 б.]. Біздің пікірімізше ұлы қағандар мен жабғулардың беделіндегі бір деңгейлік алдымен олардың жақын туысқандығымен тығыз байланысты болды. Әрине ұлы қаған міндетті түрде жабғу ретінде өзінің туған бауыры немесе ағасын тағайындап отырған. Сондықтан олардың арасындағы туыстық байланыс қызметтегі өзара сенімділікпен ұласып жатқан деп санаймыз.

Әрине түркілердің жауынгерлік қасиеттері олардың ұлан-ғайыр территорияларға иелік етуіне жалғасқан болатын. Өз кезегінде бұл территориялар басқару ісін жеңілдету мақсатында өзара әкімшілік-саяси бөліністерге жіктелді. Әкімшілік-саяси бөлініс мемлекеттіліктің қалыптасқандығын білдіретін басты факторлардың бірі болып табылады. Түркі мемлекеттері әкімшілік бөлінісінің маңызды түрі – «оқ» ұғымы болды санаймыз. Бұл бөлініс өзара ру арасында жүзеге асып, өзіндік жайылымдық және ең бастысы шекаралық шектеуі болды. Бұл әкімшілік бөліністегі басқару лауазымдары жалпы түркі мемлекеттік басқару формасының құрамдас бөлігі саналды. Осындай әкімшілік бөліністегі биліктің тармақталуының өзіндік аймақтық ерекшелігі бар. Бұл аймақтардағы билік бектерге тиесілі саналды. Өз кезегінде биліктегі атқаратын қызметтеріне қарай бектердің де бірнеше категорияларын жіктеп көрсетуге әбден болады. Мысалы: сайланбалы бектер, ру басшылары қызметтерін атқарғандар, ашина руына жатпайтын бектер. Олар қаған тарапынан тағайындалып, оқтар арасындағы әкімшілік байланыстарды қадағалап тұрды. Оларды көп жағдайда шадауыттар деп те атаған.

Қағанның отбасынан шыққан бектер. Олар көп жағдайда рулардың бірлестігін басқарып отырған. Оларды еркіндер немесе алпағу деп те атап отырған [2, 223 б.].

Түркі мемлекеттерінің әкімшілік-саяси бөлініске бөлінуі сөзсіз орталық биліктің қатаң бақылауында болды. Өйткені түркі қағандарының маңызды саяси қадамдарының бірі – жаңа территорияларды бағындыру болса, екіншіден маңызды саналған істердің бірі – сол аймақтардағы халықты бодандықты ұстап тұру болды. Сондықтан көтеріліске шығуға ниеттенген халықтардың басу ісі де жаңа жерлерді бағындыру сынды маңызды саналып тұрды. Өйткені түркі мемлекетіне бағынғанымен әлі де болса өзіндік дербестікке ұмтылған бағынышты халықтарда көп болды. Олардың қатарында тоғыз оғыз тайпалары, қырғыздар, түргештер мен қарлұқтарды атап өтуге болады. Тоғыз оғыз тайпалары ежелден ашина түркілеріне қарсы саясат ұстанған тайпалардың қатарына жатқан десек қате болмас. Өйткені олардың қытай императорымен түркілерге қарсы біріккендігі туралы мәліметтер де көптеп кездеседі.

Түркі қағанатының ішкі әкімшілік бөлінісінде әскери ондық жүйе қалыптасты. Ондық жүйе қағанат ішіндегі тыныштықпен қатар, мемлекеттік басқару ісінің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етсе, құқықты қорғау жұмыстарын жүргізуге өте тиімді болды. Осылайша ондық жүйе әкімшілік және екіншіден әскер функциясын да қатар атқарып отырған. Мұндай жүйе тайпалық құрылымға өзінің кері әсерін бермеді. Демек түркі қағанатының әкімшілік-саяси бөлінісі сан ғасырар бойы ел басқару сабақтастығы үзілмеген, саяси билік жүйесі қалыптасқан мемлекет ретінде сақталып, одан кейінгі халықтар мен мемлекеттердің ішкі саяси құрылымдарына сәтті сіңісіп, беріліп отырды. Ең бастысы түркі қағанаттарының саяси жүйесі негізгі қайнар көзі - әдет ғұрып болды және барлық қоғамдық қарым-қатынастар салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа берік негізделді.

Саяси-әкімшілік бөліністегі жалпы халықтың әлеуметтік құрамы да бір текті бола қойған жоқ. Жалпы халықтың немесе бұданның құрамы негізгі үш әлеуметтік топтарға жіктелді. Олар:

1. Жоғары лауазымды тұлғалар
2. Еркін адамдар. Бұлардың қатарына құқықтық және саяси артықшылықтарға ие болмағандар жатты.
3. Төменгі тап өкілдері. Олардың қатарын құлдар немесе жеңіліс тапқан елдердің азаматтары құрады.

Сөзсіз аймақтардағы мұндай басқару түрі алдымен шаруашылық түрі мен иеліктерін қорғау идеясынан туындаған. Ұжымдық қорғаныс сөзсіз аймақтардағы қағанның өкіліне бағыну принципінен бастау алып отырды. Егер де қаған олардың тыныштығы мен бейбіт өмір сүруінің кепілі саналса, жергілікті биліктегі қағанның өкілдері соның бір белгісі болып табылды. Ал өз кезегінде аймақтағы және ұлы қағанға бағынатын рулар мен олардың мүшелері бірігіп, сол түркі мемлекеттерінің азаматтары саналды. Т.С. Жумағанбетовтың пікірінше, түркі мемлекеттеріндегі азаматтық мәселесі өзіндік ерекшелігі бар жағдайда шешілген. Мысалы азаматтықты сол елдің азаматына тұрмысқа шығу немесе үйлену арқылы беріліп отырса, азаматтық өте ауыр қылмыс жасағандар үшін алынып тасталып отырды. Ондай қылмыстардың қатарында: толқу ұйымдастыру, басшыға қарсы астыртын сөз байласу, сонымен қатар жергілікті елтебер, тұтық мен шадқа қарсы төңкеріс ұйымдастыру да азаматтықтан айыруға әкеледі. Мемлекеттегі азаматтық ісі ерекше жолға қойылған. Мысалы азаматтардың руластарына немесе өзге де жақын адамдарына қарсы қылмыстық іс-әрекетке баруы да елден аластатын жолдардың бірі болып табылады. Тіпті кей жағдайларда тек азаматтық қана емес, өмірінен айыру, яғни өлім жазасы да кесіліп отырған [7, 26 б.].

Біздің пікірімізше түркі мемлекетінің империя дәрежесіне жете алуы да дәл осы мемлекеттік басқару формасының дұрыс шешілуі және төмендегі факторлардың тікелей әсеріне қатысты болды:

1. Қағанның билігінің күшті болуы және оның билігі мемлекеттің барлық аймақтарына бірдей таралуы;
2. Мемлекетті басқару ісін тиімді ету мақсатындағы саяси-әкімшілік бөліністің сәтті жүруі;
3. Мемлекетті басқару ісінің салыстырмалы түрде алғанда кәсібиліне түсуі;
4. Қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақтылығы – деп тұжырымдаймыз.

Демек біз келтірген осы тарихи жайттарды алға тарта отырып түркі тайпалары өзіндік мемлекеттік құрылым ретінде өмір сүре алғандығына көз жеткізуге болады. Бүгінгі таңдағы көшпелілерді жабайы немесе жартылай жабайы ретінде суреттеп, пікір білдіріп жүрген зерттеушілердің пікірлері орынсыз екендігін өзімізше дәлелдедік. Осы біз келтірген фактілердің негізінде түркілердің мемлекеттілігінің болғандығын дәлелдейтін мынандай тұжырымдар жасауға болады:

- Бұқаралық биліктің болуы.
- Қаған басқаратын мемлекеттің ішкі және сыртқы тәуелсіз саясатының болуы
- Қағанаттың әкімшілік-территориялық негізде бөлінуі
- Орталық және аймақтық басқару құрылымдарының қалыптасуы
- Қағанат ішінде заңдық қарым-қатынастардың үстемдік етуі
- Мемлекеттің ішіндегі қағанның билігін нығайтатын идеологияның болуы

Міне осындай факторлар біздің пікірімізше түркілердің мемлекеттілігін, оның басқару формаларының дұрыс шешілгендігін дәлелдейтін негізгі көрсеткіштер болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Амрахов Маис Исраил оглу. Возникновение государственности и формы землевладения у тюрков. – Баку: Мутарджим, 2011. – 120 с.
2. Садри Максуди Арсал. Тюркская история и право. - Казань: Фэн, 2002. – 412 с.
3. Радлов В.В. Атлас древностей Монголии. Выпуск 2. - СПб: Императорская Академия Наук, 1893. – 35 с.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы / Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған Алма Қыраубаева. Алматы, 2013. – 374 б.
5. Материалы по истории туркмен и Туркмении. - Москва-Ленинград: АН СССР, 1939. – Т1. – 647 с.
6. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. - М., 1950. – 382 с.
7. Жумаганбетов Т.С. Становление и развитие государственности древних тюрков (VI-VIII вв.). Автореферат на соискание ученой степени доктора исторических наук. - Караганда, 2008. – 41 стр.
8. Кляшторный С.Г., Лившин В.А. Открытие и изучение древнетюркских и согдийских эпиграфических памятников Центральной Азии // Археология и этнография Монголии. – Новосибирск: Наука, 1978. – 526 с.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ САХНА МӘДЕНИЕТІМЕН ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

PhD докторы Ж. СҰЛТАНОВА*

Түйіндеме:

Мақалада Қазақстан театрларының еуропалық сахна мәдениетімен өзара әрекет контексіндегі дамуы барысында қалыптасқан байланыстың тәуелсіздік жылдарында жаңаша сипатта өзінің жалғасын тапқаны туралы сөз болады. Автор мұнда сол байланыстың арқасында республика театрларының әлемнің қазіргі заманғы озық қойылымдарынан үлгі алып, дамудың жаңа жолына түсе бастағанын нақтылы деректермен жан-жақты талдап көрсетеді. Бұл жылдарда республикада Ресей және Орталық Азия елдерінің әлемге танымал жаңашыл режиссерлері заманауи спектакльдер қойды. Мұндай бірлескен жұмыстар сахнадағы көркем бейнені, пластикалық тәсілдерді, безендірудің жаңаша ренкін іздестіруге мүмкіндік әперді. Өткен дәуірлердің классикалық туындыларын қайта дайындаған режиссерлер олардың мазмұндарын барынша өзгертіп, бүгінгі күннің мәселелеріне қарай бейімдеп шығарды. Зерттеушінің пікірінше, бұл қойылымдар республика театр өнерінің замана көшіне ілесіп, өзінің даму жолында бір саты жоғары көтерілуіне айтарлықтай серпін берген.

Тірек сөздер: театр, режиссура, сахна, спектакль, қойылым, классика, пьеса, кейіпкерлер, трактовка, актерлер, репертуар, метаморфоза, сабақтастық, жаңашылдық.

INTERACTION OF THE MODERN KAZAKH THEATER WITH THE EUROPEAN STAGE CULTURE

Abstract:

The article talks about the continuation of the relationship between the theaters in Kazakhstan in the context of interaction with the European stage culture, which has been continuing in the years of independence. The author is thoroughly analyzing the fact that thanks to that link the republican theaters have got the best examples of modern world performances and have come to a new way of development. Over the years, world-renowned stage directors from Russia and Central Asia have made contemporary performances in the country. Such collaborative work allowed to search for a new scene on the stage, artistic images, plastic techniques. The directors have changed the classic works of the past epoch adapting them to today's problems. According to the researcher, these performances gave a significant impetus to the rise of the Republic of Kazakhstan in the world of theater art and opening a new stage of its development.

Key words: theater, direction, stage, performance, classics, plays, characters, tracts, actors, repertoire, metamorphosis, continuity, novelty.

КІРІСПЕ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы жағдай түбірінен өзгерді. Театр бастапқы жылдары өзінің осы кезге дейін жинаған репертуары мен қорларының арқасында ғана тіршілік етті. Бірақ уақыт өте келе, елдің мәдениеті мен өнерінің алдына көркемдік үдерісті жаңарту міндеті қойыла бастады. Бұл ең алдымен ұлттық сәйкестілікті іздестіруге арналды.

Осы кезде ұлттық сана-сезімнің күрт өсуі халықтың өткеніне, әсіресе, бұрын тарихтың жабылып қалған парақтарына деген жаппай қызығушылығын оятты. Драма театрларының репертуарында айрықша орын ала бастаған тарихи драма жанры бірінші планға шығарылды. Сөйтіп, ұлт тарихында сан жылдар бойы ақтаңдақ болып келген тақырыптар қолға алынып, көркем шындықпен көмкерілген спектакль болып көрермен назарына ұсыныла бастады. «Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі өткен тарихымызбен бүгінгі танымымызды таразылап, ұзақ жылдар бойы қол үзіп қалған ата-бабаларымыздың дәстүріне берік үңіліп, рухани сабақтастықты жалғастыруға ден қойылды, – деп жазды театртанушы Б. Нұрпейіс. – Қоғамымызда болып жатқан қайта түлеулерге өнердің барлық саласы тәрізді театр өнері де қызу кірісіп, өз үлесін қосты» [1, 374 б.].

«Кез келген кемелденген өркениетті мемлекет өз тарихын қастерлеп, оны келер ұрпақтың санасына сіңіруге күш жұмсайды, – деп тұжырымдайды осыған орай театр сыншысы А. Еркебай. – Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты мәдени өмірде көптеген оң өзгерістер болды». [2, 9 б.].

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, zhanagul_sultan@list.ru

Аталған оң өзгерістер өз кезегінде Қазақстан тәуелсіздік туын желбіреткеннен кейін бұған дейін айтуға жол, жариялауға мүмкіндік берілмей келген алуан түрлі тарихи кезеңдер, ұлттың мақтанышы болған ұлы қайраткерлердің өмірі мен қызметі туралы драматургиялық шығармалардың сахна төрінен орын ала бастауына жол ашты.

Бұл жылдары Қазақстан театрларында Орталық Азия елдерінің белгілі режиссерлері К. Аширов (Түрікменстан), В. Умаров, О. Салимов (Өзбекстан), Б. Абдуразаков, С. Усмонов (Тәжікстан), Н. Асанбеков (Қырғызстан), түрікменнің еркін суреткері О. Ходжакули жемісті еңбек етті. Республикадағы орыс театрларына ресейлік мамандар келіп, жұмыс жасау практикасын қайта жалғастырды. Мұндай бірлескен жұмыстар сахнадағы көркем бейнені, пластикалық тәсілдерді, безендірудің жаңаша реңкін іздестіруге мүмкіндік әперді.

Осындай ізденіс үрдістері негізінде 2016 жылғы ақпан айында Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында «Жұт» атты деректі драмасы премьерасының тұсауы кесілді. Спектакльді Башқұртстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, М. Ғафури атындағы Башқұрт мемлекеттік академиялық драма театрының режиссері Айрат Абушахманов дайындады. Қойылымға Мәскеуде тұратын жас қазақ драматургы Олжас Жанайдаровтың спектакль аттас пьесасы негіз болды. Ол жазушы Алмас Алтайдың аудармасы бойынша қойылды.

Драма – жұттың құрбандары мен олардың ұрпақтарының тағдырлары туралы. «Жұт» қазақ даласын жайлаған ашаршылық кезеңін суреттейді. Қазақ тарихындағы осы кезең туралы ой толғаған театртанушы М. Жақсылықова: «1930 жылы Ф. Голощекин жүргізгін «Кіші Қазан» саясаты мен қолдан жасалған геноцидтің нәтижесінде елімізді аштық пен қорқыныш жайлады. Этномәдени экспанцияны да Кеңес үкіметі қолдап отырған» [3,62 б.], – деп жаза келіп, жаппай ашаршылық жылдарының саяси астарына назар аударды. Жас драматург өз шығармасына бұл қаралы нәубат жылдарын бір ғана қазақ отбасысының мысалында көрсетпек болған. Сондықтан басты кейіпкерлер – Ахмет (Жанат Оспанов) пен Сәуленің (Айман Қарпсейітова) шаңырағын шырғаған трагедия сол тұстағы барлық қазақ отбасыларының басына түскен ортақ ахуал санаған жөн. Мұнда қазақ әйелінің бейнесі тамаша көрсетілген. Ет пен сүйектен жаралғанымен, ерік-жігері күшті, дәті берік Сәулені сол замандағы қазақтың қайсар әйелдерінің жиынтық бейнесі іспеттес. Екі бірдей перзентінен, артынша жарынан айырылып, қан жұтқан Ахметтің шарасыз халі сол тұстағы бүкіл халықтың есеңгіреген күйіне ұқсайды. Аштықта олардың үш жасар ұлдары қайтыс болып, тек емшектегі балалары ғана аман қалады. Бірақ анасы қауқары жоқтықтан, оны емізе алмайды.

Кейін Ахметтің жолы оңғарылып, жұмысқа тұрады. Осының арқасында паек алып тұруға қол жетті. Сол кезде барып, ол мұның қолдан жасалған ашаршылық екенін біле бастайды. Оны мемлекет өзінің қитұрқы мүддесі үшін қолдан ұйымдастырған болып шықты. Қойылымда актер Жанат Оспанов рольді жеткізу барысында халықты қыру мақсатында жасалған ашаршылықтың астарын түсінгеннен кейін түңілушілікпен астасқан сезім күйін өте сенімді береді. Оның сәтті ойыны режиссердің арамза биліктен қысым көрген халықтың күйзелісі мен азабын танытуға бағытталған трактовкасы шешімінің де көңілден шығуына жетелейді.

Бірақ байдың қызына үйленгені әшкере болған Ахмет ұзамай жан бағып отырған қызметінен босап қалады. Сондықтан күн көру үшін ақшасы аз болса да, бейнеті көп жұмысқа барып жегілуіне тура келеді. Басында Сәуле күйеуін бұл жұмысқа жібергісі келмейді. Себебі, ондағы адамдарды көрген, олардың көздеріне қарап шошыған. Ол аштықтан көздері қарауытып жүрген осы адамдар күйеуін өлтіріп, жеп қояды деп қорқады. Сосын кішкентай баласын алып, күйеуімен бірге жұмысқа бармақшы болады. Өкінішке қарай, бірінші күні-ақ суық тиіп ауырып қалған баласы көп ұзамай шегінеп кетеді. Аш адамдардың бейітті қазып, баласының етін жеп қоюлары мүмкін екенін ойлап, жаны қатты күйзелген Ахмет ақырында сәбидің денесіне тас байлап, ойықтағы суға ағызып жіберуге бел байлайды. Режиссер осы шешімі арқылы-ақ елдегі жағдайдың барынша ауыр, ахуалдың қатты асқынып кеткенін байқатады.

Көрермен бұл оқиғаның бүге-шігесіне атасы Ахметтің ескі күнделігін тауып алып оқыған немересі Ерболдың (Сырым Қашқабаяев, Асылбек Қапаев) мәскеулік журналист қазақ қызы Ленаға (Айнұр Бермұхамбетова, Ақмарал Танабаева) берген сұхбаты арқылы қанығады. Жас жігіт өзінің сөзінде тілшіден қазақ халқының жартысына жуығын жалмаған алапат аштық жайлы шындықты сол қалпында жазуды өтінеді. Премьера туралы «Казахстанская правда» газетінде рецензия жариялаған Бектур Кадыров: «Новый спектакль тяжело смотреть, но зрители понимают, что «Жұт» не только о голодоморе, но и о личности человека, попадающего в разные обстоятельства, о силе духа, о самоотверженности. О мудрости, наконец. Постановка – дань памяти, и она – как предупреждение: не

допустить больше ничего подобного» [4], деп түйіндеп, жұттың аштық жайынан бөлек рухани жұтандықты да білдіретініне назар аудара кетеді.

Спектакльдегі оқиғалар барысында ашаршылық кезінде екі баласынан өлідей, әйелінен тірідей айырылған Ахмет Ақмола жерінен оңтүстікке қарай кетіп, жан сақтайды. Сол жақтан Ұлы Отан соғысына аттанып кетіп, одан оралғасын екінші рет отбасын құрады. Оны біз оқиғаның хроникасы арқылы білеміз. Қойылым уақыт пен кеңістікті (хронотоп) қатар қойып, шебер үйлестіру арқылы да ұтып шыққан. Бұл ретте сахнаның безендірілуі сол хронотопқа қатысты көріністерді тұспалдап жақсы жеткізеді. Осы оқиғалар тізбегі Ерболдың тілшіге берген жоғарыдағы сұхбаты арқылы толық белгілі болады.

Автордың тағы бір айтпағы, жаман халық жоқ, ал жаман адамдар барлық халықта да кездеседі, дегенге саяды. Бойында ар-намысымен қатар пасықтығы да бірге жүретін адам баласы келер күннен үмітін үзбесе, қанша қасірет шеккенімен, өзін жоғалтпай, адамдық қасиеттерін сақтап қала алады. Қойылым барысында қиын-қыстау заманды бастан кешкен қиындықтан қайыспас адамның өз келбетін қаншалықты сақтағанын аңғарып, тағдыр сынағына қалай төтеп берген төзімділігіне тәнті боласыз. Ал қазақ даласында бір кездері осындай қолдан жасалған алапат апат – ашаршылықтың орын алғанын, оның жергілікті халықтың тең жартысына жуығын алып кеткенін білмейтін жұрт бұрын да аз емес еді, одан хабары жоқ ұрпақ бүгінде одан да көп.

Қырғызстан мәдениетінің еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Асанбеков 2013 жылы Астанадағы М. Горький атындағы орыс драма театрында Уильям Шекспирдің «Ромео және Джульетта» трагедиясын қойды. Театр сыншылары оны сол бойда театрдың бұл маусымдағы ең ерекше қойылымдарының бірі қатарында атап өтті.

Nazarbayeva, Nursultan, (2007). Kazakistan Jolu, Almatı.

Ercan, Salih, Gökdeniz, İsmail, (2009). Girişimciliğin Gelişim Süreci ve Girişimcilik Açısından Kazakistan, *Bilig*, 49, 59-82.

Yeremeyev, D. Y. (2015). Turki. İstoriko-etnografıçeskiyoçerk [Türkler: Tarihi Etnografya Denemesi], Kvadriga, Moskova.

https://www.ekonomi.gov.tr/portal/faces/home/disIliskiler/ulkeler/ulke-detay/Kazakistan/html-viewer-ulkeler;jsessionid=DN_E8KkwQ0J-p6bJsNArm-zYs8ZrMsyy2IVssQ9JwxR8G7UA1k0G!2015584970?contentId=UCM%23dDocName%3AEK-160336&contentTitle=T%C3%BCrkiye%20ile%20Ticaret&_afLoop=27260683327567750&_afWindowMode=0&_afWindowId=null&_adf.ctrl-state=107jujolpp_1#!%40%40%3F_afWindowId%3Dnull%26_afLoop%3D27260683327567750%26contentId%3DUCM%2523dDocName%253AEK-160336%26contentTitle%3DT%25C3%25BCrkiye%2Bile%2BTicaret%26_afWindowMode%3D0%26_adf.ctrl-state%3D107jujolpp_5 erişim tarihi 05.05.2018

<http://www.kazakistan.kz/kazakistan-turkiye-dis-ticareti-analiz/> erişim tarihi 24.04.2018

ҚЫТАЙДАҒЫ БАЛБАЛДАР МЕН СЫНТАСТАР ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАУҒАРЫМагистр, оқытушы **Б.ЫРЫСТАНҰЛЫ** ***Түйіндеме:**

Қазіргі Қытай территориясы болып саналатын түркілердің байырғы атамекені, өркениет пен мәдениеттің тал бесігі болған Шығыс Түркістан мен Хан балыққа /Бейжиң, Пекин, 北京/ дейінгі аумақта көшпенді халықтың тіршіліктегі философиялық ойлау жүйесі мен еңбегі, көркемдік талғамы және рухани құндылығын әйгілеп, салт-дәстүр, табиғатпен үндескен наным-сенімдерінің ақауында, образы айқын, өресі биік мүсін өнерінің айшықты туындысы, ойлау жүйесі, философиялық көзқарастары негізінде дәстүрлі өнер туындысынан өрбіп дамыған мәдениет жауһарының бірі болған балбалдар мен сынтастар болмақ. Осы мәдени құндылығымызды салыстыра сараптай отырып, даму кезеңдері мен дизайндық архитектурасына, бейнелеу образына, пішімдік стиліне, философиялық мәніне ой жүгірте отырып, осы тақырып аясында зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбегіне сүйене талдау жасап баяндау.

Тірек сөздер: балбал, сынтас, дәстүрлі өнер, дизайн, мәдениет.

BALBALS AND FIGURED STONES IN CHINA TREASURE OF TURKIC CULTURE**Abstract:**

Traditions and spiritual values of nomadic people living in East Turkestan and China / Beijing 北京 /, which are the main components of modern Turkic-speaking peoples is the cradle of civilizations and cultures. One of the masterpieces of traditional art, based on contemporary art and having their own beliefs of a clear image of the high art of sculpture, philosophical views are balbals and figured stones. Comparing these cultural values, we analyzed the stages of development and architecture of design, image, style, philosophical essence and analyzed the scientific work of scientists who studied this topic.

Keywords: balbal, figured stones, traditional art, design, culture.

Тарихтың толғаулары мен өткен сүрлеуіне қарай отырып, ата-бабаларымыз Сақ, Ғұн, Түркілердің әлемді дүрілдеткен дәуірінен бастап, бізге жеткен көшпенділер мәдениеті мен өшпес құндылықтары осы күнде соның айғағы болса керек. Тарихи руханият, дәстүрлі өнеріміздің өрнегі, хандық құрып ұйысқан елдігіміз бен ұлы байтақ жеріміздің белгісі болған, тархи ескерткіштер мен балбал, сынтастар бүгінгі біздің өшпес құндылығымыз болып, оның сол заманға қатпарлы тарихтан сыр шерту мен сол дәуірдегі түркілер мәдениетінің айшықты көрінісін, ұлттық дәстүрлі өнердің биік шыңын, тұрмыс-тіршілігі мен табиғаты үндесе біте қайнасып, философиялық ой тұжырымдарын алғы шарт ете отырып, түркі тарихы мен мәдениетінің сорабын көруге болады.

Қытай территориясындағы түркі тарихи ескерткіштері өте көп. Өз дәуірінде ата-бабаларымыздың атамекені Шығыс Түркістаннан Хан балыққа /Бейжиң, Пекин, /北京/ дейінгі атырапта тарих шындығы мен айғағы спетті ежелгі тарихи ескерткіштер менмұндалап тұр. Соның ішіндегі біз тілге тиек еткен көне тарихи ескерткіштердің құрамдас бір бөлігі, ол - балбалдар мен сынтастар. Тарихқа көз салар болсақ: орта Азияны мекендеген түркілердің байырғы V-IV ғасырға дейінгі түркі тайпаларында кеңінен өріс ала бастаған көне тарихи ескерткіш тас мүсіндер, міне біздің дәуірімізге жетіп отыр. Ал, осы тарихи мұралардың Қытай деректері мен сол кезеңдерге көз тастайтын болсақ: VI – IX ғасырлардағы түркі ескерткіштері Қытайдың Сүй /隋朝/ патшалығына /581-618 ж./, Таң /唐朝/ дәуіріне /618-907 ж./ тура келеді [1, 3].

Қытайдағы байырғы түркі ескерткіштерін зерттеу мен ғылыми түрғыда саралап, сараптай отырып, бұл туралы зерттеулер жасаған Қытайдағы қандастарымыздан ғалым Сұлтан Жанболатов, Жақып Мырзақанұлы, Әуелхан Қали, Шакен Оңалбаев, Асқар Татанайұлы, Мағаз Разданұлы, Нығымет Мыңжан, Көбен Асқарұлы, Байахмет Жұмабайұлы, Көбенұлы Қуандық т.б зерттеуші - ғалымдар бар. Осы зерттеуші-ғалымдардың еңбегінде адамзаттың ең алғаш өркениет пен мәдениетке бет алған ұлы көштің алдыңғы дүбірі, яғни, адам санасының дамуға деген дабылы –балбалдар мен сынтастар. Құнды жәдігерлерімізді түркілердің сайн даладағы қасқайып тұрған, сахара серілері болып, зерттеу объектісінің темірқазығы ретінде «Сахара мәдениеті», «Көшпенділердің мәдениет ізі», «Халықтың еңбек әмәлияты мен жауһары», «Түркі рухы мен халық тұрмысының куәгері», «Түркі

* Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, jasalash.kz@mail.ru

жауынгерлері» т.б. деген нақтылы пікір мен тұжырымға шоғырланған. *Балбал* – тастан қашалып жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Яғни, соғу, қағу, ұру дегенді білдірген қос сөзден тұрады. Түркологтардың пікірінше, балбал сөзі «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Мұның тек ғылыми көзқарастан басқа да танымдық, рухани мағынасы бар. Әрі балбалдар өнер туындысы болып, таста адам бейнеленіп, сол кездегі тұлғалардың мінездерін сомдап, бірде айбынды рухта, ал енді бірде трагедиялық кейіпте пішімдеп жеткізе білген. Халықтың рухани мәдениетіне тән ерекшеліктерінің бірі – олардың этникалық ортасында әр кезеңдегі наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптардан жинақталған балбалдарға табыну еді [2, 8]. Демек, балбалдар мен сынтастардың мүсіндік өнерден туындаған көркемдік шығарма ғана емес, оның «қаһарман, жеңімпаз, баһадүр немесе киелі, шапағат, қасиет иесі бар» деп сезінген аруақтарға құрмет ету, оларды мәңгілікке ұлықтау, есте сақтау мақсатында қойғандығын аңғарып, осы тұрғыдан-ақ түркі мәдениетінің ізін аңғара аламыз.

Енді, біз Қытай деректерінде көптеп жазылған, қазіргі Қытай аумағындағы балбалдар мен сынтастар туралы зерттеген қытай ғалымдардың пайымдаулары мен деректеріне тоқталар болсақ: Балбал тастар - Солтүстік Шинжияң, Тянь-Шань тауларында, көпшілігі Алтай және Оңтүстік Сахара жайлауларында көптеп кездеседі. Қытайда балбал тас алғаш байқалғаннан бастап археологтардың назарын аударған соң, жарты ғасырдан астам уақыт зерттеу жұмыстарынан кейін, балбал тастың қалыптасу кезеңін *Юан /元/* патшалығынан бастап, *Суй және Таң әулеті /隋唐时期/* кезіне жатқызады. Осы кездері Солтүстік жайлаулы сахарда мекен еткен түркілердің мұрағаты деп тұжырымдама жасаған.

Қытайлардың «балбал тас» атауы туралы түсініктемесінде: тарихта көптеген атаулары бар, мысалы: Түркі жауынгері, Баба тас, балбал тас, қаза болған адам тас, т.б. түрлі формадағы ұқсамайтын тастар мен атаулар әр түрлі түсініктер мен ұғымдарды білдіреді. Қытайлар балбал және сын тас – *Жайлау тас адамы /草原石人/* деп аталса, балбал тас Еуразия атырабындағы «тас адам» - деп түсініктеме берсе, Хан /汉/ дәуірі әдебиетіндегі құжаттарда «балба 巴力巴力» түркілердің «Өлген адам тасы 杀人石» деп түсініктеме айтылып, «Солтүстік тарих.түркілер» және «Суй кітабы.түркілер» жазбаларында, балбал тас - түркі жауынгерлерінің қайтыс болғанынан кейінгі қабырының ескерткіш тасы, оның соғыстағы ерліктері үшін қойылған деп тұжырымдама жасаған. Ал, Шығыс Түркістан аумағындағы сын тасты алғашқылардың бірі болып, кейінгі *Цин /Шин Шао/ әулетінің /清朝末年/* саяхатшысы Шу Сун /徐松/ байқаған еді. Оның «Батыс су жолдары естелігі» жазбасында Шинжияңның Іле дариясының батыс жағында сын тастарды */Тас адам,石人/* байқағанын, онда жергілікті жерлеу салты бойынша ежелгі жауынгерлер мен бұйымдар болғандығын естеліктерінде жазып қалдырған [3].

Деректемелерге сүйене отырып, Шығыс Түркістанда мекен еткен түркілердің жеріне Қытай саяхатшылары мен тарихшылардың ерте дәуірден назар аударып келе бастағанын, ол жердегі түркілер қалыптастырған мәдениет ошақтарын зерттеп-зерделеп, қағаз бетіне түсіргенін. Әрі Қытайдың саяхатшы-зерттеуші ғалымдарының осы тарихи ескерткіштерді түркілердің өркениеті деп танығандығын көре аламыз.

Қытайдың әйгілі архелогі Хуан Уен Би /*黄文弼*/ мырза өткен ғасырдың 50 жылдары Шинжияңның Іле аймағына зерттеу жүргізген кезде, ол бірнеше *Тас адамды* (балбал тас, сынтас) байқап қалады. Ол балбал тастарды зерттеуден кейін, мынандай пікірді ортаға қояды: Шинжияңдағы тас адамдар түркі сынтасының шоғыры. Түркілер VI ғасырдан бастап мемлекет құрып, 280 жыл билеп, IX ғасырда күйреді. Орталық Азия, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, және Моңғолия мен Шығыс Түркістанда түркі жауынгер сын тастар түркілердің кең байтақ сахарға қалдырған мемлекеттік тарихи куәсінің айғағы. Ал, зерттеуші Көбенұлы Қуандықтың еңбегінде: «Балбал» - ескі түркі жазумен таңбалануынша «балбал» мен «болбық» деген сөз тіркесі болса, дұрысына үнілсек, бұл екі сөз қазақ тілінде әлі күнге дейін бар. Қазақ «балбақ», «балпаң» деп көзге өрескел көрінетін еңгезердей кісіні, затты айтады. Мұның бәрі тас мүсін сияқты кісі денесінің болпиган түрін көрсетуден шыққан. VI ғасырдағы Түрік қағанаты кезінде қайтыс болған адамның басына балбал тұрғызған. Атақты ойшыл әрі шешен Иоллығ тегін әкесі Білге қағанға құлпытас орнатқанда былай деп жазған: «Әкем қағанға балық тіктім». Түркілердің адамды жерлеген соң оған төртбұрыш тастан мәңгі тас орнатып, сол адамның қадыр құрметіне арнаған, әрі оны «балбал» деп атаған. Осымен қатар сынтастарда Шығыс Түркістан жерінде көптеп байқалған. Оны қытай және қазақ ғалымдары зерттеп, орнын тұрақтандырып, даму кезеңдері мен бейнелік пішімдерін, өрнектері және танымдық мәніне қарай отырып талдау жасаған. ШинЖияң да сынтастардың жалпы саны 279 болып, оның 269

байырғы қабыр басынан, 10 зиратқа көмілген кішкентай сынтастар. Ата-бабаларымыз Сақ, Ғұн, Үйсіндерден бері түркілер дәуіріне дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістандағы сынтастарды 4 кезеңге бөлуге болады:

1 кезең: б.з.д. 1200 жылдан б.з.д. 700 жылға дейін.


2 кезең: б.з.д. 700 жылдан б.з. 600 жылға дейін.

3 кезең: б.з. 600 жылдан б.з. 900 жылға дейін.

4 кезең: б.з. 900 жылдан б.з. 1100 жылға дейінгі аралық есептеліп, сынтастарды жекелей зерттеу жүргізіп, 17 түрге бөліп көрсеткен. Түркі мәдениеті мен тарихының куәсі болған балбалдар мен сынтастар ата-бабаларымыз мекен еткен Шығыс Түркістан даласының әр аймақтары мен аудандары, жалпы байтақ даладан кездестіріп, тауып алуға болады. Бұл көне жәдігерлер байырғы түркілердің тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасын, діни сенімін, қаһармандық рухтарын және көркем шығармашылықты бейнелейтін үлкен бір белгі. Қас шеберлердің қолынан шыққан осы бір обырарды көркем туынды тектен тек орнатылмағаны мәлім. Қазақ даласындағы бір сынтасқа ескі түркі жазуымен «Бізде сіздей болғанбыз, сізде біздей боларсыз» - деп жазылған. Осы екі ауыз сөздің өзінен баһадүр бабаларымыз: «Бабаларымыздың кең даласын біздей қорғандар, болашақта сіздер де біздей болыңдар» - деп өсиет айтып тұрғандығы меңзеледі [1, 10]. Демек, Қытайдағы барлық сырға толы қадау-қадау балбалдар мен сынтастар ғасырлар бойы қилы-қилы тарихтың куәсі болып, атадан қалған сол бір аманатты мәңгілікке қорғап бізге жеткізуге, әліде болса сол бір асқақ рухын аласартып алмау үшін жерге қадалсада айбынды бейнемен тарихтан сыр шертіп, өз құндылықтары мен мәдениетінің куәгері ретінде тұрғандай.

Балбалдар мен сынтастар әр дәуірдің даму кезеңдері мен этникалық көзқарастары, философиялық ойлау, сенім-нанымдары және діни тұрғыда көркемдік жасампаздықтарын бейнелеп, сол дәуірдің қоғамдық көрінісін, халықтық әдет-ғұрпын, ерік жігерін сомдап көрсетіп, өзіндік сахарадағы көшпенділер мәдениетін қалыптастыра білген. Біздің қазіргі Ислам діні көзқарасымен қарағанда тас мүсіндердің қарама-қайшылықтары болғанымен бізге Ислам діні келмей тұрғандағы Шаманизм дәуіріндегі түркілердің наным сенімінен туған көркем қол өнер шығармасы екендігі анық. Осы пікірдің негізінде: Қытай археологтары Шығыс Түркістандағы балбалдар б.з.д. 1200 жылдары, XIV ғасырда Ислам діні сахараға келерден бұрын, сахарадағы тайпалар ежелгі мистикалық дінге яғни Шаманизмге сенді. *Шаманизм* – бұл ата-бабаларға табынуға негізделген қарабайыр политеизм. Шаманизмге Қытай, Ғұндар, Түркілер, Моңғолдар және басқа да ежелгі халықтардың сыйынатын діні болды. Шаманизм барлық нәрселердің бар екеніне сену және табиғатқа құлшылық ету, ең бастысы - ата-бабаларына ғибадат ету. Олар «адамның жаны өлмес, өзі қайтыс болып, жаны әрқашан бізбен бірге» - деп ойлаған. Балбал таста сарбаз-жауынгерлердің жалаңбас, мұртты, сақалды болып, жағалы киім, сауыт-сайман асынған, оң қолында ыдыс немесе құс, сол қолында қанжар ұстап тұрған бейнесі мүсіндеп, ойылып көрсетілгенін Алтай балбал тастарынан көре аламыз (сурет-1) [4, 13].

Шығыс Түркістандағы балбал тас және бұғы тас, сын тастар - Шаманизмнің бір түрі болып қана қоймай, қаһармандардың ғана емес, ата-бабалардың да құрметінің айғағы болып есептелінеді. Осы айғақ мұралардың ата-бабаларымыздың, ел басқарған абыздар мен ұлы тұлғаларға және батыр жауынгерлер мен қатар қарапайым халық немесе малшы т.б. құрметіне тең дәрежеде қойылғандығын Шонжы ауданы Жанбұлақ жайлауынан табылған сынтастан байқауға болады (сурет-2) [1, 97]. Сонымен бірге, олардың сол мекенде туып өсіп, қазіргі Украинадан Қытайдың шығыс жағалауына дейінгі ұлан-ғайыр атырапқа иелік етіп үстемдіктерін жүргізгені айдан анық.



Сурет - 1: Алтай балбал тастары Сурет - 2: Шолақсай сынтасы

Түркі мәдениеті мен ұлттық дәстүрлі өнерде өзіндік орны бөлек танымдық тұрғыдан да, дизайндық ерекшеліктері мен архитектуралық көріністерінде бір-бірімен өте тығыз байланыстағы, жан-жағынан мазмұндас, үндестігі себебінен бірі-бірінен енді бірінің сыры ашылмайтындығы, олардың бәрі ежелгі діни салт бойынша адам жерленген орын немесе тасаттық беру майдандары болмақ. Ескерткіштер қойылған орын бәрі адам жерленген орын деуге келмейді. Өйткені, «Күлтегің», «Білге қаған», «Таспар қаған» т.б. кешендер адам мүрдесі көмілген жер емес, киелі тасаттық кешендері. Сол дәуірдегі адамдардың аруақты құрметтеу идеясы мен қайтыс болған адам мейлі кім болса да, оларды аруақтау арқылы адам жерленген орыннан оңаша ыңғайлы жерлерге апарып тасаттық беру орындарын әзірлеген. Міне, осы орынды «киелі орын» деп санаған.

Осындай киелі орындар төртбұрыш және дөңгелек сияқты түрлі бейнеде кездеседі. Төртбұрышты бейнемен кездесетін киелі орындар «Ежелгі көшпенділер әлемді төртбұрыш деп біліп, төрт бағыттың символикасын жасап, онымен қатынасу формаларын қатаң белгілеп отырғандықтан», «Жан әлемнің төртбұрышында, сегіз қырына қонақтайды. Жан тәңірден жіберіледі, ерлік адамды о дүниеге әкеткенде жан ұшып кетеді, тән жерде көміліп қалады» - деген сенім арқылы төртбұрыш әлемнің иесі болған өздерінің бұл дүниеде осынау төрткүл дүниенің иесі, төрт төңірегі толық, төрт түлігі мыңғырған бақытын ол дүниеге барғанда ала кету, ондағы төрткүл дүниенің бақытына кенелу үшін киелі орындарды, сандық тастарды, ескерткіш бұйымдарды төртбұрыштап орнату арқылы, өздері сенген әлемнің кішірейтілген моделі саналады [5, 173]. Міне, осыған қарай отырып, түркілердің дүниетанымы мен табиғаттың үндестігін, олардың астрономиялық, философиялық ойларының, діни нанымдары мен байланысып жатқандығын, өздеріне тән бөгенайы бөлек мәдениет қалыптасып дамығанын біле аламыз. Біз осы зерттеу жұмыстары мен ғалымдардың ғылыми негіздемелеріне сүйене отырып, түркі тарихи ескерткіштері болған балбалдар мен сынтастарды жасөспірім және жастарға жеткізе білуіміз керек. Сонымен қатар, осы тақырып бойынша оқушыларға сабақтан тыс формаларда немесе сабақ үрдісіне сәйкес ежелгі тарихи ескерткіштерге саяхат жасау арқылы рухани құндылықтарымызды арттырып эстетикалық тәрбие бере аламыз. Ескерткіштерді зерттеу, талдау жасау арқылы болашақ ұрпаққа, жастарға, оқушыларға эстетикалық тәрбие негізінде қоршаған ортаны, әсемдікпен сұлулықты, көркемдікті көре, сезіне білуге, мейлінше оны терең сезінуге үйретеді. Шын мәнінде, көркем шығарманы қадірлеуге, айналадағы жамандықтан, не бір сорақылықтан жиренуге үйретеді. Көркем өнер туындылары адамға ықпал етіп, жақсылыққа жетелейді, оған ұмтылыспен құлшыныс туғызады. Эстетикалық тәрбие жүктелетін осындай күрделі міндеттің бір бұтағы эстетикалық сезіну мен дүниені эстетикалық жолмен қабылдау, оны қалыптастыру болып табылады [6. 18].

Балбалдар мен сынтастар түркі мәдениеті мен өнерінің түп қазығы болып бізге жеткен мирастық мұра. Қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескерткіштерінің жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында алатын негізгі бағытына шолу жасағаннан кейін, әрине, біз осы арқылы студенттердің көркемдік қызығушылықтарын, қабылдауларын, көзқарастарын дамыту барысында көркем-педагогикалық шарттарын анықтағанымыз жөн.

Көркем-педагогикалық және психологиялық шарттар төмендегі міндеттермен байланысты:

- біріншіден, студенттердің көркемдік қызығушылықтарын, қабылдауларын, көзқарастарын дамыту барысында Қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескерткіштері жөнінде жеке өзінің рухани жетілуіндегі ұмтылысты қалыптастыратын ішкі қажеттілікке түрткі болу, ояту және жетілдіру;

- екіншіден, қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескеріткіштері меңгеру барысындағы көркемдік, эстетикалық қабылдаумен байланысты психологиялық-педагогикалық шарттар;

- үшіншіден, студенттердің көркем шығармашылықпен ойлау қабілетін жетілдіру. Ол қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескеріткіштері мұраларына деген өзіндік қатынас орната білумен байланысты;

- төртіншіден, осының бәрі педагогикалық процесті қамтитын біліктілік, іскерлік және дағдыны дамумен ұштасып жатады. Яғни мұның негізінде студенттер игерген білімдерін іс-тәжірибеде асыра білу дағдысы жатыр;

Оқу міндеттері студенттердің білімін кеңейтіп, машықтылығын жетілдіріп, қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескеріткіштерін білуге деген дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Жалпы алғанда қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескеріткіштерін білу мен шығармашылық арасында үлкен айырмашылық бар екендігін өнертанушылар мен өнер сыншылары да айтады. Яғни мұндай жағдайда қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескеріткіштерін танып білу көркем шығармашылыққа жетелейтін жол, құрал-тәсіл ғана болып табылады.

Жалпы жоғары оқу орнында мүсін өнеріне бөлінген сағат саны өте аз. Әрине, дегенмен бұл сабақта студенттер қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі қайнар көзі болған балбалдар мен сынтастар т.б. ежелгі монументті мүсін өнерімен танысады. Ол дегеніміз алғашында кісітас түрлері балбал, сынтас, т.б болса, кейінен олар бүкіл қазақ даласында бой көтерген ежелгі тарихи ескерткіштердің барлық дерлік түрлерімен, тарихымен таныса алатыны қуантады. Жоғарыда баяндалғандай түркі мәдениеті мен өнерінің жауһары болып саналатын балбалдар мен сынтастарды оқу үрдісі мен сабақтастыра отырып, осы негізде жалпы адамзаттық құндылығының ұлттық ежелгі өнер құндылықтарымен тығыз байланысын және де одан туындап қалыптасатын дүниенің модельдік үлгісі: вертикалді үштік; кеңістік; көлбеу төрттік кеңістік, әлеуметтік таным түрлері: тұрмыс-салт; ырым-жоралар; әдет-ғұрып, діни мифологиялық таным: мифтік, діни, фольклорлық болып қарастырылып оған қатысты түркі ежелгі тарихи ескерткіштерінің өзіндік мүмкіндіктеріне ежелгі сәулет өнері, ежелгі мүсін өнері, киіз үй т.б. қарастырды. Студенттердің көркемдік қабылдау, түйсіну, көзқарастарын қалыптастыруда көне тарихи ескерткіштерінің көркемдік мүмкіндігі негізінде көркем теориялық білім беру мен көркемдік тілді меңгеру, көркемдік қабылдау, түйсіну болып табылады. Ал, осы түркі тарихи ескерткіштері өзіндік мәдениеті мен тарихи сырынан бөлек, ғылыми тұрғыда зерттелетін әрі өнердің көркемдік биік шыңы ретінде бәрі бірге біте қабысып жатқанын аңғара аламыз.

Мақаламызды қортындылай айтар болсақ: Қытайдағы ежелгі тарихи ескерткіштер, балбалдар мен сынтастар түркі мәдениетінің көріністерін өз бойларына ғасырлар бойына сақтап келді. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, біз тарихи жәдігерлерімізді салыстырып сараптай, талдау жасап, даму кезеңдері мен, мүсін өнерінің көркем образын ашып көрсету арқылы өскелең ұрпаққа, ізгілік пен ерліктің, дәстүрлі өнердің таңғажайып қиал мен жасампаздығын арқау еткен шеберліктің шынайы іздерін көрсету. Әрі ЖОО–да көркемдік білім беру және мүсін т.б сабақ үрдісіне енгізе отырып, тарихи және көркемдік, дизайндық шешімдері және еркешеліктерін қамтып, мүсіннің образдық бейне-пішімін байланыстыра баяндау, қазақ дәстүрлі өнеріндегі түркі көне ескерткіштердің ішінде мүсін өнерінің негізі болып саналатын осы балбалдар мен сынтастар екендігін білімгерге тарихи, мәдени, өнер саласымен байланыстара отырып, көркемдік білім беру үрдісін қалыптастыру. Сонымен бірге, түркі мәдениетінің жауһары болған балбалдар мен сынтастар арқылы біз қазіргі Қытайдың жер көлеміне еніп жатқан Шығыс Түркістаннан бастап Хан балық (Бейжиң, 北京) дейінгі дала ата-бабаларымыз мирас ретінде тастап кеткен біздің байырғы мекеніміз екендігін, ол жерде көнеден келе жатқан айбынды жауынгерлер (Балбал, сынтас т.б) қорғап тұрғандығы, бұл жердің асты мен үсті, зеңгір көк аспаны да біздікі деп тұрғандығының бұлтартпас айғағы. Сайын даласындағы көшпенді ата-бабаларымыз ежелгі ұлы дала мәдениеті мен өркениетінің асыл мұрасын қалдырды. Балбалдар мен сынтастар түркі мәдениетінен сыр шертіп, тарихи жәдігер, тарихи шындық, көнеден жалғасып келе жатқан өшпес мәдениет. Бүгінде сол балбал тас, сынтас т.б. Сахара мәдениетінің құндылықтары болып, түркі өркениеті мен мәдениетінің қалыптасып дамыған қара шаңырағы, болашақта да мәңгілікке өшпес түркі мәдениетінің жауһары болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Көбенұлы Қуандық (2013), Сырлы сынтастар, Үрімжі. – 146 б.
2. Жүзбаева, Таңшолпан (2017), Балбал тастар құпиясы, Ақжол, №106.
3. <https://baike.baidu.com/item/%E8%8D%89%E5%8E%9F%E7%9F%B3%E4%BA%BA/9159630>
(2017).
4. Тойшанұлы Ақеділ. Сынтастар сыры. / Парасат (1997),.
5. Байахметұлы Жұмабай (2015), Қазақ даласындағы жартас суреттер мен балбалдар, Үрімжі. – 454 б.
6. Жеделов Қ. О. Бастауыш класс оқушыларының бейнелеу өнері сабағында көркемдік қабылдауын қалыптастырудың педагогикалық негізі (1994), Алматы. – 137 б.

«ШАЛҚЫМА» БИ АНСАМБЛІНІҢ РЕПЕРТУАРЫНДАҒЫ ТҮРКІ ЖӘНЕ СЛАВЯН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БИЛЕРІ

өнертану ғылымдарының магистрі **А.Е.КУСАНОВА***

Түйіндеме:

Мақалада, Астана қаласы әкімдігінің Мемлекеттік, академиялық филармониясы жанынан құрылған «Шалқыма» халық би ансамблінің шығармашылығы қарастырылған. Көпұлтты хореография өнерінің жетістіктері әр халықтың би мәдениетінің дамуына байланысты. Халық биі ерекше шығармашылық түрі, сондықтан ол әр халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктерін сақтайды. Дегенмен, ұлттық дәстүрге бай әр түрлі би мәдениетінің байланысы белгілі. Дәстүрлі би өнері әр ұлтпен бірлестікте даму үстінде көрінеді. Ұлттық би өнерінің мақсаты мен мүддесі – басқа ұлт өнеріне кірігіп кету немесе арасындағы ерекшеліктерін өшіру емес, өз бет бейнесін сақтай отырып, саласын арттырып, өзара байыту.

Ансамбль репертуарында көптеген халықтардың билері биленіп, насихаттауда. Шығармашылық ұжымның репертуарын қалыптастыруда Қазақстан балетмейстерлері өз билерін қойып, концерттік бағдарламалар ауқымын кеңейтті. Осы бағытта еңбек еткен ұжым жетекшісі А.Н.Есекеевтің көрегенділік танытқаны белгілі.

Кілт сөздер: би өнері, мәдениет, ынтымақтастық, шығармашылық байланыс, салт-дәстүр, би ансамблі

DANCES OF THE TURKIC AND SLAVIC PEOPLES IN THE REPERTOIRE OF DANCE ENSEMBLE "SHALMAKMA"

Abstract:

The article considers creativity of the folk dancing ensemble "Shalkyma", created at the State Academic Philharmonic of Astana akimat. The achievements of multicultural choreographic art depends on the development of dance culture of every nation. Folk dance is a unique creature, so it preserves unique features of every nation. However, it is known that the diversity of the dance culture is rich in national traditions. Traditional dance art is evolving in cooperation with each nation. The purpose and interest of national dance art is not to break the peculiarities of other nationalities, but to enrich their spheres and preserve their identity.

The repertoire consists of and outreaches dancing performances of various nations. Choreographers of Kazakhstan, which staged performances, participated in the formation and expansion of the repertoire of the creative team. In this regard it should be noted strong and tireless work of the team leader Esekееv A.

Key words: art of dance, culture, concord, creative connection, tradition, dancing ensemble.

Ұлт пен ұлыстың татулығы бүгінде елдегі қоғамдық ынтымақтастықты сақтап отыр. Ұлтына және діни сенімдеріне қарамастан, достық пен сенім, ынтымақтастық пен ауызбіршілік біздің отандастарымыздың барлығына тән. Бұл біздің бірлігіміздің негізі, біздің тұрақтылығымыз бен рухани күшіміздің қайнар көзі, ертеңгі күнге деген сеніміміз. Еліміздің тарихына терең үңіліп, ұлттық дәстүр мен мәдениетті, ана тілімізді сақтау, дамыту және ұлтаралық ынтымақтастық пен сабақтастықты өркендету. Ұлтаралық қатынастың жақсы жолға қойылуы, халықтар достығының нығаюы, біздің Қазақстан сияқты көп ұлттың өкілі тұратын, демократиялық жолмен дамып келе жатқан республика үшін өте қажет. Бір шаңырақ астында ұлт пен ұлыстар достығы белгісінің айғағы ретінде, 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды. Өнер арқылы Қазақстан халқы бір-бірінің салт-дәстүріне, әдет-ғұрыпына, тарихына құрметпен қарауға тәрбиеленеді. Осы орайда ынтымақтастықты қалыптастыру барысында өнердің алатын орны ерекше. Соның ішінде Қазақстанда еңбек етіп жатқан би ұжымдарының да алар орны бар.

Егеменді еліміздің бас қаласы Астанамен бірге өсіп, өнерімен халық мұрасын насихаттап келе жатқан мәдени ұжымдардың бірі «Шалқыма» би ансамблі. Ансамбль қазақ ұлттық би өнерін дамытуда, еліміздің рухани мәдениетін өркендетуде өзіндік үлес қосып келе жатқан, ең жас шығармашылық ұжымдардың бірі. Соған қарамастан ансамбльдің репертуары жылдан-жылға байып, халықты өз өнерімен тамсандырып, ұлттық өнерді жан-жақты дамытуда. Бұл ансамбльдің құрамында

* Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының докторанты

А.Селезнев атындағы хореография училищесінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің және Алматы қаласындағы Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінің түлектері өнер көрсетті. Олар: С.Есекешова, М.Тойбазарова, Л.Менева, Ж.Касенова, С.Ботабекова, Г.Муатафина, С.Абенова ансамбльдің алғашқы бишілері. «Шалқыма» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Ә.Есекеев өзінің сұхбатында: «Ашылғаннан кейін екі айдан соң, Германиядағы Қазақстан елшілігінің шақыруымен сол елдің бес қаласына гастрольдік сапармен барып қайттық. Кейін Ауғанистанның Кандагарында, Мәскеуде болдық. Еліміздің Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Тараз, Шымкент, Қарағанды, Көкшетау, Степногорск қалаларында концерт бердік» - деп әңгімелеп берді. Бірыңғай қыздардан құралған аталмыш би ансамблі 2007 жылы халықаралық «Шабыт» шығармашылық фестиваліне қатысып, «Шара Жиенқұлова» атындағы арнайы сыйлығына ие болды. Өзінің шығармашылық жұмысын сәтті бастаған ансамбль 2009 жылы Президенттік Мәдениет орталығында тұсау кесер рәсімін өткізді. Бұл ашылу салтанатына арналған концертіне ҚР халық артисі, мемлекеттік және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері Б.Ғ.Аюханов, ҚР еңбек сіңірген артисі, өнертану кандидаты, профессор Т.О.Ізім, қазақ биінің дамуына өз үлесін қосқан Ү.Қ.Мақан, «Наз» мемлекеттік би театрының көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қ.Е.Ағымбаева, ҚР мәдениет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.К.Кульбекова, А.Тоқмағамбетов атындағы Қызылорда облыстық филормониясының жанынан ашылған «Томирис» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Г.Е.Мурзабаева мен Оңтүстік Қазақстан облыстық филормониясының «Қазына» би ансамблінің көркемдік жетекшісі З.Б.Ажибекова келіп, концерттің құрметті қонақтары болды. Осы аталған балетмейстерлердің ансамбльдің репертуарына енгізген би қойылымдары да сахна төрінде орындалып, көрерменнің қошеметіне бөленді. Концертте сахнаның сәнін келтірген А.Жаймовтың музыкасын қойылған Т.Ізімнің «Шалқыма» биімен ашылып, Г.Е.Мурзабаеваның Ықыластың күйіне қойылған «Керім-ай» биі М.Тойбазарова мен С.Есекешованың орындауында, С.Еркимбековтың музыкасына З.Райбаевтың «Шолпы» биі, А.Есекеевтің Дәулеткерейдің күйіне «Қос алқа» биі, Т.Ізімнің халық сазы «Дайыдауға» қойылған «Аққу қыздар» билері қазақ би өнерінің сыры мен сымбатын көрсетсе, өзге халықтың ұлттық нақышын суреттеген А.Есекеевтің Д.Ивановтың «Русский хоровод» әуеніне қойылған «Орыс биі», башқұрт халық әуені «Зарифаға» қойылған башқұрт биі, Ж.Касенованың жеке орындауда «Парсы биін», Л.Кимнің «Корей биі» көрермен назарына ұсынылып, Т.Ізтайдың әуеніне қойылған А.Есекеевтің «Шаттық» биімен концерт өз мәресіне жетті. Концерттен соң ҚР халық артисі, мемлекеттік және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері Б.Ғ.Аюханов «Шалқыма би ансамблінің репертуарынан қазіргі мәдени көрініс пен академиялық мәнерлі байланысты көресіз. Мынадай талантымен ансамбль әлі де ғажап дүниелерді тудырады» - деп өзінің тілегін айтты. Сондай-ақ көп ұзамай ансамбль шет елдерде өтетін байқаулармен фестивальдерге қатысып, жүлделерге ие болды. Атап айтқанда: 2009 жылы Башқұрстан елінің Уфа қаласындағы халықаралық «Достық» фестивалінде бас жүлдені, 2010 жылы Астана қаласында жыл сайын өтетін халықаралық шығармашылық «Шабыт» фестивалінде бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар Германия, Ауғанстан, Қытай, Сауд Арабия елдеріне гастрольдік сапармен болып, халықтың ұлттық өнерін шет елдіктерге таныстырып қайтты. Өнер әлемінде енді ғана қадам басқан жас би ансамблінің бүгінгі таңдағы көңіл қуантарлық бұл жетістіктері еңбек етіп жүрген мамандардың біліктілігі мен еңбекқорлығының арқасы. Жаңаша келбетте әлемдік өнер сахналарынан көріне бастаған қазақ биінің кәсіби тұрғыдан дамып, жетіліп, өзге елдердің қызығушылықтарын арттырып, қазақ елінің нақты болмысын танытуына қосар үлесі осы өнер ұжымдардың шығармашылығы арқылы іске асатыны да баршамызға мәлім.

«Шалқыма» би ансамблінің іргетасын қалаған ҚР мәдениет қайраткері А.Н.Есекеев. Бүгінде осы ансамбльдің көркемдік жетекшісі әрі бас балетмейстері. А.Н.Есекеев Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының тумасы. Орынбордағы би училищесін, 2000 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің өнер факультетін бітірген. 1990-1997 жылдар аралығында «Салтанат» би ансамблінің жеке бишісі, 2006-2007 жылдары «Наз» халық би ансамблінің құрамында өнер көрсетеді. 2007 жылы «Шалқыма» би ансамблінің негізін қалады. Ансамбльдің атын Өзбекәлі Жәнібековтің шәкірті, қазақ биінің дамуына зор үлес қосқан Ү.Қ.Мақанмен ансамбльдің көркемдік жетекшісінің ақылдасып «Шалқыма» деп атауының өзі қазақ даласын, салт-дәстүрін сипаттап тұрғандай. Халық өнерін алыс жақын шет елдерде насихатталуына өзіндік үлесін қосып жүрген, талантты биші, қазіргі таңда өзінің тәжірибесі мол кәсіби маман екендігін дәлелдеп келе жатқан іскер басшылардың бірі.

Қазақ биі дегенде бірінші ойға оралар есім Шара. Шара Жиенқұлова ХХ ғасырдың басында өмірге келіп, өзінің бар өмірін осы би өнерінің өсіп-өркендеуіне жұмсаған жан. Ол өз өнері арқылы

халықтың биші қызына, ерке қызына айналды. Шара апамыз 50 жасына дейін сахнада билеген. Шара апамыз тек орындаушы болып қана қойған жоқ, ол өзі билер де қойған. Соның бірі Тәттімбеттің «Былықылдақ» күйіне қойылған биін ансамбльдің жеке бишісі С.Есекешова орындады. 1934 жылы «Қыз Жібек» операсында сахнаға шыққан «Айжан қыз» биі осы жылдар аралығында ұмыт болмай ұрпақтан-ұрпаққа үйретіліп келеді. Осы «Айжан қыз» биі жайлы зерттеуші ғалым Т.О.Ізім мемелкеттік «Алтынай» би ансамблі атты кітабында: «Ш.Жиенқұлованың «Алтынай» би ансамблінде бұл биді екі орындаушыға қойды. «Айжан қыз» биін алғаш сахнаға шығарған қос қыз, бүгінгі күні ҚР еңбек сіңірген артисі Ғазиза Әбдиева мен мәдениет қайраткері Дана Мырзабековалар болатын» деп жазған [1,10бет]. Ал қазіргі таңда бұл биді «Шалқыма» би ансамблінің артистері Сандұғаш Есекешова мен Әсемгүл Нұрғалиеваның орындауында тал бойындағы ерекше әсем қимыл қозғалыстары күймен сәтті үндесіп, орындаушылардың шеберлігін шырдап, 2012 жылы Астана қаласында өткен IV Республикалық Ш.Жиенқұлова атындағы қазақ биі байқауында жеке орындаушылар номинациясы бойынша лауреат атанды.

«Шалқыма» би ансамблі 2015 жылы 15 мамыр күні «Достық поэзиясы» атты концерттік бағдарламасын берді. Бағдарламада ұлттық биімізбен қатар, жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір, мақсат мүддеміз ортақ, бірлігі мықты, достығы берік өзге ұлттардың билері биленді. А.Кульшинаның орындауындағы башқұрт биі «Білезік» - қурай аспабының әуеніне қойылған. Биді қоюшы – Э.Даутова. Сахнаның сол жақ бұрышынан шыққан қыз көрерменді бірден башқұрт еліне алып кеткендей, қыздың көздерін төмен салып жүріп, жасаған қимылдары дененің иіліп майысуы, аса бір шеберлікпен өзіндік қимылдар үйлесімін тапқан әдемі би. Бидің тағы бір ерекшелігі, бұл орындаушының тақаларын соғып, белгілі бірырғақ беріп билегені. Биде иық қимылдары мен саусақ шыртылдату жиі кездеседі. Шаштарын майлап, ортасынан айырып, қос бұрымға күміс әшекейлер, білезік, сырға таққан қыздың әсемдігі мен бидегі қимылдар башқұрт қалқының әшекей бұйымдарын суреттейді. Бұл биде барлық башқұрт халқының қыздарының әсемдігі, ұяндығы, нәзіктігі көрсетіледі.

Орыс халық билерінің ең ежелгі үлгісі – хоровод. Хоровод ең кең таралған және ең көне би болып саналады. Хороводтың ең негізгі суреттемесінің шеңбер болуы – күнді суреттеуі және күннің құдіретті құдайы – Ярилеге бас ию. Адамдар шеңберді бойлай тұрып, ойын ойнап, билеп, ән айтқан. Уақыт өте келе бұл рәсім мәдени-тұрмыстық мәнер алып, жаңа әндерге билеп, халықтың тұрмыстық биі ретінде саналып, мерекелік кештердің сәнін келтірген. Хороводты билеу арқылы халықты достыққа, бірлікке шақырған. Бидің қимылдары музыканың ырғағына байланысты туған. Хороводтың екі түрі бар: ойын және өрнекті. Шалқыма би ансамблінің репертуарындағы би – өрнекті хоровод. Биді ансамбльдің жетекшісі А.Н.Есекеев қойған. Сахнаның оң жақ бұрышында «ұлу» (улитка) тәрізді суреттеме жасап, шыққан қыздар майда қадамдар арқылы жұп-жұбымен екі қатар түзейді, қыздардың әуеннің ырғағына сай қойылған бірдей қол қимылдары орыс халқының тұрмыстық қимылдарынан алынған. Қойылымда орыстың хоровод биіне тән «тақтай» (дошечка), «жылан» (змейка), т.б. суреттемелер кездеседі.

Сақа халқының би өнері өткен өмірімен байланысты. Сібір халықтарының би өнерінде әр түрлі жануарлар мен құстарға еліктеп орындалатын пантомималар айрықша орын алады. Бұл халықтардың билерін салттық билер, имитациялық бейнелеу, еліктеуден пайда болған билер және пантомимикалық билер, ойын түрінде биленетін билер деп бөлуге болады.

Аңға, әсіресе аю мен қасқыр аулауға шығып, сәтті оралғанда аңшылар жаңағы билерін билеп, өздерінің жындарға сыйынып халқының жақсы, тоқ өмірін тілеп, соған тілек қылып, билеген. Мысалы, ансамбль репертуарындағы тағы бір өзіндік ерекшелігі бар би - З.Әжібекованың қойған «Сақа» биі. Би ойнақы жылдам ырғақты әуенге қойылған. Бұл би басты жанына кезек-кезек созумен, иықты көтеріп, түсірумен, денені дірілдетіп, ал қолдарын екі жандарына созып, шынтақтарын бүкпей, құс қанатын қаққандай әр түрлі қимылдар жасайды. Сонымен қатар орындарында айналу, тізелерін бүгіп, аяқтарын сүйрете жүру сияқты жүріс турлері кездеседі.

Әрбір халықтың би өнерінен – ұлттық киімін көріп, музыкасын тыңдап, халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін ұғынуға болады. Ансамбльдің репертуарындағы барлық өзге ұлттардың билері елімізге танымал балетмейстерлердің туындылары. Сондықтан да әрбір балетмейстердің өзіндік қолтаңбасы, біріне-бірі ұқсамайтын ерекшелігі бар.

Тағы бір керемет туынды Л.В.Кимнің «Кәріс» биі. Жалпы кәріс халық биі 3 түрге бөлінеді: Салпури, Пуче-чум, Сам-бук. Ансамбльдің репертуарындағы кәріс биі өте танымал, кең таралған би - Пуче-чум. Бұл биді билеуде желпуіш (веер) қолданылады. Желпуішті қол қимылдарымен үйлестіре отырып, сермеу арқылы табиғатты, тауды, толқынды, құстарды, бейбітшілікті, таңғы тылсым тыныштықты бейнелейді. Орындаушылардың жәй ырғақта жасалынған әсем қимылдары, көрерменге керемет көңіл күй сыйлап, демалдырады.

Таулы аймақта немесе теңіз жағасында тұрақ еткен адамдардың билері кәсіптеріне, тұрмыстық әдеттеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерімен дамыған. Таулы аймақта орналасқан армян халқының билері де – армения мәдениетінің сан алуандығын, армян рухын, жауынгерлікті, өр мінезділікті көрсетеді. Ансамбль репертуарындағы армян биін А.Т.Алишева қойды. Әуен жай ырғақта басталып, кейін жылдам ойналады. Армян қыздарының биінің ерекшелігі – аяқ ұшынан жүріп, әдемілікті, паңдықты, нәзіктікті, сабырлылықты, көрсете білуде. Көйлектерінің етегі қозғалмастан қалқи жүріп, тәкәппар кейіпте денелерін тіп-тік ұстап, қолдарын кезек көтеріп немесе екі жанына сәл көтере бос жібере жүріп, би суреттемелерін көрсетеді.

«Шығыс билерінде қыздар мен жігіттер биіне тән ортақ қалып – дененің тік ұсталуы. Әйелдер билеріне дененің қатты артқа шалқайып, шаштың ұшы жерге тигенше майысу тән. Билердің орындалуы өте күрделі, әсіресе дене, бас, қол қимылдары. Бұл билерді үйрену үшін әрдайым жаттығу, дененің серпімділігін дамытып және бас қимылдары мен «чархи» сияқты айналма қимылдарын меңгеру керек», - деп Қ.Д.Айтқалиева өзінің еңбегінде жазса [2,3бет], Шығыс билерінде қолданылатын заттар (аттрибуттар) туралы «өзбек, тәжік, ұйғыр халық билерінде кездесетін шайтабақ, қасық, қайрақ, кош-таш секілді заттар биге сюжет үшін емес, өзінше ұрмалы аспап ретінде қолданылған», - деп Г.Ю.Саитова өз еңбегінде көрсеткен [3,11бет]. Өзіндік би мектебі қалыптасқан ұйғырлардың халық би өнері стилі жағынан басқа шығыс билеріне ұқсайды, әйтседе өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары да бар. Ұйғыр халқының билері аймақтық ерекшелігіне қарай Хотан, Қашғар, Или, Долан атты төрт топқа бөліп қаратырылған. Қазақстандағы шығыс билерінің зерттеушісі, өнертану кандидаты Г.Саитова «Шалқыма» би ансамбліне «Ұйғыр биін» қойған. Қыздар сахнаның сол жағынан, етектерін ұстап, майда жүріспен, бір сызықты бойлай шығып, қиғаш сызық бойымен алдыға жүріп, қайтадан бір сызықтың бойына келеді. Биді шайтабақты саусаққа киген оймақпен соғу арқылы әуен ырғағынбере жүріп орындайды. Міне, осындай өзге ұлттардың болмысын ашатын, үлкен талғаммен қойылған билер халықты интернационалдық рухта тәрбиелейді.

«Шалқыма» би ансамблінің шығармашылық жолы мен би қойылымдарын зерделеу барысында қазақ би өнерінің тамаша туындыларын және Қазақстан жерін мекендеген өзге ұлттардың билерін тамашалап, достық пен бірлікті көре отырып, ұжым репертуарының өзіндік ерекшелігін, кәсіби деңгейін көреміз. Көпұлтты хореография өнерінің жетістіктері әр халықтың би мәдениетінің дамуына байланысты. Халық биі ерекше шығармашылық түрі, сондықтан ол әр халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктерін сақтайды. Дегенмен, ұлттық дәстүрге бай әр түрлі би мәдениетінің байланысы белгілі. Дәстүрлі би өнері әр ұлтпен бірлестікте даму үстінде көрінеді. Ұлттық би өнерінің мақсаты мен мүддесі – басқа ұлт өнеріне кірігіп кету немесе арасындағы ерекшеліктерін өшіру емес, өз бет бейнесін сақтай отырып, саласын арттырып, өзара байыту. Би өнері – рухани өмірдің үлгісі. Би өнерін – әсем қимылдардың көркемдік бейнелеу құралдары ретінде ала отырып, осы өнер арқылы тұтас бір халықтың өнері мен мәдениетін суреттеп беруге болады.

Қоғамның өзгеруіне байланысты, халықтың өмірі мен дәстүрі де өзгеріп отыратыны белгілі. Міне осыған орай өнердің де өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Оның тақырыптық идеясы, мазмұны да өзгеріске ұшырап отырады. Халық шығармашылығынан нәр алған би өнеріде осылай өсіп-өркендеуде.

Би өнері сөзден тыс, бірінші кезекте бишілік мәнерлі тәсілдерден, тілдік ойдан туған нәтиже. Бейнелі түрмен өрілген би мазмұны, оның мән-мағынасы ешбір тілге аударылмайтын және басқа ешқандай мәнерлі қатынас құралымен алмастырылмайтын ежелден келе жатқан адамның өзін-өзі танытатын өнер. Жер бетіндегі қандай халықта болмасын өзінің өскен ортасы, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі бойынша дамыған өнердің бір саласы осы би өнері. Осы өнер түріне ғасырлар бойы өзек болған халық күйлері екені сөзсіз. Жалпы музыка әр халықтың сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, би сол сезімдерді дене қимылының әсем ырғақтық пластикасымен аша түсетіні мәлім.

Халық биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Халық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, әр халықтың әдебиетімен, музыкасымен, дәстүрлі салтымен біте қайнасып келе жатқан әр ұлттың мұрасы. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретінде би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Халық би өнері ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып ғасырлар бойы дамыған. Халық биі жаңа қиялмен жаңа мазмұнмен дамып отыратындықтан, әрдайым ғылыми зерттеу жұмыстарын қажет етеді.

Халықтың шығармашылық мәдениеті адамның сана-сезімімен бірге адамгершілік болмысын тәрбиелеп іске асырады. Қандай халық болмасын ұлттық мәдениетке мән бермей өзін ұлт ретінде көрсете алмайды. Сондықтан суретші, композитор, балетмейстер өзінің туындысын жазарда халық мәдениетін оқып білуге талпынады. Әр халықтың өзіндік ерекшелігі би өнерінде өз ізін қалдыратыны осыдан болса керек. Би – адамның көңіл күйіне негізделген, музыкалық ырғаққа бағынышты, түрлі қимылдар тізбегімен бейнеленетін өнер. Адам баласына тән әсемдік пен әдемілік, өмірге деген көзқарасы мен көңіл күйі көрініс табады. Тек сол көңіл-күйді білдіретін қимыл-қозғалысты дұрыс тауып, нақтылы қолдана білу қажет. Ырғақ адамның жан дүниесінің көзге көрінбейтін тербелістерін айқын білдіреді. Ал, халық билерінің тууына әр халықтың өзіне тән мінез құлқы, тұрмыс-салты, мәдениеті әсер етеді. Би өнерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, ансамбльдің көркемдік жетекшілерімен сұхбат жүргізіп, бейнематериалдарды саралай отырып, еліміздегі кәсіби хореографиялық ансамбльдердің тек қана қазақ би өнерін дамытып қана қоймай, әлем би мәдениетіне өзіндік үлесін қосып отырғанын көреміз. Сонымен қатар ансамбльдердің әрбір концерттік бағдарламалары елімізде өмір сүретін ұлттардың өзара байланысын арттыруда, бейбітшілікті сақтауда, ынтымақтастықты дамытуда алатын орны ерекше.

Би өнері сонау ықылым заманнан атадан-балаға жалғасын тауып келе жатқан өнер түрі. Ұлттық би өнеріміздің даму тарихы салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілік пен даму кездегі өзгерістерге байланысты дамып отырған. Би өнерін сөзбен суреттеу мүмкін емес. Ол, адамның ішкі дүниесі мен ой түйсігінен үйлесім тапқан ерекше сезім. Бір қарағанда ол бар болғаны түрлі іс-қимылдардың үйлесім таба білген қосындысы болуы мүмкін. Әлбетте, түсінген жанға эстетикалық сұлулықты жиған өнер туындысы екенін түсіну қиын емес.

Ұлттар мен ұлыстардың өзіндік талғамы, өзін-өзі таныту, көрсету жолдары бір-біріне ұқсамайды. Халықтар арасындағы ерекшеліктер біздің рухани мәдениетіміздің байытуға жол ашады. Әлемде өмір сүріп жатқан алуан түрлі ұлттардың салт-дәстүріне, тарихына, тіліне, дініне, өнеріне деген құрмет сақталмаса, халықтар арасында достық өзіндік күшін жояды. Сондықтанда ұлттар бір-біріне деген түсіністікпен қарап, әр халықтың өзіндік құндылығына құрметпен қарауы қажет. Ешқандай мемлекет әлемнен тыс өмір сүре алмасы айқын. Барлық мемлекеттер бір-біріне тәуелді, бір-бірімен ынтымақтастықта өмір сүру, ортақ қиындықтарға төтеп беруге жол ашады. Әрбір ұлт – әлемнің маңызды бір бөлшегі. Халық бір-бірімен татулықта өмір сүре отырып, ортақ қоғамымыздың өркендеп өсуіне өз үлестерін қосады. Міне, осы орайда халықтардың асыл мұрасы өнердің алатын орны ерекше. Халықтар өз өнері арқылы әлемдік мәдениетті бағындырады. Өзінің дәстүрін, салтын, мәдениетін, тарихын, өнерін біліп, өркендетіп отырған ел ғана өзге ұлттардың мәдениетіне құрметпен қарай алады. Рухани құндылықтарын сақтап, дамыта алған ұлттар ғана қалыпты өмір сүре алады. Сондықтан да әрбір мемлекеттің бүкіл саясаты ұлттық құндылықтарға, халықтың асқақ армандарына негізделген. Би – өнеріміздің бөлінбес бір бөлшегі, өміріміздің көркем өрнегі, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен рухани мәдениетінен толық хабар беретін ұлы өнердің бірі әрі бірегейі. Ұлттық бидей қазынаның ортаймауына, сонымен қатар Қазақстанды мекен еткен ұлт пен ұлыстардың өнеріне, салт-дәстүріне құрметпен қарап, ортақ мәдениеттің байи түсуіне өзіндік үлестерін қосатын жаңа буын бишілеріміз баршылық. Олардың көнеден келе жатқан халық жәдігерін көздің қарашығындай сақтай отырып, жаңаша бағытта, заман талабына сай әрі ұлттық мазмұнын жоғалтпай дамытуға сол мамандардың, өнер жанашырларының ықпал етері сөзсіз. Ансамбльдердің өзге ұлт билерін саралай келе, еліміздің би өнерін өркендетуде, мүмкіндігі мен өрісі өте зор екендігіне көз жеткіздік. Әрбір ұлттың өмірін би тілімен баяндап, мың бұралған әсем қимылдармен көрерменге жеткізген балетмейстерлердің ұлтаралық шығармашылық байланысты дамытуда атқарған еңбектері жеміссіз емес. Би ансамблінің болмысы, оның шығармашылық жұмысы балетмейстер өнерінің деңгейіне тікелей байланысты екені белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ізім Т. Мемлекеттік Алтынай би ансамблі. - Алматы: «Өнер», 2010ж.
2. Айтқалиева Қ. Танцы народов Средней Азии. – Уральск 2002 г.
3. Саитова Г. Теория и методика преподавания восточного танца.– Алматы: «Goodprint», 2013

Г.

TÜRK KÜLTÜRÜNDE DOĞU VE NİĞDE'DE İKİ CAMİ

Doç. Dr. **Mehmet EKİZ***

Özet:

Dini eserlerin inşası sırasında, yer seçimi yapılırken ve planlamada, konumlandırmada öne çıkan unsur din ile toplum için kutsal olanla o eser arasında kurulan bağıdır. Toplumsal kültür içinde de bu bağın bir ağırlık noktası vardır çünkü kültür; din ve onu besleyen kutsal algısının etkisine maruzdur.

Mabetler kendilerini meydana getiren toplumların birbiriyle ve yakın çevresiyle olan ilişkilerinin, doğa ve doğaüstü unsurlarla olan münasebetlerinin ve onu algılamalarının da birer ürünüdürler. Ayrıca söz konusu yapılar bireyler arası sosyal etkileşimin ve iletişimin yoğunlaştığı mekânlar olmasının yanı sıra mensubu oldukları kültür ve medeniyetin tezahür ettiği ve bünyesinde o toplumun kültürel mirasının bir nesilden bir diğerine iletildiği yapılar olma özelliğini de gösterebilirler. Bu açıdan bakıldığında her eser kendine özgü bir yöne sahiptir ancak mabetlerde bu daha belirgin bir biçimde öne çıkabilir ve bu durum yapının kimliğini oluşturmada etkin bir rol üstlenebilir. Toplumun mensup olduğu kültür ile yapının kazandığı ve ortaya koyduğu kimlik arasında sıkı bir ilişkinin olduğu söylenebilir. Ayrıca mabetler zaman zaman inananları için geçmişten bazı izler de taşır ve inancın zaman ile mekânın ötesine geçen bir boyutunu da ifade edebilir. Niğde İlinde yer alan Niğde Alaeddin ve Sungur Ağa Camilerinde bu duruma birer örnek teşkil ettiğini düşünmekteyiz

Anahtar Kelimeler: Niğde Alaeddin Camii Sungur Ağa Cami Doğu Türk Kültürü

EAST IN TURKISH CULTURE AND TWO MOSQUES IN NİĞDE

Abstract:

During the construction of religious works, when choosing the place and in planning, the prominent element that stands out in positioning is the link between sacred one with that work for religion and society. In social culture, this link has a point of weight, because culture is subject to influence of religion and sacred perception that feeds it. Temples are also result of the relations of societies that created themselves with one another and with its immediate surroundings, their relationship with nature and supernatural elements and their perceptions of it. Also, these structures may show the social interaction between individuals and places where communication is concentrated, as well as the culture and civilization they belong to and the structure in which the cultural heritage of that community is transmitted from one generation to another. From this point of view each work has its own specific direction, but this can be more pronounced in the temples and this can play an active role in creating identity of building. It can be said that there is close relation between culture and identity of building. In addition, temples carries some traces of the past for believers from time to time and it can also express dimension of belief that goes beyond time with space. We believe that mosques of Sungur Aga and NigdeAlaaddin in Nigde province are examples of this situation.

Keywords: *NigdeAlaeddin Mosque, Sungur Aga Mosque, East, Turkish Culture*

GİRİŞ

Bir bina malzeme ve teknik bakımdan ele alınarak incelemenin yanı sıra tarihi, dini, kültürel, sosyal, yönleriyle de ele alınabilir.

Dini eserlerin inşası söz konusu olduğu zaman, yer seçimi yapılırken ve planlamada, konumlandırmada öne çıkan unsurların başında mensup olunan din ile toplum için kutsal kabul edilenler ile eser arasında kurulan bağ gelir. Toplumsal kültür içinde de bu bağın bir ağırlık noktası vardır çünkü kültür; din ve onu besleyen kutsal algısının etkisine maruzdur.

Restoranın qapısına yaxınlaşarkən toy şənliyinin sədaları arasında altı səkkizlik ölçüsündəki şux mahnı-rəqsləri təəccübümə səbəb oldu. Çünki qazaxlarda və Orta Asiyanın digər köçəri xalqlarında ümumiyyətlə rəqs sənətinin olmaması yaxşı məlumdur. Bir ara toyun digər millətlər tərəfindən (özbək, uyuğur və ya türklər) keçirilməsi də ağılımdan keçdi.

Qərib bir yerdə tanımadığım adamların məclisinə dəvətsiz-filansız daxil olmaqdan çəkindim. Otelin işçiləri isə xidməti vəzifələri ilə məşğul olduqları üçün mənə cavab verməkdən boyun qaçırdılar. Buna baxmayaraq, şux oynaq mahnının qazax dilində oxuduğunu öyrənə bildim. Deməli, cənub hissəsi üçün səciyyəvi olan yeni rəqs üslubu xalqın müasir mədəniyyətində özünə yer almışdı.

Yeri gəlmişkən bir gün Saida xanım öz sinfinə Koroğlu janrlarının gözəl ifaçısı Gülnar Baybosınovanı dəvət etmişdi. Onun vətəni Qızılorda və ya Sır eli (Sır Dərya çayının hövzəsində yerləşdiyi üçün belə adlanır) Korkit Ata küyləri ilə tanındığı kimi, Koroğlu epik janrlarının da yayıldığı region hesab olunur. Maraqlıdır ki, Qazaxlarda Koroğlu havaları həm kişilər, həm də qadınlar tərəfindən ifa olunur və rəğbətlə qarşılanır.

Sonra diqqətimi yenə də ritmik xüsusiyyətlərə yetirdim. Jırların bölmələrində müəyyən bir ölçünü tutmaq çox çətin idi. Xanələr və ya formullar elə tez-tez dəyişirdi ki, sırası musiqiçilər onları yazıya almağı

imkansız hesab edirdilər (yəqin ki, təcübəli musiqiçilər həmin sirləri açmış və mürəkkəb ritm axıcılığını notlaşdırmaq metodikasını işləyib hazırlamışlar).

Bu anda mənim yadıma bəzi aşiq havalarının eynilə giriş bölməsinə məxsus ölçü dəyişkənliyi düşdü. Bu cəhətlər-Azərbaycan və Qazax epik havalarının bənzərliyi bəlkə də həmin müqəddimə hissəsinin ritmik quruluşu ilə bağlı imiş. Bir mədəniyyətin ritm qanunları aşkar edilsə, digərinə də şamil oluna biləcəkdə. Bu məsələ Qazax və Azərbaycan musiqiçilərinin səylərini eyni bir məcraya yönəldə bilər.

Mənə elə gəlir ki, ritmik prosessualıq müxtəlif quruluşu ritmik fiqurların sərbəst qaydada düzülməsindən ibarətdir. Fərziyyəm hələ sonuna qədər isbat olunmamışdır. Hər halda həmin qanunlar orjinala yaxın olan quruluşları meydana gətirir. Hər iki tərəfin mütəxəssislərini bu xüsusiyyətə cəlb edə bilsəydim, fərziyyəni sınamaq olardı.

Kiçik bir haşiyə. Axarınıc olsun, axarınıc olmasın. 2016-cı ildə Çin Xalq Respublikasının Urumçi şəhərində keçirilmiş Beynəlxalq Elmi Festivalda uyğur musiqiçiləri ilə görüşlər də nəticəsiz qalmadı. Uyğur musiqisində də bütün Türk xalqları üçün səciyyəvi olan axsaq ritmik üsullar (ölçülər) mövcuddur. Anadolu musiqisində olduğu kimi, musiqi risalələrinin təsiri və rəşional yanaşmaların tətbiqi sayəsində bu mədəniyyət daxilində də axsaq ölçülər zənginliyi və nisbətən mürəkkəbliyi ilə seçilirlər. Bundan başqa 12 uyğur mukamının *Dastan* və *Məşrəp* hissələrinin aşiq və sufi musiqisi ilə səsleşməsi də diqqəti çəkir. Musiqi tarixi mövqeyindən isə uyğur musiqisində Nağara-xana hərbi musiqi ansambllarının olması İran və Azərbaycanın musiqi ənənələrini xatırladır.

Yekun. Təəssüratlarım, düşüncələrim və yozumlarım dəryada bir damla qədər az olsa da, musiqi türkologiyası araşdırmaları aparmaq və hətta gələcəkdə yüksək inkişafly linqvistik türkologiya səviyyəsinə doğru irəliləmək üçün bir başlanğıc rolunu oynaya bilər. Bu ideyanı qəbul etməyənlərə və ya qəbul etmək istəməyənlərə ittifaqın dağılmasından sonra da rast gəlmək olur. Onlar “Dil münasibətləri ilə musiqi münasibətlərini eyniləşdirmək olmaz” şüarını rəhbər tuturlar.

Lakin xalqlarımızın musiqisi arasındakı danılmaz paralellərə və onları meydana gətirmiş tarixi-mədəni səbəblərə göz yummaq da olmaz. Buna görə də daha vacib məsələ musiqi türkologiyası elminə nüfuz qazandırmaqdan ibarətdir. Elə həmin Qərb dünyasında meydana gəlib çiçəklənmə dövrünü yaşayan etnomusiqişünaslıq (etnomüzikologiya) bütün dünya xalqlarının musiqisindən də vaz keçməyəcək və bu zəngin mirasa bəşər mədəniyyətinin bir parçası kimi qəbul edəcəkdir.

ƏDƏBİYYAT:

1. Berdibay R. "Dede Korkut Kitabı" jəne kazak eposı. // Korkıt Ata Kitabı. Alqı söz. Almatı, "Foliant" baspası, 2008, ss. 5-10.
2. V. Milletlerarası Türk Halk Kültürü Kongresi Bildirileri. Halk müziği, Oyun, Tiyatro, Eğlence seksion bildirileri. Ankara, 1997.
3. Öztuna, Yılmaz. Türk musikisi. Teknik ve Tarih. İstanbul, 1997.
4. Музыка тюркских народов. (Материалы научно-практического симпозиума -1994). - Алматы, 2009.

КАЗАХСТАН ТАТАРЛАРЫНЫҢ ХӘЗЕРГЕ ЖЫРЛАР ҺӘМ КӨЙЛӘР ТӨРЛӘРЕ

Өнертану кандидаты Р.Н.ВӘЛИУЛЛИНА*

Түйіндеме:

Мәкәлә Қазақстан татарлары музыка сәнгате һәм халық жырлар төрләрәнә бағышланған. Мәкәлә авторы – музыка фольклорчы, этномузыка белгече, Қазақстанда яшәгән татарларының халық көйләре, жырлары, такмақлары «Иң яратқан көйләрем...» дип аталған жьентығын чыгарылған. Татар жырлары әле XX ғасырның 30-шы елларында ук танылған музыкант-этнограф А.В. Затаевичның игътибарын жәлеп иттеләр. Күренекле композитор Латыйф Хәмиди дә Қазақстандағы татар музыкасы буенча тикшеренү үткәргән иде. «Қазақстан татарларның халық музыкасы» дигән мәкәләсендә Л.А.Хәмиди Қазақстан шәһәрләрәндә татар музыка коллективларының ижади эшләрән тасвирланған, киң таралған жырларның башқару вариантларын тикшергән. Хәзерге вақытларда Қазақстан татарларының яңа буыны яңа жырлар чығара. Алар арасында бар қазақ иленә һәм Қазақстан шәһәрләрәнә бағышланған әсәрләр.

Тірек сөздер: этномузыка, Қазақстан татарлары, халық жыры, фольклор

THE GENRE VARIETIES OF SONGS AND TUNES OF KAZAKHSTAN TATARS

Abstract:

The article is devoted to musical creativity and folk songs of the Kazakhstan Tatars. The author of the article is a music folklorist, ethnomusicologist, author of a collection of Tatar folk tunes, songs, verses, named «My most favorite songs». Tatar songs in the 30s of the XX century attracted the attention of the famous musician-ethnographer A. Zataevich. Tatar music was studied and the famous composer Latif Hamidi. Hamidi's article on the creativity of the Kazakhstan Tatars cites contains facts creative activity of the Tatar musical collectives in the cities of Kazakhstan, analyzes the variants of performing well-known songs. At present, a new generation of Kazakh Tatars creates new songs. Among them there are works devoted to native Kazakhstan land and Kazakhstan cities.

Key words: ethnomusicology, Kazakhstan Tatars, Tatar folk tunes, music 553olklore.

Қазақстанда борынғыдан күп төрле милләтләр яши. Қазақ иле күпләргә ватан булды. Без барыбыз да омтылабыз туган жирнең бәхетенә һәм байлықка. Яңа «Рухани жаңғыру» дәүләт стратегиясы халық һыялларына туры килә.

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туган жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым – әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегiнiң түбiнде әлдилеп өтпейтiн жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениетi мен салт-дәстүрлерiне айрықша iңкәрлiкпен атсалысу – шынайы патриотизмнiң маңызды көрiнiстерiнiң бiрi. Бұл кез келген халықты әншейiн бiрiге салған қауым емес, шын мәнiндегi ұлт ететiн мәдени- генетикалық кодының негiзi», - язған Қазақстан президентi Нурсултан Әбiшулы Назарбаев үзенең мәкәләсендә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1].

Қазақстан татарларның музыка ижаты – республикабызның тарихы һәм мәдәниятенә аерып алғысыз өлеше. Татар жырлары әле XX ғасырның 30-шы елларында ук танылған музыкант-этнограф Александр Викторович Затаевичның игътибарын жәлеп иттеләр. Қазақ фольклорын жыеп йөргән вақытта ул Қазақстанда яшәүче төрле халықларның көйләрән язып барған. А.В.Затаевич татар жырларын төрле милләт вәкилләрәнәң, шул исәптән татар, қазақ, башқортларның башқаруы буенча язып алған. 1933 елны Мәскәүдә «Қазақстан татарларының 50 жыры» дигән китабы басылып чықты. [2,3] Китапның эчендә хәзерге заманда да халық мәхәббәтенә ия булған «Алсу», «Галиябану»,

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ramziav@mail.ru

«Салкын чишмә», «Баламишкин» һ.б. халық жырлары бар. Китапның кереш сүзендә автор болай язган: «Башкаручылар төркемендә бик матру тавышлары һәм туган жыр әдәбиятеннән хәбәрдар кешеләр аз түгел булып чыкты. Алар үзләренәң көйләреняздыру өчен сизерлек мәхәббәт белән жырлапбиргәннәр иде. Күбесенчә пентатоникага нигезләнеп язылган көйләр башкаручыдан нефислекне, зур осталыкны таләп итәләр.

А.В.Затаевич



Күренекле композитор Латыф Хәмиди дә Қазақстандағы татар музыкасы буенча тикшеренү үткәргән иде. «Қазақстан татарларның халық музыкасы» дигән мәкәләсендә Л.А. Хәмиди Қазақстан шәһәрләрендә татар музыка коллективларының ижади эшләрен тасвирланган, киң таралган жырларның башқару вариантларын тикшергән. Композитор шактый күп татар жырларын жыйган иде, ләкин, қызғанычка қаршы, шул материаллар басылып чыкмый қалғаннар. Юғарыда әйтелгән мәкәләгә Л.А.Хәмиди жыйган көйләренәң икесе генә («Алматы» һәм

Л.А.Хамиди



«Әминә») кергән.[4, 54]

Қызғанычка қаршы, А.В.Затаевич һәм Л.А.Хәмиди жыйган қыйммәтле материаллар тулы түгел, мәсәлән, жырларның текстлары китерелмәгән. Бу, әлбәттә, татар музыка мәдәнияте дигән чиксез зур күренешнең кечкенә өлеше генә. Шулай бқлса да, милли мәдәниәт традицияләрен, халық жырларын бәялибелүчеләр табылып, татар жыры музыкаль агымнары бик күп булган безнең заманда да күп миллиәтле Қазақстан мәдәниәтенәң бер әһәмиятле өлеше булып қалыр дигән өмет күңелне жылытып, алқынландырып тора.

Фольклорчылардан «туған туфрағыннан өзеп башқа жиргә утыртылған яшәүгә сәләте булмый, халық ижаты, сәнгәте, горәфәгадәтләре тик шул халықның борынөборыннан гомер иткән жирдә генә алға бара алалар, башқа илләргә күчкән халықның ижаты сүреләп, сүнеп қалырға мәжбүр», - дигән фикерне еш қына ишәтергә туры қилә. Қазақ илендә тамыр жәйгән қардәшләребез милли мәдәниәтнең матурлығын һәм үзенчәлеген сақлау белән генә чикләнеп қалмастан, үзләре дә татар музыкасының традицияләрен алға сөрәп, баетып қиләләр. Фәнни тикшеренүләр нәтижәсендә Қазақстан татарларының музыка мәдәнияте һәм ижатының бик зур байлықтары ачылды. Халық жырчылары жыр классикасының борыңғы үрнәкләрен буыннан буынға күчәрәп, күз қарасы кебек сақлап қиләләр. Көйне орнаментлау, интонация яғыннан бизәкләу, ижекләренә төрләндрәп көйләу – татар халық жырларын башқару һөнәренәң аерылғысыз үзенчәлекләре. Төрләндрәп көйләр алымы бигрәк тә борыңғы озынкөйләренә башқарғанда қирәкле һәм урынлы. Қазақстан татарларының яратқан жырлары арасында зур ихтирамға ия булған озын көйләр аз түгел. «Зиләйлүк», «Қара урман», «Салкын чишмә», «Уел» кебек озын көйләр орнаментациянәң төрле дәрәжәләре белән башқарылалар.

Халық арасында киң таралған қайбер көйләренәң үзенчә язылғаны музыка һәм жыр белгечләрен гажәпкә қалдырмасын, чөнки жыр башқару формаларының күптөрлеләге - қазақстан татарларының музыка ижатына хас һәм аның тартып алғысыз хасияте. Күп миллиәтле дәулеттә яшәгән халықның һәрқайсысы да илдәш халықларның горәф-гадәтләрен, ижади алымнарын үзләштерәп қилә, һәм бу табиғый дә. Татар жырчыларының күбесе қазақ телен, қазақ вокалының традицияләрен бик яхшы беләләр, аларның репертуарларында қазақ жырлары аз түгел. Бу жырчылар татар жырларын башқарғанда да қайвақыт қазақ, рус музыкасына хас элементларны қулланалар.

Қазақстанда яшәүче халықларның хәтерендә сақланвп қалған татар фольклорының иң борыңғы төре – бәетләр: билгеле бер көйгә салып жырлана торған риваятьляр, хикәяләр, тарихы вакыйғалар турындағы истәлекләр. Борынғыдан күчәп қилгән бәетләренәң қайберләре бүген дә тыңлаушыларның мәхәббәтенә ия булып, төрлечә башқарылып қиләләр. Шуларның иң элек телгә алынырға тиешлеләре: ана қарғышы төшеп сихри қошларға әйләнгән ике бала турындағы «Сак-Сок» бәете, [5, 26] «Суга батқан Гайшә», «Янып үлгән ике егет» бәетләре.

Сак-Сок бәете

Мәд - рә - сә - ләр - дә _____ ки - тап__ киш - тә - се.

Сак бе - лән__ Сок - ның__ бә - е - тен__ иш - тә - се.

Бәетлەرғә яқын, ләкин әчтәлеге дингә бәйле булганга аерылып торған үзенчәлекле жанр – мөнәжәтләр. «Мөнәжәт» сүзе гарәп теленнән чыккан, мәгънәсе – «Аллага ялвару», «Алла белән сөйләшу». Сәнгать күзлегеннән караганда, мөнәжәт – шигъри нәфислек белән бизәлгән көй-монолог формасындагы дини тезмә әсәр.

Қазақстанда таралған татар көйләренең бик еш очрый торған төре – салмак көй. «Сарман», «Арча», «Минзәлә» кебек арасында үзебезнең сәләтле музыкантлар һәм жырчыларыбыз ижат иткәннәре аз түгел. Бу көйләр стилистика яғыннан типик халық көйләренә яқын булсалар, ижади үләштерүләр аркасында традицион татар музыка теленнән аерылып торалар («Чугачак көе», «Сагыш жыры», «Яңа тәфтиләу»).

Салмак көйләр белән бергә қысқа көйләр дә (такмак, бию көйләре, кунақлар белән дусларның хөрмәтенә жырлана торған жырлар, диалог-көйләр, теләк көйләре, шаян куплетлар) Қазақстан татарлары арасында қиң таралған. Қысқа көй жанрында башқарушыларның поэтик һәм музыкаль ижаты ачық күренеп тора. Бер үк жыр төрле жырчыларның башқаруында төрлечә яңгырый. Бер жырчы аны салмак қына, көен орнаментика белән бизәкләп башқарса, икенчәсе шул ук жырны тиз, қызу дәрт белән жырлай. Һәркемгә таныш жырларның текстлары да күптөрле булып қилә («Баламишкин көе», «Ғалиябану», «Қаз қанаты» һ.б.).

Қаз қанаты қаләм бу - ла__ я - зу__ бел - гән__ ке - ше - гә.

Ни - ләр ки - леп__ ни - ләр қит - ми__ дөнь - я__ көт - қән__ ке - ше - гә.

Әйтергә қирәк: атаклы Қазақстан композитор Ғазиза Жубанова үзенә фортепиано белән симфоник оркестр өчен язылған концертының өченчә өлешендә «Қаз қанаты» көен қуллана.

Мелодика яғыннан тәкъдим ителгән барлық жырларны өч төркемгә бүләрғә була. Шушы бүлү Земфира Сәйдәшеваның хәзерге заман татар жырларын фәнни яқтан тикшереп тәкъдим иткән классификациясенә туры қилә: «Беренчә төркемгә татар халқының лирик жыр традицияләрен теге яки бу дәрежәдә дәвам итүче жырлар керә. Көйләре белән алар нигездә халықның «авыл көйләре», «салмак көйләр», «қысқа көйләр» дип аталған музыкаль жанрларына яқын торалар».[6, 246]

Хәзерге вақытларда Қазақстан татарларының яңа буыны яңа жырлар чығара. Алар арасында бар қазақ иленә һәм Қазақстан шәһәрләренә бағышланған әсәрләр. Мәселән, Алматыда яши торған күп яңа жырлыр авторы Шәмил Саһаутдинов. Оның көйләре татар халық традициясында язылған. Болай дип тә әйтергә ярыйдыр: беренчә төркем жырлары – традицион («қиста») пентатоникада ижат ителгән жырлар; икенчә төркемне пентатоникаға нигезләнәп, ләкин шулай ук партитураға хроматика элементларын һәм альтерациянең очрақлы билгеләрен кертәп язылған жырлар тәшқил итәләр; өченчә төркем – пентатоника булмаған жырлар. Арасында бар матур жыр, Алматы шәһәренә бағышланған.

Ш.Саһаутдинов «Алматы турында жыр»

Allegretto ♩ = 150

Як-ты йол-дыз-лар же - мел - ди Ал-ма-ты-ның кү - ген - дә.
 Мәң-ге-лек-кә сак-ла - ныр - сың йө-рә-гем-нең тү-рен - дә. Сан-ду-гач-ла-рың да
 си - нең моң-лы и-теп сай рый - лар. Кү-бә-лэк-ләр, ка-нат ка - гып,
Кушымта:
 ма-тур гөл-ләр сай-луй- лар. Бик са-гын-дым Ал-ма-тым-ның ка - ен - на-рын,
 тал - ла - рын, бик са-гын-дым Ал - ма-тым-ның сыз-лып ат - кан таң - на - рын.
 Са-гын-дым га - зиз ән-кәй- не, бик са-гын-дым сең-лем- не! Са-гын-дым бар
 ту-ган-нар ны, са-гын-дым дус - ла-рым- ны! Эх, са-гын-дым Ал-ма-тым- ны!

Алматы татарларының арасында бар зур белемле ғалимнәр, жәмәгать эшлеклеләре. Аларның берсе – педагогика фәннәре докторы, Қазақстан татарлар-башқортлар Ассоциациянең президенте Гриф Тимурзагитович Хайруллин. Аның қаләм астыннан чықты күп фәнни хезмәтләр: «Татарлар тарихы», «Қазақстандағы татарлар» энциклопедиясы һ.б. Гриф Хайруллин үзе жырлар да ижат итә. Башқортстанда туып, ул бик яхшы белә милләт көйләренең стилистик үзенчәлекләрен. Аның көйләре нәфислек, әчкерсеңлек, милләтле орнаментикалык булып чағыла.

Г.Хайруллин. «Борылып қарарға онытма»

Andante

Ту-ган як - ны таш-лап, кит кән-дә юл баш-лап, а-шы-гып, ат лар-ны
 а - рыт - ма. Са-гы-ныр - сың ә - ле, сау-бул лаш - кан мөл- не
 бо-ры-лып ка- рар-га о - ныт - ма. Са-гы-ныр - сың ә - ле,
 сау-бул- лаш-кан мөл-не бо-ры-лып ка-рар-га о - ныт - ма.

«Халық жырларының шулай жәуһәр вә якутларған да қыйммәтле бернәрсә булғаны өчен дә, аларға әһәмият бирергә кирәк. Аларны югалтмаска ижтиһат итәргә кирәк. Беләргә кирәк ки, халық жырлары – халқыбыз күңеленең һич тә туйықмас вә күгәрмәс саф вә рәушан көзгеседер. Бу –

бертөрле сихерле көзгедер. Чөнки халыкның бер генә жыруын тотып нечкәләсәң, шөбһәсез, аның халәте рухиясен, нәрсә уйлаганың вә ни хакыеда нинди фикердә икәнен белеп буладыр», - язган татар әдәбияты классигы Габдулла Тукай [7]. Шул сүзләр дәрәс уй-фикерләргә һәм фәнни эшләргә чакыра.

ӘДӘБИЯТ:

1. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». // Қазақстан республикасының президентінің ресми сайты. http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. Затаевич А.В. Песни разных народов. – Алма-Ата: Жазушы, 1971.
3. Затаевич А.В. Песни казахстанских татар.- Москва, 1932.
4. Хамиди Л.А. Народная музыка казахстанских татар//Народная музыка в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1967.
5. Вәлиуллина Р.Н. Иң яраткан көйләрем.- Алматы: Дайк-Пресс, 1994.
6. Сәйдәшева З.Н. Хәзерге заман татар жырлары. – Казан: Казан дәүләт консерваториясе, 1997.
7. Габдулла Тукай. Әсәрләр. – Казан: Тат.кит.нәшр., 1986. 76 б.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Оқытушы А.БАЙДАРОВА*

Түйіндеме:

Кітапхана ісінде ақпараттық технологияларды қолдану – замана талабы. Бүгінгі орталықтардырылған кітап базаларының жұмысын онсыз елестету мүмкін емес. Мақалада қазіргі таңдағы білім беру үдерісіндегі кітапханалық-ақпараттық технологиялар мен заманауи электронды технологиялардың түрлері, мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен бірге заманауи электронды технологиялардың маңызы мен ерекшелігі айтылып, сарапталады.

Тірек Сөздер: *ақпараттық технологиялар, электронды кітапхана, кітапханалық технологиялар, Web-РАБИС*

THE ROLE OF LIBRARY AND INFORMATION TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract:

Use in library work information technologies - the requirement of time. For segodneyashny day it is impossible to imagine work of the centralized libraries without similar technologies. The article highlights the importance and particularity of library-information technologies and modern electronic technologies in today's educational process.

Key words: *information technology, electronic library, library technology, Web-RABIS*

XXI ғасырдағы ақпараттық-технологиялық түбегейлі өзгерістер білім мекемелері мен әрбір тұлғаға деген талапты арттыра түседі. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еңбек нарқының қажеттілігін қанағаттандыратын жоғары білім деңгейіне жету жолдары мен мамандардың ақпараттық танымын арттырып, технологияны жетілдіретін елдің өркендеуінің индустриялық-инновациялық міндеттері белгіленген. «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында мамандардың ақпараттық танымының басты өркендеу жолдары анықталып, Қазақстанның заманауи білім үлгісі дүние жүзілік стандартқа сай жүйе екені көрсетілген.

Ғылым мен білімнің бұлағы кітап атаулының шоғырланған мекемесі кітапхана-адамзат баласының рухани тыныс-тіршілігінің айнасы ретінде танылып, жаңа дәуірде жаңаша дәстүрмен, жаңаша келбетімен танылып, бүгінгі қоғамға өзінің қажеттілігін мойындатып отыр.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туып отыр. Кітапханалар сол оқу орындарындағы білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Осы заманғы ақпарат құралдары дамыған, жаңа технологиялар заманында да кітап адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын рухани азығы болып қала бермек.

Жаңа ғасыр, яғни XXI ғасыр – ақпарат және жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан кез-келген оқырман, кез-келген тұлға жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, кең көлемде ақпаратты тұтынуға құқылы. Ақпараттық қоғамдағы жаңа технологиялар кітапхана саласын дамытатын бірден-бір жол болып отыр. Қоғамға жаңа технологиялар ене бастауы кітапхана саласының одан әрі дамып, жетілуіне зор үлесін тигізетіні сөзсіз. Кітапханада ақпараттық білім беру шаралары оқырмандардың қажеттілігінен туындаған көптеген күрделі тақырыптарға қол жеткізуге маңызды рөл атқарады.

Кітапханаларда ақпараттық білім беру жұмыстары автоматтандырылған жаңа технологияларды енгізу, оқырмандарға көрсетілетін қызмет аясын кеңейтіп, оның сапасын жақсартуға кітапханалық ресурстарды пайдалану, сондай-ақ техникалық үрдістерді жетілдіріп, оларды басқаруға мол мүмкіндіктер береді.

Ақпараттық мәдениет – адамзаттың ақпараттық кеңістікпен бірігуі, оған еркін қолжетімділігі және игеруі үшін құрылған баршаға ортақ ережелердің, талаптардың, заңдылықтардың, қағидалардың жүйеленген жиынтығы.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті lady_bai@mail.ru

Ақпараттың таратылу деңгейі:

а) ақпараттық ресурстар және ақпараттық коммуникация құралдарын тиімді пайдалану;

ә) алдыңғы қатарлы ақпараттандыру құралдары мен ақпараттық технологиялар жетістіктерін пайдалану.

Ақпараттық мәдениет кітапханалық-библиографиялық сауаттылықты және оқу мәдениетін, сонымен қатар, адамның кешенді білім негіздерін, дағдыларын, іскерлігін ұштастыруды қарастырады, соның ішінде:

- ақпараттандыру үдерісі, ақпараттық қоғамның өзіндік ерекшеліктері және оның адам өміріне әсері;

- ақпаратты тарату және оны пайдалану, қолжетімділікті қамтамасыз ету, жеке зияткерлік меншік құқығын сақтау, сонымен бірге авторлық құқық, ақпараттық қауіпсіздік және т.б. үшін құқықтық нормаларды бағдарлау;

- дәстүрлі және электронды ақпараттық ресурстар (қорлар, анықтамалық іздеу аппараты, мұражайлар, библиографиялық, фактографиялық, толықмәтінді дерекқорлар және т.б.) хабардар болу;

- жеке іздестіру жүйесін қалыптастыра білу;

- қажетті ақпараттарды алуда формалды және формалды емес ақпарат жеткізу арналарын пайдалана білу. Жаңа білімді таратуда белсенді түрде кеңесші рөлін атқаруға дайын болу.

Жеке адамның ақпараттық мәдениетінің дәрежесі бірқатар келісілген көрсеткіштерге қатысты:

- ақпараттық ресурстарды пайдалана білу (анықтамалық іздеу аппараты, Интернет жүйесі, библиографиялық және рефераттық басылымдардың анықтамалық аппараттары және т.б.);

- оқуға арналған деректемелер іріктеудің ерекшеліктері;

- оқудың тиімділігі.

- Кітапханалар оқырмандарының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында;

- библиографиялық іздестіру мен әдебиеттермен жұмыс жасау әдістері бойынша жеке кеңестер беру;

- өзіндік ақпараттық мәдениетті дамыту және жетілдіру үшін әлемдік ақпарат жүйелерін пайдалану туралы дәрістер, топтық кеңестер, әңгімелер өткізу;

- дәстүрлі және электрондық ақпарат ресурстарын пайдалану туралы тәжірибе сабақтарын өткізу.

- әртүрлі әдебиеттердің ұсыныстық көрсеткіштерін шығару (оқу жоспары, жадынама, кітапханалық-ақпараттық қызмет туралы сілтемелер, нұсқаулар, әдістемелік ұсыныстар т.б.).

Заманауи кітапханалар одан әрі қоғам өмірімен етене байланысты болды. Себебі, білімі мен кәсіби біліктілігін жоғарылатушы оқырмандар көбейді. Ал олардың білім алатын, біліктілігін жетілдіретін негізгі ақпарат, білім мен ғылым ордасы – кітапханалар болып табылады. Сондықтан, заман ағымына ілесе отырып, кітапханалар да заманауи оқырмандарының қалауы мен талабын орындауға мәжбүр. Ол – жаңа ақпараттық технологиялар.

Қазіргі уақытта ғаламтордағы ең бір қажетті ресурстардың бірі кітапхана болып отыр, оларды электронды, сандық, виртуальды деп атайды. Мұндай кітапханалардың ерекшелігі ақпараттың қордың белгілі бөлігін немесе толық нұсқасын сандық өңдеуден кейін желі арқылы, CD немесе DVD арқылы оқуға болады. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен қажетті ақпарат сандық өңдеуден өтеді де, электронды поштамен жіберіледі. Мұндай кітапханалардың оқытушының кәсіби қызметінде пайдасы мол, каталогтар, электронды материалдар: сандық тұрғыда өңделген (оцифрованном) баспа өнімдері (кітаптар, журналдар, иллюстрациялар, карталар, диаграммалар, сызбалар), фотография, кино и видеофильмдер, картиналар, үш өлшемді модельдер, анимация, аудиофайлдар т.б. сабақ жүргізуде қосымша көрнекі материал болады. Оның үстіне қазір ғаламторда көптеген электронды материалдар еркін (тегін) ұсынылады.

Біріншіден, нормативті, оқу, әдістемелік ақпаратты Интернет жүйесінің технологиясын қолдана отырып тарату, пайдалану оңтайлы әрі тиімді болады. Қазіргі уақытта көптеген материалдарды басып шығарудың, тасымалдап, таратудың қажеті жоқ. Электронды басылымдар авторлардың мүмкіндігін кеңейте түседі. Тиражы аз болғандықтан, пайдасы да аз басылымдар да өз оқырманан тауып, практикалық тұрғыдан тиімді болады. Екіншіден, студенттерге, магистранттарға, ата-аналарға т.б. тұтынушыларға қажетті ақпараттың жету мерзімі де елеулі түрде қысқарады. Үшіншіден, ақпаратты сақтауға қажет алаңдар, құрал-жабдықтар дайындаудың қажеті жоқ. Төртіншіден, сандық өңдеуден өтуіне байланысты сирек кездесетін әдебиеттерге де қол жетеді. Қағазда, кино немесе аудио,

видеоопенка тәрізді уақытша құралдарда сақталған материалдар жойылып кетуден аман қалады. Бесіншіден, инновациялық ақпарат, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің таралуы, жеткізілуі жылдамдай түседі. Ірі мемлекеттік, аймақтық және университеттік кітапханалардың каталогымен танысы, қажетті жарияланымдарды іздеп, тауып отыруға мүмкіндік туады. Кітаптардың, энциклопедия, журналдардың газет және басқа да басылымдардың электронды версиялары инновацияның таралуы мен дамуына ықпал етеді. Алтыншыдан, әлемдегі кез келген ақпаратқа жылдам қол жеткізу мүмкіндігі кеңейеді, тұтынушылар тәуліктің кез келген сәтінде, кез келген қолайлы орында ақпаратты пайдалана алады.

Электронды кітапханалардың дами түсетіні, жетілдіріле түсетіні даусыз, баспа өнімдерін көшіру және сандық өңдеуден өткен материалдар қорын жасаудан да күрделірек жұмыстарға көшіп, электронды кітапхана кеңес беруші, ақпарат таратушы функция ғана емес, оқытушы, үйретуші қызмет те атқарады. Бұған қоса, болашақта электронды кітапханалар «ақпараттық қоғамның қоғамдық орталығына» айналады. Ірі ұлттық электронды кітапханалардың жасалуы ақпаратты барынша тиімді қолдануға ықпал етеді, бұл ғылым мен техниканың, мәдениеттің даму деңгейіне оң әсер етіп, білім беру жүйесін жақсартады. Қазіргі заманғы электронды білім беру ресурстарымен еркін режимде жұмыс істеу мүмкіндігін беретін электронды кітапханалар оқытушының кәсіби қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мемлекеттік электронды кітапханалар авторлық құқықты қатаң сақтайды, электронды көшірмені құрал-жабдық сатып алуға, маманға айлық төлеуге қажетті ақша табудың қосымша жолы ретінде қолданады. Жеке меншіктегі электронды қорда материал еркін жеткізілгенімен интеллектуалық меншік құқығы бұзылып, көшірме түпнұсқаға сәйкес келе бермейді, плагиаттан қорғалмайды. Сондықтан, оқытушы ғылыми орталықтармен байланысы бар, статусы жоғары кітапханаларды пайдаланғаны жөн.

Қазіргі заманғы Қазақстан әдебиетінің электрондық кітапханасы он-лайн режимінде заманауи Қазақстан әдебиеті қорына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Кітапхананың ең басты міндеттерінің бірі – тұрғындардың оқуға құштарлығын арттыру арқылы мемлекетімізде кітап оқудың беделін көтеру, жас ұрпақты оқуға тарту және төлтума мәдениетімізді сақтап қалу.

Бүгінгі заман, уақыт талабы еліміздің білімді кәсіби мамандармен қамтамасыз етіп отырған оқу орындарының қазіргі заман талабына сай жастарға сапалы білім мен саналы тәрбиенің жоғары деңгейде берілуін талап етеді. Оқуға ұмтылған әрбір жас-ұрпақтың санасын, дүние-танымын ақпарат арқылы кеңейтіп, жан-жақты білім алуына және белгілі бір мамандық иесі болып шығуын көмектесетін бірден-бір оқу орталығының қайнар көзі- кітапхана.

Қазақстанның жоғары оқу орындары – жоғары білікті маман дайындауда ХХІ ғасыр талаптарына толық жауап беретін, инновациялық технологияларын ендіру, халықаралық деңгейде танылатын жоғары білікті мамандар даярлау, оқыту сапасын арттырудың бірден-бір жолы озық білім беру мен оқытудың инновациялық технологияларын ендіру, шетелдермен интеграциялық байланыста болу және т.б. бағыттарда атқарып жатқан жұмыстары көп.

Осындай міндеттерді жүзеге асыруда ЖОО-ның жетекші құрылымдық бөлімі ретінде - ғылыми кітапхана өзінің әмбебап, көп салалы, дәстүрлі кітаптар және электронды ресурстарымен тұтынушылардың оқу-тәрбие үрдістері мен ғылыми ізденістерін қамтамасыз етуші, ақпараттық білім беру орталығы ретінде зор үлес қосуда.

Қазіргі заман талабы - білім беру жүйесін ақпараттандыру болғандықтан, жоғары оқу орындары кітапханалары өз қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру арқылы өзіндік электрондық ресурстарын толықтырып қана қоймай, басқа да отандық, әлемдік ақпараттар ресурстарына кіру мүмкіндігін қарастыруда. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығымен *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана* (РЖОЭК) және Қазақстандық ұлттық электронды кітапханаларымен (ҚазҰЭК) келісім шарттар жасалып, оқу үрдісіне қажетті ақпараттарды алмасады. Барлық жоғары оқу орындары кітапханалары оқырмандары Web сайт арқылы кітапханаларының электронды каталогтар дерекқорына кіріп, ақпараттық ресурстарын және РЖОЭК (<http://www.rmeb.kz>), ҚазҰЭК (<http://www.kazneb.kz>) сайттарын пайдалануға мүмкіндіктері бар.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мемлекеттік электронды кітапханалық қорды құру» жобасы «2007-2009 жылдарға арналған ақпараттық теңсіздікті төмендету» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Жобаны жүзеге асыратын база – Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (ҚРҰАК).

Мақсаты: Жобаны жүзеге асыру барысында МЭҚ-ҚазҰЭК автоматтандырылған ақпараттық кітапханалық жаңа жүйесі әрі қолжеткізу нүктесі ретіндегі порталдың, электронды сақтау

қоймасының технологиялық платформасы әзірленеді. Ақпараттық жүйе әлемдік кітапханалық каталогке ықпалдасу мен өзара іс-қимыл есебіне, халықаралық кітапханалық стандарттарға сәйкес, сондай-ақ келешектегі Қазақстандық бірегей ақпараттық кітапханалық желіге арналған база ретінде қолдану үшін әзірленеді. Мемлекеттік электронды кітапханалық қор каталогы мен депозитарлық әрі пайдаланушылар қоры арқылы кітаптардың электронды көшірмелерінің Бірегей электронды сақтау қоймасын құру. Электронды сақтау қоймасына ену ҚазҰЭК порталы арқылы келесі мекен-жай бойынша жүзеге асырылады www.kazneb.kz. Портал әр түрлі режимдегі Интернет арналарының электронды каталогы арқылы электронды сақтау қоймасына ену мен электронды тапсырыс не толық мәтін бойынша электронды құжаттардың көшірмелеріне қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етуі тиіс.

Жоғары оқу орындары кітапханалары осындай мол тәжірибе, бай ақпараттық шығармашылығы арқасында кітапхана қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Ақпараттық-кітапханалық процестерді компьютерлеу;
- Жоғары оқу орнының профиліне сәйкес электрондық басылымдар қорын қалыптастыру;
- Электронды ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- Оқырмандарға кітапхананың қазіргі ресурстарын қолдану әдісін үйрету.

- Жоғары оқу орындарына қойылатын басты талап - білім алушылардың оқулықтар мен электрондық басылымдармен нормативке сай (гуманитарлық бағытта - соңғы 5 жыл, техникалық – 10 жыл) қамтамасыз етілуі болып табылатын болса, оқу орны әкімшілігі кітапхана қорының сапалы және толық жабдықталуына аса зор көңіл бөледі.

Жоғары оқу орындары кітапханаларының барлығы дерлік *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана* жүйесіне енген. Электрондық мәліметтерді қабылдай отырып РЖОЭК жүйесіне енген кітапханалар мынандай мүмкіндіктерге ие болады:

1) Интернет желісі арқылы «е-Білімгер» порталынан барлық ЖОО ресурстарын қарап, ақпарат алуға;

2) ЖОО өзара оқу әдебиеттерімен, пәндердің оқу-әдістемелік кешенімен, ғылыми мақалаларымен алмасуға;

3) РЖОЭК жүйесін интернет желісі негізінде ЖОО кітап қорымен танысқаннан кейін, қажет оқулықтарын оқуына мүмкіндіктің болуына;

4) Магистранттар мен студенттердің ғылыммен айналысуына, диссертация, дипломдық жұмыс жазған уақытта электрондық кітапхана қорымен пайдалануына.

2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының электронды білім беру мен ғылыми ресурстарын біріктіретін *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханаға* мүмкіндік берілді. Республикалық жоғары оқу орындарына арналған электронды кітапхананы құрудағы басты мақсат – еліміздегі барлық жоғары оқу орындарының электронды оқыту ресурстарын бір ақпараттық жүйеге енгізу арқылы ондағы профессор, оқытушылар мен студенттерді кең әрі озық ақпарат қорымен қамту.

Бұл электронды кітапхана – жоғары оқу орындарының электронды кітапханаларын біріктіру арқылы құрылған біртұтас деректер қоры. Нәтижесінде кез келген студент немесе оқытушы тек өзі оқып жатқан университеттің ғана емес, басқа да оқу орындарының кітапхана қорын пайдалануға мүмкіндік алады, яғни университеттер арасындағы өзара байланыс нығайып, ақпарат алмасу күшейеді.

Тағы айта кетер жаңалық, **2015 жылғы 22 желтоқсанда** Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасымен жасалған Республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе Web-РАБИС – жаңа отандық бағдарламалық өнімнің тұсаукесері өтті.

Ондаған жылдар бойы қалыптасқан қазақстандық кітапханалар жүйесі тәуелсіздік жылдарында оң нәтижеге қол жеткізді. Кітапханалар Қазақстандағы экономиканың, әлеуметтік жүйе мен саясаттың бұлжымас өркендеуінің маңызды факторы болып табылатын мәдени орта құруға және қоғамның ақпараттық ресурстарын қалыптастыруға белсенді атсалысады. Елдің кітапханалық жүйесін дамытудың келешектегі бағыты – жаңа технологиялар мен бағдарламаларды енгізу, бұл кітапханалық үдерістерді автоматтандыру, өзінің ғылыми және білім беру мақсатындағы жеке цифрлық ресурстарын жасау, электрондық топтамаларды, өзінің жеке генерациясының мәліметтер қорын жасау, желілік ресурстарды пайдалану, сирек басылымдарды цифрлау болып табылады.

1989 жылы Ұлттық кітапхана автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (АБИС) жасап, қолданысқа енгізді. 1992 жылдан Ұлттық кітапхана қазақстандық кітапханалар технологияларының ерекшеліктеріне бағдарланған және ұлттық стандарттардың, дәстүрлердің,

сондай-ақ тілдің талаптарына негізделген республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (РАБИС) енгізді. Бүгінгі таңда, РАБИС бағдарламасы 723 кітапхананы бірыңғай компьютерлік желіге біріктірді. Қолданыстағы көпжылғы тәжірибе РАБИС-тың осыған ұқсас кітапханалық бағдарламалардан ешқандай кем түспейтінін, лайықты жүйе екенін көрсетті. Осы уақыт ішінде ҚР Ұлттық кітапханасының өзінде 3 млн. астам библиографиялық сипаттаманың мәліметтер қоры жасалды. Бұдан өзге, кітапханада толықмәтінді ақпараттың 516 Гбайтта толықмәтінді контенті құрылды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында көрсетілген мәдениет саясатын жүзеге асыру аясында ҚР Ұлттық кітапханасы 2015 жылы Web-РАБИС жаңа бағдарламасын қолданысқа жіберді. Web-РАБИС жаңа бағдарламалық өнімінің мүмкіндіктері кең, бұл авторитеттік файлдарды құру және жүргізу, берілген сызба бойынша және қажетті көмекші көрсеткіштердің бар болуымен библиографиялық көрсеткіштерді автоматты түрде қалыптастыру. Web-РАБИС пайдаланушыға құжаттардың толық мәтінімен және жер шарының кез-келген нүктесінен олардың аудио-бейне-Интернет қосымшаларымен жұмыс істеуге, мобильді құрылғы арқылы электрондық каталогтарды қарауға мүмкіндік беретін толықмәтінді және гипермәтінді мәліметтер қорын құруды қолдайды. Оқырмандарға ақпаратты шығару үшін компьютермен жұмыс істеуге машықтануды аса талап етпейтін қарапайым әрі ыңғайлы интерфейс жасалған. Қажет ақпаратты жылдам және ауқымды іздеу барлық электрондық каталогтар және библиографиялық сипаттама элементтері мен олардың үйлесуі бойынша жүргізіледі.

Web-РАБИС бағдарламасына бес модуль кіреді, олар: «Кітап қорын толықтыру», «Каталогизатор», «Іздеу және тапсырыс беру», «Кітап беру» және «Оқырмандарды тіркеу». Бағдарламаға Java технологиясын пайдалана отырып, MySQL-дан бастап Oaсl-ға дейін Мәліметтер Қорын Басқару Жүйесі демеу көрсетеді. Web-РАБИС бағдарламасын жасаған Ұлттық кітапхананың инженер-программистері **Е.Б.Сапарғалиев пен Ш.Р.Айсаров**.

Web-РАБИС бағдарламасы қолданысқа енгізілгені бері оқырмандар тарапынан және кітапханашылар тарапынан жоғары бағаланып, жұмыстар нәтижелі атқарылуда.

Қорыта айтқанда, қазіргі заман талабы - білім беру жүйесін ақпараттандыру болғандықтан, жоғары оқу орындары кітапханалары өз қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру арқылы өзіндік электрондық ресурстарын толықтырып қана қоймай, басқа да отандық, әлемдік ақпараттар ресурстарына кіру мүмкіндігін қарастыруда. Барлық жоғары оқу орындары кітапханалары оқырмандары Web-сайт арқылы кітапханаларының электронды каталогтар дерекқорына кіріп, ақпараттық ресурстарын, Республикалық Жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасы және Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасын пайдалануға мүмкіндіктері бар. Ендеше, қазіргі таңда ақпарат кеңістігі мен оның мүмкіндігі қандай шексіз болса, оған деген сұраныстың да еселей түскендігі осының дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кітапхана қоры. – Алматы, 1983. – 64 б.
2. Оқырман және кітап. – Алматы, 1994. – 88 б.

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ

Қазақ философиясы қалыптасуының әлеуметтік алғышарттары

Г.З. АБДРАСИЛОВА*

Түйіндеме:

Мақалада қазақ халқының дүниетанымындағы толеранттылықтың әлеуметтік-философиялық негіздері зерттеліп, қазақтардың әлеуметтік-мәдени, когнитивті коммуникациясының алғышарттары герменевтикалық қатынас тұрғысынан талданды. Қазақтардың көшпелі тарихындағы толеранттылық матрицасы ретінде рулық-тайпалық, «жүз» жүйесінің философиялық маңыздылығы мен оң рөлі анықталды.

Бүгінгі ұрпақ өміріне трансформацияланып, әрбір тұлғаны жетілдіруге қызмет ететін, қазақ тарихында ұлағат рөлін атқарған құбылыстар мен идеялардың толеранттылықтың бастауы, идеялық сабақтастық пен философиялық антропологиялық концепциясы, әрі рухани рөлі анықталды.

Кеңестік идеологияның жалған сипаттамасы мен құлдық санадағы үрей-қорқынышты ескермесек, «рулық-тайпалық жүйе» көшпелі қазақ тіршілігінде көпсалалы қызмет атқарған мәні терең маңызды рухани құбылыс болғаны тұжырымдалды.

Тірек сөздер: көшпенділік, толеранттылық, жүз, рулық-тайпалық жүйе, ұлттық дүниетаным.

THE MATRIX OF TOLERANCE

Abstract:

The article analyzes the social and philosophical foundations of tolerance in the outlook of the Kazakh people and the hermeneutic approach as a prerequisite for socio-cultural, cognitive communication of Kazakhs. Revealed the philosophical significance and the positive role of tribal zhuzovskoy system as a matrix of tolerance in the history of the nomadic Kazakhs.

Just like any organism has its own protective immune system, the health of the national spirit is manifested through the skepticism and antidogmatism of the people. When these protective mechanisms are slumbering, the people are going through the most dangerous periods of their history. For the Kazakhs this period was the last three hundred years, when all the inherent ethnos was presented as "savagery" and "remnants of the past" with a stamp of barbarism. This is the period when pride in the original national attitude was fraught with dangerous consequences.

Independence of the country and freedom of modern scientific and philosophical thinking revived national patriotism. As N.Nazarbayev says, "in our history there is nothing to be ashamed of."

If you push aside the false ideology and fears of slavish consciousness, the tribal system of nomads is the most important spiritual phenomenon that played many functions in the life of nomads.

Keywords: nomadism, tolerance, zhuz, tribal system, national outlook

Ұлттың ұлылығы жалпыадамзаттық мұрат-мүдделерге жауап бере алуымен өлшенеді. Қазақ тарихында рухани ұлағат рөлін атқарған жәдігер құбылыстар мен идеялар жеткілікті. Бүгінгі ұрпақ өміріне трансформацияланып, әрбір тұлғаны жетілдіруге қызмет ететін, идеялық сабақтастық пен философиялық антропологиялық концепция, әрі толеранттылықтың матрицасы рөлін атқарған ондай құбылыс – ғалым Л.Гумилевтің далалықтарға тән құрылымдық институттары ретінде баяндайтын, ал зерттеуші этнолог Ақселеу Сейдімбек «Далалық Аңыз Тарихнамасы» (ДАТ) деп атаған рулық-тайпалық жүйе болып табылады.

Көшпелі қазақ тіршілігінде рулық-тайпалық жүйе көпсалалы қызмет атқарған мәні терең маңызды рухани құбылыс болды. Атап айтқанда, көшпенді үшін ол жүйе:

- онтологиялық мән;
- өзіндік барабарлықтың (самоидентификация) қалыптасуының фундаменті;
- позитивті эмоционалдық қуат көзі;
- экзистенциалды қауіпсіздік сезімі қалыптасуының тетігі;
- генофонд тазалығының сақшысы;
- дінге индифференттіліктің себепшісі;

* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, gauhar_abdrasilova@mail.ru

- отаншылдықтың бастауы;
- коммуникация, дипломатия үлгісі;
- толеранттылықтың қайнары болды.

Рулық жүйенің онтологиялық қызметі

Адамнан адам қалыптасу процесінде, өзін-өзі сақтау мәселесінен кейінгі орында онтологиялық түсінік тұр. Болмыстық кеңістіктегі өз орнын білу – адам үшін басты қажеттілік. «Мен кімін?» сұрағы «Мен қалай жаралдым?», «Дүние деген не?» сұрағын қамтиды. Бұл - тіршілік мағынасы, адамның жаратылысы мәселесін құрайды. Бұл сұраққа адам өзі өмір сүріп жатқан дүние болмысын тұтас қарастырғанда ғана жауап ала алады.

Көшпелінің танымында көктегі Құдірет пен жердегі әлеуметтік құрылым ешбір жанжалсыз, қайшылықсыз еркін астасып, номадтық дүниенің түпнегізін құрады. Дүние жаратылыстағы және көшпелі тұрмыстағы өзгерістерге негіз болған дәстүрлі дүниетанымдық тірегі – Аспан, Көк Тәңірі. Рухани-әлеуметтік өмірінің негізі – әрбір көшпелінің жанына жақын да қымбат, тіршілігіне мән, рухына қолдау беріп, бұл дүниеден тысқары қалмағандық сезімін қалыптастыратын – рулық-тайпалық жүйе болды.

Көшпелі қазақ метафизиканы ығыстырып тастаған жоқ, оны қабылдады және өз қазынасына айналдырды. Мұсылмандық кең таралғаннан кейін де көшпелінің образды мифологиялық санасында архаикалық сенімдер сақталды (бақсылық, тәңіршілдік, зороастризм). Соның ішінен ол өзіне керектісін алып, діни синтез құрап, синкретті танымды ұстанды. Номадтық танымда ұшқарылық, фанатизм деген атымен жоқ – ол Құдайға да, өзіне де байыпты, индифферентті қатынаста. Тұрмыс қажеті мен ішкі қолдауды, «басқа – бәлені» де осы дүниеден, өз айналасынан тапқан көшпелі өз көңілін көкке, Құдіретке емес, жердегі ағайынға тігеді. «Елің, тегің кім?» деген сұраққа тұтас дүниенің мағынасын сыйдырады. Бүкіл адамзатты бір-ақ сәтте үш жұрттың (өз жұрты, нағашы жұрт, қайын жұрт) біріне жатқызып ағайын-туыс-жекжатқа айналдыратын және толассыз коммуникацияға ұласатын «халықтанудың» (термин М. Қозыбаевтікі) ерекше түрін қолданады. Өйткені көшпендінің дүниені тұтас қабылдау ерекшелігі сондай, қауымдық одақ ынтымағы қоршаған дүниемен үйлесе білу кепілі ретінде қарастырылады. Бірлік пен ынтымақтың ыдырауы жалпы гармонияның бүлінуі деп түсініледі.

Өзіндік барабарлықтың (самоидентификация) қалыптасуының фундаменті

Онтологиялық мәселеден заңды түрде өзіндік барабарлық (самоидентификация) сұрағы туындайды. Әлеуметтік кеңістіктегі өз орнын анықтау, қандай мәдени әлеуметтік топқа тиесілілігін ұғыну, – әрбір адам үшін келесі маңызды қажеттілік. «Мен кімін?» «Мен кімдерді бейнелеймін? Кімдердің өкілімін?» сұрағын қамтиды (әрине, мұнымен шектелмейді).

«Барабарлық» – қосмәнді ұғым. Біріншіден, «idem» – (лат. «то же самое») «өз-өзіне немесе өзгеге ұқсастық». Бұл мағынада «өзгермейтін», сондықтан «өз-өзіне ұқсас» дегенді білдіреді. Бұл «өзгергіш», «ұқсас емес» ұғымына кері мағынада. Екіншіден, («тот же» – «басқа емес, дәл соның өзі») («ipse» – лат. «сам») дәл өзі». Рикер пікірінше, бұл – «өзгерместік» мағынасындағы барабарлықты емес, «үздіксіздікті», өзгерістер барысында «өздікті» сақтап қалу дегенді білдіреді. «Үздіксіздік» ұғымы бұл жерде «сабақтастық», өз өмірін өзіне мұралау деген мағынада қолданылуға.

Идентификациялық дағдарыс туралы айтқанда адамның өз образына («Мен қандай болуға тиіспін?») өзінің сәйкес келмеуі, өз өмірінде өзінің жоқтығы, дүниедегі өз орнының белгісіздігінен, түсініксіздігінен туатын уайым-сезімдерін айтады. Хесле «барабарлық дағдарысын» адамның өз-өзімен түсіністігінің, келісімінің жоқтығы деп түсіндіреді.

Идентификация және идентификацияның мағыналық жағы тығыз байланысты. «Ұлтты руға, тайпаға, жүзге жіктеу дәстүрі (шежірешілдік) өз ішінде бөліну-жауласу үшін емес, әрбір адамның ортақ тілі, ділі, ортақ Отаны, елі, жұрты бар екеніне, тірлік-бірлікке, ұлттық сананы қалыптастыруға, бір адамның шығу тегі арқылы сол буынды бүкіл қауымға, халыққа таныстыру арқылы ұлтпен таныстыруға бағытталған».[2]

Көшпенді қауым үшін рулық-тайпалық құрылым мәндік мазмұн емес. Ежелгі Грецияда, Римде «эллин» немесе «Рим азаматы» болу, ал ортағасырларда белгілі діни сенімді ұстану, белгілі корольдыққа адалдық мәселесі – өз мәнін анықтаудың мазмұндық көрсеткіші болғаны белгілі. Ал көшпенді үшін жүзге бөліну, «Ұлы» немесе «Кіші» жүздің өкілі болу мазмұндық белгі емес. Сондықтан ол саяси-әлеуметтік билік күшіне ие емес. Жүздік, рулық белгі өмір мәні деңгейіне көтерілмейді. Көшпелі қазақ айналадағыларды «өзім» мен «өзгеге» бөлмейді. Әрбір қазақтың белгілі ру-тайпаға, жүзге жатқызылуы өзіндік барабарлыққа қызмет ететін сілтеме-көрсеткіш рөлін ғана атқарады.

Қауымдастықпен барабарлық – қоғамды консолидациялау факторы, толеранттылық императиві қызметін атқарады. Сондықтан әңгіме «рушылдық», «жершілдік» немесе жеке адамды мәнсіздендіріп, жеке дауыс мүмкіндігінен айыратын коллективизм туралы емес, адамның адам ретінде қалыптасуы, индивидуализациясы, оның рефлексиялау қабілетінің дамуы және тұлға ретіндегі жауапкершілігінің артуы, басқалармен қауымдасуындағы уақыт пен кеңістіктің маңыздылығын мойындауы, бағалауы туралы болуға тиіс.

Британдық әлеуметтанушы Э.Гидденстің пікірінше, өз барабарлығының дәстүрлі формаларынан қол үзген индивид әр жолы түрлі әлеуметтік жағдайларда өзін ұғыну, өз тәртібінің түрін таңдау мәселесіне тірелумен болады. Мұндай қажеттілік таңдау жасауға көмек беретін арнайы рефлексиялау институттарының пайда болуына (әлеуметтік білім, моральдық-психологиялық білім) ықпал етті. Әйтсе де ондай рефлексиялардың салыстырмалылығы, әрі адам өмірінің астарларының көптүрлілігі адамды экзистенциалды қауіпсіздік пен басқаларға сенім мәселесінің алдына қоюмен болады, көмекші білімнің дерексіздігі (абстрактілігі) адамды тәртіп бағалаудың дәстүрлі үрдісінен алыстатады. Адамға өмірді прагматикалық тұрғыдан бағалап қана қоймай, радикалды адамгершілік-тік принциптерді айқындау қажеттілігі тән. Экзистенциалды сенімсіздік, онтологиялық қауіп сезімі осы принциптердің жоқтығынан, қарастырылмауынан туады.

Өз өмірін адам жауапкершілігі негізделетін принциптерді зерттеуге арнаған Ч.Тэйлор рефлексияның құндылықтарға сүйенетіндігін, утилитарлы құндылықтардың үстемдігі, дұрысы – рахаттану, ләззат алу құндылықтарымен алмастырылуы адамның өз-өзіне беретін бағасын төмендететіндігін тұжырымдады. Адам жасайтын таңдау: сәт сайын борышты ұстану немесе оны елемеу арасында іске асады. Таңдау арқылы адам үшін ненің мәнді-мәнсіз екендігі көрінеді. Ол өз болмысының тереңіндегі кім екендігіне сүйене отырып шешім қабылдайды. Бұл – аса терең, әркім өзі іске асыратын рефлексия. Құндылықтарға бағдар жасай отырып қана адам өзін-өзі таңдап, өз болмысы туралы сұрақты шешеді.

Рулық жүйенің интеграциялық функциясы. Рулық жүйе – далалық мемлекеттің баламасы ретінде

Адам қоғамда өмір сүреді. Оның дамуы қоршаған дүниеге, қоғамдық өмірге енуінен басталады. Сондықтан әлеуметтік интеграциялану адам өміріндегі маңызды фактор болып табылады. Көшпелі тіршілік (отырықшылық мәдениет пен тұрмыс атрибуттарының болмауы, мал шаруашылығынан өзге кәсіппен шұғылданбау, елдімекендер арасындағы жер алшақтығы салдарынан туатын коммуникация қиындығы, діннің алғашқы формаларының насихатталуы, мемлекеттіліктің әлсіздігі және полигамиялық семья) жағдайында күн кешкен халық өмірінде аса күшті интеграциялық мотив рөлін атқарған рулық-тайпалық жүйе – көшпелі мемлекеттің субстанциясы міндетін атқарды. Далалық аймақтағы мемлекеттіліктің ең ыңғайлы, дұрыс, бірегей баламасы болды.

Рулық-тайпалық жүйе арқылы әлеуметтік ортаға еніп, инкультурацияға ұшырап, индивид өз ортасының тәртібін, үлгі, дағды, құндылықтарын игереді. Рудың әрбір мүшесі өзін шетсіз-шексіз ұланғайыр жер бетіндегі кездейсоқ жел айдаған қаңбақ, тексіз құл емес, елі мен жері, елтаңбасы, дәстүрі, тұрмыстық тәртіпті қадағалау, әкімшілік басқару, жазалау тетіктері бар мини-мемлекеттің, бүтіннің бөлшегі екендігін, ал ол қауымдастық өз кезегінде одан да кең құрылымға (тайпаға, тайпа – жүзге, жүз – ұлтқа) енетінін аңдайды. «Туыстас немесе көршілес бірнеше отбасы бір қоныста отырса – «ауыл», «ауылдас», «көрші», іргесі алшақтау болса «жерлес», «қандас», жеті атадан құралғандар (бір атаның кіндігінен тараған), бір ата 13 атадан асса – «ру». Бірнеше ру қандастықпен, я бір мүддемен біріксе – «тайпа». Бірнеше тайпа «жүз» болып қауымдасады. Тайпадан ірілесе «халық» немесе «ел», оның мемлекет ішінде өзге ұлт, ұлыстармен саяси теңдігі болса «ұлыс», дербес шекара, саяси-экономикалық тәуелсіздікке қолы жетсе «мемлекет», тілі мен дәстүрі, мәдениеті, өзіндік мекен жері, әлеуметтік рух-жігері, этникалық ерекшелігі ортақтасып, дараланса, «ұлт» болады. [4]

«Жүз – тарихи әлеуметтік категория. Ол байтақ қазақ сахарасында ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықтың жер ыңғайына қарай орналасуына байланысты экономикалық мұқтаждықтан туған. Әр тайпалық одақ қыс қонысын, жаз жайлауын көшпелі тіршіліктің өзіндік ерекшелігіне қарай құрған. Екінші фактор, ел қорғау, жер қорғау мүддесінен туындаған, Үшіншіден, жеті атаға дейін қан араластырмай, тұқым тазалығын сақтау арқылы этностың генетикалық қорын аман алып қалуға бағытталған. Бұл белгілі бір географиялық шеңберде, белгілі бір ортада ортақ бүкілхалықтық бақылауға алынған. Үш жүз бола отырып, қазақ елінің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын қорғаған. Ортақ тіл, діл, атамекен халықтық бірлікке, мүдде бірлігіне қызмет еткен.

Жүз мемлекеттік функцияны да орындаған. Жүз ішінде дау-дамай, көші-қон маршруты, рулар арасындағы қарым-қатынас регионалдық дәрежеде шешілген. Жүзаралық проблемалар жер, қоныс,

ел қорғау, қазақ жерінің тұтастығы, әскери жасақ, ортақ қолбасшы, хандар сайлауы т.б. ел, халық дәрежесіндегі проблемалар келісіліп отырған. Сонымен бірге үш жүз көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты бірігіп, ұлттық биіктіктен барлай шешкен».

Рулық жүйенің позитивтілік мәні

Рулық-тайпалық жүйе – дүниеге деген базалық қатынас, әрі адам психикасының фундаменти болып табылатын маңызды сезімді, өмірдің позитивтілігі туралы сенімді қалыптастырушы. Рулық-тайпалық жүйе – дүниеге ашылған терезе. Бізді қоршаған дүниенің бояуының қандайлығы – ашық-жарқын немесе қара-қошқыл түстерге малынуы – дүниенің нағыз өз түсі емес. Ол – біздің ішкі күйіміздің түсі. Жан дүниемізді тыныштық пен қуаныш жайласа, дүние де жарық, ішкі дүние аласапыран болғанда айнала да күңгірттене, көмескілене түседі. Ал өмір – сәт сайынғы көңіл-күйіміздің жиынтығы. Адамның қандай дүниеде (өзін қолдап қуаттайтын дүниеде немесе тығырық пен күйініш, қаскөйлік жайлаған өмірде) тіршілік кешерін анықтайтын – оның әлеуметтік ортасы. Индивидуализм идеясымен шегінен шыға әуейленген Батыстық әлем ХХ ғасырда жеке-дара-жалпы категорияларының арақатынасын әлеуметтік тұрғыдан қайта қарап «индивидті» өз-өзіне тұйықталған монада ретінде қарастыруға болмайтындығын, «біз» категориясы «мен» және «сеннің» алдында жүретін фундаменталды ұғым екендігін сенімді түрде тұжырымдады. [6]

Коммуникация – өз-өзіне тұйықталған екі индивидтің жәй, қатар тіршілігі емес. Олардың экзистенциялары – бір-біріне өзара еніп жататын, шын көңілден туатын қатынастары. Қоршаған дүниені ешкімге, ешнәрсеге сенуге болмайтын, сыртқы дүниеден тек жаманшылық күтілетін жағымсыз орта деп санайтын адам болмай қоймайтын байланыстарды амалсыздықпен, мәжбүрлікпен, үлкен күдікпен, өзгелерге қатысты әрдайым қайшы пікір-сезімдермен атқарады. «Айнала-жау» ұстанымымен өмір сүру – ауыр. Мұндай ой адам дүниесінің әрдайым ширығып, оқыс оқиғаға дайын жүруін талап етеді. Бұл жүйкеге жүк түсіреді, нәтижесінде адам іштей тозады. Іште жатқан үрей-қорқыныш түбінде бір қопарылып сыртқа шығатыны анық. Бірақ қандай көріністе: жүйке ауруы (көпсөзділік, ашушаңдық, депрессиялар, өзіне-өзі қол салулар), моральдық ауытқулар (даңғойлық, екіжүзділік, дүниеқоңыздық), тән ауытқулары (тәнге таңба салу – «ішке бағытталған қарсылық» (Хайдеггер), садизм, мазохизм, қызтекелік) – бұл енді индивидуалды мәселе.

Дүниеге позитивті қатынаста қалыптасқан адам келешекте де бейбіт көршілестікті дамытады. Ондай адам үшін дүние тартымды да қызық. «Әркім – өзі үшін» қағидасы жұмыс істемейтін көшпелі тұрмыстың қазағы үшін әркімді өз ерекшелігімен қоса қабылдап, әрі өзін жоғалтып алмау – табиғи дағды.

Рулық жүйе – эмоционалдық қуат ретінде

Рахат-ләззаттың ешқайсысы, мамандар пікірінше, адамның адаммен тілдесу рахатын алмастыра алмайды. Коммуникация – адам «менінің» өз-өзін іске асырылу саласы болғандықтан, дүниедегі қатынастардың барлығынан жоғары тұр. Адам болмысы Ясперс «шекаралық жағдай» деп атаған күйлерде және қарым-қатынас барысында ашылады. Коммуникацияның негізгі құралы сөз, ал сөздің таситыны – ақпарат пен эмоция. Біз бір-бірімізбен сөз емес, эмоциялар деңгейінде қатынас жасаймыз. Сөз – әшекей, ал нағыз қатынас сезімдер деңгейінде іске асады. Адам үшін эмоциялық байланыс – биологиялық қажеттілік. Ол суды, азық пен ауаны қалай қажет етсе, эмоционалды байланысты соншалықты қажетсінеді. Толыққанды эмоционалды байланыс жоқ жерде адамда базалық қауіпсіздік сезімі қалыптаспайды. Адам үшін өзінің қалаулы да сыйлы екенін, әрі қорған-тірегі барын сезіну – өмірлік мәселе, тәндік саулық пен толыққанды тұлғаға айналуының басты алғышарты. Психологиялық қорғансыздықты, жапа-жалғыздықты сезінбес үшін адамға тұрақты эмоционалдық байланыс қажет. Ал ол «Саламатсыз?», «Қош болыңызбен» емес, шын пейілмен айтылатын сөзбен немесе әбден сыралғы болған кезде сөзсіз де туатын жан жылуы арқылы беріледі. Түрлі себептермен эмоционалды байланыс үзілгенде олардың орнын құрғақ сөз бен мағынасыз ритуалдар басады. «Жүректен шықпаған жүрекке жетпейді» дейді Абай. «Адамға адам қонақ болмайды, көңілге көңіл қонақ болады» дейді қазақ. Нағыз, шынайы, эмоционалды-психологиялық қауіпсіздікті сезіну күйіне жетпеген адам өз өмірінің барлық саласына толассыз еніп жататын үрей-қорқыныштың құшағында күн кешеді. Тұрақты эмоционалды байланыс сезімін отырықшылық мәдениетте отбасы, ұжым, ал азаматтық қоғамда мемлекет және ежелден, адамзат тарихында дін қалыптастырып келді. Өмірсалты көшпелі, мемлекеттік құрылымы әлсіз, діні архаикалық, семьясы полигамды, қоғамы патриархалды заманда маңызы өмірлік бұл сезімді беруге рулық-тайпалық жүйе ғана қабілетті еді.

Адамның рухани саулығының негізін қалайтын, өзіндік сенім мен тұлғалық харизманың, ұлттық барабарлықтың базасы болып табылатын аса маңызды құбылыс психологияда «шартсыз махаббат» деп аталады. Қарапайым тілде – «өзін бақытты сезіне білу» қабілеті. Біреу алтын толы

сандықтың үстінде отырса да – бақытсыздығы, енді біреудің ішерге асы, киерге киімі болмаса да – мойымауы. Мамандардың пікірінше, ондай сезім сәбилік кезеңде эмоционалдық өгейлік көрмеген балада қалыптасады. Түрлі себептерге байланысты ана мейірімінен мақрұм қалған адамның кейінгі, ересек өмірдегі серігі іштарлық, қызғаныш, алауыздық сияқты сезімдер болып, бүкіл өмірлік әрекеттерінің негізінде жатады.

Көшпелі отбасының әрбір мүшесінің өз орны, жалпы әдет бойынша қалыптасқан өз құқықтары бар. Жоспарланбаған бала деген жоқ – «әрбір сәби өз несібесімен». Тағдыр жазып жетім қалғандар жат жұртта емес, сол елде, өз ағайынының ортасында өседі.

Әрбір қадамын есепке алып, шектеулі кеңістік шеңберіндегі тәртіп пен қолдан жасалған жасанды жүйені ұстанатын отырықшылық мәдениет өкілінен өзге дүниеге батыл еніп, оңай ашылатын, басқаның жетістігіне шын қуанып, жан жауһарын жомарттықпен бөлісетін номадты ерекшелендіретін қасиет – осы. [7]

Физиологиялық саулық, генофонд тазалығы

Жапондықтар аза тұтатын және азапты зардабы әліге дейін көрініп келе жатқан 1949 жылғы атом бомбасынан Қазақстанда өткізілген сынақтарда 500 рет жарылған әрбір бомбаның күштілігі 100 есе. Соған қарамастан Халықаралық Олимпиадаларда бас жүлделер иемденіп жүрген қазақ оқушы балаларының алғырлығы, ой қуаттылығы, интеллект көрсеткіштерінің жоғарылығы және талай саяси-тарихи-экологиялық нәубеттерге төтеп берген қазақ ұлтының қан тазалығы, генофонд беріктігі тек қазақ ұлтына тән дәстүр «Жеті ата» қағидасының арқасында. Қан араластыруға заң немесе дін, дәстүр қарсы келмейтін елдерде мүгедектіктің, тұқым қуалайтын дерттердің көп болатынын өмір де, ғылым да дәлелдеуде. Бір биеден туған құлынның ұрпақтары өзара шағылысқанда дүниеге келетін төлдің әлжуаз, әрі тіршілігі қысқа болатынын көріп жүріп мұның табиғатқа қайшы құбылыс екеніне көзі жеткен малшы қазақ кейінірек Шарифат әкелген немере, бөле ағайындардың қыз алысуы санкциясынан бас тартып, сындарлы талғампаздық қана қоймай, ұлт көлемінде кең тарап, ұрпақ азғындамауы үшін қазақ ортасында сирек кездесетін мұндай құбылысты қатаң жазалап отырған (Шәкәрім. «Қалқаман-Мамыр»).

Өз әулетінің екі ғасырлық «жеті ата» шежіресін жатқа білу көшпелі санасында ұрпақ жалғастылығы, өзінің уақыт тізбегіндегі, кеше мен ертең арасын байланыстыратын звено екендігі, өз тарихы – бабалар тарихының тізбегі және оның тоқтаусыз, динамикалық процесс екені, сондықтан ел мен жер, бабалар рухы алдындағы борышты абыроймен орындау туралы ұстанымдары қалыптасады. Бұл оған қолдау мен сенім, ішкі дүниесіне қуат беріп, бақытқа жетелейтін мотивациялық факторға айналады. Мұндай сезім адамды ең ауыр торығу мен күйініш немесе мұқтаждық жағдайында да орынсыз қылық пен оқыс оқиғаға бармаудан сақтайды.

Рулық жүйе – отаншылдықтың бастауы

Саяхатшы Марко Поло туралы кинофильмде атақты итальяндықтың көшпелілерге кез болатыны туралы эпизод бар. «Жателдік қонаққа қатты қуанған далалықтар ұлан-асыр той өткізеді: қонақжай халық бәйгеге шауып, балуандары күресіп маз-мейрам болады. Бәрі аяқталғанда қонағының көңіл-күйін білмек болған ел көсемі: – Қалай? Ұнады ма? – деп сұрайды әйгілі венециандықтан. – Иә. Бірақ өмірлеріңіз азапқа толы екен, – деп жауап береді жиһангез. Көш иесі тұнжырап төмен қарайды». Материалды игілікті жоғары бағалайтын отырықшылық мәдениеттің көшпенді тұрмыс алдындағы менмендігін бейнелейтін батыстық фильмді қоюшылар үшін олардың отанына «Құдайдың қамшысы» болып қырғидай тиген Атилла жерлестерінің рахаты жоқ өмірсалтының және олар үшін түсініксіз номадтық отаншылдықтың сыры рулық-тайпалық жүйеде жатыр. Құлазыған кеңістікті ғана көріп, жердің бетіндегі өз «жұмағына» асығатын, экзистенциясы белгілі аймақта және нақты жағдайларда ғана айқындалатын отырықшыдан ерекшелігі – көшпелінің «жұмағы» қашанда өз бойында. «Ынтымақ, бірлік, толеранттылық» ұғымдарымен сипатталатын гуманистік түсінігі мен дүниеге адамсүйгіштік қатынасында. Нағыз қуаныш сыйлайтын және ешбір материалды молшылықпен салыстыруға келмейтін жан жомарттығының уақыт, жағдай, күй мен адам таңдамайтындығында. Өркениеттіліктің басты белгісі де – осы.

Рулық-тайпалық жүйе – толеранттылық матрицасы ретінде

Полигамиялық семья туралы дәстүрлі ұғым көпшіліктің түсінігінде (әсіресе Батыста) жеңілтекстік немесе әлеуметтік озбырлық деген пікір қалыптастырды. Бұл олай емес. Полигамиялық семья көшпелі өмірсалт жағдайындағы оптималды жанұя моделі болды.

Үлкен үй, кіші үйдің балалары болып бірге туып, бірдей тіршілік кешу отбасы мүшелерін психологиялық төзімділік пен байыпты ұстамдылыққа баулыды. Үлкен отбасыларда жағымды компромисс рухы қалыптасып, бүкіладамзат қауымын «мен» және «өзге» (демек – жау!) деп емес, бір

атаның балалары ретінде қабылдаудың – толеранттылықтың негізі қалыптасты. Әрине, ондай отбасыларда да үлкен жанжалдар туып, соны драмаларға ұласып жатқан кездері болғаны сөзсіз. Сөйтсе де ертедегі және кейінгі әдеби дереккөздерін (билер Кеңесінің шешімі, Шешендік сөздер, «Абай жолы») зерттеу ондай мәселелердің барлығы адамаралық қатынастардың алуан түрлі қырлары мен күрделіліктері, ең бастысы, өзара диалогтың тоқталмауы көздеде отырып шешілгені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кез келген философиялық ілім өзінің күнделікті өмірдің тереңіндегі астарын ашуымен, түсіндіруімен – практикалық, этикалық қырларымен құнды. Дүниенің пайда болуы, құрылымы, ондағы адам орны туралы түсініктер – түптеп келгенде күнделікті адам тәртібімен байланысты. Күнделікті тәртіп тарихты жасайды. Сондықтан барлық идеяларды бір ғана өлшеммен тексеруге, сынауға болады: ол идея коммуникацияның дамуына жол аша ма, жоқ па? Жауап: ойшыл К.Ясперс тілімен айтқанда, адамдар байланысын нығайтатынның бәрі – ақиқат. Ал өз халқының рухани құндылықтарын бағаламау, бұрмалау, мәнін елемеу әрекеттері өзінің нағыз болмысына деген адам ұмтылысының құлдырау шежіресіне бастау береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М. Қазақ шежіресі А., 2005
2. Қозыбаев М. Қазақ шежіресі А., 2005
3. Рахметұлы Ш. Монғолия қазақтарының ата-тек шежіресі. Өлгий, 1977, 3-бет.

EMİN ONGAN VE EMİN ONGAN ŞARKILARINDA FORM YAPISI

Öğr. Gör. Selçuk TİMUR*

Özet:

Bu çalışmada Türk müziğinin 20. yüzyıl bestecilerinden Emin ONGAN'ın hayatı ve eserlerindeki form yapısı ele alınacak, Emin ONGAN'ın eserlerindeki şarkılar üzerinde formsal açıdan analizler yapılacaktır. Türk müziğinde şarkı formunun Hacı Arif Bey ile günümüze ulaştığı ve sonrasında şarkı formuna pek çok bestecinin yön verdiği göz önüne alındığında, bu besteciler arasında Emin ONGAN'ın eserlerinin önemli bir yeri olduğu düşünülebilir. Bu varsayımdan hareketle, bu çalışmada Emin ONGAN'IN eserleri içerisinden seçilmiş şarkıların formsal yapıları göz önüne alınarak bazı analizler yapılması sonrasında bu analizlerden ortaya çıkacak verilerin şarkılarda kullanılan yapılar itibariyle değerlendirilmesi amaçlanmıştır.

Anahtar Kelimeler: Türk Müziği, Emin Ongan, Şarkı.

FORM IN SURE ONGAN AND EMİN ONGAN SONGS

Abstract:

In this study, Turkish music 20. the life and form structure of Emin Ongan, one of the century composers, will be studied and formalized analysis will be made on the songs in Emin Ongan's works. Given that the form of the song in Turkish music has reached today with Hacı Arif Bey and that many composers follow the form of the song, Emin Ongan can be considered as an important part of his works. Based on this assumption, it was aimed to evaluate the data that will emerge from these analyses in terms of the structures used in the songs by taking into account the formal structures of the songs selected from Emin Ongan's works into consideration.

Keywords: Turkish Music, Emin Ongan, Song.

GİRİŞ

Türk müziğinde saz eserlerinin yanı sıra sözlü eserlerin sayısı daha fazladır. Formsal olarak bakıldığında şarkı formunun daha fazla tercih edildiği görülmektedir. Şarkı formuna olan rağbetin bu kadar çok olması söz-nağme etkileşiminin Türk müziğinde çok fazla kullanılmış olması olarak düşünülebilir. Edebiyat ve müzik kavramlarının bir arada kullanıldığı zamanlarda aruz ve vezin kavramlarını da duymak bilhassa çokça tanık olduğumuz bir durumdur. O kadar ki Türk müziği bestecilerinin eserlerini bu kavramların kurallarıyla bestelediğini görmek mümkündür. Beste, yürük semâi, ağır semâi gibi eser örnekleriyle bu kullanımları Türk müziğinin klâsik öncesi, klâsik ve az da olsa neo-klâsik ve romantik dönemlerde rastlanmaktadır.

Türk müziğinde şarkı formu Hacı Ârif Bey ile tanınmış, günümüze ulaşmıştır. Gayri ihtiyârî bu form, farklı bestecilerin yorumlamalarıyla değişik şekillerde kullanılmıştır. Türk müziğinde 19 ve 20. yüzyıllarda pek çok bestecinin bolca eser bestelediği dönemlerden biri olarak görülmektedir. Hacı Arif bey ile başlayan verimlilik dönemi Sadeddin Kaynak, Selahaddin Pınar gibi bestecilerle daha da parlak bir döneme geçişin sinyallerini vermiştir. Bu dönemlerde göze çarpan bestelediği şarkılarda formsal yapı itibariyle bir nevi kuralların dışına çıkarak kendi form yapısını oluşturan Sadeddin Kaynak'ın (bestelediği şarkılardaki söz-beste uyumu, aranağmeler ve usûl değişimleri ile) dikkat çekmesinin yanında Emin Ongan isminin ve bestelerinin de kayda değer olduğu düşünülebilir.

Çalışmamızda yer verdiğimiz Emin Ongan ve şarkılarındaki form yapısını incelemeyden önce bestecinin hayatı ve eserleri hakkında kısa bilgiler vermekte fayda görmekteyiz.

1. EMİN ONGAN'IN HAYATI

Emin ONGAN, 1906 yılında Edirne'de doğmuştur. Cerrah Kolağası Ahmet Bey ile Çaplıoğulları'ndan Zehra Hanım'ın oğludur. Ailesi Balkan Savaşını takiben İstanbul'a gelerek Üsküdar'a yerleşti. İlköğrenimini Ravza-i Terakki Mektebi'nde tamamladıktan sonra geri Edirne'ye dönmüşlerdir. Ortaokulu ve liseyi Edirne'de okuyan Ongan, daha sonra yeniden ailesiyle beraber İstanbul Üsküdar'a yerleşmiştir (Özalp, 2000: 309).

Üsküdar Mûsikî Cemiyeti'ni 1938'den başlayarak 50 yıla yakın bir süre yöneten ve sayısız öğrenci yetiştiren Emin Ongan, ilk müzik derslerini ağabeyi Nedim Ongan'dan almış, 14 yaşında İstanbul'a gelerek

* Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi, TMDK, Türk Müziği Bölümü, selcuk.timur@ohu.edu.tr

Mızıkalı Celâl Bey'den nota, Bestenigâr Ziya Bey'den makam, usûl ve repertuar dersleri almış, Hanende Arap Cemâl ve Edip Nâzım Bey'den yararlanmasının yanında keman çalmayı ilerleterek 1927'de Üsküdar Mûsikî Cemiyeti'ne keman sanatçısı olarak katılmıştır. (Say, 2005: 605). O yıllarda cemiyette Necati Tokyay, Selahattin Pınar ve Şükrü Tunar gibi dönemin usta mûsikîşinas isimleri bulunmaktaydı. Emin Ongan, onlardan eser meşk etme fırsatı bulmuş, bu vesileyle makam ve usûl bilgisini daha da ileri seviyelere ulaştırmıştır (Sözer, 1986: 555).

2 Şubat 1985 yılında aramızdan ayrılan Emin Ongan, yüzyılımızın Türk mûsikîsi bestekârları arasında müstesna bir yer tutmaktadır. Eserlerinde geleneksel şarkı bestekârlığının kurallarına bağlı oluşu ile dikkat çeken besteci, hoca ve keman sanatkârı Ongan, makamlarımızın seyir ve hareketini bilmesi yönünden kusursuz gibidir. Bilinen eserleri 3 saz semâisi ve 90 kadar şarkısıdır (Ak, 2004: 200).

EMİN ONGAN BESTELERİ (Öztuna, 2006: 153,154)			
<i>S</i>	<i>Eserin Adı</i>	<i>Eserin Makâmı</i>	<i>Eserin Güftecisi</i>
<i>N</i>			
1.	Saz Semâisi	Acemaşîran	-----
2.	Saz Semâisi	Sûz-i Dil	-----
3.	Saz Semâisi	Bûselik	-----
4.	Gül kokan, sünbül kokan	Nihâvent	Rıza Savaşkan
5.	Bin gül açan bağından	Nihâvent	-----
6.	Bir alev bir ışık senin bakışın	Nihâvent	Hilmi Soykut
7.	Sen benim gönlümde	Nihâvent	-----
8.	Bahçemdeki güller gibi	Nihâvent	-----
9.	Yıllarca gönül	Nihâvent	-----
10.	Bir pembe incisin sen	Nihâvent	-----
11.	Hiç sorma sakın sen bana	Nihâvent	-----
12.	Nasıl olurmuş sabah	Nihâvent	-----
13.	Gamdan âzâd olmuyor gönlüm	Nihâvent	Mustafa Nafiz Irmak
14.	Pârepâre eyledi gamzen	Nihâvent	Sâfi Bey
15.	Bugün yine gönlümün	Nihâvent	Emriye Gürdal
16.	Gittin bıraktın beni	Kürdîli	Nursen Bayrak
17.	Nihân oldun olalı	Hicazkâr Kürdîli	-----
18.	Neş'e umdum bâdeden	Kürdîli Hicazkâr	Hilmi Soykut
19.	Nâzında senin özlediğim	Kürdîli Hicazkâr	Fuat Edip Baksı
20.	Bunca cevrinle gönül	Kürdîli Hicazkâr	Muzaffer Akalın
21.	Nedendir sevdiğim	Kürdîli Hicazkâr	-----
22.	Bitse de hicrânlı ömrüm	Kürdîli Hicazkâr	-----
23.	Yüzünden okunur	Kürdîli Hicazkâr	-----
24.	Bir aldaniştan ibaret	Kürdîli Hicazkâr	Nigar Hanım
25.	Sevmez seni hiç kimse	Hicaz	-----
26.	Leblerinde kıvrılan	Hicaz	-----
27.	Sen hırâm ettikçe	Hicaz	Eşref Efendi
28.	Ömrüm güle bülbül gibi	Hicaz	-----
29.	Mest iken âgûşa gelmez	Hicaz	-----
30.	Durmadan kalbim gibi	Hicazkâr	-----
31.	Gonca açmaz, gül olmaz	Hicazkâr	Osman Nihat Akın
32.	Ben esîr-i dâm-ı aşk-ı zülf-i yârim	Hicazkâr	-----

33. Nihâl-i gülşen-i hüsn-i ezelsin	Sûzinâk	-----
34. Hicrân olsa da yoldaş	Sûzinâk	-----
35. Hasretle yanan kalbime	Sûzinâk	Hilmi Soykut
36. Feryâd ederim	Sûzinâk	-----
37. Âteş-i aşkınla	Acemaşîran	Rıza Savaşkan
38. Goncasından gülşenin	Acemaşîran	-----
39. Deli gönlüm bilmem ki neden	Acemkürdî	Sıdkı Sazbilen
40. Sevdâmı o hülyalı gözün rengi	Acemkürdî	Nâhit Hilmi Özeren
41. Beni öldür fakat aldatma	Bayâtî	-----
42. Birlikte geçen günleri	Bayâtî	-----
43. Sürünen ardından	Bûselik	-----
44. Ömrümün güzel çağı	Bûselik	MecdinevinTanrıkorur
45. Anılsın yâr ile	Hüzzam	-----
46. İnleyen kalbim	Hüzzam	-----
47. Âkıbet oldum esîrin	Muhayyer	-----
48. Saçların ne hoş dağılmış	Muhayyer	-----
49. Zülfünün zincirine bend eyledi	Rast	-----
50. Gittin bırakıp	Rast	-----
51. Yâ Rab belây-ı aşk ile	Segâh	Fuzûlî
52. Bahârı okşuyor ellerim	Segâh	Hilmi Soykut
53. Dildârına gamzenle	Bayâtî Araban	-----
54. Perîşân hâlin oldum	Bestenigâr	Fuzûlî
55. Terk-i cân et	Canfezâ	-----
56. Çevrilir başıma cihan	Evç	-----
57. Arz etmediğim yâre meğer	Hüseynî	Rüşdî
58. Sun sâgarısâkıy	Isfahan	Yahyâ
59. Neyse Mecnûn'una Leylâ	Karcıgar	-----
60. Aşkınla harab gönlümü	Mâhur	-----
61. Sen gül dalında gonca	Muhayyer	Orhan Seyfi Orhon
	Kürdî	
62. Titrer yüreğim ismini ansam	Nişâburek	-----
63. O güzel saçlarına	Nikriz	Hilmi Soykut
64. Can verme gam-ı aşka	Sabâ	Fuzûlî
65. Peymâneme mehtap süzülüp	Sultân-ı Yegâh	-----
66. Kiminle hasb-ı hâl eyler	Sûz-i Dil	Suat Bey
67. Al sazımı sevdiceğim (ilk eseri)	Şed Araban	-----
68. Bilmem ne zaman	Tâhir Bûselik	-----
69. Gönlümün bir hâli var ki	Uşşâk	Ahmet Rasim
70. Bülbül gibi her şâm ü seher	Muhayyer	-----
	Kürdî	
71. Âşıkım aklım perîşân	Bayâtî	Necdet Atılğan
72. Hicr-i cânan kan getirdi	Kürdîli	-----
	Hicazkâr	
73. Bin gülle bahar etmedesin	Muhayyer	-----
	Kürdî	
74. Kalbimde sönen bir ateşi	Nihâvent	-----
75. Âzâd-ı gam olmak	Uşşâk	-----
76. Bahar meltemidir başımda esen	Nihâvent	Kamuran Özbir
77. Yalnızım, yalnız şu gurbet elde	Uşşâk	-----

Tablo 1. Emin Ongan Besteleri

2. TÜRK MÜZİĞİNDE ŞARKI FORMU

Halk tarzı fasıllarda Ağırsemâi ile Yürük Semâi arasında okunur. Özelliği, XVIII. yüzyıldan sonra yaygınlaşan edebî şekline uygun olarak aa-ba kafîye düzeninde dört (nadiren beş veya daha fazla) mısralı ve çoğunlukla aruzun hezec, remel veya recez bahirlerine ait vezinlerle yazılmış güftelerin başta Aksak (9/8) ve Curcuna (10/16) olmak üzere hemen bütün küçük usûllerle, âdetenterennümsüz ve

melodik olarak abcb şemasında (yani 2. ve 4. mısraların hem söz, hem melodi olarak aynen) bestelenmesi ve mısraların normal olarak ikişer defa okunmasıdır. 4. mısra (nakarat) güftesi 2. den farklı olan şarkılar olduğu gibi, küçük terennüm bölümleri olan şarkılar da vardır (Tanrıkorur, 2005: 50).

3. EMİN ONGAN ŞARKILARINDA FORM YAPILARI

Emin Ongan eserlerine TRT nota arşivinden ulaşılmış, bu eserler içerisinde rastgele seçilen 20 şarkıda bestecinin şu form yapılarını kullandığı tespit edilmiştir:

1. Giriş bölümü 2 tekrarlı aynı nağmeden oluşanlar,
2. Giriş bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeden oluşanlar,
3. Nakarat bölümü 2 tekrarlı aynı nağmeden oluşanlar,
4. Nakarat bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeden oluşanlar,
5. Meyan bölümü tekrarsız tek nağmeden oluşanlar,
6. Meyan bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeden oluşanlar,
7. Giriş, nakarat ve meyan bölümleri 2 tekrarlı farklı nağmeli ve bölümlerinde bazı kelimelerin farklı nağmelerle tekrarlanmış olanlar.

3.1. Giriş Bölümü 2 Tekrarlı Aynı Nağmeden Oluşanlar

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı giriş bölümü 2 tekrarlı aynı nağmeyle kullanılmış 12 eser tespit edilmiştir. Bu eserler aşağıdaki tabloda verilmiştir:

SN	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	Gönlümün bir hâli var ki	Uşşâk	Ahmet Rasim
2.	Leblerinde kıvrılan	Hicaz	-----
3.	Ömrümün güzel çağı	Bûselik	MecdinevinTanrıkorur
4.	Âteş-i aşkınla	Acemaşîran	Rıza Savaşkan
5.	Perişân hâlin oldum	Bestenigâr	Fuzûlî
6.	İnleyen kalbim	Hüzzam	-----
7.	Nedendir sevdiğim	Kürdîli Hicazkâr	-----
8.	Aşkınla harab gönlüme	Mâhur	-----
9.	Bin gülle bahar etmedesin	Muhayyer Kürdî	-----
10.	Gül kokan, sünbül kokan	Nihâvent	Rıza Savaşkan
11.	Bugün yine gönlümün	Nihâvent	Emriye Gürdal
12.	Sen benim gönlümde	Nihâvent	-----

Tablo 2. Giriş Bölümü 2 Tekrarlı Aynı Nağmeden Oluşan Eserler

3.2. Giriş Bölümü 2 Tekrarlı Farklı Nağmeden Oluşanlar:

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı giriş bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeyle kullanılmış 1 eser tespit edilmiştir. Bu eser aşağıdaki tabloda verilmiştir:

S N	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	Bahar meltemidir	Nihâvent	Kamuran Özbir

Tablo 3. Giriş Bölümü 2 Tekrarlı Farklı Nağmeden Oluşan Eserler

3.3. Nakarat bölümü 2 tekrarlı aynı nağmeden oluşanlar:

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı nakarat bölümü 2 tekrarlı aynı nağmeyle kullanılmış 3 eser tespit edilmiştir. Bu eserler aşağıdaki tabloda verilmiştir:

S N	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	İnleyen kalbim	Hüzzam	-----
2.	Nedendir sevdiğim	Kürdîli Hicazkâr	-----
3.	Âteş-i aşkınla	Acemaşîran	Rıza Savaşkan

Tablo 4. Nakarat Bölümü 2 Tekrarlı Aynı Nağmeden Oluşan Eserler

3.4. Nakarat bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeden oluşanlar:

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı nakarat bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeyle kullanılmış 11 eser tespit edilmiştir. Bu eserler aşağıdaki tabloda verilmiştir:

S N	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	Gönlümün bir hâli var ki	Uşşâk	Ahmet Rasim
2.	Leblerinde kıvrılan	Hicaz	-----
3.	Ömrümün güzel çağı	Bûselik	MecdinevinTanrı orur
4.	Bahar meltemidir	Nihâvent	Kamuran Özbir
5.	Perîşân hâlin oldum	Bestenigâr	Fuzûlî
6.	Âşıkım aklım	Bayâtî	Necdet Atılgan
7.	perîşân Aşkınla harab gönlüme	Mâhur	-----
8.	Bin gülle bahar etmedesin	Muhayyer Kürdî	-----
9.	Gül kokan, sünbül kokan	Nihâvent	Rıza Savaşkan
10.	Bugün yine gönlümün	Nihâvent	Emriye Gürdal
11.	Sen benim gönlümde	Nihâvent	-----

Tablo 5. Nakarat Bölümü 2 Tekrarlı Farklı Nağmeden Oluşan Eserler**3.5. Meyan bölümü tekrarsız tek nağmeden oluşanlar:**

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı meyan bölümü tekrarsız nağmeyle kullanılmış 4 eser tespit edilmiştir. Bu eserler aşağıdaki tabloda verilmiştir:

S N	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	Âteş-i aşkınla	Acemaşîran	Rıza Savaşkan
2.	Leblerinde kıvrılan	Hicaz	-----
3.	Gül kokan, sünbül kokan	Nihâvent	Rıza Savaşkan
4.	İnleyen kalbim	Hüzzam	-----

Tablo 6. Meyan Bölümü Tekrarsız Nağmeden Oluşan Eserler**3.6. Meyan bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeden oluşanlar:**

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı meyan bölümü 2 tekrarlı farklı nağmeyle kullanılmış 5 eser tespit edilmiştir. Bu eserler aşağıdaki tabloda verilmiştir:

S N	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	Gönlümün bir hâli var ki	Uşşâk	Ahmet Rasim
2.	Sen benim gönlümde	Nihâvent	-----
3.	Bin gülle bahar etmedesin	Muhayyer Kürdî	-----
4.	Bahar meltemidir	Nihâvent	Kamuran Özbir
5.	Perîşân hâlin oldum	Bestenigâr	Fuzûlî

Tablo 7. Meyan Bölümü 2 Tekrarlı Farklı Nağmeden Oluşan Eserler

3.7. Giriş, nakarat ve meyan bölümleri 2 tekrarlı, farklı nağmeli ve bölümlerinde bazı kelimeleri farklı nağmelerle tekrarlanmış olanlar:

Bestecinin eserlerinden seçilen 20 eserde TRT arşivinde kayıtlı, giriş, nakarat ve meyan bölümleri 2 tekrarlı, farklı nağmelive bölümlerinde bazı kelimeleri farklı nağmelerle tekrarlanmış 8 eser tespit edilmiştir. Bu eserler aşağıdaki tabloda verilmiştir:

S N	Eserin Adı	Eserin Makâmı	Eserin Güftecisi
1.	Bunca cevrinle gönül	Kürdîli Hicazkâr	Muzaffer Akalin
2.	Gittin bıraktın beni	Kürdîli Hicazkâr	Nursen Bayrak
3.	Hasretle yanan kalbime	Sûzinâk	Hilmi Soykut
4.	Sevdâmı o hülyalı gözün rengi	Acemkürdî	Nâhit Hilmi Özeren
5.	Âşıkım aklım perîşân	Bayâtî	Necdet Atılgan
6.	Sevmez seni hiç kimse	Hicaz	-----
7.	O menekşe gözlerin	Hicazkâr	Kâmuran Eroğlu
8.	Aşkınla harab gönlüme	Mâhur	-----

Tablo 8. Giriş, Nakarat ve Meyan Bölümleri 2 Tekrarlı, Farklı Nağmeli ve Bölümlerinde Bazı Kelimeleri Farklı Nağmelerle Tekrarlanmış Olan Eserler

Yukarıdaki tabloda numaralanmış eserlerin giriş, nakarat ve meyan bölümlerinde bazı kelimeler farklı nağmelerle tekrarlanmıştır. Emin Ongan tarafından Kürdîli Hicazkâr makâmında bestelenmiş olan “Bunca cevrinle gönül ülkesi vîrâne olur” güfteli şarkının giriş kısmında son 2 kelime, nakarat kısmında son 3 kelime, meyan kısmında son 2 kelime 2 kez tekrarlanmış, yine aynı makamda bestelenmiş olan “Gittin bıraktın beni gurbet ellerde” güfteli şarkının giriş kısmında 2. ve 3. kelimeler 2 kez, 4. 5. ve 6. kelimeler 2 kez, nakarat kısmında 2. ve 5. kelimeler 2 kez, meyan kısmında 1. ve 2. kelime 2 kez, 3. 4. ve 5. kelimeler 2 kez tekrarlanmış, Sûzinâkmakâmında bestelenmiş olan “Hasretle yanan kalbime yetmez gibi derdim” güfteli şarkının giriş kısmında 4. 5. ve 6. kelimeler 2 kez, nakarat kısmında 5. 6. ve 7. kelimeler 2 kez, meyan kısmında 4. 5. ve 6. kelimeler 2 kez tekrarlanmış, Hicazkâr makâmında bestelenmiş olan “O menekşe gözlerin gönlümde ağlar gibi” güfteli şarkının giriş kısmında 5. kelime 4 kez, nakarat kısmında 4. kelime 4 kez, meyan kısmında 4. 5. ve 6. kelimeler 4 kez tekrarlanmış, Hicaz makâmında bestelenmiş olan “Sevmez seni hiç kimse bilmiş ol” güfteli şarkının giriş kısmında 5. ve 6. kelimeler 3 kez, nakarat kısmında 4. kelime 3 kez, meyan kısmında 4. kelime 3 kez tekrarlanmış, Acemkürdî makâmında bestelenmiş olan “Sevdâmı o hülyalı gözün rengi yarattı” güfteli şarkının giriş kısmında 5. ve 6. kelimeler 2 kez, nakarat kısmında 5. ve 6. kelimeler 2 kez, meyan kısmında 5. ve 6. kelimeler 2 kez tekrarlanmış, Mâhurmakâmında bestelenmiş olan “Aşkınla harab gönlüme gel” mısralı şarkının meyan kısmında 4. 5. ve 6. kelimeler 2 kez tekrarlanmış ve Bayâtîmakâmında bestelenmiş olan “Âşıkım aklım perîşân” güfteli şarkının giriş kısmında 4. ve 5. kelimeler 2 kez, meyan kısmında 5. 6. ve 7. kelimeler 2 kez tekrarlanmıştır.

SONUÇ

Bu çalışmada Emin Ongan’ın eserleri içerisinden seçilmiş şarkıların formsal yapıları göz önüne alınarak bazı analizler yapılması sonrasında bu analizlerden ortaya çıkacak verilerin şarkılarda kullanılan yapılar itibariyle değerlendirilmesi amaçlanmıştır. Bu amaçtan hareketle yaptığımız çalışmada;

Emin Ongan’ın bestelediği eserlerden seçilen 20 şarkıda Türk müziğinde kullanılan şarkı formundaki özellikler dışında kullanımlar bulunduğu,

Emin Ongan’ın bestelediği eserlerden seçilen 20 şarkının giriş bölümlerinde bazı şarkılarda tekrarların aynı nağmeyle bestelendiği, bazı şarkıların farklı nağmeyle bestelendiği,

Emin Ongan’ın bestelediği eserlerden seçilen 20 şarkının nakarat bölümlerinde bazı şarkılarda tekrarların aynı nağmeyle bestelendiği, bazı şarkıların farklı nağmeyle bestelendiği,

Emin Ongan’ın bestelediği eserlerden seçilen 20 şarkının meyan bölümlerinde bazı şarkılarda tekrarsız nağmeyle bestelendiği, bazı şarkıların 2 tekrarlı farklı nağmeyle bestelendiği,

Emin Ongan'ın bestelediği eserlerden seçilen 20 şarkının bazılarında ise, giriş, nakarat ve meyan bölümleri 2 tekrarlı, farklı nağmeli ve bölümlerinde bazı kelimeleri farklı nağmelerle tekrarlanarak bestelendiği

Sonuçlarına varılmıştır.

KAYNAKÇA:

- Ak, Ahmet Şahin (2009), Türk Müsiki Tarihi, Akçağ Basım Yayım, Ankara
Özalp, M. Nazmi (2000), Türk Müsiki Tarihi I-II, Millî Eğitim Basımevi, İstanbul
Öztuna, Yılmaz (2006), Türk Müsiki Akademik Klâsik Türk Sanat Müsikişinin Ansiklopedik Sözlüğü 1–2, Orient Yayınları, Ankara
Say, Ahmet (2005), Müzik Ansiklopedisi, Müzik Ansiklopedisi Yayınları, Ankara
Sözer, Vural (1986), Müzik ve Müzisyenler Ansiklopedisi, Remzi Kitabevi, İstanbul
Tanrıkorur, Cinuçen (2005), Osmanlı Dönemi Türk Müsikişini, Dergâh Yayınları, İstanbul
TRT Nota Arşivi

«АҚТҰМАР» МУЗЕЙІНІҢ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТАРЫ МЕН КӘСІБИ-ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУ ІСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

«Ақтұмар» музейінің меңгерушісі Ж.Д.НУРСЕЙТОВА*

Түйіндеме:

Мақалада «Ақтұмар» музейінің қазіргі деңгейі мен оның жалпы бағытын айқындауда, ең алдымен, жалпы әлемдік музейлер тарихына шағын ғана шолу жасалынған. Музей тарихы, мұрағаттар мен сирек бейне-суреттер туралы, университеттің алғаш іргетасы қаланған 1944 жылдан бергі шежіресі баяндалады. Университет Орта Азия мен ТМД аймағындағы қыздарға арналған ерекше оқу орны болғандықтан, музей экспозициясында қазақ мемлекетінің қалыптасуындағы қазақ әйелінің рөлі – көне заманнан қазіргі заманға дейінгі тыныс тіршілігін көрсетуге басымдық беріледі.

Музей экспозициясы университеттің даңқты жолының қалыптасуын, дамуын, университетті құрған мемлекет қайраткерлерінің, алғашқы ректорлардың оқу орнына сіңірген еңбектерін, ел таныған тұлғалардың ғылымға, білімге қосқан үлестерін баяндауды мақсат етеді.

Тірек сөздер: музей, экспозиция, қазақ әйелінің ролі, университет тарихы, зергерлік бұйымдар.

CONTINUITY OF TRAINING OF HIGHLY EDUCATED TEACHERS WITH HIGH PROFESSIONAL AND INTELLECTUAL POTENTIAL AND CULTURAL AND COGNITIVE DIRECTIONS OF "AKTUMAR" MUSEUM

Abstract:

The article focuses on the brief overview of the history of the world museums in order to determine the current level and the general directions of the museum "Aktumar".

In the article the author reports the historical archives, rare pictures and the history of the museum since 1944. The University is a unique educational institution for girls in Central Asia and the CIS, The role of the Kazakh women in the formation of the Kazakh state is reflected in the museum exposition - from the ancient times to the present.

The exposition of the Museum is designed to tell about the formation and development of the glorious path of the University, the contribution of the graduates to the science and education of the graduates, the first rectors, scientists who made an outstanding contribution to science and education.

Key words: museum, exposition, role of the Kazakh woman, history of University, jewelry.

Кіріспе

Өзінің бастау көздерін сонай көне дәуірлерден алатын мұражай мәдениеті – адамзаттық өркениеттің кепілі. Онда халықтың өткені ғана емес, дәл осы кезеңге дейін жалғасып жатқан ұрпақтар сабақтастығы, әрбір ұлттың даму жолында аға буынның жасаған өмірлік, тәрбиелік маңызы зор мәдени-тағылымдық, ғылыми- танымдық тұрғыдағы өнегелі істерінің көркем шежіресі, деректік құны жоғары қазыналық қоры жинақталады. Сол себепті өркениетті елдер өзінің тарихын қастерлеп, оны жас ұрпақтың санасына сіңіруде мұражай мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән береді. Музей мәдениетінің дамуына ықпал еткен ірі-ірі халықаралық шаралардың шешім табуы бұл бағыттағы ізденістердің жылдан жылға кеңейіп, өркендеп отырғанын көрсетеді. Мысалы, «1889 жылы 20 маусымда халықаралық “Музейлер ассоциациясы” құрылған болатын. Ал, 1918 жылы Халықаралық музейлер Бюросы құрылып, “Музеон” журналы шығарыла бастады. Бұл ЮНЕСКО-ның “Музеум” журналының шығуына негіз болды. 1946 жылы Луврда (Париж) ЮНЕСКО-ның құрамына енген Халықаралық Мұражайлар Кеңесі құрылды. ИСОМ-ға 1948 жылы 29 мемлекет, 1950 жылы 43 мемлекет, 1977 жылы 109 мемлекет, 1999 жылы 135 мемлекет мұражайлары мүше болды. 1977 ж. Халықаралық музейлер Кеңесінің 11-конференциясында 18 мамыр “Халықаралық мұражай күні” болып белгіленді. Қазіргі таңда мұражай қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде» [1].

Олай болса, мұражай мәдениетінің ұлттық топырағымызда одан әрі өркендеп қанат жаюына дәл қазіргі таңда, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылғандай, ұлттық кодты сақтау мәселесі алға шығарылып,

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, zhanat_nurseytova@mail.ru

халқымыздың өткен дәуірлерде жасаған рухани мұраларын дәріптеуге, насихаттауға, оны жаңазаман биігінен қайта парықтап, тарих қойнауында жатқан ізгі дүниелерді түгендеу міндеті өткір қойылып отырған кезеңде ерекше мәнге ие болып отыруы кездейсоқ емес. Әрине, бұл байлам тарихты тану бағытындағы осыған дейін жасалған сандаған ізденістерді жоққа шығармайды.

Керісінше, тәуелсіздік алғаннан бастап-ақ Президенттің зор қолдауы нәтижесінде арнайы әзірленген «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени

ескерткіштер мен нысандардың жаңғыртылуы, «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинақталып, халық игілігіне айналуы – соның дәлелі.

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасак, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек...

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды,»-деген Елбасы сөзінің тереңінде жатқан бір үлкен сабақ – халық қай заманда да өзінің даму жолында тарихын бағалай алғанда оның болашағы да баянды болатыны туралы тұжырым [2]. Олай болса, әр ұлт, әр аймақ, әрбір мекеме деңгейінде бұл мәселеге атсалысу – келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан заманауи үрдіс, ертеңгіге жол көрсетер үлгі. Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің де бұл бағытта ауыз толтырып айтар жетістігі мол. Осы орайда университеттің «Ақтұмар» тарихи-этнографиялық музейінің орны ерекше.

«Мұражай, музей, (грек тілінде *museion* – муза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді» [3]. Адамзат өркениетінің алғашқы қадамдары көне Рим дәстүрлерінен бастау алады. Дәл осы жерде бұл мәселенің қолға алынуы кездейсоқ жайт емес. Халықтың мәдени-материалдық қазынасының қоры саналатын бағалы бұйымдар мен заттарды жәдігер деп санап, оны арнайы жинақтау бағытындағы ізденістердің басында көне Рим патшасы Юлий Цезарьдың тұрғанын біріміз білсек, біріміз біле бермеуіміз мүмкін. Осылайша адамзаттың даму тарихында мұражай мәдениетінің іргетасының қалануы, оның арнайы жүйе ретінде қалыптасуы ұлттық сана-сезімді оятуда, мәдени-саяси идеяларды (ой-сезімді) насихаттауда іргелі зерттеу көзіне айналды. Сондықтан «Ақтұмар» мұражайының қазіргі деңгейі мен оның жалпы бағытын айқындауда, ең алдымен, жалпы әлемдік мұражайлар тарихына шағын ғана шолу жасауды жөн көрдік.

Зерттеушілер Еуропада тарихи мұражайлар 16-18 ғасырларда пайда болғанын айтады. 1820 жылы Германияда өнер мұражайлары құрылса, 1811 жылы Ресейде – Феодосияда, 1825 жылы Одессада, 1828 жылы Керчьте археологиялық бағыттағы және әскери-тарихи мұражайлар бой көтерген. 19 ғасырда этнографиялық зерттеулердің дамуы нәтижесінде этнографиялық мұражайлар құрылып, олар ғылыми-зерттеу орталықтарына айналды. Олар: Будапешт (1872), Стокгольм (1874), Париж (халықтану мұражайы, 1877), Роттердам (1883) қалаларында құрылған этнографиялық мұражайлар. Ашық аспан астындағы алғашқы этнографиялық мұражайлар Скансенде (Стокгольм, 1891), қасиетті Мартинде (Словакия, 1893), Софияда (1893) Брюссельде (1897), Краковта (1910), Арнхемде (Нидерланд, 1912) құрылып, ірі ғылыми ізденістермен айналысқан» [4].

Ал, отандық мұражайлар тарихына қарасақ, оның да даму жолы екі жүз жылдан асып отыр. Қазақстандағы тұңғыш мұражай деп аталып отырған Неплюев әскери училищесі жанынан губерниялық мұражай 1831 жылы ашылған болатын. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын сипаттайтын мұраларды жинақтау мақсатында ашылған бұл ұйымның жәдігерлері кейін келе Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайының негізгі қорын құрады. Міне, содан бері отандық мұражай ісі дамып, өркендеп келеді. Мысалы, Қазақстанда 1970 жылға дейінгі кезеңде 29 мұражай болса, қазіргі таңда мұндай мәдени мекемелердің саны 154-ке жетті. Оңтүстік мемлекеттік мұражай (1830), Ә.Қастеев атындағы республикалық өнер мұражайы

(1935) Президенттік мәдени орталық (2000), Мемлекеттік алтын және асыл металдар мұражайы (1994), ҚР ҰҒА Археология музейі (1973), Ұлттық валюта музейі (1993), Кітап музейі (1978) Ықылас атындағы Республикалық халық саз аспаптар музейі (1980), “М. Әуезов үйі” ғылыми орталық музейі (1962), т.б. мемориалдық музейлер: Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Д.Қонаевтың, Қ.И.Сәтбаевтың, Ж.Жабаевтың, С.Мұқанов пен Ф.Мүсіреповтің, Ғазиза және Ахмет Жұбановтардың, Ш.Уәлихановтың (Алтын Емел), т.б. мемориалдық музейлері де Қазақстанның тарихи-мәдени рухани өмірінде маңызды рөл атқарып отыр.

Осындай іргелі істердің қатарында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Ақтұмар» тарихи-этнографиялық музейі де заман талабына сай өз қызметін жалғастырып келеді. Бұл музей Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына сай дәстүрлі-мәдени рухани құндылықтар арқылы студент жастарға өз мемлекетінің тілін, көп ұлтты Қазақстанның тарихын құрметтеу қасиеттерін қалыптастыру мақсатында 2002 жылдың қараша айының 8 жұлдызында ұйымдастырылған болатын және музейдің этнографиялық бөлімінің авторы белгілі ғалым, этнограф- Дәркембай Шоқпарұлы мен сол кісінің отбасы.

Музей, тарихи мұрағаттар мен сирек бейне-суреттер арқылы ғылыми-зерттеулер жұмыстарын жүргізіп, университеттің алғаш іргетасы қаланған 1944 жылдан бергі шежіресін баяндауды көздейді. Университет Орта Азия мен ТМД аймағындағы қыздарға арналған ерекше оқу орны болғандықтан, музей экспозициясында қазақ мемлекетінің қалыптасуындағы қазақ әйелінің рөлі – көне заманнан қазіргі заманға дейінгі тыныс тіршілігін көрсетуге басымдық беріледі.

Музей экспозициясы 5 бөлімнен құралады: 1. Аналар ұлағаты- елге аманат. 2. Университет тарихы. 3. «Әйел әлемі»- этноколлекция. 4. Әйелдер шығармашылығы. 5. Әйелдердің қоғамдағы рөлі.

Мұражайлардың негізгі қызмет бағыты тұрғысынан *тарихи мұражайлар* (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумисматикалық, т.б.), *көркемөнер мұражайы* (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, музыка кино, т.б. музейлер), “жаратылыстану мұражайы” (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық, т.б.), *техникалық мұражайлар* (авиация, автокөлік, кеме жасау, тау-кен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері, т.б.), “кешенді мұражай” (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану мұражайы), *мемориалдық мұражай* (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өмірі мен қызметіне арналған мемориалдық болып бөлінетіні белгілі. Ал, «Ақтұмар» тарихи-этнографиялық музейінің жанрлық сипаты музейлік педагогикаға негізделген. Сондықтан мұражайдың алдына мынандай міндеттер қойылған:

а) ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі-мәдени рухани құндылықтар арқылы студенттерді Отанын сүйуге, тілін, өз елінің және Қазақстанның өзге ұлттарының тарихын құрметтеу, ұлттық мұралар негізінде еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;

б) музей экскурсияларында университеттің тарихи даңқты даму жолын, тарихи мұрағаттар мен суреттер арқылы тұрақты насихаттау;

в) студенттердің ғылыми-зерттеу ізденістерін және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруда музейлік мұрағаттар арқылы ынтасын дамыту;

г) музейлік әлем құндылықтарын студенттерге музейлік педагогика арқылы танымдық ізденіс қалыптастыру;

д) тарихи мұрағаттар арқылы музейлік педагогиканың негізінде жан-жақты білікті мамандар дайындауға ықпал жасау.

Музей экспозициясы университеттің даңқты жолының қалыптасуын, дамуын, университетті құрған мемлекет қайраткерлерінің, алғашқы ректорлардың оқу орнына сіңірген еңбектерін, ел таныған түлектердің ғылымға, білімге қосқан үлестерін баяндауды мақсат етеді. Сондықтан музей концепциясында төмендегідей екі бағытта жұмыс жүргізуге ерекше мән беріледі:

1) Университеттің 1944 жылдан бергі даму тарихына зерттеулер жүргізіп, тарихи мұрағаттар мен сирек суреттер арқылы университет тарихын айқындап-насихаттау. Қазақ қыздарының заманауи сапалы білім алып бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы ғалым ұстаздардың ғылыми-педагогикалық еңбектерін көрсету. Музейлік педагогика негізінде, тарихи мұрағаттар арқылы, студенттердің бәсекеге қабілетті маман болуына ықпал жасап, рухани ізденпаздығын арттыру.

2) Университет Орта Азия мен ТМД аймағындағы қыздарға арналған ерекше оқу орны болғандықтан, музей экспозициясында Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына қазақ мемлекетінің қалыптасуындағы – қазақ әйелінің ролін, көне заманнан қазіргі заманға дейін тыныс тіршілігін көрсету. Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға - арулардың жерін қорғаудағы тарихи

тағлымын, ел басқару ісін, ел намысын биік ету өнегелерін көрсету. Қазақ қыздарына ұрпағының болашағын ойлаған Аналарымыздың өмірі мен жеке дара адами қасиеттерін бойларына қалыптастыру жұмыстарын жүргізіп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі-мәдени рухани құндылықтар негізінде Еліне және Қазақстанның өзге ұлттарының тарихын құрметтеу қасиеттерін қалыптастыру.

Экспозициялардың тақырыптық құрылымы оқу-ағарту саласының тарихы мен бүгінгі өркениетке ұмтылып отырған еліміздің білім жүйесінің ортақ арналарын сақтай отырып түзілген. Залдың сол жағында бес бөлімнен тұратын мұражай экспозициясы ертедегі түркі мәдениетінде әкешеше құдіретін дәріптеген жас ұрпаққа тәрбиелік үлкен мәні бар, Күлтегін сөздерімен ашылады.

I-бөлім «Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы оқу-ағарту ісі Қазақ қыздары оқыған алғашқы оқу орындары» деп аталады. Осы бөлімдегі жәдігерлер екі тақырып аясына топтастырылған. I-тақырып: «Аналар ұлағаты-елге аманат» деп белгіленген. Оның мақсаты: аналар ұлылығын дәріптеу. Сол себепті бұл жерде қазақтан шыққан алғашқы сауатты, ел басқарған ханымдар туралы деректі құжаттар, суреттер, қойылған кітаптар арқылы беріледі. Тарихта қазақтың батыр қыздарының аттарымен бірге, белгілі хандардың ханымдары да өз білімдерімен әйгілі болған. Әбілхайырдың Бопайы, Уәли ханның Айғанымы, Жәңгір ханның Фатимасы, Шерғазы Айшуақұлының жесірі Анай ханым Нәдірқызы, Бегімхан Шамина Бөкейхановалар және т.б. хаттары, деректі құжаттар осыны айғақтайды.

Бірінші бөлімнің 2-тақырыбы “Қазақстандағы алғашқы оқу орындарының дамуына” арналған. Тақырыптың мақсаты: Болашақ ұстаздарға қазақ мектептерінің шығу тарихын, алғашқы ағартушы ғалымдар туралы мәлімет беру. Қазақ даласындағы алғашқы білім, оқу-ағарту ісі, алғашқы ағартушылар: Ы.Алтынсарин, оның ізбасарлары туралы тарихи құжаттар, қыздар оқыған алғашқы оқу орындары туралы құжаттар қойылған. Ол құжаттар 1870 жылдан бастап, 1914 жылдар аралығын камтиды. Қазақстанда әйелдерге арналған оқу орындары, әйелдер гимназиялары олардың даму жолдары, Хан ставкасындағы әйелдерге арналған оқу орындары (1890-1914жж) туралы құжаттар, суреттер тарихтан сыр шертіп, студенттерді қазақ даласындағы ғылым мен білімнің даму жолдарымен таныстырады.

II-бөлім «Университет тарихы.Қазақ қыздарының парасат мектебі» деген атаумен айықталған. Тақырыптың мақсаты: университеттің даму жолының қалыптасуын, университетті құрған мемлекет қайраткерлерінің, алғашқы ректорлардың оқу орнына сіңірген еңбектерін, ел таныған түлектердің ғылымға, білімге қосқан үлестерін таныту. Онда университеттің іргетасы қаланған күннен бергі кезеңде осы оқу орнын басқарған ректорлар жөнінде біртұтас тарих жазылған. Атап айтқанда:Оспанов Құрманғалидан бастап, Мырзабекова Тұрсын Мырзабекқызы, Ыбыраева Ажар Хакімқызы, Сармурзина Масура Ғайсаққызы, Құнантаева Күләш Құнантайқызы, Елемесова Жәмила Тоқтарбекқызы, Исаев Сейілбек Мұхамеджарұлы, Пірәлиев Серік Жайлауұлы, Беркімбаева Шәмша Көпбайқызы, Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызы, Алдамбергенова Гаухар Төремұратқызына дейінгі аралықта ұжымды басқарған тұлғалар жайлы мағлұматтар бар.

Бұл бөлімге орналастырылған экспозицияларда университеттің даму тарихының жетістіктері деректі құжаттармен және ұлағатты ұстаздардың еңбектері, даңқты түлектердің білім, ғылым, мәдениет салаларына қосқан үлестері көрсетілген. Олардың өзі де іштей сараланып, «Қыздарға қамқор көңілмен», «Өзін-өзі тану – адамның үйлесімді даму бағдарламасы» экспозициясы деп аталған. “Егер әлемде жас өспірімдерге ешкім қамқорлық жасамаса, бұл жауапкершілікті мемлекет пен қоғам өз қамқорлығына алуы керек” деген «Бөбек» қорының президенті С.А.Назарбаеваның сөзі экспозиция мазмұнын толық танытып тұр.

Біріншіден, ғаламдық ақпарат ғасырында өмір сүріп отырған қоғам дамуында адамзат білімінің құндылығы басты орын алады. Олай болса, әлемдік аймақтағы мемлекетіміздің орны, оның білімі мен ғылымның дамуының бағыт-бағдарына, негізгі өркениеттік ұстанымдарды игеруіне және нақты жетістіктеріне тікелей байланысты.

Екіншіден, білім беру қазіргі қоғамдағы басты құндылық адам ресурсының толыққандылығын ұсыну мен оның сол мемлекеттің әлемдік деңгейде дамуына мүмкіндіктер ашатын интеллектуалдық, саяси т.б. элита қалыптастыруының алғашқы баспалдағы болып табылады. жалпыадамзаттық даму үрдісіне сай ақпараттық қоғам талаптарын, бүгінгі Қазақстанның ақпараттық қоғам кеңістігіне бойлай енуін қамтамасыз ету үшін қажетті теориялық-практикалық әлеуетке ие бола алады. Жалпы ғалымдар мен педагогтардың ғылыми түсіндірмелерін сараптай келе, ғылыми-ақпарат туралы төмендегідей анықтаманы ұсынамыз:

Ғылыми ақпарат – жаңашылдық, шығармашылдық, танымдық, білімділік, зияткерлік, ашықтық, жүйелілік, сабақтастық, құндылықты, практикалық, т.б. сапалармен айқындалатын белгілері арқылы рухани кеңістіктің теориялық деңгейдегі маңызды бірі саласы. Ақпараттық мәдениет ақпараттық кеңістікке енудің арнайы заңдылықтарын іске асырады, ақпараттық кеңістіктің ғылыми саладағы мазмұнының мәдениеттілік дәрежесі ғылыми-ақпараттық мәдениетке айналады [2]. Ғылыми-ақпараттық мәдениет дегеніміз – ақпараттардың ғылыми аймағына жалпылай енуге сәйкес келетін білімдер мен сол саладағы жан-жақты қарым-қатынас деңгейін қамтамасыз ете алатын іс-

әрекеттердің жиынтығы. Зерттеу тақырыбы барлық қоғамдық ғылымдар саласына тікелей байланысты болғандықтан және ақпараттық қоғам аясынан тыс қалмағандықтан, ғылыми ақпараттар негізінде дамып, сабақтастық арнасын сақтағандықтан, ғылыми-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мәселесі оның жалпылама теориялық-әдіснамалық бағдарын анықтап алуды қажет етеді [3].

Қазіргі ғылымның даму заңдылықтары арасында бүкіләлемдік тұтастықтан туындайтын ғылыми білімді біріктіру мен жинақтау ерекше орын алады. Ғылыми бағыттар теориялық және практикалық тұрғыдан өзара тоғыса келіп, жаңа пәнаралық ғылыми ұғымдарға негіз болатыны белгілі. Білім кеңістігіндегі ғылыми-ақпараттық мәдениетті қалыптастырушылық әлеуеті бар бірнеше ғылымның бірігуі аясында «ғылыми-ақпараттық мәдениет» пайда болады және оның осы кеңістіктегі бейнесі айқын көрініс береді.

Еліміз ұстанып отырған әлемдік өркениет көшіне ілесу мен алдыңғы қатардан орын алудың маңызды бір қыры, шындығында, ақпараттық қоғам кеңістігіне еркін ену екендігі сөзсіз. Жаһандану үдерісінің шарттары да ақпараттық мәдениеттің жетілген деңгейін талап етеді. Осыған орай, мемлекетіміз де осы салаға арнайы бет бұрып, оның тетіктері мен алғышарттарын ұсынып отыр. Ал интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты да әрбір қоғам мүшесінің зияттылық (зияткерлік) жағынан жетілуін қажет ететіндіктен, олар өзінің бастапқы білімдерін ғылыми-ақпараттардың көзі болып есептелетін кітапханалардан алады. Ал, ЖОО студенттері (кітапханатану және библиография мамандығы бойынша білім алушылар) сол ғылыми-ақпараттарды беру үшін, ғылыми-ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлға болуды қажет етеді. Сондықтан, бүгінгі таңдағы Қазақстанда ғылым мен білім беруге арнайы маңыз беріліп, заң жобалары да қабылданып жатыр. Жастарға ғылыми білімдерді меңгерту біз қарастырып отырған мәселе ЖОО студенттерінің ғылыми-ақпараттық мәдениетіне тікелей байланысты. Осыған орай, оның саясаттанулық негіздерін де басшылыққа аламыз.

Ғылыми-ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің бірі – лингвистикалық: ақпарат – мәтін ретінде, мәтінді интерпретациялау, терминология – ғылыми-ақпараттардың негізі, ғылыми стиль – ғылыми-ақпараттық мәдениеттің тұғыры, т.б.

Мәтіннің барлығы ақпараттық негізде құрылады, ақпараттың өмір сүруі мен айқындалау тәсілі – мәтін. Мәтін кең мағынасында таңбалар мен белгілер туралы (семиотикалық) ілімдерден бастап, ауызша-жазбаша және виртуальдік формада (теледидар, бейнетаспа, дискілерден, интернеттен қарау,) көріне алатын тілдік мазмұнға дейінгілердің барлығын қамтиды. Осыған орай, ғылыми-ақпараттар да ғылыми мәтін ретінде арнайы айрықшаланады. Ақпараттық мәдениет әрекетінің негізі болып табылатын оларды жинақтау, сұрыптау, өңдеу жұмыстары мәтінмен істелетін түсіндіру (герменевтикалық), талдау (интерпретациялау), мазмұнын ашып көрсету (экспликациялау) және мәтіннің ішкі мәнін қысқаша ашу үшін қолданылатын түйін (резюме), аннотация, тезис т.б. лингвистикалық мәселе ретінде ғылыми-ақпараттық білімдерді қалыптастырудың бір саласы екендігі сөзсіз. Сонымен қатар, лингвистиканың терминология саласы және оны еркін меңгеру де ғылыми-ақпараттық мәдениеттің бастапқы құралдары мен мүмкіндіктері ретінде айшықталады [4].

Лексикадағы стильдер, оның ішіндегі ғылыми стиль – ғылыми ойлау мен ғылыми мәтіннің басты формалық құралы. Олай болса, ғылыми-ақпараттық мәдениет бұл саладан да тыс қалмақ емес. Осы орайда, тілге қатысты «сөйлеу мәдениеті», «тіл мәдениеті», «тілдік қарым-қатынас мәдениеті» сияқты салалар «ғылыми ақпараттық мәдениет» түсінігімен жанасады. Демек, ғылыми-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үдерісінде оның лингвистикалық қыры да маңызды тұғыр болып табылады.

Ғылыми рухани кеңістік пен білім беру аймағында өзін еркін сезінетін кез келген тұлға ғылыми-ақпараттық мәдениетті игеруі тиіс. Бұл кітапхана мамандарына да қажет ұстаным. Мәселен, ғылыммен шұғылданушылармен қарым-қатынас, олардың қажеттіліктерін өтеу, т.б. осы саладағы маманның сапалық қасиеті екендігі даусыз. Ғылымның өркендеуі ғылыми білімдермен тікелей байланысты. ЖОО студенті «білім туралы білім феноменін» толық меңгеруі тиіс. Яғни, ғылыми-ақпараттық негізде қалыптасқан жалпы білім қорларының жүйесі туралы мағлұматтарды толықтай игерудің өзі белгілі бір дәрежедегі білімді қажет етеді. Бұл – ЖОО студенттеріне (оның ішінде кітапхана ісі мамандығы бойынша білім алушыларға) қажетті білімділік деңгейі ретінде әлеуметтік қарым-қатынас құндылығын құрайды. Осыған орай, аксиологиялық бағдарлар біздің зерттеу мәселеміздің негізгі салаларының бірі [5].

Соңғы жылдары ақпараттық мәдениет проблемасына деген қызығушылықтың күн сайын өскеніне куә болып отырсақ та, ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың арнайы нысанын көре алмай отырмыз. Мазмұны және көлемі жағынан әртүрлі жаңа жұмыс түрлері пайда болуына

қарамастан ақпараттық мәдениетті іс жүзінде білім беру жүйесінде, соның ішінде кітапханаларда қалыптастыруда өзара бірізділік жоқтың қасы. Ақпараттық мәдениетті дамытуда дәстүрлі және инновациялық бағыттар арасында алшақтық байқалады. Мысалы, білім беру мекемелерінде компьютерлік сауаттылыққа оқытумен кітапхана қызметіндегі ақпараттық ресурстар арасында және ақпараттық мәдениетті құру қызметінде байланыс жоқ.

Бүгінгі таңда кез-келген жас ұрпақ өкілі компьютерлік сауаттылықты меңгерген, бос уақыттарын Интернет-кафелерде, Интернет - клубтарда өткізу арқылы әртүрлі ақпараттарға еркін қол жеткізе алады. Ал керісінше, кітап оқуға машықтанбағандықтан өзіне қажетті кітапты таңдау, қажетті ақпаратты іздестіру барынысында бірқатар қиыншылықтарға ұшырайды. Бұл балалар оқуында орын алып отырған күрделі проблеманы айқындайды. Әсіресе, түрлі ақпарат құралдары арқылы зорлық пен қатыгездікті ашық насихаттауға, шытырман оқиғаларға негізделген «жеңіл оқу» – фэнтези кеңінен таралып отырған кезде отандық әдебиетке, классикалық шығармаларға, сондай-ақ қазіргі заман үлгісіндегі әдебиеттерге деген ынтасы жоқ тұтас бір буынның қалыптасып үлгіргенін көрсетеді. Бұл баршаға ортақ қоғамдық проблема.

Осындайда бұрынырақта айтылған: «Маған кітапхана беріңіз, мен оның айналасына университет құрамын», - деген мағыналы терең ой еске түседі. Жаңалыққа жаны құмар жас буын бойына ақпарат айыдынында адастырмайтын ақпараттық мәдениетті сіңіру, дарыту үшін оның айналасына арнайы дағды, білім, машық дәнін себетін ақпараттық ортаны құратын университет осы мектеп кітапханасы. Мектептегі ақпараттық мәдениет – бұл кітапқа, кітап оқуға деген ынтаны, сүйіспеншілікті оята білудің, түрлі ақпараттық дерек көздерді іздестіруге және оларды тиімді пайдалануға машықтандыра білудің, өз бетімен білім алуға үйретудің алғашқы қадамы. Сондықтан да оқушыларды өзіне қажетті ақпаратты дұрыс анықтауына, анықталған ақпараттарды талдай отырып ең қажеттісін іріктеуіне және оған тиімді, әрі жылдам тәсілмен қол жеткізу мүмкіндіктерінің әліп-биін үйрету мектеп кітапханасының еншісінде.

Білім беру үдерісінде оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың бастапқы сатысы ретіндегі маңызды роль кітапханалық-библиографиялық білімге (КББ) тиесілі. Бұл әрбір мектеп кітапханасы жұмысындағы дәстүрлі бағыттардың негізі ретінде тағы да ерекше назар аударуды талап етеді. Кешегі мектеп түлегі бүгінгі студенттің кітапханалық-библиографиялық білім негіздерінің әліппесін игермегендіктен көптеген қиыншылықтарға кездесетіндіктері тәжірибе жүзінде жиі көрінеді. Сонымен қатар, ақпараттық мәдениеттің төмендігінен кітапханалар қорында жинақталған ақпараттық ресурстардың белгілі бір бөлігі пайдаланылмай отырғанын да айтуға болады.

Әдіснамалық-теориялық шарттардың барлығы – негізгі мәселе «ғылыми-ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың» жалпы педагогикалық негіздеріне келіп тоғысады: теориялық білімдер құрылымын түсіну, жалпы ғылыми идеялар мен принциптерді игеру, ғылыми таным әдістерін түсіну, ғылымдар классификациясы мен олардың әрқайсысының зерттеу пәнін ажырату т.б. Шындығында, бұл ғылым философиясы мен тарихы пәніндегі қарастырылатын негізгі мәселелер. Дегенмен, ол ғылыми-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін қажетті парадигмалар. Бұл ғылыми-ақпараттық мәдениеттің негізі болып табылатын «ғылыми-ақпараттық сауаттылық» ұғымының мазмұнымен үндеседі. Яғни, меңгеруге тиісті ғылым туралы білімдердің бастапқы нұсқасы ЖОО студенттері мәдениетінің теориялық негізі болмақ. Ғылым туралы бастапқы түсініктер теориялық білімдердің жалпы құрылымы туралы мағлұматтардан бастау алады. Одан соң ғылыми білімдердің нұсқасын меңгеру мен таным әдістерін білу, ғылымдар классификациясы мен зерттеу пәнін ажырату т.б. меңгеруге тікелей қатысты ұстанымдар.

Осы атап көрсетілген жалпы әдіснамалық-теориялық деңгейге сүйене отырып, келесі кезекте жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде студенттердің ғылыми-ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктерін, шарттарын немесе ұстанымдарын жүйелеп ұсыну қажет етеді.

Қазіргі өркениетті заманның халқын зияттылық деңгейге көтерудегі кітапхананың қызметіне жаңалықтар ендіру кітапхана қызметкерлерінің жаңа заман үлгісіндегі инновациялық қызметін жолға қояды. Бұл бір жағынан, заман талабына сай, ақпараттық технологияларды меңгеру болса, екінші жағынан кітапхана қызметкерлерінің зерде мәдениеті тұрғысынан ғылыми-ақпараттық мәдениетінің қалыптасқандығын көрсетеді.

Ғаламдастыру жағдайында өз білімімен, мәдениетімен, мүмкіндіктерімен ерекшеленетін ұлт қалыптастыру – еліміздің басты саясаттарының бірі. Зияттылығы жоғары ұлт ретінде халқымыздың мәдениет деңгейінің көтерілуі, дамыған елу елдің қатарынан табылуға стратегиялық жоспарлар жасап ұсынушы елбасымыздың идеяларын қуаттайды. Ақпараттар тасқынын таңдамай, талғамай игеру мүмкіндігі жастарымыздың өмірлік ұстанымдарына кері ықпалын да тигізуі мүмкін. Сондықтан, ғылыми мен техниканың жетістігін өркениет жемісі деп қарайтын ұлт болашағына барлық

ақпараттарды іріктеп, сұрыптайтын, өмірлік мұраттарымызға сай топтастыратын ғылыми-ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу қажеттілігі айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пругова И.В. Информационная культура как компонент педагогических способностей личности //Информационная культура специалиста: гуманитарные проблемы: Тез. докл. Междунар.науч.конф.Краснодар-Новороссийск, 23-25 сент. 1993г. - Краснодар, 1993. - С.118-120.
2. Андрианова Т.В. Методологические проблемы организации информации в области общественных наук - М.: Наука, 1980. - С.19.
3. Урсул А.Д. Информация //Философский энциклопедический словарь/ Гл. редакция: Ф56 Л.Ф.Ильичев, П.Н.Федосеев, С.М.Ковалев, В.Г.Панов — М.: Сов. Энциклопедия, 1983.—840 с. (с.216-217)
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования.-Алматы: Алем, 2000. -381 с.
5. Құсайынова А.Қ., Есеева М.Т. Салыстырмалы педагогика әдістемесі мен әдістері: Оқу құралы. - Алматы: Pont, 2014.

BİLİMSEL ARAŞTIRMA FAALİYETİ İÇİN GELECEĞE YÖNELİK ÖĞRETMEN EĞİTİMİ

⁵⁸PhD Омер ЗАЙМОҒЛЫ
Л.Б. ИМАНКУЛОВА

Özet:

Bu çalışma, mesleki eğitim öğretmen adaylarının bilimsel araştırma faaliyetlerindeki yeterliliklerini ve olanaklarını ele almakta, bilimsel araştırma faaliyetleri için mesleki eğitim öğretmenlerini yeterli düzeye ulaştırmayı hedefleyen öneriler içermektedir. Mesleki eğitim öğretmen adaylarına araştırma, pedagojik bilgi ve beceri, kendini geliştirme, alanında araştırmaya yönelik öneriler sunulmaktadır. Ayrıca araştırma, bilgi ve becerilerin öğretmen adaylarının eğitiminin temelini oluşturduğunu ve bireyin gelişimi için önemli olduğunu göstermektedir.

Bu doğrultuda çalışmada ilk olarak Kazakistan'ın Pazar ekonomisine geçişi ile birlikte eğitim sisteminin de değişen sosyo-ekonomik yapıya uyumlu hâle getirilmesine değinilmiş ve bu konuda mesleki eğitimin önemi vurgulanmıştır. Bu doğrultuda çalışma boyunca mesleki eğitim öğretmen adaylarının araştırma ve geliştirmeye yönelik uygulamalar yapabilmesi için almaları gereken eğitim basamakları halinde gösterilmiştir.

Anahtar Kelimeler: mesleki eğitim, araştırma faaliyeti, öğrencilerin araştırma faaliyetlerinin oluşumu.

FORMATION OF READINESS OF FUTURE TEACHERS OF PROFESSIONAL TRAINING FOR SCIENTIFIC-RESEARCH ACTIVITY**Abstract:**

This study discusses the qualifications and opportunities of prospective teachers in scientific research activities, and offers recommendations to improve vocational education teachers for scientific research activities. Vocational education teacher candidates are offered research, pedagogical knowledge and skills, self-improvement, research proposals in the field. It also shows that research, knowledge and skills form the basis of teacher candidates' education and are important for the development of the individual.

In this context, firstly, the transition of Kazakhstan to the market economy and the adaptation of the education system to the changing socio-economic structure were mentioned and the importance of vocational education was emphasized in this study. In this respect, vocational education teacher candidates are shown as the steps they need to take for research and development.

Keywords: professional education, research activities, the formation of research activities of students.

Kazakistan Cumhuriyeti'nin pazar ilişkilerine geçişi ile birlikte eğitim kurumlarının temel amaçlarından biri de yeni modele uygun yüksek vasıflı uzmanların yetiştirilmesi olmuştur. Modern toplumun gelişimi, sosyo-ekonomik yapıdaki değişimler, toplumsal dinamizmin artışı, daha önce bilinmeyen ve niteliksel anlamda yeni faaliyet alanlarının ortaya çıkmasını kaçınılmaz kılmaktadır. Bu bağlamda eğitim ve bilim, yeni toplumsal koşullara uygun, uzun vadeli stratejilerin belirlenmesinde ve sürdürülmesinde en önemli önceliklerden biri olarak kabul edilmektedir. «Kazakistan -2030»[1].

Bu doğrultuda eğitim ve bilimin temel amacı sadece kalifiye uzmanlar yetiştirmek değil; sürekli olarak değişen bilgi akışında yetkin bir biçimde araştırma yapabilen, karşılaştırılabilen, analiz edebilen, genelleşirebilen, en iyi çözümleri bulabilen alanında uzman kişileri yetiştirebilmektir. Bunların yanı sıra üniversite düzeyindeki mesleki eğitim sisteminin en önemli bileşenlerinden biri de öğrencilerin yaratıcı potansiyelini ortaya çıkarma ve onları, büyüme ve gelişme yönündeki fırsatları ortaya çıkarabilecek şekilde araştırma ve geliştirme çalışmalarına hazır hale getirebilmektir.

Araştırma faaliyetlerindeki beceriler, yaratıcı yetenekler, bireyin mesleki eğitim öğretmenliği ve öğrencisi olarak kendini gerçekleştirme konusundaki hazırlıklarını tam olarak göstermesine olanak sağlar. Bu alandaki kapsamlı yasal düzenlemelerin yanı sıra birçok teorik çalışma olmasına rağmen henüz yeterli derecede olmadığı bilinmektedir. Öğrencilerin araştırma ve geliştirme için yeterli donanımına nasıl sahip

⁵⁸ Akdeniz Üniversitesi Öğretim Üyesi, Antalya, Türkiye

**Doktoraöğrencisi 2 kurslu Kazakistan

olacağı sorusunun tam anlamıyla bir cevabı yoktur. Araştırma süreci bireysel bir süreç olarak kabul edilmektedir fakat araştırmacıyı üretken hale getirmek için bu süreçte izleyeceği yolu bilmesi adına onu yetiştirmek kişisel ve eğitsel anlamda araştırmacı için önemlidir

Araştırma faaliyetinde bulunacak öğrenciler, genellikle araştırma metodolojisi konusundaki bilgi eksikliği nedeniyle araştırmacının uygulanması sorunuyla karşı karşıya kalmaktadır. Bu doğrultuda ilk olarak araştırmacının, bilimsel araştırma yapabilecek düzeyde temel bilimler eğitimi alması, bunun yanı sıra akademik kaynakları tarama becerileri geliştirilmesi ve araştırmacıya hangi alanda bilimsel araştırma yapabileceğini tespit edebilme kabiliyetinin edindirilmesi gerekmektedir. İkincisi: öğrencilerin araştırma konularında bilgi sahibi ve çalışılacak disiplinin çeşitli yönlerine hakim olması, üçüncüsü: araştırılacak konuda öğrencinin bilişsel olarak yeterli ve alanda yaratıcı yeteneğe sahip olması gerekmektedir. Dördüncüsü: araştırmacıya alanında uzman eğitimcilerden destek alması konusunda kolaylıklar sağlanması ve son olarak da eğitim gördüğü kurumun bilimsel çalışmalarda belirli amaçlarına yönelik çalışmalar yapmasıdır.

Eğitim uzmanlığının zorunlu bir bileşeni olarak araştırma faaliyetlerinin uygulanması yükseköğretim psikolojisinin önemli sorunlarından biridir. Üniversitedeki eğitiminde yaratıcı düşünme ve bilimsel araştırma becerilerinin oluşturulması ile öğrencilerin yeteneklerini ortaya çıkarma ayrılmaz bir şekilde bağlantılıdır. Bilimsel araştırma konusunda metodoloji farklı tarih ve dönemlerde farklı okul ve bilim insanları tarafından geliştirilmiş ve geliştirilmektedir.

Öğrencilerin araştırma faaliyetlerinin psikolojik ve pedagojik esasları konusunda S.I. Arkhangelsky, V.I. Andreeva, Yu.K. Babansky, V.V. Davydov, S.I. Zinoviev, V.A. Krutstskogo, vb. EP. Elyutin, I.Ya. Lerner, L.I. Pidkasitiy, V.A. Slastenin vd. eserleri temel çalışmalar arasında kabul edilmektedir [2].

Araştırma sürecini tarih boyunca pedagojik faaliyetlerin içeriğine dahil etmenin önemi, birçok bilim insanı ve eğitmen tarafından dile getirilmiştir (IG Iestalozzi, Zh.Z. Rousseau, A. Disterweig, NI Novikov, KD Ushinsky, P.). F. Kapterev, ST Shatsky, I.Ya. Lerner, VA Kan-Kagshk, Kimlik Nikandrov vd.).

Sovyet pedagojisi ve yüksek öğrenim psikolojisi temsilcilerinden birçok bilim insanının çalışmaları, bu sorunların çözümüne yönelik araştırmalardan oluşmaktadır. GN Aleksandrov, BirAleksyuk, GS Altshuller, BG Ananiev, VI Andreev, V.P. Bepalko, P.YaGalperin, NK Goncharov, V. Davydov, V. I. Zagvyazinsky, M. M. Levinavediğerleri.

Kazakistan'da da mesleki eğitim pedagojisi alanında (ND Khmel, NN Khan, vb.) araştırma çalışmaları yürütülmektedir. Mühendislik alanında pedagojik ve teknik eğitim çalışmalarında (BAAbdykarimov, BKMomynbayev, IANabiev, VNEgorov, APseyteshev, vd), kültür ve sanat alanında uzmanların eğitimi konusunda (M.Kh.Baltabayev, R.R. Djerdamalieva, SAUzakbaeva, vd. önemli çalışmaları bulunmaktadır. Z.A Isayev (profesyonel ve araştırma kültürü) Taubaeva (öğretmenin araştırma kültürü), yönleri Tursynova ZH.ZH (öğrenci mesleki yeterliliğin oluşumu), Kenzhebekov B.T. (yüksek öğretim sistemindeki gelecekteki uzmanların mesleki yeterliliği) gibi birçok alanda pedagoji temelli çalışma bulunmaktadır. Fakat gelecekteki mesleki eğitim öğretmenlerinin araştırma ve geliştirme konusundaki yeterlilikleri hala dikkate alınmamıştır.

Araştırma faaliyetlerine hazırlanmanın başlıca bilinmesi gerekenler:


- Eğitim ve araştırma faaliyetlerinin birbiriyle bağlantılı olduğunun kavranması
- Araştırma faaliyetinin bilimsel olduğunun bilincinde olunması
- Gelişimin sürekli olduğu ve orataya çıkan yeniliklere yönelik araştırma yapılabilecek konu ve alanların tespiti

Bunlar, mesleki eğitim öğretmen adaylarını araştırma çalışmalarına hazırlama sürecinde başlıca bilinmesi gereken maddeler olarak görülmektedir. Bunların yanı sıra:

- Araştırma faaliyetleri için öğrencilerin hazırlanmasında alt sistemler oluşturulması:
- Eğitim faaliyetleri, ders dışı etkinlikler, adayların üretim yenilik faaliyetlerine dahil edilmeleri
- Mesleki eğitim öğretmen adaylarının araştırma faaliyetlerine yönelik amaç, içerik, yöntem ve araçları gibi konularda yeterli düzeyde eğitim alması
- Öğrencilerin araştırma faaliyetlerine hazırlık için bilimsel ve metodolojik desteğin geliştirilmesi.

Mesleki eğitim öğretmenlerini yetiştirme sürecinde amaca ulaştıracak hedefler oluşturulmalıdır.[4]. Bu hedefler gelecekteki araştırmacı öğretmenlerinin profesyonel eğitime hazırlanma sürecini belirlemektedir. Çalışma alanının belirlenmesi ve bu alana hakim olunması yeniliklerin ne yönde ortaya çıkacağını keşfedebilme adına önemlidir.

Araştırma faaliyetlerinin yanı sıra ekonomik gelişmeler, idari sistemler ve toplumda yenilikçi süreçlerin geliştirilmesine yönelik faaliyetlerde donanımlı olma, gelecekteki mesleki eğitim öğretmeni adaylarının araştırma faaliyetleri için hedeflerini belirlemeyi kolaylaştırmaktadır (1 - şekil).



Araştırma faaliyetleri için gelecekteki mesleki eğitim öğretmeni hazırlanmasının ilk hedefleri-1

Araştırma, mesleki eğitim öğretmen adaylarının yetiştirilmesine yönelik temel fikirleri belirleyen teorik yaklaşım ve ilkelere dayanmalıdır;


- Araştırma evrensel olmalı yani belirli sosyo-ekonomik, politik, pedagojik koşullardaki ve bilimsel ve teknolojik ilerlemenin belirli bir seviyesinde yenilikçi süreçlerin içeriğine bağlı kalmamalıdır, mesleki eğitim öğretmen adaylarının araştırma için hazırlanmasına yönelik genel bir fikir vermelidir.

-Araştırma teknolojik altyapı olarak sağlam olmalıdır, bu da teorinin pratikle birleştirilmesini zorunlu kılmaktadır.

- Araştırma, mesleki eğitim sürecinde psikolojik, pedagojik, mühendislik, teknolojik ve üretim bileşenlerinin karşılıklı ilişkilerine dayanmalı ve böylece mesleki eğitim öğretmen adaylarının faaliyetlerinin kalitesinin iyileştirilmesi sağlanmalıdır.

Mesleki eğitim öğretmen adaylarının hazırlıkları, amaç, içerik, teknolojik faaliyetler gibi bir dizi ilkeye dayanmaktadır. Tüm bu bileşenler araştırma konusunda ilgili fikirlere rehberlik etmektedir[5]. Mesleki ve pedagojik etkinlik sürecinin metodolojisi, pedagojik faaliyetler için öğrencilere yönelik mesleki eğitim öğretmen adaylarının hazırlanma sürecinin adım adım açıklamasını içerir. Bu da, önerilen eğitim sürecinin uygulanması için içerik, teknolojiler, araçlar, biçimler, gereklilikleri belirlemektedir.

Araştırma ve geliştirme için gelecekteki mesleki eğitim öğretmenlerinin eğitimi aşamaları (Şekil -2).



Araştırma faaliyetleri için mesleki eğitim öğretmen adaylarının eğitim aşamalarının sonucu 2

Араştırma faaliyetinin özel, özel bir özelliđi, bir zamanlar yeni bilgi (keşif) elde ettiđinde, bir kural olarak, yeni bilimsel bilginin gelişmesine yol açacak yeni nesil yeni neslin neslinin üretilip geliştirilebilmesidir. Yeni bilgi edinmenin böyle bir karakteri, genel olarak bilimsel bilginin dinamiđinin temelini oluşturur. Öğrencilerin araştırma faaliyetleri, öğrencilerin bağımsız teorik ve deneysel çalışma, modern bilimsel araştırma yöntemleri, deneysel teknikler ile öğrencilere hitap etmeyi amaçlayan bir tür yaratıcı, bilişsel etkinliktir. Öğrencilerin araştırma faaliyetleri aşığıdaki aşamaları içermektedir: problemin formülasyonu; bu problematiđe adanmış teorinin incelenmesi; araştırma yöntemlerinin seçimi ve bunların pratik ustalığı; kendi materyalinin toplanması, analizi ve genellemesi, kendi sonuçları.

Mesleki eğitimdeki araştırma faaliyetlerinin özellikleri, öncelikle, bütüncül özünde yer alan bu tür eğitimin özellikleri ile belirlenir. Mesleki eğitim öğretmeninin araştırma faaliyeti, yansıtan gerçekliđin bir çeşidi, bilişsel faaliyetin türü, amaçlı araştırmanın süreci, pedagojik gerçekliđin nesnelere incelenmesi ve pedagojik gerçeklik hakkındaki nesnel bilginin teorik sistematizasyonunu sađlayan yeni bilimsel bilginin geliştirilmesidir.

Mesleki eğitim öğretmeninin araştırma faaliyeti, mesleki eğitimin kalitesinin iyileştirilmesi, mesleki ve pedagojik eğitim sisteminin geliştirilmesi, bilim, üretim, sosyal ve kültürel alanların geliştirilmesi amacını taşımaktadır. Mesleki ve pedagojik eğitimde bilimsel ve araştırma faaliyeti, mesleki ve pedagojik eğitimde pratik yapılanmayı alır; amacı evrensel bir ahlaki olgun kişiliđe, gelişmiş bir metodolojik kültüre sahip uzman bir uzmana, mesleki eğitimde yenilikçi süreçleri yürüten bilimsel bir düşünce tarzına, bilimsel ve araştırma becerilerinin yardımıyla araştırma faaliyetlerine hazırlanmaktadır.

Öğrencilerin bilimsel araştırma için hazır bulunuşluklarının oluşumu, aşığıdaki alanlarda öğrencinin kişiliđi üzerinde anlamlı etkileşim ve etkilenme sürecinde sađlanır:

bilimsel araştırma faaliyetinin motivasyonlarının aktivasyonu;

araştırma etkinliklerinin koşulları ve içeriđi hakkında öğrencilerin bilgi ve sunum sistemlerinin oluşturulması;


öğrenme sürecine dahil edilerek bilimsel araştırma etkinliklerinin gerekli becerilerinin oluşturulması.

Böylece yürütülen araştırma, bilimsel araştırma faaliyetinin aşığıdaki özelliklerini ayırt etmeyi mümkün kılmıştır:

- amaçlılık, yani hedefe ulaşmayı ve açıkça formüle edilmiş görevleri çözmeyi amaçlayan bir süreçtir;
- yeni bir arayış - bilinmeyen bir yöntemin keşfi, orijinal fikirlerin aday gösterilmesi ve gerekçelendirilmesi ve bunları uygulamaya koyma yolları, bilinen fenomen ve olayların yeni kapsamı;
- sıkı objektiflik, tekrarlanabilirlik, kanıt, genelleme ve sonuçların geçerliliđi.

Gelecekteki uzmanların araştırma faaliyeti, bir üniversitede eğitimde bütüncül bir faktörün rolüdür. Görevleri, pedagojik gerçekliđin standart yöntemlerinin kademeli olarak geliştirilmesi, güvenilir, kişisel olarak önemli teşhis bilgilerinin elde edilmesi, uzmanın diđer yazarların araştırma verileriyle birlikte eğitilmesi, pedagojik süreçte bilinçli hedef belirleme için bir temel oluşturması, kişinin aktivitesini düzeltme ve düşünmenin arama tarzını geliştirmesi ile bağlantılıdır.

Bu multidisipliner araştırmaların sonuçları, bizce, hesap trendleri dikkate alarak, mesleki ve eğitsel alanda tamamıyla uygulanabilir ve bize mesleki eğitim gelecekteki öğretmen, mesleki eğitim gelecekteki öğretmenlerin özellikle araştırma faaliyeti kaçırmamak gerekir doğa ve araştırma becerilerinin özgüllük için detaylı bir inceleme yapmak için izin mesleki eğitimin geliştirilmesi, geleceğin öğretmenlerinin araştırma faaliyeti için bir proses ve model hazırlığı geliştirmek rofessionalnogo eğitimi. Öğrencilerin araştırma aktiviteleri hem eğitim sürecinin organik bir parçasıdır ve hem de bağımsız bir bilimsel araştırma etkinliđi (bilimsel çalışmaların, olimpiyatların, konferansların yarışmaları) varsayılarak bunu tamamlayabilir. Araştırma faaliyetlerini yürüten öğrenci, profesyonel olarak kademeli olarak daha yüksek düzeyde bir öznel pozisyon alır, çünkü bu sadece bilimsel çalışmaya yakın deđildir, fakat bunun özüdür, aynı zamanda bağımsızlık derecesindeki artış ve bireyin nonsitüatif faaliyetinin tezahürü olasılıđı ile bağlantılı olarak . Eğitim sürecinin tamamlayıcısı ve ötesine geçenler de dahil olmak üzere, öğrencilerin araştırma faaliyetleri için tüm seçenekler birbiriyle ilişkilidir ve bir sistem olarak sunulmalıdır. Sadece bu durumda, grubun arka planı karşısında, öğrencilerin bireysel araştırma etkinlikleri gelişecek ve bilimsel bilginin hakimiyetinde bağımsızlıklarının derecesi artacaktır. Son on yılda Kazakistan'da bir piyasa ekonomisinin ortaya çıkması, yüksek mesleki eğitimin yapısının ve içeriđinin modernleştirilmesi, üniversitelerde eğitim uzmanlarının örgütlenmesi için temel olarak yeni gereklilikler yaratmıştır. Bu aşamada üniversitelerde öğrencilerin araştırma faaliyetlerinin düzenlenmesi ve geliştirilmesinin ana görevleri (Şekil -2).



Bu aşamada üniversitelerde öğrencilerin araştırma faaliyetlerinin düzenlenmesi ve geliştirilmesinin ana görevleri

Araştırma faaliyetleri ve eğitim-öğretim sürecinin sonucunda araştırma, profesyonel eğitim faaliyetleri sistemine dahil olur. Öğrencinin mesleki ve alandaki gelişiminin bir sonucu olarak görülür ve yeterliliğine göre bir uygulama biçimi olarak eğitim sisteminde yer alır. Bu noktada araştırmanın önemi, amacı, yöntemi, gibi konular ön plana çıkmaktadır.

Öğrencilerin eğitim süreci, araştırma faaliyetleri için yetiştirilen mesleki eğitim öğretmen adaylarının çalışmaları, mesleki eğitim öğrencilerin eğitim ve mesleki ihtiyaçlarını karşılamak için çok sayıda olanakları içerisinde barındırır. Bireysel ve mesleki gelişim anlamında öğrencilerinin çalışmaları için temel oluşturur.

Bu nedenle, mesleki eğitim öğretmen adaylarının araştırma faaliyetlerine yönelik hazırlık süreçleri, eğitimin belirlenen hedeflerine karşılık gelir. Bu süreç; tutarlılık, süreklilik, bütünlük, üretilebilirlik ile karakterize edilir. Modern mesleki eğitimin yenilikçi süreçlerinin özellikleri dikkate alınır. Son olarak tüm süreçlerin yukarıdan aşağıya birbiri ile bağlantılı olduğu göz önüne alınmalıdır. Belirlenen hedefler, bu hedeflere yönelik oluşturulan stratejiler; değişime bağlı ortaya çıkan sosyo-ekonomik, kültürel, teknolojik vb. yenilikler eğitim-öğretim faaliyetlerinde mutlak surette dikkate alınmalı ve mesleki eğitim öğretmen adaylarına bu vizyon kazandırılmalıdır.

Referanslar:

1. «Kazakistan-2030» stratejisi: onaylandı. Aralık 2001'de Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı'nın kararı - Erişim şekli: <http://online.zakon.kz/>.
2. Koldina, M.I. Üniversitedeki gelecekteki mesleki eğitim öğretmenlerinin araştırma faaliyeti için hazırlık: dis. cand. ped. Bilimler: 13.00.08 / M.I. Koldina. - Nizhny Novgorod, 2009. - 189 ile.
3. S.A. Zholdasbekova., LB Imankulova Bilim ve eğitim gelişiminde yenilikçi yaklaşımlar BRATISLAVA 2017 (SLOVAKYA) 126-132 s.
4. Berulava, M.N. Eğitim içeriğinin entegrasyonu / M.N. Berulava. - Moskova: Mükemmellik, 1998. - 192 ile.
5. Taubaeva Ş.T. Araştırma kültürünün oluşumunun bilimsel temelleri ortaokul öğretmenleri: avtoref. ... doktora pedagojik bilimler, Almatı, 2001. - 46 s.

ӘН МЕН ӘНШІ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

П.ғ.к. М.С.СУЛТАНОВА*

Түйіндеме:

Мақалада Елбасының жолдауларының мазмұнына тоқтала отырып, рухани құндылықтар ретіндегі ұлттық мәдениетіміз – ән өнерінің озық үлгілері, орындаушылардың шығармашылық жолдары мен өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыруда өнеге боларлық әнші, сазгер, ұстаз келбеті мен жастық жалынымен әлемге танымал болып келе жатқан жас әншінің шығармашылығы жан-жақты талданып ашылды. Шығармашылық жол мен орындалатын музыкалық туындылардың тарихы мен мән-мазмұнын меңгеру жастардың интеллектік, мәдени кәсіптік адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген тұлғалық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамыту мен іс-әрекеттерін сенімділікпен, әрі тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Тірек сөздер: ұстаз, әнші, рухани құндылық.

SONG AND PERFORMER - SPIRITUAL VALUE

Abstract:

The article considers national culture as spiritual values including the best examples of singing art, their creative ways and the features of performers. The work of the singer, composer, teacher, also the world-famous young singer, which can be a model in the formation of the spiritual values of youth

Studying the history and essence of the creative path and accompanying musical creations will have a great influence on the formation of intellectual, cultural, professional, spiritual, civil and many other personal qualities of youth, helps them to be self-confident in the effective organization of their activities and in self-development

Key words: pedagogue, singer, spiritual value

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету мәселелері негізгі орында тұр. Қоғам талабы – білімді, елін, жерін сүйетін, Отаны үшін бәріне даяр, ұлттық рухы биік, елінің тағдырына үлес қоса алатын, жауапкершілігі жоғары, рухани құндылығы қалыптасқан мәдениетті азамат тәрбиелеу болып отыр. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында «рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы сана-сезімі анағұрлым жоғары, тұжырымдамалы ойлауға қабілетті, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметі мен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынасты жасай алатын тұлға қалыптастыру» [1], – деп атап көрсетілген. Ол жайында Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы жолдауында да «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы жасалған ерен еңбектерді атай отырып, «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек» [1], – деп біршама орындауға тиісті ауқымды және іргелі жұмыстарды, жобаларды бастау қажеттігін алға тартты. Солардың қатарындағы рухани құндылықтар ретіндегі ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін бағалай білу, әлемге таныстыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі маңызды орынға ие.

Құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдарының зерттеу нысаны болып келді. Ұлттық құндылықтарды танып-білу, меңгеру және ұлттық мәдениетін қалыптастыру негіздері қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов,

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, m.sultanova6767@mail.ru

Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінде, сондай-ақ М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев сынды қазақ зиялыларының мұраларынан бастау алады. Қазақстанда білім мен тәрбие ісінің даму мәселелері, оның ішінде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу мәселелері Б.Әлмұхамбетов, Қ.Бержанов, Ә.Сембаев, Ә.Сытдықов, Т.Тәжібаев және т.б. еңбектерінде баяндалған. Қазақстандық ғалымдар Г.Нұрғалиева, Б.Құдышева, М.Кикина, К.Найманбаева жеке тұлғаның әлеуметтік даму құндылықтарын айқындау және құндылық ретінде еңбекке баулу мәселелерін қарастырған. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарға негіздеп тәрбиелеуді ғылыми әдістемелік тұрғыдан С.Мұханбетова, Ш.Қирабаева, А.Қаплиева, Г.Аңламасова саралап талдаған.

Әрине, адамзат тәрбиесінде құндылықтардың орны ерекше, ал қазақ халқының тәрбиетағылымы өнер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғаны белгілі ақиқат. Үшінші мыңжылдықтың басында жаңа қоғамдық құндылықтардың қалыптасуы – өткен дәуірлердегі мәдени, тарихи үдерістерге жаңаша көзқараспен қарау мүмкіншіліктерін дамытты. Соның ішінде, қазақ әндері тарихының шығармашылық мұраларын терең зерделеу – олардың адам тәрбиесіндегі маңызы мен мәнін анық көрсетеді. Олай болса, құндылық – алдымен, жеке адамның қасиеті, оның жан дүниесінің тазалығы, мәдениеті, екіншіден, эстетикалық талғамы, қажеттілігі, мақсат-мүддесі деп білеміз.

Жалпы, өнер туындыларының мәні – жас ұрпақтың барды бағалай білуге, оларды түсіне білуге, оны жетілдіруге үлес қосуды үйрету, азаматтық үлес қосқандарды біліп, құрметтей білуге тәрбиелеуде. Ұлттық өнер мен дәстүрге берік, қалыптасқан қасиеттеріне мұрат пен азаматтық ұстанымды қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, өзінің жеке басының мәдениетін, білімін кәдеге жаратып, өз әрекетін түсіндіріп, қорғай алатын адам ғана тұлға ретінде кемелденіп, абырой-құрмет тұғырынан берік орын алмақ.

Елбасы бағдарламалық мақаласында «Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр... Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек», - деген [1]. Кезінде Ж.Баласұғын құт дарыған елдің адамы қандай болмақ? деген сауалға: «Құт-бақытқа кенелсем деп тор құрушылар көп. Алайда ол қасиетті адамға ғана қонады. Құтты іздеген адам жібек мінезді, көңілі таза, өнерлі, тілі көркем де майда, жігерлі болып, үлкенге құрмет, кішіге мейірімін төгіп, араз көңілді тыйып ұстайды, осы қасиеттер – құтты ұстаудың құлып-кісені» деп жауап қайырған екен. Бүкіл тұлға бой-болмысы осы жоғарыда аталған қасиеттерге бай, ән өнеріндегі феномен, қазірде құт-бақытқа кенеліп жүрген, жүрегі ән деп соққан, өмір жолын әуенмен әрлеп, сазбен сәндеуді мұрат тұтқан ерекше өнер адамдары көп. Солардың қатарына Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, т.с.с. өнеге тұтар ән өнерінің озық саңлақтарын атауымызға болады. Осы тұста қыздар университетінің профессоры Исағұлова Ағайша Шермұхамедқызы мен жас та болса әнді орындаудағы өзіндік ерекшелігімен әлемді таңқалдырып жүрген Димаш Құдайберген жайында әңгіме өрбітпекпіз.

Білім беру мен өнерді өмірлік ұстанымы ретінде егіз негіздей қатар алып келе жатқан Исағұлова Ағима (Ағайша), азан шақырып қойылған аты Ақиман Шермұхамбетқызы 1945 жылдың 12-ші ақпанында Талдықорған облысы Басши-Нұрым, Жетісу-Екпінді ауылдарында туып-өсті. Ағайша Шермұхамбетқызының музыкалық бейнесін әншілік, сазгерлік, ұстаздық қырынан ашып көрсетелік.

А.Исағұлова 1967 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтын бітіріп, қазірде осы қыздар университетінің профессоры ретінде ұстаздық қызмет атқарып келеді. Кәсіби музыкант, сырнайшы, танымал баяншы-педагог Константин Ошлаков мектебінің жалғастырушысы. Сырнайды бала кезінен қолына алған Ағайша Шермұхамедқызы ауылдың сырнайшы қызы атанып, барлық ән сүйер қауымның алдында еш мүдәрмей, өзін және өзгелерді еркін сүйемелдей отырып, шалқытып ән шырқаған, музыкалық туындыларды бір естігеннен тура ойнап, өрнектей де білген. Тәңір ықыласындағы кәсіби әнші-тума талантты қазақ елі өзгеше жүрек толқынысымен, аса құрмет-ықыласымен тыңдайды, әрі үлкен мақтанышпен дәріптеп келеді.

Жаралған өнер десе төзімдерден,
Жақсыға жаны құмар көзін көрген
Кеудесін ән құдырет кернеп тұрса,
Жүрегі тулап жатар сезімдерден.
Көп көрдім оза шапқан дүлділімді
Сыйлаған туған жерде қыр гүлімді

Тәңірдің ерекше бір жаратқаны-ай,

Көмейі күміс үнді, бұлбұл үнді, - деп әнші А.Исағұлованың 70-тен аса әндерінің өлең жолдарының авторы, ақын Сайлаубай Тойлыбаев тереңнен ой қозғайды [2, 260 б.].

А.Исағұлова, 1968 жылдары бүкіл әлемге танылған тұңғыш «Айгүл» қыздар квартетін, кейін вокалды-аспаптық ансамблін құру идеясын ұсынған, ең алғашқы қатысушылары мен ұйымдастырушыларының бірі. Ол 1978 жылы «Шаттық жыры» ансамблін, ал 1979 жылы Галина Қарамолдаевамен бірге «Қос қарлығаш» дуэтин (баянмен) құрады. Студенттердің «Өнер - жастан» опера театры (1992 ж.) қазіргі таңда өз жұмысын киелі мекенде жалғастырып келеді.

Қазақстанның музыкалық мәдениеті үшін маңызды оқиғалардың бірі – 2001, 2003 жылдары А.Исағұлованың ұйымдастыруымен өткізілген Майра Уалиқызы Шамсутдинова атындағы I-II халықаралық әншілер конкурсы болды. Ол баянмен ән салуда Майра Уәлиқызының мектебін жалғастырушысы болып табылады. Оның өткен жылдар әндерін жастарға үлгі, мұра ретінде қалдыру жолында еңбегі зор.

Сазгер бірнеше республикалық және халықаралық деңгейдегі әндер байқаулары мен музыкалық аспаптық фестивальдеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болды («Алло, мы ищем таланты». «Татар әуендері»). Екі мәрте «Үздік музыка мұғалімі» Гран-При атағын алды. Бүкілодақтық конференцияларда үздік музыка мұғалімі ретінде шеберлік кластарын (Алматы, 1991 ж.) өткізді. Алматы қалалық, облыстық, республикалық мамандардың білім жетілдіру институтының тұрақты лекторы болды.

Осы ретте автордың баянмен ән айту шеберлігіне тәнті болған Дінмұхамед Қонаевтың сөздері оралымға келеді: «Мен қазақтың екі-ақ қызын білемін, біріншісі Хафиза Әбуғалиева, аккордеонмен ән салушы еді, екіншісі қарындасым Ағайша – баянда ойнап, ән айтады. Бұл қыздар – елімізге келген біртуар таланттар», - деді. Ресей ақыны Евгений Евтушенко де «таңғажайып баянист» деп теңеу берген екен.

Ағайша Исағұлованың дауысы әсем бояулы колоратуралық сопрано мен контральто. Философияға толы көптеген шығармаларды орындауда оның сырнай аспабының буындарын ерекше «сөйлетуі», ән айтудағы кең диапазоны, қою кеуде резонаторынан шарықтаған бас резонаторына еркін, тура ауысуы тындаушыны елітеді.

Жетеді армандарға талаптанған,
Көкейде гүлденді ме сарапты арман
Бүгінде бір өзіңнен тәлім алған

Қаншама шәкірттерің қанаттанған, - деп ақын С.Тойлыбаев жырлағандай, ғылым, білім және өнер саңлақтарын көріп, көп тыңдаған А.Исағұлова бүгінде жастардың кәсіби ұстаздық біліктілігінің шыңдалуына, өнер биігінен көрінуіне талмай еңбек етуде. Өнерлі шәкірттерінің бірі Рүстем Меруерт ардақты ұстазына мына өлең жолдарын арнайды:

Апа, сенің арманың, сірә, жоқ шығар,
Сырнайшы, сазгер дейді өзінді игі жақсылар.
Өлеңнен іздеп өмірдің өшпес сәулесін,
Болмадың ашкөз, тойымсыз, сараң, тақ құмар...
Турашыл болдың әділдік туын құлатпай,
Оныңды жүрді әлдебір жандар ұнатпай.
Бізге де жетті өміршең көкпар жырларың,
Шөлінді басар көлдегі кәусар бұлақтай...
Сазгердің жолы ауыр жол, білем, ұғынам,
Жаурасам, апа, сен жазған әнге жылынам.
Сиынып өтем, бас иіп өтем әніңе,
Айналдым сендей Алаштың қайсар қызынан [3, 86 б.].

А.Исағұлованың «Көкпар», «Шарықта елім», «Болдым ғашық өзіңе», «Отаным Қазақстан», «Талдықорған», «Тағдыр», «Рахат-ау» және т.б. әндері табиғатқа, махаббатқа, салт-дәстүрлерге, Отанға деген сүйіспеншіліктен туындаса, енді бірі парасы- «Аталарым», «Бекет Ата», «Жалайыр бабам» өмірлік философияға толы, тереңнен ой толғайтын аруақтарға бағышталған әндер. Жастарға жаны жақын сазгердің жастық шақтың жалынын бейнелейтін бірнеше әндер қатарындағы джаз ырғағындағы «Кел, биле» әнінің жігерлі екпіні мен белсенді музыкалық дыбысталулары әуенді түрлендіріп, тындарманды ырғағына еріксіз еліктіріп әкете барады. Әнші сазгердің туындылары музыкалық байлығымен, әсем де әсерлі ән-әуезімен ерекшеленеді.

Осындай керемет әндерді сахна майталмандары Н.Нүсіпжанов, М.Илиясова, С.Нұрмағамбетова, Ұ.Айнақұлова сияқты аға буын әншілермен қатар, ұстаздың шәкірттері ҚР еңбегі сіңірген қызметкері, опера әншісі Д.Хамзина, п.ғ.к., ҚР мәдениет қайраткері Г.Өмірбаева, әнші-сазгер А.Махамбетова, жас әншілер Ә.Құдайбергенова, Болат Жанна т.б. шалқыта орындауда.

Телебағдарламалар мен қазақ радиосының «Алтын қорында» сазгердің орындаған, шығарған, сүйемелдеген (дуэт, квартет, ансамбльдер) 250-дей музыкалық шығармалары бар. Қазақ қызының халық музыка, ән өнерін алыс, жақын шет елдерге таныстыру жолындағы еңбегі шексіз (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей және Волга бойымен жоғары-төмен орналасқан облыстарды аралап, Рыбинске дейін өнер көрсеткен, сонымен қатар Украина, Белоруссия, Литва, Германия, Югославия, Венгрия, Польша, Чехия, Словакия, Туркия, Болгария, Якутия). Жеке шығармашылығы жолында Қазақстанның барлық аймақтарында концерт, кездесулер өткізуде.

«Білім беру үздігі», ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл толуына арналған медаль иегері, Ескелді ауданының Құрметті азаматы Ағайша Исағұлованың толассыз ерен еңбектерінің тағы бірі, ол: «Ақ әже», «Ақсұңқар», «Алатау» ардагерлер ансамбльдерінің жетекші-ұйымдастырушысы ретінде белгілі.

Бірде Елбасы Н.Назарбаев ел арасын аралауда өзінің сүйегін әндерін орындау кезінде А.Исағұлованың баян аспабымен шебер сүйемелдегеніне риза болып, жоғары баға берген еді. «Нұрын құйған санаға, Қайраттысың сән аға. Әнімізді қабыл ал, Жаны жайсаң жан аға», - деп Елбасына арнаған апайдың «Жан аға» әні жастарды елін, жерін сүйеге, ел ағасын құрметтеуге шақырса, рухтандыратын әндер қатарындағы «Шарықта елім» туындысы Қазақстанның болашағына деген сенімділікті арттыра түседі.

А.Исағұлованың жеке шығармашылық бейнесінің тереңдей ашылуына мүмкіндік берген, сазгерлік қызметінің шыңы болып есептелетін 2001 жылы «Жаңа ғасырға – жаңа ән» республикалық конкурсында Гран-при алуға жетелеген ақын Жұматай Жақыпбаевтың сөзіне жазылған аса жігерлі, экспрессияға толы әрі лирикаға бай «Көкпар» әні болды.

1800 әндер арасынан «Көкпар» әні әділқазылар алқасын елең еттірді. Конкурстың белді мүшесі композитор Еркеғали Рахмадиев: «Көкпар» - формасы жағынан күрделі, гармониясы бай, рухтандыратын ән», - деп жоғары баға берген болса, халық арасына тез таралып жатқан сазгердің әндері жайында қырғыз жазушысы, академик Шыңғыс Айтматов: «Ағайшаның ән айту шеберлігінде шаманизм сарыны жатқандай. Ол бізді, барлығымызды өзінің алақанында ұстап, әнімен кең тыныстатты», - деп ой бөліседі.

Ғажап туынды «Көкпар» әнінің рухы қазақ даласын дүбірлеткен тұлпарлардың тұяқты шабысына ілескендей, болмаса сол әлемге ала жөнелгендей, жұрттың бәрі құсқа айналып, ізіңнен дүркірей ұшып келе жатқандай, ал, сені сол құс әлемінің ханшайымындай күй кештіреді. Шіркін, ән! Саған жетер құдырет бар ма!

Адамның тіршілік әрекеттеріндегі басты өмірлік құндылықтарды жеке тұлғаның сана-сезімінің, парасаттылығының, жеке қасиеттерінің ізгілендіру негізінде қалыптасып, құндылық сипаттағы еңбегі, білім, тәжірибесі арқылы бағаланады. Бұл орайда Димаш Құдайбергenniң ән өнерін насихаттаудағы өзіндік жолдары рухани құндылықтарымызға мән беріп, оның салаларын зерделеп, іс жүзінде жүзеге асыруға әрекеттенуіне ықпал ететін маңызды баспалдақ болып табылмақ.

Қазақ халқының әндерін шарықтата шырқап, насихаттау, дәріптеуді ең басты мақсат тұтқан жезтаңдай жас әнші Димаштың өнерін әлем жоғары бағалап жатыр. Әлемді таң қалдырған, бірнеше октавалық диапазонды әншінің музыкалық талғамы мен орындаушылық деңгейі, музыканы іштей сезінуі мен жеткізудегі өзіндік шеберлігі ерекше әрі жоғары екендігін атап өту қажет. Тәңір ықыласындағы тума талантты ата-анасымен бірге қазақ елі де өзгеше жүрек толқынысымен, аса құрмет-ықыласымен тыңдайды, әрі үлкен мақтанышпен дәріптеуі тиіс.

Димаштың «Үлкен еңбектің артында үлкен адамдар, кәсіби мамандар тұрады» дей келе, қолдау көрсетіп отырған Елбасы, оқу орнының әкімшілігі, достары мен кәсіби мамандардың ерен еңбектерін атап өтіп, оларға өзінің ізгі ниет-алғыстарын білдіруін, көбіне кезіктіре бермейтін Димаштың жоғарыда аталған қасиеттерімен бірге қарапайымдылығы деп тани аламыз. Әнші бағының жануы орындалатын әнінде немесе әннің бағы әншінің құзырлығында дегендей, «I am a Singer-2017» байқауының әлемдік деңгейдегі атының мықтап көтерілуіне себепкер Димаштың ерекше өнері немесе Димашты әлемге танытуда «I am a Singer – 2017» байқауы маңызды орынға ие деп айтуға тұрарлық.

Көптеген байқаулардың жеңімпазы (Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушылар «Славян базары-2015» байқауында Гран-при, «Халық сүйіктісі» Ұлттық

сыйлығының лауреаты, «Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға лайықты үлес қосқаны үшін» ҚР Құрмет грамотасымен марапатталған, «Top Chinese Music Awards» номинацияның жеңімпазы және т.б.) «Мен әлемнің жеті кереметі туралы естігем, бірақ, мына әншінің ғажайыбы бәрінен асып түсетін сияқты. Димаш дауысымен соғысты тоқтатуға болады» дегенді де қарапайым халық алға тартады.

Балалардың музыкалық белсенділігін оятатын тақырыптардың бірі «Менің есімім». Оқушылар соль-ден ми-ге дейін өз есімдерін ноталарды қол қимылымен көрсету арқылы үйренеді (Solfege жүйесі бойынша Cigwen қол белгілерін қолданады). Сабақ құрылымының маңызды сәті болып, сабақтың барлық мазмұнын біртұтас қабылдауда балаларға көмектесетін оның музыкалық-көркемдік драматургиясы болып табылады.

Жалпы сабақта музыкалық сауаттылықты қолданудың ерекше түрлері ұсынылып отыр. Мысалы, оқушылардан динамикалық символдармен қоса динамикалық белгілер көрсетілген карточкаларға (p, f <, >) сүйене отырып әнді орындауды сұрай отырып, әннің қай бөлігінде музыка қатты, қай бөлігінде ақырын шығатынына назар аударту. Сонымен қатар сабақта төрттік және

сегіздік ұзақтықтағы ноталарды түрлі комбинацияда орналастыра меңгерту ойын түрінде өткізілуі оқушыға салмақ түсірмей отырып, оған білім беру көзделіп отыр.

Музыка пәнінің басқа пәндермен өзара байланыстылығы тақырыптар негізінде жалғасын тапқан. Мысалы, «Ауа райы», «Менің достарым - жануарлар», «Су туралы әндер» тақырыптары «Жаратылыстану» сабақтарымен тығыз байланыста ұйымдастырылса, «Атпен серуендеу», «Саяхат», «Қызықты саяхат» , «Көңілді паровоз» тақырыптары «Дүниетану» пәнімен бірге оқушыларды саяхатқа шақырады. Қазақтың салт-дәстүрлері мен ауыз әдебиеті, би өнері, музыкалық аспаптары т.б. екінші жартыжылдықта меңгертілу жоспарланған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: болашаққа бағдарланған даму бағыттары. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы baribar.kz/student/640/qazaqstan...
2. ҚР Білім стандартының тұжырымдамалары. ҚР Ғылым және білім министрлігі. - Астана, 2010.
3. 12 жылдық білім беру тұжырымдамалары, №4 (мерзімді басылым), 2009 жыл.
4. Жалпыға міндетті білім беру стандарты. Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы. - Алматы, 1998.
5. Музыка. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар). – 2016, наурыз.

КІТАПХАНА ІСІ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

аға оқытушы **Ш.М.УСЕНБАЕВА***
ф.ғ.к., доцент **Ж.К.СЕРАЛИЕВА****

Түйіндеме:

Жоғары білім беру жүйесінде тәрбиенің қыр-сырын әртүрлі жұмыс формалары мен әдіс – тәсілдері арқылы меңгертуде кітапханалардың маңызы зор. Біздің өміріміз сан-салалы қарым-қатынасқа толы. Сол себепті этиканы, этикетті, сөйлеу мәдениетін, әдепті, адамгершілік қағидаларын адамзат баласы кішкене күнінен бастап санасына сіңіруі керек. Болашақ кітапхана ісі мамандарына адамгершілік қағидаларын білу – басты парыз. Бұл мақалада кітапхана ісі мамандарының этикалық мінез-құлқы және кәсіби біліктілігі туралы жан-жақты қарастырылған. Бүгінгі күні кәсіби шеберлік, кәсіби құндылық – кез-келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын басты принцип. Әсіресе, кітапхана саласы ақпараттық және білім орталығы ретінде ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте жоғарғы ақпаратты біліммен қаруланған өз ісінің шебері болуы керек. Кәсіби этика жалпы этика сияқты жоспарлап ұйымдастырылмайды, ол адамның қызметімен байланысты күнделікті өмір сүру процесінде біртіндеп қалыптасады және күнделікті өмір сүретін қолданбалы адамгершілік теориясы ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Тірек сөздер. Кітапхана, қарым-қатынас, мәдениет, кәсіби этика, библиограф, ақпарат, оқырман

PROBLEMS OF PROFESSIONAL ETHICS OF BUSINESS SPECIALISTS

Abstract:

In the higher education system, libraries play a vital role in learning the traits of the upbringing through different forms and methods. Our lives are full of diverse communication. That is why ethics, etiquette, culture of speech, ethics and moral principles must be embraced by the human race from the very beginning. Knowing the moral principles of the future library staff is a major responsibility. This article provides a comprehensive overview of ethical behavior and professionalism of library staff. Today, professionalism and professionalism are the main principles that define the place and place of any specialist in society. In particular, the librarian should be a master of his profession, equipped with the knowledge of information, first of all, librarians, who know how to find and find information and information as the information and educational center of the library industry. Professional ethics is not organized like general ethics, it can be gradually formed in the daily life process associated with human activities, and can be regarded as the theory of the daily moral life.

Key words. Library, communication, culture, professional ethics, bibliography, information, reader.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Елбасының биылғы Жолдауында өскелең ұрпақтың тәрбиесі, яғни білім алуы, қолынан келетін кәсіпті игеруі әр адамды, әр ата-ананы ойландыру қажет. Осы орайда Мемлекет басшысы педагогтар құрамының сапасын арттыру, білім беру үлгі қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажеттігін айтты. Оқушылардың біліктілігін бекітудің тәуелсіз жүйесін құру жөнінде ұсыныс жасады. Осының бәрі айналып келгенде балалар мен жастарға білім және тәрбие берудің сапасын көтеруге бағытталған міндеттер деп түсінеміз [1].

Кітапханашының этикалық мінез-құлқы және кәсіби біліктілігі оқырмандардың ақпараттарды ұтымды, сапалы түрде қолданылуына ықпал жасайды. Кітапханашы мен оқырман арасындағы қарым-

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Shinar_8211@bk.ru

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

қатынас сәйкестігі, бұл кітапханада қызмет көрсетудің сапалығы болып табылады. Оның кәсіби білімімен қатар ерекше жақтары да болуы қажет. Бүгінгі күні кәсіби шеберлік, кәсіби құндылық – кез-келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын басты принцип. Әсіресе, кітапхана саласы ақпараттық және білім орталығы ретінде ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте жоғарғы ақпаратты біліммен қаруланған өз ісінің шебері болуы керек.

Кәсіби этика жалпы этика сияқты жоспарлап ұйымдастырылмайды, ол адамның қызметімен байланысты күнделікті өмір сүру процесінде біртіндеп қалыптасады. Кәсіби этика белгілі бір қызмет түріне байланысты тарихи тәжірибе үрдісінде жинақталған білімді жүйеге келтіріп, толықтырады және белгілі бір қызметтің дамуына үлес қосады. Сондай-ақ ол кәсіби ортада күнделікті өмір сүретін қолданбалы адамгершілік теориясы ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Отандық кітапхана ісін зерттеушілердің пікірінше, кітапханашылардың білімін жаңғырту олардың кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыру жолымен жүзеге асырылу тиіс. Кітапханашы өмір бойы оқуда, ізденісте болуы шарт, ол – оның кәсіби міндеті, себебі кітапханаға түсетін әрбір жаңа ақпарат маманнан белсенді қабылдауды және оны іс-тәжірибеде қолдана білуді талап етеді. Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын кітапханашы – білімді бойына жинап, таратушы адам ретінде танылып келеді, өйткені ол кітаптардың мазмұнымен, әртүрлі басылым түрлерімен белсенді жұмыс істейді, оқырмандарының жүрегіне жеткізеді.

Алайда бүгінгі ақпарат көлемінің ұлғая түсуіне байланысты, барлық кітапханашылар бірдей білімді оқырманмен жұмыс істеуге қабілетті деп сеніммен айта алмаймыз. Сондықтан кәсіби білімге деген мөлшердің өзіндік байсалды негізі бар. Кәсіби білімнің кітапхананың атқаратын қызметіне тікелей қатысы бар, өйткені кітапханашы әрқаз өз білімін көтеретін шараларға қатыспаса, ол өзінің кәсіби міндеттеріне этикалық тұрғыдан жауапкершілікпен қарамаса, өз айналасындағы болып жатқан құбылыстарға немқұрайлы қараса, бұның бәрі осы кітапхананың атқаратын қызметіне кері әсерін тигізеді. Осыған қарамастан қоғам өзгерісінде кітапхана рухани орталық ретіндегі статусын жоғалтпай келе жатқаны көңіл қуантады, ал кітапханашы мен оқырман арасындағы қарым - қатынасының проблемаларын жою, кітапханашының кәсіби деңгейін көтеріп, дамытып отыру кітапханалардағы әдістемелік орталықтардың міндеті.

Кітапханашылар үшін ең маңыздысы – жеке тұлғалық коммуникативті қасиет, оқырмандармен қарым - қатынас жасай білу. Кітапхана рухани – ақпараттық орта ретінде қалыптасуы үшін, онда мейірімді, жақсы тәрбиеленген, өз ісіне шексіз берілген кәсіби мамандар жұмыс істеуі тиіс. Қарым-қатынасты – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы [2].

Жалпы этика туралы сөз қозғағанда оның осы барлық кәсіби мамандықты игеру барысында ерекше мәнге ие екендігі мәлім. Қай қоғамның дамуына көз салсақ та мәдениет, білім, этика, ұлттық мінез-құлық дұрыс қалыптаспай жоғары дамыған өркениетті елдер қатарына қосылу мүмкін емес.

Білімділігімен, іскерлігімен және жаңашылдығымен ерекшеленіп тұратын кітапханашы-библиограф мамандығына сәйкес кәсіби этика қалыптасып, күнделікті жұмыс ырғағы барысында жолға қойылған. Бұл кәсіби этика оқырмандар кітапхананың ақпараттық ресурстары мен материалдарын кедергісіз алып, олар үшін жайлы қызмет көрсету жұмысын орнатуға, тең дәрежеде, жоғары сапалы қызмет көрсетуге бағытталған. Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті. Мұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді.

Кәсіби этика – бұл мінездің реттелген формасы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау біліктілігі, маманның кәсіби қызметіндегі білім деңгейі, шеберлігі яғни өзін-өзі басқара білуі. Кәсіби этика – қандай да болсын кәсіптік қызметтің шығармашылық негізгі тірегі болып табылады. Адамның өзін-өзі ұстай білуі сол кәсіптің мән-мағынасын көрсетіп, жұмыс жасау процесінде байқалатын және олардың кәсіби қызметінің аясынан шығатын адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, кәсіби этика – бұл кәсіби топтың адамгершілік сана-сезімі, оның психологиясы мен идеологиясы.

Біздің өміріміз сан-салалы қарым-қатынасқа толы. Сол себепті этиканы, этикетті, сөйлеу мәдениетін, әдепті, адамгершілік қағидаларын адамзат баласы кішкене күнінен бастап санасына сіңіруі керек. Болашақ мамандарға адамгершілік қағидаларын білу – басты парыз. Қазіргі кезде

кәсіби этика нормаларын білуге деген ықылас күн өткен сайын артып отыр, себебі адамдардың тұрмыс дәрежесі жақсарды, бірімен-бірі қарым-қатынасқа түсудің мүмкіншіліктері артты.

Кәсіби этика ұғымына сондай-ақ кітапханашы-библиографтардың өз білімдерін ұдайы жетілдіріп отыруы да кіреді. Ол әр түрлі бағыттарда жүреді. Мысалы, кәсіби мерзімді басылымдарды әрдайым оқып отыру, өндірістік оқу- тәжірибе, басқа әріптес кітапханалармен кітапханашылармен кәсіби байланыс, іс-тәжірибе алмасу, конференция, семинарлар т.б. айтуға болады. Сондай-ақ кітапхана мен оның жұмысын жақсарту мақсатында қоғамдық қызметтерге араласып, кітапхананың қоғамдағы, адамзат өміріндегі ролін көтеріп отыруға мүдделі. Ол үшін барлық көмек қолын созған немесе көмектесе алатын мекемелер мен кәсіпорындардан, түрді спонсорлық қызмет пен меценаттармен байланысқа шығып, тығыз достық қарым- қатынас орнатады. Өз қызметінің құзіреттіліктерін пайдаланып, оқырмандар мен пайдаланушыларға оқу мәдениеті, оқырмандардың кітап оқу көрсеткіштерімен ақпараттық сауаттылықты ұсына алады. Ең бастысы кітапханашы-библиограф қоғам мен мемлекеттің, жалпы халықтың мүддесі үшін қызмет ететін мәдени ошақ ретінде ашық демократиялық қоғам құруға атсалысуы қажет[3]. Жоғарыда айтылған барлық мәселелерді талдай келе кітапхана ісі мамандарының кәсіби этикасына мынандай талаптарды жатқызамыз:

- Оқырмандардан келіп түскен сұраныстардың қиындығына, нақты еместігіне немесе толық еместігіне қарамастан оны орындау барысында табандылық пен жігерлілік;
- Оқырмандарға берілетін ақпараттың өте толық болуы, оны орындау барысында қолда бар мүмкіндіктерді мейлінше толық пайдалану;
- Қарапайымдылық пен нақтылық, оқырманмен байланыста жинақылық болуы, яғни өктем байланысқа жол бермеу;
- Оқырманға берілген қанағаттанарлықсыз жауаптың мәнін түсіндіру, оған сол тақырыптағы басқа әдебиеттерді ұсыну;
- Өз жұмысының сапасының өзінің жауапкершілігімен тығыз байланыста екенін терең түсіну, өзіндік білім алуға ұмтылу; т.б.

Бүгінгі күні кәсіби шеберлік, кәсіби құндылық – кез-келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын басты принцип. Әсіресе, кітапхана саласы ақпараттық және білім орталығы ретінде ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте жоғарғы ақпаратты біліммен қаруланған өз ісінің шебері болуы керек.

Отандық кітапхана ісін зерттеушілердің пікірінше, кітапханашылардың білімін жаңғырту олардың кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыру жолымен жүзеге асырылу тиіс. Кітапханашы өмір бойы оқуда, ізденісте болуы шарт, ол – оның кәсіби міндеті, себебі кітапханаға түсетін әрбір жаңа ақпарат маманнан белсенді қабылдауды және оны іс-тәжірибеде қолдана білуді талап етеді. Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын кітапханашы – білімді бойына жинап, таратушы адам ретінде танылып келеді, өйткені ол кітаптардың мазмұнымен, әртүрлі басылым түрлерімен белсенді жұмыс істейді, оқырмандарының жүрегіне жеткізеді. Алайда бүгінгі ақпарат көлемінің ұлғая түсуіне байланысты, барлық кітапханашылар бірдей білімді оқырманмен жұмыс істеуге қабілетті деп сеніммен айта алмаймыз. Сондықтан кәсіби білімге деген мөлшердің өзіндік байсалды негізі бар. Кәсіби білімнің кітапхананың атқаратын қызметіне тікелей қатысы бар, өйткені кітапханашы әркез өз білімін көтеретін шараларға қатыспаса, ол өзінің кәсіби міндеттеріне этикалық тұрғыдан жауапкершілікпен қарамаса, өз айналасындағы болып жатқан құбылыстарға немқұрайлы қараса, бұның бәрі осы кітапхананың атқаратын қызметіне кері әсерін тигізеді.

Кітапхана ақпараттық жұмыстардың жаңа тәсілдерін іздеу, автоматтандыру жүйелерімен жаңа ақпараттық технологияны енгізу, білікті маман кадрларын толықтырып, кітапханашы мен оқырман арасындағы қарым-қатынас мәселелерін жоғарғы деңгейде жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Осындай кең көлемдегі қызмет кітапхананың жұмысын толығымен және оқырмандарға қызмет көрсету ортасындағы еңбектерін алдын ала жақсартып отырады. Оқырмандардың сұраныстары қанағаттандырылғаны кітапхана саясатының нәтижелік есебінде тексеріледі. Дегенмен, кітапхана саясатынан тыс шығатын, көптеген екі жақтылықтар да кездеседі, бұл кітапханашы мен оқырманның дайындығын анықтап және қарым-қатынас ынталығын бірлесе әрекет көрсеткіші. Кітапхана ісіндегі ең үлкен және күрделі мәселелердің бірі кітапхана мен оқырман арасындағы қарым-қатынас.

Оқырмандарға қызмет көрсетуді жақсарту үшін кітапханашыға жаңа білім мен жұмыс істеу ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, яғни өзінің кәсіби мінез-құлқының ерекшеліктеріне сыни талдау және түсіне білу қажет. Сондықтан бұл жағдайда психология ұсынатын "Мен - концепциясы" және кітапханашының қызмет көрсету бөлімдеріндегі жұмыс істеуіне бірнеше жыл бақылау жүргізу

маңызды орын алады. Осы кезде анықталған индикаторлардың дәлдігі кез-келген практиканы, ғылыми негізделген кәсіби мінез-құлықтың төрт типтің біріне өзін жатқыза алуға көмектеседі. Бұл әрине сөзсіз өзін-өзі түстеуге және өзін-өзі жетілдіруге үлкен көмегін тигізеді.

Кітапханашының этикалық мінез-құлқы және кәсіби біліктілігі оқырмандардың ақпараттарды ұтымды, сапалы түрде қолданылуына ықпал жасайды. Кітапханашы мен оқырман арасындағы қарым-қатынас сәйкестігі, бұл кітапханада қызмет көрсетудің сапалығы болып табылады. Оның кәсіби білімімен қатар ерекше жақтары да болуы қажет. Оқырмандардың қарым-қатынас кезіндегі өскелең талап-тілектерін ойдағыдай орындау барысында, кітапхана қызмет көрсету жұмысы барған сайын биік белестерге көтерілу үстінде. Қазіргі кезеңде ақпаратты жедел түрде қамтамасыз етіп отырудың қиындап кеткені соншама, кітапханашы мамандарына деген талаптар да күшейтіле түсті. Кітапхана ортасында кітапханашы өзінің кәсіби мамандығын жоғары дәрежеде көтеріп қана қоймай, сонымен қатар оқырманның мінез-құлқын кітапханаға деген көзқарасын өзгеруіне ықпал жасау қажет. Кітапхана көпшілік ортасы болғандықтан, оқырмандар арасында кейбір келеңсіздіктер орын алып жатады [4]. Осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін кітапханашы кітапхана ортасына тиімді кәсіби шараларды қолданады. Кітапханашы кітапхана ортасына оқырманды тәрбиелеуде «Ақпараттық мәдениет», «Ақпараттық сауаттылық», «Кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау» және т.б. тақырыпта шаралар өткізуі қажет. Кітапханашының оқырманмен қарым-қатынас кезіндегі тұлғалық бейнесіне тоқталатын болсақ, кітапханашы мейірімді, сабырлы, мәдениетті салауатты білімдарлығымен өзінің кәсіби бейнесін көрсетеді. Кітапханашы оқырманмен қарым-қатынас барысында тіл табысу арқылы, оқырманның ой-пікіріне, жан-дүниесіне үлкен әсер тигізеді. Ақпараттың қайнар көзі кітапхана қорында болғандықтан емес, сол ақпаратты оқырманға мәдени қарым-қатынас арқылы өте тиімді етіп жеткізуде. Оқырман кітапханашымен тіл табысу арқылы өзіне қажетті ақпаратты толықтырып алады.

Кітапхана ісінде кәсіби этикалық қызмет процесінде қалыптасатын басты этикалық қарым-қатынастар «кітапханашы - оқырман» жүйесіне негізделеді. Бұл қарым-қатынастар ұжым мүшелері ретінде кітапханашылар арасында, оқырмандар арасында қалыптасады.

Мамандық оның жетекшілерінде тек қана кәсіби қабілеттерді қалыптастырып қоймай, сонымен қатар адамның нақты тұлғалық ерекшеліктерін және өзінің атқарып жатқан қызметіне қатынасын қалыптастырады. Кәсіби этика барлық кәсіби қызмет аспектілерінің негізінде жатыр, себебі кәсіби топтың моралы қоғам моралінің құрылымдық бөлімі болып табылады, ал мораль тәртіп пен іс-әрекеттердің, адамдардың қарым-қатынасының, т.б. ең ежелгі бақылаушыларының бірі болып табылады [5]. **Кәсіптік этика талаптарының сақталуы адамның ішкі қажеттілігіне айналған кезде, ол этикалық принциптерге негізделген өзінің барлық еріктік және эмоционалдық қасиеттерін ұйымдастырады, этикалық қиын проблемаларды адамгершілік тұғысынан шешуге күш салады. Бұл жағдайда кәсіптік этика талаптарын сақтау қажеттілігі тұлғаның тұрақты қасиетіне, оның өзінің іс-әрекеттері мен тәртібін ұйымдастыратын, ар-ұят пен намысының ісі қылдыратын қуаты күшті факторға айналады. Маман өзінің адамгершілік қажеттіліктерін басшылыққа ал отырып, оның жамандық пен жақсылық критерийлерін жауап бермейтін көзқарасына сәйкес келмейтін іс-әрекеттерге, бірақ жағдайлық қажеттілік болғанда, бармайды.**

Осыдан кітапханашының іс-әрекеті оның адамгершілік және тұлғалық қасиеттерімен анықталады. Әр маманның кәсіби құзыреттілігі кезіндегі қатынас мәдениеті - ол үзіліссіз білімнің дайындығын құрайды. Кітапханатануда кітапханашы мен оқырманның өзара әрекеттік этикалық мәселесіне назар кейінірек аударыла бастаған. Қазіргі кезде олардың өзара әрекеттестік мәдениетіне деген психологиялық-этикалық келіс туралы айтуға болады.

Әрбір кәсіби қызметтік ерекшеліктері мамандардың қатынас мәдениеті арқылы жүзеге асады. Берілген материалға кітапханашының мақсатты - жинақы қарауы, қатынас мәдениетіне жатқызылады. Кітапханалық қатынаста келушілер санының көбеюі кітапханашы мен тұтынушы арасындағы қатынас мәдениетінің деңгейін төмендетеді. Бірақта келетін тұтынушылардың саны төмендегенімен, ол кітапханашының қалғандарымен қарым - қатынасының жоғары деңгейге жетуіне кепілдік етпейді. Кітапханашының қатынас деңгейіне сай, оның кәсіби этикасының қаншалықты жан-жақты екенін білуімізгі болады. Ақпараттық қажеттілік – тұлғаның дамуын жылжытатын, тұтынушыны кітапханаға әкелетіні күш. Ол оны кітапхананың әр бөлімдеріне адвантты түрде келуін және басқа да кітапханаларға баруына әсер етеді. Кітапхананың көптеген кітапханалық – библиографиялық қызметтерін пайдалану және олароның мінез - құлқында, іс-әрекетінде, кітапханашылармен өзара әрекеттестік түрінде көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен қазақстан. - 2017. - 26 сәуір. - Б.1-2.
2. Алтухова Г. А. Профессиональная этика библиотекаря : учебное пособие для высших и средних проф. учеб. заведений культуры и искусств / Г. А. Алтухова. – 2-е изд., испр. и доп.. - М.: Изд-во МГУКИ : Профиздат, 2002. – 101 с.
3. Езова С. А. Библиотекарь и читатель: типы поведения : научно-методическое пособие / С. А. Езова. - Москва :Либеря-Бибинформ, 2009. - 109 с.
4. Құдиярова А. Қарым-қатынас психологиясы. –Алматы: Рауан, 1996.- 64 б.
5. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы: Шұғыла, 2006.- 64б.

«АҚТҰМАР» МУЗЕЙІНДЕ – ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНЫМДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ІСТЕРІНІҢ ТАРИХИ ТАҒЛЫМЫ.

«Ақтұмар» тарихи-этнографиялық музейінің аға ғылыми қызметкері **Б.Ж.ИЛЕБАЕВА***

Түйіндеме:

Мақалада Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Ақтұмар» тарихи-этнографиялық музейінің «Аналар ұлағаты – елге аманат» атты экспозициясындағы қазақ даласындағы алғашқы білім ордалары, ел басқарған қазақ ханымдары мен білімді қыздары туралы айтылады. Олардың қазақ халқына жасаған ұлағатты істері мен оның тарихи тағлымы көрсетіледі.

Тірек сөз: «Ақтұмар» музейі, музей экспозициясы, қазақ ханымдары, сауатты қазақ қыздары, білім, оқу орындары.

Abstract:

The article describes the first educational institutions in the Kazakh steppe in the exposition "Mother's wisdom is the will to nation" of the historical and ethnographic Museum "Aktumar" of the Kazakh State Women's Pedagogical University, Kazakh khans and educated daughters of the Kazakh people. And taking into account the main directions, goals, common interests, the common future of the people of Kazakhstan.

Key words: Museum "Aktumar", museum exposition, Kazakh's women, literate girls of Kazakh, education, educational school.

Көне заманнан бері қарай, қазақтың ұлан-байтақ даласын ғасырлар бойы сырт көздердің сұғынан қорғауда, аттың жалында, атанның қомында күрескен ата-бабаларымыз, тарихымыздағы Абылай, Кенесары сынды хандарымыз бен көреген көш басшыларымыз өздерінің ақыл-парасаттары арқасында далалық дипломатияның қағидаларын шебер қолдана отырып, мәмілегерлік саясатымен де қорғай білді, еліміздің тәуелсіздігі, оның жарқын болашағы ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасты. Хандары мен батыр ұлдарынан қалыспай ерлік көрсеткен, қапияда жол тапқан, қысылғанда ой шолған, ақылына көркі сай, әрі ержүрек, әрі батыр бейнелерінде халық санасында ғасырлар бойы сомдалып келе жатқан Тұмар, Бопай, Гаухар, Назым т.б. да батыр қазақтың арулары тарихта белгілі. Құртқа, Қарашаш, Гүлбаршын, Жібек, Баян сұлу, Ұлы Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан, Ғабит Мүсірепов бейнелеген Ұлпан, кешегі Ұлы Отан соғысында ғажайып ерлік үлгілерін көрсеткен Әлия, Мәншүк, Хиуаздарға дейін, басқа да көптеген аналардың, әйел-қыздарымыздың есімдері тарихымызда өшпестей болып жазылып қалған.

XVIII ғасырдың аласапыранында елдігімізді сақтаған қазақ халқына «ақтабан шұбырындыдан» соң тағы үлкен зауал Ресейге бодан болу басталды. Ел-жұртының қамы үшін жанкештілік қимыл көрсеткен дәстүрлі басқару жүйесі күйретілді, бұрынғы «көшпенділер рухымен» дала демократиясының пәрменімен ханы қарасының көңіліне қарап әрекет еткен кезеңдер келмеске кетіп, ханын да, сардарын да, төбе биін өзі сайлаған қазақ халқының, төре-сұлтандарының қадір-қасиеті төмендеп, би-батырлардан гөрі болыстың, старшын-тілмаштардың сөзі өтімді заман басталады. Қаншама ғасыр жарты дүниені «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстаған көшпелілердің дәурені өтіп, жоғалтқаны да көп болып, билігі мен байлығы жат қолында кетіп, *Ұлы қазақ хандығының* түбімен жойылуымен капиталистік қатынастар қазақ жеріне біртіндеп ене бастап, 1847 жылы қазақтың соңғы ханы Кенесарының өлтірілуімен аяқталады.

1991 жылғы 1 желтоқсанда халқымыз өздерінің тұңғыш Президентін сайлады, ал 16-желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, бодандық бұғауынан біржола босап, дербес мемлекет болды. Тәуелсіз Қазақстанның тұғырғасын қалап, көк байрағын тіктеген тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қоғамда өріс алған қайшылықтар мен қиындықтарды өзі ұстанған сара саясатымен, ақыл-парасатымен дер кезінде жеңе білуі арқасында еліміз бірқатар көршілес елдерден көш ілгері, бейбіт өмір сүрудеміз...

Егемендігімізді алып, есімізді жинаған шақта, халқымыздың рухани күшінің қайнар көздерін іздеп, тауып, мәдени мұрағаттардың сырын ашып, оның нәтижесін халық игілігіне айналдырып, халқына паш ету, ұлттық сана мен ұлтжандылықты бойына дарыту үшін, ұлы дала тарихын ұрпақ санасында тірілту қажеттігі туындайды.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы туралы № 1277 Жарлығымен», Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» № 171 қаулысымен елімізде тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жөнінде шараларды жүзеге асырылуда, мәдени құндылықтарды сақтау, дамыту және ұтымды пайдалану мақсатына бағытталған көптеген істер жүргізілді. Көмескі тартып, аршылмай жатқан *Жауһар тарих* көздері аршылып, тарихындағы тұлғалардың өмірдеректері мен қайраткерлік, саясаткерлік ғұмырнамаларына түбегейлі, түбірлі зерттеу жұмыстары жүргіле бастады және болашақта зерттелетін, келер ұрпақтың алдына қояр үлкен мақсаттар мен міндеттер айқындап берді.

Халқымыздың ежелден жалғасып келе жатқан өзіне тән өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық рухани-мәдени мұраларымызды танып-білуде жастардың бойына ата-бабаларымыздан жеткен тарихи-мәдени мұраларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде, ғылыми, ағартушылық-біліми, мәдени мекеме ретінде *музейлердің* рөлі зор. Музей – ел тарихы, ұлттың көне менталитеті, дүние жүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер. Музей экспозициясындағы әрбір мұраның астарында сол жеке мұраның тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез келген халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр.

Елбасының: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...» – деген сөзін негізге алып, Орталық Азия мен ТМД аймағындағы қыздарға арналған жалғыз оқу орны саналатын *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 2002 жылы тарихи-этнографиялық музейі дүниеге келіп, «Ақтұмар»* аталған еді.

Қазақстанда Аналар тарихына арналған тұңғыш музей концепциясы – Әлемдік өркениетте Ұлы Дала атанған даламыздағы Ұлы аналардың ғасырлар бойындағы қазақ халқының қалыптасуындағы үлкен ролін көрсетуге негізделген.

Музей экспозициясы негізінен бес бөлімнен тұрады: қазақ ханымдары мен алғашқы қазақ қыздары оқыған оқу орындары, университет тарихы, әйел әлемі, әйелдер шығармашылығы, әйелдердің қоғамдағы ролі.

Экспозицияға пайдаланған құжаттар, деректік материалдар ҚР Президенті, Орталық мемлекеттік мұрағат қорының Кеңес үкіметіне дейінгі және Кеңестік дәуірдегі мұрағат қорларынан және университет мұрағат қорларынан алынған. Әрбір сурет, әрбір құжат арқылы үлкен бір кезең жайлы тарих көрсетіліп, көрермендерге экскурсия мәтіні айтылады.

Музей экспозициясы түркі халқының мақтанышына айналған көне Күлтегін ескерткішіндегі Ұлы Түркі халқы туралы жазылған, *Отан, әке-шеше* құдыретін дәріптеген сөздерімен ашылған. VI-VIII ғасырда түркі көсемдері Білге қаған мен Күлтегін батырлар Ұлы Түркі қағанаты халықтарының тұрмыс-салтын, мәдениетін жаугершілік жортуылдары туралы айшықты да мәнерлі тілмен өсиет сөз үлгісінде (руно жазбалары) тасқа қашап, ескерткіш ретінде ұрпақтарына қалдырған.

Алғашқы экспозиция – аналар ұлылығын дәріптеген “*Аналар ұлағаты – елге аманат*” аталады, онда қазақ даласындағы ел басқарған ханымдар, алғашқы білім, ағартушы-ұстаздар, қазақтан шыққан алғашқы сауатты қазақ қыздары, оқыған оқу орындары туралы деректі құжаттар, суреттермен, қойылған кітаптар арқылы түсінік беріледі. Қай кезеңде болса да білімнің мәнін жоймайтындығын дәлелдейтін, білім саласына атсалысқан қазақ қыздарына қатысты көптеген деректер, материалдар музей қорында сақталған.

“*Қазақ тарихында аттары ұрпақтан-ұрпаққа таралған Ұмай ана, сақтардың ұлы патшайымы Томирис және қазақтың батыр қыздарының аттарымен бірге, белгілі хандардың ханымдары да өз білімдерімен әйгілі болған десек, Әбілхайырдың Бопайы, Уәли ханның Айғанымы, Жәңгір ханның Фатимасы, ерлері опат болғаннан кейін өз жерлерінде билік тізгінін қолға алып, басқа мемлекеттермен терезесі тең қарым-қатынас орнатып, балаларын ел басқару ісіне баули білген,*” деп басталған алғашқы экспозиция мәтіні, ары қарай қазақ ханымдары туралы, олардың ұлағатты істері, ағартушылық қызметтері туралы тарихи деректермен жалғасады.

Ғасырлардың аумалы-төкпелі қилы кезеңдерінде аузын айға білеген қарқарадай ханның сүйікті жары болуымен ғана емес, зерек зердесімен, қайраткерлік, мәмілегерлік қадір-қасиеттерімен абырой — беделі Алты Алаштан әрі асып, орыс билеушілерін, патша сарайы қызметкерлерін, ғалымдарын, тіпті, мұхит асып келген саяхатшылардың да айрықша назарын аударған ханымдар туралы жәйлі сөз қозғау – ол үлкен тарих. Шын мәніндегі халық жанашыры болған, ел, жер тұтастығы үшін күреске

бүкіл саналы ғұмырын арнаған, қайраткерлік, саясаткерлік, дипломатиялық қадір-қасиеттері бойында болған қазақтың асыл аналарының тұлғалық қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа аманаттап қалдыру бүгінгі ұрпаққа міндет. Олардың жасаған іс-әрекеттері әрбір жасқа өнеге үлгі. Қазір көптеген тарихи құжаттар соның ішінде қазақ ханымдарының халқымыздың игі жақсыларының, батырлар мен билердің арасында, Қазақ-Ресей қатынастарында орасан зор ықпалы болғандығын айғақтайтын құжаттар көне мұрағаттардан алынып, жарыққа шығып жатыр.

Осындай қазақтың абзал аналарының бірегейі, соңғы үш ғасыр көлеміндегі Қазақстандағы билікке араласқан қайраткер қазақ әйелдерінің арасында көшбастаушы болған ол — Бопай ханым.

Әбілхайыр хан (1693 — 12.08.1748) — хан, қолбасшы, 1718—1748 жылдары билік құрған Кіші жүз ханы.

Бопай, Бәтима (1690 — 31.5.1780) — ханым, Әбілқайыр ханның зайыбы, мәмілегер. (1736 жылы ағылшын суретшісі Джон Кэстль салған сурет).

XVIII ғасырда өмір сүрген, қазақтың айтулы әйелдерінің бірі Бопай туралы тарихи әдебиетте, орыс зерттеушілерінің естеліктерінде көбірек жазылады. Бопай ананы халық ішінде Бәтима атаған, Сүйіндікқызы, руы Адайдың Табынайы. Ол 1690-1780 жылдары Батыс Қазақстан облысы Елек өзені бойының ханымы - Әбілхайыр ханның зайыбы. Ел басқару ісіне ерлермен қатар тұрып, еліне қарсы келген жаулармен де мәмлеге береке – бірлікке келіп, халқына қамқоршы болған. Батыс Қазақстандағы Әбілхайыр хан тұсындағы кез-келген сыртқы, ішкі мемлекетаралық қимылдар Бопай ханымның қатысуынсыз іске асырылмаған. Өте саясаткер, күрескерлік қабілеті мықты, қайсар әйел болған. Ел тағдырына байланысты қиын-қыстау кезеңде ханның саяси шешімдер қабылдауына ерекше ықпал еткен.

Әбілхайырдың түпкі мақсаты—Жайық қазақтарының орыс бодандығындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау және ел тыныштығын орнату болса, Ресей империясының құрамына енбей, мұндай аса күрделі мәселелерді шешу мүмкін еместігін уақытша болса да Ресей империясына бодан болу арқылы шешуге тырысқан. Әбілхайырдың осы саяси қадамдарын терең сезінген ханым қолдау көрсетіп, 1731 жылы 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоанновнаға, 1748 жылы 5 қазанда Елизавета Петровнаға, әр уақытта Орынбор әкімшілігінің басшыларына хат жазып, орынсыз қантөгіске жол бермеуді, ел іргесінің сөгілмеуін қалады.

Тарихшылар зерттеулерінде анық дәлелденгені Әбілхайырдың Бопайдан өрбіген ұл перзенттері бесеу—Нұралы (1710/11-1790), Ералы, Айшуақ, Қожахмет, Әділ. Әбілхайыр хан дүниеден өткеннен кейін Елизавета патшайымның жарлығымен Нұралы Кіші орданың хан тағына отырады. Оның хандық дәуірі 1748 – 1786 жылдар аралығы. Ералы – (1720 – 1794) 1791 – 1794 жылдары, Айшуақ – (1723 – 1810) 1797 – 1805 жылдары Кіші жүз хандары болған.

Әбілхайыр ханның көзі тірісінде де, 1748 жылы бақталастарының қолынан қаза тапқаннан кейін де ұзақ жылдар ел басқару ісіне белсене араласып, Орта Орда мен Кіші Ордадағы рулық бірлестіктердің арасында ынтымақ, бірлік, түсіністік орнауына оң өзгерістер жасауға күш-жігері мен білік-қабілетін аямай жұсаған Бопай ханым сол бір алмағайып, дүрбелең кезеңде ел арасында жарқын тұлғаға айналған. Әсіресе Нұралы ханның билігіне көп ықпал етеді. Нұралы хан тағына тағайындалар кезеңде Бопай ханымның сұңғыла саясаткерлігі, қайраткерлігі, дипломатиялық өнері айрықша көзге түседі. Сол үшінде ол күйеуінің кегін алуға да ақылдықпен Барақ сұлтанды жазалауды ойластырады, орыс әкімшілігімен келісе отырып, Елек өзені бойында қала салдырады. Қайып хан мен Нұралы ханды татуластырып, келісімге келтіреді. Біраз уақыт болсын халықтың ауызбіршілігін тұрақты ұстап, өз ақылдылығымен ел билеген.

Құжаттар:1833 жылы сұлтан Б.Айшуақовтың (Әбілқайырдың немересі) Орынбор облысындағы Елек бойынан мектеп ашуға жер бөлуді сұраған өтініші (көшірмелері)

Айғаным ханша (1783-1853 ж.ж) Ұлы Абылай ханның тұңғыш ұлы, тақ мұрагері, орта жүзді 38 жыл басқарған Уәли ханның кіші ханымы. Уәли хан қайтыс болғаннан кейін, ханның орнын /1821-1822/ басып, хан сайланған. XIX ғасырда қазақ әйелдерінен шыққан қоғам қайраткері. Ұлы ғалым Ш.Уәлихановқа адамгершілікпен, ғылымның жолын ашуда өнеге болған әжесі. Есіл бойындағы Атығай – Қарауыл руларының Бас имамы Сарғалдақ қожаның баласы Қожахметтің қызы. Айғаным ханша– өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болған. Бірнеше тілді еркін меңгерген.

Уалихан қайтыс болғанда Айғаным бар болғаны отыз жаста, алты ұл, екі қызбен жесір қалады, хан ордасында балаларын жақсы азамат етіп тәрбиелеп қанаттандырады, төрт жаста болған Шыңғыс Айғаным анасының тәрбиесінде өсіп, ержетті. Аға сұлтан, Ресей мемлекетінің полковнигі, белгілі қоғам қайраткері Шыңғыс тарихи тұлға – қазақтың ұлы ғалымы Шоқанның әкесі еді.

Аласапыранға толы кезеңде Айғаным ханша хан ордасындағы билікті өз қолына алып, Ресей патшалығымен жақсы қарым-қатынас орнатты. Сібір қазақтарының жарғысы қабылданғаннан кейін, Солтүстік Қазақстандағы көптеген мәселелерге ықпалы тиген.

Оқығаны, тоқығаны мол, жеті жұрттың тілін меңгерген, өзінің ақыл-парасатымен билікті өз қолына алған Айғаным ханша 1822 жылдың күзінде орталығы Тобыл қаласында тұрған Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасына хат жазып, өзінің қарамағындағы халықтың көші-қон жерлерін заңдастырып бөліп беруді, Сырымбеттегі қонысында жеке үй мен мешіт тұрғызуды өтінеді. Патша Айғаным ханшаның бұл өтінішіне 1824 жылғы 28 қаңтарда рұхсат беріп, жарлық шығарып, оған қол қояды. Осы Жарлық бойынша Сырымбеттен Есілге дейінгі аралықтағы жерді Айғаным ханшаның меншігіне бекітіп, үй салғызып, қонақ күту бөлмесімен, медіресемен, моншамен кеңейттіреді.

Батыс Сібірдің сол кездегі астанасы Тобыл қаласының генерал-губернаторы Айғаным ханымның өтінішімен қырда егін егуді қазақтардың кәсібіне айналдыру үшін көмекке, тұқым, құрал-сайман, үйінің қасынан жел диірменін салдыртып береді.

Сырымбетте өзі ашқан медіресеге Қызылжардан Құтмұхамет Иманқұлов деген молданы алдырып, балаларын, өзге де жақсы-жайсаңдардың ұлдарын оқытады. Сырымбет медресесінде қазақша сауаттанған Шыңғысты он төрт жасқа толғанында Омбы қаласындағы шекара училищесінің Азия мектебіне орналастырады.

12 жасар Шоқанды шешесі Зейнептің қарсы болғанына қарамай, Омбы қаласына оқуға жібереді. Немересі Шоқанның үлкен ғалым болып шығуына да Айғанымның ықпалы-үлесі көп болады.

Шыңғыс 1834 жылы оқуын ойдағыдай аяқтап, орысша білім алған, болашағынна зор үміт күттірген алғашқы қазақтардың бірі болды, ел басқарудың хандық жүйесі жойылғаннан кейін, халқына адал болған ханзада жиырма бес жасында аға сұлтандыққа сайланып, әскери майор атағы берілді. Аға сұлтандық қызметке кіріскен алғашқы күннен-ақ халқына жақсылық жасауды, салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін Ресейге кеңінен танытуды, қазақ жастарын көптен оқытуды мақсат тұтқан. Өзіне бағынатын әскери гарнизоны бар Құсмұрын бекінісіне ауысып, «Ортабұлақтың» басына ақ боз үйлі ауыл қондырып, ауыл ортасына мешіт салғызып, мектеп ашады. Шоқан осы жерде дүниеге келді.

Айғанымның ізгі істерін көзімен көріп, қамқорлығын жан-дүниесімен жете сезініп, үйіне көп келетін зиялы жандармен араласқандықтан, ұрпақтары білім мен ғылымға, халқына жанашыр жандар болды. Айғаным ханым қазақ тарихында өз бетінше билікке қол жеткізе алған, еуропаша білім алған, бірнеше тіл меңгерген, саяси-қоғам қайраткері ретінде із қалдырған.

Экспозицияда: Айғаным ханша Уәлиеваның Көкшетау сыртқы өлкелігіне жазған хаттары;

Суреттер: Сырымбеттегі Айғаным ханшаның қонысы, мектептер үлгілері

Фатима ханша. 1841 жылы Бөкей ордасында Жәңгір ханның жеке қаржысына ашылған мектепке, оның жұбайы Фатима ханша сабақ береді. Фатима Еуропаның, Азияның бірнеше тілінде таза сөйлейтін білімді әйел болған.

Фатима ханшаның Пятигорск қаласына Е.И.Мерлинге, Орынбор әскери губернаторы В.А.Обручевқа хаттары; Орынбордың шекаралық мекемесінің басшысы генерал-майор М.В.Ладыженскийге хаттары.

Жәңгір хан. Ішкі (Бөкей) Ордасының Хан Ставкасын үлкен мәдени орталыққа айналдырып, алғашқы мектеп ашты, кейін бұл мектеп екі класты училище болды. Хан салдырған орта мектеп шағын да болса сәулет өнерінің бар мүмкіндігін пайдаланып салынған шанырақ болды. 1841 жылы мұнда 25 бала оқыған, шәкірттердің үлкенінің жасы 22-де болса, кішісі 9-да. 1879 жылы қалалық училищеге 1901 жылы мұғалімдер даярлайтын училищеге, ал төңкерістен кейін 1917 жылы 9 басқыштық мектепке, 1935 жылы орта мектепке айналған. Мұрағат құжаттарында, Жәңгір ханның өзі оқушылардың білім деңгейін әрбір тоқсан сайын тексеріп отырған, зеректерін Петербург, Мәскеу қалаларына оқуға жолдаған, ауқатты адамдардың балаларымен қоса кедейлердің де ұл-қыздары оқыған, халықты сауаттандырам деп ойлаған Жәңгір хан халқының болашағын ойлаған, мектеп ашып қана қоймаған, жаңаша үйлер салдырып, Нарын құмын бөгеу үшін құм ішіндегі қарағайлы орман еккен.

Жәңгір мектебінің үздік түлектері Ресейдің үлкен білім ошақтарында білім алған қазақтың біртуар ұлдары: жеті жұрттың тілін білген Ғ.Мұсағалиев, тұңғыш қазақ өлкетанушысы М.Бабажанов, шығыс тілдерін жетік білген, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультеті түлегі Б.Құлманов, патшалық Ресейге танымал тұңғыш қазақ генералдары Ғ.Жәңгіров пен Р. Құрманалиев, Саратов университетінің медицина факультеті түлегі, алғаш қазақ дәрігері М.Шомбалов, сазгер

Д.Шығайев, қазақтың көрнекті ғалым-ағартушы-демократтары М.Бекмұхамедов, С.Жантөрин, М.Шолтыров, С.Меңдешев, А.Оразбаева, халқымыздың алғашқы инженер қызы М.Бегалиева.

Құжаттар: Жәңгір ханның мектеп ашу туралы жарлығы. Маусым, 1841 жыл. (Араб, орыс тілдерінде);

Жәңгір хан Ордасындағы оқушылардың саны, сабақ үлгерімі, тәртібі жайындағы ведомость; Орынбор Әскери губернаторы басқармасының Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайды Неплюев әскери училищесіне алу туралы өтінішіне берген жауабы. 1833 жыл, мамыр; Орынбор оқу аймағының Халық ағарту министрлігінен Бөкей Ордасындағы Торғын мектебіне ғимарат алуға қазынадан қаражат бөлуді сұраған хаты, Орынбор. 1887 ж. 12 қаңтар; Хан Ордасындағы Тал мектебі оқушылары Нұғман Нұрсейіт, Василий Рыкиннің көркем жазу үлгілері; хан Ордасындағы учаскелік мектеп, қыздар оқыған оқу орындары туралы құжаттар, кітабы қойылған.

Сурет: Хұсни Жамал мектепте оқушы қыздарымен. 1894 жыл.

Әбілқайыр ханның баласы Нұралы ханның немересі *Хұсни Жамал* Ордадағы училищеде дәріс алып, білімін көтерген, 1894 жылы Бөкей Ордасында қазақ қыздарына арнап тұңғыш мектеп—бір класты училище ашты. Оқушыларға қажетті оқулықтарды мектеп құрал-жабдықтарын өз қаражатына алдырып, оқытушылық қызметін тегін атқарған. Оның шәкірттері халқымыздың мақтан тұтарлық ардақты қыздары болып өсті. Мектептің түлектері: Рәзия Меңдешова, Алма Оразбаева Әмина Мәметова.

Нұралы ханның баласы Қаратай сұлтаннан тарайтын *Аронқызы Шахзада Шонанова* (1903-1938 ж.ж.) — 1922 жылдан Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатында мектепке дейінгі тәрбие методисі, ғылыми хатшы, мектеп инспекторы болып қызмет атқарған. Орта Азия университеті медицина факультетінің екінші курсынан, Алматыдағы медицина институтының екінші курсынан тегіне байланысты шығарылған. 1937 жылы қуғын-сүргін құрбаны, «үштіктің» үкімімен атылған жалғыз қазақтың қызы күйеуі Телжан Шонановпен халық жауы деген жаламен атылады.

Сонымен бірге әнші Мұхит, күйші Дәлеткерей, 1934 жылы Мәскеуде өткен қазақ мәдениетінің онкүндігінде Сталиннің алдында «Ақсақ құлан» күйін орындаған Қамбар Медетов, Бақытжан Қаратаевтар Әбілхайыр-Бопай ұрпақтары, отаршылдық дәуірде ұлтымыздың мәдени-рухани өмірінде өшпес із қалдырған тұлғалар.

Ары қарай экспозицияны хат таныған қазақтың басқа да ханымдарының хаттары жалғастырады:

Айшуақұлының жесірі Анай ханым Нәдірқызынан хаты (араб және орыс тілінде); Семей губерниясынан Бегімхан Шамина Бөкейханованың Ресей Мемлекеттік Думасына жазған хаты;

Ыбырай Алтынсариннің жесірі Айғаным Шолаққызы Алтынсаринаның арызы: 1890 жылы Торғай облыстық мектебінің бұрынғы инспекторы, Торғай облыстық әскери губернаторына баласы Ғабдулланы Троицк гимназиясына кандидат және стипендиат ретінде қабылдауын өтінген.

XIX ғасыр Қазақстанның мәдени өміріндегі ағартушылық ғасыр деп аталады, орыс-қазақ мектептері мен кітапханалар ашылды. Қазақтар өз балаларына білім беруге ұмтылыс жасап, балаларын кадет корпустары бар Омбы мен Орынборға жіберу үшін мүмкіндік іздестірді. Білім алуға деген жаппай ұмтылыс пен ықылас жағдайында Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин бастаған қазақ ағартушыларының тобы қалыптасты. Олар оқыған оқу орындары туралы деректер экспозицияда көрсетілген.

Қазақ даласында ашылған алғашқы мектептердің саны аз да болса қазақ халқы мәдениетінің және оқу ағарту ісінің дамуында айтарлықтай ролі болды. Қазақстанның, қазақ ұлтының алғашқы болашақ дәрігерлері, мұғалімдері, жазушылары, алғашқы қазақ интеллигенциясы осы мектептерде білім алды. Алдыңғы қатарлы алғашқы мұғалімдер жастарға білім беруде зор еңбек сіңірді.

Қыздар оқыған оқу орындары. 1860 жылы 10 мамырдағы Патша үкіметі қаулысымен, 1870 жылдың 24 мамырында әйелдер гимназиясы және толық емес гимназиялар туралы ережесін (Свод законов Российской империи 14т., 701 бет) негізге ала отырып, Қазақстанда әйелдерге арналған оқу орындары ашыла бастады. 1904 жылы мұғалім қазақ қыздар гимназиясы ашылады.

Экспозицияда қазақ даласының губерниялардағы оқу орындары, оқушылар саны туралы статистикалық мәліметтер беретін құжаттар бар. Хан ставкасындағы әйелдерге арналған оқу орындары, Ақтөбе қаласындағы әйелдерге арналған орыс-қазақ училищесі, Шымкент қаласында да қыздар гимназиясы, Жаркент қаласында екі кластық әйелдер гимназиясы, Қостанай қыздар гимназиясын, Орынбор әйелдер гимназиясы, Верный әйелдер гимназияларын қыз балаларға арнап ашу туралы қаулы-шешімдері, үздік оқыған қазақ қыздары туралы көптеген құжаттар қойылған.

“Ақтұмар” музейі — “Мәдени мұра” бағдарламасына сай, этно-мәдени құндылықтар арқылы қазақ қыздарының ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, елі мен жерін сүйетін, ана тілін құрметтейтін ұлттық кадрларды даярлауды басты мүдде санайтын педагогикалық мақсатта жұмыстар жүргізеді.

Әлемнің көптеген елдерінен келген түрлі делегация өкілдерінен, Қазақстандағы әр саладағы жеке тұлғалардың ықпал-алғысына бөленген, өзінің бағасын алған “Ақтұмар” музейі бүгінгі күнге дейін 10 000 аса көрермен көз айымына айналды. Қазіргі уақытта университет тарихы зерттеліп, өсіп-өрлеу кезеңдері айқындалып, шежіресі жазылды, даңқты тұлғаларының еңбектері ғана емес, бүкіл қазақ әйелінің білім саласындағы және қоғамдағы орнын зерттеп, оны насихаттауда маңызды орынға айналып отыр.

Болашақта білімі мен білігі жағынан шетелдердегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, сонымен қатар, бойында ұлттық ділі сақталған, отаншылдық рухы кемел қазақтың жаңа ұрпағын тәрбиелейтін ұстаздар дайындауда, қазақ даласындағы оқу – ағарту ісі тарихы мен ел билеген қайраткер, сауатты қазақ ханымдары, олардың халықтың әлеуметтік, білім саласындағы еңбектері мен қазақ даласындағы алғашқы білімінің дамуы кезеңдерін көрсетуде өз үлесін қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы № 1277 Жарлығы // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2004. – № 2 – 23-қ.
2. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы, 1961
3. А.И.Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
4. Жұмабек Мұқанов. Бопай ханым ізімен.
5. Сыдыққызы, Р. Айғаным ханша Егемен Қазақстан. 1997ж
6. Т.Мақымов, Ө.Құспанов «Жәңгір мектебі - білім бастауы».
7. Музей қорындағы ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан:
4 қор – Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы; 15 қор – Семей, 44 қор – Жетісу, 369 қор – Ақмола облыстық басқармасы; 828 қор, 460 қор – Жетісу және Семей статистикалық комитеттері; 30 қор – Халық Комиссарлары Кеңесі; 81 қор – Халық Ағарту Комиссариаты бұйрықтары пайдаланылды.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ КІТАПХАНАЛАРДА ӨЛКЕТАНУ ӘДЕБИЕТТЕРІН НАСИХАТТАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

аға оқытушы Д.Қ.ЕСТАЕВА*
ф.ғ.к., Г.Х.НУГЫБАЕВА**

Түйіндеме:

Кітапханада өлкетану әдебиеттерін насихаттау қазіргі уақытта кең орын алуда. Әр оқырман өзінің туған өлкесінің тарихын, экономикасын, табиғат байлықтарын, халқынан шыққан түрлі дарын иелерін, мақтан тұтар, ардақ етер ұл-қыздарын білуге, сыйлауға және осының бәрін кейінгі ұрпаққа аманаттауға бар күш-жігерімен ұмтылуы тиіс. Сонымен, өлкетану әдебиеттерін насихаттауда жеке оқырманды жан-жақты тәрбиелеу мен дамытудың табысты болуы кітапханашылардың оқырман психологиясын, жас ерекшелігін терең біліп, ескеруіне және ұлттық тәрбие мақсатына сай міндеттер қойып, өлкетану ғылымдарын насихаттау әдістерін дұрыс таңдап, тиімді пайдаланып, қызықты ұйымдастыра білуіне байланысты.

Тірек Сөздер: өлкетану, әдебиет, анықтамалық-библиографиялық аппарат, көпшілік шаралар, туған ел.

ACTUAL PROBLEMS OF PROPAGATION OF REGIONAL LITERATURE IN LIBRARIES

Abstract:

In the library, the propagation of regional literature is now widely accepted. Every reader should strive to find out, respect and honor all of his native land history, economy, natural wealth, talented people, proud, brave sons and daughters, and to keep all this in the next generation. Thus, the success of comprehensive education and development of individual readers in the study of local literature is related to the ability of librarians to better understand, read and understand readers' psychology, age, and to set goals according to national educational goals, to choose the best way to use local science.

Key words: local history, literature, reference-bibliographical apparatus, public events, native country.

Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы мен кемелді келешегінің қамын ойлаған Елбасы ұлтқа арналған маңызды құжат, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады. Аталмыш мақалада Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – ұлттық идеологиялық бағытымыздың қайнар көзі. Ұлттық дамуымыздың негізі болған аталмыш тұғырнама Елбасының ой әлемінде сан мәрте таразыға тартылып, сан жылдардан бері пісіп-жетіліп, парасаттылықпенен қорытындыланып, тағылыммен тұжырымдалған ойлы да жүйелі дүние.

Елбасы болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатындығы жайында әрі әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керектігін тілге тиек етеді. Сондай-ақ компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлардың бәрі әрбір жеке тұлғаның алға басуына қажетті алғышарттар екендігін айшықтайды. «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс... Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп түйін жасайды [1].

Өлкетану әдебиеттері – біздің үлкен тарихымыздың ажырамас бір бөлігі. Ол – ата-бабадан қалып, ұрпақтар үндестігінде жалғасын тауып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің сақшысы. Өлкетану әдебиеттерін кітапханада насихаттау - қазіргі заманғы кітапханашыларының алдында тұрған келелі істердің бірі. Бұл орайда жас ұрпаққа өз елінің, туған өлкесінің тарихын, тілін, дінін, ділін, экономикасын, мәдениетін, табиғатын жан-жақты, кең түрде насихаттап, оны сүйюге, қастерлеуге шақыру негізгі міндет болмақ. Өлкетану әдебиеттерін насихаттау дегеніміз - бұл қазақ халқының қарапайым даналығын ашу, Жер-Ананы ерінбей мәпелеп, оның дархан байлығын ел игілігіне жарату үлгісін кейінгі ұрпаққа көрсетуісыныстарын, жобаларын дайындаған [2].

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Елбасы назарынан «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламада қалыс қалмаған. Мақалада туған жер жайында, оны көркейту бағыттарына қатысты көптеген шешімдері мен

Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынын айта келе, туған жерге деген сүйіспеншілік туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатындығын ерекше асқақ, терең сезіммен түйіндеген.

Қандай елде, қандай жерде болмасын туған тарихын, төл мәдениетін, салт-дәстүрін, туған өлкеден шыққан өнер, еңбек санлақтарын, елдік шежіресін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, мадақтап, асыл мұра етіп ардақтауында өлкетану әдебиеттерінің алар орны ерекше. «Ақыл-жастан» деген бабалар нақышындай, еліміздің сәулетті де түрлі болашағын жасаушы жастарға өлкетану әдебиеттерін насихаттау арқылы туған жерге, өскен өлкеге деген құрмет, өз Отанына деген мақтаныш әрі патриоттық сезімін оятып, қазақ елінің және қазақ елін мекен еткен басқа да халықтар өкілдерінің әдеби, мәдени мұраларын білуге тәрбиелеу - кітапхана ісінің негізгі міндеті.

Кітапханада өлкетану әдебиеттерін насихаттау қазіргі уақытта кең орын алуда. Әр оқырман өзінің туған өлкесінің тарихын, экономикасын, табиғат байлықтарын, халқынан шыққан түрлі дарын иелерін, мақтан тұтар, ардақ етер ұл-қыздарын білуге, сыйлауға және осының бәрін кейінгі ұрпаққа аманаттауға бар күш-жігерімен ұмтылуы тиіс. Сонымен, өлкетану әдебиеттерін насихаттауда жеке оқырманды жан-жақты тәрбиелеу мен дамытудың табысты болуы кітапханашылардың оқырман психологиясын, жас ерекшелігін терең біліп, ескеруіне және ұлттық тәрбие мақсатына сай міндеттер қойып, өлкетану ғылымдарын насихаттау әдістерін дұрыс таңдап, тиімді пайдаланып, қызықты ұйымдастыра білуіне байланысты.

Отанға деген сүйіспеншілік, туған өлкеге тағдырынды байланыстыру өздігінен пайда болмайды, оған тәрбие арқылы қол жеткізіледі. Осы тәрбиені кең түрде насихаттаушылардың алдыңғы қатарында әрдайым да кітапхана тұрмақ. Өлкетану әр адамға-ақ әлемді танытатын жақсы көмекші. Өзінің дәстүрлі түрдегі ағартушылық және тәрбиелік қызметтері арқылы өлкетану ғылыми және өнеркәсіптік ортада қашан да өз бағасын жоймақ емес. Өлкетану мазмұны бұрынғы және қазіргі қоғамның белгілі бір уақытының мақсаты мен мәнін анықтайды. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау ісі – кітапхана типіне, оқырмандар құрамына, қордың көлеміне қарамастан кітапханалардың барлығында сапалы жүргізіледі. Өлкетану әдебиеттерін насихаттау ісі - кітапханадағы жалпы насихат жұмысының құрамдас бір саласы, ол жалпы әдебиеттерді насихаттау ісімен тұтасып, бірге дамып, бірге өріліп жататын кітапханалық насихаттың мазмұнын кеңейтіп, маңызын көтеретін, оның барлық түрлерін толықтырып, байытып отыратын сала. Өлкетану әдебиеттері - кең салалы әдебиет. Оған белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеуге бағытталғын немесе оның физикалық және экономикалық географиясына, геологиясына, тарихына, этнографиясына, жаратылысына, заңтану саласына арналып жазылған баспа шығармалары жатады. Сонымен қатар белгілі бір қала, облыс, аудан, ауыл туралы мәліметтер басылған арнайы ғылыми монографиялар, ғылыми-көпшілік өдебиеттер, анықтамалық басылымдар, осы өлкеге қатысы бар басқа да шығармалар кіреді. Өлкетану әдебиеті ұғымы мазмұны жағынан өлкеге қатысы бар баспа шығармаларының бәрін, олардың қай жерде, қай тілде басылғанына қарамастан түгел қамтиды [3].

Кітапханалық өлкетану – жалпы өлкетанудың негізгі бір бөлшегі. Оның мақсаты туған ел турасындағы жарық көрген баспа шығармаларының бәрін-бәрін жинақтап, сақтап, оқырман пайдаланымына ұсыну. Кітапханада өлкетану әдебиеттерін насихаттау қазіргі уақытта кең орын алуда. Әр оқырман өзінің туған өлкесінің тарихын, экономикасын, табиғат байлықтарын, халқынан шыққан түрлі дарын иелерін, мақтан тұтар, ардақ етер ұл-қыздарын білуге, сыйлауға және осының бәрін кейінгі ұрпаққа аманаттауға бар күш-жігерімен ұмтылуы тиіс. Оқырман кітап оқу процесі барысында оның рухани қайнарынан өз әлінше сусындап, тәрбие алады. Оқырмандардың кітап байлығына терең сүңги білуі оның кітап оқу мәдениетін қаншалықты меңгергеніне тікелей байланысты. Сондықтан да кітапханашылар қауымы оқырмандардың кітаппен жұмыс жасауына үнемі басшылық жасап, оқырмандар арасында кітапханалық-библиографиялық білімді үнемі насихаттауды жоспарлы әрі жүйелі түрде жүргізуді жетілдіре түскендері жөн болмақ.

Сонымен, өлкетану әдебиеттерін насихаттауда жеке оқырманды жан-жақты тәрбиелеу мен дамытудың табысты болуы кітапханашылардың оқырман психологиясын, жас ерекшелігін терең біліп, ескеруіне және ұлттық тәрбие мақсатына сай міндеттер қойып, өлкетану ғылымдарын насихаттау әдістерін дұрыс таңдап, тиімді пайдаланып, қызықты ұйымдастыра білуіне байланысты. Отанға деген сүйіспеншілік, туған өлкеге тағдырынды байланыстыру өздігінен пайда болмайды, оған тәрбие арқылы қол жеткізіледі. Осы тәрбиені кең түрде насихаттаушылардың алдыңғы қатарында

әрдайым да кітапхана тұрмақ. Өлкетану әр адамға-ақ әлемді танытатын жақсы көмекші. Өзінің дәстүрлі түрдегі ағартушылық және тәрбиелік қызметтері арқылы өлкетану ғылыми және өнеркәсіптік ортада қашан да өз бағасын жоймақ емес. Өлкетану мазмұны бұрынғы және қазіргі қоғамның белгілі бір уақытының мақсаты мен мәнін анықтайды. Кітапханалық өлкетану - бәрімізге де өз Отанымызды тануға, білуге және сүйуге үйретеді.

Өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың алғы шарттарына кітапханада өлкетану әдебиеттерінің қорын ұйымдастыру мен анықтамалық-библиографиялық аппараттарды ұйымдастыру жатады. Қандай да бір кітапхана болса да ондағы өлкетанубасылымдарының насихатталуы оның өлкетану мазмұнындағы әдебиеттерінің қоры мен анықтамалық-библиографиялық аппаратының жақсы деңгейде, толық ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың көпшілік түрлері мен көрнекі әдістері болады. Олар-оқырмандармен жүргізілетін көпшілік шаралар-оқырман конференциялары, кітап көрмелері, шолулар, оқырманмен әңгімелесу кештері, тақырыптық кештер, оқырман бенефисі жатады. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау барысында өткізілер насихаттың әр әдісі пен түрі кітапханашыдан терең білімді, жан-жақтылықты талап етеді. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау барысында өткізілер әрбір шара оқырмандарды бірден үйіріп әкете аларлықтай дәрежеде қызықты, тартымды, жақсы ұйымдастырылуы тиіс [4]. Яғни басқаша айтқанда, кітапхана мен оқырман арасында ерекше бір байланыс туғызу керек. Одан оқырман өз керегін алумен қатар өзінің сол мақсаттағы ұсынысын, талап-тілегін ортаға сала алады.

Ал өлкетанулық қорды насихаттау барысындағы кітап көрмелерінің де оқырмандарға берер тағылымы мен көмегі аса зор. Олар белгілі бір тақырып бойынша іріктеліп немесе белгілі бір айтулы тұлғаның өмірі мен шығармашылығына арналып та ұйымдастырылуы мүмкін. Көрме тақырыбы тартымды, оқырманның назарына бірден ілігетіндей болуы, қысқа бейнеленуі шарт. Қандайда бір кітапханадағы насихат жұмыстары оқырманның қалыптасуына және оның білімінің тереңдей түсуіне көп септігін тигізеді.

Өлкетану әдебиеттерінің оқырмандары ұғымына негізінен жалпы оқырмандар да, балғын оқырмандар мен жасаөспірім оқырмандар да, өлке зерттеушілер де, насихаттаушылар да, өздігінен білім алушы оқырман топтары да кіре алады. Себебі әрбір азамат өз өлкесінің тарихын, мәдениетін т.б. рухани қайнарларынан қасиетті кітапханалар арқылы сусындай алады. Оқырмандарға сол өлке ұғымының мәнін, мазмұнының ашып, терең түсіндіруде кітапханаларда кітапханашылар үгіт-насихаттардың түрлі формаларын ойластырып, жүзеге асырады.

Өлкетану әдебиеттерінің оқырмандарының қатарында жас ерекшеліктері, білімдері жағынан әрқилы оқырмандардың болуы бұл саладағы атқарылар істердің жүгін ауырлата түседі. Оның мәні мынада, мысалы белгілі бір сала мамандарына арнап өткізілер шараның және мектеп оқушыларымен өткізілетін шараның шаралардың ұйымдастырылу құрылымы әртүрлі және бірін-бірі өзара қайталамайтындай болуы шарт. Яғни үгіт-насихат жұмыстарының барысында оқырмандардың білімі, жас ерекшеліктері қатаң түрде ескерілуі керек. Кітапханадағы барлық өлкетану жұмыстары өз өлкесі туралы білімді кеңейту мен насихаттауға арналады. Өзінің даму баспалдақтарымен өрлей келе өлкетанудың елдің өткені мен бүгінін танытуда, ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңыз алады. Кітапханадағы өлкетану жұмыстары барлық кітапханалық процестің бөлігі болып саналады, ол әр ғылым салалары бойынша білімді насихаттауда, тәрбие жұмысында, кітап оқуға басшылық жасау проблемалары мен кітапхана ісіне басшылық жасаудағы ортақ мақсаттардағы әдістемелік жұмыстармен байланысып, түрлі елді мекендердегі кітапханалық қызмет көрсетудің ортақ деңгейіне әдістемелік көмек беру болатын, немесе кітапханалық жұмыстың формалары біріге келе әр оқырманға өз өлкесі туралы білімді жүйелі түрде насихаттау. Әр өлке сол өлкеде өткен тарихи оқиғалармен ерекшеленеді [5].

Жалпы алғанда, өлкетану әдебиеттерін насихаттаудағы барлық жұмыс бағыттары өлке тарихы мен оның даму деңгейлеріне байланысты болады. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау-қазіргі кітапханалар алдындағы келелі істердің бірі болып саналады. Кітапханада өлкетану әдебиеттерін ұйымдастыру неғұрлым жақсы болса, насихат жұмыстарының нәтижесі де соғұрлым оңды болады. Халқымыздың, елімізге, жерімізге, Отанымызға деген ыстық сүйіспеншілігін, мақтаныш сезімін арттыруда, ата дәстүрдің, баба тарихтың, төл мәдениет пен төл әдебиеттің желісін үзбей ұлтымыздың асыл мұрасы ретінде көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыруда рухани отты үрлеп отырған кітапханалар мақсаты жалғыз-ақ. Ол халыққа қалың оқырман қауымға тарихты зерделеуге, мәдениет пен әдебиетті түсіндіруде, тектілігін ұғындыруда және ұлт шежіресін терең бағалап, ертеңгі ел иелері болатын азаматтар дайындауға өз тарапына көмегін аямай, шарапатын

тигізу. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың түрлі шараларын әлі де болса кеңейте, дамыта түскен жөн. Ол енді болашақ мамандар еншісіне тимек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// «Егемен қазақстан». -2017, 26 сәуір.-1-2 б.
2. Ахметова С. Өлкетану библиографиясы.-Алматы, 1979.-61 б
3. Әбдіғұлов Б. Ұлттық дәстүрлерді қалыптастыру жөнінде// Қазақ тарихы, 1999, № 3, 65-69 б.
4. Краеведческая библиография. Учеб. для библ. факт-ов ин-тов культуры и пед. вузов. – М., 1978.-166 с
5. Краеведение. Пособ. для учителя. /Под.ред. А.В. Даринского/ -М., 1987.
6. Краеведческая работа библиотеки. Метод. пос. — Алматы, 1994.

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ – ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ө.Ғ.К., доцент **А.Т.АЙТУАРОВА***
П.Ғ.К. **Т.У.КАШАГАНОВА****

Түйіндеме:

Мақаланың мақсаты - қазақтың композиторы Нұрғиса Тілендиевтің ұлттық музыкалық мәдениетіндегі алатын орынын айшықтап ашып көрсету. Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы қазіргі қазақ музыкасы тарихының жарқын беттерінің бірі болып саналады. Оның музыкасына деген халықтың қалтқысыз махаббаты, әндерінің, оркестрлік күйлерінің, киномузыкасының жаппай танымалдығы Нұрғисаның қазақ музыкалық мәдениетінің тарихында өшпес із қалдырған нағыз халық композиторы екендігінің анық айғағы.

Нұрғиса Тілендиев - әйгілі композитор, төлтума дирижер, кемел домбыраши. Ұсынылып отырған мақалада осы үш қасиеттің үйлесімі ғылыми тұрғыдан қарастырылып отыр. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Аққу», «Махамбет», «Атадан мұра», «Қош керуен» т.б. оркестрлік шығармалары қазақ музыкасының халықтық аспаптық дәстүрлерін дамыта отырып, дәстүрлі күйдің жаңа үлгілері «халық аспаптар оркестріне арналған күйлер» болып табылады.

Н.Тілендиевтің аса танымал болған көптеген әндері шын мәніндегі халық әндеріне айналып кеткен. «Саржайлау», «Ауылдағы жеңеше-ай», «Біздің ағай тамаша», «Жан жарым», «Жан сәулем», «Құстар әні», «Әжеме» т.б. әндерінің айшықты, қарапайым кайырмалары адам жадында жылдам жатталып қалатындығымен қадірлі.

Тірек сөздер – дәстүрлі музыка, ана музыкалық тілі, халық эстетикасының жалғастырушы, еуропалық көпдауыстық, көне халық аспаптары, оркестрлік күй.

Abstract:

The purpose of the article is to reveal the place of the Kazakh composer Nurgisa Tlendiev in Turkic musical culture. Nurgisa Tlendiev's creative work is one of the brightest pages of modern Kazakh music history. The unshakable love of his people, his songs, orchestral kyu, cinematography musik are a clear indication that Nurgisa is a real folk composer who has left an indelible mark in the history of Kazakh musical culture.

Key words: traditional music, national musical language, continuation of folk aesthetic, European many voits, ancient folk instruments, orchestral kyu.

Кіріспе

Әлемдік мәдени кеңістіктегі жаһанданудың заманауи үдерістері оң өзгерістермен қатар (ғаламторға мүлдем барлық мәдени құбылыстар, өнер саласындағы жаңалықтар еңгізу, әлемдік білім беру мен ағарту ашықтығы) көптеген теріс аспектілер әкелді. Өкінішке орай, кейбір ұлттық мәдениеттерді бірте-бірте біріктіру үрдісі пайда болып, олардың бірегейлігі жоғалып кетті. Ғаламтор, кино, әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары - адамзат өркениетінің шын мәніндегі құнды жетістіктері ғана емес, сондай-ақ төменгі мәдени деңгейдегі феномендердің көбейту себеп болыпты.

Жаңғырту процесі міндетті түрде әр ұлттық мәдениетте сақталған рухани құндылықтарды көптеген ғасырлар бойы сақтауға және олардың идентификациясын және бірегейлігін сақтаудың тірегі мен кепілі болып табылады.

«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жекегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полностерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

* Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», - жазады Қазақстан президенті Н.А.Назарбаев.

Нұрғиса Тілендиев - әйгілі композитор, төлтума дирижер, кемел домбырашы. Осы үш қасиеттің үйлесімі кәсіби халық музыкасы өкілінің бес аспаптығын дәлелдейді. Нұрғиса - шығармашылық болмысының ерекше еркіндігі мен өзгешелігі жалпылық шеңберіне симайтын жалқы дүниенің перзенті. Дәстүрлі дүниетанымнан әлемге деген жалпы көзқарастың тұтастығы, белгілі бір объективизм туындайды. Нұрғисаның үздік шығармашылығын әуезі өміршен, толыққанды, тылсым сырымен баурайды... Дүниенің баяндылығын жырлайтын, халқының аманшылығын аңсаған, ұлттық сенімді ұран еткен Нұрағаның музыкасы дәстүрлі қазақ музыкалық шығармаларының тілін қазіргі заман биігіне көтерді.

Сонымен қатар, Нұрғиса Тілендиев - жазба ұлттық кәсіби композиторлық мектебінің өкілі. Ол қазіргі заманның музыкалық білім алған, шығармашылық қоржыны опера, балеттер («Алтын таулар» операсы, «Ортеке», «Достық жолымен», «Аққулар» балеттері), киномузыка, мультфильмдер, драма спектакльдерге арналып жазылған шығармалар құраған композитор. Бір ғажабы, кемел композитордың ерекшелігі сол, оның музыкасы не кәсіби халық музыкасына, не еуропалық бағыттағы композиторлық ағымға жатқызуға келмейді. Тарихқа жүгінейік.

Нұрғиса Тілендиев шығармашылығы Қазақстанда 70-жылдардың аяғы 80-жылдардың басында кең таныла бастады. Бұл кезең дәстүрлі қазақ мәдениетіне, оның ішінде музыкалық мұра, ауыз әдебиеті, сәулеттік ескеркіштер, тарихи оқиғаларға жаппай қызығушылық белең алғанымен белгілі. Осы уақытта, қазақ халқының көне тарихи кезеңдерін, тарихи тұлғалардың өмірін сипаттайтын көне есімдерге толы Ильяс Есенберлиннің, Әнуар Әлімжановтің тарихи романдарын оқу кең етек ала бастады. Көркемдік қиял элементтерінің кейбірі шынайы оқиғаға сәйкес келмесе де, олар тудырған романтикалық көзқарас ұлттың үрдісін тануға ұмтылған қалың оқырманның көңілінен шықты.

Осындай жағдайларды музыкалық мәдениет те бастан кешірді. Шешуші рөл фольклорист-ғалым Болат Шамғалиұлы Сарыбаев қызметінің үлесіне тиді. Ғалымның қайта қалпына келтірген көне аспаптары қазақ музыкалық тарихының, оның ырғаққа бай мәдениетінің қайта туып, жандана дамуына мұрындық болды. Сарыбаев құрған көне аспаптар ансамблі халық музыкасының бұрыннан қалыптасқан формаларына жан бітірді. Музыкалық мәдениетке Уәли Бекеновтің орындаушылық шығармашылығы да септігін тигізді. Ол насихаттаған нәзік лирикаға толы, әуезді «шертпе» стилі дәстүрлі ұлттық дүниелердің сахнасын айқара ашты. Тындалманға жылдам «төкпе» күйлермен қатар айшықты, бай, лирикалық аспаптық стиль ұсынылды.

1981 жылы Нұрғиса Тілендиев құрған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбль (оркестр) көптен күткен мәдени құбылыстың көрінісі еді. Аталған ұжым республикада кең танымал болды. Мұның себебі неде? Оркестрдің «фольклорлық-этнографиялық» деп аталуының өзі межелі мақсат - көне қазақ музыкасын қайта жандандыру екендігін дәлелдеді. Орындаушылардың сәнді қызылды-жасылды ұлттық киімдері, романтикалық атауы (көне қаланың атауы), ең бастысы Болат Сарыбаев өмірге қайта әкелген көне қазақ аспаптары - *саз сырнай, шаңқобыз, сыбызғы, жетіген, қылқобыз, дауылпаздың* дауыстары ансамбльдің ұлы шығармашылық мұратын айғақтай түсті. Оркестрлік типте бұрыннан қалыптасқан құрамға абайлап енген бұл аспаптар кейіннен ғажайып нәтиже берді: аспаптардың басқа топтары бұлардың үнін баса алмады, керісінше оркестрге ерекше рең беріп, ұжымның ұтымды ырғағына айналды. Сонымен ансамбль бірден репертуарындағы шығармалардың «шертпе» мақамымен танымал болды.

Н.Тілендиев музыкасының дәл өз уақытында пайда болуы - оның өнерінің кең өркен жаюына, танымал болуына игі ықпал етті. Композитор концерттеріне бару озық үлгіге айналып өткен күн мен бүгінгі таңның музыкалық дәстүрлеріне бас ию - өзіндік дәстүр болып қалыптасты, Нұрғиса Тілендиев шығармашылығы дәстүрлі өнердің қайта дүниеге келуіне тікелей байланысты болды, оның музыкасы нағыз қазақ музыкасы деген жалпы ұғым қалыптасты.

«Отырар сазы» оркестрінің концерттері - халықтың шың ниетімен, ыждағатпен келетін мерейлі мерекесі еді. Бәлкім, бұл құбылыс Нұрағаның адамдық болмысымен байланысты болған шығар. Композитор тыңдармандарының алдында жан-жүрегін бүкпесіз ашып, музыкалық қарым-қатынастың дәстүрлі түрін тудырғандай болушы еді: сахналық орындау арасында шығармаларының шығу тарихынан қысқаша түсінік беріп, әзілге толы әдемі әңгімемен залды серпілтіп отыратын. Ал Нұрғиса қасиетті домбырасын қолына алғанда, маңайда айтып жеткізгісіз тыныштық орнап, ғажайып дүниемен кездесу, шынайы өнер құпиясын тану сезімін туатын...

Нұрағаның бойынан буырқана шыққан тасқын күш, оның ерекше мәнері, өзіндік пәлсапасы бар әнші-ақындардың, қазақ мәдениетінің кәсіби таратушылары - сал-серілердің халық мектебінің өкілі

болғандығынан шығар. Оның концерттеріндегі ақжарма атмосфера, емін-еркіндік - осының көрінісі. «Отырар сазының» концерттері ұлы композитордың дирижерлықты жасап, атақты «Құстар әнін» залмен қосылып, айтуымен аяқталушы еді.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінен бастау алатын жоғары кәсібилік тек қызметтік аспектіден емес (тудырушы мен орындаушының синкретизмі

- тұтастығы, музыкалық қарым-қатынастың дәстүрлі формаларын тудыру), музыкалық тілдік тұрғыдан да аңғарылатын. Н.Тілендиев ана музыкалық тілінде ойлап, қазақ музыкасының дәстүрлі, бейнелік-жанрлық жүйесін жүзеге асырды. Ән шығармашылығында композитор Жетісудың ән дәстүрін жалғастырып, оркестрлік туындыларында «шертпе» стилін дамытады. Сонымен қоса, Нұрғиса Тілендиев дәстүрлі қазақ мәдениетінің құнды жақтарын еуропалық жүйенің техникалық, айшықты мүмкіндіктерімен (оркестрлік көпдауыстық, үйлесімді гармониялық байланыстар, ладотональді қосындылар, тембрлік драматургия секілді) музыкалық әдістерді асқан дарындылықпен қосады. Нәтижесінде, еуропалық сапалы көркемдік жүйенің жетістіктерімен қаруланғын, сонымен қоса қазақтың дәстүрлі музыкалық танымның тұтастығын бойында кәсіби музыка өнерінің өкілінің халықтық типі қалыптасты.

Композитор шығармашылық қуаты, жалпы музыкалық танымы арқасында музыка өнерінің барлық жанрларында жемісті еңбек етті. Қарапайым екпінді әуендердің ұғымдылығы Тілендиев музыкасының Қазақстанның қазіргі заманғы музыкалық мәдениетінде алдыңғы орынға шығып, қалың қауымға танымал болуына зор ықпалын тигізді.

Тілендиев музыкасының айқын әлеуметтік табиғаты да соның себебі. Өйткені көпшілікке арналған музыка көркемдік құбылыс емес, әлеуметтік құбылыс. Кеменгер композитордың өміршең өнері қалалық мәдениет аясында өркендеуі кездейсоқ емес еді: ол дәстүрлі музыкалық контекстен айырылып, авангардтық мәдениеттен халықтық музыкаға ұқсас коммуникативті формалар таппаған ұлттық аудиторияның көркемдік талаптарын қанағаттандыра алды. Тілендиев замандастарына дәстүрлі халық музыкасының өзіндік концепциясын ұсынып, тыңдармандарының құптауын алды, өйткені көпшілік ұғымында музыкалық танымда қазақ халқының көне мәдениет дәл осылай көрініс табуы заңдылық еді.

Нұрғиса Тілендиев 1925 жылдың 1 сәуірінде Алматы облысы, Іле ауданы, Шилікемер ауылында дүниеге келді. Талантты баланы тап басып таныған академик А.Қ.Жұбановтың көмегімен 12 жасар Нұрғиса қазақ халық аспаптары оркестріне (қазіргі Құрманғазы атындағы оркестр) орындаушы/домбырашы ретінде кіреді. Дирижерлік шеберліктің, орындаушылық өнердің бастапқы сабақтарын Тілендиев алғашқы ұстазы Ахмет Жұбановтан алған болатын. Сонымен қатар, Нұрғиса үшін халық аспаптар оркестріндегі қызмет Науша Бөкейханов, Қали Жантілеуов іспетті атақты халық домбырашыларының тұлғасындағы кәсіби өнерді зерттеу жөніндегі мектепке айналды.

Сұрапыл соғыс Нұрғисаның 18-дегі жасына жағаласа басталып кетті, 1943 жылы жас өз еркімен майданға аттанып, фашистік жендеттерімен аянбай соғысты, оған «Ұлы Отан соғысында Германияны алған үшін», «Берлинді алған үшін» медальдары сияқты жауынгерлің наградалары дәлел бола алады.

Соғыстан кейін Н.Тілендиев Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптары факультетінде оқи жүріп, Қазақ КСР радиокомитетінің халық аспаптары оркестрін басқарады. Бұл ретте, әлбетте, кәсіби дирижерліктің қажеттілігі туады да, Нұрғиса 1949 жылы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетіне (профессор Н.П.Аносовтың класын) оқуын жалғастыруға аттанды.

Оқуы тәмамдалғаннан кейін Нұрғиса Тілендиев 1952 жылдан бастап 1960 жылға дейін Абай атындағы опера және балет театрының симфониялық оркестрі бас дирижерінің орынбасары қызметін атқарады. Ал 1960 жылы Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып, 1968 жылы «Қазақфильм» киностудиясының музыкалық редакциясын басқарады. Бірнеше жыл артқа тастап, Нұраған музыкалық этнографиямен әуестеніп, 1982 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін бас дирижерлікпен қоса, оркестрдің көркемдік жетекшілігінің де тізгінін қатар ұстады. Күллі әлемге танымал «Отырар сазы» оркестрі азаматтығы мен өнерге адалдығының арқасында халық жүрегінен өзінің асқаралы орнын тапқан ұлы ғұламаның мәңгі өлмес, мәні кетпес шебер туындысы болып қала берді.

Нұрғиса Тілендиев Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері 1978, КСРО халық әртісі 1984, ҚазКСР жоғары кеңесінің депутаты 1985, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері 1995, «Халық қаһарманы» алтын жұлдызының иесі.

Нұрғиса шығармашылығы жанрлық диапазон кеңдігімен ерекше: композитор ән жазумен қатар, хорға арналған туындылар, домбыраға арналған күйлер, эстрадалық оркестрге, халық аспаптары оркестріне лайықталған шығармалар жазды, кино және мультфильмдерге, хроникалық-деректі ленталарға, драмалық спектакльдерге арнап музыка жазды. Композитордың тегерунді таланты еуропалық дәстүрдегі опера мен балет жанрларын да бағындыра алды.

Н.Тілендиевтің аса танымал болған көптеген әндері шың мәніндегі халық әндеріне айналып кеткен. «Саржайлау», «Ауылдағы жеңеше-ай», «Біздің ағай тамаша», «Жан жарым», «Жан сәулем», «Құстар әні», «Әжеме» т.б. әндерінің айшықты, қарапайым қайырмалары адам жадында жылдам жатталып қалатындығымен қадірлі. Композитор үшін ән - сөзі мен әні астасқан, анық айтылатын әуен. Бұл ретте, композитор фольклордан иеленген ырғақ пен қайырмаларды қосып, ұтымды пайдаланып қана қоймайды - олар осы ырғақтық табиғатынан туындап, еркін түрде құрылады.

Атап кетерлік бір жайт, Нұрғиса әндерінің көпшілігінің тілі қазақ фольклорының әуен формулаларына сүйенумен қатар, кеңестік эстрадалық әндердің ырғақтарына негізделіп жазылған. Халықтық вокалдық элементтер кейде марштық және вальстік ырғақтардан құралған жат ұлттық әуенмен кіріге байланысса да, Тілендиев әуендері бейн-сезімдік реңін жоғалтпайды.

Нұрғиса шығармашылығының таңдай қақтырар тағы бір тұсы - қазақ халық аспаптары оркестріне, оның ішінде «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестріне арналып жазылған шығармалары болып табылады. Осы оркестрдің орындауына арналған Тілендиевтің барлық партитуралары қайталанбас реңде оркестрленуімен, әуендік тілінің, тембрлік-дыбыстық қатардың ерекшелігімен әйгілі. Соңғы қасиет Б.Сарыбаев өмірге қайта әкелген көне халық аспаптарының оркестр құрамына еңгізілуімен түсіндіріледі.

Бұрын қолданылмаған қазақ аспаптарының ырғағы дыбыстық палитраны едәуір байытып, оркестрдің мүмкіндіктерін біршама арттырды. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Аққу», «Махамбет», «Атадан мұра», «Қош керуен» т.б. оркестрлік шығармалары қазақ музыкасының халықтық аспаптық дәстүрлерін дамыта отырып, дәстүрлі күйдің жаңа үлгілері *«халық аспаптар оркестріне арналған күйлер»* болып табылады. Тілендиев шығармашылығы көне дәстүрлердің жаңа қалыпқа түскен өмірімен тікелей байланысты деп атауға лайық.

Композитор тек «төкпе» стилінің ғана емес, сонымен қоса «шерптпе» стилін дамытты - еуропалық оркестрлік жазу заңдылықтары қазақы дәстүрлі күйдің екідауысты негізін бұзбастан, айырықша тембрлік табиғаты мен шеңберлік құрылымы бар көне жанрдың өзіндік ерекшелігі мен құндылығын аша түседі.

Н.Тілендиевтің сан қырлы өнерінің ауқымды аумағы оның кинофильмдер мен мультфильмдерге арнап жазған музыкасы болып табылады. Бұл тұста композитордың кемел таланты, тіпті, бір басқа - ассоциациялық-көрнекті қырынан көрініс табады. «Қазақфильм» студиясы шығарған бірқатар фильмдердің тағдыры Нұрғиса Тілендиев атымен байланысты. Қазіргі таңда қазақ халқының бірнеше буын өкілдеріне сүйікті болып, қазақ мультипликациясының классикасына айналған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», балаларға арналған «Менің атым Қожа» фильмдерін музыкалық сүйемелдеуінсіз елестету мүмкін емес, өйткені музыка аталған туындылардың ортақ бітімнің айырылмас бір бөлігіне айналып кеткен. Атақты композитордың жарқыраған табиғи талантыға толы музыкасы кадр мазмұнын тура беріп қана қоймай, толықтыра түседі, ал көп ретте фильм драматургиясында негізгі рөлге ие болады.

Сұлтан Ходжиковтың атақты киноклассика болып табылатын «Қыз Жібек» фильмінде көш кезін суреттейтін музыкасында көңіл-күйді асқан дәлдікпен беретіні соншалық, осы шығарманы жеке орындалуында да (кейіннен аталған фрагмент дара туындының мәртебесін алға) мерекелік думан, көпшіліктің тынымсыз тынысына толы даланың суретін көз алдына әкеледі.

«Қыз Жібек» фильмінде дәулескер домбырашыларға да қиындық тудыратын Дарабоз Аға домбырасының құдіретті қағыстарын естиміз. Бұл тұста композитордың тарлан талантының тағы бір тамаша қыры - кәсіби домбырашылық дарын бой көрсетеді. Нұрағаң қолындағы домбыра әуелей, әлдилей ән салады. Домбыралық штрихтің шебер техникасын еркін меңгерген қолмен шертілген шығармада нәзік ырғақтармен обертондар байқалып қалады. Ал Ыбырайдың «Гәккү» әніне жасалған вокалды аспаптық сөзсіз импровизацияны айтсаңызшы: терең философиялық лирикаға толы туындыда дүниенің баянсыздығының, қара бұлттай қаптап келе жатқан қасіретті қайтарудың мүмкін еместігінің сөз жеткізе алмас әсерін әуен жеткізген!

Нұрғиса Тілендиев шығармалары қазақ музыкасы тарихында қайталанбас із қалдырды. Композитор халық эстетикасынан еркелей аққан арда ағысты бүгінгі күннің музыкасының жаңа

арнасына бұрды. Оның шығармашылығындағы дәстүрлі танымның асып төгілген ғаламат рухани күш-қуаты бізге адамгершілік асуларының асқан биігін меңзейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». // Қазақстан республикасының президентінің ресми сайты. http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. Тілендиев Н. Алатау. Әндер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1972.
3. Измайлова Л., Мухамбетова А.И. Зрелость таланта // Композиторы Казахстана. Вып.2. – Алма-Ата: Өнер, 1982. - С.95-112
4. Айтуарова А.Т. Музыка құдіретін танытқан ұлы тұлға. Кіт.: Ғасыр сазын тербеген. Нұрғиса Тілендиев туралы естеліктер.Құрастырушылар: Әбдіраимов С., Шәкәрім Ж., Тілендікеліні Д., Иса Б. – Алматы: Білім, 2007. 280 бет. (205-218 б.).
5. Айтуарова А.Т. Нұрғиса Тілендиев – қазіргі қазақ музыкасының «салы». //Инновационные процессы: традиции и современное состояние культуры и искусства. Материалы республиканской научно-практической конференции (Алматы, 27 апреля 2015 г.). - Алматы, 2015.- С. 80-85.

III СЕКЦИЯ.

ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ
ЖАҒАША ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аты-жөні	Мақала атауы	
Б.М.Аташ, Б.И.Иманбекова	Инновациялық білім беру аясындағы қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтың маңызы	14
Cafer Uluç	Göktürklerde Eğitim	19
Н.Б.Рахметова Қ.Б.Ажыбаева	Көркем еңбек пәні мамандарының шығармашылық іс әрекетін жетілдіру	26
Mütəllim Rəhimov	Varlıq və Mövcudluq Anlayışları Haqqında	31
М.К.Бапаева	Тұлғаның ұлттық санасын қалыптастыруда психоэмоционалды жағдайлар механизмдерінің ықпалы	35
Neşet Güngör	Güzel Sanatlar Liseleri Başlangıç Düzeyi Bağlama Öğretimine Yönelik	42
Р.Т.Құсайынова, М.А.Қасымбекова	Қазақстан және түркі халықтарының мәдениетін сабақтастыра оқыту	48
Р.Ю. Балтиева	Қ.Қожамировтың музыкалық шығармашылық мұрасының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы	54
А.Ғұмырзақ, А.С.Аубәкір	Білім беру үрдісінің заманауи технологиялары негізінде психологиялық қызмет көрсетудің тиімділігі	58
Sərxan Cəfərov	Təhsil Sistemində Milli və Beynəlxalq Yanaşmalar	64
Б.М.Аташ, М.Джекебаева	Креативті және продуктивті ойлау негізінде философияны оқыту әдістемесінің негізгі бағдарлары	69
Б.Р.Қасқатаева	The use of interactive methods in the course methodology of teaching mathematics	74
Umsunay Zhumasheva	Sovyet Döneminin Kazakistan Eğitim Sistemi Üzerine Etkileri	81
С.И.Оспанов	The Oretical Issues of Substaniation “Autogogy” & “Autodidactics”	87
В.С.Ібраимова, А.І.Алдібекова, G.M.Soltanmuratova	Devilopping essential skills of young children is academic success in teching foreign languages	92
Ziyoda Artukmatova	Қазақ Тілін Оқытудағы Өздік Жұмыстардың Тиімді Әдіс Тәсілдері	97
М.А.Джекебаева, С.Ж.Иманбаева	Философия пәнін жаңаша оқыту әдістемесі (3. Фрейд көзқарасындағы адам психологиясы)	103
Е.Алкая, А.Молдабаева	Жалпы білім беретін мектептерде шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқу/оқыту мәселелері	108
Nuralı Çələbiyev	Qloballaşma Şəraitində Ailə Həyat Tərzinin Modernləşməsi və Onun Psixoloji Xüsusiyyətləri	112

Omirebek Hanayi	Çin-Japonya İlişkilerindeki Son Gelişmeler	118
Sədaqət Əmmədova	Müasir Azərbaycan Cəmiyyətinin Sosial Qrupları və Onların Sosial - İqtisadi Vəziyyəti	123
Г.Б.Тоқтағұлова	Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары	132
Yücel Can,	Türkiye’de Aile Araştırmaları	138
Ayşe Kiliç Candan		
К.Д.Бисембаева	Қазіргі білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды даярлау ерекшеліктері	145
С.Қ.Қосдаулетова	Рухани жаңғырудың заманауи қазақ өркениетінің қалыптасуына ықпалы	150
А.И.Алинов	Türkiye’de Kadına Yönelik Şiddetin Ekonomik ve Kültürel Nedenleri	154
Yücel Can,		
Özge Güvel		
Н.И. Ляпбаева	Суицид әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың негізгі проблемасы ретінде	160
Қ.Т.Анасова	Türk Düşüncesine Nasıl Bakılmalı?	164
Bayram Polat	Тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың рөлі	170
А.Б.Сарсенова		
А.Б.Сауырбаева		

IV СЕКЦИЯ.

ТҮРКОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аты-жөні	Мақала атауы	
Әлімхан Жүнісбек	Қазақ жазуының ұлттық үлгісін қалыптастыру	176
Ш.Құрманбайұлы	Шет тілдерінен енген терминдерді латын әліпбиімен жазу мәселесі	182
Т.Ермекова	Рухани жаңғыру жағдайындағы түркологияның өзекті мәселелері	188
Б.Қапалбек	Латын қарпін енгізу туралы (ұсыныс)	193
Қ.Ж.Айдарбек, Б.С. Жонкешов	Латын графикасы және кірме терминдерді формалды бейімдеу мәселелері	197
Р.С.Нурмөхәммәтова, Ф.Р.Нурмөхәммәтов	Татар теленен этномәдениет сүзлегі» турында	202
Б.Ж.Исхан, Б.Қ.Аққожина	Ұлттық әліпби: өткені мен бүгіні	207
Энже Хәнәфи кызы Кадирова	Казан ханлығы чоры татар язм әдәби телендә алмашлыкларның кулланылышы	211
Г.Салғараева	Латын графикасына көшудегі ақпараттық технологияның мүмкіндіктері	217
С.О.Серікова	Мектепалды балаларын жазуға үйретудің әдістері	222
Н.Ә.Аманжолова		
А.Н.Жақыбай		
Т. Ермекова, Ғ.Шойбекова	Латын графикасына өтудегі Түркия мен Түркменстан тәжірибесі	226
С. Оданова,	Көршілес түркітілдес мемлекеттердегі латын	232

Н.Жаңабаева	әліпбиіне байланысты жүргізілген тіл саясаты	
Р.Т.Құлабаева	Қазақ жазуы: өткені мен бүгіні	237
О.Жұбаева, Қ.Айдарбек, М.Таубалдиев	Терминдерді латын негізді жазумен таңбалауда басшылыққа алатын ұстанымдар	242
Mehmet Ölmez – Emin Oba	Eski türkçe – kazakça sözvarlığına ilişkin kısa notlar	249

V СЕКЦИЯ.

ТҮРКІ ҚАУЫМЫ: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Аты-жөні	Мақала атауы	
Alpay ÜNSAL	Türkiye ve Azerbaycan Müziğinde Ortak Makamların Karşılaştırılması: Rast ve Nihavent Örneği	256
Н.А.Аманова	Ўзбек эстрада мусикасининг ривожланиш даврлари	264
С.М.Крыкбаева, К.С.Жұмабаева	Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің көркемдік сипаты және семаникалық мәні	269
Mehmet KAYA	XX. Yüzyıl Başlarında Kuzey Azerbaycan'da Siyasal Hayat	274
М.И.Амандосова Б.М.Тақабаева	Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіндегі қазақ студенттерінің материалды-тұрмыстық жағдайы	278
Cihan Bayindirli, Mehmet Çelik	Türkiye'nin Küresel Rekabet Gücü ve Cari Açık Sorununa Yüksek Katma Değerli Yerli Otomobil Adımı	283
А.М.Сманова, А.Е.Абдиханова	Ұлттық саяси эмигранттарының күрескерлік әрекеті	289
Nevzat Topal	Kâtip Çelebi'ye Göre Niğde ve Çevresi	294
Е.Т.Берлібаев, Ж.М.Арынов, С.А.Семжанова	Ұлы даладағы ежелгі түркі өркениеті: тарихы мен тағлымы	303
Oghuz Mammadli	Çar I. Petro ve Güney Kafkasya	309
А.Т.Қаипбаева, С.Д.Сарқұлова	XX ғасыр басындағы «Түрікшілдік» қозғалыс және қазақ кітаптарының идеясы мен тағдыры	317
А.С.Сейсенбаева	Бесік - дәстүрлі мәдениетіміздің ажырамас бөлігі	323
Nurten AY	Milli Mücadele'de Şark Siyaseti ve Orta Asya Türk Devletleri İle İlişkiler	328
Б. Ботақараев	Ислам мазхаптары тарихының харижиттерді зерттеудегі методологиясы	335
С.Ә.Бәкірова	Түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрлік билерінің дамуы	339

Asuman Şenel	Kazakistan'dan Anadolu'ya Koçboynuzu Motifi	346
Ш.А.Умирханова, М.М.Бурунчин	Музыка сабағында оқушыларды көркем өнерпаздыққа баулу	353
Talgat Zholdassuly	Orta Asya ve Kazakistan Müslümanları Diniye Nezareti'nin Kurulması	359
Г.А.Турсунова	Муסיкий сулолар фаолияти - тадқиқот объекти сифатида	363
Н.Т.Айнабекова, Ж.Н.Айтжанова	Оқушыларының бойына өміршеңдік құндылықтарын қалыптастыру негіздері	367
Fatih Yücel	Kadim Turan Ekonomi Coğrafyasının İlkçağ Savaşçı Tüccarları İskitler	372
Г.О.Чаргынова, Г.Е.Бакаева	Жетішаһар мемлекеті мен Осман империясының өзара байланыстары тарихынан	382
К.Тунусбек	Modern problems of music education in Kazakhstan	387
Hicran Mirzəyeva	Aqrar Sahədə Maliyyə-Kredit Mūnasibətlərinin Dövlət Tənzimlənməsi	392
К.Zhylykshybayeva, А.Конурова	Ablay han hükmü sirasında Kazakistan tarihinin altın çağları	396
Prof. Dr. Necati Demir	Dana ata ve dana ata oğuznamesi	403
K.D. Saipova	Life of turkic people in the territory of tassar in the years of the soviet power	407
Э.С.Сұлтанғалиева, Ә.Б.Даркембаева	Табиғат заңдылықтары мен халықтық-музыкалық дәстүрдің сабақтастығы	414
Л.Т.Қожакеева, Ж.Б.Аширбекова	«Жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі – рухани құндылықтар	420
Р.Т.Айтбай	Қазақтың тарих айту дәстүрінде исатайдың өміріне қатысты оқиғалардың көрініс табуы	425
Kasimu Maimaitiaili	Orta Asya'da Çin'in İpek Yolu Projesinin Önemi: Bölge Ekonomisinin Gelişmesindeki Zorluklar ve Fırsatlar	430
Ж.Қ.Ахметова, А.А.Сисенова	«Қасиетті қарахан кесенесі ескерткішінің тарихи маңызы	439
Л.А.Бисембаева	«Жетісу түркілерінің отаршылдық жағдайындағы рухани-мәдени өмірі (XIX ғас. II жарт.-XX ғас. басы)»	444
Б.Т.Жұбанышов	«Түрік-мұсылман қозғалысындағы сыздық сұлтанның орны мен рөлі»	452
Lokman Zor	SSCB'nin Thaw (Yumuşama) Döneminde Kazakistan Sinemasının Gelişimi	457
А.Әбікей, М.Қызайбай	Әнуар пашаның түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлі	462

А.И.Исаева	«XIX ғасырдағы қазақ халқының некелесу рәсімінің ерекшеліктері»	467
Malika Mussurova	Medeniyetlerin Yaşatıldığı Şehir -Niğde'den Alaeddin Camii	473
Ф.Ж.Абдикулова	Социалистік құрылыстың түркі кезеңдеріндегі ауылшаруашылығы өкілдерінің бағаларын қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі	480
Р.А.Дарменова, П.Дүйсенбаева, Г.Асан	Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін даярлаудағы сәндік қолданбалы өнердің қажеттілігі	485
М.Д.Рахимжанова, Т.Т.Тленова	Түркі дәуіріндегі мемлекеттік басқару формалары: сипаты мен өзіндік ерекшелігі	491
Ж. Сұлтанова	Қазіргі қазақ театрының еуропалық сахна мәдениетімен өзара сабақтастығы	497
Р.Турсунова	Амир Темур образы XIII-XX аср мусикей-сахнавий асарлар марказида	503
Zübeyir Turan, Merve Levent	Avrasya Bölgesi Ekonomik Gelişim Süreçleri ve Kazakistan'ın Rolü	509
Б.Ырыстанұлы	Қытайдағы балбалдар мен сынтастар түркі мәдениетінің жауһары	512
А.Е.Кусанова	«Шалқыма» би ансамблінің репертуарындағы түркі және славян халықтарының билері	518
Mehmet Ekiz	Türk Kültüründe Doğu ve Niğde'de İki Cami	523
А.Д.Кожобекова, В.С.Нурланова	Қазақ әдет-ғұрып құқығының ерекшелігі – жас ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі	528
Timur Vural, FeYZan Göher Vural	Sibirya Türklerinin Dillerini Korumasında Müziğın Rolü	533
С.М.Сыздықов	түркілердің «мәңгілік ел» идеясы - саяси манифест	542
Fəttah Xəlīqzadə	Türk xalqlarının musiqisində bənzərliklər haqqında	548
Р.Н.Вәлиуллина	Қазақстан татарларының хәзерге жырлар һәм көйләр төрләре	553
А.Байдарова	Білім беру үдерісіндегі кітапханалық-ақпараттық технологиялардың рөлі	558
Г.З. Абдрасилова	Толеранттылық матрицасы. Қазақ философиясы қалыптасуының әлеуметтік алғышарттары	563
Selçuk Timur	Emin Ongan ve Emin Ongan Şarkılarında Form Yapısı	569
Ж.Д.Нурсейтова	«Ақтұмар» музейінің мәдени-танымдық бағыттары мен кәсіби-интеллектуалдық әлеуеті жоғары педагогтерді дайындау ісінің сабақтастығы	576

Mesut ARSLAN	Anadolu'da Koruzdan Bağlamaya	582
Ш.Б.Кульманова	Оқушыларды қазақ халық музыкасы арқылы тәрбиелеу мәселесінің тарихи-теориялық негіздемесі	588
Resul BAĞI	Türk Dünyasında Küy (Küg)'den Türkü'ye Köroğlu Çeşitlemeleri	593
Г.И.Нұржанова	Кітапхана ісі мамандардың ғылыми-ақпараттық мәдениетін қалыптас-тырудың негіздері	600
Омер Займоғлы, Л.Б.Иманкулова	Bilimsel araştırma faaliyeti için geleceğe yönelik öğretmen eğitimi	605
М.С.Султанова	Ән мен әнші – рухани құндылықтарымыз	610
Nezir Temur, Rabia AksoyArıkan	Bir kültürel bellek mekânı olan yâran teşkilati ve yâran ritüellerinin simgeselliği	615
М.А.Уразалиева	Жанартылған оқу бағдарламасы жағдайында даярланған музыка оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны	621
Ш.М.Усенбаева, Ж.К.Сералиева	Кітапхана ісі мамандарының кәсіби этикасын қалыптастыру мәселелері	627
Б.К.Илебаева	«Ақтұмар» музейінде – Ұлы дала тарихындағы қазақ ханымдары, олардың ұлағатты істерінің тарихи тағлымы	632
Д.Қ.Естаева, Г.Х.Нугыбаева	Қазіргі кезде кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың өзекті мәселелері	638
А.Т.Айтуарова, Т.У.Кашаганова	Нұрғиса Тілендиев – түрік тілдес халықтардың музыкалық мәдениетіндегі ұлы тұлға	642